

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫ**

«БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ» КММ

**«БІЛІМДІ ҰЛТ: ТЕРЕҢ БІЛІМ, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ
ОТАНШЫЛДЫҚ ҚАСИЕТ»**

Тамыз кеңесінің секциялық отырыстарының материалдары.

I-том

Түркістан, 2022

Материалдар Түркістан облысының Білім беруді дамыту орталығының сараптау кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған. №4 хаттама 8.08.2022

**«БІЛІМДІ ҰЛТ: ТЕРЕҢ БІЛІМ, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ
ОТАНШЫЛДЫҚ ҚАСИЕТ»**

Тамыз кеңесінің секциялық отырыстарының материалдары
I-том, 2022ж-383 бет

«БІЛІМДІ ҰЛТ: ТЕРЕҢ БІЛІМ, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ ҚАСИЕТ» жинағында Тамыз конференциясы аясында секциялық отырыстардың: оқыту барысындағы жаңа әдіс-тәсілдер туралы, білім саласындағы мәселелерді шешу, тәжірибе алмасу, білім беру ұйымдарының жаңашыл жұмыс тәжірибесін тарату, инновациялық әзірлемелер мен технологияларды қолдау бойынша материалдар ұсынылды.

№	МАЗМҰНЫ	
1	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ДАМУ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУДАҒЫ САПАЛЫ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕСІ	6
2	ТӘРБИЕНІҢ КІЛТІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУ	9
3	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА «СУ-ДЖОК» ТЕРАПИЯСЫН ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАМЕН ҰШТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	12
4	МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТИІМДІ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР	18
5	БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМУ БАРЫСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ ҰШТАСТЫРУ	22
6	ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚОРЫН ДАМУ	25
7	ВАРИАТИВТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ МЕН ЖАҢАША ТЕХНОЛОГИЯ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ	31
8	БАЛАБАҚШАДА БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТУДАҒЫ ШЫНЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ	37
9	БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ	42
10	БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МНЕМОНИКАНЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ	47
11	ГРАФИКАЛЫҚ ДИКТАНТТЫҢ ТИІМДІЛІГІ	56
12	«ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР 1 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «КӨРКЕМ ОҚУ» КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ» (АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА)	66
13	БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ	74
14	ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ	78
15	БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ	83
16	ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН СЕПТІКТЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	87
17	МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫНЫҢ “ТӨРТБҰРЫШТАР” ТАҚЫРЫБЫН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДА ҚОЛДАН	90
18	МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ	132
19	ОҚУШЫЛАРДЫ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	146
20	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗДЕРІ, ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРІ	153
21	МАТЕМАТИКАДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ	172
22	ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС –ТӘСІЛДЕРІ	177
23	АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ДЕНГЕЙЛЕП - САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ	179

24	МЕКТЕПТЕГІ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫ: БАСЫМДЫҚТАР ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ	184
25	ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ	187
26	ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ	190
27	ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ	192
28	ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	198
29	ХИМИЯ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ	204
30	ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ ҚОҒАМҒА ІЛЕСТІРУ	211
31	ХИМИЯ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ	221
32	ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ	237
33	ТӘЛІМГЕР МЕН ЖАС МАМАННЫҢ БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫНЫҢ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ	241
34	ХИМИЯ ПӘНІНЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АРТТЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ	245
35	САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДЕН ІС- ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУГЕ ӨТУ	251
36	БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ	257
37	БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ	268
38	ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ	281
39	БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ	286
40	ОҚУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР	292
41	МЕКТЕПТЕГІ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫ: БАСЫМДЫҚТАР ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ	296
42	ТАРИХТЫ ОҚЫТУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ	298
43	ТАРИХ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДА САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	301
44	ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ	305
45	«ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ МАҚСАТЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА ЗАМАНАУИ РҮТНОН БАҒДАРЛАМАЛУ ТІЛІН ТЕРЕҢ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ	309
46	ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ОҚУШЫ УӘЖІН ЗЕРТТЕУ	313
47	ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН "БІЛІМНІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ОТАНШЫЛДЫҚ, БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ"	320

48	ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ	328
49	БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІНЕН ЗАМАНАУИ КӨРНЕКІЛІКТЕР ӨЗІРЛЕУ	334
50	ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІГІН ДАМЫТУ	337
51	МУЗЫКА САБАҒЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ СЕЗІМДЕРІНЕ ӨСЕР ЕТЕ ОТЫРЫП, ОЛАРДЫҢ ОЙЫНДА АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	339
52	ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІГІН ДАМЫТУ	341
53	ОПЫТ ВНЕДРЕНИЯ СИСТЕМЫ ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ В КОМПАНИИ «ALAGEUM ELECTRIC» В КАЗАХСТАНЕ.....	345
54	ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕРБЕСТІК АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗЕКТЕНДІРУ	349
55	WORLDSKILLS ТАЛАПТАРЫ БОЙЫНША ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЕМТИХАН –ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ	354
56	БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ	357
57	ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ	360
58	ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ - ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПРОГРЕССИВТІ НЫСАНЫ	364
59	ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ	368
60	ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ ТӘРТІПТЕРІ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРДЫ БОЛДЫРМАУ ЖОЛДАРЫ	373
61	ПЕДАГОГТЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШЕБЕРЛІГІ МЕН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ РӨЛІ	378

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ДАМУ ОРТАСЫН ЖОБАЛАУДАҒЫ САПАЛЫ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕСІ

Кеутаева Забира

*Білім беруді дамыту орталығының
Мектепке дейінгі тәрбие әдіскері*

2021 жылдың наурыз айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысымен «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту моделі» бекітілді. Модельде мектепке дейінгі білім берудің кіші секторын дамытудың басым бағыты - сапа көрсеткіштерін жақсарту айқындалған. Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ) кәзіргі Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың (бұдан әрі – МДТО) сапасын өзін-өзі бағалауын және қоғамның, ата-аналардың қатысуын ынталандыру үшін әлеуетін нығайтуда. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы сапасының маңыздылығына байланысты АҚПАРАТТЫҚ ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ (АТО), БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ (БЕДИ) және ЮНИСЕФ жергілікті мектепке дейінгі ұйымдарына өз көрсеткіштерін үнемі жақсартуды қамтамасыз етуге көмектесу үшін және Оқу - ағарту министрлігі мектепке дейінгі білім беру сапасын ұлттық деңгейде жақсы түсініп, қадағалап отыруы үшін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларының өзін-өзі бағалау тәртібін бірлесіп әзірледі. Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларының сапасын өзін-өзі бағалау Оқу - ағарту министрлігінің мектепке дейінгі білім берудің сапасын жақсарту бойынша басым бағыттарының бірі болып табылады. Мұндай өзін-өзі бағалау ҰЛТТЫҚ БІЛІМ ДЕРЕКТЕР ҚОРЫ-НЫҢ (ҰБДҚ) міндетті модулі болып табылады. Мемлекеттік және жеке меншік барлық мектепке дейінгі ұйымдар жүйеге көрсеткіштерді енгізуге міндетті. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламасының сапасын бағалау үшін әртүрлі мониторинг құралдары, соның ішінде бағдарламаның өзін-өзі бағалау үдерісін толықтыратын құралдар әзірленді. Биылғы жылы мектепке дейінгі ұйымдарды кездейсоқ таңдау әдісі бойынша ҰБДҚ-нан алынған мәліметтермен балабақшаларда сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі әрбір таңдалып алынған мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс жүргізуде оқу процесін ұйымдастырудағы іс-әрекеттеріне сауалнама арқылы жауап беруде байқалды. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту бағдарламаларының сапасын өзін-өзі бағалау модулі балалардың дамуы мен оқуына оң әсер ететін сапаның ғылыми дәлелдерге негізделген көрсеткіштерін қамтиды. Модуль өзін-өзі бағалау кезінде бағдарламаның сапасын бағалауға арналған көрсеткіштер жиынтығын қамтиды. Көрсеткіштер төрт салаға бөлінеді: (1) Қызметкерлер, (2) Педагогика, (3) Отбасының қатысуы және (4) Заттық-кеңістіктік орта. Мектепке дейінгі ұйымдар жыл сайынғы

жоспарлаудағы іс-шараларды негіздеу үшін өзін-өзі бағалау көрсеткіштерін қайта қарап отыруы қажет.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

1-тарау. Жалпы ережелер

2-тарау. Ағымдағы жағдайды талдау

3-тарау. Модельдің мазмұны

4-тарау. Күтілетін нәтижелер

Ағымдағы жағдайды талдау тарауына айрықша тоқталып өтетін болсам балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту мәселелері көбіне соңғы 10 жылда шешілді. Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары модельді іске асыруда көзделген сапалық көрсеткіштерді арттыруға бағытталған. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар екені белгілі.

- 1) балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі;
- 2) балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігі жеткілікті ескерілмеуі;
- 3) білім берудің әртүрлі деңгейлерінде алынатын негізгі дағдылар жиынтығындағы сәйкессіздіктің өмір бойы оқыту жүйесін (lifelong learning) құруға кедергі жасауы;
- 4) көрсетілетін қызметтер сапасының төмендігі, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасын өлшеу және бағалау жүйесінің болмауы;
- 5) кадрлар жасының ұлғаюы және жетіспеуі;
- 6) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог мамандығы беделінің болмауы;
- 7) кадрлардың тұрақтамауы;
- 8) педагогтерді даярлау бағдарламалары мазмұнының әлемдік ғылымның заманауи үрдісіне сәйкес келмеуі;
- 9) ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқшаулануы;
- 10) инклюзивті ортада балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін мамандар тапшылығы;
- 11) ата-аналар қауымымен байланыстың жеткіліксіздігі.

12). Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасын бағалау жүйесінің болмауы, тексеру рәсімін оңайлату, лицензиялауды алып тастау, мектепке дейінгі ұйымдар қызметіне хабарлама тәртібін енгізу мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту қызметі сапасының төмендеуіне алып келді.

Мемлекеттік бағдарламада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту деңгейінде білім беру қызметтерінің сапалық көрсеткіштерімен байланысты индикаторлардың шектеулі саны айқындалған, олар – балалардың сауаттылық дағдылары, мектепке дейінгі ұйымдармен қамту, педагогтердің білім деңгейі, ал халықаралық практикада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту сапасы – көптеген компоненттерді қамтитын және жергілікті контексті көрсететін ауқымды ұғым.

Сапа көрсеткіштерінің үш тобы бар, балаларды оқыту және күтім жасау саласында қызмет көрсететін ұйымдардың сапасын бағалаудың әрбір халықаралық құралы осы көрсеткіштердің өзіндік теңгеріміне ие:

1) құрылымдық сапа – мектепке дейінгі ұйым дизайны, оны ұйымдастыру және кеңістікті ішкі ұйымдастыру, педагогтердің білім деңгейі мен кәсібилігі, куррикулум дизайны, қаржылық реттеу, балалар санының ересектер санына арақатынасы, балалармен жұмыс жүргізудегі жеке тәсіл, балалар қауіпсіздігі үшін жағдайлар, аккредиттеу;

2) процестің сапасы – мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтер нені қалай жасайды, ойынға қанша уақыт бөлінеді, педагог пен балалар және балалар арасындағы маңызды өзара әрекет, күтім мен білім күнделікті практикаға қаншалықты кіріктірілген, оның балаға мейірімді және оның қажеттіліктеріне сай келуі, педагогтердің әр баланың отбасымен өзара қарым-қатынасы, ата-аналардың қатысуы және мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтердің күнделікті практикасы;

3) нәтиженің сапасы – балалар, отбасы, қоғам нақты бір мектепке дейінгі ұйымнан қандай пайда алады, бұл нәтиже балалардың аман-саулығын, балалардың эмоциялық, моральдық, психикалық, психологиялық аман-саулығы мен дамуын, әлеуметтік дағдыларын, болашақ өмірге дайындығын, балалардың денсаулығы мен олардың мектепке дайындығын өлшеуге қалай әсер етеді.

Бұл көрсеткіштердің көбі Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде ескерілмейді. Үздік әлемдік тәжірибені ескере отырып және оған сәйкес мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесін одан әрі дамыту, мектеп жасына дейінгі балалар үшін сапалы білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және ата-аналар қауымының сапалы қызметтер алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру қажет.

ТӘРБИЕНІҢ КІЛТІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАҒДЫЛАРЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Алпысова Бубайша Аташбековна
Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Мерей» бөбекжай балабақшасының әдіскері*

Еліміздің білім жүйесін жетілдіру – мемлекеттің басты басымдықтарының бірі.

Соңғы жылдары Отанымыздағы білім беру жүйесінде тәрбиені дамыту министрліктің, білім беру мекемелерінің барлық түрлерінің басты бағыттарының бірі болып отыр. Президент Қ.К.Тоқаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Мен Мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек».

«Балалар - мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да алдағы жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін.

Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» деді. Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани - адамгершілік дамуы балабақша мен отбасы арасындағы қарым - қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады.

Халықтың жазбаша жазылмаған, бірақ ұрпақ есінде мәңгілікке сақталып, бір ұрпақтан бір ұрпаққа ауызша жалғасып келген нақыл – өсиет, өнеге қағида болып таралып келген тәлім – тәрбие тағылымының бай мұрасы бар. Олай болса, ұлттық құндылықтарға негізделген рухани - адамгершілік, яғни, тәрбие беру кілті – халықтық педагогикасында деуге болады.

Халық педагогикасы – нәрестенің сезімін ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал - мәтелдер, жұмбақ - жаңылтпаштар, қиял - ғажайып ертегілері, ұлттық ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды.

Халқымыз бала психологиясының қалыптасуына ойын әрекеті де елеулі роль атқаратындығын жақсы аңғарған. Ойында бөбектің ортамен қарым-қатынасы кеңейіп, таным қабілеті өсіп, мінез-құлқы қалыптаса түседі.

Бала ойынының түрі де мазмұны да сан алуан. Ойын үстінде бала достыққа, жолдастыққа, тапқырлыққа, іскерлікке, адамгершілікке баулынады.

Отбасы – бала үшін алтын бесік. Халық педагогикасы бойынша бала тәрбиесі мен оның барлық адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы негізінен отбасында жүзеге асады. Сондықтан балалардың болашағы отбасындағы өзара қарым - қатынасқа, ата - аналарының тіршілігі мен еңбек етуіне тікелей байланысты болады, себебі бала өзінің өн бойына отбасында естіп - көрген

жақсы мен жаманның бәрін сіңіріп отырады, ата - аналардың жағымды, жағымсыз қылықтарына еліктейді.

Бүгінгі таңда өз балабақшамызда бала тәрбиесіне байланысты отбасы мен балабақша арасындағы жұмыстарда орын алған кемшіліктерден арылу үшін үш міндетті белгілеп сол бағытта жұмыс жүргіздік.

1. Бала тамағының түрлілігі мен нәрлілігін, тазалықты басты назарда ұстай отырып дене тәрбиесі дағдысының сапасын көтеру, қимыл - қозғалысты ұлттық ойындарды үйретуді басты назарда ұстау, сол арқылы дені саудың – діні сау, діні саудың – тілі сау дегендей, қоғамға пайда келтіре алатын, оның дамуына, нығаюына өз үлестерін қоса алатын денсаулығы мықты адам тәрбиелеу.

2. Сөйлеуді дамыту дағдысының сапасын, берілу методикасын жетілдіре отырып, ана сүтімен берілетін ана тілін дұрыс меңгерту.

Бала қиялын, ақыл - ойын жетілдіретін қазақ ертегілері мен жұмбақ, жаңылтпаштар үйретуді басты назарда ұстау. Сол арқылы бала бойына ұлтының қадір - қасиетін, әдет - ғұрпын біліп өсудің бастауын қалыптастыру.

3. Эстетикалық және экологиялық тәрбиенің сапасын көтеру. Балабақшада оқыту мен тәрбиелеу бағдарламасын басшылыққа ала отырып халық педагогикасы негізінде бүлдіршіндерге еңбек, адамгершілік - эстетикалық тәрбие беруде отбасы мен балабақша арасындағы байланысты ынтымақтастыра отырып ізгілендіру.

Осы міндеттерді негізге ала отырып тәрбиешілер балалар санасын ұлттық құндылықтарға негізделген рухани - адамгершілік дағдыларын дамытуға, қиялын, ақыл - ойын жетілдіретін қазақ ертегілері мен жұмбақ, жаңылтпаштар үйретуге және ұлттық ойындарға арналған түрлі көрнекіліктерді өз қолдарымен жасап, жұмыс барысында түрлі - түсті асықтарды қолдануда. Балабақшадағы оқу-тәрбие үрдісінде педагогтің мотивациялық ізденісімен заман ағымына қарай жаңа технологияларды ұтымды пайдалануы көзделеді. Ол үшін әр тәрбиеші технологияны балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алды.

Жұмыс барысында «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы бағытымен оқу - тәрбие үрдісін жүргізуде іске асырып отырған жобамыз – «Асық терапиясы». Асық ойындарын жаңғыртып қана қоймай, жаңа бағытта жүзеге асыру - заман сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерімізді – қайтадан түлету болып саналады. «Таным», «Шығармашылық», «Денсаулық», «Қатынас» білім салаларында және күн тәртібі бойынша ойын әрекеттерінде асық ойындарының элементтерін жаңаша мазмұнда қолдануға, сыни тұрғысынан ойлау технологиясы бағытында асықпен ойнаудың 30 - ға жуық түрін ұйымдастыруға болады. Бүгінгі таңда жаңа мазмұнды дидактикалық және қимылды ойындар, шынықтыру жаттығуларын құрастырып, оқыту барысында элементтерін қолданудамыз. Балабақша тәрбиешілері асық арқылы санау, құрастыру, асық үстінен жүру, математикалық логикалық тапсырмаларды

орындау, асықпен жасалған қызықты жаттығулар арқылы балаға қоршаған орта заңдылықтары мен оқиғаларын қызықты түрде жеткізуге тырысады.

Мысалы, Дене шынықтыру оқу қызметінде, ұйықдан кейінгі сауықтыру шараларында асықтан құралған тақтайшалармен жүруді ұйымдастыру арқылы балалардың бұлшық еттері қатайып, қабілеті артуына, табандағы жүйке нүктелеріне әсер ету арқылы ойлау қабілетінің дамуына, жалпақтабандылықтың алдын алуға болады.

Бұл қан айналымын жақсартады. Баланың сергек, көңіл - күйінің көтеріңкі болуына ықпал етеді. Ортаңғы топта математика оқу қызметінде асықтарды топтауға, түр түсіне қарай бөлуге, санауға және салыстыруға (Асық үлкен бе, қасық үлкен бе?), асықпен құмда сурет салуға болады.

Қорытынды бөлімінде «Алтын асығыңды кімге сыйлар едің?» деген сауал арқылы бала үнін естуге болады.

Ересек топта балалар белгілі бір бейнеленген пішінді боялған асықтармен құрастырып шығу арқылы, пішіндерді, түсіне қарай атайды. ал, мектепалды даярлық тобында сауат ашу оқу қызметінде асық арқылы сөздерді құрауға, дауысты, дауыссыз дыбыстарды атауға үйренеді.

Кіші топта балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту, сипап-сезу дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Алтын асық» ойынын ұйымдастырдық. Құмның ішіне түрлі - түсті асықтар жасырылып, ішіне жасырылған ерекше алтын асықты балалар жылдам тауып алуы тиіс және оны тапқанға дейін, қолына түскен асықты сипап сезу арқылы таба отырып, түсін ажыратады, және асықты құмға бастыруда қызығушылықпен жұмыс жүргізді.

Бала өзіне берілген жіпке асықтарды өткізіп, өзіне берілген тапсырманы қызығушылықпен және шапшаң орындап, нәтижесіне қуана білді. Ол жіпке тізген асықтарды, яғни, моншақты мақтана көрсетіп, жетістігіне марқаяды. Оқу қызметтерінде түстерді үйреніп білу, түрлі - түсті асықтарды қолдану қызықты әрі пайдалы.

Түрлі түсті асықтар баланың ұсақ қол моторикасын дамытып қана қоймай, сыни ойлауын шыңдайды. Осындай тапсырмалар балаларды ұқыптылыққа, мұқияттылыққа тәрбиелейді. Міне, осылайша әр педагог әдіс-тәсілдерді өзінің шеберлігіне қарай, ұтымды пайдалануға болады.

Қорыта айтсам, қазір балалар ұялы телефондағы зиянды ойындарға және трендтегі Хаги-Ваги, Кисси-Мисси ойыншықтарына әуес болып барады.

Біріншіден, бұл ойындардың және ойыншықтардың адам денсаулығына тигізер залалы көп.

Екіншіден, баланың ойлау қабілеті, ойлау шеңбері белгілі бір жүйеде шектеліп қалады. Ал, асықпен ойнау баланың логикалық ойлауы, көзбен көру арқылы есте сақтау қабілеті артады, эстетикалық талғамы дамиды және бір-бірімен бәсекелесіп орындау барысында шапшаңдыққа, ұлттық құндылықтарды сақтауға үйренеді.

Ұлттық асық тарихын ұмыт қалдырмай, жаңашыл леппен ойындар ойлап табу да әрбіреуіміздің қолымыздан келері хақ. Асық – таусылмас мұрамен қатар, таусылмас идея деп айтар едім. Оған дәлел Б.Момышұлының айтқаны:

«Асық ептілікке, мергендікке баулиды. Бұл – үлкен халықтық тәрбие», - деп жоғарғы басшылыққа хат жазған болатын. Ендеше, құрметті әріптестер, адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА «СУ-ДЖОК» ТЕРАПИЯСЫН ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАМЕН ҰШТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Турлыбекова Тилла Абылкасымовна
Келес ауданы МКҚК №3 «Көркем»
бөбекжай бақшасының тәрбиешісі*

Соңғы уақытта мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде жастарына қарай дәстүрден тыс баламен жұмыс жүруде. Денсаулық саласы бойынша педагогтар су - джок терапиясына қарай бет бұруда, оңтүстік медицинасының соңғы жетістігі, баланың дамуына әсер ететін бірде - бір әдіс.

Су - джок терапиясы – бұл қол мен аяқ арқылы емдеу жолы. Су - джок терапиясын құрушы оңтүстік корей профессором Пак Чже Ву. Кәріс тілінен аударғанда (Су - қол, джок - аяқ) деген мағына береді.

Қол мен аяқ - адамның дене мүшелерінің тамырының орналасу орталығы. Түзету (коррекция) жұмыс бағытында тіл мүкістігін болдырмау мақсатында су джок терапиясын массаж ретінде қолдануға болады. Су - джок терапиясын медицинада өте көп қолдану себебі: қолдары қозғалмайтын арнайы балаларға, ұсақ саусақ моторикасы, барлық дене мүшелері жақсару мақсатында. Су - джок терапиясы дүниетануын дамытып қамтамас етеді, балалардың эмоциялық (қуану, сенім, ренжу) аумағын қамтитын ең танымал әдіс болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелерде су - джок терапиясын саусақтың және қолдың шоғырына массаж ретінде қолданылады.

Үлкен саусаққа әсер етуі өте маңызды, ол адамның бас бөлігіне жауап береді. Саусақтың ұштары және аяқтың тырнақтары бастағы ми бөлігіне жауап береді. Мектепке дейінгі ұйымдарда барлық жас аралығында қолдануға болады. Балалар серпімді сақина, арнайы шарлар арқылы шығармашылық ойындар элементтерін, рөлдік - ойындарды, шамалары келгенше ертегі кейіпкерлерінің бейнелеріне еніп, қойылған мақсаттарды шешуге ұмтылады. Балаларға ойын түрінде берілге тапсырма қызығушылығын оятады. Тапсырма орындау барысында балалардың денсаулығын нығайтуға, тіл мүкістігін түзетуге, таным процесінің дамуына өз үлесімізді қосамыз.

Негізгі бөлім Су - Джок терапиясының абыройы.

Жоғарғы тиімділігі – дұрыс қолданғанда нәтиже көрсетеді.

Ешқандай қауіпсіздігі – дұрыс қолданбаған жағдайдың өзінде зияны болмайды, ол жәй әсер етпейді.

Жан - жақты қолдануы – Су - Джок терапиясын педагогтар балаларына және де үй күтімінде отырған аналар, ересек адамдарға қолдануына болады.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған.

Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады.

Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы, ата - ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру ұйымы. Сондықтан, мен бұл тақырыпты алуымның себебі қоғамның әлеуметтік даму жағдайында балаларға ұлттық тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ұлтаралық қатынас мәдениетін, еліміздің бейбітшілігі мен егемендігін сақтауға, экономикасын дамытуға ықпал ететін тұлғаны қалыптастыруға бағыттау болды.

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы болса, бүлдіршіндеріміздің бойында рухани – ұлттық сана – сезімді қалыптастыру бағыты бойынша тәрбие беріп, ел болашағына өз үлесін қосуда. Мектепке дейінгі мекемеде балалардың ойын еркін жеткізуде, рухани ұлттық тұрғыдан білім алуына тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған.

Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата – бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек – бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз деп білеміз. Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді.

Сондықтан мен баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз - өзіне сенімділікті тәрбиелеуді зерттеп, өзіме, балаларға ұлттық тәрбие беруде жаңа технологияларды яғни Су - джок терапиясын пайдалану арқылы жобаны алуды жөн көрдім.

Ұлттық тәрбие беру арқылы баланың ұлттық сезімдерін ояту, баланың ой-өрісін, көркем ойлау қабілетін, талғампаздығын арттыруға болады.

Сол себепті өз жұмысымда ұлттық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін бөліп шығару қажет екенін байқадым.

Таңдаған жобамның мінездемесі:

- – жобаның түрі;
- – практикалық-бағдарлау жобасы;
- – орындалуы бойынша ұзақтығы;
- – ұзақ мерзімді;

- – сипаты бойынша түрткі болған жобалық қызмет;
- – қолданбалы (практикалық-бағдарлау сипатында).

Кәсіби қызметімде келесі жұмыс түрлері жүргізілді:

- – әдістемелік;
- – зерттеушілік;
- – тәрбиелілік;
- – эстетикалық;
- – ағартушылық.

Нысан: мектепке дейінгі жастағы балаларды жан – жақты дамыту. Зерттеу жұмыстарының әдістері: зерделеу, сұхбаттар, шығармашылық жұмыс. Балабақшада ұлттық тәрбие беруде жаңа технологияларды пайдаланудың түрлері:

Тәрбиелеу оқыту технологиялары;

- – психологиялық-педагогикалық технологиялар;
- – ата – аналардың педагогикалық білімін ағарту.

Зерттеу базасы: Келес аудандық адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №3 «Көркем» бөбекжай балабақшасы МКҚК

Жобаның қатысушылары: №3 «Көркем» бөбекжай балабақшасының ата – аналары және мектепалды даярлық тобының тәрбиенушілері

Жұмыстың әдісі: Тәжірибелік, практикалық.

Өсіп келе жатқан жас ұрпақты ақылды да саналы, тәртіпті де еңбексүйгіш, өз халқының патриоты болатын ұрпақ тәрбиелеу керектігін ескере отырып, алдыма міндеттер мен мақсаттар қойдым.

Мақсатым: мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру үдерісінде балаларға физиологиялық тұрғыда тәрбие бере отырып, Отанын, туған жерін, өзінің халқын сүйе алатын тұлға даярлау.

Су - джок терапиясы мен халықтық педагогиканы біріктіріп тәрбие берудегі міндеттерім төмендегідей:

- тобымда денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- балаларды отансүйгіштікке, зиялылыққа, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу бағдарламасы;
- өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымын қалыптастыру;

Жұмыстың өзектілігі:

Балалардың физиологиялық дамуы мен ұлтжандылық тәрбие ең алдымен еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, тыныштық пен бейбітшілікті сақтайтын, ұлтаралық мәдениетті дамытатын, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарайтын, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен өркениеттілікке өз үлесін қосатын адамгершілік мұраты биік патриот, намысшыл қаһарман, қайсар, жігерлі жас ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Екіншіден — ұлттық тәрбиенің негізі арқылы: халық батырлары туралы ертегі, әңгіме мазмұнын жүйелі байланыстырып, әңгімелеуге үйрету, өлең шумақтарын жаттай білуге, мақал – мәтелдердің мағынасын түсіне білуге тәрбиелеу талап етіледі.

Үшіншіден — бұл әр азамат өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінеді

Жаңашылдығы: Жалпы ұлттық тәрбие беруде дәстүрлі емес оқу қызметтер, сайыс, ойын, кіріктірілген оқу қызметтер, саяхат, аралас оқу қызмет түрлері өткізіледі. Заман талабына сай оқытудың жаңа технологиясын игере отырып, пәнаралық байланысқа үнемі көңіл бөлінеді.

Жобаны іске асыру кезеңдері:

I кезең – жобаны жоспарлау.

II кезең – ұлттық әдістемемен оқыту.

III кезең – іске асыру маршруты, нәтижесі.

I кезеңде – ұлттық, ұлттық тәрбиелеу бойынша пайдаланатын жаңа технологияларды зерттедім, материалды - техникалық базасын дайындадым, жобаның мақсатымен және міндеттерімен таныстым, жобаның қатысушыларын анықтадым.

II кезеңде – жаңа технологияларды пайдалана отырып, ұлттық, ұлттық тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін анықтап, жұмысты бастадым.

Заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты енгізіп отырамын. Атап айтқанда, ертегі терапия, интерактивті тақта, бейнетаспа, мультимедиялық электронды кітапшалар, электронды оқулықтар пайдаланамын.

Отансүйгіштікке, зиялылыққа, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеуде мен келесі бағыттарды жүзеге асырамын:

- рухани-адамгершілік,
- әлеуметтік,
- эстетикалық,
- өлкетану,
- еңбек,
- отбасылармен бірге жұмыс істеу.

Мен осы жұмысты жүзеге асыру үшін отансүйгіштікке тәрбиелеу бағдарламасы шеңберінде жүйелі жұмысты ата-аналармен бірге ұйымдастырамын. Осыған орай келесі міндеттер кешенін орындалуын басты назарда ұстанамын:

- балаларды өз отбасын, балабақшаны, көшені, қаланы сүйуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу;
- балаларды мемлекеттік рәміздермен таныстыру (елтаңба, ту, әнұран);
- елінің, халқының, қаласының жетістіктерін мақтан тұту, жауапкершілік сезімін дамыту;

- басқа ұлт өкілдерін сыйлау, олардың дәстүрлерін дәріптеу сезімін қалыптастыру;
- еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу;
- ұлттық қолөнер шеберлігін білуге қызығушылықты қалыптастыру;
- Қазақстанның қалалары туралы білімдерін тереңдету.

Балалардың бойына гуманистік дүниетанымын қалыптастыруда қойылатын негізгі талаптарды айқындадым:

- балабақшадағы және топтағы жүргізілетін ұлттық тәрбие жүйесімен өзара
- байланыста жүргізілуі, пәнаралық байланыс, өткен тақырыптармен жүйелі сабақтастық;
- топтың алдына қойылатын мақсатының нақты болуы және педагогикалық тұрғыда негізделуі;
- ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымында ұлттық тәрбиеге арналған мазмұнның қамтылуы, мазмұнының балалардың ұлттық іс - әрекетінің негізі болуы, берілетін білім мен балалардың ұлттық іс - әрекеті арасында байланыстың болуы;
- балалардың ұлттық сезіміне ықпал ететін материалдардың қамтылуы;
- балалардың танымдық, белсенділік іс-әрекеттеріне ықпал ету, топтағы қамтылған материалдар олардың санасына, көңіл-күйіне әсерлі болуын ескеру;
- ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы, мазмұны, қолданылатын әдістері мен тәсілдерін айқындауда ұлттық бағыттарына баса көңіл аударылуы керек.

Мен мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде кеңінен халық ауыз әдебиетінің материалдарын қолданған жөн деп есептеймін. Осы әдісті бір жүйеге келтіріп жұмыс жасадым. Мысалы, мақал - мәтелдерді жай жаттаумен қатар оларды түсіндіріп, белгілі жағдайда орынды болуын көрсетемін.

Бүлдіршіндерді отансүйгіштікке тәрбиелеуде балалар арасында «Менің көшем», «Менің қалам» атты көркем сурет көрмесін ұйымдастырдым.

Балабақшадағы тәжірибеге келсек, бүлдіршіндерді адамгершілік отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстарын олардың ана тілдерін мемлекеттік рәміздерін құрметтеу, өз туған қаласының тарихын, оның көркем жерлері, мәдениеті, қаһармандары туралы білімдерін қалыптастырудан бастадым.

Өз тәжірибемде әсіресе, балаларға арналған халық ертегілеріне көп көңіл бөлемін. Қазақ халық ертегілері «Алдаркөсе мен бай», «Тазша бала» «Үш жетім», «Қара батыр», «Алтын сақа», «Қамбар батыр», «Қожанасыр туралы аңыздар», «Ертөстік және айдаһар», сонымен қатар «Ер есімі ел есінде», «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік», «Сайыпқыран сарбаздар», «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты ертеңгіліктер өткіздім.

Ондағы мақсатым: тәрбиеленушілердің ойында елжандылық сезімін қалыптастыра отырып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, тіліміз бен тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Тобымда балалардың ұлттық сезімін арттыру мақсатында түрлі тақырыптарда іс - шаралар көрсеттім. Мерекелік іс - шаралар кезінде балалар тақпақтар, өлеңдер үйренеді және тарихымен танысады. Бұндай мерекелер балабақшада көптеп кездеседі.

Мысалға: «ҚР алғаш Президентінің сайланған күні», «Тәуелсіздік күні», «Жеңіс күні», «Отан қорғаушылар күні», «Қазақстандағы ұлттардың бірлігі күні». Бұндай мерекелер балаларды өз Отанын сүйуге тәрбиелейді, өз Отанының қонақжай екендігін білетін болады. Өзінің ауылы, қаласын жайлы басқа да мәліметтерге қанық болады және басқа да ұлт өкілдері жайлы мағлұмат алады.

Осылайша болашақтың тұтқасын ұстар жасөрендердің бойына тәрбиенің құнды дәнегін сепкім келеді.

Балалардың ізденімпаз, жаңалыққа жанықұштар, қоғамдық іс – шараларда белсенділікпен қатыса отырып шығармашыл болып қалыптасуына, туған тілінде сөйлеп, Отанын, туған елін, туған жерін сүйе білуге титтей де болса өз ықпалымды жасай алсам—ол менің үлкен жетістігім.

Ал менің осы жетістігім келешекте өз Отанымның дамуы жолында зор үлесін тигізуі мүмкін.

III кезең – іске асыру маршруты, нәтижесі:

Осы жобаны іске асыра отырып, мен нақты жетістіктерге жеттім. Балалардың білім деңгейі келесідей болды: бастапқы бақылау (5-6 жас): жоғары деңгей – 43 %, орташа деңгей – 34 %, төмен деңгей – 23 %.

Аралық бақылау (5-6 жас): жоғары деңгей – 54 %, орташа деңгей – 28 %, төмен деңгей – 18 %.

Қорытынды бақылау (5-6 жас): жоғары деңгей – 68 %, орташа деңгей – 24 %, төмен деңгей – 8 %.

Ұлттық, ұлттық тәрбие арқылы жаңа технологияны пайдалана отырып, ұлттық тәрбие, ұлттық тәрбие, рухани адамгершілік тәрбиесі — біздің ұжым қызметкерлерінің ықпалымен жүзеге асырылып жатыр. Жұмыстан күтілетін нәтиже:

Баланың отансүйгіштік сезімі қалыптасады. Туған халқымыздың өткен тарихын үйренеді. Салт – дәстүр, әдет ғұрыпты үйренеді.

Тіл мен есте сақтауы, ықыласы мен қиялы, сонымен бірге зейіні мен, ойлауы, коммуникациялық дағдылары жақсы дамиды. Адамгершілік тәрбие алады.

Қорыта айтқанда, Тұңғыш Елбасы - Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» атты жолдауында халықтар арасындағы бірлікті нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, тіл мәдениетін орнықтыру мәселелеріне тоқталып: «...Қазақ «Туған жерге туынды тік» деп бекер айтпаған. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады.

Сол себепті, Туған жерге, оның мәдениеті мен салт - дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды

көріністерінің бірі», – деп атап өтті. Расында, өзінің туған жерінің, туған өлкесінің көркеюіне үлес қоса білген азамат бүкіл елдің игілігі үшін қызмет ете алады. Міне, патриотизм дегеніміз туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады.

Жалғасын табатын жарқын істердің жүзеге асуына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл басындағы халыққа Жолдауында айтылған Қазақстанның үшінші жаңғыруы бағдарламаларымен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы бағыт - бағдар болатыны сөзсіз. Түркістан елінің зиялы қауым өкілдері, білім алушылар рухани жаңғырудың, озық ой - сананың, ұлттық рух пен патриотизмді насихаттайтын жарқын істердің көшбасында жүреді деп сенемін.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТИІМДІ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНАЛОГИЯЛАР

*Мырзабекова Жұлдызай Ауелбаевна
Түркістан облысы Кентау қаласы
«Дәуір» бөбекжай балабақшасы*

Мектепке дейінгі білім беру – бұл жалпы мәдени, ұлттық құндылықтар негізінде балалардың үйлесімді дамуы, баланы жалпы орта білім берудің бастауыш сатысына дайындау, қоғамдық өмірге белсенді қатысу үшін қажетті жағдайлар жасау, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында құрылатын білім беру ұйымы.

Мектепке дейінгі білім берудің мақсаты – баланың іс-әрекеті үшін кеңістік құру және оның жеке дамуын, қолайлы әлеуметтенуін қамтамасыз ету.

Балабақша – балаларды қоғамда өмір сүруге үйрететін алғашқы әлеуметтік институт болып табылады. Дәл осы жерде баланың қоршаған адамдармен дербес байланысы жүзеге асады, ол қарым - қатынас жасауды және өзара әрекеттесуді үйренеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы мектепке дейінгі білім беру мазмұнының жаңарту. 2025 жылға қарай мектепке дейін тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын қайта құру, қажеттіліктерін қамтамасыз ету, білім мазмұнының жаңарту шеңберінде жоспарланған.

Мақсаты: Мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында тиімді заманауи әдістер мен технологияларды қолдану.

Міндеті: Баланың әрекетін бақылау; ұйымдастырылған оқу қызметінде сыни ойлау қабілетін және қызығушылығын байқау. Баланың үнін ескеру. Баланың жеке даму картасы арқылы бақылау.

Топпен жұмыс (командамен) мектепке дейінгі ұйымдардың заманауи әдістер мен технологияларды қолдану тәсілі.

Басымдықтарды анықтау: жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағдарламасының түйінді идеясы 4К моделі, себебі бұл идея балалардың бойында ерте жасынан дамуы тиісті креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау, командада жұмыс жасау дағдылармен тығыз байланысты.

Осы мақсатта педагогтердің білімі мен тәжірибесі маңызды рөл атқарады. 4К моделін жүзеге асыра отырып қандай нәтижелерге жетуге болады деген сұраққа жауап іздеп көрсек.

Бұл моделді ашып көрсетейік.

Білім беру үдерісіне 4К моделін қолдану.

- Креативтілік
- Командалық жұмыс
- Коммуникативті
- Сыни ойлау

Креативтілікті, коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға арналған әлеуметтік тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру. Бала өзіндік әлеуетін байқауы, өзінің күш жігеріне сеніп, іс-әрекетте табысқа жетуді дағдыландыру.

Креативті оқыту Әдісі деген не?

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің көпфункционалды вариативтік желісі болып табылады. Сондықтан да мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында белсенді инновациялық әдістерді қолдану маңызды.

Креативтілік-қоршаған ортаға қызығушылық, туындаған сұраққа өздігінен жауап іздеу, жаңа өз идеясының туындауы, ұсынылған ресурстарды таңдау арқылы кедергілерден өту.

Белсенді оқыту көптеген жұмыс түрлері мен әрекеттер арқылы жүзеге асырылады: бірлескен жұмыстар, рөлдік ойындар, шығармашылық жұмыстар т.б. Сұрақ - жауап әдісін қолдану арқылы баланың креативті ойлау дағдысын қалыптастыруға болады.

Ойлан әдісі	тап	Егер де.	Теориялар құрастыр	Гипотезалар әдісі	Болжау әдісі
Белгілі ақыл әрекетінің нәтижесінде балаларға бұрын белгісіз өнім жасау тәсілі	бір ой	Тапсырмала р балалардың қиял қабілетін дамыту.	Балалар нақты әлем жаңалықтардан тұратының түсінуге үйренеді. Олар түсініктеме беруді немесе теориялық жалпылауды орындауды	Балаларға қойылған сұраққа жауап нұсқаларын құрастыру ұсынылады. Нұсқаларды құрастыру үшін негіздерді таңдау болып	Балалар бұрынғы бақылауларға, анықталған заңдылықтарға, өзінің болжамдық қабілеттеріне сүйене отырып,

		үйрену керек	табылады	тапсырманы орындайды. Талқыланады қорытындылар жасалынады
--	--	--------------	----------	---

Топпен жұмыс әдісі деген не?

Командамен жұмыс жасау арқылы

1.Мақсат қоюға, оған қол жеткізу

2.Ынтымақтастықта жұмыс жасау

3.Жауапкершілікке тәрбиелеу

Креативті әдісті пайдала отырып ойын тапсырма әзірлеу

1 топ - сурет салу

2 топ - жапсыру

Сыни ойлау әдісін қалай түсінесіз?

Сыни ойлау әдісі дегеніміз не?

Балалардан біз қалай көреміз?

Ақпаратты алу. Алынған ақпаратты ой санадан өткізіп талдау жасау және өзін өзі реттеу, қортынды жасау және қортындысын түсіндіре алуды сыни ойлау дейміз.

Сыни ойлау – іс - әрекетті бағалау, логикалық қабілетінің дамуы, жеке іс - тәсілдерінің, көзқарасының қалыптасуы, іс - әрект арасындағы себеп - салдарлық байланысты қабылдау, жүзеге асыру, өз тұжырымдамасын түсіндіре алу, іс - әрекет барысында мақсатқа жете алмаған жағдайда да өзінің жетістігін және жеңе алмаған кедергісін түсіне білу.

Коммуникативтілік пен командада жұмыс істеу өзара тығыз байланысты. Іс - әрекет барысында өзара тілдік қарым - қатынасқа түсу, өз пікірін топпен келісе отырып, ортаға салу, топтың құндылықтарымен бөлісу, топ мүшелерін түсіне тыңдай білу, кедергіден топпен бірге өтуге әрекет ету. Қазіргі балаларымыздың жақын достары смартфондар, сүйікті ісі тәрбие мақсаты айқын емес ыммен сөйлесетін мультфильмдер болған кезде,балалар топтарын топтарға біріктіру таптырмайтын әдіс.

Бұл балаларды өзара жағымды қарым - қатынас орнатуға, бірлесе жұмыс істеуге, өзара жанашырлыққа итермелейді.

Бала үні

Идеяның басты бағдары балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін, олардың жас ерекшеліктерін, дербестіктерін қамтитын «Бала үнін» ескерумен тығыз байланысты және баланың зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық дамуына бағытталған.

Сонымен қатар бала үнін ескеру балалардың келешекте демократиялық әлемнің толыққанды азаматтары болып қалыптасуы үшін ғана емес, балалар қазірдің өзінде қоғам азаматтары ретінде өз ойын еркін айту құқығын бала кезден пайдалана білуге дағдылануы үшін қажет.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланы дамытуда тиімді тәсілдері

1. 4К моделіне сәйкес танымдық шығармашылықтарын дамытатын оқу қызметі.
2. Восковичтің дамыту ойындары
3. Геокант немесе шегелері бар тақтайша ойыны (4К моделіне сәйкес)
4. Эдвард де Бононың «Ақылдың алты қалпағы» әдісі
5. «Вен диаграммасы»
6. Ұлттық құндылықтарды дамытатын ойындар М. Мантесоридің педагогикалық әдісі.

Мектепке дейінгі білім берудің педагогикалық үрдісінде жиі қолданатын әдістердің бірі - Ойын

Ойын - мектепке дейінгі жастағы бала қызметінің жетекші түрі, тиімді әдісі және балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандыратын оқыту мен тәрбиелеудің бір түрі.

Воскович дамыту ойындары: бас қатырғыш, конструктор мен логикалық математикалық есепті шешуге арналған құрал.

Геокант ойыны: түрлі - түсті резенкелерді шегеге тағу кезінде мүсіндер,




геометриялық пішіндер, сандар, әріптер шығады.

Эдвард де Бононың «Ойлаудың алтпы қалпағы» әдістемесі «Алты ойшыл қалпақ» әдісі.

Мағынаны ұлғайту «Вен диаграммасы» әдісі балалар жұпта жұмыс жасайды. Ақ қағазға немесе ламинатталған қағазға сызылған қос шеңберге жануарлар мен төлдерін орналастырады.

Жұптар суреттерді неліктен осылай жұптастырғаның дәлелдейді. Ұқсастығы мен айырмашылықтарын айтады.



Мектепке дейінгі ұйымның білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында тиімді заманауи әдістер мен технологияларды қолдану.

Мектепке дейінгі білім беру үдерісіне 4К моделін жүзеге асыра аламын.

Креативті коммуникабельдікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік - тұлғалық қасиеттерді қалыптастырып «Тұтас бала» бейнесін құруға мүмкіндік береді.

Бала өзіндік әлеуетін байқауы, өзінің күш жігеріне сеніп, іс-әрекетте табысқа жетуіне дағдыланады. Ойымды аяқтай келе, 4К моделі жан -жақты, зияткерлікті бойына сіңірген, игі мақсатына жету жолында батыл қадамдар жасайтын ел болашағы, яғни балаларды тәрбиелеу мен оқытудың терең тамыры деген тұжырым жасадым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің Әдістемелік ұсынымдары. Нұр-Сұлтан, 2018.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары. <http://oqu-zaman.kz/>
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты [Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамыр №182 бұйрығы]. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі [Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы].

БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ДАМУ БАРЫСЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ ҰШТАСТЫРУ

*Ережепова Перизат Кидирбайқызы
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Ордабасы ауданыны
«Раушан бөбекжай балабақшасы»*

Қазақстан Республикасының ұлттық даму стратегиясының негізгі бағытының бірі әрі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі – білім, білімді азаматтар екендігін ескерсек, сол білімнің бастауы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде іске асатынын білеміз. Мектепке дейінгі білім беру жүйесі мектеп жасына дейінгі балаларды жеке тұлға ретінде ерте жастан жан - жақты қалыптастыруды жүзеге асырады.

Осы ретте модельдің негізгі ұғымдарының бірі - ұлттық құндылықтарды балаларды ерте жастан толыққанды дамытудың заманауи теорияларымен үйлестіруге бағытталады.

Қазақтан шыққан саяси және қоғам қайраткері М.Шоқай «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»

Балаларды ерте жастан дамыту барысында ұлттық құндылықтар мен заманауи білім беруді ұштастырудағы мақсатымыз:

Мектепке дейінгі мекемелерде жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында, ұлттық сана - сезімі қалыптасқан, қазақ халқына тән өзгешелікті бойына сіңірген, шымыр да шыныққан, дені сау, ерте жастан жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеу. Сондай - ақ, мақсатқа жетудегі міндеттер:

Педагогтардың жаңартылған білім беруде халықтық педагогика элементтерін және инновациялық тәсілдерді тиімді қолдануын жетілдіру


Балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, қолданылатын әдістер мен нысандарды заманауи талаптарға сәйкестендіру.

Өзара әріптестік іс - қимыл орнату арқылы ата - аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету болып табылады.

Жаһандану, заманауи білім беру үрдісінде өзіміздің ұлттық болмысымызды, ұлт ретінде өзгеше тұстарымызды жоғалтпайтындай, заман талабына сай бейімделген білімді, білікті ұрпақ өсіру міндетіміз. Қазақта «Тәрбие тал бесіктен басталады» деген қанатты сөз бар, қазіргі заман ғылыми зерттеулері де неғұрлым ерте жастан берілген үлгі - өнегенің, тәрбиенің маңызы зор екендігін дәлелдеп отыр.

Сондықтан қандай - да бір білімді, дағдыны бала бойына сіңіргіміз келсе, ерте жастан бастауымыз шарт.

Ұлттық құндылықтарды қолданып, қазіргі заманғы теориялармен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ете аламыз.



Ұйымдастырылған оқу қызметінде әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасау үшін педагог алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор. Қазіргі таңда балабақшамызда этнопедагогиканы, ұлттық құндылықтарды оқу - тәрбие жұмысына мақсатты түрде, күнделікті енгізіп отыру тиімді екенін көрініс тапты.

Білім беру салаларында жаңартылған білім беру бағдарламасымен ұштастыру әдіс-тәсілдеріне келсек:

1. «Денсаулық» білім беру саласы:
2. Ұлттық ойындар
3. Жан - жақты дамыту жаттығулары
4. Қауіпсіз мінез - құлық негіздерін қалыптастыруда
5. Тыйым сөздер, мақал мәтелдерді қолдану
6. «Қатынас» білім беру саласы бойынша

Ертегілер сюжетін заманауи өзгерту арқылы, қиялы ұшқырланып, креативтілігі дамиды

Өтірік өлеңдерді оқып, тыңдай отырып, тыңдалым дағдысы қалыптасады.

Тілдік жаттығулар ретінде жаңылтпаштар қолдану арқылы сөйлеу дағдысы жетіледі

Оқу қызметі барысында ой қозғау мақсатында мақал-мәтел, жұмбақ, тыйым сөздер қолдану тиімді болды.

Халық ауыз әдебиетіндегі сөздерге түсінік бере отырып, сөздік қорын молайтуға болады.

«Таным» білім беру саласында - Санамақтар - М.Монтессори педагогикасының элементтері негізінде ресурстар ретінде:

Асықтарды, ұршықтар, қамшы қолданып санау, құрастыру, түр - түсін, көлемін ажырату, салыстыру, теңестіру арқылы сенсорикалық қабілеттері артып, логикалық, сыни тұрғыдан ойлауға дағдыланады. Өздігінен білім алуға бейімделеді.

Луллия шеңберіне ұлттық нақышта бейнеленген суреттер қолдану. Өлі, тірі табиғат туралы аңыз әңгімелер, ауа-райын, жан - жануар, табиғи құбылыстарды бақылау дүниетанымын, жаратылыстану туралы түсініктерін кеңейте түседі.

«Шығармашылық» білім беру саласының мақсатына жетуде.

Зергерлік бұйымдар, тұрмыстық заттар, дәстүрлі музыка, ұлттық аспаптар, ою - өрнектерді тиімді қолдандық.


«Әлеумет» білім беру саласы

Ойын-тапсырмаларды орындау кезінде командамен жұмыс жасай білу дағдысы қалыптасады

Салт - дәстүрге негізделген сюжетті - рөлді ойындар ойнау барысында: өзін - өзі қоршаған ортада дұрыс ұстау, әдептілік нормаларын игереді.

Үлкендерге ізет көрсету, қыздарға сыйластық, досына көмек секілді ситуациалық ойын жағдаяттар арқылы түсіне біледі.

Балалармен кері байланыс жасауда ұлттық ойындар шартын және атрибуттарын, тұрмыстық заттарды, табиғи ерекшеліктерді қолдану қызықты әрі нәтижелі.



Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, ата-аналардың моральдық қасиеттері зор маңызға ие.

Сондықтан балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш - жігерін біріктіру қажет екенін ескере келе, ата - аналармен жұмыс түрлерін жүргізуді жөн көрдік:

Ұлы ойшыл Г.В.Ф. Гегель «Рухы оянбаған халық тарих көшінен шет қалады» дегендей, еліміз болашақта көшбасшы елдер көшінен шет қалмай, өз жерімізді, тілімізді, ділімізді сақтап қана қоймай, асқақта білген білімді ел, тәуелсіз мемлекет болуымыз үшін осы кезден қамданайық дегім келеді.

ТЕАТРАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚОРЫН ДАМЫТУ

*Таутаева Гүлдана Шораевна
Түркістан облысының адами әлеуметті дамыту басқармасының
Созақ ауданыны «Айшуақ» бөбекжай балабақшасы*

Мектепке деінгі жастағы баланы театр түрлері арқылы шығармашылық және парасаттылық қабілеттерін жан - жақты дамыту; сөз өнерін қастерлей білуге, өз білімін көтеруге, шешендікке баулу.

Балалардың сөздік қорларын байытып, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу; театрлық іс – әрекетті ертегілерді пайдалана отырып – ойын дамыту.

Балалардың тілін дамыту, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын жетілдіру. Балаларды адамгершілікке баулу, ойын нақты тапқыр сөйлеуге, ақылды, салмақты ой айтуға баулу. Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру.

Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін

қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланыст мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады.

Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын, еліктеуі мен қиялын дамытады.

Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан-жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бұлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек.

Бала әрнәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзініңайналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады.

Оның жан - жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамыуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Ал театрландырылған ойындарды балалар қызықтап ойнайды. Театрландырылған ойындар желелі рөлдік ойындардан тек желісі ғана емес, содай - ақ ойнау іс - әрекетінің сипатымен ерекшеленетіні айқындалған. Театрландырылған ойындар ойын – қойылымдары болып саналады, бұл жерде балаларға арналған көркемдік шығармаларды саханалық қойылымдарға айналдырып, оларды кейіпкер ретінде қатыстырудың маңызы зор.

Баланы сахынада кейіпкер ретінде ойната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту. Оның бойында әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген құштарлықты ояту.

Бұлдіршіндер саханада шағын рөлдерде ойнау арқылы байланыстыра сөйлеуге, әдемі киініп, жинақы жүруге, үлкендермен және өзге де балалармен тіл табыса білуге үйренеді. Жетілген диалог балалардың өз пікірін жеткізе білуге жетелейді.

Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой - өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді. Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көрністеріне таңқалдырып, өз сезімін мимика, ым - ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреуге үйретеді.

Театрландырылған ойындар балалардың ой - өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, спектакль туралы ата - аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді.

Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді. Балабақшадағы театрландырылған іскерлік бағдарламасы: 5 бөлімнен тұрады.

Театрландырылған ойын. Кез келген өмірлік мән жайда өз құрбыластарымен және үлкендермен қарым - қатынас жасай білуге, кез -келген жұмысқа шығармашылық қабілетпен қарауға, эстетикалық сезіммен ойнау арқылы мінез құлқын дамыту.

Бұл бөлімдегі ойын 3- ке бөлінеді:

- дамытушылық
- әсемділік
- театрлық

Ырғақты илгішті (ритмопластика) – бұған кешенді (комплект) ырғақтылық, музыкалық, илгіштік ойындар мен жаттығулар кіреді. Дене қозғалысының нақтылығымен еркіндігін дамытуда, өзінің денесінің сыртқы қоршаған ортамен байланысқан қарым - қатынасын сезінуге балаларды эстетикалық, психологиялық қабілетін дамытады.

Сөз мәдениеті және техникасы.

Ойындар мен жаттығулар сөйлеу логикасы мен дикциясын дұрыс артикуляциясын меңгере білуге, сөйлеу құрлымын еркін айтуға, тыныс алуын дамытуға бағытталған. Бұл бөлімге сөздермен айтылатын ойындар кіргізілген.

Бейнелеу арқылы сөйлетуін дамыту, шығармашылық фантазиясын дамыту, шағын әңгіме және ертегі құрастыра білуге үйретеді.

Жаттығулар 3- ке бөлінеді:

- тынысалу және артикуляциялық
- дикциялық және интонациялық
- сөздермен шығармашылық ойындар

Театр мәдениеті: Балаларға театр өнерінің шынайы сезімдерін меңгерту. Бөлімнің негізгі тақырыптары: театр өнерінің ерекшеліктері, театр өнерінің түрлері, қойылымның жасалуы, сыртқы және ішкі театр, көрермендер мәдениеттілігі.

Қойылыммен жұмыс – жанама бөлім, авторлық саханалауға негізделген.

Оған кіретін тақырыптар. Қойылыммен таныстыру қойылымды мазмұндап, талдау, кейіпкерлендіру.

Қойылымға қажетті құралдар дайындау.

Көріністі безендіру. Дайындық. Қойылымды саханалау.

Театрландырылған ойынның жіктелуі

Драматизация

Драматизациялық ойында бала артист, интонация, мимика, пантомима арқылы өз бетімен бейне жасайды, өзіндік әрекет етіп рөлді ойнайды. Бұрыннан жасалған саханалық қойылымда бала ойын – драматизациясында қандай бір сюжетте ойнайды. Ойын драматизациясы көрерменсіз музыкалық сипаттағы орындау болады.

Драматизация түрлері: жануарлар, адамдар, ертегілер бейнесіндегі кейіпкерлер ойыны; мәтінбойынша негізделген диалог, маналог, рөлдік ойындар; шығармашылық көрсетілім; бір немесе бірнеше шығарма арқылы қойылым қою.

Ал драматизация ойынның екі түрін қарастыруға болады.

Режиссерлық

Саусақтар ойын драматизациясы. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді. Қуыршақ бибабомен ойын – драматизациясы. Бұл ойында саусақтарға қуыршақ бибабаоны киеді.

Ширмада ойнайды. Бұл қуыршақтарды ескі қуыршақтардан жасауға болады. Режиссерлық ойында балалар әрекет етуші бейне болмайды, өзі режиссер және сахнаға қоюшы рөлінде ойнайды ойыншықтардың орынында болады. Мұнда бала қозғалмайтын пішіндер және ойыншықтармен әрекет етеді, сондықтан ойында интонация мен мимика ерекше орын алады.

Театрландырылған іскерлік арқылы шешілетін өзімнің педагогикалық жұмысымнан мысал келтірейін.

1.Ертегіден «сиқырлы заттар» арқылы «ертегіге ену». Балалардың елестетулерін қалыптастыру. Балаларға көздерін жұмғызып, демдерін ішке тартып оны қайта шығару арқылы көздерін ашу. Одан кейін балалардың көңілін қандайда бір затқа аудару, мысалы; үстелге (одан жұмыртқа жерге құлап түсті ме?), тегешке (осы тегешке бауырсақ пісірді ме? т.б.) балалардан сұраймын бұлар қай ертегідегі заттар.

2.Ертегілерді оқу және оны бірігіп талдау. Бастапқыда мен ертегіге әңгіме өткіземін. Ондағы кейіпкерлердің эмоциясымен және сезімдерімен таныстырамын, одан кейін әр түрлі мінез - құлықтары бар бейнелерді бөліп алуға және олардың біреуінің орынына өздерін қоюы туралы айтамын. Өздерін көру үшін айна қолданылады.

3.Ертегіден үзіндіні ойнау- әр түрлі мінез – құлықта рмен.

4.Режиссерлық ойын (құрлыс және дидактикалық материалдармен)

5.Ертегі балаларға ерекше айқын эмоционалді оқиғаны әңгімелейді. Ертегідегі кейіпкерлердің суретін салуға бояуға үйрету.

6.Үстел үстіндегі қозғалмалы ойындарды ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттінен кейін ойнатуға болады. Онда балалардың өздерінің шығармашылықтары арттады.

Н.К.Крупская: Мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын - оқу, олар үшін ойын - еңбек, олар үшін ойын - тәрбиенің маңызды түрі. Ойын - баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын - баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Ойынның түрлері көп, қазақ тілін үйретуде театрландырылған ойындардың маңызы зор. Театрлық іс - әрекетте ертегілерді пайдалана отырып баланың ой - өрісін дамыту, сонымен бірге тыңдай білуге, есте сақтау, түсіну, рөлге бөліп, қазақша әдемі сөйлей білу мәнерін арттырамыз. Балаларға театр, әртістік өнер, сахналау, қойылым, сахна туралы түсінік беріп қызығушылығын оятамыз. Көріністерді өзара сөйлесу дағдыларын дамыта отырып, бүлдіршіндердің тілді меңгеруіне деген сүйіспеншілікті арттырамыз. Театр әр балаға қуаныш ұмтылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын,

еліктеуі мен қиялын дамытады. Әдетте адамның жеке басының қасиеттері бес жасқа дейін қалыптасады екен. Сондықтанда да баланың жан – жақты қалыптасуы үшін мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің бойына жақсы, жағымды қасиеттерді сіңіре білу керек. Бала әр нәрсеге құмар, қызыққыш, ол өзінің айналасында болып жатқан өзгерісті, тамаша құбылыстарды сезінуге тырысады. Оның жан - жақты дамып, жеке тұлға болып тәрбиеленуіне, тілінің дамуын театрландырылған ойындар арқылы жетілдіруге болады.

Мақсаты:

- Мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығын театр түрлері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан - жақты жетілдіру;

- Қазақ тіліне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.

Міндеттері:

• Балалардың тілін, сөйлеу мәдениеті мен дүниетанымын дамыту.

• Балаларды адамгершілікке баулу.

• Баланың қиялын есте сақтауын шығармашылық қабілетін дамыту, ойдан әңгіме, ертегі шығарып айтуға дағдыландыру. Театрлық іс - әрекетті ертегілерді пайдалана отырып ойын дамыту.

• Баланың әлеуметтік және эмоционалдық дамуына жағдай жасап, әр баланың жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым - қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: театр, оның түрлері туралы түсініктері болады; қазақ тіліндегі сөздік қоры молаяды; диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіреді.

Ең көп тараған түрі: ойыншықтар театры бұнда балалар қысқа театрландырылған іскерлік арқылы шешілетін өзімнің педагогикалық жұмысымнан мысал келтірейін. Ертегіден «сиқырлы заттар» арқылы «ертегіге ену». Балалардың елестетулерін қалыптастыру. Балаларға көздерін жұмғызып, демдерін ішке тартып оны қайта шығару арқылы көздерін ашу. Одан кейін балалардың көңілін қандайда бір затқа аудару, мысалы; үстелге (одан жұмыртқа жерге құлап түсті ме?), тегешке (осы тегешке бауырсақ пісірді ме? т.б.) балалардан сұраймын бұлар қай ертегідегі заттар.

Ертегілерді оқу және оны бірігіп талдау. Бастапқыда мен ертегіге әңгіме өткіземін. Ондағы кейіпкерлердің эмоциясымен және сезімдерімен таныстырамын, одан кейін әр түрлі мінез - құлықтары бар бейнелерді бөліп алуға және олардың біреуінің орынына өздерін қоюы туралы айтамын. Өздерін көру үшін айнқолданылады.

Ертегіден үзіндіні ойнау-әр түрлі мінез-құлықтармен.

Режиссерлық ойын (құрылыс және дидактикалық материалдармен)

Ертегі балаларға ерекше айқын эмоционалді оқиғаны әңгімелейді.

Ертегідегі кейіпкерлердің суретін салуға бояуға үйрету.

Театрландырылған ойынға қызығушылықтарын қалыптастыруға қуыршақ татрының қойылымын көру көмектеседі. Оны өзім көрсетемін немесе

дайындық топ балалары көрсетеді. Қуыршақ театры күнделікті ұйымдастырылған оқу іс - әрекетінде балаларды мадақтау, мақтау үшін, олармен амандасып, қоштасу үшін қолданылады.

Мен біртіндеп ойындарды кеңейтемін, драматтизация ойынның әр түрлігін меңгеру арқылы, балаларды қатыстыра отырып ойын тапсырмаларын біртіндеп қиындата түсемін. Адамдар, жануарлар және құстардың әрекеттерін ойын арқылы келтіру. Адамның негізгі эмоциясы (күн көрінді – балалар қуанады, күледі, алақандарын соғады, орындарында секіреді).

Кейіпкердің эмоциясын біреу арқылы іс - әрекеттің бірізділікпен байланысындағы ойын - әрекеті. Жақсы таныс ертегілер кейіпкерлерінің бейнесіндегі ойын - әрекеті. Музыкалық ойын - әрекеті.

Тәрбиешінің оқуы арқылы бір кейіпкермен мәтіндегі өлең арқылы ойын - әрекеті.

Қысқа ертегі, әңгіме, өлеңдердің мәтінін тәрбиешінің айтылуымен қойылатын ойын - әрекеті. Ертегі кейіпкерлерімен рөлдік диалог. Жануарлар ертегілерінің бөліктерін саханалау. Халық ертегілеріндегі бірнеше кейіпкерлерді драматизациялық ойындармен әрекеттеу. Балалар өз беттерімен ойнаған дербес іс - әрекетінде де театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болды.

Драмалық жанрға бейімделген ойындар өздігінен туындап тәрбие жұмыстарының барысында ертегілер, сюжетті көріністер де жиі қолданылып, тіпті кейде ертегінің кейбір бөліктері өзгертіліп отырылды. Балалардың шығармашылығы тек ролдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар дайындағанда да көрінді. Қуыршақтардың түр - түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезеңдегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсенділігін арттырды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу мәдениеті мен ой - өрісін, дүниетанымын жетілдіруде театр ойындар түрі тиімді нәтиже береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Н.П. Сакулина, Т.С. Комарова. Изобразительная деятельность в детском саду.

Г.Г. Григорьева, Е.А.Флерица Н.Б.Хоезова.

И.А.Лыкова. Изобразительная деятельность в детском саду.

С.Н.Николаева Экологическое воспитание младших дошкольников.

Әбдуәлиева Ш «Қазақтың қолөнері» — әдістемелік құрал

Әбдуәлиева Ш «Халық қолөнері» Алматы. Рауан. 1992

ВАРИАТИВТІК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ МЕН ЖАҢАША ТЕХНОЛОГИЯ ТӘСІЛДЕРІН ҚОЛДАНУ

Төлеби ауданы, Леңгір қаласы, «Қарлығаш» бөбекжайы МКҚК

Топтық жұмыс

Буркитбаева Эльмира Дәулетқызы – бөбекжай меңгерушісі

Тасымбекова Қарлыға Нахыпбекқызы – бөбекжай әдіскері

Бекишева Гүлмира Мырзабайқызы – музыка жетекшісі

Суленова Айгуль Турсынбайқызы - тәрбиеші

Оралбекова Зәуреш Пернебайқызы - тәрбиеші

Мырзакулова Зарафшан Дилдабекқызы - тәрбиеші

Шалғынбаева Балжан Көбейқызы - тәрбиеші

Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ – ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Қоғамымызда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне өтуі білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістерді енгізуді талап етіп отыр. Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз.

Барлық білімнің бастауы балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды.

Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білім – егіз. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отыр. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде.

Заман өзгерген сайын әдіс - тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Балалардың тілін дамытуды, қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды өз тәжірибемізде қолдануға ізденеміз. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр - сырын

анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Біздің балабақшамызда балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балабақшада балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы жоғары. Себебі қазіргі заман балаларының берілген ақпаратты тез қабылдауынан, есте сақтау қабілеттері жоғары дамығандығын байқауға болады.

Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамти отырып, үнемі даму үстінде болатын, баланың үнін тындай білетін, сұрақтар қойып, дәлелдер іздейтін, сыни тұрғыдан талдайтын, шығармашылық эксперименттер жүргізуге қабілетті, балалармен жұмыс істеудің жаңа нысандарын жасаушы белсенді, зерттеуші бола алатын – жаңашыл тәрбиешінің тұлғасын қалыптастыру бөбекжайымыздың басты мақсаттарының бірі екенін қуана айта аламын.

Осы мақсатта вариативтік бөлім бойынша педагогтарымыз «Қазақ халқының ұлттық қазынасы», «Қуыршақ театры арқылы балаларды ұлттық тәрбиеге баулу», «Өнерлі екен он саусак», «Ойын ойды өсіреді», «Қазақ халқының ұлттық музыка өнері» тақырыптарында іс – тәжірибелерін жинақтап, шығармашылық эксперименттер жүргізді. Педагогтар өз жұмыстарында халық педагогикасы арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерді дарыту, ізгілікке, имандылыққа, адалдыққа тәрбиелеу, оқыту барысында баланың ақыл - ойын дамыту, ұлттық құндылықтарымызды білім берудің заманауи әдіс – тәсілдерімен ұштастыра отырып, қазақ халқының нақыл сөздерін тиім сөздерін салт-дәстүрін дәріптеу мақсатында тәрбиеші балаларды қатыстыра отырып тәрбиелік мәні бар қуыршақ театрын ұйымдастыру арқылы, сөздік қорын байытып, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру, ұлттық құндылығымызды, қазақи тәрбиені дәріптейтін сахналық көріністер арқылы балаларды жан – жақты дамытуға тырысты.

Эстетикалық талғамын, қиялын, шығармашылық қабілетін, қиялды, байқағыштықты, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін дамытуда, ұлттық өнерімізді қолдана отырып, ұлттық бұйымдарымыздың суретін салуда дәстүрден тыс инновациялық технологияларды қолдана отырып балалардың шығармашылығын дамытады.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие модулінде айтылғандай негізгі әдісіміз ойын әдісі. Бұл вариативте ойын арқылы баланың жан-жақты дамытуға логикалық ойлауын, есте сақтауын, қабылдауын, қиялын дамытуға әр түрлі трансформацияланған логикалық ойындарды қолдану арқылы балалардың ойлау және қабылдау қабілетін дамыту, білуге деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық ізденісін дамыту, баланың логикалық ойлауын жетілдіру болып саналады.

Балаларды ұлттық аспаптарда ойнатып, қазіргі заманауи технологиялармен әндерді айтуда, музыканы тыңдауда әр түрлі музыкалық ойындар арқылы балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру, музыкалық шығармашылыққа баулу, музыкалық қабілеттерін ашу, АКТ – ні қолдана

отырып балалардың әуенді есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту, би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттырады. Демек, ұлттық тәрбие Отан сүйетін патриот, жоғары адамгершілік иесі ұлттық рухы биік парасаты азамат тәрбиелеу үшін, балаларға жастайынан ұлттық құндылықтарды дәріптеп, елімізді, жерімізді, тілімізді құрметтеуге баулу керекпіз. Осы жобамен 2019 жылдан бері жұмыс жасап келе, жатқан бөбекжайдың педагог тәрбиешілері вариативтік компонент бойынша іс-тәжірибелерін жинақтады.

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі» - бұл мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды трансформациялау үшін қажетті өзгерістер бағыты.

Модель - мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы. Модельдің мақсаты - дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды трансформациялау үшін қажетті өзгерістер бағыты

Яғни, Модель бізден мектепке дейінгі ұйымдардан тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыруды, әдіс – тәсілдерді жетілдіруді, жаңаша өзгертуді, қазіргі заманғы теорияларды ұлттық тәрбиемен үйлесімді ұштастыруды, авторлық вариативтік бағдарламалар әзірлеуді, педагогтардың кәсіби дамуының үздіксіздігін және күнделікті жұмыстарымызда зерттеу жұмысымыздың мәдениетін қалыптастыруды талап етіп отыр. Әрине ата – анамен байланысты нығайтып, мектепке дейінгі ұйым қызметтеріне ата – ананың қанағаттануын қамтамасыз етуіміз керек.

Оқу жылының басында модельде көрсетілген талаптарды орындау үшін не істей аламыз деп, өзімізге мақсаттар міндеттер қойдық.

Бірінші: сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасау: яғни балалардың жан – жақты білім алуы үшін оқу – дидактикалық материалдармен толықтыру, трансформацияланған ойын және тақырыптық аймақтарын құру, толыққанды заттық - кеңістіктік дамытушы ортаны құру

Екінші: тәрбиешілеріміз авторлық вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеуге өз іс - тәжірибелерін жинақтау.

Үшінші: жаңартылған оқу бағдарламасының әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың әр түрлі әдістерін, тәсілдерін, жаңа технологияларды қолдану; жаңартылған білім бойынша білімін жетілдірген тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметтеріне 4К моделінің бағыттарын яғни командамен жұмыс, Тәй – тәй әдістемесімен байланыстырып, ойын аймақтарында балаларды ойын арқылы дамытуда, тәрбиешінің жетекшілігімен өтілетін ойындар және құрымдалған ойындар

топтамасын (картотекаларын) дайындау, оқу жылында өтілетін ашық оқу қызметтерін міндетті түрде жаңа технологияларды қолданып өткізу

Төртінші: Ойын - баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы.

Балалардың бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс деп модельде көрсетілгендіктен оқу қызметтерін басынан аяғына дейін ойын түрінде өткізуді тәрбиешілерге тапсырдық.

Тәрбиешілеріміз дидактикалық ойындар, желілі – рольді ойындар, қимылды ойындар, ұлттық ойындар және балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған ойындар топтамасын дайындады.

д. Бесінші: ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру. Бұл бағытты іске асыру үшін бір тәрбиеші вариативтік компонент бөліміне «Халық педагогикасы – тәрбиенің қайнар көзі» деген тақырып алып, авторлық бағдарламасын әзірледі. Әрине ұлттық құндылығымыз тек вариативтік компонент бөлімінде ғана емес перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптарда да орындалып отыр.

Алтыншы: модельде айтылғандай «Отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейтуге» жұмыстар жоспарланды.

Ата-аналармен жұмыста ата-аналар жиналыстарының жаңа форматтары пайдалану, олар тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері», ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға, олардың назарын мектепке дейінгі ұйымға аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым - қатынас нысандары түрінде өткізу жоспарланды.

Ата - аналар өз баласын жақсы білуі керек, оны басқа, өзі үшін таныс емес жағынан көруі тиіс, педагогтермен өзара қарым-қатынаста болуы қажет. Жеке және топтық консультациялар, ата - аналар жиналыстарын, проблема бойынша пікірталастар, «ауызша журналдар», педагогикалық қонақ бөлмелерін, сұрақ - жауап кештерін, «ток - шоу» өткізу, сабақтардың бейнежазбаларын және режимдік сәттерді қарау, содан кейін талқылау және басқалары ұсынылады.

Сонымен қатар балабақшаға келмейтін балалардың ата – аналарына консультациялық пункттер ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Осы жұмыстар арқылы ата – аналардың педагогикалық білімдерін көтерумен қатар, баланың жеке мүмкіндіктерін дамытуға; көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына ата – аналардың қанағаттану деңгейін арттыруға; үйде баланың толық дамуы үшін жағдай жасауда консультациялық көмек алуға мүмкіндік береді деп ойлаймыз.

Жетінші: Бала денсаулығы Құнарлы тамақтану балалардың денсаулығы мен үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін маңызды және тиімді алғышарттардың бірі болып табылады, ол баланың қалыпты өсуіне, ағзалар мен

тіндердің дұрыс дамуына, қаңқа, орталық жүйке жүйесі мен ақыл - ойдың қалыптасуына ықпал етеді, ағзаның қорғаныш күштерін арттырады. Балаларымызды теңгерімді тамақтандырудың қамтамасыз етуді жоспарладық.

«Вариативтік оқыту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың әдістемелері мен жаңаша технология тәсілдерін қолдану» (Шебер сынып арқылы)

Балабақша меңгерушісі және мен әдіскер тарапынан «Жаңашыл және зерттеуші тәрбиеші тұлғасын қалыптастыруға ұмтылдықы, ұмтылысы, шабыты, ізденіс беруге тырыстық. Педагогтарымыз биыл жыл бойы вариативтік бөлім бойынша оқу қызметтерінің іс – тәжірибелерін жинақтады. Әр тақырыптан 18 оқу қызметінің жоспарын жазып шықты.

«Қазақ халқының ұлттық қазынасы» іс - тәжірибесі

Мақсаты: Халық педагогикасы арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерді дарыту, ізгілікке, имандылыққа, адалдыққа тәрбиелеу, оқыту барысында баланың ақыл – ойын дамыту, ұлттық құндылықтарымызды білім берудің заманауи әдіс - тәсілдерімен ұштастыру.

Іс – тәжірибесінде модельде айтылған ұлттық құндылықтарды баланы дамыту үшін заманауи теориялармен ұштастыру көзделген.

Яғни оқу қызметтерінде халық педагогикасына баулуда жаңаша технологияларды қолдана отырып оқу қызметін өтеді. Бір оқу қызметінде зергерлік бұйымдарды таныстырады, тәрбиелік мәнін, ұлттық ерекшелігін дәріптейді, бір оқу қызметінде суретін салады, жапсырады, мүсіндейді, бір оқу қызметінде зергерлік бұйымдарды санайды, есеп амалдарын орындайды, пішінін анықтайды, бір оқу қызметінде жаңартылған бағдарлама әдіс – тәсілдері арқылы түрлендірілген ойындар арқылы баланы дамытады.

Қалған 18 тақырыптарда да осы мақсатты ұстанады.

«Қуыршақ театры арқылы ұлттық тәрбиеге баулу» іс – тәжірибесі.

Мақсаты: Балаларға қуыршақ театры туралы түсінік беру, балалардың сөздік қорын байытып, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру, қазақи тәрбиені дәріптейтін сахналық көріністер арқылы баланың бойына ұлттық тәрбиені сіңіре отырып, ертегілер, мақал - мәтелдер, халық ауыз әдебиеттерін қолдана отырып балаларды тәрбиелеу.

Бұл іс – тәжірибеде де 18 тақырып жинақталған.

Қуыршақ театрын балаға ойната отырып, баланың сөзін, сөйлеуін, сөздік қорын дамыту және баланы тәрбиелеу көзделген.

Әрине оның ішінде ұлттық тәрбиемізді дәріптейтін көріністер болса деп жоспарлағамыз. Мысалы: қазақ халқының мақал - мәтелі «Ұрлық түбі – қорлық болса», осыған қуыршақ театрына сценарий құрылып, балалар өздері ролге еніп ойнаса, әрі ұлттық тәрбиені бойларына сіңірсек деген мақсат қойғанбыз.

Тәрбиеші осы мақсатта ізденді, жинақтады, өз ойын қосып, 18 тақырыпқа қуыршақ театрының сценарийін жазып шықты.

«Ойын ойды өсіреді» іс – тәжірибесі.

Мақсаты: Трансформацияланған логикалық ойындар арқылы балалардың ойлау және қабылдау қабілетін дамыту, білуге деген қызығушылықтарын арттыру, шығармашылық ізденісін дамыту, баланың логикалық ойлауын жетілдіру.

Бұнда ойынның үш түрі педагог жетекшілігімен, құрылымдалған және еркін ойынның жаңартылған, түрлендірілген түрлері. Бұл іс – тәжірибеде ойынның шарты түрлендірілген, трансформацияланған ойын түрлерінен құралған 18 оқу ойын оқу қызметінің жоспары жинақталған.

Ойын шарттары тәрбиешінің өз шығармашылығымен түрлендірілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі әдіс – тәсілі ойын болғандықтан, қазіргі талап бойынша ойын қағидатын қолдану керек болғандықтан бұл оқу қызметтеріне балалар өте қызыға қатысады. 18 тақырыппен таныстыру

«Қазақ халқының ұлттық музыка өнері» іс – тәжірибесі. Мақсаты: Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру, музыкалық шығармашылыққа баулу, музыкалық қабілеттерін ашу, АКТ – ні қолдана отырып балалардың әуенді есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту, би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.

Бұл іс – тәжірибеде тақырыбында айтылғандай балаларға ұлттық музыка өнері дәріптеледі, ұлттық аспаптармен таныстырып, өздеріне ойнатып үйретіп, балалардың ұлттық музыкаға деген қызығушылығы арттырылады.

18 тақырыпта оқу қызметі жинақталған.

«Өнерлі екен он саусақ» іс - тәжірибесі

Бұл вариативтік бөлім бойынша іс – тәжірибеде балалардың эстетикалық талғамын, қиялын, шығармашылық қабілетін, байқағыштықты, өз ойларын, сезімдерін көркем түрде бере білу біліктерін дамыту көзделген.

Шығармашылық саласы бойынша ұлттық бұйымдарды негізге ала отырып, дәстүрден тыс сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, қол өнері бойынша 36 оқу қызметінің жоспары жинақталған. Балаларға шығармашылықтарын дамытуға еркіндік берілген. «Ұлт болашағы білімді ұрпақ»

Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбие леудің әртүрлі технологиялары енгізілуде.

Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Өйткені осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан - жақты дами бастайды.

Сондықтан осы шақта балалармен анағұрлым жан - жақты дамытушылық әрекеттер жүйелі жүргізілсе, жұмыс соншалықты нәтижелі болады. Тәрбиелі, білімді ұрпақ балабақшадан мектепке дайын шәкірт болып шығады.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы іспеттес. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
4. Республикалық «Отбасы және балабақша» журналы 2018ж №5 саны
5. Республикалық «Бала мен балабақша» журналы 2015ж. №8 саны

БАЛАБАҚШАДА БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТУДАҒЫ ШЫНЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

*Тәңірбергенова Айнұр Берікқызы
Түркістан қаласы Адами әлеуетті дамыту бөлімі
МКҚК «Айгүл» бөбекжай балабақшасы тәрбиеші*

Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға даярлау.

Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі.

Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибебиесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке - дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру

қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Балабақша жұмысына денсаулық сақтау технологияларын енгізу қажетті заман талабынан туындайды.

Осыған орай жұмыстың объектісі – мектепке дейінгі жаста баланың денсаулығын қорғау болып саналады. Денсаулық сақтау технологиясына сипаттама бере отырып, мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиясын пайдалану, білім берудің жаңа технологияларын қолдану (денсаулық сақтау, ақпараттық) балалардың денсаулығын сақтау мақсатында инновациялық бағыттағы дағдыларды қалыптастыру.

Тәрбиешінің балалармен жұмыс жүргізуіндегі денсаулық сақтау технологиялары.

Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, дене жаттығуларын жасауға қызғушылықтарын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуда мектепке дейінгі мекемеде денсаулықсақтау технологияларының түрлері:

Балабақшада оқу - тәрбие жұмыстарын заман талабына сай жүргізу, баланың денсаулығын сақтау мен нығайту мәселелерін тиімді шешу медициналық және педагогикалық қызметкерлердің бірлескен нәтижелі еңбектеріне байланысты. Осындай мәселені шешу барысында біздің анықтағанымыз, баланың денсаулығын нығайтуда және аурудың алдын-алуда тек қана баланың қимыл белсенділіктерін көтеру өте аз, сонымен қатар шынықтыру шараларын жүйелі өткізу керек. Ол үшін педагог дәстүрлі жұмыстарға дәстүрден тыс жұмыс түрлерінің жүйесін тудыруы жөн.

Мысалы, жалаң аяқ жүру табан мен буындарды бекіту әдісі болып табылғандықтан барлық жаттығуларды жалаң аяқ ұйымдастырған өте ұтымды болады.

Ертеңгілік жаттығуда әртүрлі формаларды қолдану:

- ✓ Тыныс алу жаттығулары
- ✓ Жалпақтабандылықтың алдын-алу жаттығулары
- ✓ Сымбатты түзету жаттығулары
- ✓ Созылу(стретчинг) жаттығалары
- ✓ Көзге арналған жаттығулар

Таңертеңгі жаттығудан кейін тыныс алу немесе тұзды жолмен жүру өте тиімді.

Сонымен қатар дене тәрбие сабақтарында дәстүрден тыс құрал - жабдықтарды қолданған жөн.

Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет.

Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына маңызды. Себебі ағзада барлық өмірлік әрекеттер белгілі бір тәртіппен жүріп отырады.

Жүрек ырғақты жұмыс жасайды, жиырылуы - босауы, тыныс алу, дем алумен - дем шығару кезектеседі, асқазандағы аста белгілі уақытта қортылып

отырады. Жалпы табиғатта барлық жағдайлар белгілі реттілікпен жүреді: жыл мезгілдерінің, күн мен түн ауысуы.

Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру - сауықтырудыңда тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады.

Шынықтырудың негізгі міндеттері:

Баланың тұлғалық ерекшелігін ескере күш-қайраттарын қалыптастыру және денсаулығын шынықтыруды жүзеге асыру. Бұл міндеттерге, тек шынықтыру шараларының кешенді түрде өткізгенде ғана нәтижеге қол жеткізді, яғни балабақшадағы баланың болған бір күні - оның ағзасына пайдалы дәрумендерді енгізіп асмәзірін түрлендіріп, оны балаға жеткізу, қарапайым шынықтыру мен қатар арнайы жоспарланған шараларды, қимыл -әрекеті үйлесімді ұйымдастырылады.

Баламен шынықтыру шараларын ұйымдастыру алдында бірнеше ережелерді сақтау керек:

Дені сау баламен шынықтыруды жүйелі жүргізу, оның теріс эмоциясын (үрей, жылау, мазасыздық) тудырмайтын және біртіндеп үдетіп, ұзартылып, медбике мен педагогтың қатаң қадағалауында болуы қажет.

Шынықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Ұзу немесе тоқтату салдарынан организмді шынықтыру барысында қалыптасқан бейімделу реакциялары жойылады.

Сондықтан да,шынықтырудың жүйелілігі, яғни шынықтыру әрекеттері күнделікті кез келген мезгілде жүргізілуі тиіс. Денсаулық табиғаттың берген құнды байлығы, оны бастапқы күйде сақтау ол адамның жеке салауатты өмір сүруіне байланысты екенін есте сақтай отырып, шынықтыру жұмыстары жергілікті жердің климаттық жағдайларына сай жүргізілуі керек. Баланың дене құрылысын шынықтырушы іс - шаралар балаға ұнап, жақсы эмоция тудыруы мүмкін.

Жаңа инновациялық технологиялар бойынша балалар Порфирий Ивановтың төмендегідей әдістерін күнделікті шынықтыру шараларында пайдаланылады.

Балаларға жалаң аяқ тұзды суға салынған алаша бойымен жүріп өту.

- ✓ Жалаңаяқ жүру
- ✓ Қабырғалы тақтай үстімен және қиыршық тастар үстімен жүріп өту.
- ✓ Денені ылғалды сүлгімен ысқылап сүрту.
- ✓ «Тыныс алу жаттығуы»
- ✓ «Артикуляция»

Баланың дене бітіміне, денсаулығына әсер етіп жан - жақты дамытып, баланы еңбексүйгіштікке, ептілікке тәрбелейтіні сөзсіз.

Балаларды мектепке даярлау кезеңінде олардың денсаулығын жақсарту мәселесі бойынша өсу тенденциясына бүгінгі ерекше көңіл бөлініп отыр. Бұл тұрғыда денсаулығын нығайту үшін комплексті әдістерге айрықша мән беріледі. «Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін, ынтымақты

жауапкершілік қағидаты, міне осылар денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы, мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс» - екенін атап көрсеткен.

Балалардың денсаулығын нығайтуда, спортқа әуестендіріп, күн тәртібі ережелерін сақтай білуге, жаңа инновациялық жолдар арқылы шынықтыру, салауаттылыққа тәрбиелеу мектепке дейінгі мекеменің негізгі мақсаты.

Организмді шынықтыру бала денсаулығын күшейтудің ең негізгі жолы. Шынықтыру дене тәрбиесінің маңызды бөлігі, ол табиғи факторлардың үйлестірілген әсерлеріне жүйелі түрдегі жаттығулар арқылы орындалады. Шыныққан бала аз ауырады, тәбеті мен ұйқысы жақсы, бітімі үйлесімді, әрі сымбатты келеді және ауа - райының кез келген жағдайында жеткілікті дәрежеде серуендей алады.

Кішкентай бүлдіршіндердің жауапкершілікті сезіне жүріп жасаған әрбір іс-әрекеті арқылы олардың ептілікке, жылдамдыққа, шыдамдылыққа және батылдыққа тәрбиеленіп келе жатқандығын айқындай түсе, балалардың бір - біріне деген жанашырлығы, көмек қолын созуы олардың адами асыл қасиетті бойларына сіңіріп өсуде екендігін көрсетеді.

Сауықтыру жұмыстарының дәстүрлі емес түрлері кеңінен қолданады. Олар: жазғы құмда жалаңаяқ жүру, суық сумен су құю, нүктелі төсеніштермен жүру. Қыс мезгілінде таза ауада серуендеу, адам ағзасының жұқпалы аурулар мен суыққа төзімділігі мен қарсылығын арттыратыны анықталған.

Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, нүктелі массаж және майтабанға арналған жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуға тырысу, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету. А.А.Уманский және К. Динейкидің ойын массаждары элементтерін қолдану арқылы балалардың жалпы физиялогиялық жетілуін жақсарту, қимыл қозғалыс арқылы биологиялық қажеттілігін қанағаттандыру, жағымды эмоцияналды көңіл күй ортасын жасау жүргізіледі.

Ұйқыдан кейінгі сергіту жаттығуларының түрлері:

1. Төсек үсті жаттығулар мен өзін - өзіне массаж.
2. Ойын түріндегі массаждар.
3. Әр түрлі массажды құралдарды пайдалану арқылы жаттығу жасау.
4. Табанға арналған кілемшелер үстімен жүру.
5. Шынықтыру – сауықтыру.
6. Музыкалы - ырғақты жаттығулар (релаксация)

Төсек үсті жаттығулары. Ұйқы ашар жаттығуларын жасауға қызығушылығын арттыру, қимылдық іскерліктерін жақсартуға тырысу, оларды дұрыс және дәл орындай білуге үйрету. Балалардың жалпы физиологиялық жетілуін жақсарту, қимыл қозғалыс арқылы биологиялық қажеттілігін қанағаттандыру, жағымды эмоцияналды көңіл күй ортасын жасау:

1. Велосипед жаттығуы. Қол мен аяқты жоғары көтеріп. аяқты кезекпен сермеу.

2. Қайық жаттығуы. Ішпен жату, қолдар иектің астында. Жоғары тартылып, еңкею, тербелу.
3. Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп – түсіру.
4. Ашулы мысық. Тіземен тұрып, белді бүкірейтіп, басты төмен түсіру.
5. 5.Мейірімді мысық. Белді бүгіп, басты жоғары көтеру.

Жалпы дене жаттығулары. Жалпы денеге арналған жаттығу - балалардың денсаулығын нығайтып, дене бітімін жақсы қалыптастырады.

Арқаға арналған. «Ауа - райы» жаттығуы. Балалар бірінің артына бірі тұрып, алдыңғы тұрған балаланың арқасына әт түрлі массаждар жасайды.

Басқа және қолға арналған массажды қолғаптармен жасалатын жаттығулар
Мойынға арналған массажды жөкемен жаттығу. Алақан мен аяққа арналған жаттығулар. Ұсақ саусақ маторикасын дамытуға және майтабанның алдын алуға зор әсер етеді.

1) Алақанға арналған «Кірпі» жаттығуы. Тікенек допты алақанға салып, айналдыру.

2) Табанға арналған жаттығу. Кедір - бұдыр жолдармен жүріп отыр.

Табанға массаж - өте тиімді пайдалы денені шынықтырудың түрі. Бұл табан бөлігіндегі активті нүктелерге қалыптасу үшін керек, майтабанның алдын алу үшін пайдалы. Құмды, тасты, сулы жерлермен жүріп өту. Әр түрлі кедергілері бар кілемшелерді басып жүру.

3)Бақайға арналған жаттығу

Нүктелі массаж. Суық тиюге және тұмауға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл - қозғалыс дағдыларын дамыту.

- a) Тамағымыз ауырмау үшін, қолымызбен тамағымызды жоғары - төмен уқалаймыз
- b) Түшкіріп, тұмауратпау үшін, нұсқаушы саусағымызбен танауымыздың екі жағын кезектеп үйкейміз.
- c) Қолымызды маңдайымызға қойып уқалаймыз.
- d) Құлағымызда ауырмау үшін, нұсқаушы және ортаңғы саусағымызбен құлағымызды алдынан және артынан уқалаймыз.

Тыныс алу жаттығулары. Тыныс алу жаттығулары өкпенің жұмысын жетілдіріп, қан айналымын жақсартады.

1. «Жапырақтарды ұшыр»
2. «Шарды үрлейміз»
3. «Шәйді суыт»
4. «Мұрынмен дұрыс тыныста, ауызбен дұрыс дем шығар»
5. «Қолды үрлеп ысқылау арқылы жылыту».

Қорытып айтқанда ұлы педагог Макаренко: «Тәрбие ішінде ешбір ұсақ-түйек деуге нәрсені жоқ.

Еш нәрсені ұсақ - түйек деуге, ұмытуға хақымыз жоқ.

Өз өмірімізде немесе балаңыздың өмірінде бір нәрсені ерекше деп бөлек алып, соған қатты зер салып, қалғандарын елемей қалдырсаңыз қателіктің ең зоры сол болып шығады.

Ұсақ - түйектер үздіксіз, күнбе-күн, сағат сайын кездесіп отырады және өмірдің өзі сол ұсақ - түйекпен құралады, өмірдің бұл жағына басшылық көрсету және оны ұйымдастыру сіздің және біздің ең жауапты міндетіміз» - деген.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің мейіріміне бөленеді.

Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Баланың бақытты болуы үшін, денінің сау болуы үшін үлкен қамқорлық жасауымыз керек.

Дені сау баланың ақыл - ойы айқын, өз - өзіне сенімді, жан - жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болуы үшін, мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бала организмінің қызметін жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз.

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ

*Жунусова Гульнур Сейдалиевна
Түркістан облысы, Кентау қаласы, Ататүрік атындағы
№4 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі*

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиелі баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»
М.Жұмабаев

Даналық білімнен нәр алады. Даналыққа апаратын жол ұзақ әрі қиын. Сондықтан жастарға басты қиындықтарды көре білетін, әлеуметтік ақыл - ойға сәтті кіруге көмектесетін жолбасшы қажет. (Моцей Тапась, Варшава)

Педагогтың міндеті - осы мақсатқа ғалымның да, әдіскердің де жетістіктерін кең көлемде қоса отырып оқушының біртұтас ойлау қабілетін қалыптастыру.

Білім мен іскерліктің қосындысы – педагогты өзгелерден ерекшелейтін қасиет міне осы. (Маслова Н.В, Ноосферлік білім)

Қазіргі уақытта ұстаздардың алдына қойылған міндеттердің ауқымды екенін жоғарыда келтірілген ойлар көрсеткендей, білім жүйесін іштей қайта құру және сол арқылы қоғамды ағарту жүйесінің барлық аймағында жүктелуде.

Ұстаздықтың стратегиялық рөлі - адами рухани бастаулардың тазалығын тексеру. Ең бастысы қазіргі мұғалімде мұғалім таланты мен шабытының стилі

болуы керек. Басты міндеті - жеке тұлғаны жан - жақты тануға және түсінуге, ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие беруге ұмтылу.

Ұрпақ тәрбиесі адамдарды қай заманда болмасын толғандырады.

Осыдан келіп «Біз кіміз?», «Біз не істеп жүрміз?», «Бағытымыз қандай?» сұрақтарына жауап шығар жол іздейміз.

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай ағамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші – ата-анасынан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан», – деген екен.

Құндылық дегеніміз не? Құндылық – тәрбие мен оқутудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға меймандостық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер жатады. Ал адам сөз жоқ - абсолюттік құндылық. Әрине ұлттық құндылық дегеніміз - осылармен біте қайнасқан ата- бабамыз жасаған, сақтаған өлмес мұра, теңдесі жоқ қазына.

Құндылықтар – шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет етеді.

Ал жеке тұлға — әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Нақтырақ айтсақ, ана тілі мен ұлттық салт - дәстүрін құрметтейтін, басқа тілде де жетік сөйлей білетін, дүниетанымы, ақыл - ой парасаттылығы қалыптасқан, еңбекқор, мақсат қоя алатын және сол мақсатқа жету жолдарын таңдай білетін, жауапкершілігі мол, мінез-құлқы, айналадағы адамдарға, қарым - қатынас мәдениеті жоғары, Отанын сүйетін, күрделі жағдайларда нақты шешім қабылдай алатын, өзіне сын көзбен қарай білетін салауатты тұлға.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқыту мен тәрбие бағыттары құндылық пен дағдыны дамытуға, оқушыны жеке тұлға ретінде жетілдіруге, оқушының өзіндік іс әрекетін қалыптастыруға, пәндердің бір-бірімен байланысын күшейтуге ықпал жасайды. Яғни, оқушының өзін-өзі тұлға ретінде жүзеге асыруына мүмкіндік беру мен қолайлы оқу ортасын құру қажеттілігі туындайды. Ұлы философ әл-Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» – деп айтқандай, баланың тұлғалық дамуы тікелей тәрбиеге байланысты.

Сол себепті де еліміздің болашағының тізгінін ұстар тұлғаның бойына білімнің нәрін, тәрбиенің иісін қатар сіңіруіміз қажет - ақ. Осы орайда бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасында оқыту мен оқу үдерісінде тәрбиеге ерекше мән берілуде. Әрбір ұстаздың тиімді оқыту мен оқуды жүзеге асыратын

қысқа мерзімді жоспарларында «құндылықтармен байланыс» бөлімі (графа) енгізілген. Аталмыш бөлімде (графа) пәндік берілетін білімді жүзеге асыруда оқу бағдарламасында көрсетілген құндылықтарды, осы сабақ арқылы баулуға бағытталған ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тақырып мазмұнын сипаттау қарастырылады.

Қазіргі жаңартылған білім бағдарламасы негізінде әр сыныпқа ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру мақсатында ұлттық педагогикаға негізделген бір бөлім арналады.

Бастауыш сыныпта «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» бөлімі арналған.

Бұл бөлім бастауыш сыныпта «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» бөлімі әр пән бойынша ортақ тақырып ретінде жылына бір уақыт аралығында қарастырылады. Менің ойымша, бұл бөлім қазіргі білім жүйесінде аздық етеді. Күнделікті баланың құлағына сіңісті ету жолы Мағжан атамыздың іскерлігіне әкелетіні анық.

Осы тұста Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» кітабынан мына үзіндіге мән берсек: «Жас бала – жас шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың», – дегеніндей бастауыш сынып мұғалімі ретінде оқушыма мектеп табалдырығын аттаған күнінен бастап, оған ұлттық педагогика негізінде білім мен тәрбиені бере алсам, болашақта ұлтын дәріптейтін, салты мен санасын меңгерген, қолдана алатын, өз баласына үйрететін қоғам мүшесін шығаруға бірден бір әсерім болатынын сезінемін. Ұлттық мұраларды брендке айналдырып, ұлттық кодты сақтау кезек күттірмес мәселе.

Осыған орай бастауыш сыныптарда оқулықтардағы тапсырмаларды құндылықтарға бағыттай қайта қарастырғанын қалар едім. Дегенмен мен өзімнің іс тәжірибемде әр сабағымда уақыт тауып баланың бойына ұлттық құндылықтарды дарытып, сіңіру мақсатында тапсырмалар, ойындар дайындап, сабақ барысында кіріктіріп отырамын. Осындай аса құнды мәдени игіліктердің бірі – ұлттық ойындар.

Бұл күнде ойынды халық педагогикасының құралды бір бөлігі деп тегін айтпаса керек. Себебі ойын баланың күш - қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп - өсуіне де пайдасын тигізеді.

Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты, ептілікті, тапқырлықты, сондай - ақ күш - қуат молдығын, дененің шынығыуын қажет етеді.

Сондықтан оны күнделікті сабақ үрдісінде, тұрмыста да пайдаланудың заманымызға сай тұлға тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Мысалы әдебиеттік оқу сабағында «Ақсүйек», «Көкпар», «Теңге ілу», Ханталапай т.б.

Әрбір ойынды сабақ барысында тиімді қолдана отырып, баланың ой-өрісі кеңейіп, сөздік қоры молайып, түрлі дағды мен шеберліктері шыңдалып,

қиындыққа төзе алатын, дер кезінде шешім қабылдайтын, ұшқыр ойлы, саналы тұлға қалыптасары сөзсіз.

Білім сапасын арттырып, оқушының сабаққа қызығушылығын арттыруда үлкен жетістікке жетіп жүрмін. Сонымен қатар сабақта тақырыпқа байланысты бейнебаяндар, мультфильмдер көрсетіп, сыныппен талқылап, тәрбиелік мәнін ашып, бала бойына құндылықтарды сіңіруіне жағдай жасап отырамын.

Бастауыш сынып оқушылары естігеннен көргенді тез қабылдайды. Сол себепті сабақта барынша өздерін қатыстыра отырып, ойнатуға, сахналауға баулимын. Биыл сыныбым 3 сыныпқа көшті.

Сыныбыммен мақтана аламын.

Ойларын еркін жеткізіп, кез келген тақырыпқа сыни көзқараспен қарай алады. 2 сыныпта оқушым Алтынбек Дария Балапан арнасындағы Отандық мультфильмдердің біздің өмірімізде алатын орны мен ұлттық рухани құндылықтардың маңыздылығын зерттеп облыстық кезеңде ойдағыдай қорғап шықты.


Өз ойымды тағы бір мәрте растау үшін бастауыш сынып оқушылары арасында гугл диск жүйесінің көмегімен оқушылардан қашықтан сауалнама алып көрдік.

Сауалнаманы құрастырып, жүргізудегі мақсатым – қазіргі кездегі бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын анықтау; оқушылардың ұлттық құндылықтар, атап айтқанда, қазақ ертегілері, олардың кейіпкерлерін танып - білуі, оқушылардың бос уақытында ойнайтын ойындарының ішінде ұлттық ойындардың орны, ұлттық киімге деген көзқарасын анықтау, жүйелеу және талдау. Сауалнамаға назар аударсақ, ол төмендегі сұрақтардан тұрды:


3. Қандай мультфильм ұнайды? *

Мой ответ


4. Бүл кейіпкерлерді танисың ба? Жазып қойсаң болады. *




5. Саған бұл кейіпкер таныса па? Белгілеп қой *



6. Айдаһардан құтқарған кейіпкерді белгіле *



7. Мына кейіпкерлерді танисаң жазып қой *



8. Қандай ойындарды ұнатасың? *

Мой ответ

9. Жаңа жылда кім немесе не болып киінгің келеді? *

Мой ответ

10. Ұлттық киімдерді қашан кигенді ұнатасың? *

Мой ответ

Отправить

Оқушылардың қазақ ертегілерін таңдауы	45 %
Оқушылардың қазақ мультфильмдерін таңдауы	15 %
Оқушылардың суретіне қарап «Ертөстік» ертегісінің кейіпкерлерін табуы	38 %
Суретіне қарап «Человек-паук» кейіпкерін табуы	99 %
Суретіне қарап «Мүзбалақ» мультфильмінің кейіпкерін табу (тест)	48 %
Суретіне қарап «Шрек» мультфильмінің кейіпкерін табу (тест)	91 %
Оқушылардың ұлттық ойындарды ойнауы	45 %
Оқушыларда қазақ киімін тек наурыз мейрамы кезінде ғана киетіні туралы түсінік қалыптасуы	96 %

Сауалнама қорытындысы бізді қынжылтты. Балалар өзіміздің Отандық мультфильмдердегі кейіпкерлерді біле бермейтіні, оларға қызығушылығы төмен екенін көрсетті. бұл жерде Қазақстан арналарында шет ел мультфильмдері мен хабарлары емес өз салт дәстүрімізді, құндылығымызды дәріптейтін сапалы хабарлар, ертегілер көрсетілуі тиіс екенін айтқым келеді.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды». Яғни елдің туын көтеріп, тәуелсіздік талаптарын орындау ісіне батыл бетбұрыс жасаған бүгінгі таңда адамзаттық игіліктерді, халқымыздың ғасырлар бойы армандаған мәдени-рухани мұрағаттары мен ұлттық тәлім - тәрбие саласындағы, білім жүйесіндегі ізденістерін көрсету – басты міндетіміз.

Жастайынан орнығып қалыптасқан тәрбие, орынсыз көріністерге баланы сын көзбен қарауға үйретеді. Ұлттық құндылықтарымыздың туын биік ұстап, жас ұрпақты қасиетті халқымыздың тәлімгерлік үлгісімен тәрбиелеу- ең маңызды міндет.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев: «Біз құрап жатқан қоғамның ең жоғарғы құндылығы – адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр», - деген. Олай болса, оқушының өз өмір жолын таңдай білу қабілетін дамытуда, ер баламен қыз баланың өмірлік ұстанымын, табиғи міндеттерін түсіндіруде, өз өміріне ойлы көзбен қарап, адам өмірі ең жоғары құндылық екенін санаға сіңіруде ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты жолдауы. // Егемен Қазақстан, 2012. www.multfilm.kz.

2. С.Ұзақбаева. Тамыры терең тәрбие (қазақтың халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие) // Алматы, 1995.
3. Пірәлиев С. Ұлттық тәрбие және жаһандану // «Егемен Қазақстан».
4. Г.Жонысова. Сабақ мазмұнындағы ұлттық құндылық бағдарламасы.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА МНЕМОНИКАНЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ЖЕТІЛДІРУ ӘДІСТЕРІ

*Маханова Бибінұр Спанбековна
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы
Д.Қонаев атындағы ЖОМ бастауыш сынып мұғалімі*

Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді тіктеген кезеңде қолға алар ісіміздің бірі де, бірегейі де ұрпақ тәрбиесі. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тілі мен мәдениетіне мойын бұрып, ұрпағымызға төл тәрбие, ұлттық тағылым беру бүгінгі күннің басты ісі. Бүгінгі мектептегі оқу -тәрбие жұмысының сапасын қазіргі кезеңге сай қалай жақсарту керек дегенде, ең бастысы сабақ формаларымен оның құрылымын жетілдіру, оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін жетілдіру.

Мектеп табалдырығын аттаған оқушының әлеуметтік жағдайы өзгереді, бірақ психологиясы, оның ішкі әлемі өзгеріссіз болып тұрады. Бастауыш кезеңінде баланың ең негізгі іс - әрекеті әлі де ойын, сурет салу, ойыншықтарды құрастыру болып қала береді.

Оқу іс - әрекеті әлі де дамытуды қажет ететін деңгейде болып тұрады. Оқу іс - әрекетіндегі, тәртіп сақтаудағы қажетті іс - әрекетке еріктілік беру алғашқы кездерде ғана мүмкін болады, бұл кезде балаға жақын арада істелінуі тиіс мақсаттар және оның күш салуын қажет ететін тапсырмалардың мөлшерінің аздығы түсінікті болады. Оқу іс - әрекетіне ерікті түрде назар аударту балаға жеңіл тиеді.

Мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, баланың алдына оқу іс - әрекетінің шарттарын қойса, бұл баланың шын мәнінде оқу іс - әрекетіне тез араласып кетуіне (бұл жағдайда ол білімді алуға қалыптасқан) себеп болады немесе өзінің шамасы келмейтін оқу тапсырмаларының алдында сасқалақтап, бірте - бірте өзіне деген сенімін жоғалтады, мектепті және оқуды ұнатпаушылық сезімін оятып, бұл типті баланың бойындағы әдетке айналады.

Тәжірибеде бұл екі вариант та типтік болып табылады: білім алуға дайын тұрған балалардың саны да, бұл жағдаймен оқуға шамасы жетпейтін балалардың саны да өте жоғары. Оқу іс - әрекетінің жағдайында балаға оның ойын емес екендігін түсіндіруге тырысу керек, сонда ғана ол оқуға ат үстілікпен емес, ынтамен, шын көңілмен назар аударып, өзін - өзі шынайы өзгертуге үйренеді.

Балалар ойынға құрылған тапсырмалар мен оқу тапсырмаларын айыра біліп, оқу тапсырмаларына құлқы болса да, болмаса да оны қалайда орындауы керектігін білуге үйренуі керек. Әрине, ойын баланың белсенді өмірінің аясынан шығып калмауы тиіс. Балаға оның енді «үлкен» екендігін, кішкентай балалар сияқты ойыншықтармен ойнап отыру ұят деген сияқты сөздерді йтуға болмайды.

Ойын тек қана балалықтың ғана іс - әрекеті емес, ол барлық жастағы адамдардың бос уақыттарында айналасып, көңіл көтеретін құралы. Әдетте бала адамдардың әлеуметтік қарым-қатынасы жүйесіндегі өзінің жаңа орнында ойынның мәнін бірте - бірте түсіне бастайды әрі ойнағанда да аса бір құштарлықпен ойнайтын болады. Ойнай жүріп бала өзіне аса маңызды әлеуметтік дағды қалыптастырады.

«Балалар қоғамының» рөлі мен ережелері үлкендер қоғамының қалыптасқан ережелері туралы білуіне мүмкіндік жасайды. Ойын үстінде ынтымақтастық пен бәсекелестік сезімі қалыптасады. Ал әділеттілік пен әділетсіздікке көз жеткізу, теңдік, лидерлік, бағыныштылық, адалдық, сатқындық әрекеттері баланың бойындағы жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастырады.

Баланың дұрыс психикасының ерекшелігі – танып - білуге деген белсенділігі. Баланың құштарлығы өзін қоршаған әлемді тануға және осы әлемнің құрылысын өзінше бейнелеуге бағытталған.

Бала ойнай жүріп тәжірибеден өтеді, себеп - салдарлық байланыстар мен тәуелділіктің себебін ашуға тырысады. Бастауыш сынып жасы - бұл айналадағы өзге әлемді баланың өз бойына сіңіре бастау, білім жинақтау, осыларды басымдылықпен игеру кезеңі болып табылады.

Осы бір аса маңызды өмірлік функцияны табысты орындау баланың өзіне тән бейімділігінің осы жаста қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды, яғни, ол мынадай бейімділіктер: адамның беделіне зор сеніммен қарауы, кездесетін барлық жағдайларды тез қабылдап, оған тез әсерленгіштігі, аңғал да ойын баласының қарым-қатынасы. Бастауыш сынып жасындағы балалардың бойындағы қасиеттерін сақтай отырып, білім алуға құштарлығын арттыратын әдістер бар. Ол – мнемотехникалар.

Мнемотехника дегеніміз не?

Мнемотехника – дегеніміз не? «Мнемотехника» немесе «мнемоника» грек тілінен аударғанда, «есті сақтау өнері» деп аталады. Мнемотехника - тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Қазіргі кезде мектеп жасындағы балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр. Бұл мақсатты іске асыру үшін, баланың тілін дамытуға әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет. Қойылған мақсатты нәтижелі етуге қолданылатын тәсілдер жеткілікті.


Бастауыш сынып оқушылардың көрнекілік - бейнелік есте сақтау және есту, суретін көру арқылы баланың есінде нақты қалады. Мнемотехника - балалардың қоршаған орта, табиғат туралы білімін кеңейтуге, әнгіменің

барысын тиімді есте сақтауға, әнгімені айтып беруге және тіл дамытудағы іс - әрекеттерінің жүйесі. (Мнемотехниканың мақсаты: бастауыш мектеп оқушыларының жадының түрлерін дамыту болып табылады.

Міндеті: мнемотехникаларды пайдалана отырып балалардың өз жұмысын нығайту, есте сақтау қабілетін арттыру. Оқу үлгерімінде қиындықтар кездесетін оқушылармен тиімді жұмыс жүргізетін құрал. Мнемотехника - оңай жолдан қиынына қарай құрылады.

Мнемотехниканың түрлері

Мнемотехниканың көптеген әдістері бар, бірақ бастауыш сынып оқушыларына ең тиімдісі: мнemoшаршылар, мнemoжолдар, мнemoкестелер. Бұл әдістердің ерекшеліктері жадыға жүктемені бірнеше есе азайтады.



Мнemoшаршы - бұл сөзбен жұмыс жасаудың бір түрі. Олардың көмегімен балалар дерексіз белгілерді кескінге айналдырады. Мнemoшаршы дегеніміз - бір сөзді, сөз тіркесін немесе жай сөйлемді білдіретін жалғыз сурет.



Күн



Ағаш

Мнemoжолдар - бұл бір қатарға орналасқан төрт немесе одан көп кескіндер тізбегі. Бір қарағанда, байланысы жоқ кескіндер болып көріндеі, бірақ бір сюжетпен байланысты. Әр сурет визуалды және есту ақпаратын алып жүреді. Бір сөз тіркесін немесе сөйлемді суретке шифрлауға болады.

Сабақ барысында осы суреттерді тақтаға іліп, бір - бірімен мағынасымен байланысқан сөйлемдер құрастыру ұсынылады.

1-ші сурет: Күн шықты.

2-ші сурет: Талдар жасыл болып тұр.

3-ші сурет: Балалармен жиналып өзенде шомылдық.

4-ші сурет: Жаз қандай керемет!

Оқушылар осы үлгіде сөйлемдер құрастырады.

Оқушылардың жұмыстарын бағалау мақсатында критерий мен дескрипторлар беріледі.

Критерий: суреттерге қарап бір - бірімен байланысқан сөйлемдер жазу арқылы мәтін құрастыру.

Дескрипторлар:

1-ші сөйлемінде күн туралы жазады;

2-ші сөйлемде тал туралы жазады;

3-ші сөйлемде өзенде шомылып жатқан балалар туралы жазады;

4-ші сөйлемде қорытынды ойын түсіреді.

Жаңылтпаш жаттау:

Оқушылар жаңылтпаштың мәтінін QR-код арқылы сканерлеп табады. Кейін, оқушыларға төмендегі суреттер араластырылып беріледі. Балалар суреттерді жаңылтпаштың сөздеріне сәйкес өз беттерінше құрастырып шығады. Бұл тапсырманы жеке, жұппен немесе топпен жасатуға болады.

Мысалы:

Кенже кесе-кесе көже ішті,
Кенже неше кесе көже ішті?

Критерий:

QR-код арқылы жаңылтпаштың мәтінін сканерлеп табу, суреттермен құрастыру.

Дескриптор:

QR-код арқылы жаңылтпаштың мәтінін табады;

Суреттермен сәйкес жаңылтпаш жолдарын құрастырады.

Жаңылтпаш жаттау барысындағы мнеможолдармен жұмыс жасау жаднамасы:

- 1) Мнеможолдарға қара;
- 2) Суреттерде не көрсетілгенін ата;
- 3) Жаңылтпашты оқы;
- 4) Жаңылтпашты дәптерге жазып ал;
- 5) Қарындашпен сөздерде жиі кездесетін әріптің астын сыз.

Мнемокесте-бұл белгілі бір ақпаратты қамтитын схема. Мұндай кестелермен жұмыс «қарапайымнан күрделіге» принципіне негізделген.

Балалармен жұмыс істеуде мнемоникалық кестелерді пайдалануы ерекше орын алады. Мнемокестелерді пайдалануы жаттығу уақытын едәуір қысқартады және одан басқа баланың негізгі психикалық процестерді дамытуға бағытталған мәселелерді шешеді: есте сақтау, назар аудару, бейнелі ойлау, ақпаратты қайта кодтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

Схема - мнемокесте балалардың тілін дамытудағы дидактикалық құрал болып табылады.

- Оны біз қолданатын кезіміз;
- Сөздік қорын байыту үшін;
- Әңгіме құруға үйретуге;
- Көркем әдебиетті мазмұндауда;
- Жұмбақ жасыру және шешуде;
- Өлең жаттауда;
- Есептерді дұрыс орындауға.

Мнемокестемен жұмыс жасау алгоритмі:

1. Мәтінді оқы.
2. Кестеге қарап, не көрсетілгенін айт.
3. Мәтін мен кестені салыстыр.
4. Мәтінді қайта айтып бер.

«Қошқар мен теке» ертегісіне құрылған мнемокесте ақпаратты қайта кодтау деп аталатын, яғни дерексіз белгілерден бейнеге айландырылады. Қошқар, теке, шал т.б.

Әр суретті қарастырып, онда не көрсетілгеніне талдау жүргізіледі.

Суреттерге қарап ертегіні айтып жаттау әдісі пысықталады.

Ертегіні оқушылар өздері суреттерге қарап айтады, бастапқы кезде мұғалімнің көмегімен, кейін өз беттерінше. Ертегіні айтып беру кезінде басты назар бас кейіпкердің бейнесіне аударылады. Оқушыларға: кестеде қандай ертегі жасырылған? Кім туралы? – деген сұрақтар қойылады.

«Байлық пен ақыл» ертегісіне құрылған мнемокесте

2-сынып. Әдебиеттік оқу. «Байлық пен ақыл» ертегісін қарастырайық. Ертегі мәтінін оқып жатып сәйкес суреттерді көрсету. Сонда осындай үлгідегі суреттер қатары пайда болады. Суреттер әртүрлі болуы мүмкін. Абстракты сызба ретінде де жасауға болады.

«Менің асыл тасты жүзігім де, сәнді киімім де, қымбат тастармен әшекейленген белдігім де жоқ. Тек еңбек сүйгіш екі қолым, қайрат, жігерге толы жүрегім ғана бар» - деп мұрагер болып қалады» деген жолдарын қай суреттен көруге болады? Оқушылар тиісті суреттерді көрсетіп неліктен оны таңдағанын дәлелдеп береді.

Суреттерге қарап ертегіні айтып шығу оңай. Реттілігін ауыстырмайды және әр кейіпкерге мінездеме береді. Оқушыларға жеке тапсырма беруге болады: тек бір кейіпкерді сипаттап беру. Сыртқы бейнесі және оның ішкі дүниесі қандай болуы мүмкін. Неге олардың жауаптары осындай болды? Сен қайсысын таңдар едің? Неге?


Мнемотехника бойынша графикалық немесе жартылай графикалық ертегі кейіпкерінің бейнесінің, табиғат құбылысының кейбір іс-әрекетінің, басты мазмұнды әңгіменің сюжетін бейнелеуге болады. Ол есте сақтау қабілетін жеңілдететін және қосымша ассоциацияларды құраумен есте сақтау көлемін кеңейтетін әр түрлі тәсілдердің жүйесін құрады. Ең бастысы – көрнекілік, тірек - сызба, бейнелеген суретіміз балаға түсінікті болуды жеткізу.

Құрылған схема балаларға өз бетінше заттың ерекшеліктерін байқауға, олардың айтылу кезегін белгілеуге көмектеседі. Балалардың сөздік қорын байытады.

Мнемоникалық кестелер әсіресе өлең оқып жаттағанда тиімді. Мағынасы мынада: әр сөз немесе ұсақ тіркестер үшін сурет ойлап табылады. Осылайша, бүкіл өлең схемалық түрде сызылады. Осыдан кейін бала графикалық бейнені қолдана отырып өлеңді толығымен оқып шығады. Өлеңді кесте түрінде ұйымдастырған ыңғайлы. Осы кестенің әр ұяшығы бір сөзге немесе өлеңдегі тұтас сөйлемге сәйкес келуі мүмкін.



Желсіз түнде жарық ай



Сәулесі суда дірілдеп

Болашақта бала «парақты» ала отырып, рифмаларды ойдағыдай айта алады. Оқуды жақсарту үлгілері

Мектеп бағдарламасына сәйкес оқушылардың оқу жылдамдығын арттыру мақсатында біз оқушыларды автоматты түрде оқуды дағдыландырамыз. Оқушылар оқу жылдамдығын арттырамыз деп оқыған мәтіннің мағынасын түсінбейді, берілген тыныс белгілеріне назар аудармайды. Кейде өкпесіне ауа алу үшін ғана кідіріс жасайды.

Ондай жағдайлар, өкінішке қарай, барлық мұғалімнің тәжірибесінде кездеседі. Сондай жағдайларды болдырмау үшін бірнеше жаттығуларды жасауға болады.

Мәтінді баяу оқу.

Дауыстап және баяу, өте баяу оқу. Барынша баяу. Оқу кезінде әр дыбысқа, тыныс белгісіне назар аудару. Барлығын есте сақтау керек: оған көп уақыт беру керек. Мысалы үй тапсырма ретінде оқушыларға осы жаттығу жасауды ұсынуға болады. Сыныпта бір - екі сөйлемді немесе қысқа мәтіндерді оқып үйренеді. Маңызды жағдай: тек алға жылжу. Ұмытылған немесе түсінбеген мәтінді қайта оқу жақсы әдет емес. Сондықтан бастапқы кезеңнен оқушыларды дұрыс түсініп және есте сақтап оқуға дағдыландыру. Бұл жаттығу жүйелі орындауды талап етеді. Оқушылар жылдам оқуды ұмытып кетеді деген қорқыныш болмау керек, себебі сапалы оқуды дағдыландырады. Бастауыш сынып оқушыларының арасында көп кездесетін кемшіліктерінің бірі соңғы әріптерді «жұтып» қою, дыбыстарды дұрыс айтпау, кідіріс жасамау. Сондай кемшіліктерді жоюға арналған жаттығу.

Кідіріс жасау. Бұл жаттығуды мұғалім тақтаның алдында орындайды. Оқушылар мұғалімнің іс-әрекетіне қарай сөйлемнің ішінде қандай тыныс белгісі қойылғанын анықтайды. Ол үшін оқушылармен бірге тыныс белгілерге таңбалар таңдалады. Мысалы: нүкте - сол қолдың алақанымен ауаны тік кесу (.); үтір – ауада оңнан солға қарай көлденең сызық жүргіз (,); сұрақ белгісі - сол қолдың алақанымен жартышарды көрсету т.б.

Әр мұғалім мен оқушылардың еркі бойынша таңбалар таңдалады. Енді мұғалім оң қолына оқулықты алып берілген мәтінді мәнерлеп оқиды. Тыныс белгілері бар жерінде кідіріс жасап жоғарыда таңдаған таңбаларды көрсетеді.

Оқушылар мұғалімге қарап қандай тыныс белгісін қою керектігін айтады. Кейін осы тәртіппен оқушылар тақтаға шығып келесі сөйлемдерін оқиды. Бұл жаттығу нәтижесін беру үшін жиі өткізу керек.

Оқушылар дұрыс және тез орындауды дағдыланғанда жаттығуды өзгертуге болады. Ол үшін тақтаға шыққан оқушы өзі сөйлем құрастырады және сол сөйлемдегі тыныс белгілерін таңбалар арқылы көрсетеді. Мұғалім дұрыстығын бақылайды. Зейін – сыртқы танымдық дүние.


Жақсы жады болу үшін адамның зейіні жақсы дамыған болу керек. Орыс педагогі К.Д.Ушинский кезінде «...зейін – сыртқы танымдық дүниеге, санаға енетін адам жан дүниесінің бірден бір есігі. Онсыз ешбір ұғым баланың жан дүниесіне жете алмайды» деген еді.

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған баланың зейіні тұрақсыз болатыны белгілі. Қабылдауға қиын нәрседен, ұзақ сонар әңгімеден немесе жұмыстан бала зейіні тез шаршайды. Оны шаршатпай, баланың сабақтағы тапсырмаға зейінін ұзағырақ аударуға бірте - бірте тәрбиелеу – оқыту үдерісіндегі қиын міндеттердің бірі.

Баланың зейінін дамыту үшін бірнеше жаттығу арналған. Бейнені есте сақтау.

Бұл жаттығуды оқушылар ғана емес үлкен адамдар да пайдаланса болады. Таңдалып алынған затқа бар ойы, зейіні топталады. Басқа ойды ойламай тек сол затқа қарап, оның түсіне, түріне т.б. қасиеттеріне назар аударылады.

Тағы бір әдіс оқушылардың қысқамерзімді және ұзақмерзімді жадыларын нығайтады. Бір параққа түрлі геометриялық фигураларды үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер, жұлдыз т.б. 10-20-сек ішінде көрсетіп тұру қажет. Кейін оқушылар есте сақтап таза параққа салу керек.



Бірнеше сағаттан соң қайтадан еске түсіріп салдыру керек. Ұзақ мерзімді жадыны жаттықтыратын жаттығу.

Тапсырмаға бір минут уақыт жеткілікті.

Кейін есте сақтағанын қағазға сөйлем ретінде түсіріледі. Осы жаттығу үнемі жүргізілсе оқушылардың зейіні ғана емес тағы өз ойын жазбаша дұрыс жеткізу дағдысы қалыптасады.

Тағы бір бейнені есте сақтауға арнаған «Есінде ме?» деген әдіс. Бір минут уақытты тауып, балаға көшесінде неше үй бар, оларда неше терезе бар?- деген сияқты сұрақтарды қою керек. Олар бір - біреуден жауап береді. ең көп мәлімет айтқан оқушы жеңіп шығады.

Сабақтан кейін 1 - сынып оқушыларын мектеп жанындағы бау - бақшаға шығарып таза ауамен демалуды ұсыну керек. Айналадағы табиғатқа мұқият назар аударындар деген тапсырма беріп, кейін сыныпқа кіргенде жолдың сол жағында неше ағаш, оң жағында неше ағаш бар екенін еске түсірту керек. Сол алгоритммен мектеп дәлізінен өтіп сыныпқа кіргенде неше терезе бар, екінші жағында неше зат бар екендігін еске түсіру. Келесі шыққанда қаншалықты дұрыс екенін тексеру.

Естуді есте сақтау

Оқушылардың есту жадысын дамыту мақсатында осы жаттығуды пайдалануға болады. Бір ерекшелігі оны сабақ үстінде ғана емес, басқа уақытта да жүргізуге болады. Оқушылар көшеде өткен автомашинаның, сайраған құстардың, желдің дыбысын естіп оның ерекшелігін сөзбен жеткізу. Мектептің коридорындағы, оқу кабинетіндегі дыбыстар. Үзіліс кезіндегі және сабақ үстіндегі дыбыстар. Мысалы: - «Жел қатты соқты. Оны ағаштағы бұтақтардың иіліп дыбыс шығарғанынан байқадым. Желмен бірге шаң көтерілді. Ол биік аспанға жетті де бір мезетте жоқ болып кетті». «Күн шықты. Жел жәй ғана соғып тұр. Бауда түрлі құстардың сайраған дауыстары естілді».

Оқушыларға рет - ретімен есте сақтаулары үшін төрт топтағы сөздер беріледі. Мұғалім бірінші қатардағы сөздерді ретімен, арасына 4-5сек. салып оқиды. (дыбыстық есте сақтау) 10сек. Оқушылар естерінде сақталған сөздерді жазады. 10 мин. Кейін мұғалім екінші қатардың сөздерін тақтаға жазады. Оқушылар үнсіз оқып, соңынан есте сақтағандарын жазады (көріп есте сақтау) 10 мин. Соңында оқушыларға үшінші қатардың сөздері беріледі: мұғалім сөзді оқиды, ал оқушылар осы сөздерді іштерінен қайталап жазады, содан соң есінде қалғандарын қағаз бетіне түсіреді. (моторлық дыбыстық есте сақтау). Аз ғана үзілістен соң төртінші бағандағы сөздер беріледі. Бұл жолы мұғалім тақтада жазылған сөздерді оқиды, ал оқушылар әрбір сөзді сыбырлап қайталайды. Содан соң естерінде қалған сөздерді қағазға түсіреді. (көру, есту - моторлық есте сақтау)

Бастауыш сынып жасындағы балалардың кейбір ерекшеліктері жылдар сайын жойылып отырады, кейбір ерекшеліктерінің маңызы өзгереді. Мұндай жағдайдың балалардың бойында көрініс табуы олардың жас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі деңгейде болатынын атап көрсету қажет. Міне, балалардың танымдық мүмкіндіктеріне өзіміз қарастырған осы ерекшеліктер зор ықпал етеді және ол баланың жалпы дамуының келешегінің алғы шарты болып табылады.

Қайталауға арналған жаттығу. Кесте бойынша оқушылар сөз таптары туралы ережені жатқа айтады.

Сөз таптары	Зат есім	Сын есім	Сан есім	Етістік
Білдіреді				
Сұраққа жауап				

береді				
Сөйлемде...				
Мысал				

Үнемі осымен жұмыс жасаса көз алдарында осы кесте тұрып, оңай ережені жатқа айтып береді. Теңдеулерді шешу

Математика сабағында теңдеулерді орындағанда көп кездесетін қателіктердің бірі Х-ты табу кезінде таңбаны мүлдем дұрыс қоймау, немесе шатасып қою.

Сондықтан оларға «сиқырлы формула» ұсынуға болады. $2+3=5$. Кез келген теңдеу шешуде осы «формула» еске түсіріледі. Толығырақ айтқанда: екіге үш қосқанда алты болатынын жақсы біледі. Енді бірінші қосылғышты табу үшін қосындының мәнінен екінші қосылғышты алады. $6-4=2$. Керісінше екінші қосылғышты табу үшін қосындының мәнінен бірінші қосылғышты алады. $6-2=4$. Осы тәртіппен барлық амалдар орындалатынын түсіндіру қажет.

Қорытынды: Инновация білім беру саласына нақты қадамдарымен еніп жатыр. Соның ішінде жоғарыда көрсетілген мақсатқа жету үшін мнемотехникалардың тиімділігі аса зор. Осылайша мнемоникалық әдістерді қолдану: Есте сақтауды жеңілдетеді және есте сақтау көлемін арттырады, балалардың сөйлеу - ойлау қызметін дамытады;

Балаға өзінің тікелей тәжірибесін жүйелеуге мүмкіндік береді;
Бала есте сақтау бейнелеріне сүйене отырып себеп-салдар байланыстарын орнатады, қорытынды жасайды;

Балалардың шығармашылық білімін дамытатыны сөзсіз анық.

Пайдаланған дереккөздер мен әдебиеттер тізімі:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Астана, 1998 ж.
2. Петровский А.В. Педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы. Алматы, Мектеп, 1989 ж.

psyoffice.ru сайты

3. [Помнить все. Практическое руководство по развитию памяти Артур Думчев](#) ISBN: 978-5-00057-015-9 Год издания: 2014 Издательство: «Манн, Иванов и Фербер»

ГРАФИКАЛЫҚ ДИКТАНТТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Джусупова Сайера
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы
Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Жаңа бағдарламаға сәйкес қазіргі дидактиканың талабы – сабақты түрлендіріп жүргізу арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды ойландыру, іздендіру арқылы, өз беттерінше терең де тиянақты білім алуларына жағдай туғызу.

Дидактиканың бұл талаптарын «Қазақ тілі» пәні сабақтарында жүзеге асады. «Қазақ тілі» пәні бастауыш мектепте гуманитарлық білім берудің бастапқы өзегі болып табылады. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.

Пәнді оқытудың басты ерекшелігінің бірі білім алушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарын жүргізіп отыру болып табылады. [1]

Сауатты жазу дағдысын жүйелі түрде дамыту үшін түрлі жазба жұмыстардың маңызы зор. Сол себептен, оқушылардың білім сапасын жақсартуда, ой - өрісін кеңейтуде, алған білімдеріндегі кейбір олқылықтарды жойып, бұрын өткен материалдарды бір жүйеге түсіру үшін диктанттарды пайдалану өте тиімді.

Диктант қай сыныпта болмасын, неғұрлым жиі алынса, оқушылардың сауаты соғұрлым табысты болмақ.

Мақсаты: оқушылардың дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы ұғымдарын тереңдету; оқушылардың есту, көру, тыңдау, қабылдау дағдыларын дамыту; морфологиялық, синтаксистік білім дағдыларын практикалық жолмен ауызша түсіндіру, оны орындатып меңгерту.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ оқушының тілі байлығы дамиды;
- ✓ сауаттылығы артады;
- ✓ өткен материал бойынша алған білімдерін тапсырмаларды орындау кезінде қолдана алады;
- ✓ шығармашылық қабілеттері артады;
- ✓ өз бетінше жұмыс істеу дағдылары қалыптасады.

Диктант және оның түрлері

Диктант - латынның «дикто» деген сөзінен шыққан. Яғни «естіртіп айту» деген мағынаны білдіреді. Диктант жаздыру арқылы оқушының білімді қаншалықты меңгергендігі анықталады. Соның нәтижесінде мұғалім

оқушылардың біліміндегі олқылықты анықтап, толтыру жолын қарастырады. Дұрыс сауатты жазуға төселдіру үлкен шеберлікті қажет етеді. Диктант түрлері белгілі бір грамматикалық ережеге сай жүргізіледі. Ең алдымен ережені түсіндіріп алып, содан кейін ережеге сай келетін сөйлемдер айтылып, оқушыларға жаздыру керек. Диктанттар мына түрде болады: әріп, буын, сөз, сөздік, ескерту, шығармашылық, көру, есту, өздік, суретті, терме, графикалық, есту, бақылау диктанттары. Мақсатына қарай оларды өткізудің де тәсілдері түрлі-түрлі. [2]

Әріп диктанты

Әріп диктанты бірінші сыныпта алғашқы әріптерді үйренгеннен кейін жүргізіледі. Ол дыбыс таңбасының баспа түрінен жазба түріне аударып жазуға үйрету, дауысты дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге дағдыландыру және көркем жазуын қалыптастыру үшін қолданылады. Мысалы, әріптер салынған қалта ішінен оқушы кез-келген әріпті алады, магнит тақтаға іледі, дауысты, дауыссызын ажыратады. Ол әріпті баспа түрінен жазба түріне айналдырып жазады. Әріп диктантын мына түрде де алуға болады.: мысалы: сырға (5), асқабақ (7), құс (3) және т. б.

Суретті диктант

Суретті диктант (дыбыссыз диктант) – мұғалімі үнсіз пәндік суретті көрсетеді, білім алушылар заттың атауын жазады. Бұл диктантты түрлендіріп өткізуге болады. Мысалы, суреттегі заттың атын ататып, ондағы сөзде неше дыбыс болса, сонша тор көз сыздыру. Немесе суреттегі заттарды атап, дауысты, дауыссыз дыбыстарды көк не қызыл дөңгелекпен белгілеу, суреттегі заттарды буынға бөлгізіп жаздыру.

Сөздік диктанты

Әріп емлесін өту кезінде белгілі бір сөздердің жазылуын есте сақтау үшін пайдаланылады. Сөздік диктанты өтіліп отырған тақырыпқа байланысты жүргізіледі. Бұл диктант түрін күнде сабақ алдында жаздырып алуға болады. Мысалы, қарындаш, жүзім, көгершін, құлын т.б. Сөздік диктантын күрделендіріп алуға да болады. Бірнеше сөздер жаздырып, осы берілген сөздердің жұрнақ, жалғауын сызба арқылы ажыратып шығады. Бұл жерде сөздік диктанты графикалық диктантпен байланысып тұр.

Жазба жұмыстарының түрлері	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Сөздік диктант	5-7 сөз	9-12 сөз	12-15 сөз

Буын диктаны

Сауатты жазуға үйрету, қате жазудан сақтандыру, сөзді буындап оқуға оны жаттап алуға көмектесу, сөздерді тасымалдай білуге үйрету сияқты жұмыс түрлерін қамтиды. Ауыл (2), шегіртке (3), құрылысшы (4) Іріктеу диктаны.

Іріктеу диктаны – есту немесе көру диктанының түрі. Бүкіл мәтінді жазу емес, тек қана оқылған ережелер орфограммасы бар сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді жазғызу. Қосымша тапсырма қоса жүруі мүмкін. Мысалы: Күз келді (2). Күн суыта бастады (3). Жапырақтар сарғайып жерге түсті (4).

Шығармашылық диктаны

Үйрету диктанттар ішінде мазмұн, құрылым, әдіс-тәсіл жағынан ең күрделісі, оқушылардың ойлау қабілетін, сөздік қорын білім деңгейімен өздігінен жұмыс істеудегі шеберліктерін арттыру көрсеткіші. Бұл диктанттың көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қою, сөздерді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрау, басы жазылған мәтінді аяқтау сияқты басқа диктанттарға ұқсамайтын өзгешеліктер болады. Мысалы:

1. Ауамен, біз, дем, аламыз.
2. Ауа, денсаулыққа, таза, пайдалы, өте.
3. Үйдің, таза, ауасын, әр уақытта, сақтаңдар
4. Жиі, терезені, тұрыңдар, ашып

Бұл жерде сөзді дұрыс орналастыру арқылы сөйлем құрап жазу керек.

Терме диктант

Бұл диктант түрі белгілі бір ережені оқушылардың қалай меңгергенін байқау үшін сабақ үстінде жүргізіледі. Мұғалім диктант мәтінін оқыр алдында қандай ережеге көңіл аудару керек екендігін ескертеді. Оқушылар мұғалім оқып тұрған мәтіннен әркім өзіне берілген тапсырмаға лайықты сөздермен сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді теріп жазады. Мысалы, оқушыларды үш топқа бөліп, деңгейлеп тапсырма беру.

I топ: заттың қимылын білдіретін сөздерді теріп жазу.

II топ: тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп жазу.

III топ: жіктелген сөздерді теріп жазу.

Өздік диктаны. Оқушылар өтілген материалдарға байланысты әріптер мен буындарды, сөзбен сөз тіркестерін және жекелеген сөйлемдер мен жаттап алған өлең, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал - мәтелдерді естеріне түсіріп, ойлана отырып өз бетінше жазады. Диктанттың бұл түрінің өткенді қайталап, тіл ұстартуда маңызы зор. Мұғалім өздік диктантын қай күні болатынын, нені қайталап келу керектігін оқушыларға алдын-ала ескертіп қояды. Мысалы, көп нүктенің орнына қимылды білдіретін сөздерді жаздыру.

Ескерту диктаны

Ескерту диктаны – есту диктанының түрі. Мақсаты – мәтін, сөз жазғанға дейін орфограммаларды түсіндіру арқылы қателерді ескерту.

Тақырыпты өтудің бастапқы кезеңдерінде қолданылады. Жазу алдында орфографиялық талдау жүргізіледі – білім алушылар сөздің қалай жазылғанын және неге екенін түсіндіреді.

Көру диктанты немесе есте сақтау диктанты

Мұғалімдер тәжірибесінде өте пайдалы, диктантқа үйрететін жұмыстардың ең бастысы болып есептеледі. Бұл диктант түрі оқушылардың көру, есту, есте сақтау, затты тану сияқты қабілеттерін дамыту мақсатында жүргізіледі.

Көру диктанты үшін әріп, буын, жеке сөздер мен сөз тіркестері және шағын мәтіндер, жұмбақтар, мақалдар, жаттауға берілген өлеңдерді алуға болады. Диктант мәтіндері үзілісте тақтаға немесе үлкен қағазға жазылып қойылады.

Оларды оқушылардың екі-үш рет оқып шығуына, көріп жадында сақталуын 1 - 2 минут уақыт беріледі. Сондан кейін мұғалім оны жауып қояды. Оқушылар тақтадан мәтінді есіне түсіріп, дәптерге жазады.

Еркін диктанты

Еркін диктант мәтінді жазу барысында білім алушылар жекелеген сөздерді ауыстыра алады, сөйлемнің құрылымын өзгерте алады. Мәтін әуелі тұтас оқылады, сонан соң бөліктері бойынша (3-4 сөйлем); әрбір бөлігі қайталап оқығаннан кейін жазылады. Білім алушылар мәтіннің әр бөлігін есте сақтау арқылы жазады. Бұл жұмыс түрі білім алушыларды мазмұндама жазуға дағдыландырады.

Көшіру диктанты

Оқушыларды қате жібермеуге, сөйлемді және оның бөліктерін толық көруге жетелейді. Алдымен оқушылар мәтінді тақтадан оқиды, өтілген ережелерге байланысты сөздерге түсінік береді, онан кейін мәтінді көшіріп жазады. Соңынан оқушылар тексеріп шығады. Мұндай диктантты өткізгенде оқушылардың сөзбен емес, толық сөйлемді көшіріп жазуын қадағалап отыру керек.

Жазба жұмыстарының түрлері	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Көшіру	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз

Бақылау диктанты

Бұрын өтілген материалдарды оқушылар қандай дәрежеде меңгергенін және сауаттылық деңгейінің қандай екенінің анықтау мақсатымен жүргізіледі. Бұл диктант белгілі бір тарауды оқып бітіргеннен кейін өткізіледі.

Ол төмендегіше жүргізіледі:

- ✓ диктант тақырыбы тақтаға жазылады да, алғашқы сөйлемнің бірінші сөзі жаңа жолдан басталатыны ескертіледі.
- ✓ диктант мәтінінде кездесетін жазылуы қиын немесе ережелері өтілмеген сөздерді мұғалім үзілісте тақтаға жазып қояды.
- ✓ диктант мәтінін мұғалім екі рет дауыстап оқып, жазылуы қиын сөздерді тақтадан қарап алуын ескертеді.
- ✓ егер диктант мәтіні жеке сөздермен, сөз тіркестерінен немесе байланысты сөздерден құралған болса, мұндай мәтіндердің әрбір сөзі мен сөйлемін мұғалім 3 рет қана қайталап оқиды.

Мұғалім оқушылардың түгелдей жазып отырғанан қадағалап, ең баяу жазатын оқушы бітісімен келесі сөйлемді оқиды.

- оқушылар түгел жазып болғаннан кейін, мұғалім мәтінді бастан аяқ тағы бір рет оқиды.

Осы кезде оқушылар өз жазғандарын мұғалімге ілесе отырып тексереді. Қатесі болса түзетеді.[1]

Жазба жұмыстарының түрлері	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Диктант	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз

Графикалық диктант туралы түсінік

Оқушыларды сауатты жазуға «Әліппені» оқытудың алғашқы кездерінен үйрету керек, ол үшін графикалық диктант жүргізген жөн.

Қазақ халқының тұңғыш ағартушысы Ы.Алтынсарин: "...шәкірттердің барлық сезім мүшелерінің - көз, қол, есту қабілетін, тілді, зейінді дағдыландыру баланың барлық қабілетін көрнекілік арқылы, жаттықтыру арқылы жұмыс істеу" керектігі жайында әдістемелік нұсқау берді. [3]

Графикалық диктант та көрнекілік, анықтап айтсақ, сызбалардың көмегімен жүргізіледі. Графикалық диктантта сөйлемнің, сөздің, буынның және дыбыстың схемалары үйретіледі. Мақсатына қарай оларды өткізудің тәсілдері әртүрлі. Оны әр түрлі вариантта жүргізуге болады: алғашқы кездері берілген сөйлемдер бойынша сызба сызу тапсырылса, оқушылар біраз жаттыққан соң, суреттерге қарап, сызба бойынша сөйлемдер құрастырып жазу жүктеледі. Графикалық диктант уақытты аз тілейді, ауызша практикалық жолмен көп ережені түсіндіруге болатын тиімді жұмыс. Оқушыларға ережелерді меңгертіп, оларды қолдана білу дағдысын дамыту үшін қазақ тілі пәнінен сабақтарымда графикалық диктантты күнделікті пайдаланамын.

Графикалық диктантты пайдалану жолдары

Мақсатына қарай графикалық диктанттың түрлі варианттарын ұсынамын.

1-сыныпта Әліппе кезеңінде гарфикалық диктантты төмендегідей қолдануға болады.

№1 Графикалық диктант

Сөйлемдер санын сызықпен көрсетіп жаз.

Мен ауызша қысқа-қысқа сөйлемдер айтамын, оқушылар сөйлемді аңғарып, әр сөйлемді тік бір сызықпен белгілеп, сызып шығады. Мысалы, «Оқу басталды. Оқушылар мектепке келді». Осындағы екі сөйлемді аңғарып, екі сызық сызады. Оқу басталды.

Оқушылар мектепке келді.

Дескриптор:

- Сөйлемдерді тыңдайды
- Кідіріс жасаған жерлерді анықтайды
- Сөйлемдерді сызықпен белгілейді

№2 Графикалық диктант

Сөйлемнің ішіндегі сөздерді дөңгелектеп сызып көрсет. [4]

Әрбір хабарлы сөйлем біткен соң нүкте қойылатынын, сөйлемнің ішіндегі сөздерді дөңгелектеп сызып көрсетуді түсіндіремін. Мысалы, «Сыныбымыз таза. Сыныптың жарығы мол. Сыныбымыздың үш терезесі бар». Міне, мұнда үш сөйлем бар екендігін, бірінші сөйлемде екі сөз, екінші сөйлемде үш сөз, үшінші сөйлемде төрт сөз бар екенін айырып, гарфикалық жолмен сызып береді.

1.о о.

2.о о о.

3.о о о о.

Дескриптор:

- Сөйлемдерді тыңдайды
- Сөйлем санын анықтайды
- Әр сөйлемдегі сөздердің санын анықтайды
- Әр сөйлемдегі сөздерді дөңгелекпен белгілейді

№3 Графикалық диктант

Сөйлемнің ішіндегі сөздерді дөңгелектеп сызып көрсет.

Енді сөйлемнің бірінші сөзі және сөйлемдегі кісі аттары да бас әріппен жазылатыны, оны жазып көрсетудің жолдарын түсіндіремін. Мысалы, «Қоңырау соғылды.

Мұғалім сыныпқа кірді.

Бүгін Айдос кезекші».

1. Оо.

2.Ооо.

3.О О о.

Бұл дағдыларды меңгерген соң жұмысты бұдан да күрделендіріп, енді сөз, буын, дыбыс, сөйлем барлығын қамтып графикалық диктант жаздырамын.

Дескриптор:


- Сөйлемдерді тыңдайды
- Сөйлем санын анықтайды
- Сөйлемдегі сөздердің санын анықтайды
- Бірінші сөйлемде бірінші сөзді үлкен дөңгелекпен, қалған сөздерді кішкентай дөңгелекпен белгілейді
- Екінші сөйлемде бірінші сөзді үлкен дөңгелекпен, қалған сөздерді кішкентай дөңгелекпен белгілейді
- Үшінші сөйлемде бірінші сөзді және кісі атын білдіретін сөзді үлкен дөңгелекпен, қалған сөздерді кішкентай дөңгелекпен белгілейді

№4 Графикалық диктант

2.4.2.6 сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу


Сызба бойынша сөйлем құрап жаз.

Оқушылар сөйлем құрастырып, сұрақ қою арқылы сөйлемдегі сөздердің байланысын анықтайды.



Дескриптор:

- Сызба бойынша сөйлемдегі сөздер санын айтады
- Сызба бойынша сөздердің байланысына сәйкес үш сөзден тұратын сөйлем құрастырады



3-сыныпта сөйлем құрамы бойынша сөйлем мүшелерімен танысамыз. «Сөйлем мүшелері» тақырыбы бойынша осындай графикалық диктантты пайдаланудың маңызы зор деп ойлаймын.

Қысқа мерзімді жоспар


Мұғалімнің аты-жөні		
Күні:		
Сынып: 2	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:

Пәні:	қазақ тілі
Тарау немесе бөлім атауы	Дені саудың - жаны сау
Сабақтың тақырыбы	Денің сау болсын десең. Жұрнақ пен жалғау.
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.1.4.1 - тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау 2.4.2.1 мұғалімнің көмегімен түбір мен қосымшаны ажырату
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша нұсқаулық құрай алады, жұрнақ пен жалғауды ажыратады. Көптеген оқушылар: мәтін мазмұны бойынша сұрақ қоя алады, сөздерге жұрнақ пен жалғау жалғап жазады Кейбір оқушылар: берілген тақырып бойынша талқылау жасай алады, сызба бойынша сөздер құрастырып жазады
Бағалау критерийлері	-Тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша нұсқаулық құрай алады -Жұрнақ пен жалғауды ажыратады -Сызба бойынша сөздер құрастырып жазады

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 8 мин	Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру ширату жаттығулары арқылы жүреді. Ержені еске түсіру -Түбір деген не? -Жұрнақ деген не? -Жалғау деген не? Үй тапсырмасын тексеру, бағалау 80-жаттығу Сөздерді жұрнақ жалғау арқылы өгертіп жаз. Талап, көл, қобыз. Дескриптор: -Сөздерді оқиды -Сөздерге жұрнақ жалғап жазады	Ширату жаттығуын орындайды. Сұрақтарға жауап береді Сөздерге жұрнақ жалғап жазады	ҚБ: 1-10 балдық жүйе.	

	<p>Оқу материалын жариялау</p> <p>-Салыстыр: орындық, орынға, орындықтың -Қандай қорытынды шығардың? Бүгінгі сабақта: Қосымшаларды ажыратуды үйренесіңдер Сөздерді сөз құрамына талдайсыңдар.</p>	Сөздерді салыстырады		
Сабақтың ортасы 15 мин	<p>(Ұ) 1- тапсырма «Орындап көр» әдісі арқылы жүзеге асады. Дәптермен жұмыс жүреді. 82-жаттығу. «Денің сау болсын десең» нұсқаулығын оқы. Түсіндір. Автордың айтқысы келген негізгі ойын анықта. -Өзің осы айтылғандарды орындап жүрсің бе? -Нұсқаулықтың бірінші бөлігін көшіріп жаз, заттың атын білдіретін сөздерді сөз құрамына талда. -«Таза ұста» тақырыбына нұсқаулық құрап көр. Дескриптор: -Нұсқаулықты түсіндіреді. -Негізгі ойды анықтайды. -Нұсқаулықтың бірінші бөлігін көшіріп жазады. -Заттың атын білдіретін сөздерді сөз құрамына талдайды. «Таза ұста» тақырыбына нұсқаулық құрайды. Саралау тәсілі «Қарқын» әдісі арқылы жүзеге асады. Қарқыны жоғары оқушыға: -«Денің сау болуы өзіңе</p>	Нұсқаулықты түсіндіреді. Негізгі ойды анықтайды. Нұсқаулықтың бірінші бөлігін көшіріп жазады. Заттың атын білдіретін сөздерді сөз құрамына талдайды. «Таза ұста» тақырыбына нұсқаулық құрайды. Сұраққа жауап беріп, өз пікірін білдіреді.	ҚБ: 1-10 балдық жүйе.	Оқулық, дәптер

2 мин	байланысты» тақырыбында пікір айтып көр. Қарқыны баяу оқушыларға: уақыт беріледі.	Түбір сөз айтып, жұрнақ пен жалғау жалғайды, сөздерді айтады		
13 мин	<p>Сергіту сәті</p> <p>1-қатар түбір сөз айтады</p> <p>2-қатар жұрнақ жалғайды</p> <p>3-қатар жалғау жалғайды</p> <p>Соңында құрастырған сөздерін ауызша айтады</p> <p>(Д) 2- тапсырмада дәптермен жұмыс жүреді.</p> <p>Ережені түсіндіру</p> <p>Түбір сөзге жұрнақ та, жалғау да жалғана береді. Жұрнақ бұрын, жалғау жұрнақтан соң жалғанады: оқушылар, жүзгіштер</p> <p>Өздік жұмыс</p> <p>1.Берілген сөздерге жұрнақ пен жалғау жалғап жаз.</p> <p>Ас, таза, саяхат, дос</p> <p>2. Сызба бойынша сөздер құрастырып жаз.</p> <p></p> <p>Дескриптор:</p> <p>- Берілген сөздерге жұрнақ пен жалғауды қатар жалғап айтады.</p> <p>-Сызба бойынша сөздер құрастырып жазады</p> <p>-Қорытынды жасайды, ережемен салыстырады.</p>	<p>Берілген сөздерге жұрнақ пен жалғауды қатар жалғап айтады.</p> <p>Сызба бойынша сөздер құрастырып жазады</p> <p>Қорытынды жасайды, ережемен салыстырады.</p>	ҚБ: 1-10 балдық жүйе.	<p>https://imektep.kz/kz/zhurnak-pen-zhalgau</p> <p>сызба</p>
Сабақтың соңы 2 мин	Кері байланыс «Менің сөзім» әдісі бойынша өтеді. Үй тапсырмасы: 84-жаттығу	Сабақтан алған білімін, үйренгенін айтады.		

Қорытынды: Графикалық диктанттарды үнемі пайдалану – оқушыларды сауатты, ұқыпты жазуға дағдыландырады, ойлануға, ізденуге, өз ойларын ауызша, жазбаша жеткізе білуге және өз беттерімен жұмыс істей білуге төселдіреді.

Бұл оқушыларды құлшындырып, өз ісіне деген сенімділігін арттырады. Графикалық диктантын жазу үстінде оқушылар фонетикалық, орфографиялық, лексикалық талдауларға жаттыға бастайды. Сондықтан графикалық диктанттарды жиі жүргізу өте қажет. Сонда ғана балалардың сөздік қоры толыға түседі. Сонымен графикалық диктант оқушылар танымын белсенді етуде, қызығушылығын арттыруда, сөздік қорын молайтуда, сауаттылыққа баулуда өте тиімді болып келеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР МЕН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат, 84-85-бет
2. Солтанғазина М.Қ., Лекерова Ф.С. Қазақ тілі: Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы
3. Алтынсарин Ы. "Таза бұлақ". Алматы: Жазушы, 1988 ж., 156 б.
4. Базарбекова Р. Ж. Жаттығулар мен сабақ үлгілері: Мәтінді дамыта оқуға арналған көмекші құрал – Алматы 2009, 27-28 –бет
5. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г. Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2 – сыныбына арналған оқулық. -Алматы: Атамұра, 2017, 38-бет

«ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР 1 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «КӨРКЕМ ОҚУ» КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ» (АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМА)

*Тастанбекова Ақмарал
Түркістан облысы, Отырар ауданы
Аққұм ауылы С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін орта мектеп жаңа қоғам мектебі, болашақ мектебі, яғни саналы халықтық мәдениетке бағытталған, баланың жеке басының дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасайтын, бәсекеге қабілетті, елдің ертеңі болатын жас ұрпақты өсіріп, дамытатын мектеп болуы тиіс. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттеріне: білім бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау

және адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы парасатты байыту» деп атап көрсеткен болатын. Осыған байланысты қоғам алдында оқушының жеке басын үйлесімді дамытуға бағытталған міндеттер қойылып отыр. Еліміздің әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс.

Мектепте 2019-2020 оқу жылында үлгерімі төмен психикалық дамуы тежелген (ПДТ) балаларды түзете-дамыту сыныбы ашылды. Сыныпта 12 оқушы, 5 қыз, 7 ұл бала бар.

Психикалық дамудың тежелуі – бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі. Баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері түрлі болуы мүмкін. Негізгі себебі бала миының әлсіз түрдегі органикалық зақымдануы немесе іштен туа біткен, туылу кезінде және өмірінің бастапқы кезеңдерінде болған жағдайлар, негізгі әлеуметтік жағдайы, нашар көруі, құлақ ауруы тағы да басқа себептерден болуы мүмкін. Психиатр, невропатологтың зерттеулері бойынша психикалық дамуының тежелуі балада тұмау, сары ауру, іштегі улану сияқты аурулардан кейін пайда болады. Психикалық дамуының тежелуінің негізгі бұзылыстары интеллектуалды деңгейі көбіне таным процестері: зейіні, логикалық есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Бұл балалар өзінің құрдастарынан кеш жүріп, кеш сөйлейді. Олардың салмағы аз, бойы кіші, көп сөйлемейтін, әлжуаз, тез шаршап, көп ауырады.

Психикалық дамуы тежелген балалар дегеніміз – оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Мұндай балалар білімі мен дағдыларына, тұлғалық жетімділігіне мінез-құлқына байланысты мектепте оқуды бастауға дайын емес. Олар оқуда көп қиыншылықтар көреді: мектепте орнатылған тәртіп нормаларын сақтау оларға аса қиын. Оқудағы қиыншылықтар олардың жүйке жүйесінің әлсіреуінен тереңдей түседі – жүйкесі тозып, соның салдарынан олар тез шаршайды, жұмысқа қабілеті төмендейді, бастаған жұмысын аяқтамайды. Бұл балалардың оқу үлгерімі ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі

1 сыныптан бастап көріне бастайды. Бірақ анық белгілері

2-3 сыныпта белгілі болады. Оқу процесінде олардың оқу дағдыларындағы кездесетін кемшіліктер:

- ✓ сабақ процесіне жай қосылады;
- ✓ оқу материалын жай немесе тіптен қабылдамайды;
- ✓ берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды;
- ✓ оқу мен жазуы жай;
- ✓ оқыған мәтінін түсінбейді және түсінгенін айтып бере алмайды;
- ✓ есептер шығарған кезде үлкен қателер жібереді;
- ✓ тез шаршағыш;
- ✓ сыныптастарымен аз араласады;

- ✓ өз ойын анық айта алмайды.

Мұндай балалардың танымдық қызметінің дамуында да айқын артта қалушылық пен өзгешеліктері бар. Олардың барша ойлау формаларының артта қалуы байқалады, мектептегі оқудың басталуына қарай мұндай балаларда талдау, топтау, салыстыру, қорыту қалыптаспаған. Танымдық белсенділігінің төмендігі айқындалған. ПДТ балалардың тіл байлығы әдеттегі балаларға қарағанда 20-30% төмен деңгейде.

Сөздік қорында бар сөздердің өзін қолданғанда, олар көбінесе қате жіберіп, сөз мағынасын толық түсінбейтінін көрсетеді. ПДТ оқушылардың грамматикалық қорыта білуі әлсіз, олардың сөйлеу тілінде грамматикалық конструкцияларды дұрыс қолданбауы жиі кездеседі. ПДТ балалардың мінез-құлқы да өзіндік ерекше.

Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының түрлері көп. Түзету жұмыстарын жүргізудің принциптері төмендегідей:

- ✓ баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау;
- ✓ шаршап кетпеуін анықтау;
- ✓ оқу әрекетін ойын түрінде ұйымдастыру, кеңістікті бағдарлауын дамыту;
- ✓ сыныптан тыс тәрбие сағаттарына қатыстыру;
- ✓ ойын дағдыларын оқу әрекетіне аудару;
- ✓ арнайы әдістемелермен оқытуды ұйымдастыру;
- ✓ жылдық диагностикалық даму деңгейін салыстыру.

Мамандардың оқыту түзету процесінде әдістемелік нұсқауларды дұрыс және жоғары деңгейде ұйымдастыруына байланысты психикалық дамуы тежелген балаларды өз жасындағы балалардың даму деңгейіне жеткізуге болады. Білім беру мекемесінде оқитын ПДТ балалар әр уақытта нәтижеге жету үшін бақылаудан тыс қалмауы қажет. Психолог, сынып жетекшісі, ата-ана тығыз байланыста болған жағдайда баламен жүргізілетін жұмыс нәтижелі болады, яғни баланың өз - өзіне деген сенімділігін арттыру арқылы түзете дамыту жұмыстарын жүргізу тиімді.

ПДТ баламен жүргізілетін жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастыру үшін, дидактикалық материалды жеткілікті түрде қолдану, ойын құралдарының әртүрлілігі, іс - әрекеттен тыс техникалық құралдардың жеткілікті қолданылуы – бұл баланың сөз сөйлеуін жақсы меңгеруінің бір шарты болып табылады. Танымдық және сөйлеу іс - әрекетінің дамуына жеткізетін әдістерінің бірі – ойын.

Ойын баланың өзінің қарым - қатынасқа деген қажеттігін, сезімдерін, ойларын және эмоцияларын сыртқа шығаруын қамтиды. Ойынды дұрыс ұйымдастыру арқылы баланың сөздік қоры дамиды, басқа балалармен қарым-қатынаста өзін еркін сезінуі және қоршаған ортаға байланысты білімдерін кеңейтеді. Ойын барысында қолданған сөздерді бала күнделікті өмірде қолданатын сөздік қорына кіргізеді. Бала белгілі әлеуметтік ортада өсіп,

айналасындағы заттар мен құбылыстарды танып біледі, олармен тікелей қарым-қатынастарда әсерленіп, бойындағы табиғи қасиеттерін жетілдіріп, ақыл-ой сезімін таным әрекетімен байланыстырады.

Сезімнің бұл түрі балалардың оқып білім алуын, дүниетанымын, көзқарасын қалыптастырады. Баланың шындықты тануға деген ең алдымен таңданудан басталады, таңдауы баланың бәрбір нәрсенің, құбылыстың, оқиғаның мән-жайын жан - жақты танып, оларды тереңірек түсінуіне жетелейді, оның ізденімпаздық әрекетін тудырады. Психикалық дамуы тежелген балаларды оқытудың негізгі әдісі біріктіру болып табылады. Қазіргі шақта біріктіру – зейін орталығы. Біріктіре оқыту арқылы бала дамуының ерекшеліктерінен жалпы білім беру стандартының қалыпты уақытқа жақын болуымен сипатталады. Біріктіру әдісі білімді түзетудің, дамытудың заңдылығы болып есептеледі.

Психикалық дамуы тежелген балалармен түзете - дамыту шараларын жүргізгенде мынадай маңызды ұстамдарды сақтауы тиіс:

- ✓ жеке және топ арқылы олармен түзету-дамыту сабақтарын жүргізу;
- ✓ қимыл-қозғалысы мен психикасының дамуының жетілуін бағалап жетілдіре түсу;
- ✓ психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық қауіпсіздігін сақтау, сол ортаға мейірімділік пен қамқорлық жағдайын туғызу, олардың қиыншылығын түсіну және жағдай жасау.

Қорыта келгенде психикалық дамуы тежелген баланы дамыту барысында жұмыс нәтижелі болу үшін, әр баланың физиологиялық, психологиялық, жас ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаны дамыту жұмыстарын дұрыс және тиімді ұйымдастыру болып табылады. Бұл орайда Конфуцийдің - Маған айтшы – мен ұмытып қаламын; маған көрсетші – менің есімде қалады; өзіме істетші – мен сонда түсінемін, қағидасын үнемі ұстануға тырысамын.

Ағартушы Ахмет Байтұрсынов «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» - дегендіктен, өз жұмысымда «ПДТ оқушылармен қандай жұмыс ұйымдастыруға болады?» деген сұрақ қоя отырып, жоспар құрдым.

Білім кетіктерін жоюға арналған тапсырмалар (карточка, тірек –үлгілер, ребус, сөзжұмбақтар);

- Ата-анасымен үнемі байланыста болу, бірігіп жол іздеу;
- Психолог, логопедтердің кеңесіне жүгінуге ата - анасына кеңес беру.
- Жеке жұмыста төмендегі ережені ұстануға тырыстым:

Үлгерімі төмен оқушыларға бірден жағдаятты сұрақ қойып, бірден тез жауабын талап етуге болмайды.

Ойлануы мен дайындалуына жеткілікті уақыт беру.

Жауабын жазбаша жазғаны жақсы. Үлгерімі төмен оқушының сөздік қоры таяз болғандықтан оның ауызекі сөйлеуі дамуында қиындықтар туындайды.

Аз уақыт ішінде үлкен материалды меңгеріп алулары мүмкін емес, сондықтан қиын материалды шама шарқынша бөлімдерге бөліп беру керек.

Өздік жұмыс орындауда қиын болған сұрақтарда мұғалім нұсқау мен көмек көрсету.


Мұндай оқушыларға өзіне, біліміне, күшіне деген сенімділігін қалыптастыру керек. Сабақ барысында болсын, сыныптан тыс уақытта болсын оқушыларға жеке дифференциалды тапсырма түрлерін ұсынған кезде қарапайым түсініктен бастау керек.

Тапсырма түрлерін түрлендіріп, «Ақылды кітап» топтамасын жасап, ол арқылы оқушыға қажетті үйрену тәсілдеріне қажетті құралдарды топтастырдым. Оқушының ең қатты көмек қажет ететін пәні математикалық есептеулер болғандықтан, сандарды тану, құрамын білу, реттілігін сақтау, амалдарды орындай алуға негіздедім. Кітап мұқабасына сағат орналастыруым, оқушының сандарды білу, санауға әрекеттестерді. Сандардың құрамын білмей оқушы есептеулер жүргізе алмайтындықтан, «Көңілді таяқшалар», «Тақтадағы сандар байланысы», «Аквариум», «Гүлде неше күлте ?» , «Ағашта неше жеміс ?», «Тасбақа» ойындарын пайдаландым.

Санның құрамын білген оқушыға, енді амалдарды жұпта орындауға арналған

«Сикырлы қақпақтар», «Қосу, алу алаңы», «Ілгіштер мен кір жайғыш» арқылы есептеулер жүргізді.

Сергіту сәтінде «Алақан, табан – жылдам бас» ойыны да оқушыны жыдам қимылдаумен қатар, жылдам ойландыруға жетеледі.



Білім беру жүйесін жаңартудың негізі – білім жүйесінің жаңа парадигмасы мен мұғалімнің кәсіби дамуы

Қазіргі кезде әлемде болып жатқан өзгерістерге сай білім беру саласына өзгерістер қарқынды еніп жатыр. Осы мақсатта көптеген елдерде жүргізілген білім реформаларының өзіндік тарихи аспектілері мен ерекшеліктері бар.

Мысалы, Германия Федеративті Республикасында білім реформасы әр он жыл сайын жүргізіліп отырады. Германияда білімнің сапалы болуы ондағы жүргізілген білім реформаларының нәтижесі.

- педагог кадрларды даярлау;
- мектептердің инфрақұрылымдық жүйесін жетілдіру;
- жоғары оқу орындарының сапасын әлемдік деңгейге көтеру;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының тиімділігі;
- Германияда оқығысы келетіндерге мүмкіндік жасау;
- үздіксіз білім беру;

Жоғары білімнің тұтас стратегиясы мен бұқаралық жүйесін жетілдіру т.б. Аталмыш жағдайлардың барлығы ФРГ-ның әр он жылдық білім реформаларында қарастырылып, өз шешімін тауып отырады.

Ұлыбританияның білім жүйесінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Олар білім реформасын жүргізуде жетістіктерге жету үшін бірнеше міндеттерді алға қойды: міндетті білімнің көлемін қысқарту, оқытушылардың білігін көтерудің жүйесін жетілдіру, білім беруді басқару мен мамандарды даярлаудың бір ортаға шоғырлануы, білімге қаржының көп бөлінуі, мектеп ісінің дамуына қоғамның үлес қосуы. т.б.

Бұл аталған мемлекеттердің барлығының білім жүйесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Бірақ, барлық дамыған мемлекеттердің арасында Жапонияның білім жүйесі ерекше. Жапон елінің білім жүйесі батыстық үлгіде жасалғанымен, нақты бір елдің жүйесін емес, керісінше батыстық педагогиканы ұлттық педагогикамен үйлестіріп, өзіндік білім жүйесін жасауға қол жеткізді.

Сондықтан да Жапон елінің білім реформасы бірнеше рет өзгерді. Әр реформаның нақты өзіндік тарихи аспектілері бар. Себебі, жапондардың тарихы мен ұлттық-әлеуметтік құндылықтары шетелдік үлгілерді игеруге кедергі келтірді. Жапондықтар ең алдымен өздерінің ұлттық құндылықтарын жоғары бағалайды. Олар қашан да білімге құштарлықпен танылған ұлт, ондағы білім жүйесі оқушылар бойында да тиісті адамгершілік ережесін қалыптастырып, ұлттық сипаттағы қасиеттерді дамытады. Бұны біз әр жылдары жүргізілген білім реформаларынан анық аңғарамыз. (www.rusnauka.com/6PNI) Жапон елінде 1872 жылы білім туралы заң қабылданды. Заңда «өмірдегі жетістіктердің кілті оқуда, оны ешкім жоққа шығара алмайды және болашақта бірде-бір отбасы, бірде - бір адам сауатсыз болмауы керек» - деп айтылады. Көптеген жетістіктермен қоса білімнің батыстық жүйесі жапон халқына пайда келтірмеді. Себебі, батыстық білім жүйесінің негізінде оқытқанда, олардың негізгі пәні, негізгі ұстанымдары әдеп қағидасы ұмытылды. Император Мейдзи 1879 жылы елді аралау сапарында халық арасында тәрбиеге байланысты көптеген олқылықтарды байқады.

Сол кемшіліктерді түзету үшін «Білімнің ұлы ұстанымдары» атты қаулы қабылдады. Ол қаулыда «Халық ең алдымен өзін рухани жағынан тәрбиелеп және әдеп ұстанымдарына жүгінуі керек. Осылар орындалғаннан кейін өздерінің қабілеттеріне қарай пән таңдауға болады», - делінген. Барлық оқу орындарында Мейдзи білім реформасы негізінде 1881 жылдан бастап әдеп пәні жүргізіле бастады. Шет тілі пәнінің сағаты қысқарды. Сонымен реформаның нәтижесінде:

- Біріншіден жапондықтар өздерінің дәстүрлерін қайта жандандырды. Екіншіден көп аймақтарда Еуропалық білім кең тарады.

- Үшіншіден мектеп ұжымдары тамаша жетістіктерге қол жеткізді.

- Төртіншіден бұл реформа Жапонияны көптеген дамыған елдердің білім жүйесімен теңестірді. Жапония әлемдік нарықта алпауыт елге айналды.

Қазіргі кезде экономикасы қарқынды дамып жатқан мемлекеттерге - Жапония мен бір қатарда тұрған Сингапур, Оңтүстік Корея, Гонконг, Қытайды айтуға болады. Бұл мемлекеттердің жер көлемі шағын, қазба байлық мөлшері не мүлдем жоқ, не көп емес. Сингапурдың тіпті тұщы су мен құмды да Индонезиядан алатыны баспасөз бетінде бірнеше рет жазылды. Осы сияқты мысалдарды аталған кез келген мемлекет жайлы айтуға болады. Алайда олардың дамуы қарқынды. Сондай-ақ бұл елдерде тәрбие де өте жоғары деңгейде. Батыстағыдай жеткіншек ұрпақ нашақор болып кетті, жеткіншек ұрпақ отбасын құрмай жатыр немесе былтыр отбасылы болған жастардың пәлен пайызы ажырасып кетті деген сияқты айғайды да олар жақтан не мүлдем естімейсіз, не өте сирек беріледі. «Сонда қалай? Бұлар ненің есебінен қарқынды дамып жатыр?» - деген сұрақтар әркімнің санасында туады. Ал сарапшылар «бұл мәселенің кілті – адам» деген қорытынды жасап отыр. Яғни «XXI ғасырда экономиканың дамуы үшін ең негізгі фактор мемлекеттің қазба байлығының мөлшері, мемлекеттің географиялық ыңғайлы орналасуы және т.б. мәселелер емес, экономиканың алға басуының негізі – адам, оның денсаулығы, білімі, кәсіптік деңгейі, икемділігі...» (www.alashainsy.kz/person/)

Қазіргі ақпараттар тасқыны кезінде кез келген жағдай ұзақ уақыт бойы өзгеріссіз тұруы мүмкін емес. Бұған қоса білім деңгейі әлем елдерінде әртүрлі. Мысалы, мәліметтерге қарасақ, Африка және Таяу Шығыс елдері оқушыларының бір пайызы ғана орташа немесе өте жақсы Сингапур оқушысы деңгейінде білім алады екен. Бұл елдер алға ұмтылмаса, осы орындарында қала бермек. Міне, осындай себептермен бүкіл әлемде, әсіресе жоғары дамыған елдерде білім беру реформалары үнемі жүріп жатыр. Қазір дүниежүзілік білім кеңістігінде мемлекеттердің білім деңгейін саралау мақсатында бірқатар халықаралық зерттеулер жүргізіледі. Мұндай зерттеулер көптеп саналады, бірақ солардың ішінде анағұрлым маңызды PISA болып табылады. Оқушылардың білімі мен білігін бағалаудың PISA зерттеулері мектеп бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтауға емес, оқушылардың мектепте алған білімі мен білігін өмірлік жағдаяттарда қолдана алу қабілетін бағалауға бағытталған. PISA зерттеулерінде оқу сауаттылығы, математикалық

сауаттылық және ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы бағаланады. Бұл зерттеулердің қорытындысы ретінде білім беру дәрежесі туралы дүниежүзілік табель жасалады. PISA-2009 жылғы зерттеу қорытындысы бойынша оқу сауаттылығынан Қазақстан 59 орында болса, математикалық сауаттылық бойынша 53-ші орында, ал жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бойынша 65 елдің ішінен 58-ші орында тұр. Бұл сандар біздің еліміздің білім саласында басқа елдерден қалыс қалып жатқандығынан хабар береді. PISA зерттеулері бойынша жоғарғы көрсеткіш көрсетіп, алдығы қатарда тұрған Шанхай, Финляндия, Сингапур, Жапония, Гонконг, Оңтүстік Корея елдеріндегі білім реформаларынан білім сапасын көтеруге себепші болатын бірқатар маңызды факторлардың айтарлықтай ілгері деңгейде жүзеге асырылатынын көреміз. (А.Құсайынов,2013ж) Осы факторлардың ішінен мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- ✓ білім беру стандарттарының халықаралық талаптарға сәйкестігі;
- ✓ педагог кадрлардың мәртебесі мен кәсіби деңгейі;
- ✓ бағалаудың дұрыстығы;
- ✓ өскелең ұрпақты рухани - адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеу тиімділігі;
- ✓ білім беруді басқару жүйесінің тиімділігі.

Бұл маңызды факторлардың біздің елімізде қандай деңгейде іске асырылып жатқаны бізге белгілі жайт. Алысқа бармай-ақ өз мектебімізден бұған дәлелдер жетіп артылады. Мысалы: бірінші алаңдататын мәселе- педагог кадрлардың сапасы. Көп жағдайда білім жүйесінің сапасы онда жұмыс істейтін мұғалімдердің жұмыс сапасынан жоғары бола алмайтын ескерілмейді.

Келесі фактор - менің мектебімде жеке оқушыларға қолдау көрсету үшін мектеп деңгейінде түзету шараларының жоқтығы.

Ал Финляндияда бұндай шараның тиімділігі жоғары жүйесі жасалған. Онда даярлықтан өткен арнайы мұғалімдер артта қалушылар санына қосылуы мүмкін оқушыларға жекелей көмек көрсетеді. Жеке оқушылардың сабақ үлгеріміне жедел араласу арқылы сәтсіздіктер мен соған байланысты ауыр күйзелістің алдын алуға болады.

Бұл заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі – оқушыға дайын ақпараттар беріп, оны қайта мазмұндауға үйрету емес, оқушының кез-келген ақпараттарды өздігінен түсініп, өңдеп қолдануына мүмкіндік тудыру және оқушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару, ақпараттық технологияларда құзырлылық таныту болып табылады, ал 21 ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында.

2012 жылдан бері арнайы мемлекеттік бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасының түкпір-түкпірінен білікті мамандарды педагогикалық шеберлік орталығының шаңырағына жинап, Кембридж университетінен келген шетелдік әріптестер біздің кәсіби іс-тәжірибемізді өзімізге зерттегіп, жетістіктері мен өз кемшіліктерімізді талдатып, өздерінің озық ойлы идеяларын біздің ұлттық менталитетке сәйкестендіруге, өз іс-тәжірибелеріндегі

ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға ұмтылыс білдіріп, алғашқы қадамдар жасалуда.

Бұл жақсы бастама республикамыздағы біз сияқты шағын жинақты мектептерге кішкене де болса өзгеріс әкеп, оқушыларды оқуға тартуда, білім сапасын көтеруде, мұғалімнің кәсіби шеберлігін шыңдауына, болашақта тіпті мектеп құрылымының өзінің өзгеруіне әсер ететіні сөзсіз.

Қазіргі таңда біз әлі үйренудеміз, бақылап зерттеудеміз. Дегенмен де, біздің мұғалімдерден де білім берудің озық әдістемесін үйренетін күндер алыс емес. Бұл бәріміз бірлесіп атқарып жатқан жұмыстардың нәтижесінде жүзеге асатынына кәміл сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кушербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері //Дефектология. 2011. №3. 17 б.
2. Воронкова В.В. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе. М., 1994.
3. Кальпебаева Г. Психикалық дамуы тежелген балаларды ақыл-есі төмен балалардан ажырату». //Дефектология. 2010. №4. 15 б.
4. Гаврилушкина О.Н. Об организации воспитания детей с ЗПР. //Дошкольное воспитание. 2004. №8.
5. Пашков А.Г. Педагогические основы социальной реабилитации детей с органиченными возможностями (методические рекомендации). 2006.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Г.Абдурахманова

Түркістан облысы, Сауран ауданы, Жаңа Иқан ауылы.

*«Ұлықбек жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
бастауыш сынып мұғалімі*

«Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» — деп, шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби.

Маусым айында Үкіметтің 25 маусым 2012 жылы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары»

қабылданды. Ұлттық жоспардың мақсаты – Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы.

Халықаралық зерттеулер аясындағы өзгерістерді атап айтсақ, бұл TIMSS, PIRLS халықаралық зерттеулер бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мүмкіндігі. Осының ішіндегі функционалдық сауаттылыққа тоқталсақ: функционалдық сауаттылықты дамудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген.

Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. TIMSS, PIRLS деген не? TIMSS халықаралық зерттеуінің негізгі мақсаты – әртүрлі елдердегі білім жүйесі мен орта мектеп оқушыларының жаратылыстану-математикалық дайындық деңгейін салыстырмалы бағалау және осы дайындық деңгейіне әсер ететін факторларды анықтау. TIMSS халықаралық зерттеуі 4 және 8– сынып оқушыларының математика мен жаратылыстанудан білім сапасын бағалайтын төртжылдық мерзіммен (1995, 1999, 2003, 2007, 2011, 2015) өткізілетін зерттеу. Зерттеуге 63 елден аса әлем елдері қатысады.

PIRLS зерттеуі – бастауыш сынып оқушыларының мәтінді оқу және түсіну сапасын зерттеуге арналған. Халықаралық жоба бесжылдық мерзіммен өткізіледі (2001, 2006, 2011, 2016) Бұл зерттеу жобалары өткізіліп тексерістен өткен. Қазақстанның халықаралық зерттеулерге қатысуы біріншіден, білім беру сапасының заманауи талаптарына сәйкес келетін ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруді болжайды. Бұл ретте алынған халықаралық бағаны басқарудың стратегиялық аспектісі маңызды.

Оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуда білім берудің алатын орны ерекше. Осы ретте, оқушыға халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, оларға идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану – бастауыш сынып пәнінің басты мақсаты болып есептеледі. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» - деген екен Жүсіпбек Аймауытов. Сондықтан қазіргі таңда оқушыларға саналы тәрбие мен сапалы білім беру ісін жаңа талап тұрғысынан өзгертіп, оқыту тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруға міндеттіміз.

Олай болса шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үшін әр сабағымызда біз тек оқулық шеңберіндегі білімді үйретумен шектеліп қана қоймай, кең түрде әр

баланың талабына, деңгейіне сай жұмыстарды саралап, ыңғайластыруымыз керек. Тұлға күзiреттiлiгiн дамыту үшiн, яғни бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда жаңа инновациялық әдiс – тәсiлдердiң ең тиiмдiсiн пайдалану жоғарғы нәтиже бередi деген қағидамен, өзiм оқып, үйренiп, тәжiрибеде пайдаланып келе жатқан сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы зор деген тұжырымға келдiм.

Дидактикалық материалдар бастауыш сынып оқушыларына өте тиiмдi. Дидактикалық материалдардың негiзгiсi – ойын. Ойын арқылы оқыту мен тәрбиелеу баланы жалықтырмайды, қызығушылығын оятады, белсендiлiктерiн арттырады, денсаулықтарын нығайтады. Балалардың ертеңгi үлкен азаматтыққа жалғасатын жеке басының ерекшелiктерi, беделдерi оның бүгiнгi ойын әрекетi үстiнде қалыптаса бастайды. Ойын арқылы баланың шығармашылық мүмкiндiктерi, эмоционалдық көңiл-күйi және ерiк-жiгерi бүршiк атып, бiлiнедi. Дидактикалық материалдар бастауыш сынып оқушыларының сабаққа белсендi де қызығушылықпен қатысуына әсерiн тигiзедi.

Дидактикалық материалдарды пайдалану нәтижесiнде оқушылардың бойында ойлау, тапқырлық, шыдамдылық, белсендiлiк, өмiрге бейiмделуi, құзыреттi қабiлеттерi, ұйымдастырушылық қасиеттерi қалыптасады.

Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын аттыру үшiн мұғалiм шебер болуы керек. Ол баланы қалай оқыту, оның сабаққа деген ынтасын қалай ашуға болады деген сұрақтар төңiрегiнде жұмыс жасауы тиiс. Жалпы адам баласы есту, көру, ұстап көру, сезу және иiскеу арқылы есте сақтайды. Кейбiр оқушылар жазбашаға, кейбiрi ауызшаға қабiлеттi болып келедi.

Сонымен қатар оқушылардың ой- өрiсi, iзденiмпаздығы, шығармашылық қабiлеттерi дамиды. Әсiресе, оқушылардың белсендiлiгi артады. Сабақты белсендi өткiзiп, әр баладан еркiн жауап алуға жағдай жасау;

Сенiмдiлiкке тәрбиелеу үшiн баланың жауабын санмен бағалау;

Қиялын дамыту үшiн «Менiң ойымша» деген жауапқа дағдыландыру;

Өртүрлi жауапқа бiрдей қарау, жақсысын мадақтап, жаманын сынамау

Жеке тұлға ретiнде «Мен» деген рөлiн көтеру, өз пiкiрiн қалыптастыру.

Сонымен қатар, түрлi көрнекiлiк құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздiкпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар берiп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бiрiн-бiрi сынауы, өзiндiк пiкiр бiлдiруi, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлi әдiс-тәсiлдердi қолдануы керек. Осындай әдiс-тәсiлдердi түрлендiрiп, жүйелi түрде пайдаланып мұғалiмнiң шәкiрттерi өз бетiмен жұмыс iстеуге тез үйренедi.

Сондықтан әр түрлi оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшелiктерiне орай тандап, тәжiрибеден сынап қараудың маңызы зор. Қазiргi бiлiм беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейiнше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкiн емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалiмнiң интеллектуалдық,

кәсіптік, адамгершілік рухани, азаматтық және басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Дидактикалық материалдарды қолдану арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Осы мақсатта төмендегідей әдіс – тәсілдерді қолдануға болады

- «Фишбоун» «Балық сүйегі» әдісі
- «Көремін, естимін, сеземін» әдісі
- «Пликерс» әдісі

Қорыта келе оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, бастауыш сыныпта сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Жоғарыда айтылған жұмыстардың барлығынан көретін нәтижеміз, тұлғаның; сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, ойын еркін айтады, белсенділігі артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді.

Сөзімнің соңында көнеден келе жатқан «Қыран - түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз - шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды», - деген даналық сөзіндей, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншылықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Сондықтан тұлғаны қалыптастыруда Елбасының «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» жолдауын басты ұрандай ұстансақ артық болмас, өйткені болашақ тізгінін ұстайтын ұрпақтың функционалды сауатты болуын біз назарда ұстауымыз керек.

Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені.

Жоғарыда айтылған жұмыстардың барлығынан көретін нәтижеміз, тұлғаның; сөздік қоры молаяды, ізденімпаздыққа үйренеді, ойлау қабілеті артады, ойын еркін айтады, белсенділігі артады, шығармашыл жұмыс істейді, қиялы ұшталады, тапқырлыққа үйренеді.

ДИАЛОГТИК ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Есенбаева Лаззат Кенесовна

*Түркістан облысы, Сауран ауданы, Құмтүйін ауылы
«Құмтүйін» жалпы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Мектептегі сабақ беру әдістемесіндегі диалогтік оқытудың маңызы үлкен. Диалог - ғылымда танымдық процестің іздеген нәтижеге әр түрлі, бірақ бір-бірімен жарыспайтын көзқарастар, қатынастар, бағыттардың өзара байланысты жолымен жүзеге асырылатын прогрессивтік дамуының түрі ретінде көрінеді. Сабақ барысында оқушы мен оқушы, мұғалім мен оқушы арасында жүргізілген диалог оқушылардың қызығушылығын, танымын арттырады. Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде айтып кеткендей, диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыру мен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатынын атап көрсетті. Выготскийдің білім беру моделі оқушының диалог құру нәтижесінде білім алады деп жорамалдаған, демек оқушылардың көбірек білетін сыныптастары мен мұғалімдермен жүргізілген диалог болған жағдайда ғана, білім беру жеңіл болады. Талданатын идеялар оқушы түсінігінің нақты бөлігі болғанымен, жақын арада даму аймағы аясында қарастырылғандықтан білім беру табысты болмақ, деп көрсетті. (МАН, 38-бет)

Диалогтық оқыту мәселесін осы уақытқа дейін бірнеше педагог ғалымдар зерттеп келген. Атап айтсам, бразилиялық педагог Фриери, орыс педагогы Выготский, француз педагогы Дьюи. Фриери, әр адам оқу процесіне сыни тұрғыда қатысып, басқа адамдармен диалогтық қатысуға қабілетті екендігіне негізделген білім теориясын әзірлеген. Фриери, мұғалімнің міндеті-оқушының білімін толтыру, көбейту тенденциясымен емес, білімді тауып, дамыту арқылы тереңдетуге бағытталған көзқараспен оқушылармен диалогқа түсу, деп санайды. Фриери Выготский мен Дьюидің теорияларын анықтап, зерттеп, дамыта келе назарын ондағы үрдісі мен ол үрдістегі мұғалімге бағыттамай, негізінен оқушыларға бағыттады. Дьюи тәжірибе бір қалыпта тұрақты болмауға тиіс дейді; ол үнемі өзгеріп, бұрын болғанға сүйене отырып, ары қарай өсу үшін нақты әлеуеті болуға тиіс. Ол мұғалімнің қызметі басқа кәсіптерге қарағанда, көрегендікті көбірек талап етеді деп айтқан.

Ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтік оқытудың маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Арнайы зерттеушілер диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейлерін өсіруге үлес қосатынын атап көрсеткен. Зерттеулерде ересектермен қарым-қатынас пен достарымен бірігіп жүргізілген жұмыстың нәтижесі балалардың оқуына және коллективті дамуына әсер ететінін көрсетеді. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болуы, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады. Түрткі болу дегеніміз сұрақтар

бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет.

Сынақтан өткізу дегеніміз сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет.

Қайта бағыттау дегеніміз сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау болып табылады. Мысалы «Көмектесе алатындар бар ма?» Білім беруді тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

- Оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- Оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- Білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
- Оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;
- Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;
- Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына көмектеседі;
- -Оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;
- Әңгімелесу мен ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;
- Білім беруді қиындататын қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды;

Диалогтік оқытуды сабақтарда қолданудың тиімділігі

Оқытудағы жаңа әдіс – тәсілдерді пайдаланып, жаңаша сабақ түрлерін өткізу барысында оқушылардың пәнге деген қызығушылығының артатынын байқадым. Біріншіден, проблемалық сұрақтар қою, оның жауабын жеке өзі, соңынан жұппен, топта талқылау арқылы шешімін тапса, бұл оқушы тілін дамытудың, қабілетін әрі шығармашылығын дамытудың басты бір жолы болып табылады.

Мен өз сабақтарымда диалогтік оқыту арқылы пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді қолдандым. Себебі диалогтік оқытудың пайдасы оқушыда дәлелдеу, пікірталас пен келіссөз барысында қалыптасатын білім ретінде қарастыратын көзқарастық оқу пайда болады.

Диалогтік оқытудың артықшылықтары:

- барлық оқушылар сабаққа белсенді қатысады;
- барлық оқушылар өздерін еркін сезінеді;
- олар бірнәрсені қате айтамыз деген қорқыныштан арылады;
- жауапты бірлесіп іздейді, жолдастық көмек, бір-біріне деген жауапкершілік сезімі пайда болады;
- сабақ оқушы үшін, мұғалім үшін де пайдалы болады;
- ең бастысы олар бір-біріне қатты әсер етеді, бір-бірінен үйренеді және біріне-бірі үйретеді.

Диалогтік оқытудың сабақтарда қолдануының тиімділігі (сурет)

Мысалы 3-сыныпта әдебиеттік оқу пәнінде «Бостандық таңы атты» өлеңін өткенде жаңа оқу материалын жариялау мақсатында топтармен жұмыс жүргіздім.

1-топ «Сенің ойың қандай?» әдісі арқылы судың тіршілік көзі екендігін анықтап, дәлелдеп судың маңыздылығына тоқталды. Мысалы: -сусыз адам өмір сүре алмайтынын –су жануарлар мен өсімдіктерге қажет екенін –күнделікті өмірде ас әзірлеу үшін, жуыну демалысқа қажет екенін айтты.

2-топ

«Айналым бекет» әдісі бойынша топтың барлық мүшелері суға қатысты мақал-мәтелдер айтып шықты.

3-топ

«Тарихи футбол» әдісі арқылы допты бір-біріне лақтырып су туралы тыйым сөздер айтуды тапсырдым, бұл кезде де көптеген тыйым сөздер айтып бірін-бірі толықтырып отырды. Диалогтік оқыту арқылы түрлі әдістерді пайдалана отырып пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін әр пәнде ойларын еркін айта білуге, әр нәрсеге сыни көзбен қарай білуге, сұрақтарға толық жауап бере білуге және пәнді сүюге шақырдым. Топтар өздерінде туындаған сұрақтарды диалогтық оқыту арқылы басқа топтарға қоя отырып түсіндірмелер жүргізді. Мұғалімнің түсіндірмесіне қарағанда оқушы мен оқушы арасындағы диалогтық оқыту қызықты болады. Себебі оқушы өз құрдастары арасында өз ойларын ашық, әрі түсінбеген сұрақтарын еркін қояды.

Топтық тапсырмалар орындауда оқушылар оқулықтағы тапсырмаларды шығарып қана қоймай, бір - біріне сұрақтар қоя отырып, диалогтық қарым-қатынас жасады. Сабақтарымда жұпқа берілген тапсырмада да диалогтік оқыту көрініс тапты, себебі әрбір жұптағы оқушы сұраққа қалай жауап беру керектігін сыныптасымен ақылдасып, парақты толтырып отырды. Мысалы, математика сабақтарында жазбаша көбейту және бөлуді орындауға арналған тапсырмаларды бір - біріне түсіндіре отырып орындайды. Құнды сұрақтар қойып, қасындағы сыныптастарынан, басқа оқушылардан жауап алып жатқандығын көріп, топ ішінде тұлғааралық байланыс орнаумен қатар, диалогтік оқыту жүзеге асырылып жатқанын көрдім.

Әрбір оқушының бойында белсенділік, қызығушылық, бәсекелестік сияқты қабілеттер көрініп, оқушылар бір-бірлерімен жақсы қарым-қатынас жасады. Барлық сабақтарымда диалогтық оқыту көрініс тауып жатыр. Алдағы уақытта оқушыларды ашық сұрақтар, құнды пікірлер, идеялар айтуға дағдыландырып, болашақта қиналмауына себепші боламын.

Диалогтік оқытуды ұйымдастыру проблемалық, ақпараттық және түсіндірмелі, иллюстративті мазмұнда және репродуктивті және шығармашылық тапсырмалармен келетінін білдім

Сабақтарда диалогтік оқытуды қолдану

Сабақтың негізгі бөлімінде «Блум таксономиясы», СТО, «Екеуі де», «Джигсо», «Бірге ойлаймыз», «Ойлан, жұптас, бөліс», «Білім биржасы»,

«Көршіңе әңгімелеп бер», «Жалғастыр» әдістерін пайдалану арқылы сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушының білім алуына соншалықты әсер ететіндігіне көз жеткіздім. Әрине сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Менің ойымша, диалогтік оқыту тәсілін ауызша әдебиеттік оқу, дүниетану, жаратылыстану сабақтарында қолданған өте тиімді, нәтижелі болатын сияқты.

Бұл жерде тақырып толық талданады, әркімнің өз идеясы, пікірі бағаланады, бір - біріне сұрақ қойып үйренеді, айтқандарын дәлелдейді, келісімге келуге ұмтылады, ұжымдық түсініске қол жеткізеді.

Әдебиеттік оқу пәніндегі «Шегіртке мен құмырсқа» мысалы бойынша әр топ өз атына сай Шегіртке мен құмырсқа жайлы постерге түсіріп қорғады. Постерді қорғауда әр оқушының ақылға қонымды мәлімет айтуы, әркім өз идеясын қолдауы жақсы шықты.

Талдау кезеңінде проблемалық сұрақтар арқылы өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру мақсатында оқушыларға мысалдан әркімге әсер еткен жері туралы өмірмен байланыстыра өз ойларын ауызша айтуға тапсырма бердім. Оқушылар ақынның мысалда айтқан түйінді идеясын нақтылады.

1-топ осы мысалды ролдік ойын арқылы көрсетсе,

2-топ «Қадамды сұхбат» әдісі арқылы мысалдың «Шегіртке мен құмырсқа» аталу себебін анықтап, тақырыптың негізгі идеясын аша білді. Оқушылар сөйлеуге, ойын еркін жеткізуге, өмірмен байланыстыруға тырысты. Осы сабағымда оқушылар сын тұрғысынан ойлана отырып, мысалдағы Шегіртке секілді адамдардың бұрында да, қазіргі заманда да бар екенін салыстыра айтып, мысалды сатылай кешенді талдау жасау арқылы диалогке түсіп, өз ойларын жеткізіп, интерпретация жасай алды.

Мәліметтерді интерпретациялау негізінде қорытынды жасады.

«Жалғастыр» әдісі оқушыларға өлеңді жатқа мәнерлеп оқуына, кейбір көлемді шығармаларды оқуына, үзінді жаттап айтуларына зор септігін тигізеді. «Мұғалім – оқушы» және «оқушы – оқушы» жағдайындағы қарым – қатынас түсінікті дамытып, мағынаны ашудың елеулі бөлігін құрайды. Оқыту үдерісінің бастапқы кезеңінде сұрақ – жауап әдісі қолданылады.

Себебі, диалог оқушыларды қарапайым ауызша сөйлей білуге үйретіп қана қоймайды, сонымен қатар, тыңдай отырып ұғына білуге және өз ойын жеткізе білуге үйретеді. Қазіргі таңда жұптық, топтық жұмыстың нәтижесінде тапсырманы түсініп, берілген сұрақтарға жауап бере алатын болды. Кейбір өте тұйық, намысшыл оқушылар өздігіне себеп болып, оған түрткі болу керек екенін ұқтым. «Сен мұны білесің, ойланшы...», «Біліп тұрсың, айтып көрші...» – деп ой салып, азда болса жауап берсе, оны мақтақтап, үнемі қолдау көрсетіп отырамын. Дегенмен, намысшылдығының арқасында берілген тапсырманы шама – шарқынша орындап, ойын еркін жеткізе алмаса да, айтуға тырысады.

Оған сын тұрғысынан ойланатын арнайы деңгейлік тапсырмалар беру арқылы, жұптық жұмыста көбіне дарынды оқушымен жұптап, одан жауап алуға болатынына көз жеткіздім. Сабақ соңындағы рефлексияға «СМС жазу», «Бес

саусақ», «БББ», «Білім қоржыны», «Стикер жазбасы» әдістерін әр сабағымда сәтті пайдаланып отырамын. Көрсетілген әдіс-тәсілдер сабақ мақсатына жетуге өте тиімді. Осыларды пайдалану арқылы баланың білімге деген қызығушылығын оятып, терең ойлау қабілетін, белсенділігін қалыптастырады.

Қорыта келе, оқушылардың білетін, білмейтіндігін анықтау үшін жақсы қарым-қатынас, тілдік дағдыларының болуын талап етеді. Әңгімелесу пәрменді құрал болып табылады, оның көмегімен мұғалім оқушылардың оқу үдерісін қолдай және дамыта алады. Сыныпта диалогті пайдалану арқылы мұғалімдер оқушылардың білім сапасына ерекше оң әсер ете алады. Оқушылардың білімі мен ойлау қабілетін зерттеуге шынайы ұмтылу, шығармашылық қабілетті арттыру, оқу үдерісіне барынша қызықтыру үшін ынталандыру болып табылады. Диалогқа түсу үшін ойлау белсенділігін, өз бетімен жұмыс істеуін, яғни сұрақ қою, шағын пікірталас өткізу, мәтін мазмұнын талқылату маңыздырақ. Әңгімелесу диалогтік оқытудың әдісі болғандықтан, жаңа білімді іс - әрекет ережелерін жеңіл меңгертуге жол ашады. Тақырыпты түсінуде, шешуде мұғалім мен оқушының іс - әрекетін ынтымақтастыққа ұйымдастыруға мүмкіндік туады. Диалогтік идея тәсіліне сәйкес, сауалнама мен топтық жұмыс оқушылардың оқуын жақсартуға қабілетті болып табылады.

Оқушылар көбірек білетін адамдармен, сыныптастарымен, мұғалімдермен диалог жүргізген жағдайда білім алуы табыстырақ болады деген тұжырым жасадым.

Мұғалімдер қолданысындағы оқушылар қысқа жауап беретін сұрақтармен салыстырғанда, диалогтық сұхбаттасу мұғалімдер де, оқушылар да білім алуға қомақты үлес қосатын өзара іс-қимылдың шын мәніндегі тиімді түрі болатынына көзім жетті.

Мұғалім сабақ үдерісінде «мінсіз оқушы» қалыптастырғысы келсе, ең алдымен өзінің де жоғары деңгейде сыни ойлау қабілеттерін дамыту керек. Сонда ғана «мінсіз оқушының» бейнесін көре аламыз. Құзырлы оқытудың маңызды факторы мұғалімнің оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп қабылдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2012 жыл
2. Дәріс материалдары
3. «Қазақстан мұғалімі» республикалық журнал, 2012жыл №3
4. «Қазақстан тарихы» республикалық әдістемелік журналы, 2013 жыл №3

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

*Койшиманова Мадина Даулетбековна
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы «Жанкент»
ЖОМ бастауыш сынып мұғалімі*

Мақсаты мен міндеті: белсенді оқыту әдіс-тәсілдерінің сабақ кезеңдерінде тиімді қолдану қажеттілігін түсіндіру.

Оқыту нәтижесі: Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы сабақты тиімді жоспарлау оқушыларды табысқа жеткізу көзі екендігін түсінеді.

Негізгі идеясы белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолдану арқылы табысты оқытуға қол жеткізуге болады.

Әдіс - тәсілдері: түсіндіру, топтық жұмыс, белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы, практикалық тапсырмалар орындау.

Құрал-жабдықтар: компьютер және мультимедиялық проектор, интерактивті тақта, дыбыстық құрылғы.

Құрметті әріптестер, бүгін міне тағы бір сәті түсіп сіздермен заманауи оқыту әдістерінде қолданылып жүрген белсенді оқыту әдісінің тәсілдерін тиімді қолдану туралы қарастырып ой бөліспекпін. Халқымыз “...Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса. Үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса”, деп бекер айтпаған. Мен сіздерден барынша белсенді, өз ойларыңызбен бөлісулеріңізді қалаймын!

1. Дәстүрлі форматта оқыту кезіндегі тиімді әдіс-тәсілдер.

2. Қашықтықтан оқыту барысында қолданылатын тиімді әдістер және цифрлық технологиялар.

1. Дәстүрлі форматта оқыту кезіндегі тиімді әдіс тәсілдер

* «Айқын мақсат қоя отырып»

* «Атаулар туралы үш сұрақ»

* «Case study» әдісі

* «Фишбоун» әдісі

* «Бірлескен оқыту»

* Сұрақтар негізіндегі нұсқаулық

* Әртүрлілік

Z балалары: инновациялар және идеялар ұрпағы

«Зеттер» - бұл барлық алдыңғылардан ерекшеленетін жаңа ұрпақ.

«Зеттер» ақпаратты лезде меңгере қояды, сандық әлемде оңай бейімделеді және таңғаларлық инноваторлық қабілеттерін танытады.

«Зеттерді» жаһандық мәселелер алаңдатады, ғылым, робототехника және өнер қызықтырады. Жаңа ұрпақтың маңызды ерекшеліктері жауапкершілік және мақсаткерлік болашаққа шынайылық тұрғысынан қарау және перспективаға өз өмірін жоспарлау.

«Айқын мақсат қоя отырып»

- -Сабақ басталар алдында тақтаға мақсатты жазыңыз.
- -Оқушылармен өздері оқып жатқандарын неліктен оқитыны туралы әңгімелесіңіз.
- -Қысқа мерзімді мақсаттарды ұзақ мерзімді мақсаттармен сәйкестендіріңіз
- -Оқушылар сабақтың пәннің мақсаттарын айқын түсінгеніне көз жеткізіңіз.
- -Мақсаттарды оқушылармен бірлесіп әзірлеңіз.

«Атаулар туралы үш сұрақ»

Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты мынандай мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

- 1.Қайда? Бұл терминдерді сіз қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?
- 2.Қалай? Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?
- 3.Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсыз?

Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы тиімді.

CASE STUDY әдісі келесі дағдыларды дамытады:

1. Аналитикалық дағдылар: Нақты және логикалық ойлау қабілеті. Бұл әсіресе, ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.
2. Тәжірибелік дағдылар: Кейсте көрсетілген нақты жағдайлармен салыстырғанда мәселенің күрделілігі төмен деңгейі экономикалық теорияларды, әдістер мен принциптерде қолданылатын тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.
3. Шығармашылық дағдылар. Ережеге сай жалғыз CASE пен мәселе шешілмейді.

Мұнда логикалық жолмен шешілмейтін, альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.

4. Коммуникативті дағдылар. Олардың ішінен төмендегілерді атап айтуға болады: дискуссияны жүргізу шеберлігі, қоршаған адамдардың көзін жеткізу. Көрнекі материалды және басқа медиа заттарды қолданып топтарға бірлесу, өз көзқарасын қорғау, қысқа да нұсқа есеп дайындау.
5. Әлеуметтік дағдылар. Талқылау барысында CASE те нақты әлеуметтік дағдылар қалыптасады: адамдардың өзін өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама қарсы көзқарасты дәлелдеу, яғни өзін өзі ұстау.
6. Өзіндік саралау. Пікір талас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді. Туындаған моральдық

және этикалық мәселелер оларды шешудің әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруды талап етеді.

Фишбоун әдісі.

Бұл стратегия проблемаларды анықтау және одан шығу жолдарын қарастыру моделі болып табылады. Бұл балық сүйектерін тігінен көлденең орналастыруға болады. Жазылым қысқаша жазылуы тиіс.

Балық басына: зерттелетін, қаралатын, талқыланатын тақырып жазылады. Оң жақ қабырға сүйектеріне: анықтаған проблема себептері, тақырыптың негізгі мазмұндары мен түсініктері жазылады.

Сол қабырға сүйектеріне: проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілер жазылады.

Балықтың құйрығына: анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындылау сұрағына жауап жазылады.

Бірлескен оқыту.

Аралас қабілеттері бар оқушыларды шағын топтарда немесе жалпы сыныпта сабақ өткізуге ынталандыру арқылы бірлесіп жұмыс істеуге шақырыңыз. Өз идеяларын ауызша білдіре отырып және басқаларға жауап бере отырып, сіздің оқушыларыңыз өзіне деген сенімділікті арттырады, сонымен қатар өмірлік маңызы бар қарым-қатынас және сыни ойлау қабілеттерін жетілдіреді.

Мысалы: математикалық жұмбақтарды шешу, ғылыми эксперименттер жүргізу және қысқа драмалық эскиздерді ойнау.

Сұрақтар негізіндегі нұсқаулық.

Оқушыларды өз бетінше ойлауға және тәуелсіз оқушы болуға шабыттандыратын жетекші сұрақтар қойыңыз. Оқушыларды сұрақ қоюға және өз идеяларын зерттеуге ынталандыру олардың мәселелерді шешу дағдыларын жетілдіруге, сонымен қатар академиялық ұғымдарды тереңірек түсінуге көмектеседі. Екеуі де маңызды өмірлік дағдылар. Сұраулар ғылыми немесе математикаға негізделген болуы мүмкін, мысалы: менің көлеңкем неге өзгереді? «немесе» екі тақ санның қосындысы әрқашан жұп сан бола ма?

Әртүрлілік

Ешкім артта қалмас үшін тапсырмаларды оқушылардың қабілеттеріне қарай бөлу арқылы оқуды саралаңыз.

Әр түрлі күрделіліктегі жұмыс парақтарын оқушылардың әр түрлі топтарына таратуды немесе бүкіл сыныпқа бірнеше жұмыс станцияларын орнатуды қамтуы мүмкін, сонымен қатар, **Quizalize** сияқты білім беру құралын пайдалану сізге бірнеше сағатты үнемдеуге мүмкіндік береді, өйткені ол сіздің оқушыларыңызды автоматты түрде топтастырады. Осылайша сіз жек оқушылардың және бүкіл сыныптың оқуындағы олқылықтарды оңай анықтай аласыз.

2. Білім беру цифрлық технологиялары оқу процесінің сапасы мен тиімділігін арттыру әдісі ретінде

Google Forms - бұл **Google G-Suite** онлайн құралдар қорабының бөлігі. Бұл көп ақпарат алудың жылдам әрі қарапайым тәсілі.

Пішіндім қолдану қауымдастық үшін байланыс тізімін құру немесе іс-шара ұйымдастыру үшін өте жақсы қолданылады. Кейбір қарапайым өзгертулердің көмегімен мұғалімдер тіпті соңғы материал бойынша тест құрастыра алады.

Forms Google, бағдарламалық жасақтамасының бір бөлігі болғандықтан, оны пайдалануға мүлдем ақысыз.

Wooclar бағдарламасы

Wooclar - интернеттегі тест және сауалнама құрастырушысы.

Wooclar сізге нақты уақыт режимінде оқу материалын игеру деңгейін бағалау үшін сауалнамалар құруға мүмкіндік береді.

Альтернативтері **ahaslides** және **mentimeter**

Google Jamboard - бұл интерактивті кеңсе тақтасы түріндегі жаңа қызмет, ол командаға өз идеяларын Jamboard - та көрсетіп, қарапайым тақтадағыдай сурет салу арқылы оңай жеткізуге көмектеседі.

Экранды жазуға арналған қосымшалар.

ҚО-да скринкасттарды пайдалану

Скринкастинг (хабар тарату) - пайдаланушының компьютерінде жазып, бейне легін кең аудиторияға жолдауға мүмкіндік беретін подкастинг түрі

Скринкастинг-интернет арқылы қашықтықтан оқытудың ең заманауи және танымал тәсілдерінің бірі. Онлайн оқыту саласында қарқынды дамып келе жатқан жол.

Инфографиканы құруға арналған қызметтер:

Visme. Презентациялар, анимациялар, баннерлер, ИНФОГРАФИКА жасау үшін ыңғайлы және қарапайым конструктор, ақысыз және ақылы шаблондардың көп саны. Нәтижені PNG, JPEG немесе PDF форматында сақтауға болады. ROWTOON, ИНФОГРАФИКА, есептер, бейне презентациялар және т.б жасауға мүмкіндік береді.

Piktochart, ИНФОГРАФИКА, презентациялар, постерлер мен парақшалар жасаудың тамаша қызметі. Сильді, қызықты үлгілер. Түрлі құралдар: графиктер, диаграммалар, гистограммалар.

Pixir Adobe Photoshop. Infogram. Қызмет инфографиканы оңай және тез жасауға мүмкіндік береді. График, диаграмма, сурет, тақырып, дәйексөз, мәтін өрісі, жұмыс бұлт қоймасында сақталады.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН СЕПТІКТЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Қаныбекова Гульзагира
Түркістан қаласы, Шардара ауданы «Қызылқұм» ЖОМ
бастауыш сынып мұғалімі*

Мақсаты: Бастауыш білім беретін мектептердегі оқу - тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс - тәсілдерін пайдалана отырып, бастауышта назардан тыс қалып келе жатқан тіл білімінің бір саласы – морфологияның зерттеу нысандарын, атап айтқанда, бастауышта септік жалғауларын оқыту, сол арқылы жас ұрпаққа бүгінгі тіл біліміндегі жетістіктердің элементтерін меңгерте отырып, білімді, тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосу.

Міндеті: Бастауышта септік жалғауларын меңгерте отырып, оқушыларға грамматикалық тапсырмалар дайындау жүйесін жасау, шеңберін кеңейту. Білім берудегі педагогикалық инновациялық әдістемелерге сүйене отырып, тіл білімінің бір саласы – морфологиядан талапқа сай білім беру.

Қазіргі кезде әдістемеде «жобалау», «кұрастыру», «жаңа технология», т.с.с. жаңа сөздер шыққан. Мектептегі педагогикалық технологияның тез дамуына байланысты басқа да әр түрлі бағыттар айқындалып келеді. Мысалы: шығармашылық жұмыстар, білімдерді бақылаудың түрлері т.б.

Мұнда көңіл аударатынымыз: теориядан шығатын технология, тәжірибеден шығатын технология.

Педагогикалық технологияны тәжірибеге енгізу тексеруді және оның психологиялық механизмдерін негіздеуді талап етеді. Технологияны сипаттауда психикалық материалдарды табу, таным процестерін жақсы білу өте маңызды нәрсе болып есептеледі.

Қандай да болмасын, мектепте, әсіресе бастауыш сыныптарда қолданылатын технология жеке тұлғаның ойдағыдай қалыптасуына ықпал етіп, баланың өзімен - өзі, айналадағы адамдармен, отбасымен, құрбы - құрдастарымен дұрыс қарым - қатынас жасай білуге тәрбиелеуді іске асыратындай болуға тиіс.

Жұмысымыз бастауыш мектептің қазақ тілі сабақтарында септік жалғауларын оқытуға, бастауыштағы диктант, шығармалардың сауаттылығын арттыруға жәрдемін тигізеді. Оқушының ой белсенділігін, жұмыс істеу қабілеттілігін арттыруға, оқушылардың тілін дамытуға ықпал етеді.

Осы күнгі оқу бағдарламаларының басты бір ерекшелігі мектепте оқытылатын пәндердің өзара мазмұндық байланысын арттыру болып табылады. Әр пәнді оқытуда оқушылардың басқа пәндерден алған білімдерін ескеру, оны орынды жерінде пайдалану шәкірттердің көзқарастарын қалыптастыруда үлкен роль атқарады.

Оқыту процесіне қойылатын талаптардың бірі – білім беру мен тәрбиелеу, екінші сөзбен айтқанда, оқушының ой белсенділігін, жұмыс істеу

дағдысын шығармашылық қабілетін дамыту деген сөз. Қабілеттің дамуы, дағдының қалыптасуы оқушының нақты іс - әрекеті арқылы көрінеді.

Елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы өзгерістер білім беру саласына жаңаша қарауды, мұғалімнен оқу – тәрбие үрдісін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды, оқытушылардан танымдық, шығармашылық потенциалдық дамуды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді.

Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы, барлық жаңалықтармен қатар тұру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым – қатынасқа өту қажеттілі туындайды.

Қазақ тілін меңгерту үшін оның грамматикасын меңгертуіміз қажет. Қазақ тілінен терең білім беруде грамматикалық тапсырмалар мұғалімнің де, оқушының да шығармашылықпен ізденуіне жол көрсетеді.

Заттың атын білдіретін сөздер туралы бастапқы түсінік 1 сыныпта беріледі. Ол сөздердің кім?, не?, кімдер?, нелер? деген сұрақтарға жауап беретіндігі сондай-ақ кім?, не? және кімдер?, нелер? деген сұрақтардың бір немесе көп заттың атын білдіретін сөздерге қойылатындығы айтып түсіндіріледі. Заттың атын білдіретін сөздердің қимыл, іс-әрекеттің иесін білдіретіні айтылады.

2 сыныпта зат есімнің жекеше, көпше түрлері, жалқы және жалпы есімдер жайлы айтып, оқушылардың зат есім туралы түсінігі кеңейтіледі. Заттарды топтап айта және жаза білуге үйретіледі. /ағаш, қарағай, терек, емен, т.б. үй құстары, тауық, үйрек, қаз, т.б. киім-кешек: көйлек, шұлық т.б./.

Сайып келгенде, біздің қарастырғалы отырған тақырыбымыз «Зат есімнің септелуі». «Зат есімнің септелуі» тақырыбы алғаш рет 3 сыныпта оқытылып, 4-сыныпта толықтырылады да, жоғары сыныпта күрделене түседі. Мен мысалыға оқушыларға септік жалғауларын өткенде әуелі оның синтаксистік қызметімен сонан соң септік жалғауларының топтасуымен осыған байланысты қалыптасатын терминдермен жалпылама таныстырамын. Осыдан кейін ғана әр септікке жеке-жеке тоқталамын. Әр септікті өткенде зат есімнің жай және тәуелдеулі септік түрлерімен салыстыра түсіндіру керек. Септіктіктерді оқытуды халық ертегісінен бастауды ұсынамыз

Ерте - ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, зат есімнің жерінде қазақ тілі елінде Септік деген шал болыпты. Елде жұт болып ашаршылық жайлапты.

Бұл ашаршылық Септік шалдың үйіне де келіпті. Атау атты ұлы қайтыс болғанда шал ағашқа аттың қылын керіп, тиегінің орнына қатыпты да үнсіз

егіліпті. Ай өткен соң Ілік деген ұлы өлгенде тағы бір ішек тағып, «ненің зияны, кімнің көзі тиді екен?» - деп егіледі.

Ай өткен соң Барыс атты ұлы дүниеден өтті. Сонда шал тағы да үшінші ішек тағып «кімге айтып жылайын, неге ғана өлді екен?» - деп жоқтау айтады. Табыс атты ұлы өлгенде «нені айтып, кімді ғана қорғайын?» - дейді. Жатыс атты ұлы да аштықтан өлгенде алғашқы бесінші ішек тағылып, «неде? кімде? екен себебі?» - деп жылайды. Шығыс ұлы да қайтыс болады, алтыншы ішек тағылып «неден қайтыс болдың? Кімнен нені сұраймын?» - деп егіледі. Ал жетінші ұлы Көмектесі де сол ашаршылықтан қайтыс болғанда «кіммен өмір сүрмекпін? Немен енді шұғылданамын?» - деп жоқтау айтып егіледі.

Содан 7 ішек, 7 тиек тағылып «жетіген» аспабы пайда болыпты. Осы аспап арқылы шал мұңын халыққа жеткізген екен дейді.

Балаларға септік жалғауларын меңгертуде түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Мысалы, түрлі ойындар, тапсырмалар.

Бұл ойын «Алдын ойла, кейін ойна» - деп аталады. Бұл ойында сендер мен айтқан сөздерді мына қоржынға саласындар, - деп кішкене қоржын көрсетілуі керек. Қоржынның бір жағы – атау септігі, ал екінші жағы – ілік септігі. Қоржында А, І әріптері белгіленген. Оқытушы сөздерді атайды. Олар қоржынның қай жағына салынатынын айтып отырады. Орамал, сумканың, бұзаудың, гүл, парта, терезенің тағы басқа да көп сөздерді айтуға болады. Содан соң оқытушы: енді қоржынға сөзді өздерің ойлап саласындар дейді. Олар ынтамен қызыға ойнап, көп мысалдар келтіреді.

Әр септіктерді оқыту барысында әртүрлі тапсырмалар ұсынылады. Ойынның шартын түсіндіріп, тапсырманы түсіндіріп болған соң ойын басталады. Тақтаға мыналар жазылады.

- шөп керек
- сүт керек
- су керек
- нан керек

Осы тапсырманы әр оқушы әр түрлі жазып шыққан.

Тапсырманы тексерген кезде олар мына сөздерді пайдаланған.

Сиырға, қойға, жылқыға, ешкіге, түйеге, мысыққа, балаға, бөпеге, қозыға, лаққа, балыққа, адамға, өсімдікке, қауынға, егінге, ағашқа, адамдарға, күшікке, Жомартқа, Сәулеге, қыздарға т.б.

Сюжетті сурет бойынша әңгімелер құрап жазу. Жазылған сөйлемдердегі септік жалғауы жалғанған сөзді тауып, астын сызу, жалғауын атап көрсету. Бір оқушының жазған әңгімесі. «Табиғат егіз адаммен» деген үлкен сюжетті сурет бойынша жазылған әңгіме.

Табиғат егіз адаммен

Біздің ауылдың табиғаты жақсы. Табиғаттың байлығын қорғау керек. Құстар – біздің досымыз. Мен құстарға ұя жасадым. Жерді, суды, ауаны, қорғау керек. Мен «Ұлан» газетінен оқыдым. Семей мен Арал балаларының жағдайы жайлы. Мен үлкендерге айтар едім, ешкім ауаны, жерді, суды лайламасын деп.

Табиғатсыз адамның өмір сүруі мүмкін емес, деп маған атам айтқан. Мен атаммен әжемнен көп әңгімелер тыңдаймын. Олар барлық нәрселерді қадірлей біледі. Өскенде менде осындай боламын.

Бастауыш мекептерде оқытылатын қазақ тілі пәнінің басты бөлімі – зат есімнің септелуі.

Оқушылардың жалпы білімін, ой - өрісін, сауаттылығын, тіл мәдениетін арттыруда, септік жалғауларын оқытудың маңызы ерекше.

Бастауыш мектептердегі сөз таптарын оқытуда алға қоятын ең басты мақсаты – оқушыларға ана тілінің заңдылықтарын, грамматикалық құрылу ерекшеліктерін білгізу, оның байланыстарын меңгерту. Балалар бастауыш сыныптарда ана тілінің негізгі нормасын меңгереді.

Септік жалғауларын меңгеру балаларды тілдік құбылыстарды бақылай алуға, талдауға, салыстыруға, топтасуға, жүйелеуге, қорытынды жасауға, дәлелдеуге, сөз бен сөзді байланыстыра сөйлеуге дағдыландырады. Алдымда отырған оқушылар бұрынғы сабақтарымда «Мен қанша алдым?» деп сұрайтын еді, қазіргі сабақтарымда «Апай, мен былай жауап бергім келген, мен былай ойладым» деген сияқты пікірлер білдіре бастады.

МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫНЫҢ “ТӨРТБҰРЫШТАР” ТАҚЫРЫБЫН ОҚИТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДА ҚОЛДАНУ

*Абдуллаева Феруза Махмуджановна
Педагогика ғылымдарының магистрі*

Түрістан қаласы, Н.Некрасов атындағы №9 мектеп – гимназия

Математика пәнінің мұғалімі


1.Төртбұрышта ұғымын енгізудің әр түрлі мүмкіндіктері

Төртбұрыш тақырыбы - VIII сыныптың геометрия курсына өтілетін алғашқы тақырып. Жазғы демалыс кезінде оқушылар алдыңғы оқу жылында өтілген негізгі бағдарламалық материалды ұмытыңқырап қалады. Сондықтан VIII сыныптың алғашқы екі-үш сабағында алдымен VII сыныптағы негізгі геометриялық материалдарды белгілі бір жүйе бойынша қайталап өткен жөн:түзу және кесінді, бұрыштар (оларды анықтау, орналасуы, салыстыру), үшбұрыштар (анықталуы мен орналасуы, түрлері, қасиеттері мен белгілері), соның ішінде негізгі геометриялық фигуралардың элементтерін жазықтықтағы түзу мен нүктелер арқылы құрылатындығын ескерген жөн.

1. Барлық төртбұрыштар екі класқа – қарапайым емес және қарапайым төртбұрыштарға бөлінеді;

2. Барлық қарапайым төртбұрыштар екі класқа – дөңес және дөңес емес төртбұрыштарға бөлінеді.


Бұл тұжырымдарды сызба түрінде ұсынуға болады:




Элементар геометрия курсына тек қарапайым дөңес төртбұрыштар ғана қарастырылады.

Енді дөңес төртбұрыштардың қандай қалыпта болатынын, олардың арасында қандай байланыстардың бар екендігін анықтау міндеті қойылады.

Осы мақсатты оқытушы қалың картон немесе фанерде жатқан, төрт буыннан тұратын қозғалмалы сынық сызық моделін көрсетеді: Бір (BC) буыны фанерге тұтастай бекітілсе, қалғандары қозғалмалы болып қалады (1- сурет). Сынық сызықтар А нүктесінде тоғысқан кезде жалпы түрдегі төртбұрыш алынады (2-сурет).



1-сурет




2-сурет


D нүктесі маңында сынған сызықтың бір (AD) буынын айналдыра отырып, оны қарама-қарсы BC-ға параллель болатындай етіп, бағыттау керек ($AD \parallel BC$);

екі қарама-қарсы қабырғалары параллель, ал қалған екі қабырғасы параллель емес – төртбұрыш A1BCD трапециясы алынады (3- сурет).


Осыдан соң төртбұрыштың (2-сурет) AD қабырғасын D нүктесінен $AD \parallel DC$ болғанша, ал AB қабырғасын B нүктесінен $A_2B \parallel CD$ болатындай етіп жылжытамыз. Сонда жаңа төртбұрыш - A2BCD параллелограммын аламыз (4- сурет).



3-сурет




4-




5-сурет

Осыдан кейін параллелограмм формасын өзгерту арқылы ромб аламыз (5-сурет). Параллелограмнан ромб алу үшін оның кіші қабырғаларының бірін параллель қабырғасына параллелдігін сақтай отырып, іргелес қабырғаларымен тең болғанша жылжытамыз. Бұл жерде параллелограмның түрлік ерекшелігі – қарама-қарсы қабырғаларының параллельдігі сақталады.



6-сурет



7-сурет

Параллелограмның қозғалмалы моделінің көмегімен оның бұрыштарының бірін тік болғанша өзгертеміз. Параллелограмның қалған бұрыштарының да тік болатындығын дәлелдеу оңай. Тіктөртбұрыш деп аталатын жаңа параллелограмм алынады (6-сурет).

Параллелограмнан тік төртбұрыш алынғандай, ромбының қозғалмалы моделінен квадрат аламыз. Квадрат - тік бұрышты ромб (7-сурет).

Өзіндік жұмыс тәртібінде сыныпта немесе үйде оқушылар тікбұрышты деформациялай отырып, квадрат ала алады; бұл жағдайда квадрат іргелес қабырғалары тең тікбұрыш ретінде анықталады.

Енді төртбұрыштар жіктмесіне тоқталуға болады. Бірақ бұл жіктеме қатаң логикалы болып табылмайды, ол бірдей ортақ негізге ие емес. Іс жүзінде, барлық дөңес төртбұрыштарды жіктеу кезінде негізгі жіктеме ретінде алдымен қарама-қарсы қабырғалардың өзара орналасуы - олардың параллель немесе параллель еместігі қабылданып, дөңес төртбұрыштар үш түрге: қабырғалары

параллель емес төртбұрыштарға, трапециялар мен параллелограмдарға жіктеледі.

Параллелограмдарды іргелес қабырғаларының тең немесе тең еместігіне (параллелограмм және ромб), сонымен бірге тікбұрыштың болмауы немесе бойынша жіктейміз (параллелограмм және тік төртбұрыш). Ромбылар жіктемесі тік бұрышының болуы немесе болмауына байланысты (параллелограмм және тік төртбұрыш). Тік төртбұрыштар іргелес қабырғаларының тең не тең еместігіне байланысты жіктеледі (тік төртбұрыш және квадрат).

Трапециялар қабырғаларының ұзындығы бойынша жіктеледі (тең бүйірлі, тең бүйірлі емес трапеция); одан соң тең бүйірлі емес трапеция өз кезегінде тікбұрышты және кез келген трапеция болып бөлінеді. Трапециялардың бұл жіктемесін төртбұрыштардың ортақ жіктемесімен байланысты келтіруге болады. Төртбұрыштардың, жекелей алғанда дөңес төртбұрыштардың жіктемелік сызбасы әр түрлі. Оның негізінде параллелограммадағыдай трапецияның да туыстық белгілері бар, өз кезегінде трапецияның бұрын қабылданған анықтамасымен байланысты болады; трапеция дегеніміз екі қабырғасы параллель, ал қалған екеуі параллель емес төртбұрыш. Бұл анықтамада трапецияның екі белгісі көрсетілген: қабырғалардың бір жұбының параллель екінші жұбының параллель еместігі. Егер екінші түрлік белгіні алып тастасақ, апараллелограмм бүйір қабырғалары параллель трапеция ретінде анықталатын болады. Мұндай жағдайда төртбұрыштар жіктемесінде мынадай өзгерістер болады:

а) дөңес төртбұрыштар үшке емес, екіге бөлінеді: қабырғалары параллель емес төртбұрыш және трапеция;


б) тең бүйірлі және тең бүйірлі емес трапеция;

в) кезекті жіктеме өзгеріссіз қалады.

Бұл жіктеме төртбұрыштардың жіктемесі болуына толықтай құқы бар.

Әдістемелік соңғы әдебиеттерде дөңес төртбұрыштардың нақтылы жіктемесі дұрыс, әрі логикасы анық деп есептеледі.

Төртбұрыштарды жіктеу схемасы



Егер параллелограмды бүйір қабырғалары параллель трапеция ретінде анықтасақ, онда «трапецияның бүкіл қасиеттері автоматты түрде параллелограмға өтеді». Егер төртбұрыштардың жоғарыда келтірілген

жіктемесі бойынша трапецияның алғашқы анықтамасын қабылдасақ, онда барлық әдістемелік қиындықтар қалып қояды.

Төртбұрыштарды, жекелей алғанда дөңес төртбұрыштар жіктемесін құрудың мазмұндалған процесі дөңес төртбұрыштардың әрбір жеке түрінің түзілуінің генетикалық сипатын айқын түрде түсіндіруге мүмкіндік береді: параллель емес қабырғалары бар төртбұрыштан трапециялар мен параллелограмдар, параллелограмнан- ромбы мен тіктөртбұрыштар алынады.

Осы генезисті – бір фигураның екіншісінен шығуын түсіндіру – сол геометриялық образдарды анығырақ қабылдауға, олардың арасындағы байланыстарды түсіндіруге көмектесетін, осының шамасында бір ортақ фигура қасиеттерін оның жекелеген түрлеріне таратуға мүмкіндік береді.

Дөңес төртбұрыштың жекелеген түрлерінің анықтамасын құру кезіндегі генетикалық байланыстарды түсіндіру ерекше маңызға ие: оқушылар алғаш рет ұғымның тектік және түрлік белгілерінің салыстырмалы сипатын түсіндіру мүмкіндігіне ие болады. Сонымен, мысалы дөңес төртбұрыштың қарама-қарсы қабырғаларының қос жұбының параллелдігі оның түрлік белгісі болып табылады да, осының салдарынан осы төртбұрышқа параллелограмм атауы беріледі. Ал тіктөртбұрыш немесе ромб анықтамасындағы сол белгі қарама-қарсы жақтардың қос жұбының параллелдігі - тектік белгісі болып табылады. Осы ойды ерекше айқын ету үшін, оқушылардан мынадай түрлендірулерді айтқан жөн: кез-келген параллелограмм төртбұрыш болғанымен, кез келген төртбұрыш параллелограмм емес.

2. Параллелограммның анықтамасын оқып-үйрену технологиясы


Ұғымның көлемі кең болған сайын, оның мазмұны кедейлене береді және керісінше ұғымның көлемі неғұрлым тар болған сайын мазмұны байып түседі. Мысалы, төртбұрыш ұғымының белгілеріне екі қабырғасы параллель болсын дегенді қосатын болсақ, онда ол трапеция ұғымын береді. Егер оған тағы басқа екі қабырғасы да параллель болсын деген белгі қосатын болсақ, онда ол параллелограмм ұғымы болып шығады. Параллелограммның қарама-қарсы қабырғалары параллель және тең, диагональдары бір нүктеде қиылысып қақ бөлінеді т.б. белгілеріне барлық қабырғалары тең деген белгіні қосатын болсақ, онда ол ромб болады. Ойлау үрдісінде түрлік және тектік ұғымдарды және олардың арасындағы бағыныштылық қатынастарды айыра білу үлкен рөл атқарады.

Сондықтан математиканы оқытуда мұғалім де, оқушы да ұғымдар арасында қандай қатынастар бар екендігін айқын білуі тиіс. Оқыту тәжірибесі бұл мәселені оқушылардың дұрыс түсінбейтін жағдайларының да жиі кездесетінін көрсетуде. Мысалы, төртбұрыштар тақырыбын өткен кезде мұғалім мынандай сұрақ қояды: Тіктөртбұрыш пен параллелограммның айырмашылығы қандай? Квадрат пен тіктөртбұрыштың ұқсастығы мен айырмашылығы неде? Бұл сұрақтардың қойылуындағы негізгі кемшілік параллелограмм ұғымы тіктөртбұрыш, ал тіктөртбұрыш ұғымы квадрат ұғымына қатысты алғанда тектік ұғым болып табылатындығын ескермегенінде болса керек. Тектік

ұғымды түрлік ұғыммен салыстырудың ешқандай мағынасы болмайды, себебі түрлік ұғымда тектік ұғымның барлық қасиеттері де болады. Мұндай жағдайда дұрыс сұрақ мынадай болуы мүмкін:

Тіктөртбұрыш қандай белгілер арқылы параллелограмнан ажыратылады? Қандай белгісі бойынша тіктөртбұрыш квадрат бола алады?


Ендігі кезекте бірінші жолмен параллелограмм ұғымының анықтамасын тұжырымдауға қалай келетінін қарастырайық. Бірнеше төртбұрыштар берілсін (8-сурет).



8-сурет

Оқушылардың назары төртбұрыштардың қабырғаларының орналасуына аударылады. Бақылау және салыстыру нәтижесінде төртбұрыштардың ішінде екі қабырғасы параллель (4), (7); параллель қабырғалары жоқ (1) және қарама-қарсы екі жұп қабырғалары параллель болатын төртбұрыштардың (2), (3), (5), (6) бар екендігін оқушылар көреді. Қарама-қарсы қабырғалары параллель төртбұрыштарды бұдан былай параллелограмм деп аталатындығы айтылады. Содан кейін анықтама тұжырымдалады.

Параллелограмм ұғымы қандай фигуралардың ішінен және қандай белгілер бойынша бөліп алынғандығы айтылады. Сонымен параллелограмм анықтамасында анықталатын ұғым - параллелограмм, параллелограмм ұғымының тегі-төртбұрыш, ал түрлік белгісі – қарама-қарсы қабырғалары параллель, яғни параллель түзулер бойында жататын кесінділер болатындығы тағайындалады. Мынадай көпбұрыштарды қарастырайық.



9-сурет

Осы көпбұрыштардың ішінен қайсысы параллелограмм, ромб, квадрат және трапеция болатындығын ажыратуға арналған жаттығулар орындалады. Мысалы, төртбұрыштардың ішінен параллелограмды бөліп алуды қарастырайық.

Алдымен параллелограмның анықтамасы тұжырымдалып, оның негізгі белгілері:

а) төртбұрыш,

ә) қарама-қарсы қабырғалары параллель болатындығы тағайындалады.

(1) фигура төртбұрыш, бірақ оның екі қабырғасы параллель де, былайғы екі қабырғасы параллель емес. (5) фигураның қарама-қарсы қабырғалары параллель болғанымен, ол төртбұрыш емес. Сондықтанда бұл фигуралар параллелограмм болмайды. (2),(3),(7),(8) фигуралар параллелограмм болады.

Әрбір оқушының теориялық бөлім материалдары бойынша қысқаша конспект жасауын, оны қысқа-нұсқа үлгіде жасай білу дағдысын қалыптастырғаны жөн. Мұның бірнеше ұтымды жағы бар:


- тақырыпты тереңірек түсінуге баулиды;
- тақырыптардың өзара байланыстарын сезінеді, байқайды;
- соның салдарын оқушының геометриялық есептерді шығаруға ынтасы артады;
- материалдың оқушы жадында ұзақтау мерзімге сақталуына көмектеседі;
- оқушының өз мүмкіндігіне сенімі артып, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыланады;
- нәтижесінде бала өз бетінше білім алуға дағдылана бастайды.

Параллелограмм анықтамасын енгізуде оқушылардың басты назарын анықтаманың өзіне емес, оның мағынасына аудару қажет. Басқаша айтқанда, егер шартта : «ABCD төртбұрышы -параллелограмм...», делінсе, онда оқушылар параллель қабырғаларды анықтай алуы керек: $AB \parallel CD$, $BC \parallel AD$ және оларды есеп шығару кезінде немесе есеп берілгенін қысқаша жазып алу үшін қолдануы тиіс. Бұл дағдыны қалыптастыру бүкіл тақырыпты оқып-үйрену процесінде өтеді.


Әдеттегідей, анықтаманы енгізгенде оқушылардың назарын барлық төртбұрыштардың ішінен нақты түрін, атап айтар болсақ, параллелограмды айқындауға мүмкіндік беретін белгілерге (берілген жағдайда қарама-қарсы қабырғаларының параллелдігі) аудару қажет. Параллелограмның анықтамасын бекіту үшін оқушыларға дайын сызбалар бойынша төменде келтірілген ауызша есептерді ұсынуға болады.

Алғашқы үш есеп, параллелограмм анықтамасына келтіре білу дағдысын қалыптастыруға, ал төртіншісі параллелограммның анықтамасын қолдана білу дағдысын қалыптастыруға бағытталған.

1. а және b түзулерінің с және d түзулерімен қиылысуы нәтижесінде төртбұрыш пайда болады.
2. Егер: а) $a \parallel b$, $c \nparallel d$; б) $a \parallel b$; $c \parallel d$; в) $a \nparallel b$; $c \nparallel d$ (10-сурет) болса, осы төртбұрыш параллелограмм болатынын анықтаңыздар.



10-сурет




11-сурет


3. ABC үшбұрышында AB және CD қабырғаларына параллель DG және FG түзулері жүргізілген. AFGD төртбұрышының (11-сурет) түрін анықтаңыздар.

4. ABCD параллелограммының AB қабырғасына параллель FG түзуі жүргізілген. ABFG төртбұрышының түрін анықтаңыздар (12-сурет).

5. ABCD параллелограммының A төбесінен шығып, BC қабырғасын F нүктесінде қиятын биссектриса жүргізілген. ABF үшбұрышының тең бүйірлі болатынын дәлелдеңіздер (13-сурет).



12-сурет



13-сурет

Анықтама қарама-қарсы қабырғалары параллель болып келген төртбұрыш параллелограмм деп аталады.

ABCD параллелограммы кескінделген: $AB \parallel CD$, $AD \parallel BC$. Параллелограмм-дөңес төртбұрыш.

3. Параллелограмның белгілері мен қасиеттері туралы теоремаларды дәлелдеуге үйрету және оларды қолдану

Параллелограмм белгілерін дәлелдемес бұрын оқушыларға олардың бұдан бұрын “белгі” ұғымымен кездескенін еске түсіру қажет, мәселен: тең бүйірлі үшбұрыш белгісі, параллель түзулер белгісі, т.с.с.

Параллелограмды оның тең және параллель қабырғалары бойынша дәлелдеуде анықтамаға келтіру әдісі пайдаланылады.

Параллелограмм белгісін дәлелдеу айтарлықтай жеңіл, сондықтан оны сыныпты белсенді белсенді түрде қатыстыра отырып орындауға болады. Мәселен былай :

1. Теореманы оқып үйрену оның құрылымынан басталады. Сонан соң оның құрылымынан шарты (ABCD-төртбұрыш, $DC=AB$, $DC \parallel AB$) мен

қорытындыны (ABCD-параллелограмм) бөліп алып, теореманың шарты мен қорытындысын қысқаша жазып аламыз.

Берілгені: ABCD-төртбұрыш,
 $DC=AB, DC\parallel AB$.

Д.К: ABCD-параллелограмм.

2. Сонан соң қосымша салу орындалады: AC-диагонали.
3. ABC және ADC үшбұрыштарының теңдігі дәлелденеді.
4. Үшбұрыштарының теңдігінен бұрыштардың теңдігі туралы қорытынды жасалады.

Параллелограммның қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарының қасиеттері туралы теореманың дәлелдеуі жеңіл, сондықтан оны оқушылардың белсенді қатысуымен жүргізуге болады. Егер оған оқушылардың білімдерінің деңгейі жеткіліксіз болса, оны келесі сценариймен жүргізуге болады. Алдымен үлгерімі жоғары оқушылардың біріне тақтада келесі есепті шығаруды ұсыну керек (үй тапсырмасын тексеру кезінде).

Есеп: ABCD параллелограммында AC диагонали жүргізіген. ABC және ADC үшбұрыштарының тең екендігін дәлелдеу керек.

Есептің шығарылуын талдап болған соң келесі қорытынды жасауға болады: ABC және ADC үшбұрыштарының теңдігінен $AB=CD$ және $AD=BC$ қабырғаларының теңдігі, ABC мен CDA бұрыштары мен DAB және BCD бұрыштарының теңдігі-ABC және ADC үшбұрыштарының тең бұрыштарының қосындысынан шығады.

Параллелограммның қарама-қарсы қабырғаларының қасиетін бекіту үшін оқушыларға төменде келтірілген ауызша есептерді ұсынуға болады:

1. ABCD параллелограммының AB және BC қабырғалары сәйкесінше 9 см және 6 см. CD және AD қабырғалары неге тең?
2. ABCD параллелограммының AB және BC қабырғалары сәйкесінше 9 см және 6 см. ABCD параллелограммының периметрі неге тең?
3. Параллелограммның периметрі 28, оның бір қабырғасы 9 см. Параллелограммның барлық қабырғасын тап.
4. Параллелограммның периметрі 38. Параллелограммның көршілес жатқан қабырғаларының қосындысы неге тең?

Ауызша есепті параллелограммның қарама-қарсы бұрыштарының қасиетін бекітуге де ұсынуға болады:

1. ABCD параллелограммының $\angle A=43^\circ$. Параллелограммның қалған бұрыштарының градустық өлшемін табыңыздар.
2. Параллелограммның қарама-қарсы екі бұрышының қосындысы 132° . Осы бұрыштардың әрқайсысының градустық өлшемін табыңыз.
3. Параллелограммның екі бұрышының қосындысы 120° . Бұл бұрыштар параллелограммның бір қабырғасына тиісті болуы мүмкін бе?
4. Параллелограммның бір бұрышы екіншісінен 12° кіші. Бұл бұрыштар қарама-қарсы бұрыштар болуы мүмкін бе?

Параллелограммның диагональдарының қасиеті белгісі туралы теореманың дәлелдеуі айтарлықтай оңай, оны параллелограммның қарама-қарсы бұрыштары мен қабырғаларының қасиеттерін дәлелдеу сценарийімен жүргізуге болады. Үлгерімі жоғары оқушы тақтада есеп шығарады: ABCD параллелограммында диагональдар жүргізілген және олар O нүктесінде қиылысады. AOB және COD үшбұрыштары тең екенін дәлелдеңіздер.

Есептің шығарылуын талдаған соң қорытынды жасалады: AOB және COD үшбұрыштарының теңдігінен $AO=OC$ және $OD=OB$ теңдігі шығады.


Теореманы бекіту үшін оқушыларға дайын сызбамен берілген келесі есепті ауызша шығаруға ұсынуға болады (14- сурет).

1. ABCD параллелограммының BD диагоналі 12 см. O нүктесі параллелограммның диагональдарының қиылысу нүктесі. DO кесіндісі неге тең?

2. O нүктесі ABCD параллелограммының диагональдарының қиылысу нүктесі. Егер $AO = 9$ см болса, AC диагоналі неге тең?

3. ABCD параллелограммының AD қабырғасы 9 см, ал оның диагональдары 14 см және 10 см. O нүктесі диагональдарының қиылысу нүктесі. AOD үшбұрышының периметрі неге тең?

4. ABCD параллелограммының диагональдары тең. O нүктесі-диагональдардың қиылысу нүктесі. AOD үшбұрышы тең бүйірлі екенін дәлелдеңіздер.



14-сурет

Енді оның бірнеше қасиеттерін қарастыралық.

1-теорема Параллелограммның қарама-қарсы қабырғалары тең және қарама-қарсы бұрыштары да тең.

Дәлелдеуі ABCD параллелограммының AC диагоналы оны екі ABC және CDA үшбұрыштарына бөледі (14-сурет). Мұнда $AB \parallel CD$ болғандықтан, айқын бұрыштар ретінде $\angle 1 = \angle 3$ және $AD \parallel BC$ болғандықтан, $\angle 2 = \angle 4$. Онда ABC және ADC үшбұрыштарының бір қабырғасы ортақ және оған іргелес орналасқан сәйкес бұрыштары тең, яғни үшбұрыштар теңдігінің II белгісі бойынша бұл үшбұрыштар тең. Олай болса, $AB=CD$, $AD=BC$, $\angle B = \angle D$ және $\angle A = \angle C$. Теорема дәлелденді.

2-теорема Параллелограммның диагональдары қиылысу нүктесінде қалқ бөлінеді.

Дәлелдеуі ABCD параллелограммын қарастыралық. AC және BD диагональдарының қиылысу нүктесі O болсын.

1-теорема бойынша $AD=BC$ және айқыш бұрыштар ретінде $\angle 1 = \angle 2$, $\angle 3 = \angle 4$. Онда үшбұрыштар теңдігінің II белгісі бойынша $\triangle AOD = \triangle COB$. Осыдан $AO=OC$ және $BO=OD$. Теорема дәлелденді.

Параллелограмның белгілері. Параллелограмның үш белгісі бар.

1-белгі Егер төртбұрыштың екі қабырғасы тең және параллель болса, онда бұл төртбұрыш параллелограмм болады.

Дәлелдеуі $ABCD$ төртбұрышында $AD \parallel BC$ және $AD=BC$ болсын (15-сурет).

Айқыш бұрыштар $\angle 1 = \angle 3$ болғандықтан (себебі $AD \parallel BC$), үшбұрыштар теңдігінің 1-белгісі бойынша $\triangle ABC = \triangle CDA$ (өйткені AC қабырғасы ортақ және $AD=BC$). Олай болса, $\angle 2 = \angle 4$, яғни AB және CD қабырғаларын AC қиюшысымен қиғанда $\angle 2 = \angle 4$ болып шықты. Онда параллельдіктің 1-белгісі бойынша $AB \parallel CD$. Сонымен, $ABCD$ төртбұрышының қарама-қарсы қабырғалары өзара параллель болып шықты, яғни $ABCD$ - параллелограмм. Теорема дәлелденді.

2-белгі Егер төртбұрыштың қарама- қарсы қабырғалары қос-қостан тең болса, онда бұл төртбұрыш параллелограмм болады.

Дәлелдеуі: $ABCD$ төртбұрышында $AB=CD$ және $AD=BC$ болсын. AC диагоналы оны екі ABC және ADC үшбұрышына бөледі (15-сурет). Бұл үшбұрыштардың AC қабырғасы ортақ және былайғы қабырғалары қос-қостан тең. Онда үшбұрыштар теңдігінің 3-белгісі бойынша $\triangle ABC = \triangle CDA$. Олай болса, $\angle 1 = \angle 3$ және $\angle 2 = \angle 4$, яғни айқыш бұрыштар тең. Сондықтан $AB \parallel CD$ және $AD \parallel BC$. Онда $ABCD$ - параллелограмм. Белгі дәлелденді.

3-белгі Егер төртбұрыштың диагональдары қиылысу нүктесінде қас бөлінсе, онда бұл төртбұрыш параллелограмм болады.

Берілгені: $ABCD$ – төртбұрыш. AC және BD – оның диагональдары. O – AC және BD диагональдарының қиылысу нүктесі. $OA=OC$, $OB=OD$.

Дәлелдеу керігі: $ABCD$ – параллелограмм.

Дәлелдеуі:


I кезең. Мұғалім теореманы дәлелдеу идеясын баяндайды: $ABCD$ төртбұрышы параллелограмм болу үшін оның қарама-қарсы қабырғалары параллель болуы жеткілікті. Басқаша айтқанда, егер $AD \parallel BC$ және $AB \parallel CD$ екендігін анықтасақ, онда $ABCD$ параллелограмм болатындығын дәлелдеген боламыз.

II кезең. Мұғалім: Қандай жағдайда AD және BC кесінділері арқылы өтетін түзулер параллель болады?

Оқушы: AD және BC түзулерін BD қиюшысымен қиғанда пайда болған ішкі айқыш бұрыштар өзара тең болса.

Мұғалім: Ол айқыш бұрыштар қайсы?

Оқушы: $\triangle DBC$ және $\triangle BDA$.



15- сурет

Мұғалім: Демек, $AD//BC$ болатындығын дәлелдеуді неден бастау керек екен?

Оқушы: $\triangle AOD = \triangle COB$ болатындығын дәлелдеуден.

Мұғалім: Ал $AB//CD$ екендігін дәлелдеу неден басталады?

Оқушы: $\triangle AOB$ және $\triangle COD$ үшбұрыштарын қарастырудан.

III кезең. Мұғалім: Сонымен теореманы дәлелдеуді неден бастайтын болдық?

Оқушы: $\triangle AOD$ және $\triangle COD$ үшбұрыштарының теңдігін дәлелдеуден.

Мұғалім: Ол үшбұрыштар не себепті тең?

Оқушы: Теореманың шарты бойынша $OA=OC$, $OB=OD$ және вертикаль бұрыштар болғандықтан $\angle AOD = \angle COB$. Демек, үшбұрыштардың екі қабырғасы және олардың арасындағы бұрыштардың теңдік белгісіне сәйкес $\triangle AOB = \triangle COB$.

Мұғалім: Бұл үшбұрыштардың теңдігінен қандай қорытынды шығарамыз?

Оқушы: Бұл үшбұрыштың сәйкес қабырғалары да, сәйкес бұрыштары да тең болады. Ендеше $\angle OBC = \angle ODA$.

Мұғалім: Бұл бұрыштар қандай түзулер мен қиышының айқыш бұрыштары болып тұр?

Оқушы: AD мен BC түзулері және BD қиышысының ішкі айқыш бұрыштары.

Мұғалім: Бұдан қандай қорытынды шығаруға болады?

Оқушы: Екі түзуді үшінші бір түзумен қиғанда ішкі айқыш бұрыштар тең болса, онда ол түзулер параллель болады. Демек, $AD//BC$.

Осы сияқты ой қорытулар нәтижесінде $AB//CD$ болатындығы көрсетіледі. Берілген $ABCD$ төртбұрышының $AD//BC$ және $AB//CD$ екен, олай болса параллелограмның анықтамасы бойынша $ABCD$ – параллелограмм.

Теорема дәлелденді.

Теореманы дәлелдеу барысында тақтада мынадай жазу пайда болады:

Теореманың шарты бойынша $OB=OD$, $OA=OC$, ал $\angle AOD = \angle COB$ – вертикаль бұрыштар. Ендеше $\triangle AOB = \triangle COB$, $\triangle AOD = \triangle COD$ болғандықтан, $\angle OBC = \angle ODA$.

$\angle OBC = \angle ODA$ – AD , BC түзулері және BD қиышысының ішкі айқыш бұрыштары, демек, $AD//BC$.

$\triangle AOB = \triangle COD$. Олай болса $\angle OAB = \angle OCD$. Бұдан $AB//CD$.

$AD//BC$, $AB//CD$ болғандықтан, $ABCD$ – параллелограмм.

Теореманың дәлелдеу жолын оқушылар жақсы ұғынуы және есте сақтауы үшін оқушылар теореманың дәлелдемесін символ түрде қысқаша жазып қоюының маңызы ерекше екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Алдыңғы қатарлы мұғалімдердің іс-тәжірибесі және психологтардың зерттеулері - теорема дәлелденіп жатқан сәтте, оны дәптерге оқушылардың жазып отыруының тиімсіз екендігін көрсетеді. Сондықтан теорема толық дәлелденген соң ғана дәлелдеменің қысқаша жазылуын дәптерге жазу ұсынылады.

(1-мысал)


Екі бұрышының айырмасы 700 болатын параллелограмның бұрыштарын табыңыз.

Берілгені ABCD-параллелограмм,
 $\angle B - \angle A = 70^\circ$.

Табу керек $\angle A - ? \angle B - ?$

Шешуі Параллелограмның бұрыштарының қасиеті бойынша:

$$\begin{cases} \angle B - \angle A = 70^\circ \\ \angle A + \angle B = 180^\circ \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} \angle B = 125^\circ \\ \angle A = 55^\circ \end{cases}$$



16-сурет

Жауабы 550 және 1250.

(2-мысал)

Параллелограмның қабырғалары $\sqrt{3}$ және 1, ал арасындағы доғал бұрышы неге тең? Берілгені ABCD-параллелограмм,

$$a = \sqrt{3}, b = 1, S = \frac{3}{2}.$$

Табу керек $\angle D - ?$

Шешуі Есептің шарты бойынша:

$$S = ab \sin A, \sin A = \frac{S}{ab} = \frac{3}{2\sqrt{3} \cdot 1} = \frac{\sqrt{3}}{2},$$

бұдан, $\angle A = 60^\circ, \angle D = 180^\circ - \angle A = 180^\circ - 60^\circ = 120^\circ$.

Демек, параллелограмның қабырғалар арасындағы доғал бұрышы 1200-қа тең.

Жауабы 1200

3-мысал Параллелограмның сүйір бұрышы 300-қа тең. Төбесінен екі Қабырғасына түсірілген биіктердің қосындысы 15 см. Параллелограмның периметрін табыңыз.


Берілгені ABCD-параллелограмм,
 $h_1 + h_2 = 15 \text{ см}, \angle BAD = 30^\circ$.

Табу керек $p = 2(x + y) - ?$

Шешуі

$$\triangle ABK \text{ -нан: } h_1 = \frac{x}{2};$$

$$\triangle BCN \text{ -нан } h_2 = \frac{y}{2};$$



18-сурет

Сонда $p = 2(2h_1 + 2h_2) = 4(h_1 + h_2) = 4 \cdot 15 = 60 \text{ см}$

Жауабы 60 см

4-мысал Параллелограмның төбесінен оның диаголына жүргізілген перпендикуляр түзу диагоналды ұзындықтары 6 және 15-ке тең кесінділерге бөледі. Параллелограмның қабырғаларының ұзындықтарының айырымы 7-ге тең. Параллелограмның диагональдарының ұзындықтарын табыңыз.

Берілгені ABCD-параллелограмм. $BK \perp AC, AK = 6, KC = 15, AD - AB = 7$.

Табу керек $AC = ? BD = ?$

Шешуі Есептің шарты бойынша


$AB = x, BC = 7 + x$. Теңестіру әдісін қолданайық.

$\triangle ABK$ - нан: $BK^2 = AB^2 - AK^2 = x^2 - 36$;

$\triangle BKC$ - нан: $BK^2 = BC^2 - CK^2 = (7 + x)^2 - 225$;

$x^2 - 36 = 49 - 14x + x^2 - 225; 14x = 140; x = 10$;

$AB = 10, BC = 17; AC = AK + KC = 21$;



19-сурет

$$\hat{AN}^2 + \hat{AK}^2 = 2(\hat{AN}^2 + \hat{AK}^2); 21^2 + \hat{AK}^2 = 2(100 + 289); \hat{AK}^2 = 337, \hat{AK} = \sqrt{337}$$

Демек, параллелограмның диагоналының ұзындықтары 21 мен $\sqrt{337}$ -ге тең.

Жауабы 21 және $\sqrt{337}$

5-мысал Параллелограмның диагоналі оның қабырғасына тең. Егер оның үлкен қабырғасы 8 см-ге тең, ал бұрыштарының бірі 45° -қа тең болса параллелограмның ауданын табу керек.

Берілгені ABCD - параллелограмм. $AB=BD, BC=AD=8$ см, $\angle BAD=45^\circ$

Табу керек $S_n = ?$

Шешуі $AB=BD=x$ деп белгілейік.

ABD үшбұрышына косинустар теоремасын қолданып мынаны табамыз:

$$BD^2 = AB^2 + AD^2 - 2AB \cdot AD \cos \angle A;$$

$$x^2 = x^2 + 64 - 2x \cdot 8 \cdot \cos 45^\circ,$$

$$16x \cdot \frac{\sqrt{2}}{2} = 64, \quad 8\sqrt{2} \cdot x = 64, \text{ бұдан}$$

$$x = \frac{8}{\sqrt{2}} = 4\sqrt{2}, \text{ олай болса, } AB = CD = 4\sqrt{2}$$

Демек, параллелограмның

$$\text{ауданы мынаған тең: } S_n = ab \sin \alpha = 8 \cdot 4\sqrt{2} \sin 45^\circ =$$


$$= 32 \sqrt{2} \cdot \frac{\sqrt{2}}{2} = 32 \text{ см}^2$$

Жауабы 32 см^2

6-мысал Параллелограмның қабырғалары 12 см, 15 см. Ұзын қабырғасына жүргізілген биіктігі 8 см. Кіші қабырғасына жүргізілген биіктігін табыңыз.

Шешуі Параллелограмның ауданын табайық: $S = ahb = bha; 15 \cdot 8 = 12ha$, бұдан $hb = 10 \text{ см}$.

Жауабы 10 см



20-сурет


7-мысал Параллелограмның бір бұрышы 40° , оған тең емес бұрышын табыңыз.

Берілгені ABCD- параллелограмм, $\angle A = 40^\circ$.

Табу керек $\angle B = \angle D = ?$

Шешуі Айталық, $\angle B = \angle D = x$ болсын. Сонда

$\angle A = \angle C = 40^\circ$, болатындықтан, мынадай теңдеу шығады: $2x + 80^\circ = 360^\circ$, бұдан $\angle B = \angle D = 140^\circ$.



21-сурет

Жауабы 140°

8-мысал Параллелограмм биссектрисасы қарсы жатқан қабырғасын 4 см және 5 см кесінділерге бөледі. Параллелограмм периметрін табыңыз.

Берілгені ABCD- параллелограмм, АК- биссектриса,

$\angle BAK = \angle KAD$, $BK = 4$ см,

$KC = 5$ см.


Табу керек $p = 2(a+b) = ?$

Шешуі $BC = a = BK + KC = 4 + 5 = 9$ см,

$AB = BK = 4$ см,

Өйткені, $\angle BAK = \angle KAD$

Демек, $p = 2(a+b) = 2(4+9) = 26$ см



22-сурет

Жауабы 26 см

(9-мысал) Төрт бұрышты ABCD - параллелограммының периметрі 10 см. Егер ABD үшбұрышының периметрі 8 см болса, диагоналінің ұзындығын табыңыз.

Берілгені ABCD- параллелограмм, $p = 10$ см, $p_{\triangle ABD} = 8$ см.


Табу керек: $BD = ?$

Шешуі: Есептің шарты бойынша:

$2(a+b) = 10$, $a+b = 5$,

$p_{\triangle ABD} = a+b+x = 8$, бұдан, $x = 8 - (a+b) = 8 - 5 = 3$ см.

Жауабы 3 см



23-сурет

4. Тіктөртбұрыш, ромб, квадрат ұғымдарын қалыптастыру

Оқушыларды параллелограмның ерекше түрлері-тік төртбұрыш, ромб және квадрат ұғымдарымен таныстырып, олардың өзіндік ерекше қасиеттерін оқып-үйрену. Ұғымға берілетін анықтама мағынасын ашып көрсету.

Тіктөртбұрыш:

Тіктөртбұрыш деп барлық бұрыштары тік болатын параллелограмды айтады.

Ескерту: Төменгі сыныптарда тік төртбұрыш деп барлық бұрыштары тік болып келген төртбұрыштарды айтамыз. Біз тіктөртбұрыш ұғымын

«төртбұрыш» және «тік бұрыш» ұғымдары арқылы анықтадық. Бұл берілген анықтамамызда тік төртбұрыш ұғымын «тік бұрыш» және «параллелограмм» ұғымдары арқылы анықтап отырмыз. Олай болса, бір ұғымның өзіне әр түрлі түсініктерге сүйене отырып, бірнеше анықтама беруге болады. Осындай жағдайларда, яғни бір ұғымға бірнеше анықтама берілген кезде бұл анықтамалардың бір мағыналы болатынын дәлелдеп отыру керек. Басқаша айтқанда, бір ұғымға берілген екі анықтаманың екеуі де іс жүзінде бір ұғымды анықтайтынына көз жеткізу керек (дәлелдеу керек). Ол үшін екі анықтаманың біреуін анықтама ретінде қабылдап, екіншісін теорема ретінде дәлелдеу керек, және керісінше, екінші анықтамадан бірінші анықтаманың теорема ретінде дәлелденетінін көрсету керек. Міне, сонда ғана бір ұғымға берілген екі анықтаманың бір мәндес болатынына көз жеткіземіз. Мысалы, бізде тік төртбұрышқа берілген екі анықтама бар:

1 - анықтама, тік төртбұрыш деп барлық бұрыштары тік болатын параллелограмды айтады.

2 – анықтама, тік төртбұрыш деп барлық бұрыштары тік болатын төртбұрышты айтады.

Осы екі анықтаманың мәндес екенін көрсетейік. Ол үшін алдымен 1-анықтаманы дұрыс деп қабылдап, 2-анықтаманы қанағаттандыратын әрбір төртбұрыштың тік төртбұрыш болатынын көрсетейік. Шынында да, төртбұрыштың барлық бұрыштары тік болсын $\angle A = \angle B = \angle C = \angle D = 90^\circ$. Онда $\angle A + \angle B = 180^\circ$ және A, B бұрыштары тұстас бұрыштар болғандықтан, параллельдіктің 3-белгісі бойынша $AD \parallel BC$. Осы сияқты $\angle A + \angle D = 180^\circ$ болғандықтан, $AB \parallel CD$. Олай болса, $ABCD$ төртбұрышының қарама-қарсы қабырғалары параллель және барлық бұрыштары тік, яғни 1-анықтама бойынша $ABCD$ - тік төртбұрыш.

Керісінше, енді 2-анықтаманы дұрыс деп қабылдайық, яғни $ABCD$ - барлық бұрыштары тік параллелограмм болсын. Онда $ABCD$ - барлық бұрыштары тік болатын төртбұрыш. Сондықтан 2-анықтама бойынша $ABCD$ - тік төртбұрыш болады.

Сонымен, біз 1 және 2 - анықтамалардың мәндес болатынын дәлелдедік. Айта кететін жай, белгілі бір ұғымға берілген анықтама құрамында артық мәліметтерді мейлінше болдырмауға тырысу керек. Мысалы, тік төртбұрышқа берілген екі анықтаманың екеуінде де артық мәліметтер бар. 1 - анықтамада параллелограмның барлық бұрыштары тік болсын деген талап қойылады. Мұнда параллелограмның барлық бұрыштары тік болсын дегеннің орнына оның бір бұрышы тік болсын десек, жеткілікті болар еді. Шынында да, егер $ABCD$ параллелограмының $\angle A = 90^\circ$ деп алсақ, онда $AB \parallel CD$, $A \parallel BC$ болғандықтан, $A + B = 180^\circ$ болуы керек (параллельдіктің 3-белгісі). Онда, $D = 90^\circ$ болады. Ал төртбұрыштың барлық бұрыштарының қосындысы 360° болғандықтан, $C = 90^\circ$ яғни $ABCD$ - тік төртбұрыш. Осы сияқты, 2-анықтамадағы «барлық бұрыштары тік» деген сөздің орнына «үш бұрышы тік»

деген сөзді қалдырса, жеткілікті. Осы айтылғандардан 1-және 2-анықтамаларды былай беруге болатындығы шығады:

1 - анықтама, тік бұрышы бар параллелограмды тік төртбұрыш деп атаймыз.

2 – анықтама, үш бұрышы тік болып келген төртбұрышты тік төртбұрыш деп атаймыз.

Жалпы айтқанда, берілген анықтамамен мәндес болатыны дәлелденген әрбір тұжырым қарастырылып отырған ұғымның анықтамасы ретінде қабылданады. Бұған мысал ретінде мына екі теореманы қарастыруға болады.

1 – теорема, тік төртбұрыштың диагональдары тең болады.

Дәлелдеуі 2 - суретте AC және BD кесінділері – ABCD тік төртбұрышының диагональдары. ABD және ACD — тік бұрышты үшбұрыштар. Олардың AD катеті ортақ және AB=CD. Онда ABD және CDA

Олай болса, бұл үшбұрыштардың гипотенузалары да тең: AC=BD. Теорема дәлелденді.

2 – теорема, (*кері теорема*) диагональдары тең параллелограмм тік төртбұрыш болады.

Дәлелдеуі ABCD параллелограммының диагональдары тең болсын: AC=BD. Онда үш қабырғасы бойынша ABD = ACD. Олай болса, BAD = CDA. Ал параллелограмның іргелес екі бұрышының қосындысы 180°-ка тең болғандықтан, BAD= ADC=90°. Осы сияқты, ABC= BCD=90° болатындығын көрсетуге болады. Яғни, ABCD параллелограммы - тік төртбұрыш. Теорема дәлелденді.

Осы дәлелденген екі теоремадан кейін диагональдары тең параллелограмды тік төртбұрыш деп атауымызға болады.

Салдар тік бұрышты үшбұрыштың гипотенузасына жүргізілген медиана гипотенузаның жартысына тең.

(1-мысал) Тік төртбұрыштың A төбесінен BC қабырғасына онымен $\angle BAN = 45^\circ$, ал $NC - NB = 3$ болатын AN кесіндісі жүргізілген. Егер тік төртбұрыштың периметрі 24-ке тең болса, онда ABCD тік төртбұрышының қабырғаларын табыңыз.

Берілгені ABCD-тік төртбұрыш.


$\angle BAN = 45^\circ$, $NC - NB = 3$.

Табу керек $AB = ?$ $AD = ?$

Шешуі $AB = x$, $AD = y$ деп белгілейік.

Есептің шарты бойынша мынадай теңдеулер жүйесін құрамыз

$$\begin{cases} 2(x + y) = 24, \\ (y - x) - x = 3; \end{cases} \begin{cases} x + y = 12, \\ 2x + y = 3; \end{cases} \begin{cases} 3x = 9; \\ x = 3, y = 9. \end{cases}$$



24-сурет


Демек, тік төртбұрыштың қабырғаларының ұзындықтары 3 және 9-ға тең.

Жауабы 3 және 9.

(2-мысал) Тік төртбұрыштың екі төбесінен оның диагоналына түсірілген перпендикуляр түзулер оны теңдей етіп үш бөлікке бөледі. Егер тік төртбұрыштың үлкен қабырғасы $\sqrt{2}$ -ге тең болса, онда оның кіші қабырғасы неге тең?

Берілгені ABCD-тік төртбұрыш. $AK \perp DB, AB = DC = \sqrt{2}$.
Табу керек $AD = BC = ?$

Шешуі Айталық $DK = x$ болсын, сонда $KB = 2x$ болады. $\triangle ADK \sim \triangle KCB$
(екі бұрышы бойынша, $\angle DAK = \angle KCB$)
сәйкес қабырғалары өзара перпендикуляр бұрыштар
Бұл үшбұрыштың ұқсастығынан табатынымыз:



25-сурет

$$\frac{DK}{AK} = \frac{AK}{KB}; \quad AK^2 = x \cdot 2x = 2x^2 \quad (1)$$

$$\triangle KCB \text{ -нан: } AK^2 = AB^2 - KB^2 = 2 - 4x^2 \quad (2)$$

$$2 - 4x^2 = 2x^2; \quad x^2 = \frac{1}{3}$$

Енді (1) мен (2) теңдікті теңестіріп табатынымыз:

$$\triangle ADK \text{ -нан } AD = \sqrt{AK^2 + DK^2} = \sqrt{2x^2 + x^2} = \sqrt{3x^2} = 1.$$

Демек, тік төртбұрыштың кіші қабырғасы 1-ге тең.


Жауабы 1

(3-мысал) Егер $AB = 5, BC = 13, CD = 9, AD = 15, AC = 12$ болса, онда ABCD – төртбұрышының ауданын табыңыз.

Берілгені: ABCD-төртбұрыш:
 $AB = 5, BC = 13, CD = 9, AD = 15, AC = 12$.

Табу керек $S_{ABCD} = ?$.

Шешуі $S_{ABCD} = S_{\triangle ACD} + S_{\triangle ABC}$;



26-сурет

Герон формуласын қолданып табатынымыз:

$$S_{\triangle ACD} = \sqrt{18 \cdot (18 - 15) \cdot (18 - 9) \cdot (18 - 12)} = \sqrt{18 \cdot 3 \cdot 9 \cdot 6} = 54$$

$$S_{\triangle ABC} = \sqrt{15 \cdot (15 - 12) \cdot (15 - 13) \cdot (15 - 5)} = \sqrt{15 \cdot 3 \cdot 2 \cdot 10} = 30;$$

Демек, $S_{ABCD} = 54 + 30 = 84$.

Жауабы 84.

(4-мысал) Тік төртбұрыштың ені ұзындығынан 8см артық, ал ауданы 65см². Қабырғаларын табыңыз.

Берілгені: ABCD -тік төртбұрыш.

AD=AB+8см, S=65см².


Табу керек а-? в-?

Шешуі: тік төртбұрыштың ені x см болса,

онда ұзындығы (x+8) см болады. Есептің шарты бойынша: $S=x(x+8)=65$, $x^2+x-65=0$, бұдан $x=5$ см.

$x+8=5+8=13$ см.

Жауабы: 5 см, 13 см.



27-сурет


(5-мысал) Тік төртбұрыштың периметрі 26 см, ал ауданы 42 см². Тік төртбұрыштың қабырғаларының ұзындығын табыңыз.

Берілгені ABCD -тік төртбұрыш, p=26см, S=42 см².

Табу керек а-? в-?

Шешуі Есептің шарты бойынша:

$$\begin{cases} 2(a+b) = 26, \\ ab = 42. \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a+b = 13, \\ ab = 42. \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a = 6\text{см}, \\ b = 7\text{см}. \end{cases}$$



28-сурет


Жауабы: 6 см, 7 см.

(6-мысал) Ұқсас екі төртбұрыштың периметрлерінің қатынасы 2:3. Аудандарының қатынасын табыңыз.

Шешуі: Ұқсас көпбұрыштардың аудандарының қатынасы туралы теореманы қолданып

табатынымыз: $\frac{S_1}{S_2} = \left(\frac{P_1}{P_2}\right)^2$; $\frac{S_1}{S_2} = \left(\frac{2}{3}\right)^2$; $\frac{S_1}{S_2} = \frac{4}{9}$

Жауабы: $\frac{4}{9}$.



29-сурет

Ромб


Ромб деп барлық қабырғалары өзара тең параллелограмды айтады.

(1-теорема) Ромбының диагональдары өзара перпендикуляр және оның бұрыштарын қаж бөледі.

Дәлелдеуі ABCD- ромб. Онда ABC үшбұрышы тең бүйірлі және BD диагонали осы үшбұрышқа B төбесінен жүргізілген BO медианасын қамтиды, яғни BO әрі биссектриса, әрі биіктік болады (30-сурет). Сондықтан $BD \perp AC$. Теорема дәлелденді.

(2-теорема) (**Кері теорема**) Диагональдары перпендикуляр әрбір параллелограмм ромб болады.

Дәлелдеуі ABCD параллелограмм болғандықтан, AC және



30-сурет

BD диагональдары бір-біріне орта перпендикуляр болады. Олай болса, ABCD параллелограмының барлық төбелері бір-бірінен бірдей қашықтықта орналасқан, яғни ABCD- ромб. Теорема дәлелденді.


(1-мысал) Ромбтың бір диагоналінің ұзындығы қабырғасына тең. Ромбтың бұрыштарын табыңыз.

Берілгені ABCD- ромб, $AB=BD$.

Табу керек $\angle A=?$ $\angle B=?$

Шешуі: $\triangle ABD$ тең қабырғалы, сондықтан

$\angle A=\angle C=60^\circ$; $\angle A+\angle B=180^\circ$, $\angle B=\angle D=120^\circ$.



31-сурет


Жауабы 120° .

(2-мысал) ABCD ромбысында $\angle D=140^\circ$ тең. Егер мұндағы O-диагональдар қиылысу нүктесі болса, AOD үшбұрышының барлық бұрыштарын табу керек.

Берілгені: ABCD –ромбы, $\angle D=140^\circ$.

Табу керек: $\triangle AOD$ - ның бұрыштарын.

Шешуі: ромбының диагональдарының қасиеті бойынша $\angle AOD=90^\circ$, $\angle ADO=70^\circ$, $\angle OAD=20^\circ$.



32-сурет

(3-мысал) Өзінің диагональдары арқылы екі тең қабырғалы үшбұрышқа бөлінетін ромбыға радиусы 2-ге тең болатын шеңбер іштей сызылған. Ромбының қабырғасын табыңыз.

Берілгені ABCD-ромб. Оған радиусы 2 болатын шеңбер іштей сызылған.

Табу керек: $AB = x = ?$


Шешуі: айталық ромбының ізделінді

қабырғасы $CD = x$ болсын. Сонда

$$S_{\triangle DBC} = \frac{1}{2} CD^2 \cdot \sin 60^\circ = \frac{1}{2} \cdot x^2 \cdot \frac{\sqrt{3}}{2} = \frac{x^2 \sqrt{3}}{4};$$

$$S_{\triangle DBC} = S_{\triangle ODC} = 2 \cdot \frac{1}{2} \cdot OF \cdot CD = 2x;$$

$$\frac{x^2 \sqrt{3}}{4} = 2x; \quad x = \frac{8\sqrt{3}}{3}.$$



33-сурет

Демек, ромбының қабырғасы $\frac{8\sqrt{3}}{3}$ -ке тең

Жауабы $\frac{8\sqrt{3}}{3}$

4-мысал ABCD-тік төртбұрыш берілген. М, К, Р және Т нүктелері қабырғаларының ортасы. $AB = 6\text{см}$, $AD = 20\text{см}$ болса, онда МКРТ төртбұрышының ауданын табыңыз.

Берілгені: ABCD-тік $CD = AB = 6\text{см}$, $AD = BC = 20\text{см}$.

Табу керек $S_{\text{ромб}} - ?$

Шешуі Ромбының ауданын


$$S_p = \frac{1}{2} d_1 d_2 = \frac{1}{2} MP \cdot KT$$

формуласын

пайдаланып табамыз.

Сонда $KT = AB = 6$, $MP = AD = 20$

төртбұрыш. МКРТ-ромб.



34-сурет

$$S_p = \frac{1}{2} MP \cdot KT = \frac{1}{2} \cdot 6 \cdot 20 = 60\text{см}^2$$

болатындықтан, ауданы 60 см^2 – қа тең.

болады. Демек, ромбының

Жауабы: 60 см^2

(5-мысал) Егер ромбының диагональдары 12 және 16-ға тең болса, онда оның биіктігі неге тең?

Берілгені: ABCD - ромб, $AC=12$, $BD=16$.

Табу керек $AK=h=?$

Шешуі: ромбының ауданын табамыз:

$$S = \frac{d_1 d_2}{2} = \frac{12 \cdot 16}{2} = 96. \quad (1)$$


$$AO = \frac{AC}{2} = \frac{12}{2} = 6; \quad BO = \frac{BD}{2} = \frac{16}{2} = 8$$

$$\Delta ABO\text{-нан: } AB=a = \sqrt{AO^2 + BO^2} = \sqrt{36 + 64} = 10.$$

$$S_p = a \cdot h = DC \cdot AK. \quad (2)$$

$$(1) \text{ мен } (2) \text{ теңдікті теңестіріп табатынымыз: } AK=h = \frac{96}{10} = 9,67$$

Жауабы $9,67$



35-сурет

Квадрат

Квадрат деп барлық қабырғалары тең тік төртбұрышты айтады.

Тік төртбұрыш параллелограмм болғандықтан, квадрат та параллелограмм. Ал барлық қабырғалары тең болғандықтан, квадрат ромб та болады. Сонымен, квадрат әрі параллелограмм, әрі тік төртбұрыш, әрі ромб

болады. Сондықтан квадрат үшін осы фигуралардың барлық қасиеттері орындалады:

- 1 Квадраттың барлық бұрыштары тік.
- 2 Квадраттың барлық қабырғалары тең.
- 3 Квадраттың диагональдары тең, өзара перпендикуляр, қиылысу нүктесінде қақ бөлінеді және квадраттың бұрыштарын да қақ бөледі.


(1-мысал) Шеңбер квадраттың екі сыбайлас қабырғасын 2 см және 23 см-ге тең бөліктерге бөледі. Шеңбердің радиусын табыңыз.

Берілгені ABCD-квадрат. $BP = DE = 2$ см, $CP = CE = 32$ см.

Табу керек $R - ?$

Шешуі: M және K – шеңбер мен квадраттың AB және AD қабырғаларының жанасу нүктесі болсын.

M және K – квадраттың көрсетілген қабырғалары мен шеңбердің қиылысу нүктелері, ал P және E – BC және CD қабырғаларымен қиылысу нүктелері болсын.



36-сурет

Есептің шарты бойынша $BOP = DE = 2$ см,

$CP = CE = 23$ см. $ON \perp BC$ жүргіземіз.

Сонда $OM = OP = NB = OK = R$,

мұндағы R - шеңбердің радиусы болады.

$AB = NK = BC = CP + PB = 25$ см, $ON = NK - KO = (25 - R)$ см,

$PN = BN - BP = (R - 2)$ см.


Тік бұрышты PNO үшбұрышынан табатынымыз:

$OP^2 = ON^2 + NP^2$ немесе $R^2 = (R - 2)^2 + (25 - R)^2$,

бұдан $\begin{cases} R = 17, \\ R = 37. \end{cases}$ Есептің шартын $R = 17$ см қанағаттандырады.

Демек, шеңбердің радиусы 17 см-ге тең.

Жауабы: 17 см.



37-сурет

(2-мысал) Қабырғасы a және сүйір бұрышы α болатын ромбының ауданының, қабырғасы ромбқа іштей сызылған шеңбердің диаметріне тең болатын квадраттың ауданына қатынасын табыңыз.

Берілгені: ABCD-ромб. $\angle ABC = \alpha$, $AB = BC = CD = AK = KC = CF = AF = 2r$.

$\frac{S_{ромб}}{S_{кв}} - ?$

Табу керек: $S_{кв}$.

Шешуі: $\triangle ABK$ -нан: $AK = 2r = a \sin \alpha$; $S_{кв} = a^2 \sin^2 \alpha$.

$$S_{ромб} = a^2 \sin \alpha. \frac{S_{ромб}}{S_{кв}} = \frac{a^2 \sin \alpha}{a^2 \sin^2 \alpha} = \frac{1}{\sin \alpha}$$

Жауабы: $\frac{1}{\sin \alpha}$

(3-мысал) Радиусы 13 см шеңберді қабырғасы 18 см-ге тең квадраттың іргелес қабырғалары жанайды. Квадраттың қалған екі қабырғасын шеңбер ұзындығы қандай кесінділерге бөледі?

Берілгені: центрі O -ға тең шеңбер, $R=OE=13$ см, $ABCD$ -квадрат: $AB=BC=CD=DA=18$ см

Табу керек $BK=?$ $KC=?$

Шешуі: OK радиусын жүргіземіз: Сонда


$$KN = \sqrt{KO^2 - ON^2}; NO=BE=AB-AE=$$

$$18-13=5 \text{ см} \Rightarrow KN = \sqrt{13^2 - 5^2} = 12(\text{см}),$$

$$BK=BN-KN=13-12=1(\text{см}); KC=BC-BK=18-1=17\text{см}.$$

Демек, квадраттың қабырғалары 1 см және 17 см-ге бөлінеді.

Жауабы 1 см, 17 см.



38-сурет

5. Трапеция және оның қасиеттерін меңгеру

Трапецияның анықтамасын енгізбестен бұрын оқушылармен бірге параллелограмның анықтамасын еске түсірген пайдалы. Анықтама бойынша параллелограмның қабырғалары жұп-жұбымен параллель. Енді екі қабырғасы параллель, ал қалған екі қабырғасы параллель емес төртбұрыштарды қарастырамыз.

1. Табаны AD болатын $ABCD$ трапециясында AB қабырғасына параллель CF түзуін жүргізіндер. $ABCF$ төртбұрышының түрін анықтаңдар.


2. $ABCD$ трапециясындағы AD қабырғасындағы бұрыштар 74° және 81° . BC қабырғасына тиісті бұрыштарды анықтаңдар.

Бұл есептердің біріншісінде трапецияның параллелограмнан айырмашылығы ерекше көрсетілген: трапецияның қабырғаларының бір жұбы ғана параллель. Екіншісі-олардың ұқсастығын көрсетеді: бүйір қабырғаларына тиісті бұрыштары параллель түзулерінің (трапецияның немесе параллелограмның табандары) және қиюшыға (бүйір қабырғалары) қатысты ішкі біржақты бұрыштары болады. Сонымен қатар, бұл тұжырым параллелограмның екінші қабырғалар жұбына да қатысты.

Қарама-қарсы екі қабырғасы параллель болатын, былайғы екі қабырғасы параллель болмайтын төртбұрыш трапеция деп аталады. Параллель болатын екі қабырғасы трапецияның табандары деп аталады. Параллель болмайтын екі қабырғасы бүйір қабырғалары деп аталады.

Екі табанының арақашықтығы трапецияның биіктігі деп аталады.


Қай төртбұрыш трапеция деп аталады (40-сурет)?



40-сурет

Тік бұрышты трапецияның анықтамасын енгізген кезде табандарының параллельдік шартына тағы бір шарт: бүйір қабырғаларының бірінің табанына перпендикулярлығы қосылатынын ескеру қажет. Басқа сөзбен: егер шартта: « $ABCD$ төртбұрышы-табаны AD және $\sphericalangle D$ тік бұрыш болатын трапеция...» $BC \parallel AD$ $CD \perp AD$ екенін анықтап, жаза алулары тиіс.

Бір бүйірі табанына перпендикуляр болатын трапеция тік бұрышты трапеция деп аталады (41-сурет).



41-сурет

Тең бүйірлі трапецияның анықтамасын енгізген кезде табандардың параллельдік шартына тағы бір шарт: бүйір қабырғаларының теңдігі орындалатынын ескеру қажет. Басқаша айтқанда, егер шартта: « $ABCD$ төртбұрышы-табаны AD болатын тең бүйірлі трапеция...» делінсе, онда оқушылар есеп шығару үшін немесе қысқаша түрде жазып алу үшін $BC \parallel AD$ және $AB = CD$ шарттарын бөліп жаза алуы керек.

Екі бүйірі тең болатын трапеция тең бүйірлі трапеция деп аталады (42-сурет). Тік бұрышты және тең бүйірлі трапециялар өз алдына дербес трапециялар.

Енді тең бүйірлі трапецияның қасиеттерін зерттейміз.



42-сурет

Теорема. Тең бүйірлі трапецияның бір табанындағы екі бұрышы өзара тең болады.


$ABCD$ трапециясында (43-сурет) $AB = CD$, $AD \parallel BC$ берілген. $\sphericalangle B = \sphericalangle C$ болатынын дәлелдеу керек.



43-сурет

Талдау «Тең бүйірлі үшбұрыштың табанындағы екі бұрышы өзара тең болады» дегенді білеміз. Егер тең бүйірлі трапецияның бір табанындағы екі бұрышы тең бүйірлі үшбұрыштың табанындағы екі бұрышқа айнала алатын болса, онда теорема оңай дәлелденеді.

Дәлелдеу (43-сурет) D нүктесінен $DE \parallel AB$ болатындай DE жүргіземіз. Ол BC мен E нүктесінде қиылысады. Бұдан $\triangle DEC$ шығады. $AD \parallel BC$ болғандықтан $AB = DE$. Теореманың шарты бойынша $AB = DC$. Ендеше $DE = DC$. Сондықтан $\angle DEC = \angle DCE$. Екінші жағынан $\angle DEC = \angle ABE$. Олай болса, $\angle B = \angle C$. 66-суреттегідей трапецияның BA, CD бүйір қабырғаларын созсақ, F нүктесінде қиылысады. $\angle B = \angle C$, $AD \parallel BC$ шарттарынан $\triangle FBC$ мен $\triangle FAD$ -ның екеуі де тең бүйірлі үшбұрыштар екендігін аңғаруға болады. Сондықтан F нүктесінен AD, BC табандарына түсірілген перпендикуляр екі табанын да қақ бөледі. Тең бүйірлі үшбұрыш осьтік симметриялы фигура болады. Трапецияның екі табанының ортасынан өтетін түзу оның симметрия осі деп аталады.



44-сурет

Бұдан (44-сурет) трапецияның екі диагоналі өзара тең болады, деген теорема есеп түрінде дәлелденеді. Оқушылар бекітілген мысалдарды қайталап трапецияның анықтамасын бекітуге 45-суреттегі есептерді (ауызша) шешеді.

Енді тең бүйірлі трапецияны анықтайтын теореманы қарастыру керек.

Теорема (кері). Бір табанындағы екі бұрышы өзара тең болатын трапеция тең бүйірлі трапеция болады.

ЕСЕП. Диагоналдары өзара тең болатын трапеция тең бүйірлі трапеция болады.


ABCD трапециясында (45-сурет) $AC = BD$, $AD \parallel BC$ берілген. $AB = DC$ екендігін дәлелдеу керек.

Талдау $\triangle ABC$ мен $\triangle DCB$ -да сәйкес екі қабырғасы тең болғандықтан $\angle DBC = \angle ACB$ тең екендігін көрсету жеткілікті. $\triangle ABC = \triangle DCB$ болатынын дәлелдеу арқылы $AB = DC$ –ның тең екендігін келтіріп шығаруға болады. $AC = BD$ арқылы тең бүйірлі үшбұрыш саламыз. Тең бүйірлі үшбұрыштың қасиеттері бойынша $\angle DBC = \angle ACB$ болатыны дәлелденеді.

Дәлелдеу D нүктесінен AC-ға параллель DE-ні жүргіземіз. Ол BC-ның созындысымен E нүктесінде қиылысады. ACED параллелограмм шығады. Сондықтан $DE = AC$. $AC = BD$ болғандықтан $DE = BD$, сондықтан $\angle DBC = \angle E$. Екінші жағынан $\angle ACB = \angle E$. Олай болса, $\angle DBC = \angle ACB$. $AC = DB$, ендеше $\triangle ACB = \triangle DCB$, бұдан $AB = DC$.


1) Тең бүйірлі трапецияны анықтайтын теореманы дәлелдеңдер:

а) ABCD трапециясының BA, CD бүйір қырларын F нүктесінде қиылысқанша созып $\triangle FBC$ мен $\triangle FAD$ -ң тең бүйірлі (46-сурет) үшбұрыш екендігін дәлелдеу арқылы теореманы дәлелдендер



46-сурет

- б) 47-суреттегідей ABCD трапециясының AE, DF биіктіктерін жүргізіндер. $\triangle ABE = \triangle DCF$ болатынын дәлелдеу арқылы теореманы дәлелдендер.
- 2) Табандары ұзындықтары 11 см, 5 см, биіктігі 4 см тең бүйірлі трапеция салындар. Осы трапецияның периметрі мен ауданын есептендер.
 - 3) Тең бүйірлі трапецияның бір сүйір бұрышы 75° , қалған бұрыштарын табындар.




47-сурет


Осы сияқты есептер шешіп жаттыққан соң ғана Фалес теоремасын өтуге болады.

Фалес теоремасынан мынандай екі салдар шығады.

- 1-салдар. Трапецияның бір бүйір қабырғасының ортасынын өтетін, табандарына параллель болатын түзу екінші бүйір қабырғасында тең екіге бөледі.
- 2-салдар. Үшбұрыштың бір қабырғасының ортасынан өтетін екінші қабырғасына параллель болатын түзу, оның үшінші қабырғасының да ортасынан өтеді (48,49-суреттер).



48-сурет



49-сурет

Бұл теорема мен салдарға қатысты есептер шешіледі. Мынандай практикалық жұмыстар жүргізіледі. Бұл үшбұрыш пен трапецияның орта сызығын түсіндіруге септігін тигізеді. Бір парақ қағаз алыңдар. Оны дәл ортасынан бүктеңдер. Бүктеу сызығын MN деп белгілеңдер. MN -нің ортасына B нүктесін әкелгенде ABE үшбұрышы шығады. EB түзуі бойымен бүктегенде тең қабырғалы EAF үшбұрышы шығады.

Осы дайындықтан соң үшбұрыштармен трапецияның орта сызығы ұғымдарын өтуге болады. Үшбұрыштың орта сызығының анықтамасы беріледі. Ол туралы теорема дәлелденеді.

1-мысал Төртбұрыштың төрт қабырғасының ортасын ретімен қосқанда шыққан төртбұрыш – параллелограмм екендігін дәлелдеңдер.

Нұсқау Төртбұрыштың диагональдары жүргізіледі. Үшбұрыштың орта сызығының қасиеті қолданылады. Бұдан әрі үшбұрыштың орта сызығына қатысты жаттығу есептері шешіледі.


Анықтама Трапецияның екі бүйір қабырғасының ортасын қосатын кесінді трапецияның орта сызығы деп аталады. Трапецияның орта сызығының қасиеті зерттеледі.

Теорема Трапецияның орта сызығы екі табанына параллель әрі екі табанының ұзындықтарының қосындысының жартысына тең. Бұл теорема үшбұрыштың орта сызығы туралы теорема арқылы дәлелденеді.

А.В. Погорелов оқулығында ұғымдардың осы ретілігі сақталмаған.

Кез-келген фигураның қасиетін оқып үйрену үшін алдын-ала дайындық жасалмаған.

Біздің тәжірибемізде трапецияның орта сызығының қасиетін өту үшін алдын-ала көптеген дайындықтар жасау қалыптасқан. Осы арада трапецияға қатысты мәселенің бәрі айтылады. Мысалы, трапецияның ауданын да осы жерде қарастырып, ешбір қиындығы жоқ. Егер трапецияның орта сызығын



50-сурет

$l = 1/2(a+b)$ десек, оның ауданы $S = lh$. Бұл арада трапецияның ауданына қатысты көптеген есептер шешіледі. Енді трапецияның ауданын пайдаланып Пифагор теоремасының дәлелдену үлгісін көрсетейік.


Берілгені ABCD - тік трапеция(50-сурет).

$AB=a$, $BE=CE=c$, $AD=a+b$, $CD=b$ берілген ABCD трапецияның ауданын табу керек болсын.

Шешуі Табандары AB, CD және биіктігі AD болғандықтан $\frac{1}{2}(a+b) = \frac{1}{2}c^2 + \frac{1}{2}ab + \frac{1}{2}ab$ осы теңдікті түрлендірсек, $c^2 = a^2 + b^2$. Пифагор теоремасы келіп шығады. Бұл теореманы «Үшбұрыштар» тақырыбында оқып үйренуге болады.

1-мысал Тең бүйірлі трапецияның диагональдары өзара перпендикуляр. Трапецияның диагоналінің ұзындығы 10см-ге тең болса, оның ауданы неге тең. Берілгені ABCD-трапеция, $BC \parallel AD$, $AB=CD$, $AC \perp BD$, O-AC және DB диагональдарының қиылысу нүктесі, $AC=10$ см.

Табу керек Стр-?



51-сурет

Шешуі Трапеция тең бүйірлі болғандықтан,

$$AK = \frac{AD+BC}{2}. \quad AO=DO, \quad \angle AOD=90^\circ.$$

AKC-да $AK=CK$. $\triangle AKC$ -нан:

$$AK^2 + CK^2 = AC^2. \quad 2AK^2 = AC^2, \quad AK^2 = \frac{100}{2} = 50.$$

Демек трапецияның ауданы мынаған тең:

$$Стр = \frac{AD+BC}{2} \cdot CK = AK \cdot CK = 50 \text{ см}^2$$

Жауабы 50 см²

2-мысал Трапецияның орта сызығы 7см-ге тең. Бір табаны екіншісінен 4см артық. Трапецияның табандарын табыңыз.

$$\text{Шешуі Есептің шарты бойынша: } \begin{cases} \frac{a+b}{2} = 7, \\ a-b = 4. \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a+b = 14, \\ a-b = 4. \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a = 9\text{см}, \\ b = 5\text{см}. \end{cases}$$

Жауабы 5см, 9см.

3-мысал Тең бүйірлі трапецияның бүйір қабырғасы 4см және табанымен 30° бұрыш жасайды, орта сызығы 5-ке тең. Трапецияның ауданын табыңыз.


Берілгені ABCD - тең бүйірлі трапеция,

$$AB=CD=4, \quad \angle BAD=30^\circ, \quad \frac{a+b}{2} = 5$$

Табу керек S-?

$$\text{Шешуі } S = \frac{a+b}{2} \cdot h; \quad \triangle ABK\text{-нан: } h = 4 \sin 30^\circ = 4 \cdot \frac{1}{2} = 2$$

$$S = 5 \cdot 2 = 10 \text{ см}^2$$



52-сурет

Жауабы 10см².

4-мысал Трапецияның орта сызығы 10 см. Диагональдарының біреуі орта сызықты айырмасы 2 см-ге тең кесінділерге бөледі. Трапецияның табандарын табыңыз.


Берілгені ABCD– трапеция, MN=10 см, ON-OM=y-x=2 см.

Табу керек a-?, b-?

Шешуі
$$\begin{cases} x + y = 10 \\ y - x = 2 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x = 4, \\ y = 6. \end{cases}$$

ΔABC-нан: $x = \frac{b}{2}$; $b = 2x = 2 \cdot 4 = 8\text{см}$;

ΔACD-нан: $y = \frac{a}{2}$; $a = 2y = 2 \cdot 6 = 12\text{см}$;



53-сурет

Жауабы 8см, 12см

5-мысал Табандары 15см және 49см болып, бір бұрышы 60°-қа тең болатын тең бүйірлі трапецияның периметрін табыңыз.

Берілгені ABCD- трапеция. BC=15см, AD=49см. <BAD=60°, AB=CD.

Табу керек P-?


Шешуі ΔABK-нан: $AK = \frac{AD - BC}{2} = \frac{49 - 15}{2} = 17$;

<ABK=30°,

$AK = \frac{AB}{2}$; $AB = 2AK = 2 \cdot 17 = 34\text{см}$.

$P_{\text{тр}} = 64 + 2AB = 64 + 2 \cdot 34 = 64 + 68 = 132\text{ см}$.

Жауабы 132 см.



54-сурет

6-мысал Табан қабырғалары a мен b-ға тең трапецияның диагональдарының қиылысу нүктесі арқылы трапецияның табандарына параллель түзу жүргізілген. Трапецияның бүйір қабырғаларымен қиылған осы кесіндінің ұзындығын табыңыз.

Берілгені ABCD-трапеция, BC//AD. BC//b, AD//a, MN//BC//AD.

Табу керек MN-?

Шешуі AOD және ABC үшбұрыштарының

ұқсастығынан табатынымыз: $\frac{MO}{BC} = \frac{AO}{AC}$.

Екінші жағынан, AOD және BOC үшбұрыштарының ұқсастығынан


анықтайтынымыз: $\frac{AO}{OC} = \frac{AD}{BC} = \frac{a}{b}$.

Сөйтіп, $\frac{AO}{AC} = \frac{AO}{AO + OC} = \frac{\frac{AO}{OC}}{\frac{AO}{OC} + 1} \cdot \frac{\frac{a}{b}}{\frac{a}{b} + 1} = \frac{a}{a + b}$ және

$MO = \frac{AO}{AC} \cdot BC = \frac{a}{a + b} \cdot b = \frac{ab}{a + b}$.

Дәл осы сияқты табатынымыз: $ON = OM = \frac{ab}{a + b}$,

сондықтан $MN = MO + ON = \frac{2ab}{a + b}$.



55-сурет

Демек, ізделінді кесіндінің ұзындығы $\frac{2ab}{a+b}$ - ға тең.

Жауабы $\frac{2ab}{a+b}$.

7-мысал Трапецияның орта сызығы 10 см-ге тең және ол трапецияның ауданын 3:5 қатынасындай бөліктерге бөледі. Трапецияның Табан қабырғаларының ұзындығын табыңыз.

Берілгені ABCD - трапеция, BC//AD.


$$MN = \frac{a+b}{2} = 10, \frac{S_1}{S_2} = \frac{3}{5}.$$

Табу керек a-?, b-?

Шешуі BC=b, AD=a деп белгілейік.

$$S_1 = S_{MBCN} = \left(\frac{b+10}{2}\right) \cdot \frac{h}{2}$$

$$S_2 = S_{AMNB} = \left(\frac{a+b}{2}\right) \cdot \frac{h}{2}$$



56-сурет

Есептің шарты бойынша:

$$\begin{cases} \frac{S_1}{S_2} = \frac{3}{5}, \\ \frac{a+b}{2} = 10. \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} \frac{\frac{b+10}{2} \cdot 3}{\frac{a+10}{2} \cdot 3} = \frac{3}{5}, \\ a+b = 20. \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} 50 + 5a = 30 + 3b, \\ a+b = 20. \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} 3b - 5a = 20, \\ a+b = 20. \end{cases}$$

$$\Rightarrow \begin{cases} a = 15, \\ b = 5. \end{cases}$$

Демек, трапецияның табан қабырғалары 5см және 15см-ге тең.

Жауабы 5см, 15см.

8-мысал Тең бүйірлі трапецияның доғал бұрышының төбесінен жүргізілген биіктік табанын 5 см және 2см кесінділерге бөледі. Трапецияның орта сызығын табыңыз.

Берілгені ABCD- тең бүйірлі трапеция. AB=CD,

BK⊥AD, AK=2 см, KD=5 см.


Табу керек $\frac{a+b}{2} = ?$

Шешуі AK=ND=2 см болғандықтан,

KD-KN=ND, 5-x=2, Бұдан x=3 см.

Демек, b=x=3 см, a=x+2AK=3+2·2=7см.


$$\frac{a+b}{2} = \frac{3+7}{2} = 5 \text{ см}$$



57-сурет

Жауабы 5 см

9-мысал Трапецияның бір табанындағы бұрышы 68° және 74° . Трапецияның қалған бұрыштарын табыңыз. Берілгені ABCD- трапеция, $BC \parallel AD$, $\angle A = 74^\circ$, $\angle D = 68^\circ$. Табу керек $\angle B = ?$ $\angle C = ?$



58-сурет

Шешуі $\angle B = 180^\circ - 74^\circ = 106^\circ$;
 $\angle C = 180^\circ - 68^\circ = 112^\circ$.

Жауабы 106° және 112°


10 - мысал Тең бүйірлі трапецияға іштей шеңбер сызылған. Жанасу нүктесі оның бүйір қабырғасын 9:16 қатынасындай бөліктерге бөледі. Егер трапецияның биіктігі 24-ке тең болса, онда трапецияның орта сызығының ұзындығын табыңыз.

Берілгені ABCD-тең бүйірлі трапеция, $BC \parallel AD$. Оған іштей шеңбер сызылған.
 $\frac{BE}{AE} = \frac{9}{16}$.

Табу керек: Трапецияның орта сызығын.

Шешуі Есептің шарты бойынша:
 $\triangle AOB$ -тік бұрышты,

$$\frac{BE}{AE} = \frac{9}{16}; \quad r^2 = AE \cdot BE; \quad 12^2 = 16x \cdot 9x; \quad x = 1; \quad BE = 9; \quad BC + AD = 59.$$



= $AB + CD$; $BC + AD = 50$, бұдан $\frac{BC+AD}{2} = 25$

Демек, трапецияның орта сызығының ұзындығы 25-ке тең.

Жауабы 25

11- мысал Трапеция диагональдарымен 4 үшбұрышқа бөлінеді. Трапецияның табандарына іргелес үшбұрыштардың аудандары 4 см² және 9 см². Трапецияның ауданын табыңыз.


Берілгені ABCD-трапеция, $BC \parallel AD$. $S_{\triangle BOO} = 4$ см², $S_{\triangle AOD} = 9$ см².

Табу керек $S_{тр} = ?$

Шешуі $\triangle BOC \sim \triangle AOD$. $\frac{S_{\triangle BOC}}{S_{\triangle AOD}} = \left(\frac{h_1}{h_2}\right)^2$;

$$\frac{h_1^2}{h_2^2} = \frac{4}{9}; \quad \frac{h_1}{h_2} = \frac{2}{3}, \quad h_1 = \frac{2}{3}h_2;$$

Айталық $BC = b, AD = a$ болсын.



$$\text{Сонда } \begin{cases} S_{\Delta BOC} = \frac{1}{2} b \cdot h_1 = 4, \\ S_{\Delta AOD} = \frac{1}{2} b \cdot h_2 = 9. \end{cases}$$

60-сурет

$$S_{ACD} = \frac{1}{2} a \cdot (h_1 + h_2) = \frac{a \cdot \left(\frac{2}{3} h_2 + h_2\right)}{2} = \frac{a \cdot 5h_2}{6} = \frac{5a \cdot h_2}{6} = \frac{5}{3} \cdot \frac{a \cdot h_2}{2} = \frac{5}{3} \cdot 9 = 15;$$

$$S_{\Delta COO} = S_{\Delta AOO} = S_{\Delta ACD} - S_{\Delta AOO} = 15 - 9 = 6.$$

Демек, трапецияның ауданы мынаған тең: $S_{mp} = 9 + 4 + 6 + 6 = 25$ см².
Жауабы 25 см².

12-мысал Тең бүйірлі трапецияның диагоналы 10 дм және ол бүйір қабырғасымен 60° бұрыш, ал табанымен 45° бұрыш жасайды. Трапецияның бүйір қабырғасы мен қысқа табанын табыңыз.


Берілгені ABCD-тең бүйірлі трапеция. AC = 10 дм, $\angle BAC = 60^\circ$, $\angle CAD = 45^\circ$.
Табу керек AB = CD = ? AD = ?

Шешуі $\angle ADC = 180^\circ (45^\circ + 60^\circ) = 75^\circ$.

ACD үшбұрышына синустар теоремасын қолданып табатынымыз:

$$\frac{CD}{\sin 45^\circ} = \frac{AC}{\sin \angle ADC}; \quad \frac{x}{\sin 45^\circ} = \frac{10}{\sin 75^\circ};$$

$$x = 10 \cdot \frac{\sin 45^\circ}{\sin 75^\circ} = \frac{10\sqrt{2}}{2 \cdot \sin 75^\circ} = \frac{5\sqrt{2}}{\sin 75^\circ};$$



61-сурет

Сонда

$$\sin 75^\circ = \sin(45^\circ + 30^\circ) = \sin 30^\circ + \cos 45^\circ \cdot \sin 30^\circ =$$

$$= \frac{\sqrt{2}}{2} \left(\frac{\sqrt{3}}{2} + \frac{1}{2} \right) = \frac{\sqrt{2}}{4} (1 + \sqrt{3}) =$$

$$= \frac{\sqrt{2} + \sqrt{4}}{4} \quad \text{болатындықтан,}$$

$$x = CD = \frac{5\sqrt{2}}{\sin 75^\circ} = \frac{5\sqrt{2}}{\frac{\sqrt{2} + \sqrt{6}}{4}} = \frac{4 \cdot 5 \cdot \sqrt{2}}{\sqrt{2}(1 + \sqrt{3})} \text{ дм.} \quad \frac{AD}{\sin 60^\circ} = \frac{x}{\sin 45^\circ}$$

$$AD = b = x \cdot \frac{\sin 60^\circ}{\sin 45^\circ} = \frac{20}{1 + \sqrt{3}} \cdot \frac{\sqrt{3}}{2 \cdot \frac{\sqrt{2}}{2}} = \frac{20\sqrt{2}}{\sqrt{2} + \sqrt{6}} = \frac{20\sqrt{3}}{\sqrt{2}(1 + \sqrt{3})} = \frac{20\sqrt{2}\sqrt{3}}{20(1 + \sqrt{3})} = \frac{10\sqrt{6}}{1 + \sqrt{3}}$$

дм.

Демек, трапецияның кіші табанының ұзындығы 1,7 дм-ге тең.

$$\text{Жауабы } \frac{20\sqrt{2}\sqrt{3}}{20(1+\sqrt{3})} \text{ дм, } \frac{10\sqrt{6}}{1+\sqrt{3}} \text{ дм.}$$

13-мысал Тең бүйірлі трапецияның биіктігі h -қа тең, ал бүйір қабырғасы сырттай сызылған шеңбердің центрінен 1200 бұрышпен көлбеген. Трапецияның орта сызығын табыңыз.

Берілгені: $ABCD$ – трапеция, $BC \parallel AD$, O -іштей сызылған шеңбердің центрі $\angle AOB = 120^\circ$.

$$\frac{BC + AD}{2} = ?$$

Табу керек

$$2$$

Шешуі Іштей сызылған бұрыш

$$\angle AOB = 120^\circ \angle AOB = 60^\circ, BE = h - \text{трапеция}$$

биіктігі.

Трапеция тең бүйірлі болатындықтан, ED -ның ұзындығы трапецияның орта сызығының ұзындығына тең болады.

$$\triangle BDE \text{-нан: } DE = BE \cdot \text{ctg} \angle ADB = h \cdot \text{ctg} 60^\circ = \frac{h\sqrt{3}}{3}$$


Демек, трапецияның орта сызығы $\frac{\sqrt{3}}{3}h$ -қа тең.

$$\text{Жауабы } \frac{\sqrt{3}}{3}h$$


14-мысал Трапецияның табандарының ұзындықтары a және b -ға тең. Трапецияның табандары параллель болатын және оны екі тең шамалы фигураға бөлетін кесіндінің ұзындығын табыңыз.

Берілгені $ABCD$ -трапеция, $BC \parallel AD, BC = a, AD = b. S_{MBCN} = S_{AMND}$.

Табу керек $MN = ?$



62-сурет



63-сурет

Шешуі Есептің шарты бойынша: $S_{MBCN} = S_{AMND}$. Көмекші элемент енгізейік:
 $MN = x$.

$$\frac{a+x}{b+x} = \frac{NF}{CE} \quad (1)$$

$CK \parallel MB, NP \parallel MA$ жүргізейік, сонда: $\triangle CKN \sim \triangle NPD$. Бұл үшбұрыштардың ұқсастығын табатынымыз:

$$\frac{KN}{PD} = \frac{CE}{NF}; \frac{x-a}{b-x} = \frac{CE}{NF}; \frac{NF}{CE} = \frac{b-x}{x-a} \quad (2)$$

(1) мен (2)-ні теңестіріп табатынымыз:

$$\frac{a+x}{b+x} = \frac{b-x}{x-a}; x^2 - a^2 = b^2 - x^2; 2x^2 = a^2 + b^2; x = \sqrt{\frac{a^2 + b^2}{2}}$$

Демек, ізделінді кесіндінің ұзындығы $\sqrt{\frac{a^2 + b^2}{2}}$ - ге тең.

Жауабы $\sqrt{\frac{a^2 + b^2}{2}}$


15-мысал Трапецияның табан қабырғалары 24 және 48-ге тең. Трапецияның диагональдарының қиылысу нүктесі арқылы өтетін және табанына параллель болатын трапецияның ішінде жатқан кесіндінің ұзындығын табыңыз [6].

Берілгені ABCD-трапеция, $BC \parallel AD, BC = 24, AD = 48. KN \parallel DC \parallel AD$.
 Табу керек $KN = ?$

Шешуі Айталық: $KO = p, ON = q$ болсын.

$$\triangle BOC \sim \triangle AOD \Rightarrow \frac{h_1}{h_2} = \frac{24}{48} = \frac{1}{2}; h_2 = 2h_1;$$

$\triangle ABD \sim \triangle KBO$ (екі бұрышы бойынша).



64-сурет

Бұл үшбұрыштардың ұқсастығынан табатынымыз:

$$\frac{48}{p} = \frac{h_1 + h_2}{h_1} = 3; p = \frac{48}{3} = 16$$

$$\triangle BCD \sim \triangle OND \Rightarrow \frac{24}{q} = \frac{h_1 + h_2}{h_2} = \frac{3}{2}; q = 2 \cdot \frac{24}{3} = 16. KN = p + q = 16 + 16 = 32$$

Демек, ізделінді кесіндінің ұзындығы 32-ге тең.


Жауабы 32

16-мысал Трапецияның бір табанындағы бұрыштары 200, 700, ал табандарының ортасы қосатын кесіндінің ұзындығы 2 см. Егер орта сызығының ұзындығы 4 см болса, онда трапецияның табандарының ұзындығы қандай?

Берілгені ABCD- трапеция, BC//AD

$$\angle ABD = 70^\circ, \angle ADC = 20^\circ, BE = EC, AF = FD, EF = 2 \text{ см}, MH = \frac{BC + AD}{2} = 4 \text{ см.}$$

Табу керек:



65-сурет

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар:

1-есеп. Жер телімінің ауданы.

Периметрі 48 м-ге тең шаршы пішінді жер телімі тіктөртбұрыш пішінді сегіз бірдей бөлікке бөлінген.

1-сұрақ. Шаршы пішінді жер телімінің өлшемдері қандай?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Берілген жер телімінің ауданы қанша?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Тіктөртбұрыш пішінді жер телімінің өлшемдері қандай?

Жауабы: _____.

4-сұрақ. Тіктөртбұрыш пішінді жер телімінің ауданы қанша?


Жауабы: _____.

5-сұрақ. Тіктөртбұрыш пішінді жер телімінің ауданы берілген жер телімінің ауданына қарағанда қанша кем?

Жауабы: _____.

2-есеп. Фигураның ауданы.

Қабырғалары 25 см болатын шаршыға, бір төбесі осы тіктөртбұрыштың төбесімен сәйкес келетін, ал үш төбесі оның үш қабырғасының ортасы болып табылатын төртбұрыш іштей сызылған (66-сурет).



66-сурет

1-сұрақ. Боялған фигураның ауданы неге тең?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Боялған фигураның өлшемдері қандай?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Боялған фигураның периметрі неге тең?


Жауабы: _____.

4-сұрақ. Боялған фигураның ауданы берілген тіктөртбұрыштың ауданынан қанша пайыз кем?

Жауабы: _____.

3-есеп. Көпбұрыштар.

Геометриялық фигуралардан кескінделген мозаика берілген (67-сурет). Суретті қолданып, келесі сұрақтарға жауап беріңдер.



67-сурет

1-сұрақ. Суретте қанша тіктөртбұрыш кескінделген?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Суретте ауданы ең кіші болатын қанша тікбұрышты үшбұрыш кескінделген?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Суретте қанша тең бүйірлі үшбұрыш кескінделген?

Жауабы: _____.

4-сұрақ. Суретте қанша ромб кескінделген?

Жауабы: _____.

4-есеп. Бояу.

Бөлменің төбесі 68-суретте бейнеленгендей ортасы ақ эмульсиямен, шеттері жасыл эмульсиямен боялған.

1-сұрақ. Шеттерінің ені қандай болады?


Жауабы: _____.

2-сұрақ. Ақ эмульсиямен боялған бетінің ауданы қанша?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Жасыл эмульсиямен боялған бетінің ауданы қанша?


Жауабы: _____.




68-сурет

5-есеп. Әшекейлеу.

Ұзындық өлшемдері 4м және 2,5м қабырғаны 69-суретте көрсетілгендей плиткамен әшекейлеу қажет.



69-сурет



1-сұрақ. Берілген қабырғаның ауданы қанша?

Жауабы: _____.

2-сұрақ. Бір плитка қанша жерге жетеді?

Жауабы: _____.

3-сұрақ. Берілген қабырғаны әшекейлеу үшін шамамен қанша осындай плитка керек?

Жауабы: _____.

4-сұрақ. Берілген қабырғаны әшекейлеу кезінде сурет симметриялы болу үшін кем дегенде қанша осындай бүтін плитка керек?

Жауабы: _____.

6-есеп. Әшекейлеу.

Қабырғасының ұзындығы 45 см ромб пішінді фигураны 70-суретте көрсетілгендей ромб пішінді плиткамен әшекейлеу қажет.

70-сурет


1-сұрақ. Берілген фигураның ауданы қандай?

Жауабы: _____.


2-сұрақ. Берілген фигураны плиткамен толық толтыру үшін плитканың қабырғасы қанша сантиметр болуы керек?

Сабақ №5	Мектеп: Некрасов атындағы №9 мектеп - гимназия			
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Абдуллаева Ф.М.			
Сынып:	Қатысқан оқушы саны:	Қатыспаған оқушы саны:		
Сабақтың тақырыбы	Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, квадрат және олардың қасиеттері мен белгілері.			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	8.1.1.3 параллелограмм анықтамасын білу. 8.1.1.4 параллелограмм қасиеттерін қорытып шығару және қолдану.			
Сабақтың мақсаты:	Параллелограмм анықтамасын айқындау. Параллелограммның қасиеттерін тұжырымдау. Параллелограмм қасиеттерін қолдана отырып, есептер шығару.			
Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 5 минут	Ұйымдастыру сәті «Жүректен-жүрекке» оқушыларды жылы жүзбен қарсы алу, амандасу, жылы лебіздер айту. «Қима қағаздар» Қима қағаз таңдату арқылы топқа бөлу. «Ыстық орындық» әдісін оқушылардың өткен сабақта не білгенін, нені үйренгендігін білу мақсатында қолданамын. Көпбұрыш дегеніміз ... Дөңес көпбұрыш дегеніміз ... Көпбұрыш элементтері анықтамалары ... Көпбұрыш ішкі бұрыштарының қосындыларының формулалары. Көпбұрыш сыртқы бұрыштарының қосындыларының формулалары	Психологиялық ахуалға берілген тапсырманы орындайды. «Ыстық орындық» әдісін оқушылардың өткен сабақта не білгенін, нені үйренгендігін білу		Қима қағаз

Негізгі бөлім
Тақырыпты ашу
10 минут




Оқушылардың назары төртбұрыштардың қабырғаларының орналасуына аударылады. Бақылау және салыстыру нәтижесінде төртбұрыштардың ішінде екі қабырғасы параллель (4), (7); параллель қабырғалары жоқ (1) және қарама-қарсы екі жұп қабырғалары параллель болатын төртбұрыштардың (2), (3), (5), (6) бар екендігін оқушылар көреді. Қарама-қарсы қабырғалары параллель төртбұрыштарды бұдан былай параллелограмм деп аталатындығы айтылады. Содан кейін анықтама тұжырымдалады. Қарама-қарсы қабырғалары қос-қостан параллель болатын төртбұрыш параллелограмм деп аталады. Параллелограммның бір төбесінен қарсы жатқан қабырғасына түсірілген перпендикуляр оның биіктігі деп, ал биіктігі түсірілген қабырға табаны деп аталады.



Параллелограммның мынадай үш қасиеті бар:
Параллелограммның қарсы жатқан бұрыштары тең;
Параллелограммның диагональдары қиылысу нүктесінде тең екі бөлікке бөлінеді.
Параллелограммның бір қабырғасына іргелес бұрыштарының қосындысы 180°-қа тең.

Параллелограмм қасиеттері



«Түртіп ал» әдісі арқылы жаңа мәліметпен өз бетінше оқып танысады. Нақты анықтамаларға (+) белгісін қойып отырады.

«Параллелограмм анықтамасы мен параллелограмм қасиеттерін қорытып шығару» тақырыбында ақпарат




Үлестірімелі қағаздар

ҚБ:
Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.

Л



<p>Оқулықпен жұмыс 25 минут</p>	<p>1 тапсырма (Ж) «Дизайн» әдісі арқылы орындалады шебер айшықты гүл құрақ құрамақшы болып 6 параллелограмм тәріздес бейнелер қиып алды, құрау барысында бір нүктеде түйсетін параллелограммның сүйір, толық бұрыштары қандай болуы керек?, 6 параллелограмм тәріздес бейнелердің тең екендігін дәлелдеу.</p>  <p>Сергіту сәті: 1. Сағат 16: 50 болса, сағат тілдері арасындағы бұрыш неше градус? А) 100°. В) 150°. С) 155°. Д) 205°. Е) 200°. 2. Үшбұрыш бұрыштары 3; 5; 10 қатынасындай. Үшбұрыш түрін анықтаңыз А) тікбұрышты. В) анықтау мүмкін емес. С) тең бүйірлі. Д) доғал бұрышты. Е) сүйір бұрышты.</p>	<p>Дескриптор: төртбұрыш түрін анықтайды; төртбұрыштың қасиеттерімен байланыстыра отырып, белгілерін дәлелдейді; сүйір бұрышын табады; толық бұрышын табады.</p>	<p>ҚБ: «ТӨ ДК» әдісі арқылы оқушылар бірін бірі бағалайды. Толықтырады, өзгертпейді, дамытады, күрделендіреді.</p>	<p>Топтық тапсырмалар.</p>
<p>Соңы 5 минут</p>	<p>Сабақты бекіту Үйге тапсырма: Параллелограмм анықтамасын және қасиеттерін қайталау, №8,9 тапсырма, 22 бет</p>	<p>Сабақты пысықтау тапсырмаларын орындау.</p>		<p>оқулық</p>

Кері байланыс	<p>Рефлексия</p> <p>«Бес саусақ» әдісі. Қағаз бетіне қолыңызды қойып, саусақтарыңызды айналдыра сызады. Әр саусақтың өзінің мәні бар, солар бойынша өз ойын білдіре отырып, жан-жақты қарастырады.</p> <p>1. Бас бармақ – мен үшін маңызды және қызықты болды</p> <p>2. Сұқ саусақ – мен бүгін түсіндім.</p> <p>3. Ортаңғы саусақ – мен үшін қиын болды.</p> <p>4. Төртінші саусақ – менің бағам, өйткені...</p> <p>5. Шынашақ – Мен білгім келеді</p>	<p>Оқушыларға «Бес саусақ» әдісі кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.</p>	«СМ С»	Кері байланыс парағы.
---------------	--	---	--------	-----------------------

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты ҚРМЖБС 6.08.018., Астана, 2010.
- 2 Чичигин В.Г. Методика преподавания геометрии /Планиметрия/-М.: Учпедгиз,1959-392с.
- 3.Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. «Планиметрияны оқыту әдістемесі», Шымкент, 2012, - 121б.
- 4 Бескин Н.М.Методика геометрии/учебник для педагогических институтов/-М.:1947-276с.
- 5 Жұбаев Қ. Геометрияны оқыту әдістемесі.-Алматы: РБК,1992
- 6 Колягин Ю. М.Оганесян В. А.Саннинский В.Я., Луканский Г.Л. Методика преподавания математики в средней школе. Частная методика. Учеб.пособие для студентов физ-мат.фак.пед.институтов.-М.:Просвещение,1977
- 7 Методика преподавания математики в средней школе:/А.Я.Блох, В.А.Гусев, Г.В. Дорофеев и др.Частная методика. Состав. Мишин.В.И. Учеб.пособие для студентов пед. институтов по спец.-М.:
- 8 Методика и технология обучения математике. Курс лекции: пособие для ВУЗов /под научн.ред. Н.Л.Стефановой, Н.С.Подходовой. М.:Дрофа, 2005.
- 9 Погорелов А.В. Геометрия: Жалпы білім беретін мектептің 7-11 сыныптарына арналған оқулық. Алматы: Просвещение – Қазақстан, 2003.

- 10 Шыныбеков Ә.Н. Геометрия. Жалпы білім беретін 7,8,9 сыныптарына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра,2005
- 11 Глаголев Н.А. Элементарная геометрия. Часть 1,2. М.: Учебная, 1994
- 12 А.Е.Әбілқасымова, Көбесов А., Д.Р. Рахымбек, Кенеш Ә. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы: Білім, 1998
- 13 Физика-математика журналы, №5, 2009-176.
- 14 Математика в школе, №7, 2006-266.
- 15 Қазақстан мектебі, №11, 2008-33.
- 16 Жүнісов Т. Планиметриялық салу есептерін шығару әдістері. Алматы,1998
- 17 Бейсеков Ж., Жантелі Х. Есептер жинағы – Шымкент, 2006.
- 18 Колмогоров А.Н. Геометрия. Орта мектептің 6-8 сыныптарына арналған оқулық. Алматы: Мектеп, 1978
- 19 Киселов А.П. Элементарная геометрия. М.: Просвещение,1973
- 20 Тұяқов Е.А., Смирнов В.А. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық –Алматы: «Мектеп», 2017.
- 21 Қайдасов Ж., Хабарова Г., Абдиев А. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық –Алматы: «Мектеп», 2016.
- 22 Шыныбеков Ә. Н, Шыныбеков Д. Ә., Жұмабаев Р.Н. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық –Алматы: «Атамұра», 2018.
- 23 Тұяқов Е.А., Смирнов В. А. Геометрия. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. –Алматы: «Мектеп», 2018. -160 б.

МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

*Жанбаева Айдана Өмірханқызы
Математика пәнінің мұғалімі
Өзбекәлі Жәнібеков атындағы №27 ІТ мектеп-лицейі*

Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік
- шығармашылық тұрғыда ойлау
- шешім қабылдай алу
- өз кәсібін дұрыс таңдай алу

- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, белсенді, өмірге талпынысы, қызығушылығы бар адамды мектеп табалдырығынан дайындап шығарудың ең бір тиімді тәсілі ол – оқытудағы математикалық сауаттылық.

Математикалық сауаттылық

- математиканың әлемдегі рөлін анықтау және түсіну;
- әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру;
- дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;
- есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру;
- математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының қалыптасуы «математикалық құзыреттіліктің» даму деңгейлерімен (танымдық салалармен) сипатталады:

- білу (еске түсіру);
- қолдану (байланыстарды орнату);
- ойлау (пайымдау).

Оқушының математикаға ынтасын дамытуда мұғалімнің негізгі мақсаты.

Пәнге қызығушылықты дамытудың үш түрлі шарты бар

1. Мазмұнның жаңғыртылуы, ілімнің практикалық мәнін ашып көрсету және ғылымның соңғы жаңалықтарын, табыстарын жүйелі баяндау
2. Өз бетінше жұмыс істеудің әрқилы түрлерін, оқушының шығармашылық, практикалық жұмыстарына бағытталған оқыту тәсілдері
3. Оқушының қабілетін ұштау, мұғалімнің оқушыға көмек беруге дайын тұруы, олардың мүмкіндіктеріне қолдау көрсету қабілеті, талап қоюшылдығы мен адалдығы, балаларды көтермелей білу, сондай-ақ оқушылардың өзара бәсекесіне көмек көрсете білу қасиеті.

Пропорционал бөлуге берілген есептер

Егер завод күніне 3,6 т отын жұмсаса, онда жарты жылда жұмсайтыны белгілі болса, оның құны 3 млн. теңге болады. Егер завод күн сайын 3 т отын жағатын болса, онда осы (уақытта) отын алуға қанша ақша жұмсайды?

Шешуі: 1т отын жаққанда оның шығыны $3/3,6$ млн. теңге, ал 3т отын жаққанда сәйкес $3/3,6 \cdot 3 = 2,5$ млн. теңге.

Жауабы: 2,5 млн. теңге.

Екі тоқыма өнеркәсібі цехында 6 млн. теңгенің қнімі шығарылды, олардың жұмыс өнімділіктері бірінші цехтың екінші цехқа қатынасы 2: 3 дай. Әрқайсысы жеке алғанда қанша өнім өндіреді?

Шешуі: Бірінші цехтың өндіргені 2 бөлік, 2-нің өндіргені 3 бөлік. Барлығы $2+3=5$ бөлік. Яғни біріншісі барлық өнімнің $2/5$, оның бағасы 6 млн. теңге, $6 \cdot 2/5 = 2,4$ млн. теңге. Дәл осылай екіншісі $6 \cdot 3/5=3,6$ млн. теңге.

Жауабы: 2,4 және 3,6 млн. теңге.

Пайызға берілген есептер.

Цехта 60 адамжұмыс істейді, оның 30%-ы әйелдер. Цехта қанша әйел жұмыс істейді?

Шешуі: 60 санының 30%-ін табу керек, яғни $(30:100) \cdot 60=18$

Жауабы: 18 әйел

2. 25%-ы 150 мың теңгені құрайтын салымшының пайызын табыңдар.

Шешуі: салымшының 1% $150/25$ мың теңгені құрайды, ал 100% деп алынған барлық салым тең $(150/25) \cdot 100=600$ мың теңге

Жауабы: 600 мың теңге.

3. Бұдан екі жыл бұрын жинақ банкасына салынған ақша 1312,5 мың теңге болды. Жылдық өсімі 25% болғанда алғаш қанша ақша банкке салынған?

Шешуі: ең алғаш салынған ақша x (мың теңге) болсын. Бірінші жылдың соңында салынған ақша $x+(25:100) x=1,25x$ (мың теңге), ал, екінші жылдың соңында $1,25x (1+0,25) =1,252 x$ (мың теңге). Яғни $1,252 x=1312,5$ мың теңге, бұл арадан $x=840$ мың теңге

Жауабы: 840 мың теңге

Сандарға берілген есептер.

Екі таңбалы санның цифрларының қосындысы 8. Егер осы санның цифрларының орындарын ауыстырғанда бұдан шығатын сан ізделінді саннан 18-ге аз болады. Ізделінді санды табыңдар?

Шешуі: ізделінді санның бірлігін x деп белгілейік, онда ізделінді санның ондығы $(8-x)$. Ізделінді санды $(8-x) \cdot 10+x$ түрінді жазуға болады. Цифрларының орындарын ауыстырғаннан кейін сан $10x+(8-x)$ болады. Есептің теңдеуі: $10x+(8-x) +18=(8-x) \cdot 10+x$, бұдан $x=3$

Жауабы: 53

Логикалық есептер

Жолаушының бір ешкісі, бір қапустасы, бір қасқыры бар. Ол өзеннің бір жағынан екінші жағына екі орынды қайық арқылы өтуі керек. жолаушы ешкіні, капуста және қасқырды өзеннен қалай өткізді? Қасқырды ешкімен қалдыра алмайды, ал ешкіні қапустамен қалдыра алмайтыны белгілі болса? Шешімі: Ол үшін үшеуін де қадағалаусыз қалмауы керек. Бірінші қатынағанда жолаушы өзеннің ар жағына ешкіні апарды. Екінші қатынағанда жолаушы қасқырды алады, капуста қалады. Өзеннің ар жағына жеткен соң қасқырды қалдырып, ешкіні қайтадан өзеннің бер жағына әкеледі. Үш қатынағанда ешкіні қалдырып, қапустаны өзеннің ар жағына апарды. Қапустаны қалдырады да, өзі бер жаққа қайта оралады. Төрт қатынағанда ол ешкіні өзеннің ар жағына шығарады.

Айдыңның Асқардан бойы ұзын, бірақ Жанаттан кіші. Кім ұзын? Шешімі: Жанат - ұзын

Менің атым Медет менің тәтемнің бір ғана інісі бар. Менің тәтемнің інісінің аты кім? Жауабы: Медет

Аралас есептер

Бір кооператив өз жерінен 1500 ц, ал екінші кооператив одан 20 га кем жерден 1600 ц бидай жинады. Екінші кооператив біріншісіне қарағанда әр гектардан 5 ц көп бидай жинаған болса, онда бірінші кооператив әр гектардан қанша бидай жинады?

Шешуі:

X га – 1500 ц

(X – 20) га – 1600 ц

$$\frac{1500}{x} + 5 = \frac{1600}{x - 20}$$

$$1500(x-20) + 5x(x-20) - 1600x = 0$$

$$5x^2 - 40x - 6000 = 0$$

$$D = 25600$$

$$x_1 = \frac{40 + 160}{2} = 100, x_2 = -60$$

$$1500 : 100 = 15$$

Жауабы:

15

ц

Есеп: Үйді салу үшін 15 бөрене, 2 м³ әйнек және 15 м³ тақтай керек. Бұл материалдарды «Бөрене» «Әйнек» «Тақтай» қоймаларынан алады. Материалдардың бағасы мен сату шарты төменде көрсетілген.

Қойма	1 бөрене бағасы, тг	1 м ³ әйнек бағасы тг	1 м ³ тақтай бағасы, тг
Бөрене	400	2500	300
Әйнек	350	2450	325
Тақтай	375	2400	350

Қойманың атымен аттас затқа 5% жеңілдік бар. Қайсы қоймада сатып алған заттар арзан және қанша тұрады.

Шешуі: Алатын заттардың бағасын әрбір дүкен үшін есептеп, қосындысын табамыз.

Қойма	1 бөрене бағасы, тг	1 м ³ әйнек бағасы тг	1 м ³ тақтай бағасы, тг	Барл теңге
Бөрене	400*15*0,95=5700	2500*2=5000	300*15=4500	15200

Әйнек	$350*15=5250$	$2450*2*0.95=4655$	$325*15=4875$	14780
Тақтай	$375*15=5625$	$2400*2=4800$	$350*15*0.95=4845$	15270
Әйнек дүкені арзан-14780тг				

Математика сабағындағы негізгі сауаттылыққа мыналар жатады:

1. Математика – ғылым болмысынан балама ұғымдар. Сондықтан да математика барлық ғылымдардың логикалық негізі – күре тамыры ретінде қарастырылады.
2. Математика ең алдымен оқушылардың дұрыс ойлау мәдениетін қалыптастырады, дамытады және оны шындай түседі.
3. «Математикалық сауаттылық» ауызша, жазбаша қабілеттерін қалыптастыру арқылы оқушының «математикалық сауаттылықты» меңгере білу қабілетін шындайды.
4. Математика әлемде болып жатқан түрлі құбылысты, жаңалықты дұрыс қабылдап, түсінуге көмектеседі.
5. Математиканың болашақ тұлғаны моральдық, эстетикалық және этикалық тұрғыдан қалыптастыруда да тәрбиелік мәні бар.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру үшін:

- теорияны білу, оны логикамен ұштастыру;
- есепті шығаруда тиімді жағын көруге баулу;
- математикалық сайыс сабақ, пән кеші, апталықтарды математиканың даму тарихымен байланыстыру;
- Ақпаратты қорыту технологиясынан математика сабақтарында интерактивтік тақтаны қолдану. Интерактивті тақта арқылы оқушылар жаңа материалдарды арнаулы бағдарламалар көмегімен мүмкіндігінше меңгерумен қатар функциональдық сауаттылығы да артады.

Функциональдық сауаттылық ағылшын тілінде - functional literacy) дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны қалыптастыруға, білім алу мен мәдени жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру.

Математикалық сауаттылық сөйлеу және жазу мәдениетіне қоршаған ортаны және олардың заңдылықтарын баяндау, оны оқып үйренудің ғылыми бейнесін меңгерудегі басты құралы ретінде екерекше көңіл бөлу қажет. Математикалық сауаттылық оқушылардың математикалық тексті оқуына, жазуына және қайта айтып беруіне, жазылғандар мен айтылғандарды түсіне білуіне ең минимальды талап ретінде қарау қажет.

Оқушылардың функциональдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес 2015 жылы Қазақстанда үшінші рет оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау үшін жаратылыстану бағыты бойынша PISA халықаралық зерттеулері жүргізілді. Оның ішінде математикалық сауаттылық бойынша берілген тапсырмалары да

болды. Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың ролін анықтау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттіліктерін негізделген қабілет.

Математика пәні міндетті пәндердің бірі болғандықтан оқушылардың даярлығы, математикалық ұғымдарды қолдана білу деңгейлері стандарттан төмен болмауы тиіс. Бірақ оқушылардың қабілеттері мен математикалық білімдері, ол білімдерді қолдану деңгейлері әр түрлі болады. Осы орайда математикалық сауаттылық моделін қарастырған жөн. Математикалық сауаттылық моделі шынайы әлем проблемаларын математикалық әлеммен ұштастыруға, тәжірибедегі мәселелерді пайымдай отырып, оның математикалық моделін құруға алғы шарт болып табылады.

Математикалық сауаттылық

Есептерді шығарудың тиімді тәсілдерін табу, орындау,
өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру;

Дұрыс негізделген математикалық пайымдаулар айту;

Математиканың әлемдегі ролін анықтау және түсіну;

Әр түрлі формада берілген сандық ақпараттарды оқу, талдау, түсіндіріп беру;

Математикалық сауаттылықтың тағы бір ерекшелігі - пәнаралық байланыста. Математика сабағының басқа пәндермен байланыс кезінде олардың математикалық сызбаларымен қосындыларын жинақтауда. Педагогика тарихында пәнаралық байланыс ертеден зерттеліп келе жатқан негізгі мәселелерінің бірі болып саналады. Педагогикалық ой-пікірдің дамуында және мектеп тәжірибесінде пәнаралық байланыс проблемасы көптеген прогресшіл педагогтарды толғандырған. Яғни пәндердің өзара байланысы туралы пікір он сегізінші ғасырда пайда болған.

Математика сабағында пәнаралық байланысты негізге ала отырып, сұрақ-жауап, баяндау, проблемалық ситуацияларды туғыза отырып оқушыларды алға қойған мәселені шешуге, шығармашылық жұмыстармен айналысуға, бірін-бірі бағалай алуға, өз ойларын нақты, толық жеткізе білуге көңіл бөлінеді. Осы аралықта 5 сыныпқа арналған «Логикалық математика», 9-11 сыныптарға арналған «Теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу» курстарның көмегі тиеді. Тәжірибеге сәйкес оқушылардың төмендегідей есептерді шығару барысында функционалдық сауаттылықтары дамып, ақпараттық мәдениеттілігі қалыптасады.

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	«Ө.Жәнібеков атындағы 27 ІТ мектеп-лицей» КММ
Педагогтің аты-жөні:	Жанбаева Айдана
Күні:	

Сыныбы:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Көрсеткіштік теңдеулер және олардың жүйелері
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	11.2.2.6 көрсеткіштік теңдеулерді шешу әдістерін білу және қолдану
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: көрсеткіштік теңдеулерді біледі; Оқушылардың басым бөлігі: көрсеткіштік теңдеулерді тұжырымдайды; Кейбір оқушылар: көрсеткіштік теңдеулерді шеше алады;

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурс-тар
Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. 2 мин.	I. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа дайындықтарын тексеру. Сабақты жағымды ахуалдан бастау. Психологиялық жағдай орнатамын. Топқа бөлу: 1,2 қатар арқылы 1-топ: Ойшылдар 2-топ: Тапқырлар	Оқушылар бір-біріне тілек арқылы жақсы көңіл күй сыйлайды. Мақсаты: оқушыларды топқа бөліп, оқыту жағдайларын теңестіру. Тиімділігі: Оқушыларды жақындастырады, көңіл -күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.	Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды «Мадақтау сөз» тәсілі арқылы бағалайды: «Жақсы! Өте жақсы!»	

<p>Миға шабуыл. «Ой қозғау» әдісі. 4 мин.</p> <p>Топтық жұмыс</p>	<p>“Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты Қырандай күшті қанатты. Мен жастарға сенемін!” Мағжан Жұмабаевтың қанатты сөзімен сабақты бастадым. “Тапқырлар” тобына</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) 10- ның кубы 2) 1 км – де қанша метр бар 3) Геометрия сөзінің мағынасы. 4) $3x = -15$ теңдеуінің шешімі 5) – 7 санының квадраты 6) 18 және 12 сандарының ең үлкен ортақ бөлгіші 7) – 3 және -5 сандардың көбейтіндісі неге тең 8) Бұрышты өлшеуге арналған құрал. 9) 16 саны 2 санының қандай дәрежесі 10) 2-1 дәрежесі неге тең 11) Өзара қиылыспайтын түзулер қалай аталады? 12) N әрпімен қандай сандар жиыны белгіленеді 13) -5 және 10 сандардың қосындысы неге тең ? 	<p>Тапсырманы орындайды. Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту. Тиімділігі: Оқушының танымдық дағдысы артады.</p>	<p>Дескриптор : -ережелерді тұжырымдайды; -сұраққа жауап береді ҚБ «Мадақтау сөз»</p>	<p>Слайд 1</p> <p>Слайд 2 Сұрақтар топтамасы.</p>
---	--	--	---	---

	<p>14) Жазыңқы бұрыштың өлшемі неше градус?</p> <p>15) Ақиқаттығы дәлелдеусіз қабылданатын сөйлем</p> <p>16) Тік бұрыштан кіші бұрыш</p> <p>17) Сыбайлас бұрыштардың қосындысы</p> <p>18) Үшбұрыш төбесінен қарсы қабырғасына жүргізілген перпендикуляр</p> <p>19) Тік бұрыш жасап қиылысатын түзулер</p> <p>20) Бұрышты қак бөлетін сәуле</p> <p>“Ойшылдар” тобына</p> <p>1) 3 санының кубы</p> <p>2) 1 кг қанша грамм бар?</p> <p>3) Геометрия пәнінің негізін қалаған математик</p> <p>4) $-5x=20$ теңдеуінің шешімі</p> <p>5) – 6 санының квадраты</p> <p>6) 6 және 4 сандарының ең үлкен ортақ бөлгіші</p> <p>7) – 4 және 5 сандардың көбейтіндісі неге тең</p> <p>8) Шеңбер салуға арналған құрал</p> <p>9) 27саны 3 санының қандай дәрежесі</p> <p>10) 3-2 дәрежесі неге тең?</p>			Слайд 3
--	---	--	--	------------

	<p>11) Сызықтың функцияның графигі қалай аталады?</p> <p>12) Z әрпімен қандай сандар жиыны белгіленеді</p> <p>13) -4 және -3 сандардың қосындысы неге тең?</p> <p>14) Тік бұрыштың өлшемі неше градус?</p> <p>15) Дәлелдеуді қажет ететін тұжырым</p> <p>16) Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы</p> <p>17) Үшбұрыш төбесінен қарсы қабырғасының ортасына жүргізілген кесінді</p> <p>18) Негізгі геометриялық фигуралар</p> <p>19) Вертикаль бұрыштар қандай?</p> <p>20) Үшбұрыштың бір ішкі бұрыштарының қосындысы неге тең?</p>			
--	---	--	--	--

<p>Сабактың ортасы 16 мин. «Мен- саған, сен-маған» әдісі.</p> <p>Топтық жұмыс. 3 мин Білу</p>	<p>1.Теңдеу дегеніміз не? Құрамында мәнін табу қажет болатын әрпі бар теңдікті теңдеу деп атайды. 2. Теңдеудің түбірі дегеніміз не? Әріптің теңдеуді тура санды теңдікке айналдыратын мәні теңдеудің түбірі - деп аталады. 3.Теңдеуді шешу дегеніміз не? Теңдеуді шешу дегеніміз-оның барлық түбірлерін табу немесе олардың жоқ екенін дәлелдеу. 4.Сендер қандай теңдеулердің түрін білесіңдер? -Рационал теңдеулер; - Бөлшек рационал теңдеулер; -Сызықтық теңдеулер;-Квадрат теңдеулер; -Иррационал теңдеулер; -Биквадрат теңдеулер; -Тригонометриялық теңдеулер; - Көрсеткіштік теңдеулер</p>	<p>Түсінбеген тапсырмаларды бір-біріне түсіндіреді. Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, талдау жасайды</p>	<p>Дескриптор : -ережелерді тұжырымда й-ды; -сұрақтарға жауап береді: ҚБ «Сұрақты қағып ал» Әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпайдан қойылады.</p>	<p>Слайд 4-7</p>
<p>Жаңа сабақ 3 мин Түсіну</p>	<p>Бірдей санды бірнеше рет, Көбейтуден тұрады. Егер оны ықшамдасаң, Қандай атау болады?</p>	<p>1-тәсілмен оқушы өз ойын ортаға салып, талдау жасайды.</p>		<p>11 сынып, Алгебра А.Е.Әб ілқасы-</p>

	<p>(Дәреже) Анықтама. Айнымалысы дәреженің көрсеткішінде болатын теңдеуді көрсеткіштік теңдеу деп атайды. Көрсеткіштік теңдеулер: $2x=32$ $5x+1=125$ $7x+2-7x=336$ Көрсеткіштік теңдеуді шешу тәсілдерін қарастырайық? 1) бірдей негізге келтіру; 2) жаңа айнымалы енгізу; 3) графиктік тәсіл. Мысалдар қарастыру, талдау: 1) $27x=81$ теңдеуін 1-тәсілмен шешу, талдау жасайды.</p>	<p>мұғалім бағыттаушы ролін атқарады.</p> <p>Мұғалім есеп шығаруда жолын көрсетеді, әр топтан 1 оқушы талдау жасап, аяқтайды.</p> <p>Оқушы өз ойын ортаға салады, талдайды.</p>	<p>Дескриптор : -әдісті тұжырымдайды; -сұраққа жауап береді. ҚБ «Басбармақ» Дескриптор : -әдісті тұжырымдайды; -теңдеу түбірін анықтайды.</p>	<p>мова, 3.Ә.Жұмағұлова Алматы, «Мектеп» 2020</p> <p>Слайд 8</p>
<p>Қолдану 4 мин</p>				
<p>3 мин</p>				
<p>3 мин</p>	<p>$2x+2x+1=12$ $25x-26*5x+25=0$ теңдеулерін 2-тәсілмен шешу, талдау жасайды.</p> <p>«Көрсеткіштік функция» туралы шығармашылық тапсырма талқыланады. $ax=b$ теңдеуін 3-тәсілмен шешу, талдау жасайды.</p>		<p>Дескриптор : -әдісті тұжырымдайды; -сұраққа жауап береді; - графиктерді салады;</p>	

	$y = ax$ $y = b$			
Талдау 8 мин Жеке жұмыс. 3 мин. 5 мин	№23.1-№23.2 теңдеулерді шешу (ауызша) Теңдеулерді шешіндер: №23.3 (3) $3x+3x+1+3x+2=117$ №23.4(3) $2*9x-3x+1-9=0$	Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, талдау жасайды. Мақсаты: Берілген есепте ережені, тәсілді қолданады. Тиімділігі: Оқушының сын тұрғысынан ойлау мен сөйлеу дағдысы қалыптасады.	Дескриптор : -формуланы тұжырымдайды; -теңдеулер шешеді. ҚБ «Мадақтау» Дұрыс жауапқа 1 ұпай қойылады	11-сынып оқулығы. 183-бет
Сергіту сәті 3 мин	«Мен- ойшыл, сен- тапқыр» ойыны Қай топ шапшаң және дұрыс есептейді $8-4-3=$ $(8+4):3=$	Берілген уақытты тиімді пайдаланады. Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни	Дескриптор : -әдісті қолданады; -теңдеуді шешеді. ҚБ	Слайд 9 Слайд

<p>Жинақтау 4мин.</p>	<p> $8:4+3=$ $8:4 \cdot 3=$ $8-4+3=$ $8+4-3=$ $(8-4) \cdot 3=$ $8+4+3=$ $8 \cdot 4-3=$ $8 \cdot 4+3=$ $(8+4) \cdot 3=$ $8 \cdot 4 \cdot 3=$ </p> <p>Online Mектеп сайтындағы тапсырмалармен топтық жұмыс.</p>	<p>ойлауды дамыту. Тиімділігі: Оқушының ойлау қабілеті артады.</p> <p>Мақсаты: Берілген есептерді шешуде ережені, тәсілді қолданады. Тиімділігі: Оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысы қалыптасады. Пәнге деген қызығушылығы арттады.</p>	<p>«Басбармақ»</p> <p>ҚБ «10 ұпай жүйемен бағалау» Өз- өздерін бағалайды</p>	<p>10</p> <p>Online Mектеп</p>
<p>Сабақтың соңы. Бағалау 3 мин.</p> <p>Ой толғаныс. Рефлексия</p>	<p>Сабақты қорытындылау: «Жалғасын тап» әдісі арқылы сабақты қорытындылаймын. Үйге тапсырма беру: №23.4; №23.8 «Блоб ағашы» әдісі Ұсынылады, сол арқылы оқушы сабақ басында және сабақ соңында өз орнын анықтап, белгілейді</p>	<p>Оқушыларға «БББ» парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді. Мақсаты: Өз ойын айтып, сабақты бекітеді, қорытындылайды. Тиімділігі: Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады.</p>	<p>Оқушылар бір-бірінің сабаққа қатысу белсенділігі не қарай ҚБ «Мадақтау сөздері» әдісі арқылы бірін-бірі бағалайды.</p>	<p>Слайд 11 Кері байланыс кестесі</p> <p>Слайд 12</p>
<p>Саралау. Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз қабілетті оқушылардың алдына қандай тапсырмалар қоясыз?</p>		<p>Бағалау. Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау, сергіту сәтін ұйымдастыру</p>	

<p>«Диалог және қолдау көрсету», «Тапсырма», «Жіктеу».</p> <p>Қажеттілігіне қарай тапсырмалар беремін.</p> <p>Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға көмек көрсету.</p>	<p>ҚБ түрлері: сұрақты қағып алу, қолпаштау, мадақтау, дыбыстау, 10 ұпай жүйе бойынша бағалау.</p>	<p>Сынып бөлмесін сабақтан бұрын желдету. Сыныптағы орындық парталардың түзу тұруына назар аудару. Көз талғанда немесе шаршағанда көзді дем алдыратын жаттығулар орындау. Кабинетте электр сымдарына абай болу.</p>
---	--	---

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

Н.Ә.Назарбаевтың сөзі Егемен Қазақстан газеті 2006 жыл № 115

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 — 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.

Баяндама «Оқушылардың математикалық сауаттылықтарын арттырудың тиімді жолдары», Утекова Н.С.

Баяндама «Математика сабағында оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары», Есенбаева Э.А

ОҚУШЫЛАРДЫ МАТЕМАТИКА ПӘНІНЕН ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

*Исмайлова Гаухар Арапбаевна
Математика пәнінің мұғалімі*

№40 Ғани Мұратбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі

Олимпиада – білім сайысының бір түрі. Олимпиадалар сыныптық, мектептік, аудандық, қалалық, облыстық және республикалық деген бірнеше түрге бөлінеді. Олимпиада бірнеше турдан тұрады. Алдыңғы турлардың жеңімпаздары финалдық турға жіберіледі. Олимпиадалық тапсырмалар дегеніміз – балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше, оқушының біліміне, мүмкіндігіне сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған жұмыстар жүйесі. Олимпиада әр мектепте, ауданда, облыста, республикада математикадан сыныптан тыс жұмыстың қорытындысын шығарады. Мектеп және аудандық олимпиадалар оқушылардың математикалық дайындығы мен математикалық дамуының сапасын, сондай-ақ мектептің жекелеген сыныптарында, ауданның жекелеген мектептерінде математиканың оқыту жағдайын салыстыруға мүмкіндік береді. Облыстық және республикалық

олимпиадалар кейбір дәрежеде елдің жекелеген облыстарындағы, өлкелері мен республикаларындағы математикалық білім берудің жай-күйін салыстыруға мүмкіндік береді. Халықаралық олимпиадалар әртүрлі елдердің орта мектептерінде математикалық білімнің жоғарғы қырының жағдайын салыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай салыстыру мүмкіндігі ғылыми-техникалық революция кезеңінде өте маңызды, өйткені олимпиадаларға қатысушы елдерге оқушылардың математикалық білім мазмұнындағы олқылықтарды жою үшін, математика саласындағы болашақ мамандарды даярлау бойынша іс-шараларды жүзеге асыруда қажетті шараларды уақтылы қабылдауға мүмкіндік береді.

Есептерді шығару мен шығармашылық тапсырмаларды шешу барысында математикада жиі кездесетін тақырыптардың орнына нақты табиғаттан немесе күнделікті практикадан алынған біліммен істес болады. Мұндай шамалар оқушыларға түсінікті және таныс болғандықтан есепті талдауда, оны шығаруға біршама жеңілдік туғызады және оқушылардың табиғатты, қоршаған ортаны танып-білуге, оқып-үйренуге деген қызығушылығы мен талпынысы артады, шығармашылық қабілеті жетіледі.

Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сай ғылыми шығармашылық жұмысқа баулу математикалық көзқарастарын кеңейтуге, математика пәніне қызығушылығын арттыру болып табылады. Математика пәніне бейім дарынды оқушылармен жұмыс барысында олимпиадалық деңгейлік тапсырмалар оқушылардың өз бетінше жұмыс әрекетін арттырып, оқытудың тиімділігіне қол жеткізіп, ойлау қабілетін, шығармашылық әрекетін белсендіреді. Осыларға қоса оқушылардың білімдеріндегі олқылықтар анықталып, уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Олимпиада өткізудің маңызды мақсаттарының бірі оқушылардың математикаға қызығушылығын арттыру, оқушыларды математикалық үйірмелерге тарту. Оқушылардың өз күштерін, математикалық қабілеттерін, стандартты емес міндеттерді шеше білуін тексеруге үлкен ықпалы бар. Оларды жарысқа ерікті түрде қатысу мүмкіндігі, Олимпиададағы барлық жағдайдың ерекшелігі қызықтырады.

Олимпиада оқушылардың математикалық қабілеттерін анықтауға және дамытуға ықпал етеді. Сабақта оқушы жиі ұпай алады және өте объективті, тек үштік, кейде төрт және екілік. Мектеп олимпиадасына өз күштерін сынап көруге келеді. Кенеттен біз оның ойға, түйсікке түсетін тапсырмаларды жақсы шешетінін байқаймыз, оларды шешу кезінде көптеген үздіктердің тығырыққа тірелетінін байқаймыз. Олимпиададан кейін оқушы математикамен айналысуы мүмкін. Мұғалім бұл оқушыға оның сабақтарында көмектеседі, осындай оқушының математикалық қабілеттерін дамыту жолдарын табады, оған математикалық әдебиет, есептер және т. б. кеңес береді.

Олимпиаданың кез келген қатысушысы үздік нәтижеге қол жеткізгісі келеді. Ол үшін есептерді шешеді, ұсынылған әдебиеттерді оқиды, математиканың жекелеген мәселелерін егжей-тегжейлі зерделейді,

математикалық үйірме жұмысына белсенді қатысады. Ол Олимпиадада табысқа жету үшін міндеттерді әр түрлі жолмен шеше білу, тапсырмаларды шешу қабілетін дамыту және оларды шешуге беймәлім амалдарды іздеу, күтпеген тәуелділікті көру қажет екенін түсінеді.

Барлық мектептерде, аудандарда, облыстарда олимпиадаларды жүйелі түрде өткізу кезінде Олимпиада оқушыларын кеңінен қамту аталған мақсатты іске асырудың тиімді құралы болып табылады және аталған мәселені шешу қажет. Біздің мектеп алдында оқушылардың кәсіби бағдарының үлкен міндеті тұр. Бұл міндетті шешуге барлық мұғалімдер, соның ішінде математика мұғалімдері қатысады. Олимпиаданы өткізу осы жұмыстың құрамдас бөлігі болып табылады. Математикалық [жарыстарға қатыса отырып](#), оқушы өзінің математикаға деген көзқарасын болашақ мамандық пәні ретінде объективті түрде анықтайды.

Оқушылардың математикалық олимпиадаларға қатысуының нәтижесінде математикамен немесе оның қандай да бір бөлімімен айналыса бастаған, содан кейін математиканы немесе өзінің болашақ мамандығы ретінде математикалық қызметтің қандай да бір түрін таңдаған жағдайлар аз емес.

Оқушының математикалық олимпиадаға сәтті қатысуына қалай қол жеткізуге болады? Жарыста жақсы нәтижелерге қалай жетуге болады? Американдық математик Д.Поианың айтуынша математика пәнінен олимпиадалық тапсырмаларды шешу үшін оқы, оқы және оқы. Бәсекеге қабілетті математикада жетістікке жету үшін, әрине, тапсырмаларды шешу керек. Табыс тек қабілеттермен ғана емес, сонымен қатар классикалық олимпиадалық мәселелерді білумен де байланысты. Сондықтан Олимпиадаға тыңғылықты дайындалу керек. Егер сіз жүзуді үйренгіңіз келсе, суға еркін кіріп, қиындықтарды шешуді білгіңіз келсе, оларды шешіңіз деген пікір білдіреді.

Математика пәнінен олимпиадалық тапсырмаларды орындатуда мұғалім оқушыларға арналған жадынама мен нұсқаулар бере алады:

Жадынама:

Барлық деңгейдегі тапсырмаларды мұқият оқып шық.

Тапсырманы түсінуге тырыс.

Өз қабілетің мен мүмкіндігіңе сүйене отырып тапсырманы таңдай біл.

Өз-өзіңе сенің таңдауың сен үшін дұрыс екенін түсіндір.

Таңдап алған тапсырманы орындау үшін барлық біліміңді пайдалан.

Қорытындыны талдап, бағала. Нұсқау 1:

3 тапсырманың біреуін таңда. Нұсқау 2:

Кім өз білімін тексеріп, тақырыпты нақты білгісі келеді 1 деңгейлі тапсырманы таңда.

Берілген тақырыпты меңгердім деп ойласаң, 2 деңгейлі тапсырманы таңда.

Өз-өзіңе сенімді болып, өзіңнің біліміңді, қабілетіңді білгің келсе,

3 деңгейлі тапсырманы таңда.

Математиканың сан алуан сырын, сандар әлемінің қызық құбылысын, ойлау элементтерімен өрнектеген зерттеу жұмысында оқушының жұмыс істеу мүмкіндігі, көңіл қоя білу қабілеті дамыды. Бұл зерттеу жұмысы математикалық есептер шығаруда кездесетін қиыншылықтардан мүдірмей өтуге және есеп шығарудың жолдарын меңгеруге көмектеседі.

Педагогикалық кәсіби мамандандыратын сыныптардың ашылуы, on-line арқылы жүйелі оқытуды ұйымдастыру, желілік өзара әрекет ұйымдастыру, білім беру мекемелерінің интегративті үлгілерін дамыту істері— мектеп оқушыларының педагогикалық кәсіби мамандануының тиімді кепілі болмақ. Оқушыларды олимпиадаға дайындау барысында мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындарының өзара тығыз жұмыс жасауы бағытындағы болашақтағы бағыттар жыл сайынғы пәндік олимпиадаларды жүйелі түрде ұйымдастырып өткізу болып табылады. Көптеген олимпиадаларға университет тараптарынан қолдау көрсетіліп жеңімпаздар мен жүлдегерлерге грант түрінде оқу үшін қаржылай қолдауға көрсетіп отырады. Олимпиадалық тапсырмаларды құруда назарда ұстайтын қағидалар:

- Оқушы оқудағы жетістіктерін ашық және бөліп көрсете білу (деңгей бойынша);
- Талап деңгейі оқу жетістігі деңгейінен жоғары болуы керек;
- Әр оқушыда тірек білім, білік дағдылары қалыптасуы керек;
- Қарапайымнан күрделіге жүйелі түрде ауысып отыру;
- Тапсырма мазмұны, бақылау және бағалаудың өзара сәйкестігі;
- Әр оқушы тапсырманы өз еркімен таңдайды.

Олимпиадалық тапсырмаларды орындауда әр оқушы кез келген тапсырманы өз қабілетіне сай таңдап алып, қорытындысын көреді. Егер шамасы жетсе неғұрлым күрделі тапсырманы орындауға мүмкіндігі болады.

Олимпиадалық тапсырмалардың тиімділігі неде?

Оқытудың дамытушылық сипатын қамтамасыз ету үшін тапсырмалар санын көбейтуге болады;

Оқушы өзі ізденіп жауап береді, мұғалім ұйымдастырушы, бағыт- бағдар беруші;

Әр оқушы өз біліміне сай нақты бағаланады.

Олимпиадалық тапсырмаларды сабақ үдерісінде тиімді қолдану үшін не керек?

-оқушылардың жеке қабілеттері мен оқу мүмкіндіктерін білу;

оқушылардың қабілеттері мен білім, білік дағдыларын жекелеме, топпен жұмыста қолдану;

-оқушылардың жұмыстарын жүйелі түрде талдау;

-оқушылардың өз бетімен жұмыс істей білу дағдыларын, жеке оқу үрдісін басқара білу біліктерін жоспарлау;

-сабақта кері байланысты жүзеге асыру;

-мадақтау мен бағалауды тиімді пайдалану.

Олимпиадада кездесетін есептер мектеп көлемінде нақты оқылмайды, сондықтан оған қосымша ізденіп, еңбектену керек. Олимпиадалық есептер мазмұны бойынша:

Сандар теориясы

Бөлінгіштікке зерттеу

Теңдіктер Теңдеулер Теңсіздіктер

Геометриялық есептер

Ойындар Логикалық есептер

Бөлінгіштікке зерттеу тәсілдері

Қалдық арқылы зерттеу;

Көбейткіштерге, қосылғыштарға жіктеу;

Модульдерін теңестіру;

Ферма және Эйлер теоремалары;

Индукция принципі

Бөлінгіштік белгілерінің қосымша қиеттері мен белгіленулері

5-9 сыныптар арасындағы олимпиадалық есептерге талдау жасау Тапсырма №1
6 пакетке пішіндері бірдей сақиналар салынған. Осы пакеттердің біреуіндегі сақиналардың әрқайсысы 33 грамнан, ал қалған пакеттердегі сақиналардың әрқайсысы 30 грамнан. Шкаласы бар таразыда бір рет қана өлшеп, 33 грамдық сақиналар салынған пакетті қалай табуға болады?

Шешуі:

Барлығы 21 сақина деп қарастырайық $21 \times 30 = 630$ гр болады

$30\text{гр} + 60\text{гр} + 90\text{гр} + 120\text{гр} + 150\text{гр} + 180\text{гр} = 630$ гр

Сәйкесінше,



Жауабы: Таразыда 639 гр көрсететін болса, 9 гр айырмашылық бар демек, 3-ші пакетте 33 гр сақина

Өзіндік тапсырма

8 пакетке пішіндері бірдей сақиналар салынған. Осы пакеттердің біреуіндегі сақиналардың әрқайсысы 21грамнан, ал қалған пакеттердегі сақиналардың әрқайсысы 20 грамнан. Шкаласы бар таразыда бір рет қана өлшеп, 21 грамдық сақиналар салынған пакетті қалай табуға болады?

Математикалық индукция принципінің мәнісі төмендегідей: егер қайсыбір тұжырым (формула) $n=1$ болғанда (немесе бұл ұйғарымның мағынасы бар n -нің басқа мәндерінде) ақиқат болса және $n=k$ қандай бір натурал мәні үшін ақиқат деп ұйғарылуынан келесі натурал $n=k+1$ үшін де тұжырымның ақиқаттығы шығатын болса, онда тұжырым n -нің барлық натурал мәнінде ақиқат. Математикалық индукция принципін қолдануға негізделген дәлелдеу әдісі математикалық индукция әдісі деп аталады.

Тапсырма №2 Қосындыны есептеңіз:

$$1 + \frac{1}{3} - \frac{1}{15} + \frac{1}{35} - \frac{1}{399} + \dots + \frac{1}{5 \times 7}$$

Шешуі

$$1 + \frac{1}{3} - \frac{1}{15} + \frac{1}{35} - \frac{1}{399} + \dots + \frac{1}{5 \times 7}$$

$$1(1-1) + 1(1-1) + 1(1-1) + 1(1-1) + \dots + 1(1-1) = - \frac{1}{3} + \frac{1}{3} - \frac{1}{15} + \frac{1}{15} - \frac{1}{35} + \frac{1}{35} - \frac{1}{399} + \frac{1}{399} - \dots + \frac{1}{5 \times 7} - \frac{1}{5 \times 7} = - \frac{1}{5 \times 7}$$

Шешуі:

$$1 - \frac{1}{3} + \frac{1}{3} - \frac{1}{15} + \frac{1}{15} - \frac{1}{35} + \frac{1}{35} - \frac{1}{399} + \frac{1}{399} - \dots + \frac{1}{5 \times 7} - \frac{1}{5 \times 7} = - \frac{1}{5 \times 7}$$

Жауабы: 10/21

$$(1 - \frac{\quad}{21}) = \frac{2 \times \quad}{2} = \frac{\quad}{21} = \frac{\quad}{21}$$

**Тапсырма №3**

Бүтін x, y – тер үшін $x^2 + 3xy + y^2$ саны 25 – ке бөлінсе, онда x – те, y – те 5 – ке бөлінетінін дәлелдеңіз.

Шешуі: Кері тұжырымды қарастырайық. Егер x және y – тің екеуі де 5 – ке бөлінсе, онда $x^2 + 3xy + y^2$ саны 25 – ке бөлінеді.

Алдымен Егер x және y – тің екеуі де

5 – ке бөлінсе, онда $x = 5n, y = 5m$ мұндағы $n < x^2 + 3xy + y^2 > \in \mathbb{Z}, m < x^2 + 3xy + y^2 > \in \mathbb{Z}$ түрінде жазуға болады

Берілген өрнектегі x пен y – ті осы ауыстырулар арқылы алмастып,

$$x^2 + 3xy + y^2 = (5n)^2 + 3 \times 5n \times 5m + (5m)^2 = 25n^2 + 75nm + 25m^2 = 25(n^2 + 3nm + m^2).$$

Бұдан $x^2 + 3xy + y^2$ өрнегі 25 ке бөлінетіндігі көрініп тұр, дәлірек:

$$25(n^2 + 3nm + m^2)$$

$$\text{Дәлелденді} \quad \frac{= n^2 + 3nm + m^2}{25} \quad |$$

Өзге есептерге математикалық индукция әдісін қолдану

№2. n – бұрыш (дөңес болуы шарт емес) өзініңқиылыспайтын диагональдарымен қанша үшбұрышқа бөліне алады?

Шешуі:

Үшбұрышта бір де бір диагональ жүргізу мүмкін емес;

Төртбұрыш үшін бұл сан анық екіге тең.

Әрбір k –бұрыш, мұндағы $k < n$, қиылыспайтын Диагональдары $k-2$ бұрышқа бөлінген.

$$(k - 2) + [(n - k + 2) - 2] = n - 2$$

Сонымен, біздің пікіріміз барлық n үшін дәлелденді

Әр баланың мақсаты – өзінің білім деңгейін көтеру, сабаққа деген қызығушылығын арттыру, іздену. Осы мақсатты іске асыру барысындағы міндетіміз сол тақырыпты игерумен қатар, кең ауқымды есептерді шешуді зерттеу, оқушылардың ойлау қабілеттерін машықтыру.

Ойлау – шығармашылық, ойлау – еңбк. Бұны іске асырудың бір жолы қызықтыратын тапсырмалар таңдай білу. Ойлау барысында дербес жұмыс істеу мүмкіндігі, көңіл қоя білу қабілеті дамиды. Математиканың сан алуан сырын,

сандар әлемінің қызық құбылысын, ойлау элементтерімен өрнектеген зертеу жұмысы қызықты, әрі ұтымды. Олимпиадалық тапсырмаларды орындау барысында жүргізілетін жұмыстар қарапайымнан басталып, біртіндеп қиындап, танымдық қызметін белсендіруге назар аударылады. Қазіргі заман математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі. Ал талапқа сай математикалық білімді көтеру үшін оқушылардың әрқайсысының үлкен ізденісте жүруі шарт. Қорытындылай келе, қазіргі уақытта білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат- еліміздегі білім беруді халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ. Сондықтан, математика пәнінен деңгейі жоғары оқушылармен олимпиадалық есептерді дайындық ретінде қарастыруға болады деп ойлаймын. Меніңше, бұл әрбір ғылымның түпкі негізі болып келеді. Баланы таң қалдыруды ұмытпа, даналыққа ұмтылу таң қалдырудан басталады. Көрсеткіш өздігінен нәтиже бермейді, оған жететін жолды іздестіру мұғалімнің қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер.

- «Білім» бағдарламасы – Астана: 2010
 Т.Т.Абылайханов, Т.Т. Абылайханов «Математика есептері»
 «Математика в школе» №3; 1991
 А.В.Фарков «Готовимся к олимпиадам по математике»

ТАҚЫРЫБЫ: ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗДЕРІ, ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРІ

*Кененбаева Оразкул Алгиевна
 Математика пәнінің мұғалімі
 №39. Л. Жолдасов атындағы
 жалпы орта білім беретін мектебі*

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ДЕГЕН НЕ?

Инклюзивті білім беру – балаңыздың әлеуметтік топтың бірі болуына алғашқы қадам.

Инклюзивті оқыту – білім алу барлығына да қол жетімді деген қағидатқа негізделетін оқыту. Оқытуды оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу.

Инклюзивті білім беру – барлық кемсітушілік формасына тосқауыл қоятын, оқушының білім алудағы әр түрлі қажеттіліктері мен алуан түрлілігін есепке ала отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған, жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі.

Инклюзивті білім беру балалардың физикалық, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін әлеуметтік бейімделуін, социумге кірігуін көздейді.

«Инклюзивті» – деген термин ағылшын тілінен аударғанда енгізілген, араластырылған деген мағынаны білдіреді. Бұл оқушыларды олардың бұрынғы оқу үлгерімі, денсаулық жағдайы, ата-анасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесі мен басқа да жағдайларға көңіл аудармай жалпы білім беру үрдісіне араластыру болып табылады.

Инклюзивті білім берудің негізгі артықшылығы:

өз-өзіне сенімді болу;

қоғамның мүгедектік мәселелерін түсінуі;

құрдастарымен қарым-қатынаста болу;

мүгедек емес балалардың қайырымдылық және түсінушілік қасиеттерін тәрбиелеу;

қоғам өміріне бейімдеу және кіріктіру;

толыққанды білім алу.

Инклюзивті білім беру жынысына, жасына, географиялық тұратын жеріне, дене және ақыл-ой ауытқушылықтарына, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан оқып жатқан барлық балалардың сапалы білім алып өзінің әлеуетін дамытуына тең мүмкіндіктер туғызу дегенді білдіреді.

Әр түрлі анықтамаларды синтездеу инклюзивті білім беру сипаттамаларына қатысты келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Инклюзивті білім берудің сипаттамасы.

Инклюзивті білім беру - БҰЛ

мектепті игілікті ортаға және барлық балалар үшін қол жетімді оқу орнына айналдыру үшін білім беру жүйесінің, білім беру мекемелерінің өзгеруі мен оларды жетілдірудің үздіксіз процесі.

...мәдениетті, білім беру саясатын және тәжірибесін оқушылардың әр түрлі қажеттіліктеріне жауап беретіндей қайта қарау.

...білім беру жүйесінің әр баланың қажеттіліктері үшін теңбе-тең орта құрудағы икемділігі.

... оқудағы кедергілерді жою; оқу процесіне, сондай-ақ академиялық және әлеуметтік табыстарға қол жеткізуге

Инклюзивті білім беру - БҰЛ...ЕМЕС

...белгілі бір уақыт кезеңінде жүзеге асырылған бірыңғай жоба

...тек мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мекемелерге қосуға ерекше назар аудару

...оқушыларды мектептің білім беру жүйесіне сәйкес бейімдейтін әрекеттер

...тек мектепке / сыныпқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге ерекше назар аудару; кез-келген

атсалысу. Әрбір жағдайды жекеше және өзгеше қарастыру.

...қабылданған шешімдерден, қатынастардан, қолданыстағы практикадан туындайтын кедергілерді жоюға баса назар аудару.

...әр түрлі қатысушылардың (педагогикалық кадрлар, ата-аналар, қоғам мүшелері, жергілікті көшбасшылар, үкіметтік емес ұйымдар және т. б.) ынтымақтастығына негізделген процесс.

... мектеп ортасында және одан тыс дамитын процесс (қоғамдастық құрған балама білім беру ортасы).

жағдайда қолдануға болатын ережелер мен әрекеттер жиынтығы

..қаржылық проблемаларды және кедергісіз орта құрумен байланысты проблемаларды жеңу

...тек ресми тұлғалар немесе сыртқы сарапшылар енгізетін жоба.

...тек жалпы білім беруде болатын процесс

Инклюзивтік білім беруді құру мемлекетке барлық балалардың жалпы білім алуын жақсартудың маңыздылығына сүйене отырып, аса дарынды балалардан бастап ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға дейін қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) және жеке дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

Инклюзивті мәдениет инклюзивті білім берудің негізгі үш аспектісінің - инклюзивті саясатты әзірлеу, инклюзивті мәдениетті дамыту, инклюзивті практиканы жүзеге асырудың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады.



1.1-сурет. Инклюзияның үш аспектісі
Инклюзивті саясатты әзірлеу:

барлығына арналған мектепті дамыту, әртүрлілікті қолдау.

Инклюзивті саясатты дамыту барлық оқушыларды қамтуға тырысатын және барлық оқушыларға арналған тиімді инклюзивті бағдарламасы бар мектепті құруға әкеледі. Мектеп ғимаратты барлық балалардың қажеттіліктеріне бейімдейді. Мектепте енгізілген бағалау жүйесі барлық оқушылардың нәтижелерін адекватты бағалайды. Педагог кадрларды үздіксіз оқыту оқушылар арасындағы айырмашылық негізінде жүргізіледі. Мектептің ресурстары біркелкі бөлінеді және мектептің өзіндік стратегиясы арқылы ата-аналар балалардың білім беру процесінің серіктесі болып табылады. Мектеп деңгейіндегі қосымша қызметтер (психологтың, логопедтің, көмекші педагогтің және т.б. болуы) барлық оқушылардың қамтылуын қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ, мектепті басқаруға барлық педагогикалық кадрларды тарту көзделеді.

Инклюзивті мәдениетті дамыту:
мектеп қоғамдастығын құру,
инклюзивті құндылықтарды қабылдау

ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТ - инклюзивті білім берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және әр түрлілікті құрметтеу және айырмашылықтарға төзімділік құндылықтарын қабылдауды қамтиды. Инклюзивтік мәдениетті ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарды әлеуметтендіру факторы ретінде ғана емес, сондай-ақ тұтас алғанда бүкіл қоғамның өзгеру негізі ретінде де қарау керек.

Білім беру ұйымдарындағы әрбір адамның өзіндік ерекшелігін, әртүрлілігін құрметтеу, білім берудің кез келген субъектісіне қолайлы, жағымды мектеп қоғамдастығын құру, инклюзивті құндылықтарды қабылдау инклюзивті мәдениетті қалыптастырудың негізін құрайды.

Білім беру ұйымдарында қауіпсіз білім беру ортасын, білім алушылардың оң психо-эмоционалдық көңіл-күйін, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға, мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алуға ерекше назар аудару қажет.

Инклюзивті мәдениет баланың денсаулығындағы ауытқуына емес, оның қажеттіліктеріне назар аударудан басталады.

Инклюзивті тәжірибені дамыту:
оқу процесін басқару,
ресурстарды жұмылдыру.

Практика мектеп мәдениетін де, инклюзия саясатын да сынып деңгейінде қамтамасыз етуді білдіреді. Оқыту- оқуға барлық оқушылардың қатысуын көздейді. Сабақ әр түрлілікті түсіну мен құрметтеуге бағытталады. Оқушылар өз оқулары үшін жауапкершілікті алуға үйренеді, ал мұғалімдер оқушылардың сабақ тақырыбын түсінуіне көмектеседі. Сабақтарда оқушылар бірге жұмыс істеу арқылы бір-біріне көмектеседі. Мектеп қызметкерлері балалардың

қиындықтарына түсіністікпен қарайды. Оқушылар оқу процесінде жетістікке жетеді. Білім берудегі қиындықтар жақсы тәжірибе алу мүмкіндігі ретінде қабылданады. Мектептің барлық мұғалімдері мектеп қызметін жоспарлауға қатысады.

Осы үш аспект мектепте инклюзияны дамыту үшін өте маңызды. Мектепте жүргізіліп жатқан кез келген реформалар мен өзгерістердің барлығы осы үш бағытқа назар аудару қажет.

Сондай-ақ инклюзивті оқыту тәжірибесінде ресурстық кедергілер бар.

Ресурстық кедергілер-бұл инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін материалдық ресурстар мен қаражаттың жеткіліксіздігі ғана емес. Ресурстық кедергілер қызметкерлер мен мектеп әкімшілігінің кәсіби көзқарасы, білімнің жетіспеушілігі және инклюзияға қатысты нақты мектеп саясатының болмауының салдарынан туындайды.

Білім беру жолындағы осындай кедергілерді еңсеру мектептің физикалық ортасын өзгерту және қаржыландыруды ұлғайту бағытында ғана емес, сонымен бірге мектептің мәдениетін, саясаты мен тәжірибесін өзгертуді де қамтиды.

Инклюзивті білі берудің модельдері

Әлемдік тәжірибеде инклюзияның екі негізгі тәсілдемесі бар:

- 1) инклюзияның медициналық моделі;
- 2) инклюзияның әлеуметтік-педагогикалық моделі.

Медициналық модель мүгедектікті медициналық феномен ретінде анықтайды («науқас адам», «ауыр физикалық зақымдануы бар адам» және т.б.).

Әлеуметтік модельге сәйкес, адам өз ауруының салдарын жеңілдетуге тырысуы мүмкін, бірақ өзін шектеулі сезінуі оның ауруымен емес, қоғам тарапынан жасалған түрлі кедергілердің болуымен байланысты.

ЕБҚ бар білім алушыларды бағалау және қолдау көрсетудің медициналық моделі:

«Білім алуындағы қиындықтар мен проблемалар баланың бойында қалыптасқан және ол: «мүгедек, қабілетсіз, ауытқушылығы бар» деген ұғымға негізделген. Бағалау – медициналық диагнозға, ал білім беру - түзету тұрғысына бағытталған.

ЕБҚ бар білім алушыларды бағалау және қолдау көрсетудің әлеуметтік-педагогикалық моделі:

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар «жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп жағдайында барлық оқушылардың алуан түрлі қажеттіліктеріне сәйкес келуге дайын емес қоғамдық білім беру жүйесінің жетілмегендігі» салдарынан оқуда қиындық көріп отыр деген ұғымға негізделген. Бағалау адамның қажеттіліктеріне, ал оқыту білім беруге қолдау көрсетуге және бейімдеуге бағытталған.

Инклюзивті білім беру принциптері және негізгі құндылықтары

Инклюзивті педагогиканың принциптері – бұл барлық компоненттерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесі есепке алынатын

және оны ұйымдастыруға қойылатын бастапқы нормативтік талаптар және жалпы жетекші идеялар.

Инклюзивті білім берудің негізгі құндылықтары:

Әр бала - жеке тұлға.

Барлығы оқи алады – оқи алмайтын бала болмайды.

Әр баланың өз ерекшеліктері, қызығушылықтары, қабілеттері және оқу қажеттіліктері бар.

Кез-келген түрдегі кемсітушілікке тыйым салу.

Әр адамның қоғам өміріне қатысу құқығы.

Бір-біріне төзімділік.

«Көптүрліліктегі үндестік» деп танылған толеранттылық рухында тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері ретінде, басқалармен қатар, әр адамның зияткерлік дамуын, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, сапалы білім алуға және халықтың барлық деңгейдегі білімге қол жеткізуге құқықтарының теңдігі айқындалды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

3-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері

1. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;

2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;

3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;

.....

Еліміздегі білім беру ұйымдарының міндеттері ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдай жасау болып табылады (Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын қараңыз. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына 2-қосымша).

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

47-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі.

3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

.....

Орта білім беру (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына 2-қосымша).

Білім беру ұйымдарында ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту:

- 1) үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жалпы сыныпта (үш баладан артық емес);

- 2) және (немесе) арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша даму бұзылыстарының түрлері негізіндегі арнайы сыныптарда қарастырылған.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды жалпы білім беретін ұйымнан арнайы білім беру ұйымына ауыстыру психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

Үйде оқыту кезінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар психофизикалық мүмкіндіктеріне байланысты жалпы білім беретін, қысқартылған немесе арнайы бағдарламалармен оқиды.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау

Инклюзивті білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде ерекше білім беру қажеттілігі деп оқушылардың сапалы білім алуы барысындағы психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және басқа да көмекке қажеттілігі атап көрсетіледі. Қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басым міндеттерін ескере отырып, инклюзивті білім беруді дамытудың Тұжырымдамалық тәсілдемелері әзірленді. Инклюзивті білім беру кедергілерді жоюға және сапалы білім беруге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында ерекше білім беру қажеттілігі бар барлық адамдарды қосуға және оларды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған білім беру процесі ретінде қарастырылады. Осы құжат шеңберінде «ерекше қажеттіліктері бар балалар» ұғымы кеңейтілді және ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға мыналар жататыны анықталды: мүмкіндіктері шектеулі балалар; көшіп-қонушы балалар, босқындар, оралмандар, қоғамда әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар балалар (жетім балалар, девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен отбасылардан шыққан балалар).

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік-педагогикалық жіктеліміне мыналар кіреді:

- 1) есту қабілетінің зақымдалуы: нашар еститін, естімейтін және кохлеарлы импланты бар бала;
- 2) көру қабілетінің зақымдалуы;
- 3) тірек-қозғалыс аппаратының бұзылысы: жеке күтімді талап етпей өз бетінше жүріп-тұратындар; арнайы жүріп-тұру құралдарының және (немесе) техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдардың көмегімен жүріп-тұратындар; бірге еріп жүретін тұлғаның көмегін талап етіп өз бетінше жүріп-тұрмайтындар;
- 4) зерде зақымдалуы: жеңіл, орташа, ауыр және терең зерде зақымдалуы (жеңіл, орташа, ауыр және терең ақыл-ой кемістігі диагноздарына сәйкес келеді);
- 5) психикалық дамудың тежелуі;
- 6) сөйлеу тілінің дамымау түрі, формасы және деңгейі көрсетілген сөйлеу тілінің бұзылысы: фонетикалық-фонематикалық, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, тұтығу, ринолалия, дизартрия, дисграфия, дислексия және т.б.;
- 7) қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекеттің бұзылысы немесе қиындықтары (аутизм және аутистік спектрдің бұзылуы диагноздарына сәйкес келеді);
- 8) мінез-құлықтың бұзылыстары немесе қиындықтары (гипебелсенділік және зейін тапшылығының синдромы (ГЗТС) диагнозына және басқа мінез-құлық бұзылыстарына сәйкес келеді, соның ішінде әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты).

ЭЫДҰ құжаттарында ЕБҚ бар балалардың келесі топтары анықталған:

1-топ. Психикалық және дене дамуында түрлі бұзылыстары бар балалар: көру, есту, сөйлеу бұзылыстары, зияты, тірек-қозғалыс аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-ерік-жігер аясы зақымдалған балалар.

2-топ. Оқытудағы ерекше қиындықтары, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар. Зердесі қалыпты балалардың ерекше қиындықтары жеке оқу дағдыларын меңгеруде байқалады: оқу, жазу және санау (дисграфия, дислексия, дискалькулия және т.б.). бұл қиындықтар уақытша сипатқа ие және оны мамандардың тиісті көмегімен жоюға болады. Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар ерекше психологиялық факторлардан (отбасында тәрбиенің бұзылуы, ата-ана мен баланың және отбасында қатынастың бұзылуы), сонымен қатар дамуындағы ерекше проблемалардың болуынан (гипербелсенділік және толыққанды көңіл бөлмеуден, аутистикалық бұзылыстар спекторы және т.б.) құрдастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынас жасаудағы әртүрлі қиындықтардан (енжарлық, тұйықтық, жанжалдасуға бейімділігі, тілазарлық, агрессивтілік) пайда болуы мүмкін.

3-топ. Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени ерекшеліктерінен туындайтын ерекше білім беруге қажеттілігі туындайтын

балалар. Бұл топқа микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған жағдай төмен отбасынан шыққан немесе бала тәрибесіне көңіл аудармайтын отбасылардан, әлеуметтік қатерлі топтағы отбасы балалары (ішімдікке, нашакорлыққа жақын ата-аналар), сонымен бірге жергілікті әлеуметке бейімделуде қиындықтары бар (босқындар, мигранттар, оралмандар) немесе оқу тілін түсінбейтін және бұл тілде сөйлемейтін балалар кіргізіледі.

ЕБҚ бар балаларды мұндай топтарға бөлу мектепте білім алуында қиындығы бар бірде-бір оқушының назардан тыс қалуына жол бермейді.

ҚР инклюзивті білім беру принциптерін енгізіп отырған жалпы білім беру педагогтары үшін ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушы психикалық және дене дамуы бұзылған (мүмкіндігі шектеулі) бала ғана емес, сонымен қатар оқытуда қиындықтарға тап болған кез келген бала екенін түсінулері маңызды.

Дамуында психифизикалық бұзылыстары жоқ екінші және үшінші топтағы балалар көбінесе психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске жүгінбейді және ол арқылы анықталмайды. Сәйкесінше, жалпы білім беретін мектеп балалардың бұл топтарын да өз назарынан қалдырмай және оны уақытында анықтап, оларға көмек көрсетуі тиіс.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау.

Адамдардың (балалардың) ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін бағалау мектепке дейінгі ұйымдарда және орта білім беру ұйымдарында және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда (бұдан әрі – ПМПК) жүзеге асырылады.

Оқушының оқу қиындықтарының сипаты мен дәрежесіне қарай бір немесе бірнеше білім беру қажеттілігі анықталуы мүмкін. Оқушылардың ерекше білім қажеттілігі оқытудың кез келген кезеңінде пайда болады.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – оқу процесі барысында оқушыны қолдаудың түрін, формасын, көлемін анықталған оқу қиындықтары, олардың пайда болу себептері мен механизмдері негізінде белгілеу.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары бекітілді.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі ЕБҚ бар балалардың оқу қиындықтарына байланысты екі тобын айқындайды.

Бірінші топ

Оқу қиындықтарының себептеріне байланысты бірінші топты әр түрлі психикалық функциялардың (ақы-ой әрекеті, қабылдау, зейін, есте сақтау) жеткіліксіздігінен мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиындықтары бар балалар, сондай-ақ даму мүмкіндігі шектеулі балалар:

1) 1-3 деңгейдегі жалпы сөйлеу қабілеті жетілмеген есту қабілетінде бұзылыстары бар (есту аймағында есту қабілеті орташа 40-тан 80 децибелге

дейін естімейтін және нашар еститін, оның ішінде кохлеарлық имплантациядан кейінгі балалар);

2) көру қабілетінде бұзылыстары бар (көзі көрмейтін балалар – көру сезімінің толық болмауы, жарықты сезіне алатын немесе жақсы көрінетін көзге көзілдіріктің түзетуімен 0,04 дейін көздің көруінің зақымдалуы және нашар көретін балалар - жақсы көрінетін көзге көзілдіріктің түзетуімен 0,05тен 0,4 -ке дейін көздің көру өткірлігімен).

3) зият бұзылысы бар балалар (ақыл-ой кемістігі бар);

4) психикалық дамуы тежелген балалар;

5) сөйлеу қабілетінде бұзылыстары бар (1-3 деңгейдегі жалпы сөйлеу қабілеті жетілмеген, фонетикалық-фонематикалық сөйлеуі жетілмеген, ринолалия, дизартрия, ауыр тұтығу, жазуда, сөйлеуде бұзылыстары бар балалар (дислексия, дисграфия);

6) тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар балалар;

7) эмоциялық-ерік бұзылыстары бар балалар (қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстарымен (аутизммен), мінез-құлық бұзылыстарымен және қиындықтарымен);

8) күрделі (біріктірілген) бұзылыстары бар балалар.

Екінші топ

Екінші топқа ақыл-ой және физикалық дамуы бұзылмаған балалар кіреді, олардың ерекше білім беру қажеттіліктері олардың білім беру процесіне енуіне кедергі келтіретін әлеуметтік-психологиялық және басқа факторлармен анықталады:

1) әлеуметтік осал топтағы отбасыларда тәрбиеленетін, микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған балалар;

2) жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, қандастар);

3) мүгедектігі бар балалар.

Бірінші топтағы балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің, (немесе) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің шешімі ПМПК қорытындысы мен ұсыныстары және негіз болып табылады.

Екінші топтағы балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің және (немесе) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің шешімі негіз болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыға арналған қысқартылған және жеке оқу бағдарламасын әзірлеу бойынша ұсынымдар.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау нәтижесінде оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдаудың ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАСЫ жасалады, оның ішінде анықталған білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында: қысқартылған (бейімделген) немесе жеке оқу бағдарламалары,

оқытудың арнайы әдістері, психологпен, логопедпен, арнайы мұғаліммен жеке дамыту бағдарламалары, мұғалімге, ата-аналарға ұсыныстар әзірленеді.

Оқу жылына арналған оқушыны психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасының құрылымы:

1. Оқушы туралы жалпы мағлұмат
2. Оқушының жиынтық сипаттамасы
3. Оқушының ерекше білім беру қажеттіліктері және оларды қанағаттандыру үшін арнайы жағдайлар жасау
4. Мұғалімге ұсыныстар
5. Ата-аналарға ұсыныстар
6. Оқушының жеке оқу жоспары
7. Оқушыға арналған пәндер бойынша қысқартылған (бейімделген) / жеке оқу бағдарламалары
8. Психологтың жеке және кіші топтық сабақтарының бағдарламасы
9. Логопед-мұғалімнің жеке және топтық сабақтар бағдарламасы
10. Арнайы педагогтің жеке және топтық сабақтар бағдарламасы

Жеке бағдарламаны жоспарлау кезінде білім беру парадигмасын түсіну қажет, мұнда білім көлемі емес, оқу дағдылары маңызды болып саналады. Оқу мақсаттары оқу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Жеке бағдарламаны әзірлемей тұрып, ең алдымен күтілетін нәтижені нақты анықтау қажет. Балалардың білім алу қажеттіліктерін түсіне отырып, пән бойынша оқу процесінің нәтижесін (күтілетін нәтижені) анықтау үшін қандай дағдылар маңызды екені анықталады. Күтілетін нәтижені әрбір білім алушының білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктеріне байланысты бірнеше дағдылар тобына бөлуге болады. Оқу бағдарламасының мазмұнына сүйене отырып, мұғалім оқушылардың бойында осы күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін дағдыларды дамытуға ықпал ететін стратегияларды қолдануы керек.

Қысқартылған (бейімделген) және жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу бойынша ұсынымдар

Қысқартылған (бейімделген)/жеке оқу бағдарламасын пән мұғалімі арнайы педагогпен бірлесіп, педагогикалық диагностика (бағалау) негізінде және МЖМБС бағдарланған пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып немесе зият бұзылыстары бар білім алушыларға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірлейді.

Қысқартылған (бейімделген) оқу бағдарламасы – білім алушының жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының Жалпы білім беретін және арнайы үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленеді.

Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту арнайы, жеке және бейімделген оқу бағдарламалары бойынша оқыту кезінде ұсынылады.

Қысқартылған оқу бағдарламасы.

Оқушы МЖМБС белгілеген көлемге және оны сыныпта оқыту қарқынына сәйкес оқу пәнінің мазмұнын меңгеруде қиындықтар туындаған жағдайларда оқу бағдарламаларын қысқарту (бейімдеу) талап етіледі.

Жеке оқу бағдарламасы:

Жалпы сыныпта/топта оқитын зият бұзылысы бар балалар үшін ПМПК ұсынымы бойынша жеке оқу жоспарлары мен жеке оқу бағдарламаларын құрастырылады. Зият бұзылысы бар балаларға жеке оқу бағдарламалары негізгі оқу пәндері бойынша құрастырылады.

1.7-кесте. Қысқартылған (бейімделген) және жеке оқу бағдарламасы

20__/20__ оқу жылының бірінші тоқсанына

_____ сынып оқушысы _____ арналған

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН (БЕЙІМДЕЛГЕН) /ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарламаның
бөлімі, бөлімшелер

Күтілетін нәтижелер

Тоқсан соңындағы
нақты нәтижелері (+, -
, түсініктемелер)

Математика (қысқартылған (бейімделген) /жеке оқу бағдарламасы)

Қысқартылған (бейімделген) /жеке оқу бағдарламасының мазмұнында Үлгілік оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша күтілетін нәтижелер (оқушының білік-дағдылары) түрінде тұжырымдалған оқу мақсаттары және ЕБҚ бар оқушы үшін неғұрлым тиімді оқыту әдістері мен тәсілдері көрсетілуі тиіс.

Оқу мақсаттары мен әдістері оқушының мүмкіндіктерін анықтауға негізделген психологиялық-педагогикалық зерттеу нәтижелеріне командалық талқылау жасау барысында анықталады.

Қысқартылған (бейімделген) бағдарламалар бойынша қарапайым сыныпта оқитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар бүкіл сынып қолданатын оқулықтарды пайдаланады.

Жалпы сыныпқа енгізілген зият бұзылыстары бар оқушылар үшін олардың зерде бұзылыстары мен мүмкіндіктеріне қарай Үлгілік арнайы оқу бағдарламалары негізінде жеке оқу бағдарламалары әзірленеді.

Келесі талап - бағалау критерийлері. ЕБҚ бар білім алушылар үшін қысқартылған (бейімделген)/жеке оқу бағдарламасы әзірленген жағдайда, мұғалім бағалау критерийлерін осы оқу бағдарламасының талаптары/мақсаттары шегінен шықпай, білім алушының жеке күтілетін нәтижелері негізінде өзі әзірлейді.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы

№ 125 бұйрығы.

14-8. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді.

Оқу жетістіктерін бағалау қысқартылған (бейімделген) немесе жеке бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылады. Бағдарламаның әрбір мақсаты үшін жеке, сараланған бақылау-диагностикалық тапсырмалары іріктеледі.

«Инклюзия жағдайында жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық білім берудің жеке бағдарламаларын құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» деп аталатын оқу құралының қосымшаларында ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған (бейімделген) немесе жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қолдануға арналған материалдарды табуға болады.

Оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгерту

Оқу қиындықтарының себептеріне байланысты бірінші топты әр түрлі психикалық функциялардың (ақыл-ой әрекеті, қабылдау, зейін, есте сақтау) жеткіліксіздігінен мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиындықтары бар балалар, сондай-ақ келесідей даму мүмкіндігі шектеулі балалар құрайды:

1-3 деңгейдегі жалпы сөйлеу қабілеті жетілмеген есту қабілетінде бұзылыстар бар.

көру есту қабілетінде бұзылыстар бар.

зият бұзылысы бар балалар (ақыл-ой кемістігі бар);

психикалық дамуы тежеленген балалар;

сөйлеу қабілетінде бұзылыстар бар.

2. Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту арнайы, жеке және бейімделген оқу бағдарламалары бойынша оқыту кезінде ұсынылады.

3. Вариативті, арнайы және балама технологияларды, оқытудың әдістері мен тәсілдерін, оның ішінде қолданбалы мінез-құлықты талдау қағидаттарына негізделген әдістерді пайдалану.

4. Оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерді іріктеу, жеке оқу материалдарын дайындау ұсынылған оқу бағдарламасының мазмұнына және қолданылатын оқу әдістеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау ұсынылады:

1) логопед – сөйлеу қабілеті зақымдалған балаларға;

2) олигофренопедагог (дефектолог) – зердесі зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балаларға;

3) сурдопедагог – есту қабілеті зақымдалған балаларға;

4) тифлопедагог – көру қабілеті зақымдалған балаларға;

5) педагог-психолог – қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-қимылы бұзылған, мінез-құлқы бұзылған балаларға.

6. Мінез-құлқының бұзылысы бар оқушылар үшін педагог-ассистенттің жеке сүйемелдеуі келесі жағдайларда ұсынылады:

1) бала сабақта мінез-құлқы ережелерін орындай алмайтын жағдайларда: партада отыра алмайтын, орнынан тұрып кетіп, сынып ішінде жүретін, мұғалімнің талаптарын орындамайтын балалар;

2) мұғалімнің жалпы нұсқаулары мен ауызша түсіндірмелерін қабылдауда немесе түсінуде қиындықтар туындағанда, оқушының не істеу керектігін түсінуін қамтамасыз ету үшін мұғалімнің тұрақты жеке көмегі мен қолдауы қажет болған кезде;

3) сабақта өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылауда қиындықтар туындаған жағдайда: оқушы сабаққа өз бетінше дайындала алмайды, ересек адамның көмегінсіз сыныпта жұмыс жасай алмайды, сыныпта тапсырмаларды орындамайды;

4) мінез-құлқы және эмоционалдық бұзылыстары бар жағдайда: оқушы дауыстап сөйлейді, ешқандай себепсіз күледі, айқайлайды, жылайды, басқа балаларды алаңдатады және сынып/топ жұмысына кедергі келтіреді; өзіндік агрессия көрсетеді және/немесе сыныптастарына, мұғалімдерге, басқа адамдарға агрессия көрсетеді (ұрып-соғу, тістеу, заттарды лақтыру және т.б.).

7. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында арнайы психологиялық-педагогикалық көмек ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға жеке дамытушы бағдарламалар бойынша жеке, кіші топтық және топтық сабақтар нысанында көрсетіледі.

8. Мүмкіндігі шектеулі балаларды (1-топ) оқыту мен тәрбиелеу ұйымдастырылады:

1) арнайы мектепке дейінгі және арнайы білім беру ұйымдарында;

2) даму бұзылыстарының түрлері бойынша жалпы білім беретін мектептерде (балабақшаларда) құрылатын арнайы сыныптарға (топтарға) қабылдау.

ПМПК қорытындысы мен ұсынымдарына сәйкес және баланың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

3) бейімделген оқу бағдарламалары бойынша немесе жеке оқу жоспары мен жеке оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру сыныбында.

Оқушылардың қажеттіліктерін бағалау және қолдау деңгейлері

Оқушының қажеттіліктері мен қолдауын бағалаудың бірінші деңгейі.

Бағалау мен қолдауды тікелей мұғалім жүзеге асырады. Мұғалім бірінші болып қалыптастырушы бағалау барысында оқудағы қиындықтарды анықтайды. Мұндаға мұғалімнің міндеті – қиындықтардың сипатын, олардың пайда болу себептерін өз бетінше анықтау, оқушының біліміндегі

олқылықтарды анықтау. Мұғалім алынған ақпарат негізінде жеке тәсілдемені қолдана отырып, сабақта оқушыға қолдауды ұйымдастырады.

Екінші деңгейі.

Қажеттіліктерді бағалау мен қолдауды тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының командасы (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог) жүзеге асырады. Оқушының мамандардың көмегіне қажеттілігін бағалауды жүргізу үшін оқушының ата-анасының жазбаша келісімін алу қажет.

Үшінші деңгейі.

Оқушының қажеттілігін бағалау психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) мамандарымен анықталады. ПМПК-ның шешімі негізінде, оқушының қажеттілігін бағалау нәтижелері бойынша дефектолог мұғалімнің, педагог- ассистенттің көмегі, келесідей білім алу нұсқалары ұсынылуы мүмкін: тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беру сыныбында, арнайы сыныпта, арнайы мектепте.

Мұғалім тарапынан оқушыны қолдау тәсілдері:

- 1) оқытудың вариативті, арнайы әдістерін қолдану: «шағын қадамдар» әдісін қолдану, пәндік іс-әрекетке және көрнекілік құралдарына сүйену, заттық және ақыл-ой әрекеттерін «сөйлету», «ілгері озу», өткенді үздіксіз қайталау, оқылатын ұғымдарды салыстыру және қарсы қою тәсілдерін пайдалану және т.б.;
- 2) сабақта жеке оқу материалдарын қолдану: көрнекі құралдарды, жаднамаларды, алгоритмдік нұсқамаларды, жеңілдетілген оқу тапсырмаларын, оқу және жазу мәтіндерін қысқарту, тапсырмаларды орындау нұсқаулықтарын қысқа түрде және кезең-кезеңмен беру, жатқа білуге берілетін ақпарат санын азайту және т.б.;
- 3) оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерінің (процедураларының) өзгеруі: мұғалімнің қысқаша, баяу түрде, қайталау арқылы берілетін ауызша нұсқауы (жазбаша нұсқаудың орнына); жұмысты орындау үшін қосымша уақыт беру; тапсырмаларды тек ауызша/жазбаша орындауға мүмкіндік беру; планшетті, ноутбукты пайдалана отырып, жазбаша бақылау тапсырмасын орындау мүмкіндігі;
- 4) бақылау материалдарын өзгерту: нұсқаулықтарды бейімдеу – тапсырманы орындау кезеңдеріне сәйкес оны бірнеше бөліктерге бөлу; бақылау тапсырмаларының санын азайту; барлық сынып үшін бақылау тапсырмаларынан ерекшеленетін жеке бақылау тапсырмалары (жеке оқу мақсаттарына сәйкес); бақылау тапсырмасын орындауды жеңілдететін иллюстрациялық және басқа да тірек материалдарын (кестелерді, сызбаларды, үлгілерді, анықтамалық материалдарды) пайдалану және т.б.;

5) сыныптағы оқу орнын анықтау және бейімдеу (бірінші партада, беделді оқушының жанында, соңғы партада, партада жалғыз, оқу тапсырмаларының бір бөлігін биік үстелде тұрып/отырып орындайды және және т.б.).

Мектептердегі мамандар мен мұғалімдер командасы

- оқушы үшін оқу бағдарламасын қысқарту қажеттілігін;
- оқушыға оқу қиындықтарын жеңуге жәрдемдесетін мамандар (психолог, логопед, арнайы педагог) көмегінің қажеттілігін;
- оқытудың неғұрлым тиімді әдістері мен тәсілдерін;
- оқу орнын оқушыға қалай бейімдеуді анықтайды.

Оқушыға арналған психологиялық - педагогикалық қолдаудың жеке оқу бағдарламасының мазмұнын белгілейді.

Оқушы жеке бағдарламаны табысты меңгермеген жағдайда, қолдау қызметі (ПМПК) ұсыныстар алу үшін (ата-аналардың келісімімен) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға (ПМПК) жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

ПМПК-ның шешімі негізінде ұсынылатын білім алу нұсқалары

Жалпы білім беру сыныбында

ПМПК оқушыны оқытуға арналған өз ұсынысы:

«Жалпы білім беру бағдарламасын жеке тәсілдеме қолдану арқылы оқыту: жеке оқу жоспары, қысқартылған білім беру оқу бағдарламасы бойынша» немесе «Жеке оқу бағдарламасы бойынша оқыту».

Арнайы сыныпта

Даму бұзылыстарының түрлері негізіндегі арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары.

Арнайы мектепте

Даму бұзылыстарының түрлері негізіндегі арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары.

Инклюзивті сыныпта сабақ жоспарлау

Инклюзивті оқытуды ұйымдастыруға қойылатын міндеттер:

Сыныпта арнайы білім беру жағдайларын жасауды қажет ететін балалардың санатын анықтау.

Сыныпта Белгілі бір балалардың қажеттіліктеріне байланысты қол жетімді ортаны ұйымдастыру:

Балалар ұжымында эмоционалды жайлылық атмосферасын құру, ынтымақтастық рухында қарым-қатынасты қалыптастыру және балалардың әрқайсысының ерекшеліктерін қабылдау.

Оқу жұмысын ұйымдастырудың заманауи технологияларын, әдістерін, тәсілдерін, формаларын игеру, сондай-ақ оларды білім алушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес қолдану.

Қолданыстағы оқу бағдарламаларын, дидактикалық материалдарды бейімдеу немесе жаңаларын әзірлеу. Балалардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқу жетістіктерін, оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерді бағалау тәсілдерін игеру және пайдалану.

Ынтысақтастық және жауапкершілікті бөлу рухында ата-аналармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.

Инклюзивті сыныпта жұмыс істеу ережелері

Тапсырманы әр оқушыға өзіне тән жұмыс қарқынымен орындауға мүмкіндік беріңіз. Жұмыс көлемін біртіндеп артып, оқушының жеке жұмыс қарқынына сай берілуі тиіс.

Оқушының жұмыс қарқынын дараландыру баланың мектептегі психологиялық жайлылығының қажетті шарты.

Дараландыру топтық жұмысты ұйымдастыруға ықпал етуі мүмкін.

Балаларда өзін-өзі бағалауды қалыптастыру үшін топ құрамын өзгертіп отыруды ескеру қажет.

Инклюзивті сыныпта оқу мен оқытуды ұйымдастыруға арналған ұсыныстар

Оқу әдістерін оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеңіз. Оқушыларға нақты қызығушылық тудыратын тақырыптық жобаларды орындауды қсыныңыз.

Негізгі құзыреттерді қалыптастыру және дамыту үшін күрделілік дәрежесі әртүрлі міндеттерді әзірлеңіз.

Оқушыларды бір-бірін қолдауға ынталандырыңыз. Өз білімін әртүрлі тұрғыдан қарастыру қабілетін дамыту үшін өзіне мұғалім рөлін алатын оқушыларға қолдау көрсетіңіз.

Оқушылардың жеке ерекшеліктері мен әлеуетін анықтау үшін бағалау тесттерін қолданамыз.

Оқушымен бірге оның дәл осы уақыттағы қабілеттерінің деңгейін анықтаңыз және оны одан әрі дамыту жоспарын әзірлеңіз.

Оқушыларды жеке оқу мақсаттарын қоюға ынталандыру.

Сабақтың соңына оқушылардан келесі сұрақтарды жұпта талқылауды сұраңыз:

Мен бүгін не туралы білдім?

Мен нені жақсы істедім?

Мен неге сенімді емеспін?

Маған қандай көмек қажет?

Мен не туралы көбірек білгім келеді?

Әрі қарай маған нені жетілдіру керек?

Инклюзивті білім берудің әмбебап дизайнына тоқталайық

Әмбебап дизайн – бұл арнайы бейімдеуді немесе арнайы дизайндарды қажет етпестен барлық адамдар толықтай пайдалана алатын өнімдер мен объектілердің дизайны.

Әмбебап дизайнның негізгі принциптері

Қолданудағы теңдік

Дизайн әр түрлі физикалық қабілеттері бар адамдар қолдана алатындай етіп жасалуы керек.

Оңай қабылданатын ақпарат

Дизайн қоршаған орта жағдайларына және пайдаланушының қабылдау ерекшеліктеріне қарамастан, пайдаланушыға қажетті ақпаратты тиімді жеткізуі керек.

Қатенің орын алуы

Дизайн кездейсоқ немесе әдейі жасалмаған әрекеттердің қауіпті немесе теріс салдарын азайту керек.

Қолданудағы икемділік

Дизайн әр түрлі жеке мүмкіндіктер мен қабілеттерге сәйкес болуы керек.

Физикалық күш жұмсау

Тұтынушы аз күш жұмсай отырып, дизайнды мүмкіндігінше тиімді және ыңғайлы пайдалануы керек.

Инклюзивті білім берудің әмбебап дизайны

Оқытудың әмбебап дизайны (ОӘД) – икемді оқу бағдарламалары арқылы барлық білім алушыларға инклюзивті ортада білім алуға тең мүмкіндік беру үшін қолданбалы арнайы технолоиялар орталығы (ҚАТО) әзірлеген тәсілдеме.

Оқытудың әмбебап дизайны тәсілдемесінің негізгі мақсаты – жалпы сыныпта отырған барлық оқушыларға оқудың қол жетімділігін қамтамасыз ету.

Оқу материалдарын ұсынудың түрлі құралдары:

Оқу стилі немесе оқудағы қиындықтар

Визуалды (оның ішінде, есту қабілеті бұзылған оқушылар)

Аудиалдар (оның ішінде көру қабілеті бұзылған оқушылар)

Оқуда немесе зейінін шоғырландыруда қиындығы бар балалар.

Кинестетиктер немесе белсенді оқушылар.

Мәдениет ерекшелігі әртүрлі оқушылар.

Тақырыптар бойынша әр түрлі білімдері бар балалар.

Сонымен педагогтар мен дефектологтардың пікірінше, біздің елімізде мұндай балалармен жұмыс жүргізетін жаңа, нәтижелі бағдарламалар мен әдістемелер жоқтың қасы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың педагогикалық проблемаларын зерттеп, оларды шешуде әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, отандық тәл мамандарды тарту, бірлесе жұмыс жасау – бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе. Оқу орындарында педагогикалық-психологиялық кеңес беретін орталықтар ашып, дефектолог, сурдопедагог, тифлопедагог және т.б. мамандарды тартып, бірлесе жұмыс жасау қажет. Профессор - оқытушылар

құрамының біліктілігін жоғарылату мақсатында қайта даярлық курстарынан өткізген жөн. Инклюзивті білім саласына қатысты мәліметтерде жоғары оқу орындарында инклюзивті білім мазмұны үш түрлі бағдарлама бойынша жалпы жоғары оқу орындарына арналған типік оқу бағдарламалары, мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары, мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық - физикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы бойынша реттелетіндігі сөз болады. Демек, оқу бағдарламаларын да қайта қарау қажеттілігі туындайды. Инклюзивті білім беруге дайындық жасау барысында туындайтын екінші бір мәселе оқу орнының талапқа сай жабдықталуы. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы дамуы және бұзылысын түзету мақсатында жаңа компьютерлік технологияны, бала бойындағы кемістіктерді түзетуге бағытталған құрылғыларды қолдану қажеттілігін де ретін тауып шешкен жөн

Қорыта айтқанда, инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Бұл бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды шынайы қарым - қатынас шеңберінде тәрбиелеудің бастауы болмақ. Біз мүмкіндігі шектеулі балаларға білім бере отырып, оларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз.

Қазіргі уақытта орталық мамандары 0, 1, 2, 5, 7 сыныптарға арналған интеллекті бұзылған балаларға арналған ОӘК (оқулықтар, жұмыс дәптерлері, әдістемелік нұсқаулар) әзірледі. Бұл жұмыс басқа сыныптар бойынша жалғасуда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.

Қазақстан Республикасындағы арнайы және инклюзивті білім берудің жағдайы мен дамуы. Аналитикалық баяндама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 49 б.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы»

«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат

МАТЕМАТИКАДА ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРДЕЛЕУДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУ

Усенов Турлыбек Пернебекович
Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Білім беруді дамыту орталығы» КММ
Математика пәнінің әдіскері

ТӘРБИЕСІЗ БЕРГЕН БІЛІМ АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ”

Әл-Фараби

Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру, бұл – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын тұлғаларды тәрбиелеп шығару. Құндылық – бұл қандай да бір нәрсенің мәнділігі, маңыздылығы, қалаулылығы, пайдалылығы және қымбаттығы.

Құндылықтың басты белгісі оның бойында адамға тегі ықпал ететін қасиеттердің болуымен сипатталады.

Математиканы оқыту процесінде қосымша мәндерді, құндылыққа бағытталған тапсырмаларды, пәнаралық және практикаға бағытталған жаттығуларды мақсатты пайдалану оқушылардың дүниетанымдық әлеуетін кеңейтуге, алған білімдері мен дағдыларын практикалық іс әрекетте және күнделікті өмірде қолдана білуге мүмкіндік береді.

Негізгі орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет; 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек және шығармашылық;
- 5) ашықтық; 6) өмір бойы білім алу;

Бұл мақалада білім беру саласын жетілдіру мақсатында құндылықтарды зерделей отырып жаңа инновациялық тәжіриделерді оқу үрдісінде жие қолдану қажеттігі, математика оқыту үрдісінде қазіргі заманауи инновациялық тәжіриделерді қолдану арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, оқу-ақпараттық, зерттеу-тәжірибелік әрекеттерін дамытуға болатындығы, олардың мұғалімдерге және оқушыларға берер қандай көмегі бар екендігі айтылды.

Математика сабақтарында халқымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі өмір тәжірибесінен, салт–дәстүрлерінен, шаруашылық жүргізу тәсілдерінен, ұлттық табиғи, экономикалық, экологиялық ерекшеліктерін тиімді қамтып отыру, математикалық білімнің өзіне тән: ақыл алғырлығы, зерттеу ынталылығы, заңдылықтарды табуға қызығушылығы, логикалық ойлау арқылы дәлелдей білуі ой тұжырымы арқылы іске асырылады.

Осы арқылы бала бойында математикалық ілім–білімге тән ынталылық, қызығушылық, логикалық ойлай білу, ықшамдылық, сапалық, үнемшілдік қалыптасады.

Оқулықтарда кездесетін құндылықтар:



$$\begin{cases} x \leq 2^6 \cdot 5^2 + 289, \\ x \geq 10^3 + 3^2 \cdot 2^2 \cdot 5^2 - 2 \cdot 5^3 + 191 \end{cases}$$

теңсіздіктер жүйесінің шешімі ұлы ағартушы, педагог Ыбырай Алтынсариннің өмір сүрген жылдарын береді.

$y = x + 37^2$ формуласына:
1) $x = 22^2 - 2 \cdot 3^2$ санын қойғанда y -тің мәні ағартушы, саяхатшы, Орта Азия, Қазақстан және Шығыс Түркістан халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеген Шоқан Уәлихановтың туған жылын береді.



$2 \cdot 30^2 + 10^2 + 0,21 \cdot 20^2$ өрнегінің мәні «Қазақфильм» киностудиясының ұлттық кинематографиясын көрнекті қайраткері Шөкен Кенжетайұлы Алмановтың аты берілген жылға сәйкес келеді.

$y = x + 37^2$ формуласына:
I
2) $x = 21^2 + 2^2 \cdot 3^2$ санын қойғанда y -тің мәні жырау, айтыскер ақын Жамбыл Жабаевтың туған жылын береді.



Оқулықтарда кездесетін құндылықтар:

Қазақтың ұлттық тағамы бәуырсақты дайындау үшін қажетті ингредиенттер: бидай, ұны, сүт, сарымай, ашытқы, құмшекер, тұз, су, жұмыртқа. 16 бәуырсақ пісіруге арналған аталған ингредиенттер мөлшері: бидай ұны – 500 г, сүт – 0,3 г, сарымай – 20 г, ашытқы – 20 г, кант – 1 ақсақым, тұз – 1 шайқасым, су – 20 г, жұмыртқа – 1 дана. Бір адамға 4 бәуырсақтан келеді деп есептеп, 12 адамға бәуырсақ дайындау керек.

- 1) 12 адамға бәуырсақ дайындау үшін керек ингредиенттер мөлшері жазылған кесте құрыңдар.
- 2) Кестеге қосымша осы ингредиенттердің бағасын көрсетіңдер.
- 3) 12 адамға арналған бәуырсақты дайындау үшін керек ингредиенттерді алуға жұмсалатын жалпы соманы табыңдар.



Шахмат ойынына ұқсас «Тогызқаралақ» ұлттық ойынды қарастырайық. Ойын 20 ұяшығы бар тақтадан тұрады. Ойын екі ұяшығы – қазандық ойынға қатыспай, тек тастарды жыюу үшін қолданылады, ал тақтаның бүйір жақтарына көлемі қазандық ұяшығының көлемінен кіші, тоғыз ұяшықтан барлығы 18 ұяшық орналастырылады. Ойынға 162 тас қолданылады.

Оқулықтарда кездесетін құндылықтар:

Төмендегі тапсырмаларды орындап, Алматы қаласында орналасқан 28-панфиловшылар атындағы саябақ туралы мағлұматтар аласыңдар.

1) 2 мен 9 сандарына еселік және 30 санынан кіші сан саябақтың гекстармен алып жатқан ауданын береді.

2) $9\frac{3}{4} \cdot 10^2$ өрнегінің мәні Даңк мемориалының ашылған және Мәңгі алаудың жағылған жылын береді.



$10^1 + 30^2 + 0,39 \cdot 10^3$ өрнегінің мәні «Ленфильм» киностудиясында қазақ көркем киносының алғашқы режиссері – «Амиргелді» фильмінің түсірілген жылын береді.



$98,1 : (0,2x - 389,6) = 10,9$ теңдеуін шығарып, еліміздің ұлттық валютасы – теңгенің енгізілген жылын;
 $1,195 : (0,5x - 4,22) = 0,25$ теңдеуін шығарып, еліміздің ұлттық валютасының қорғалу мүмкіндігінің санын білесіңдер.

Орта Азиядағы ең ірі мұражай – Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан Қазақстан Республикасының Ұлттық мұражайы.

1) $(895 \cdot 409 - 188 \cdot 823) : 88$ өрнегінің мәні Ұлттық мұражайдың ашылған жылын көрсетеді;

2) мұражай залдарында заманауи көрмелік технологиялармен жабдықталған, арнайы пілген экран пайдаланылады. 320 000 санын 400 есе кеміткенде шыққан мән экран санын көрсетеді.



7000

Білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың мынадай қабілеттері дамуы тиіс:


- 1) Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайындығы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының нормаларын құрметтеу және сақтау;
- 3) Әлеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдай алу;
- 4) Мемлекеттік тілді меңгеруге ынталану;
- 5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттік алуан түрлілігін құрметтеу;
- 6) Рухани келісім және толеранттылық идеяларын қолдану;
- 7) Қоршаған ортаға және экологиялық тұрақтылықты сақтауға оң қарым қатынас;
- 8) Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- 9) Коммуникативтілік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білу;
- 10) Өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге талпыну;

Сабақтарда кездестіретін құндылықтар.




Ахмет Байтұрсынұлының «Аққу, шортан һәм шаян» өлеңінде олар неге арбаны қозғалта алмады?

Қазақ халқының рухани кесемі, ұлт ұстазы





“Сұрақ қой және жауап бер” кезеңі

1-сурет




2-сурет




3-сурет


Ынтымақ қайда болса – ырыс сонда барамын депті...



4-сурет



5-сурет



6-сурет

“Табақ тарту” ойыны

А деңгей:

- 1) \vec{AB} және \vec{BC} векторларының қосындысын тап.
- 2) \vec{AD} және \vec{BA} векторларының қосындысын тап.
- 3) \vec{AB} , \vec{BC} , \vec{CN} және \vec{NF} векторларының қосындысын тап.
- 4) \vec{AB} , \vec{BC} , \vec{CA} векторларының қосындысын тап.

В деңгей:

- 1) $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ параллелепипед. $\vec{AA_1} + \vec{A_1 B_1}$ векторларының қосындысын тап.
- 2) $ABCD$ тетраэдр. $\vec{AD} + \vec{DC}$ векторларының қосындысын тап.
- 3) $ABCD$ тетраэдр. $\vec{AD} + \vec{DB} + \vec{BC} + \vec{CA}$ векторларының қосындысын тап.
- 4) $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ параллелепипед. $\vec{AA_1} + \vec{A_1 D_1} + \vec{C_1 C}$ векторларының қосындысын тап.

С деңгей:

- 1) $ABCD A_1 B_1 C_1 D_1$ параллелепипед. $\vec{DA} + \vec{A_1 B_1} + \vec{CC_1}$ векторларының қосындысын тап.
- 2) $ABCD$ параллелограмм. BC қабырғасында жатқан P нүктесі осы қабырғаны $1:4$ қатынасында етіпекі кесіндіге бөледі. $\vec{AB} = \vec{a}$, $\vec{BP} = \vec{b}$ деп алып, \vec{AC} - ны \vec{a}, \vec{b} векторлары арқылы өрнекте.
- 3) $ABCD$ трапециясында EF – трапецияның орта сызығы, $\vec{AD} = \vec{a}$, $\vec{BC} = \vec{b}$ деп алып, \vec{EF} вектор \vec{a}, \vec{b} векторлары арқылы өрнекте.



Дискрипторлар:
Векторларды қоса алады
Векторларды өрнектеп жаза алады

Бағалау критерийі:
Есеп дұрыс болса – 1 балл
Есептің суреті бар болса – 1 балл
Есептің берілгені, шешуі, жауабы бар болса – 1 балл

Мұғалімдер құндылықтар жүйесін тек қана тәрбие жұмысында ғана емес, сабақтарда да пайдалануда. Әр құндылық тек қана оқушы бойында қалыптасып келе жатқан жоқ, сонымен қатар, әр отбасына да жеткізілуде. Қазіргі уақытта оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде жатқан құндылыққа бағдарланған тәсіл арқылы іске асырылады. Білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі мемлекеттің болашағын, оның ғылымын, мәдениеті мен өнерін айқындайтын зияткерлік әлеуетті қалыптастыру болып табылады. Сондықтан бәсекеге қабілетті ғылым мен экономиканы құра алатын, бойына рухани құндылықтарды сіңірген мамандарды дайындау маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Қ.Әлімов. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж б. Интернет қоры. bilimdiler.kz.
2. Кенеш Ә.С. Әбілқасымова. Математиканы оқытудың теориясы. Алматы 1998 Журнал «Математика Қазақстан мектебінде» Алматы 2014
3. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі //Алматы 2001 - 75 б.
4. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде //Алматы – 2006ж. 4-5 бет.

5. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі - сапалы білім // Қазақстан мектебі № 2008ж.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС –ТӘСІЛДЕРІ

*Түркістан облысы,
Білім беруді дамыту орталығының
“Жалпы пәндер” кафедрасының меңгерушісі
Алтынбеков Роман Булатович.*

Қазіргі білімнің біртұтастығын түсіну оқу әрекетін ұйымдастыру оқушының жеке тұлға ретінде өзін-өзі таныту, ғылыми ойлауын, зерттеу мен анализ мәдениетінің негіздерін игеруді, кәсіби қалыптастыруды қамтамасыз ету қажеттілігі бірінші орында. Бүгінгі жаңа заман мұғалімінің міндеті оқушыларды жаттанды біліммен жабдықтау емес, білімді өз бетімен ізденіс арқылы алу үшін жағдай жасау болып табылады. Яғни, география пәнінің оқытылудағы білім сапасын жақсарту, оқыту әдістемесін зерттеу жұмысын ала отырып, баланы ізденіске, тікелей іс-тәжірибе арқылы өз ойын дәлелдеуге, алға қойған мақсатына қол жеткізетін тұлға дайындауда кезек күттірмейтін маңызды мәселеге айналуда.

География пәнінің білім беру жүйесі балаға мәтінді ой көзімен түсіне оқып, жан-жақты талдау мен анализ жасаумен ерекшеленеді. Баланың тұлға ретінде рухани - адамгершілік тәрбиеленуі бүгінгі таңда басты мәселе болып отыр. Пәннің оқытуда баланың адамзаттық құндылықтарды игеруі жаратылыстану, табиғатпен туған өлкенің байлықтарын сезіну арқылы бойына сіңірілмек. Ол үшін ұстаз сабақта әр оқушының өзінің жеке интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерінің шыңына жету мүмкіндігін қамтамасыз ету, құзыреттілігін қалыптастыратын оқу тапсырмаларын әзірлеу қажеттігі туындайды.

Оқу-тәрбие үдерісінде оқушыларға құндылықтар арқылы тәрбие беруді қалыптастырудағы өңірлік, аймақтық-өлкетану мәліметтерін пайдаланудың рөлін арттыру, туған жерінің базалық білім берумен байланыстыру, педагогикалық шарттарын айқындау, өз өлкесіне тән ерекшеліктерді анықтау – география мен тарих пәндері негіз ретінде саналады. Аймақтық тарихы мен өлке ерекшеліктері арқылы оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу – жалпы білім беретін орта мектептердің оқу-тәрбие үдерісіндегі маңызды компоненттердің бірі. Баланың отансүйгіштік қасиеттерін жетілдіруде өлкетану мәліметтерін мектептің оқу бағдарламасына кешенді түрде енгізу, сабақ барысында кіріктіру мүмкіндіктері қарастырылу қажет.

Оқу барысында өлкетану бағдарламасын жоспарлау мен ұйымдастыру оның деректерін пайдалану әсіресе, еліміз тәуелсіздік алған тұстан бері

айтылып келе жатқан мәселе. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мәдени-рухани мұралар, тастағы жазбалардағы өсиет, өнеге, нақыл сөздер, өлкетану мұражайларына орналасқан жәдігерлер қазіргі жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, ерлік сезімді ұялатып, олардың туған жерге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Қазақ ерте кезден табиғат болмысын, оны бүкіл өзінің өмір тіршілігінің дамуы мен қалыптасуының көзіне айналдыра білген халық. Халқымыздың көшпелі өмір тәжірибесінде туған өлкенің табиғатын пайдаланумен бірге, оны аялаудың, қорғаудың тамаша үлгілерінің маңыздылығын сабақ барысынада бүгінгі заманауи өмір сүру ұстанымымен кіріктіре көрсетуге болады.

География пәнін оқытуды маңызды күрделі мәселелерді шешуге, әр түрлі жер территориялардың ресурсын зерттеп, табиғи ресурсын тиімді пайдалануға, құрылыс, зауыт, қала, жол салуға қолайлы жерлерді анықтауға байланысты сауаттылықтарын дамытуға бағыттау мұғалімнің кәсіби шеберлік пен ізденісті талап етеді. Географиялық білім берудегі тәжірибелік бағытты күшейту, міндетін шешу – теория мен практиканың бір тұтастығын қамтамасыз ететін, оқу, зерттеу, біліктілік дағдыларын қалыптастыратын, оқушылардың оқу-зерттеу жұмыстарын мақсатты, жүйелі ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Оқыту процесінің нәтижелі болуы қойылған мақсаттың нақтылығынан, оны оқушылардың түсінуіне байланысты болып отыр.

Бүгінгі білім мазмұны мақсатына сай үлкен модульдарды оқыту соңында дәстүрлі тест, бақылау жұмыстарынан басқа оқушыларды кіші зерттеу, ғылыми жобалар жұмыстарын әзірлеп қорғату тәжірибеде қолданылуда. Ғылыми жоба жұмысы оқушылардың зерттеу әрекетіне байланысты жүргізіледі. Ғылыми зерттеу жұмысының бірінші сатысы бала оқушылардың алдында мәселе қойып, оны шешу жолдары мен әдістерін белгілейді. Екінші кезекте оқытушы тек мәселе қояды, ал оның шешу жолдарын зерттеуші оқушы өз бетінше қарастырады. Үшінші сатысы мәселе қою, шешу жолдарын қарастыру, мәселені шешуді оқушы өз бетімен жеке атқарады. Өзіндік зерттеу жұмыстары оқушылардың қосымша оқу құралдарымен, ғылыми әдебиеттермен, анықтамалықтармен, көрсеткіштермен жұмыс жасау арқылы еп-дағдылары қалыптасады.

Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда баланың ой-өрісін дамыта оқыту технологиясын жетілдіріп отыру керек. Яғни, зерттеушілік ізденіс әрекеттер арқылы білімін дамыту. Мұғалім мәселе ұсынып, тәжірибелер нәтижесін көрсете отырып шешу жолына әкелу. Бұл жерде мұғалім бағыттаушы/нұсқаушы рөлін атқаруы тиіс. Баланың қиналған жағдайда жетекші бағыттаушы сұрақтар қою арқылы көмектесіп отырады. Жаратылыстану-география пәніндегі зерттеу жұмысы мен тәрбие беру үрдісімен байланыстыру экскурсия (топсеруен) сабақтар арқылы да дамытылады.

Топтық ізденіс - қолданбалық бағытта сапалы білім алуға көмектеседі. Алдын-ала берілген тақырыптарға бағытталған тапсырмаларға сәйкес жасалған фото-суреттерді, пікір, сызбаларды, кестелерді әзірлеу, қосымша ақпараттар

жинау, өңдеу баланың функционалдық сауаттылықтарының дамуына үлкен әсер береді. Тұлғаның зерттеу іс-әрекетін дамытуда мүмкіндігінше тұған өлкенің өзекті мәселелерін көтеру, оған оқушылардың араласуын, туған жеріне деген патриоттық сана-сезімін ояту барысында жер-су атауларының шығу тарихы туралы пікірталас, ой-талқы, тренинг сабақтар өткізу маңызды. Жергілікті жердің фаунасы мен флорасының проблемасын шешуде сирек аң мен құстарды анықтау, ағаш отырғызу, бүлінген жерлерді қорғау мәселелері тақырыбында бейнежазба, экобайқаулар, эссе, таныстырылымдар баланы өздігінен білім алуларына жағдай жасап ынталандырады.

Жас ұрпақ бойында ғасырдан бергі үздіксіз келе жатқан тәжірибені дамыту, келешек болашаққа жеткізу, баланың ортамен қарым-қатынасын дамыту, қоғамдағы орнын анықтау, өзін және өзгені танып-білудің құралына айналдыру, яғни нәтижеге бағытталған білім негізінің басты бағыты. Ендеше, география пәнін оқытуда бүгінгі ХХІ ғасыр ұстазы жаңалықтың ішінде болуыда заңды.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Нәтижеге бағдарланған білім берудегі ізденіс, тәжірибе, шығармашылық қызметтер Алматы 2008 ж. АОМҚДИ
2. «12 жылдық білім» Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал 2006 жыл № 8
3. «Математика және физика» ғылыми-әдістемелік журнал 2005 жыл № 2.
4. Еңбекші орта мектебінің Ғылыми-әдістемелік қызметі –материалдары.
5. Б.И.Иманбекова «Мектептегі ғылыми- әдістемелік жұмыстар» Алматы 2003 жыл
6. «Дүние» №3 2002 жыл ақпараттық-талдамалық экологиялық және тұрақты даму журналы

АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ДЕҢГЕЙЛЕП - САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы
«А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі» КММ
Тарих пәнінің мұғалімі: Аманов Бауыржан Бағланұлы*

Жаңа технология арқылы – білім сапасын арттыру.

Қазақстан тарихы пәнін оқыту үрдісінде ақпаратты технологияны қолдану оқушылардың пәнге деген ынтасын, қызығушылығын арттырады. Оқушылар теориялық білімін өздерін-өздері тексеру арқылы әрі қарай

жандандырады. Сабақта қолданылатын тапсырмалардың көлемі ұлғайып, оқушылардың ойлау, жұмыс істеу қабілеті дамиды. Оқу материалдарын жиі қайталау мүмкіндігі өсумен қатар, шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады, оқуға деген қызығушылығын арттырады, уақытында тапсырмаларды орындай алады, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға көмектеседі, уақытты үнемдейді, қайталау мүмкіндігін кеңейтеді, орындаған жұмыстарының қателерін бірден көруге мүмкіншілік тудырады.

Оқыту сапасын көтеру – бүгінгі қарыштап дамыған өркениетті заманның өзекті мәселесі. Осы мақсатқа жетудің бір жолы Ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы деңгейлеп -саралап оқытудың тиімділігі.

Ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы деңгейлеп - саралап оқытудың тиімділігімен танысып, саралай келе төмендегідей артықшылықтарды бөліп алуға болады: Нақты нәтижеге, сапа көрсеткішіне бағытталуы, айтылым, жазылым, тыңдалым дағдыларының қалыптасуы. Оқыту формасының белсенділігі, көру арқылы (визуалды) есте сақтау қабілеті, жекелей саралап оқытуды қамтамасыз етеді. Деңгейлеп оқытуды жүзеге асырады. Түзету, коррекция, кері байланыс және рефлексия жұмыстарын сабақтың әрбір кезеңінде іске асыруға болады. Зерттеу-ізденушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді

2. Ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы деңгейлеп - саралап оқытудың тиімділігі – сапалы білім берудің кепілі.

Оқыту сапасын көтеру – бүгінгі техникасы қарыштап дамыған өркениетті заманның өзекті мәселесі. Ғалымдар мен мұғалімдерді осы мәселе қатты ойландырады. Қазақ педагогикасы мен мектебі алдында білім, тәрбие берудің тың жаңашыл бағыттары жолға қойылуда. Олар – оқу, тәрбие, даму процестерін жандандыру. Бұлардың барлығы жеткіншектерге жүйелі білім, саналы тәрбие беру ісіне тәуелсіз ел талабы тұрғысынан қарау қажеттігінен туып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы деңгейлеп - саралап оқытудың тиімділігі бойынша өткізілген сабақтардың дәстүрлі және басқа технологиялы қолданылыстағы сабақтардан айырмашылықтары:

Әр сабақ сергіту жаттығулары және шабыттандырумен басталады. Сабақ оқу әрекетінің жалпыланған әдісі (ОӘЖӘ) арқылы түсіндіріледі. Тапсырма деңгейлеп-саралап беріледі, тапсырма жабық және ашық түрде беріледі. Тапсырманы орындауға уақытты шектеп көрсетеді. Цифрландыру: АКТ құзыреттілік, интернет ресурстарын тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру.

Әр сабақтың АКТ қолданылып тақырыпқа сай видеоролик көрсетіледі, ескеретін дүние видеоролик түсіріп дайындау өз қолыммен жасалынып сараланады.

АКТ қолдануда пайдаланатын программалар тізімі: Kahoot, Quizlet, Quiziz, Wikium, Itest, Flipshart, Videoleap, VideoScribeSparc, BlimLend, Memoranda, VN «Ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы деңгейлеп - саралап оқытудың тиімділігі» білім беру технологиясының

карталары мұғалімдерге сабақты жоғары деңгейде сапалы өткізуіне ықпал жасайды. Қазіргі заман талабына сай білім берудің жаңа технологияларын, ұтымды әдіс-тәсілдерін пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр. Білім сапасы мен деңгейін арттыруда тәжірибеде дәлелденген тиімді жаңа білім беру технологиялары қажет-ақ. Бұл технологияда сабақ барлық пән бойынша өзіне сәйкес келетін технологиялық карталармен жоспарланады.

Ақпараттық- коммуникациялық технология арқылы деңгейлеп - саралап оқытудың тиімділігін қолдану оқушылардың білімдерін жүйелеуге үйретеді. Бұл картада сыныпта 20 оқушы болса жеке жұмыс, жұптық жұмыс топпен жұмыс жасалынады. Сыныпта оқушылардың жауапкершілігін арттыру мақсатында белгілі бір тәртіппен, кезекті сақтай отырып үштік таңдалып алынып үш рөл беріледі.

«Тәжірибеші»- тапсырманың дұрыс орындалуына жауап береді.

«Сыншы» - қатені табуға жауап береді.

«Шабыттандырушы»- топтың сәтті жұмыс жасауына жауап береді.

Әрбір үштік (жұптық жұмыс) өз аттарын қояды және әр топтың (топтық жұмыс) карта бойынша жұмыс нәтижесін ендіретін тақтада өзіне тиесілі кестесі болады. Оқушылар мотивациясы топпен ізденіс жұмысын жүргізу. Тақырып сабақта менгеріліп, немесе үйде оқылуы мүмкін. Карта бойынша жұмыс ретін түсіндіріледі, сыныпты рухтандыру үшін сынып көшбасшысына сөз беріледі.

Сабақтың барысы бес кезеңнен тұрады:

1 кезең «Факт, себеп, салдар» бұл кезеңде үй тапсырмасы пысықталады.

2 кезең «Видео-ролик» Жаңа тақырыптыққа арналған видео - ролик

3 кезең «Попс» Оқытылған тақырып бойынша жазылым, тыңдалым.

4 кезең «13 кілттік сөз» Оқытылған тақырып бойынша сөздік қор

5 кезең «Хронология» жыл, сан, ғасырларды оқиғаларымен жазу

6 кезең «Адам, жер, су, елді мекен» Мәтіндегі адам, жер, су, мемлекет аттарын теріп жазады

7 кезең «Эссе 30 сөз» кемінде 30 сөзден тұратын қорытынды ой жазады сабақты бекіту фазасы

Рефлексия: Әр оқушы және сынып Сыншылары тақырып бойынша кеткен қателікпен жетістіктерді жеке тоқталып кетеді

Керібайланыс: ММММ немесе БББ

Қалыптастырушы бағалау төмендегідей норматив бойынша қойылады:

Әр қалыптастырушы тапсырмадан кейін кері байланыс беріп отырамын.

Оқушылардың жұптық жұмысын, сұрақ қоя алуын, сұрақтарға жауап беруі және талдау жасауын бағалай аламын. Ақпаратты жүйелеуіне байланысты, өз қорытындыларын дәлелдеуіне қарай бағалауға болады.

Әр тапсырманы орындауда жекелей және жұптық жұмыс барысындағы іс-әрекеттерін «ауызша кері байланыс» беру арқылы ынталандырып бағалап

отырамын және дескриптор арқылы тапсырма орындаған оқушы немесе жұп, топ қорамсаптан жебе алу арқылы бағаланады.

Сабақтың барысы сыныпта жағымды ақуал қалыптастырып, сыныпты шабыттандыру арқылы оқушыларды түгелдеп сабаққа кірісу. Оқушыларды орнына орналастыру. С.Делигердің психогеометриялық тесті арқылы жүргізіледі түрлі түсті пішіндерді пайдаланып әр фигураны таңдаған оқушы отырып жұптық және топтық жұмыс жасауы жақсы, балалардың мінез құлықтардың сәйкес келуімен жұптық және топтық жұмыс түсінісіп жасау өте ыңғайлы. Пішіндерге тоқталсақ



Үй тапсырмасы (Жеке жұмыс) «Факт, себеп, салдар» арқылы сұралады. Әр оқушыға сабақтың күрделілігіне қарай 1-2 сұрақтан қойылады және бір оқушы келесі сыныптасының есімін атау арқылы сұрақты қойып тізбекті жалғастырады. Сұраққа жауап беруге 3 секунд уақыт беріледі, бір сұрақ үш оқушыға дейін қойылады егер оқушылар дұрыс жауап бере алмаса, дұрыс жауабын мұғалім өзі айтады немесе Kahoot, Quizlet программасы қолданылып нотбук, білімбок немесе қалта телефонын пернетақтаға қосу арқылы үй тапсырмасы орындалады, программа жұмыс жасалынуында жұптық жұмыс есебінде орындалады. Осы әдіспен 20 оқушыдан сұралып шығады. Оқушылар түсінген немесе түсінбегенін светофор әдісі арқылы жүзеге асады. Жаңа тақырып мұғалімнің тарапынан АКТ қолдану арқылы өзі дайындап келген видео – ролигі 2,5-3 минут уақыт ішінде көрсетіледі және түсіндіріліп өтеді. Қосымша көрнекіліктер пайдалана отырып көрсетіледі,терминдермен және түсініктермен таныстырады. Міндетті түрде сабақ мақсатымен таныстырылып оқушыларға көрінетін орыннан бағалау критерий және тапсырма дескрипторлары беріледі.

Қосымша жаңа тақырыпты оқулықтарынан жас ерекшеліктеріне қарай деңгейлеп-саралау арқылы 3 минут, мәтіннің 1 парағына оқылуға беріледі. Оқытылғантақырып және көрілген видео - ролик бойынша тақырыптық ПОПС жұптық жұмыс жүргізіледі.1. Жұп болып бірігіп мәтінге байланысты өз ойларын жазыды, 2. Мәтінге байланысты себебін анықтап жазады 3. Оқылған тақырыпқа мысалы келтіреді 4. Оқылған тақырыптық мәтінге ойын қорытындылап жазған мәліметтерін оқиды. Сөз қысқартылмаған түрде, түсінікті етіп жазылады, шығарма түрінде жазуға рұқсат беріледі.

13 кілт сөзді іздеу. Мәтінмен жұмыс кезінде жүргізіледі. Кілт сөздердің эталонын мұғалім стандарт мазмұн негізінде дайындайды. Егер стандарт болмаса сабаққа дейін мұғалім өзі дайындайды. Әр бір топ немесе оқушы13 сөз жазу керек. Жазылу реті мағналы емес.

Өзін – өзі бақылау және бағалау барысында хронология тізбегін жазу яғни мәтінде кездесетін жылдардағы оқиғалар, реттік сандар, ғасырларды қамтыған оқиғаларды түсініп көңілге тоқып жазу. Алғашқы бекітуді ұйымдастыру. Сын тұрғысынан сұрау меңгеру сапасын анықтау мақсатында сұрақтар бұрмаланып

беріледі. Мұғалім оқушыларға әдейі дұрыс емес сұрақтар қояды. Сын тұрғысынан сұрақ қою кезеңі диагностикалық болып табылады, осы кезеңде мәтінмен жұмыс сапасын анықтауға болады. Осы кезеңдегі режимде балаларға мәтінмен мұқият және терең жұмыс жасауға мүмкіндік беріп, қажетті рефлексия деңгейінің мүмкіндігі туады. Сонымен қатар мәтіндегі адам аттары, елді-мекен атаулары, мемлекеттердің, жер,су аттарын тиянақты жазу. Қорытынды оқытылған тақырып бойынша сөздік қор (эссе) жүргізіледі. Сөздер анық, қысқартылмай жазылады, Әрбір сөз сөйлем мүшесі болу керек. Шығарма түрінде жазуға рұқсат беріледі. Сөздік қор 30 кем болмауы керек.

Рефлексия сыншыларды сұрау жүйемен жүргізіледі-жұптың, топтың жұмысын жалпы талдау, шінара талдау, терең талдау. Мұғалім тақырыпты қорытындылайды, тақырыпқа деген өзінің көз қарасын оқушыларға керібайланыс беру арқылы көрсетеді. Жұмыс істеу қабілеті жоғары баларды мадақтау өте маңызды.

Кесте; I. ФСС, II. Попс, III. 13 кілт сөз
IV. Хронология V. Адам, жер, су, мемлекет VI.
Эссе

Қалыптастырушы бағалау;
«1 жебе» = Тек алға ұмтыл
«2жебе» = Жақсы
«3жебе» = Өте Ғажап

Сыныпты басқару. ООМ- орынға отырғызу матрицасы.

Матрица сабақ басталарда бормен тақтаға сызылады немесе мектептің қалауы бойынша қосымша тақта ретінде жасалынады. Оқушыларды орнына орналастыру С.Делигердің психогеометриялық тесті арқылы жүргізіледі түрлі түсті пішіндерді пайдаланып әр фигураны таңдаған оқушы пішіндеріне қарай отырып жұптық және топтық жұмыс жасайды, балалардың мінез құлықтардың сәйкес келуімен жұптық және топтық жұмыс түсінісіп жасау өте ыңғайлы. Әр оқушының өзінің жеке сайты немесе отыру орнының коды болады. Пішіндерге тоқталсақ

Тақтаны қолданудың ережесі:



Мұғалім ООМ технологиялық карталар талабына сай қолданады. Мұғалім сұрақ қояды да ұяшықты (орнын) көрсетеді. Оқушының аты жөні айтылмайды, бұл сыныпты сабаққа дайындау және ұйымдастыру үшін өте маңызды. Қол көтерген оқушыдан сұрауға болмайды; Мұғалім сыныпты рет ретімен емес, көңіл аудармай отырған оқушыларды бақылай отырып сұрайды. Бала оны қашан сұрайтынын және қандай сұрақтың болатынын білмейді. Оқушыға жауап беріп бастауға 3 секундтан артық берілмейді. Жауап ұзақтығы әр түрлі, оқушы мен мұғалімнің арасында диалог ретінде болуы.

МЕКТЕПТЕГІ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫ: БАСЫМДЫҚТАР ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Түлкібас ауданы

Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі

География пәні мұғалімі: Педагог-сарапшы

Нургалиев Сакен Жубанбаевич

Қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістер: экономикалық және саяси интеграция, бұқаралық коммуникация құралдарын дамыту, білім беру және әлеуметтік салалардың өзара іс-қимылы, іскерлік байланыстар орнату, елдер мен континенттер бойынша еркін қозғалыс, жоғары мобильдік әр мемлекеттің адамдарының өмірінің орталық аспектілеріне айналды. Осыған байланысты білім берудің мақсаттары мен мазмұны, оқытудың жаңа құралдары мен технологиялары өзгеруде.

Білім беру мазмұнының өзгеруі мұғалімнің оқу процесіндегі орны мен рөліне деген жаңа көзқарасының, оқушыға деген жаңа көзқарасының қалыптасуына әкелді. Осыған байланысты өзекті білім беру парадигмаларын қарастыру қажет. Білім беру парадигмалары: оқу бағдарламаларының мазмұны, функционалдық сауаттылығы және оқытудағы педагогикалық қолдау.

География пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың 6 бөлімі бойынша ұйымдастырылған («үлкен» идея), оған географиялық мәдениеттің 4 негізгі компоненті жатады: География 7-9-сынып оқытудың 6 бөлімі бойынша ұйымдастырылған («үлкен» идея)

- 1) географиялық зерттеу әдістері;
- 2) картография және географиялық деректер базасы;
- 3) физикалық география;
- 4) әлеуметтік география;
- 5) экономикалық география;
- 6) елтану және саяси география негіздер

Географиялық мәдениет 4 негізгі компоненті жатады:



Қазіргі зерттеушілер функционалдық сауаттылықты әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде анықтайды және оның қалыптасу деңгейін халықтың және жалпы мемлекеттің әл-ауқат деңгейімен байланыстырады. Функционалдық сауаттылық (халықаралық форматта әмбебап деп түсіндірілуі мүмкін) оқушылардың мектепте оқу кезінде қол жеткізе алатын білім деңгейі болып табылады және адамның әртүрлі салаларда стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілетін көздейді. Пәндік құзыреттілік - оқушылардың белгілі бір пән саласында әртүрлі білім, білік және дағдыларды қолдану қабілеті және осы білімді практикада және одан әрі білім алуда қолдануы. Пәндік құзыреттілік білім алушының оқу қызметінің сапасын анықтауда жетекші болып табылады. Пәндік сауаттылық - бұл қазіргі өмірдің белгілі бір салаларындағы негізгі практикалық білім, онсыз қазіргі өркениетте адамның жұмыс істеуі мүмкін емес.

Функционалдық сауаттылық зерттеуі негізгі және қосымша компонентер болып бөлінеді.

Негізгі компоненттер:

Оқу сауаттылығы;

Математикалық сауаттылығы;

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы.

Жаңа бағыт қосымша компонентер;

Қаржы сауаттылығы (10 -11-сыныптар үшін)

Креативті ойлау. Жаһандық құзыреттер. Проблемаларды шешу. (2-4 және 5-9 сыныптар үшін)

Мектеп оқушысының функционалдық сауаттылық және креативті ойлау қасиеттері;

VUCA әлемі тұрақсыз, халықаралық форматта, болжау мүмкін емес, күрделі және түсініксіз.

Өзгеретін ортамен сәтті әрекеттесуге дайын болу.

Әртүрлі (соның ішінде стандартты емес) оқу және өмірлік міндеттерді шешу қабілеті.

Ең бастысы – сауатты және жауапты шешім қабылдай білу.

Жалпы алғанда, әлемдік қоғамдастық инклюзивті білім беруді ерекше білім беру қажеттіліктері бар, қоғамда өз орнын іздейтін балаларды оқыту мен әлеуметтендіруді қолдаудағы ең ізгі бағыт ретінде таныды, сондықтан әлемдік және отандық білім беру саясатындағы жетекші стратегиялардың бірі болып табылады. ЕББҚ бар балаларды қолдау моделі (денсаулық мүмкіндіктері шектеулі) Қазақстанда ЕББҚ бар балаларға «денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болған және арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім берудің оқу бағдарламаларына мұқтаж адамдарды» жатқызады.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар ЕББҚ бар балалардың келесі топтары көрсетіледі:

Дамуында психофизикалық бұзылыстары бар балалар: есту, көру, зият, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-ерік сферасы.

Оқытудағы ерекше қиындықтары, мінез-құлық және эмоционалды проблемалары бар балалар.

Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени ерекшеліктеріне байланысты ерекше білім беру қажеттіліктері туындайтын балалар. Бұл топқа микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған нашар отбасынан шыққан немесе бала тәрбиесіне көңіл аудармайтын отбасылардан, әлеуметтік қатерлі топтағы отбасы балалары (ішімдікке, нашақорлыққа жақын ата-аналар), сонымен бірге жергілікті әлеуметке бейімделуде қиындықтары бар (босқындар, мигранттар,) немесе оқу тілін түсінбейтін және бұл тілде сөйлемейтін балалар кіргізіледі.

ЕББҚ бар балаларды мұндай топтарға бөлу мектепте білім алуында қиындығы бар бірде-бір оқушының назардан тыс қалуына жол бермейді. Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру қағидаттарын енгізіп жатқан ҚР жалпы білім беру педагогтері үшін ерекше білім беруді қажет ететін оқушы дамуында психофизикалық бұзылыстары бар оқушы ғана емес, сонымен қатар оқуда қиындықтарға тап болған кез келген білім алушы екенін түсіну маңызды.

Дамуында психофизикалық бұзылыстары жоқ екінші және үшінші топтағы оқушылар көбінесе психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жүгінбейді және анықталмайды. Тиісінше, жалпы білім беретін мектеп оқушыларының осы топтарын өз назарында ұстап, уақтылы анықтап, оларға көмек көрсетуі керек.

Пайдаланылған әдебиет және интернет ресурстары:

Бабанский Ю. К. Педагогика: Пед. институт студенттеріне арналған оқу құралы/ Ю.К. Бабанский редакциясымен. – 2-басылым, толықтырылған және қайта өңделген - М.Просвещение, 1988 жыл,339-342-беттер.

Білім беру мазмұны үшін үлкен идеялар. Экономика жоғары мектебі. "Білім берудің заманауи аналитикасы" ғылыми басылымы, №17 (47). 2020ж.

Қазақстан Республикасының негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, 2018 жыл 31 қазан № 604/[http://adilet.zan.kz/ rus / docs/](http://adilet.zan.kz/rus/docs/)

Оқытудың заманауи стратегиялары мен модельдері - мұғалімнің мазмұнды және процессуалдық білім беру баламаларын тандауының теориялық негізі//https://superinf.ru/view_helpstud.php?id=4063. Өтініш берген күні 12.12.2020ж.

«География» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 Бұйрығы.

VanTassel-Baska J. Comprehensive curriculum for gifted learners. Simon and Schuster.

[Дарынды балаларға арналған кешенді оқу бағдарламасы] 1967 ж.

Тыңдаушығы арналған нұсқаулық. Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2022ж.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ

*Түркістан облысы, Сайрам ауданы
«№83 А.Байтұрсынов» атындағы ЖОМ
география пән мұғалімі
Кайрамбекова Актана Атымтаевна*

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары құрылған. Үшінші жаңғырту процесін іске қосатын бұл стратегиялық даму жоспары 10 түрлі жалпы ұлттық басымдықтан құралған. Жоспардың үшінші жалпы ұлттық басымдығы – сапалы білім деп көрсетілген. Мұнда сапалы білім басымдығының басты мақсаты ел дамуының жаңа бағытын іске асыру үшін адам капиталын дамыту деп белгіленген. Басымдықты жүзеге асырудың төрт міндеті айқындалған:

- 1-міндет. Білім беру саласындағы қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз ету;
- 2-міндет. Оқыту үшін қолайлы жағдайлар мен орта жасау;
- 3-міндет. Білім беру сапасын арттыру;
- 4-міндет. Білім беруді басқару және қаржыландыру тиімділігін арттыру.

Заман талабына сәйкес әрбір азамат технология әлемінен қалыс қалмауы үшін ұялы телефон, компьютер, интернет жүйесін жиі пайдаланып отырады. Технологияның барлық соңғы жетістіктері адамның өмірі мен жұмысының ажырамас бөлігіне айналды. Көптеген ресурстар мен құралдардың пайда болуы мұғалімдерге оларды оқу процесіне енгізу үшін белгілі бір міндеттер қояды. Бұл сөзсіз педагогикалық практиканы байытып қана қоймай, әлем аренасына шығуға мүмкіндік береді. Сандық білім беру ресурстарына негізделген оқушылардың танымдық іс әрекетін ұйымдастыру негізінен оқушылардың әмбебап дағдыларын, пәндік, әлеуметтік және коммуникативті құзыреттіліктерін дамыту үшін өнімді, дамытушы және шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындау болып табылады. Тапсырмалардың көпшілігі топтарда, жұптарда жұмыс істеуді қамтиды, яғни интерактивті, бұл оқушылардың жас қажеттіліктеріне байланысты.

Сандық білім беру ресурстарын қолдану оқулықтың шеңберін кеңейтуге, оқушылардың білімін тереңдетуге, оқу материалын суреттеуге мүмкіндік береді. Интернет ресурстарын пайдалана отырып, қажеттілігіне орай оқулықтардың мазмұнын игерудегі оқу процесін қызықты етеді. Алайда,

цифрлық ресурстардың барлық қолжетімді көздері сабақта сыналған одан әрі кәсіби өсудің жалғыз мүмкіндігі интернетке шығу. Дүниежүзілік интернет желісінің маңызды ерекшелігі бұл желі қосымша географиялық мазмұны ғана емес, сонымен бірге коммуникацияның негізгі көзі болып табылады.

Сонымен жаңа заманауи географиялық құрал-жабдықтарға қазіргі кезде қолжетімді болып тұрғаны:

Google Earth бағдарламасы;

2Gis немесе Google Map бағдарламасы.

Google Earth – виртуалды глобус немесе географиялық ақпараттық жүйе. Жер ғаламшары – өте күрделі құрылым. Ғаламтор пайдаланушылары бұл бағдарлама арқылы өздерін ғарышкер ретінде сезіне алады.

Сипаттамасы

Google Earth – жоғары сапалы спутниктік фотосуреттердің негізіндегі жердің үшөлшемді (3 байттық) моделін ұсынады. Ол үшін бағдарлама қалыпты жұмыс істеу керек, барынша қуатты компьютер мен жоғарғы жылдамдықтағы ғаламтор керек. Бағдарлама дұрыс жұмыс істеуі үшін байланыс арнасы жақсы болу керек. Бағдарлама әп-сәтте ондаған мегабайт трафикті жоқ қылады (сағатына шамамен 50-70 Мб). Бағдарламаны [www.earth.google.kz] сайтынан жүктеп алуға болады. Манипулятор доңғалағының көмегімен планетаны жақындату арқылы ландшафты ғана емес көше, ғимараттарды, тіпті машина, адамдарды да көруге болады. Мұндай детализация әлемнің кез келген нүктесінде емес, үлкен елдімекендердің аумағында ғана бар. Бірінші кезекте әркім өз туған жерін жоғарыдан көргісі келетіні анық. Елдімекенге өту үшін сол жақ жоғарғы бұрышындағы басқару тақтасына жазу керек. Қалаған жерге әсем анимациямен апарып тастайды. Мысалы, Вашингтоннан Аягөз қаласына санаулы секундта ұшып баруға болады. Фотосуреттерден басқа бағдарлама көптеген қосымша мәліметтерді көрсетеді: нысанның ендік, бойлық бойынша дәл координатын, камерасын биіктігін, фотосуреттің түсірілген күнін, 3D объектілер, панорамалар т.б жіктері бар. Жіктер бұл картада бейнеленетін қосымша мәліметтер. Бұл жер бедері, жолдар, көшелер, атаулар, шекаралар т.б. Оларды көрсетуге де, көрсетпеуге де болады. Бұдан басқа ауа райы туралы ақпарат, көшелердің балама атаулары, фотогалереялар ұсынады. Фотогалереядағы фотосуреттерді пайдаланушылардың өздері қосады немесе пайдаланушылар сурет қоса алады. Қосымша құралдардың ішінде ландшафтқа күннің түсу түймесі (күн түсу бұрышы) мен сызғышы бар. Сызғыш арқылы екі нүктенің арақашықтығын дәл километражын көрсетсе, екіншісі күннің белгілі уақытта қалай түскенін көрсетеді.

Басқа бағдарламалардан айырмашылығы:

Google Earth — біздің планетамыздың фотомоделін жасаудағы алғашқы талпыныс емес. 2007 жылы Майкрософт осы сияқты жобаны қолға алған, бірақ

одан әлі белгі жоқ. NASA –ның осыған ұқсас World Wind 1.3 бағдарламасы бар. Тек Google компаниясы ғана сананы таңқалдырарлық өнім жасап шығарды. Күн сайын Google сервелері жаңа ақпаратпен толығып жаңарып отырады. Google-дің Google Earth тенгін нұсқасын өзге GPS қабылдағыштарды қолдайтын және тағы басқа мүмкіндіктері бар Google Earth Plus-ті ұсынады. Ал, Google Maps сізге онлайн режимде бірқатар мүмкіншіліктерін қолдануға мүмкіндік береді. «Көрініс» түймесін басып Хаббл телескоптарына әрең байқалатын аспан денелерін, оның ішінде Марс пен Айға жеке өтіп көруге болады

2GIS – электронды қала картасының анықтамалығын шығарумен айналысатын Халықаралық картографиялық компания. Негізі 1999 жылы Ресейдің Новосібір қаласында қаланған. Әлемдегі БАӘ, Италия, Чехия, Чили, Қырғызстан, Кипр, Украина, Қазақстан секілді мемлекеттердің ірі қалаларының электронды анықтамалық карталарын жасаған. Алғашқыда жеке компаниялардың тапсырысымен Новосібір қаласының картасын компакт-дискіге басып шығарған. Осыдан соң басқа мекемелер де пират көшірмелерін жасап сата бастайды. Дағдарыстан кейін 2ГИС-ті тегін таратып, жарнамасынан пайда табу жоспары құрылып, сәтті іске аса бастады. 2001 жылы мекеменің сайты ашылып, 2006 жылы онлайн нұсқасы қолданушыларға жол тартты. Ал 2011 жылы компанияда үлкен өзгерістер орын алып, атауы 2ГИС болып өзгертілді. Сондай-ақ, Android және iOS-қа арналған мобильді бағдарламасы пайда болды.

Қалай жұмыс істейді?

Бағдарламадағы «іздеу» деген жерге өзіңізге қажетті көше, ғимарат, мекемені жазып, картадан таба аласыз. Одан бөлек мекеменің нақты мекенжайын, телефонын, аялдамасын, қандай автобустармен және қанша уақытта баруға болатынын көрсетеді. Ал көлікпен немесе жаяу жүрсеңіз навигаторға белгілеп, ең қысқа жолмен баруға болады. Навигаторда тек жол ережесіне сай жылдамдық және бұрылуға рұқсат етілген бағдарлар көрсетіледі. Мәселен, кейбір көшелерде оңға бұрылуға рұқсат болмаса, 2ГИС сізге навигатордан тиісті бағытты нұсқайды.

Ғимараттар, көшелер және басқа да бір мекемелер жаңадан салынса немесе бұзылса тез арада өзгертіледі. Бағдарлама онлайн форматында 2 секунд сайын жаңартылып тұрады. Кейбір маңызы бар ғимараттар 3D формат түрінде берілген.

Қорыта келгенде, география сабағында мұндай жаңаша құрал жабдықтарды қолдану өте тиімді. Себебі, оқушылардың түрлі географиялық құбылыстармен жақын танысуына мүмкіндік туады. География сабағының өзі басқа пәндерге қарағанда өте ерекше, әрі қызыққа толы сабақ. Мұнда географияның бастапқы курсынан бастап оқушыларды астрономиямен, жердің пайда болуымен, географиялық қабықтың құрам бөліктерімен су, ауа, топырақ

және жоғарылай келе әлемнің сан қилы елдерімен таныстырып, оқушының бойындағы кейбір қызығушылықтарды ояту мүмкіндігі зор.

Мектеп географиясында географиялық оқу-құрал жабдықтарды қолдану арқылы оқушыларға әлемнің географиялық бейнесін қалыптастырып, дұрыс тануына септігін тигізеді. Мұғалімдер сабақ барысында қарапайым карта болсын, глобус болсын не жаңа заманауи ақпараттық техникалық құралдарды қолдансын бұл – география сабағының ерекшелігін шыңдай түседі. Сонымен қатар, егер де оқу-құралдары жүйелі түрде қолданылса, оқу материалдары да жүйелі түрде меңгеріледі. Сондықтан да, оқу-құралдары әртүрлі білім көздері болып табылады және де олар оқушының білімі, біліктілі мен дағдысын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

https://wp-kk.wikideck.com/Google_Earth

<https://www.shymkala.kz/index.php/world/item/3685-2gis-zholaushyny-zholdan-adastyrmajdy/3685-2gis-zholaushyny-zholdan-adastyrmajdy>

Методика обучения географии в школе: учеб. Пособие для студентов вузов / Д.П.Финаров. – М.: АСТ: Астрель, Хранитель, 2007. – 382 с.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

*Түркістан қаласы
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімі
Сейтов Ерлан Мухамадиярұлы*

Оқу бағдарламасындағы енгізілген өзгертулер жаңартылған білім беру мазмұны оқушылардың бойында білім мен дағдыларды дамытуды көздейді. Солардың біріне функционалды сауаттылық жатады.

«Функционалды сауаттылық» деген терминді 1957 жылы ЮНЕСКО енгізген. «Функционалды сауаттылық» ұғымы алғаш рет сол ұйымның құжаттарында пайда болып, кейіннен көптеген зерттеулерде қолданыла бастады. Функционалды сауаттылық, ауқымды анықтамасында, білім берудің көп жоспарлы адам қызметімен байланысын кіріктіретін тұлғаның әлеуметтік бейімделуінің әдісі ретінде танылады.

Бүгінгі таңда тұлғаның ең басты функционалды қасиеттеріне оның шығармашылық тұрғыда ойлауын, ерекше шешім таба білуін, ойын еркін түрлі формада жеткізе білуін, өзінің кәсіби жолын таңдай білуін, өмір бойы білім алуын жатқызамыз. Бұл функционалды дағдылардың барлығы мектеп қабырғасында қалыптасады. Осы орайда жаратылыстану-ғылыми пәндерінің,

соның ішінде «География» пәнінің тіршілік үшін маңызды мәселелерді тиімді шешу жолдары мен әдісін меңгертудегі рөлі үлкен. Оқушылардың функционалды сауаттылығының қалыптасу деңгейін PISA халықаралық зерттеуі бағалайды. PISA халықаралық зерттеуі білім саласында талдаулар жүргізу үшін және басқару шешімдерін қабылдау мақсатында елдерге уақытылы ақпарат алуға мүмкіндік береді. «География» пәні бойынша функционалды сауаттылықты дамытуға бағытталған оқу мақсаттарын орындауда төмендегідей бөлімдермен бөліп қарастырамыз.

Олар компьютерлік сауаттылық, құқықтық және саяси-қоғамдық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, коммуникативтік сауаттылық, тұрмыстық мәселелерді шешудегі сауаттылық, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-әрекет сауаттылығы. Сонымен қатар, пән бойынша оқу жоспарларының мазмұны ақпараттық сауаттылықты, компьютерлік сауаттылықты, жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты, коммуникативтік сауаттылықты дамытуға бағытталған іс-әрекеттерді ұсынады.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық жаратылыстану-ғылыми пәндерінің, яғни география, химия, биология және физика сабақтарында меңгерген білім нәтижесінде қалыптасады.

Жаратылыстану-ғылыми құзыреттілік дегеніміз жаратылыстану-ғылыми білімдерді қолдана отырып, қоршаған ортаны түсіну үшін мәселелерді анықтау, дәйекті қорытындылар шығару және тиісті шешімдер қабылдау болып табылады.

«География» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы географиялық білімді, яғни жергілікті және ғаламдық деңгейлердегі геосаяси, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық сипатқа ие проблемалардың шешімін, географиялық заңдылықтарды түсінуге көмектесіп қана қоймай, оқушылардың бойында коммуникативтік, зерттеушілік, сыни тұрғыда ойлау дағдыларының дамуына да бағытталған. Оқу бағдарламасы құндылықтарға, іс-әрекеттік, жобалық, коммуникативтік, тұлғаға, саралап оқыту ұстанымдарын жүзеге асыруға бағытталған.

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық PISA халықаралық зерттеуінде бағаланатын үш бағыттың бірі болып табылады. PISA халықаралық зерттеуі оқушылардың қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен дағдыларын бағалауды көздейді. PISA жобасының аясында оқу құзыреттілігі, математика құзыреттілігі және жаратылыстану-ғылыми құзыреттілігі функционалды сауаттылықтың басым бағыттары болып табылады. PISA-ның әр кезеңінде үш бағыттың біреуі басым бағыт болып тағайындалады. Мысалы, 2018 жылы оқу сауаттылығы болса, 2021 жылы математикалық сауаттылық, ал 2024 жылы жаратылыстану-ғылыми сауаттылық басым бағыт болады. PISA зерттеуінде ойлау, дәлелдеме келтіру дағдылары, мәселенің дұрыс қойылып, шешілуі, модельдеу, нәтижелерді түрлі әдістермен ұсыну дағдылары бағаланады. «География» пәні жаратылыстану-ғылыми пәндерінің құрамына кіретіндіктен, PISA жобасының аясында тексерілетін жаратылыстану-ғылыми құзыреттіліктің қалыптасуын

қамтамасыз етеді. PISA-ның компьютерлік форматы анимация мен мультипликацияның көмегімен визуализацияланған тапсырмалардың кең аясын ұсына алады. Соған байланысты география сабақтарында оқушылардың АКТ-ны қолдану дағдыларының дамуына да көңіл бөлу өте маңызды. Зерттеуге қатысушылардың функционалды сауаттылықтарының деңгейі кесте, график, диаграмма, сызба және суретпен берілген тапсырмалардың көмегімен анықталады. Тест тапсырмаларының жауаптары оқушылардан бір уақытта бірнеше кесте мен графиктерден тұратын ақпаратпен жұмыс жасай алу дағдысын талап етеді. Сол себепті оқушыларға берілген мәселе мен жағдайды талдау үшін қажетті ақпаратты іріктеп алуды үйрету маңызды болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Л.Горбунова Зерттеу туралы білімі, білік дағдысының болуы - 2007.
2. И.Д.Богаева. Педагогикалық қызметтегі кәсіби шеберлік-2009.
3. Г.К. Селевко. Педагогикалық технологияларды меңгеру факторы -2009.
4. Ұстаздық шығармашылық – Б.А.Тұрғынбаева Алматы – 2007.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

*Түркістан қаласы
«Алғабас» атындағы ЖОМ
география пәнінің мұғалімі
Болатқызы Балжан*

“...Жастарға сапалы білім берумен қатар, сол білімін қоғамдық-әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалды сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне баса көңіл аудару керек.”

«Функционалды сауаттылығы дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;

-өз кәсібін дұрыс таңдай алу;

-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалды дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалды сауатты адам – қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның негізгі белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді меңгерген адам болып саналады.

Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда. Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп адамзат қоғамын алға апаратын күш тек білімде ғана. Біздің еліміздің негізгі тірегі – зияткерлік ұлт мүмкіндігі. Сондықтан да біздің балаларымыздың сапалы білім алуы маңызды. Оқушылардың мектепте алған білімін қоғамдық — әлеуметтік ортада пайдалануға икемдеу, олардың функционалды сауаттылығын арттыру арқылы еліміздегі білім мен ғылымды дамыту мәселелеріне басымдық берілуі тиіс. Мұндай жаңа міндеттерді мұғалімнің кәсіби санасының өзгеруінсіз, кәсіби құзыреттілігінің өсуінсіз ескі психологиямен, ескі әдістермен, ескі біліктілік арттыру жүйесімен шешу мүмкін емес. Олай болса қоғам жаңалыққа жаны құмар, жаңаша ойлайтын, өзгермелі өмірге икемделіп қана қоймай, оны жағымды жаққа өзгертуге белсенді қатысатын ұстаздарға мұқтаж.

Сапалы білім беру мақсатында тиімді әдіс-тәсілдерді ізденіспен пайдалану – ұстаз алдына қойылып отырған уақыт талабы. Ю.К.Бабанский: “Сапаны арттыру – нақты жағдайдағы кез келген шешімнің ең тиімді нұсқасын таңдау”, – деп атаған болатын. Сондықтын өз мамандығыма қатысты айтатын болсам, “Мектептегі информатикалық сауаттылықтың негізгі міндеті-ақпаратты түрлендіру, тасымалдау және пайдалану процестерін меңгеру, оқу барысында кейіннен қызмет ету саласында да өзін-өзі көрсету, дамыту құралы ретінде компьютерлік технологияларды тиімді пайдалану тәсілдерін үйрету болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру нәтижесінде оқушылар ақпараттық технологияларды пайдалану тәсілдерін игеріп, қазіргі әлемнің информациялық бейнесін жасауға қол жеткізетін деңгейге көтеріле алады.”

Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығы дегеніміз – оқушылардың пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез-келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Тұлғаның ең басты функционалды салалары:

– Белсенділік. Шығармашыл тұрғыда ойлауға шешім қабылдай алуға

Кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Ал бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

– Жай сауаттылық - адамның оқу, түсіну, қысқа мәтіндерді құру және қарапайым арифметикалық әрекеттерді орындауы.

– Функционалдық сауаттылық – тұлғаның нақты мәдени ортада өмір сүруі қызметін іске асыру үшін қажетті және әлеуметтік қатынаста ойдағыдай қызмет етуін қамтамасыз ететін білім, ептілігі, дағдылары.

Ұлттық жоспарды іске асыру оқушының бойында функционалдық сауаттылықты қалыптастыруы қамтамасыз етеді. Бұл – шығармашылық пен инновацияға деген қызығушылықты арттырады.

География пәнінде функционалдық дағдыларды қалыптастыру – графиктер мен диаграммаларын талдау, статистикалық мәліметтер мен жұмыс жасауға арналған тест тапсырмаларды орындау барысында оқушы ойша анализге, синтезге негізделген біршама ой операцияларын жүзеге асыра алады. Оқушылардың географиядан функционалдық дағдыларын қалыптастыруда, яғни бірқатар географиялық ұғымдардың анықтамасын оңай түсіну үшін, өздігінше интерпретация (жұмыс жүргізу және ой қорыту) жасай алу үшін, қажетті сандық мәліметті өздігінше тауып, есте сақтау үшін графиктер мен диаграммалар құру, оларды оқи білу үлкен көмек береді. Графиктер кез келген құбылыстардың динамикасын ашатын болса, диаграммалар табиғи объектілердің (табиғат зоналары, материктер мұхиттардың т.б), өнеркәсіп өндірісіндегі салалардың, өндірілетін өнімнің, халықтың ұлттық немесе жыныстық құрамын, т.б. үлес салмағын айқын көрсетеді, яғни салыстыру және оқушылардың қорытынды жасау дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді. Графиктер мен диаграммаларды құрудың негізі математика, сызу, сурет сабақтарында қаланатындықтан, бұл жерде метапәндік байланыстың жүзеге асырылатыны туралы да айта кету керек. Ал, бұл – өз кезегінде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тағы да бір түрі. Оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалауға арналған тест тапсырмаларының міндеттері де осыны қарастырады. Мысал ретінде бірнеше тапсырмаларын келтіре кетуге болады.

Берілген мағлұматтарды пайдалана отырып, тау шыңдарының пайда болу кезеңдерін анықтап және бос орындарды кестеге толтырындар.

Тау шыңы	Абс. Биіктігі, м	Орналасқан жері	Қатпарлану кезеңі
Килиманжаро		Танзания	
	2230		
	6194	АҚШ	
		Аргентина	
Джомолунгма			
Винсон массиві	5140		

Егер Күн шығуы 84° азимут бойынша, ал батуы 294° азимут бойынша тіркелген болса, жарық күнінің ұзақтығын және жыл уақытын анықтаңыз.

10 балл

Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, бос орындарды толтырыңыз?

1. Жеңіл еритін тау жыныстарында жер үсті сулары мен жер асты суларының әсерінен пайда болатын құбылыстар мен процестер деп аталады

2. Жазықтар абсолюттік биіктік бойынша қандай топтарға бөлінеді?

3. Су айдындарының жағалауындағы жел қалай аталады, ол тәулік ішінде өз бағытын кері қарай өзгертеді _____

4. Қиыр Шығыстағы ең ірі қала деп аталатын орыс тұңғыш жорықшы:

5. Азиядағы ең жас тәуелсіз мемлекет: _____

6. Мезозой дәуірі қандай кезеңдерге бөлінеді _____

Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, бос орындарды толтырыңыз?

1. Батыс Еуропа жағалық тау жүйесі атаңыз.

2. Ең терең (орта глубинам) теңіз Атлант мұхиты.

3. Материкте халықтың 20% тұрады, биіктігі теңіз деңгейінен 1000 м. Бұл қай материк?

4. Атақты орыс географы XIX ғасырда Меланезии және Микронезияға зерттеулер жүргізген.

5. Қандай мемлекет астанасы ең биік астана статусына ие болған (3684 м).

6. АҚШ ең ірі өнеркәсіп саласы болып табылады.

7. Елдегі ең үлкен қаласы. Терең шұңғымада орналасқан, 2000 жыл бұрын жылы минералды көздің жанында қалыптасқан. Алғашында бұл жерде фракия тайпаларының бірі – сердтер қоныстанды, олардың кенті Сердико деп аталған. Кент Батыс және Шығыс аралығындағы сауда жолдарында орналасқан және Рим империясы кезінде маңызды сауда орталығы болған. Түріктерден азат болғаннан кейін бұл кент оның астанасы болып жарияланды. Қаланың таңбасында «Өсуде, бірақ қартаймайды» сөйлемі жазылған.

Сұрақ. Осы елді және астанасын атаңыз.

8. Жюль Вернның «Капитан Гранттың балалары» атты романын оқығандар оның кейіпкерлері капитан Грантты іздеу барысында ғажайып оқиғаларды бастан өткізгендері есінде қалған болар.

Олар 37° о.е. бойынша барлық Оңтүстік Американы шарлап, ос паралельмен жүре Атлант және Үнді мұхиттарын өтіп, Австралия мен Жаңа Зеландияны кесіп өтеді. Соңында Тынық мұхитындағы Табор аралында ержүрек теңізшіні кездестіреді. Кітап кейіпкерлеріне жер шарын айналған саяхат жасауға тура келді. Оның себебі, олар мұхиттан аулап алған құмыраның ішіндегі хатта $37^\circ 11'$ о.е. деген жазу сақталған.

Егер саяхат 37° о.е. паралель бойымен емес 27° о.е. паралель бойымен жүрген болса, кейіпкерлердің саяхаты қалай өзгертетінін елестетіп көріңдерші. Қандай табиғи нысандарды қиып өтетін еді? Оларды күтетін қиындықтарды атаңдар.

Олардың саяхаты жеңілдер ме, әлде керісінше қиындықтар көбірек кездесер ме еді?

9. Алдыңызда үш топтың көрсеткіштерінің А, Б және В. Табыңыз, қандай қала (Б) және көрнекті орындар не географиялық объектілер (В) сәйкес келетін штаттары, АҚШ (А). Жауаптар жазыңыз да төменде беріліп отырған кестеге.

А	Штат	Б	Город	В	Көрікті жерлер
1	Мичиган	1	Филадельфия	1	«Форд» зауыты
2	Пенсильвания	2	Майами	2	Үлкен Каньон
3	Нью-Йорк	3	Буффало	3	Колумбия өзені
4	Аризона	4	Сакраменто	4	Йеллоустон ұлттық паркі
5	Техас	5	Сиэтл	5	Ниагара сарқырамасы
6	Флорида	6	Лас-Вегас	6	АҚШ 1 астанасы
7	Невана	7	Даллас	7	Ғарыштық зерттеулер орталығы
8	Калифорния	8	Детройс	8	Эверглейдс ұлттық паркі
9	Вашингтон	9	Финикс	9	Мохаве шөлі
10	Вайоминг	10	Шайен	10	Үлкен бассейн

Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға, әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету керек. Функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді. Бүгінгі күнге қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді.

Оқушылар өз бетімен кез келген географиялық нысандарды кескін картаға түсіре алады. Кескін карта түсіру арқылы әрбір географиялық нысандардың орналасуын, олардың аттарының дұрыс жазылуын есте сақтап қалады. Географиялық координаталарды табу арқылы математикалық білім мен іскерлікті көрсетеді. Теориялық білімді практикалық жұмыста бекітеді.

Жеке тұлғаның басты функционалдық сапасы белсенділік, шығармашылық пен ойлауға қабілеттілік және стандартты емес шешімдер

қабылдай алуы, өзін-өзі дамытуға, өздігінен оқуға, өз білгенін іске асыру болып табылады.

Қорытындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012 ж. 27.01.). – Астана, 2012.
- 2 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы /Қазақстан Республикасы Президентінің 2010ж.07.12. №1118 Жарлығымен бекітілген.
- 4 БҰҰ «Білім бәріне ортақ» атты бағдарламасы, 2001. – Б.5-9-беттер.
- 5 Ергешбаева Ш.Н. «Мүдде мен мақсат – жарқын болашақтың кепілі». Өрлеу – Шымкент №1 (7) 02.2014ж.
- 6 Функциональная грамотность выпускников школ // Вершловский С.Г., Матюшкина М. Д, Оразахынова Нұрша.
- 7 Нұрахметов Н.Н. Нәтижелі білім беру үшін функционалдық сауаттылықтар жүйесін қалыптастыру мәселесі //Қазақстан Республикасы химия және биология мұғалімдерінің съезінің материалдары. Өскемен, 2012ж. (28-29 маусым). – Б.21-23.

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Керимбекова Айгерим Ахатовна
Түркістан облысы білім беруді
дамыту орталығының химия пәні әдіскері
Сыздықбаева Роза Гайдаровна
НЗМ ДББҰ Педагогикалық шеберлік
орталығы, Шымкент қ., аға
менеджер,
тренер*

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Ұлттық жоспардың мақсаты — Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, «жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз– оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін

білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау, білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін академиялық білім беріп қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау, білімін күнделікті өмірде, шынайы жағдайларда пайдалана білу, проблеманы шешу, ғылыми-зерттеу дағдыларын, қарым-қатынас дағдыларын дамыту керек. Сабақтың мақсаттарына жету үшін тілдік дағдыларының төрт түрін түрлі комбинацияда оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым қолдана білу керек. Ол үшін мына мәселелерге үнемі көңіл бөлу керек:

1. Оқушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі жинақтау, талдау, бағалауға мән беру.

2. Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу.

3. Оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр 10 минут сайын жағдаятты өзгертіп отыру.

4. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын ала ескерту.

5. Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету.

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген анағұрлым танымал халықаралық бағалау зерттемелерінің бірі Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment –PISA) болып табылады.

PISA 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды.

PISA Халықаралық зерттеуі 15 жастағы оқушылардың білімін тексеруге арналған халықаралық тестілеу үш жылда бір рет өткізіледі және оқушылардың білім алудағы жетістіктерін бағалайды. Әрбір кезекті тестілеу шеңберінде

белгілі бір дағдыға баса назар аударылады. 2022 жылы басым бағыт математикалық сауаттылық болды.

2018 жылғы тестілеуде:

- 1) оқушыларға таныс емес, нақты жағдайлар ұсынылды;
- 2) кіріспе ақпарат көлемі ауқымды, көбіне әдеттегі мектеп тапсырмаларының шарттары емес, ғылыми-көпшілік мәтіндер берілді;
- 3) тапсырмалар тақырыптық бөліктерге топтастырылып (3-6 тапсырмадан), өз ішінде бірқатар «сюжеттер» таратылады;
- 4) көптеген тапсырмаларда нақты деректер келтіріліп, кесте, сызба немесе диаграммалар түрінде берілген;
- 5) тапсырмалардың шамамен 30%-ы қоршаған орта (экология) проблемаларына арналған.

Математикалық сауаттылық (PISA зерттеуі) бойынша:

Бұл тұлғаның математикалық тұрғыдан ойлау және тұжырымдау, математиканы әртүрлі мәнмәтінде қолдану және түсінік беру қабілеті. Ол математикалық ұғымдарды, белгілі бір құбылыстарды сипаттау, түсіндіру және болжамдау үшін математикалық түсініктер мен рәсімдерді, фактілер мен құралдарды қолдануды қамтиды. Ол математиканың қоршаған әлемдегі рөлін түсінуге, сындарлы ойлайтын, белсенді және мүдделі тұлғалардың негізді тұжырымдар айтуына және тиімді шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді.

Оқу сауаттылығы: жалпы сауаттылықтың (математика, жаратылыстану, қаржылық,) негізі. Ол басқа сауаттылық түрлеріне негіз болады (математика, жаратылыстану, қаржылық, АКТ және т.б.). Оқуға арналған мәтіндерді оқу және түсіну, мәтіннен қажетті ақпаратты ала білу, оны оқуда, оқу-тәжірибелік міндеттерді шешуде және күнделікті өмірде қолдану қабілеті.

Оқу сауаттылығы мыналарды қамтиды:

- оқығанды түсіну, рефлексия (мәтіннің мазмұны немесе құрылымы туралы ойлау, оларды өзіне қатысты, жеке сана-сезіміне орай қолдану);
- оқылған ақпаратты пайдалану (адамның әртүрлі қызмет және қарым-қатынас жағдайларында, қоғам өміріне қатысу үшін мәтін мазмұнын пайдалануы).

Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық аспектілері:

1. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық күзiреттiлiгi - құбылыстарға ғылыми тұрғыдан түсінік беру, ғылыми зерттеулерді бағалау және жобалау, сонымен қатар деректер мен дәлелдемелерді ғылыми көзқарас тұрғысынан қарастыруға және түсіндіруге қабілеттілік.

2. Білім – былыми білімнің негізін құрайтын негізгі фактілерді, тұжырымдамалар мен түсініктемелік теорияларды түсіну. Мұндай білімдер табиғи әлемді де, технологиялық артефактілерді де (мазмұндық білім), бұл идеялардың қалай іске асырылатынын да (процессуалдық білім), сондай-ақ осы рәсімдер мен оларды қолданудың негіздемелері туралы (эпистемиялық білім) түсініктерді қамтиды.

3. Мәнмәтін – ғылым мен технологияларды белгілі дәрежеде түсінуді қажет ететін жеке, жергілікті/ұлттық және ғаламдық деңгейдегі ағымдағы, сондай-ақ тарихи проблемалар;

4. Көзқарас – ғылым мен техникаға қызығушылық арқылы сипатталатын ғылымға кешенді көзқарас, зерттеу жүргізуде қажет ғылыми тәсілдемелерді бағалау, сондай-ақ экологиялық проблемаларды анықтау және терең түсіну.

Миға шабуыл сұрақтары:

Өз сабақтарыңызда оқушылардың функционалдық сауаттылығын, ЖҒС дамытуды қалай жүзеге асырасыздар?

Қандай тапсырмалар арқылы? (мысал келтіру)

Тапсырмалар сипаттамасына талдауды қалай жүргізесіздер? Сұрақтарға талдау жұмыстары жүргізіледі.

Мектептегі білім сапасының негізгі анықтаушы факторы:

- Мектептегі білім сапасы негізінен педагогтердің кәсіби даярлығының сапасымен айқындалады (PISA нәтижелері бойынша).
- Оқушылардың оқу жетістіктерінің сапасы негізінен мұғалімдер ұсынатын оқу тапсырмаларының сапасымен анықталады (PISA нәтижелері бойынша). Қалай ойлайсыздар? «Пән бойынша дәстүрлі тапсырмалар мен ЖҒС дамытуға бағытталған тапсырмалар арасындағы негізгі айырмашылықтар қандай?» деген сұрақтарға жауап бере отырып, талданады.

PISA зерттеу тапсырмаларының ерекшеліктері

Пәндік саладан тыс белгіленген және пәндік білімнің көмегімен шешілетін міндеттер.

Тапсырмалардың әрқайсысында оқушыға таныс және түсінікті өмірлік жағдайлар сипатталады.

Тапсырмалардың мәнмәтіні күнделікті өмірде кездесетін проблемалық жағдайларға ұқсас.

Әрбір жағдаят іс-әрекет моделін саналы түрде таңдауды талап етеді.

Сұрақтар қарапайым, анық, түсінікті және нақты тілмен құрастырылған.

Қарапайым тілден пәндік сала тіліне (математика, физика, химия және т.б.) аударуды қажет етеді.

Иллюстрациялар, суреттер, кестелер, диаграммалар және т.б.

Функционалдық сауаттылықты дамытуды есепке ала отырып, тапсырмаларды әзірлеу алгоритмі:

1-қадам. Оқу мақсатын таңдау:

Бағалау критерийлерін тұжырымдау;

Тапсырма мәтінін жазу (оқытудағы дәстүрлі академиялық тапсырма).

2-қадам. Функционалдық сауаттылық түрін таңдау.

-келесілерді айқындау:

-мазмұндық саласын;

- бағалау объектісі;

- жауап форматы;

3-қадам. ФС дамытуды есепке ала отырып, тапсырма мәтінін жазу.

Проблемалық жағдайды сипаттау / визуалдау.

Бағалау критерийлеріне сәйкес проблемалық жағдайға сұрақтар құрастыру.

PISA құзіреттілігі: құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіндіру.

Оқу мақсаты:

9.4.3.26-көмірсулардың жіктелуін, биологиялық маңызы мен қызметін түсіндіру.

Жюль Верннің «Капитан Гранттың балалары» романының кейіпкерлері өздері атып алған жабайы ламаның (гуанако) етімен кешкі ас ішпекші болды, алайда кенеттен еттің мүлдем жеуге жарамайтындығын білді. «Мүмкін ол тым ұзақ жатып қалған шығар?»- деп сұрады олардың бірі. «Жоқ, өкінішке орай, ол өте ұзақ жүгірген!» - деп жауап берді географ ғалым Паганель.

Тапсырма. Жасушалық тыныс алу процесі тұрғысынан жабайы лама етінің неліктен жеуге жарамсыз болғанын түсіндіріңіз.

Жауабы:

Ұзақ физикалық белсенділік процесі кезінде, адам ауыр физикалық жұмыс жасағанда немесе жануар ұзақ уақыт жүгіргенде, оттегі бұлшықет жасушаларына еніп үлгермей, гликолиз процесі («қанттың ыдырауы» дегенді білдіреді) басталады. Глюкоза ыдыраған кезде су мен көмірқышқыл газы емес, күрделі зат - сүт қышқылы түзіледі.

Жюль Верн романындағы кейіпкерлердің атып алған жануар етінің дәміне осы сүт қышқылы әсер етті.

Тапсырма:

Диана аспаздық бағдарламаларды көргенді ұнатады және анасының туған күніне орай ол бәліш дайындауды жөн көрді. Рецепт бойынша ол 2 жұмыртқа, 3 грамм ас тұзы, 5 грамм ас содасы, 150 грамм қант және 400 грамм ұн алды. Қамырды дайындау кезінде ол кездейсоқ қанттың бір мөлшерін шашып алды, сондықтан оны қайтадан өлшеуге тура келді (массасы 110 грамм). Ол одан әрі жетіспейтін мөлшерді қосып, жұмысын жалғастыруы керек. Бәліш анасы мен отбасы мүшелеріне өте ұнады, барлығы Дианадан оның қалай жетістікке жеткенін сұрай бастады. Ол тек «кез-келген өндірістегі сияқты, бұл да шығынсыз болмады» деп жымыды. Бәлішті дайындау кезінде Дианның қанша қант бөлшектерін (C₁₂H₂₂O₁₁) шашып алғанын есепте?

Табиғаттағы су

8.4.2.6 –судың табиғатта кең таралғандығын, бірегей қасиеттерін және оның өмір үшін маңызын түсіндіру.

8.4.2.7 – судың табиғаттағы айналымын түсіндіру

1-тапсырма. Егер адам елсіз аралда бір тамшы таза сусыз қалса, оны осындай құрылғының көмегімен алуға болады. Бұл құрылғы үшін судың қандай қасиеті қолданылғанын түсіндіріңіз. Осы құрылғының жұмыс принципі сипаттаңыз.

7-сынып.

Оқу мақсаты:

7.2.1.4 қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу.

Африкалық страустар қазіргі кездегі ең үлкен құстар болып саналады. Аталықтарының биіктігі 260 – 275 см-ге дейін жетеді. Олардың массалары орта есеппен 50 кг, ал едәуір ірі даралары 90 кг-ға дейін жетеді. Африкалық страустардың ерекшелігі: аяқтарында бар болғаны екі саусақтан болады. Бірақ бұл олардың тез жүгіруіне еш кедергі болмайды.

Жүгірген кезде бұл құстардың қадамдарының арақашықтығы 2-3 м-ге тең болады.

Сұрақ. Егер африкалық страустың жылдамдығы 80 км/сағ болса, 100 м-ді қанша уақытта жүгіріп өтетінін анықта.

Түсіндірме. Тапсырма шынайы жағдаятты сипаттайтын мәселе тұрғысынан көрсетілген және осы жағдаятқа қатысты тапсырма сұрақ түрінде берілген. Көпшілікке танымал баспасөз құралдарындағы ғылыми мақалаларды түсініп оқи алу қабілеті және қорытындылардың растығы туралы әлеуметтік әңгіме-дүкен құру жаратылыстану-ғылыми сауаттылық критерийлерінің бірі болып табылады.

Шешуі. Жылдамдықтың формуласын $v=S/t$ қолдану.

Жауабы. Шамамен 4,5 с.

7-сынып

Оқу мақсаттары:

7.2.2.2 күнделікті өмірден күштердің әрекет етуіне мысалдар келтіру;

7.2.2.6 тыныштық, домалау және сырғанау үйкелістерін сипаттау;

7.2.2.9 денеге бір түзудің бойымен әрекет ететін күштердің тең әрекетті күшінің модулі мен бағытын анықтау. Әңгіме аса ауыр салмақтағы спортшылар арасындағы классикалық күрес бойынша әлемдік, аймақтық, ресейлік, одан кейін бүкіл кеңестік чемпионаттардың көп дүркін жеңімпазы Қажымұқан Мұңайтпасов (1871–1948ж.) туралы болады. Ақмола облысының Қараөткел ауылында кедей шаруа отбасында дүниеге келген Мұқан жастайынан қара жұмысқа бейімделіп өседі. Көпес О. Масликовтың қолында жұмыс істеп жүрген кезінде, қақыраған қыстың бір күнінде бастығының бұйыруымен пішен шөп әкелуге жолға шығады. Қайтар жолда далада бірден құйын көтеріліп, қатты боран соға бастайды. Жолда жүру қиынға соғып, аттары әлсіреп қалады, тіпті бір аты аяғында тұра алмастан құлап, қайтадан тұра алмай қалады. Міне, сол кезде Мұқан жаңағы құлаған атын шанадағы пішен шөптің үстіне артып, екінші атын шананың артынан байлап, өзі тартушы күш ретінде шананы үйіне сүйреп әкеледі. Сол кезде жасөспірім Мұқанның жасы небары 18-де ғана еді. Сұрақ. Егер пішен шөп артылған шананың массасы – 500 кг, аттардың массасы – 500 кг, ал үйкеліс коэффициенті 0,002 болса, Мұқан шананы тарту үшін қандай күш жұмсаған?

Түсіндірме. Тапсырма құзыреттіліктерді тексеруге бағытталған, сонымен қатар шынайы өмірлік жағдаятқа негізделген. Тақырыптық блоктарға

біріктірілген дәл осындай тапсырмалар PISA зерттеулерінің өлшеу құралдарын құрайды. Тапсырмалар блогы шынайы жағдаятты сипаттайтын мәселе тұрғысынан көрсетілген және осы жағдаятқа қатысты тапсырма-сұрақ түрінде берілген.

Бұл тапсырмадағы жаратылыстану-ғылыми сауаттылық дегеніміз адамның ұлттық және жергілікті шешімдердің негізінде жатқан ғылыми мәселелерді анықтап, ғылыми әрі техникалық тұрғыдан өз ойын білдіруі болып табылады.

Шешуі. Үйкеліс күшінің $F = \mu mg$ формуласын қолдан.

Жауабы. Шаналардың бірқалыпты қозғалысы кезінде 20 Н-ға тең болады.

Түсіндірме

Тапсырмада күнделікті өмірден алынған жағдай қарастырылады. Тапсырманы орындау барысында оқушылар картамен жұмыс жасайды. Бұл өз кезегінде оқушылардың картографиялық дағдыларының, функционалды сауаттылықтарының дамуына әсер етеді. Географиялық карталармен жұмыс жасау кезінде оқушылар қажетті ақпаратты іздеп, таба білуі қажет.

Жауаптары

1-сұрақ. Шенген визасы – бұл оның иесіне Шенген зонасындағы кез келген бір елден екінші елге еркін баруына мүмкіндік беретін құжат. Еуроодаққа мүше елдерден басқа бұл зонаға Исландия, Лихтенштейн, Норвегия және Швейцария кіреді.

2-сұрақ. Шенген визасы бойынша турист Франция, Германия, Нидерланды, Швейцарияға бара алады. Ал Ирландияға бара алмайды. Себебі Ирландия Шенген зонасына кірмейтін ел.

Осындай тапсырмаларды егер әрбір мұғалім күнделікті өз ҚМЖ енгізіп отырса, онда оқушылардың функционалдық сауаттылық дағдысы артары сөзсіз.

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

*Анасова Айжан Ибрагимовна
Арыс қаласы, Ж.Ташенов атындағы
жалпы орта мектебінің химия
пәнінің мұғалімі*

Мектеп – оқушының тәрбиесі мен даму және оқу жұмысындағы мұғалім мен оқушының ынтымақтастығы болатын орта. Отбасыдан кейінгі тәрбие мен білім мұғалімге жүктелген. Яғни педагогке ата-ана, қоғам сенім артып отыр. Сонықтан педагог өзін дамытып, жан-жақты білім алып, үнемі тәжірибе алмасып отыру керек.

Кез келген кәсіпкер белгілі бір өнім шығарады. Нан шығаратын завод нан береді, киім завод киім береді. Ал, педагогтың өнімі білім. Ереже түрінде айтар болсам төмендегідей:

Педагог өнімі – оқушыға берілген, ойға қонымды, өмірде қолданыста бола алатын және жетістікке жету жолында септігін тигізе алатын білім (информация, ақпарат, мәлімет).

Білімнің толықтығы, құндылығы, өнімділігі маңызды. Біз сол арқылы қоғаммен алмасуға түсеміз. Алмасу дегенімізді 4-ке бөліп қарастарсақ: Қылмыстық алмасу; (мысалы, эконмикалық тұрғыдан товарға ақша беріп, товарды ала алмасыңыз, ол қылмыс. Сол сияқты мұғалім өнімі білім болып соны бере алмаса, қылмыс. Бірақ сізге жалақы төленіп отыр).

Жартылай алмасу; (білім бересіз, бірақ жартылай бересіз. Ата-ана, қоғам нәтиже күтіп отыр. Мұндай мұғалім өспейді).

Қалыпты алмасу; (мысалы, 10000 теңге товарға ақша беріп, 10000 теңгенің затын алдыңыз. Сол сияқты сізге де белгілі бір сағатыңызға байланысты ақы төлейді. Сіз де сол ақшаға лайықты білім бердіңіз. Бұл жерде де өсім болмайды)


Асыра алмасу; (Мұғалімге белгілі бір жалақы төленеді. Әрине, сағатына, бала санына байланысты. Алайда сіз кейде сағатыңыздан асырып бересіз. Мысалы, 6 сабақтың орнына, сіз балаларға сұраныс жасайсыз. «Балалар, қазір сабақтың соңында мына тақырыпты тереңдетіп түсіндіріп берейін», - деу. Ол нәрсе бағаланады. Олимпиадаға дайындық та асыра алмасуға жатады. Сағатымыздан бөлек еңбек ету. Бұл нәрсе бағаланады. Оқушы, ата-ана немесе мектеп, басшылық түсінеді және қолдау көрсетеді. Міне, сол кезде мұғалім дамиды, өседі. Даму үшін асыра алмасу дегенді ойдан тастамау керек.

Олимпиадаға қатысатын оқушыларды бағалау жүйесі оларды оқыту және тәрбиелеуде нақты алған нәтижелерді қадағалауды және оларды әрі қарай жетілдіруді көздейді. Олимпиадаға қатысатын оқушыларды дайындау туралы және бағалау үшін «рейтинг» жасаудың пайдасы туралы айтпақпын.

Негізгі бөлім

1.1. Оқушының өзі жұмыс жасауына мүмкіндік беру

Оқушы көп білу үшін – көп түсіндіру керек, – деген қате түсінік бар. Мұғалім өзіне осындай түсінік қалыптастырып алады да, оқушыға өзі түсіндіре береді. Әсіресе, олимпиадаға дайындау кезінде мұғалім көп түсіндіреді.



1-сурет. Мұғалім мен оқушының жұмыс жасау көрсеткіші.

Мұғалім 80 пайыз жұмысты өзіне алып алады да, әртүрлі есептерді түсіндіре береді. Ал, оқушының үлесі тек 20 пайызды құрайды. Оқушыға үй тапсырмасы ретінде есеп береді. Егер ол есепті оқушы шығара алмаса мұғалім қайтадан өзі түсіндіре береді. Бұл олимпиадаға дайындау кезіндегі үлкен қателік. Олимпиадада оқушы жұмыс жасайды. Сондықтан көрсеткіш керісінше, болу керек. Тәжірибелі олимпиадаға оқушы дайындап, 1-орын алып жүрген мұғалімнің тәжіриесінен алдым. Сол кісі айтады: «оқушының жеке жұмыс жасауына мүмкіндік беру». Яғни, олимпиадаға дайындау кезінде біршама уақыт бойы түсіндіре берудің қажеті жоқ. Оқушы өз бетімен жұмыс жасауға мүмкіндік беру керек. Бұл бір әрекет. Әрі қарай тағы бар.



2-сурет. Жаттығу жасауды дағдыға айналдырған спортшы сияқты, бізде есеп шығаруды дағдыға айналдыру керекпіз.

1.2. Оқушыға білу және дағды қалыптастыру

Ең бірінші, назар аударатын нәрсе, оқушының жеке жұмыс жасауына мүмкіндік беру керек дедік. Екінші, білу және дағды. Оқушыны күнделікті сабаққа, олимпиадаға немесе ҰБТ-ке дайындаңыз. Ең бастысы оқушылар білу мен дағдыны айыра алмайды екен. Яғни көп оқушы білгенін ұмытады. Бәріміз де білгенімізді ұмытамыз. Ал, дағдыланған нәрсені ұмытпайды. Оқушыны өз бетімен оқуға, өз бетімен есеп шығаруға немесе шығара алмаған есебін өз бетімен ізденуге дағдыландыру керек. Дағдыланған оқушы әрі қарай жақсы дамиды. Сіз мысалы бір есепті түсіндіріп қойсаңыз, дәл соған ұқсас есеп келсе олимпиадада шығара алуы мүмкін. Бірақ олимпиадада есептер қайталанбайды. Содықтан да қайталанып келуі өте төмен.

Әрине, есеп шығаруды оңайынан бастау керек. Арнайы тақырыптық жоспар мен сабақ жоспары болу керек. Есеп түсіндіруге видео сабақтар жасап қойыңыз. Есеп кітаптарды пайдаланыңыз.

Балл жинау оқу жетістіктерін бағалауды даралауды жүзеге асыруға, белгілі бір уақыт аралығында жинақталған балдардың қосындысы көрініс табатын және оқушының оқу портфолиосы формасы түрінде жүзеге асырылатын білім, білік, дағдыларын мүмкіндіктеріне, қалауларына және қабілеттеріне қарай тереңдетуге, кеңейтуге және оның өзінің дамуының жеке траекториясын өз бетінше таңдауына мүмкіндік жасайды. Нәтижесінде білім алушылардың өздері, олардың ата - аналары және мұғалімдері белгілі бір уақыт

аралығындағы жетістігін салыстыра отырып, оның жеке даму динамикасын тұрақты қадағалауға мүмкіндік алады.

Мұғалім тек бағыттаушы

«Оқушы жақсы нәтиже көрсетуі үшін мұғалім жақсы білу керек», – деген ескі нәрсе. Әрине, білуі қажет. Бірақ ол шешуші рөл атқармайды. Шешудің бірнеше жолдары бар.

Неғұрлым оқушы көп жұмыс жасаса, соғұрлым жоғары нәтижеге жетеді. Химияны шәкіртіңіз сізден жақсы білсе, оның еш ұяты жоқ, қайта ол сіздің ұстаздық шеберлігіңіздің жоғары көрсеткіші («Ұстаздан шәкірт озар»).

Олимпиадаға оқушыны қабілетіне қарай таңдаңыз.

Сіздің ұйымдастырушылық қабілетіңіздің жоғары болуы оқушыңыздың жақсы нәтиже көрсетуіне үлкен септігін тигізеді.

Орталықтан алшақтаған сайын ақпарат көлемі азаяды, осыны ұмытпаңыз. Сондықтан орталықпен тікелей жұмыс жасауға тырысыңыз.

Олимпиада болуына аз уақыт қалғанда дайындалып нәтиже көрсете алмайды бала. Соны білу керекпіз. Орталықпен хабардар болу деген – осы. Сайттармен, ақпарат көздерімен дұрыс жұмыс жасай білу қажет.

Мамандардың көмегіне жүгіну керек. Мықты мамандар бар қайырымдылық қоры ретінде олимпиадаға қалай дайындалу керектігін айтады. Сол мамандарға тіркеліп алу керек.

Олимпиадаға қатысатын оқушыларды таңдау және «рейтинг» жасау

Химия пәнінен олимпиадаға қатысатын оқушының 5-6-сыныптан бастап математикалық сауаттылығы өте жақсы болу керек. 7-8-сыныпта жасөспірімдер олимпиадасы бар. Бұл сыныптың оқушылары химияны енді бастаған. Олимпиадаға қалай таңдаймыз? Әрине, математикасы жақсы оқушыны таңдаймыз. Осындай жақсы оқитын оқушыларды жинап алып, «рейтингтік олимпиада» ұйымдастыру керек. Сол жерде математикасы жақсы оқушылар химияның есептерін шығарады. Бұл «рейтингтік олимпиадада» өз бетімен оқитын оқушыларды жинап алау керек. Яғни мұғалім «қаймағын» жинап алу керек. 2-кезеңде яғни, сүзгіден өткіземіз. Сол кезде өздігінен жұмыс жасайтын оқушылар таңдалады.

Неден бастауымыз керек екенін ашып айта өтейін. 7-8-9-10-11-сынып оқушыларының ішінен математикаға бейім, химияға деген қызығушылығы бар оқушыларды «химия пәнінен олимпиадаға дайындық» курсы болатынын хабарлап және соған оқушы жинап жүргенімді айтып, тізім құрастырамын. Бұл курс екі кезеңнен тұрады:

1-кезең: «Химия есептерін шығару практикумы». Бұл кезеңде төмендегі тақырыптар бойынша аптасына екі немесе үш рет қосымша сабақ өтіледі және тапсырма беріледі:

- Химиялық формулалар бойынша есептеулер;
- «Моль» түсінігін қолданып шығарылатын есептер;
- Пропорция құру арқылы шығаруға арналған есептер.т.б.

Осы тақырыптар бойынша бақылау жұмысы алынып, рейтинг жасалады. Жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылар 2-кезеңге өтеді. Яғни сүзгіден өткен оқушылар осылар. Өздігінен жұмыс жасайтын 4-5 оқушы қалады.

2-кезең: «Аудандық, облыстық және республикалық есептерін шығару» деп аталады. Бұл курста қарастырылатын тақырыптар:

- Бейорганикалық заттар қоспасына арналған есептер;
- Органикалық заттар қоспасына арналған есептер;
- Тотығу-тотықсыздану реакциясы;
- Айналымдарды жүзеге асыру;
- Ерітінділерге арналған есептер;
- Олеумға арналған есептер;
- Электролиз;
- Жұмбақталған есептер;
- Тәжірибелік тур тапсырмалары;

Бекіту тапсырмалары.

Осы тақырыптар бойынша түсіндірме сабақтары, конспектілер және тапсырмалар болады.

«Рейтингтік олимпиада» не үшін керек? Өз бетімен жұмыс жасайтын оқушыларды жинап алу үшін керек. Бір оқушымен жұмыс жасауға болмайды. Егер бір оқушымен жұмыс жасасаңыз, оқушы өз сыныптастарының арасында химияны жақсы білетінін біледі де, өз ортасында толығып қояды. «Ой, анау мұндай есепті шығара алмай отырғанда мен оның қасында мұны біліп қойғанмын», - деп, өзін биік санап отырады. Аудандық, облыстық олимпиадаға барғанда өзінен жоғары оқушыларды көріп, өзін тастап қояды. Содан кейін оның олимпиадамен айналысуы қиын болады. 1-2 оқушыны дайындау жетістікке әкелмейді екен. Сол үшін 5-6 оқушыны алып бәсекелестік орнату керек. Сол кезде жарысып есеп шығарады.

Байқасақ олимпиадаларда көбінесе дарын, зияткерлік мектептер орын алып жатады. Олардың олимпиадаға дайындау мәдениеті бар. Дәл сондай мәдениет оқушылардың арасында қалыптастыру керек. Ол үшін мектепте Рейтингтік олимпиада ұйымдастыру керек. Рейтинг құрудың пайдасы зор. Бәсекелес орнату керек. Бәсекелес бар жерде алға ұмтылу болады. Сол арқылы да мұғалім өзінің жұмыс жасап жатқанын көрсете алады. Сонымен қатар оқушыларды мақтап, марапаттау қағаздарын беріп жіберсе, үйде ата-ана да қуанып қалады. Яғни ата-анамен де жұмыс жасалады. Бінталандыру сыйлықтарын да жасап отырса болады.

Ең бастысы оқушы өз бетімен жұмыс жасайды. Мұғалім тек бағыттаушы болады. Оқушы 80 пайыз өзі жұмыс жасайды. Рейтингтік олимпиада мотивация жасауға да жақсы. Біз 7-8-сыныптың оқушыларынан бастап аламыз. Ол оқушылар жасөспірімдер олимпиадасына да қатысады. Оқушыларға мотивация

айтқанда, мысалы 7-8-сыныптың оқушыларына «ертең сен грантқа оқуға түсесің, шет елде оқисың» деп айтудың қажеті жоқ. Себебі оқушылар бала ғой әлі. Олар шет елде оқу туралы ойламайды, әлі де ойын баласы. Сондықтан да әр мұғалім кабинетін жабдықтайды ғой. Сол кезде бір стенд жасап қойса рейтингтік, соған оқушылар ілініп тұрса суреті ай сайын Рейтингтік олимпиада өткізіп, грамота берсеңіз, ол ата-анасына апарып берсе. Біріншіден, сол кезде мұғалімнің жұмыс істеп жатқаны да айқын көрінеді. Екіншіден, оқушылардың арасында бәсекелестік пайда болады.

Мұғалімнің негізгі 7 бағыты:

Бәсекелестік орта қалыптастыру;

Оқушылардың өз бетімен оқуына мүмкіндік жасау;

Олимпиада командасын құру;

Оқушылардың білім деңгейін тексеру;

Ең жақсы оқушыларды іріктеу;

Оқушыларды марапаттау (Мотивация);

Мектепте олимпиада бағытында қауымдастық құру;

Химия пәнінен мектепшілік, аудандық, облыстық және республикалық жоспар құрылады. Сол жоспар бойынша мұғалім жұмыс жасап отырса, алынбайтын белес болмайды.



3-сурет. Рейтинг жасаудың үлгісі




4-сурет.

2021-2022 оқу жылындағы 9-сынып оқушысы Серикбай Бақытнұрдың аудандық химия пән олимпиадасынан 1-орын алуы. Жетекшісі А.Анасова.

5-сурет.

«Естігенімді – ұмытамын, көргенімді - есте сақтаймын, істегенімді – түсінемін.»

Конфуций



«Ондай болмақ қайда деп, Айтпа ғылым сүйсеңіз».

А.Құнанбаев.

Ғылымға ден қойсаңыз, сүйсеңіз алынбайтын асу, бағынбайтын белес болмайды. Ұстаз үшін нәтижеге жету – шәкіртінің білімді болуы және білімді өздігінен алуы. Алған білімін қажетіне қолданып, жетістікке жетуі. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем.

Қорытынды

Қорытындылай келе, оқушы олимпиададан жақсы нәтиже көрсету үшін оқушыны өзіміз дайындайық немесе өздері дайындалсын, ең бастысы, оқушы мектеп бағдарламасын толық меңгеріп алуы тиіс. Мүмкіндігінше, мектеп кітабын өз бетімен жоспар бойынша оқып, тақырыптық тапсырмаларды орындау керек. Конспект жазып, өз бетімен қиын раекцияларды да жазып, өзі үйренген дұрыс. Мұғалім нәтижеге жеткенше қадағалау керек. Мысалы, бастауыш сыныптарда үздіктер көп. Себебі, мұғалім тарапынан да, ата-ана тарапынан да қадағалау болады. 5-6-сыныптарда қадағалау азайып, оқушы білімі төмендей береді. Содан оқушы оқымауға дағдыланады. 10-11-сыныпқа барғанда ал оқы деп айқайға басамыз. Сол үшін 7-8-сыныптан оқушыны ұстап алу керек та. Мұғалім мен ата-ана болып, екіжақты қадағаланса, олимпиадада нәтижеге жетеді. Баланың жақсы болғаны ата-анаға керек. 1-айдан бастап мұғалім жақсы қадағаласа, ары қарай оқушы дағдыланады. Мына есепті түсінбедім десе, «конспект қайда?» – деңіз. Конспект жазбаса, олимпиадада результат болмайды. Олимпиадалық мәдениет болу керек. Олимпиада папкасын дайындап, жұмыс жасаған дұрыс.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану арқылы бәсекеге қабілетті тұлға болуы. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалімдерміз. Кез келген кәсіп иесі жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа

қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына енуді ұмытпауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

Педагогикалық шеберлік орталығы

«Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері»

А.А.Жайтапова, Г.А.Рудик, Е.В.Белошниченко, А.С.Сатывалдиева

«XXI ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында». Ақпараттық әдістемелік дайджест. Алматы, 2009 ж.

Көкіжанова Г.К. «Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий» – Педагогика, 2009 ж.

Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. 2013 ж.

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПӘНГЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ ҚОҒАМҒА ІЛЕСТІРУ

*Алмасова Рабия Сулейменова Келес ауданы,
№7 ЖОМ химия пәнінің мұғалімі
Ибраимова Гаухар Асановна Сарыағаш ауданы,
№20 Амангелді атындағы ЖОМ
химия пәнінің мұғалімі*

Еліміздің тәуелсіздік алып, дербес даму жолы қоғам өмірінің барлық саласын елеулі өзгерістерге әкелуде. Қазіргі қоғам дамуының қажеттілігіне сай егеменді еліміздің алдында тұрған басым міндеттердің бірі – арнаулы білім беру мазмұны бойынша білім алатын ерекше қажеттіліктері бар тұлғаға педагогикалық көмек көрсетудің тиімді жолдарын ұйымдастыру. Бұл өзекті мәселенің мазмұны мен міндеттері, дамыту жетістіктері отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып анықталады.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында білім саласы қызметкерлерінің алдына үлкен міндеттер қойды. «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр. Сондықтан оларға заманауи бағдарламалар, оқыту әдістемелері мен білікті мамандар ұсыну», – деп атап көрсеткен. Білім беру саласындағы шешімі толық табылмаған мәселенің бірі – инклюзивті білім беру.

Елімізде кейінгі жылдарда даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қатары өсіп отырғандығын ҚР Білім және ғылым министрілігінің мектепке дейінгі және орта білім департаментінің статистикалық мәліметтерінен байқауға болады. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың жағдайы, олар бастан өткеруге

мәжбір болған қиындықтар туралы пікірталастар жиі орын алып келеді. Алайда мүмкіндігі шектеулі ересектердің өз құқықтарын іске асыруға байланысты мүгедектік мәселелер жиі туындап жатады, ал кемтар балалардың жағдайына тиісті көңіл бөлінбейді. Бұл кемтар балаларды психологиялық бейімдеу және қоғамға кіріктіру мәселелерінен бастап олардың тұлға ретінде қажетсіздігіне дейінгі саладағы мәселелер санының көптігіне қарамастан орын алуда. Бұл баланың азаматтық ар-ожданын кемітіп, оның дамуға және тіпті өмір сүруге құқығын іске асыруына кедергі келтіретін әртүрлі кемсітуші көріністер болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыруда біз оқушының деңгейіне мән бермейміз, нәтижесінде көптеген оқушылар осы деңгейге жетпей қалуы салдарынан үлгермеушілер қатарына жатады.

Дамуында мүмкіндігі шектеулі балалардың көретін қиындықтары: оларға жеткілікті түрде көңіл бөлінбеуінен, қарым-қатынастың аздығынан, эмоционалдық еріктік регуляцияның, өзін-өзі бақылаудың жетімсіздігінен, оқуға деген мотивацияның төмен деңгейінен және жалпы танымның салғырттығынан, сол сияқты қабылдау, есте сақтау, ойлау, сөздің жетімсіздігі тәрізді жекеленген психикалық үрдістердің жетілмегендігінен, қозғалысын жүйелей алмауы түріндегі моториканың бұзылуынан, қозғалуының тежелуінен, төмен жұмыс қабілетінен, қоршаған орта түсінігінің және білім қорының шектеулігінен, оқу-танымдық әрекеттерінің операциялдық компоненттерінің тізілмеуінен туындайды, яғни осындай ақаулықтарды жою мақсатында әлем тәжірибесі бізге инклюзивті білім беруді ұсынуда.

Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланы түзеу – педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына кемтар балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен балабақшалар ПМПК-ның қорытындысы бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала

көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады. Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп-интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті.

Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде мектеп жасындағы мүмкіндігі шектеулі балалардың азғана пайызы сапалы инклюзивті білім алады. Бұл балалардың көбі Ақбота сияқты үйде оқиды, құрбыларынан үзіліп, ұстаздарын аптасына немесе айына екі-үш рет қана көреді, жалпы білім беретін мектептің жеке сыныбында оқшауланады немесе арнайы сыныпта оқиды («түзетушілік») мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мектеп. Отбасы мен қоғамнан алшақ болуы мүмкін мүгедектік. Нейропсихиатриялық интернаттарда тұратын балалар аз білім алады немесе мүлдем алмайды.

Қазақстан Үкіметі мүмкіндігі шектеулі балалар үшін инклюзивті білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуге міндеттеме алды және мүгедектердің құқықтарын, соның ішінде сапалы инклюзивті білім алу құқығын бекітетін халықаралық шарттарды ратификациялады. Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру жүйесін қалыптастыру мүддесінде заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерге және нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізілді. 2019 жылға қарай инклюзивті жалпы білім беретін мектептердің үлесін 70 пайызға жеткізу міндеті қойылды. Дегенмен, бұл есеп көрсеткендей, шынайы инклюзивті білім беру жолындағы ілгерілеу баяу болды.

Жергілікті қоғамдастықта барлық балалардың басқалармен тең дәрежеде сапалы инклюзивті және тегін бастауыш және орта білім алуға қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін үкімет өзінің білім беру саясаты мен көзқарасын түбегейлі қайта қарауы және кемістіктері бар адамдарға теріс көзқарасты жеңу үшін шаралар қабылдауы қажет. Атап айтқанда, оқу-тәрбие үдерісінің сапасын арттыру және әрбір баланың әлеуетін жан-жақты дамытуға үшін қолайлы жағдай жасалуы керек. Кейбір мүгедек балалар шын мәнінде жалпы білім беретін мектептерде оқитыны анықталды, бірақ олардың көпшілігі арнайы мектептерде немесе жалпы білім беретін мектептерде жеке сыныпта бөлінеді немесе үйде оқытылады. Бірнеше қалаларда зерттеу кезінде «инклюзив» мәртебесіне ие болған жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі балалар үшін орта мектепті қоспағанда, тек бастауыш және негізгі орта білім берілді.

2019–2020 оқу жылынан бастап мұндай балалар жоғары сыныптарда (жалпы орта білім беру) оқытылады деп болжануда. Бұл барлық балаларды ақылға қонымды баспанамен қамтамасыз ете алмады. Қазақстанда бастауыш (оның ішінде балабақша), негізгі орта және жалпы орта білім міндетті және тегін.

Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуындағы негізгі кедергі болып табылатыны жалпы білім беретін мектептерді Білім және ғылым министрлігіне және жергілікті білім басқармаларына бағынатын ПМПК

ұсынады. Құрамында бірнеше дәрігерден, логопедтен, психологтан және басқа да мамандардан тұратын комиссия мүмкіндігі шектеулі баланы тексеру нәтижелері бойынша оқыту нысаны бойынша ұсыныммен қорытынды шығарады: жалпы білім беретін мектепте, арнайы («түзету») мектебінде немесе үйде, сондай-ақ балаға қажетті оңалту қызметтерін және бала құқығы бар қолдау түрлерін анықтайды.

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту тәсілі айқын медициналық бейімділікпен сипатталады. ПМПК қорытындысы іс жүзінде жалпы білім беретін мектепте оқуға рұқсат болып табылады. Бұл Қазақстанның мүмкіндігі шектеулі балаларға басқалармен тең негізде кемсітусіз білім алу құқығына кепілдік беру жөніндегі міндеттемесіне түбегейлі қайшы келеді. Баланың білім беру бағдарламасына және ол талап ететін қолайлы жағдайға қатысты мәселелер негізінен медициналық сипаттағы сараптама негізінде шешілмеуі керек.

(Қазір 2022 жыл инклюзивті оқытудың қазіргі жағдайын қарастырсаңыз)

Кемшіліктері:

Қазақстандағы білім беру жүйесінде:

- әрбір білім алушыны тұлғалы даму траекториясына, даралап оқыту әдістеріне негізделген дербес оқытуды, оны психологиялық-педагогикалық қолдауды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ететін инклюзивті білім берудің моделі жасалмаған;
- білім беруге арналған икемді оқу бағдарламалары әзірленбеген;
- жалпы білім беретін ұйымдарда инклюзивті білім беру үшін кадрлар мен оқу-әдістемелік база жеткіліксіз;
- оқыту сапасын мониторингілеу мен бағалау іске асырылмайды, балалардың білімдері мен дағдыларын критериалды бағалау индикаторларын жою;
- ерте кәсіптік бағдарлау, ерекше оқытуды қажет ететін балаларды кәсіпалды және кәсіби даярлау шарттары жеткіліксіз құрылған;
- мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беру бағдарламаларының бірізділігі мен сабақтастығында, мүмкіндіктері шектеулі балаларды жұмысқа орналастыруда жүйелі ықпалдасты жою;
- көптеген балалардың білім алу қажеттіліктері жеткіліксіз қамтамасыз етілген, нәтижесінде олардың әлеуметті мүмкіндіктері толық жүзеге асырылмаған;
- халықаралық TIMSS, PISA, PIRS зерттеулеріндегі Қазақстандық оқушылардың көрсеткіштері қанағаттанарлықсыз деңгейде;
- әлеуметтік бейімдеудің жеткіліксіздігінен девиантты мінез-құлықты балалардың саны көбеюде, балалар арасындағы қылмыс, суицид бұзылыстары да азаймай отыр;
- Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық-түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың

жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады;

- түлектердің функционалды сауаттылығы төмен қалыптасқан, жұмысқа орналаса алмайды, қатер тобына түседі.
- Осы проблемаларды болдырмас үшін инклюзивті білім беруді дамытуды ақпаратты қамтамасыз ету:
- қоғамды, үкіметтік емес ұйымдарды тарту арқылы ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға қоғамның толерантты қарым-қатынасын қалыптастыруды, сондай-ақ балалар ұйымын қорғауға бағытталған бағдарламаларды жергілікті атқарушы органдармен әзірлеуді көздейді;
- әр білім алушыны компенсаторлы техникалық және көмекші құралдарға ерекше білім алу, әлеуметтік, оңалту мұқтаждықтары, қажеттіліктері мен барлық білім беру деңгейлерінде көрсетілетін түзету педагогикалық қолдау түрлері мен көлемі туралы мәліметтері көрсетілуі тиіс мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау жүйесін ақпараттандыруды техникалық-экономикалық негізін әзірлеуді көздейді.

Даму кемістігі бар балалардың мынадай санаттарын бөледі:

Есту қабілеті бұзылған балалар (естімейтін және нашар еститін), бастапқы бұзылыс сенсорлық сипатта болады. Есту қабылдауының бұзылуы, есту анализаторының зақымдануы салдарынан;

Көру қабілеті бұзылған балалар (көзі көрмейтін, нашар көретін), алғашқы бұзылуы сенсорлық сипатқа ие, көру анализаторының органикалық зақымдануы салдарынан көру қабылдауынан зардап шегеді;

Сөйлеу қабілеті ауыр, алғашқы ақауы бар балалар сөйлеудің дамымауы;

Тірек-қимыл аппараты бұзылған, алғашқы бұзылулары бар балалар ми қабығының қозғалыс орталықтарының органикалық зақымдануы салдарынан қозғалу бұзылыстары болып табылады;

Психикалық дамуы тежелген балалар, оларды орталық жүйке жүйесінің (ОЖЖ) әлсіз байқалатын органикалық зақымданулары салдарынан жоғары психикалық функциялардың баяу қалыптасу қарқыны сипаттайды);

Интеллектуалдық дамуы бұзылған балалар, бастапқы бұзылуы жоғары танымдық процестердің бұзылуына себепші болатын бас миының органикалық зақымдануы;

Эмоциялық-еркі саласы бұзылған балалар (ерте балалар аутизмі (РДА) әртүрлі клиникалық симптомдарымен және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерімен сипатталатын әртүрлі топты білдіреді;

Екі және одан да көп бастапқы бұзылулар (мысалы, балалардың церебральды сал ауруымен нашар еститін, психикалық дамуы тежелген нашар көретін және т. б.) ұштасатын кешенді (күрделі) даму бұзылыстары бар балалар.

Психикалық дамуының ең аз және парциалды бұзылулары бар балалар санатын «қалыпты» және «бұзылған» даму арасында аралық жағдайға ие дербес санат ретінде қарастыру және оны «тәуекел тобы» ретінде белгілеу орынды.

Ерекше білім алуға мұқтаждығы бар балалар тобына денсаулық жағдайы білім беру бағдарламасының барлық немесе кейбір бөлімдерін тәрбиелеу мен оқытудың арнайы шарттарынан тыс игеруіне кедергі келтіретін балалар жатады. Ерекше білім алуға мұқтаждығы бар мектепке дейінгі балалар тобы біркелкі емес, оған даму бұзылыстары бар балалар кіреді, олардың айқындылығы әртүрлі болуы мүмкін.

Тірек-қимыл аппараты бұзылған, алғашқы бұзылулары бар балалар бас ми қабығының қозғалыс орталықтарының органикалық зақымдануы салдарынан қозғалыс бұзылыстары болып табылады; интеллектуалдық дамуы бұзылған балалар, бастапқы бұзылуы жоғары танымдық процестердің бұзылуына себепші болатын бас миының органикалық зақымдануы;

Сөйлеу қабілеті ауыр балалар, алғашқы ақау сөйлеу қабілеті дамымаған; психикалық дамуы тежелген балалар, оларды орталық жүйке жүйесінің (ОЖЖ) әлсіз зақымдалған органикалық зақымданулары салдарынан жоғары психикалық функциялардың баяу қалыптасу қарқыны сипаттайды);

Эмоциялық-еркі саласы бұзылған балалар (ерте балалық аутизмі бар балалар (РДА) әртүрлі клиникалық симптомдармен және психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерімен сипатталатын әртүрлі топты білдіреді); екі және одан да көп бастапқы бұзылулар (мысалы, балалардың церебральды сал ауруымен нашар еститін, психикалық дамуы тежелген нашар көретін және т. б.) ұштасатын кешенді (күрделі) даму бұзылыстары бар балалар); генетикалық (хромосомалық) бұзылулары бар балалар (Даун және т.б. синдромы).

Тірек-қимыл аппараты бұзылған, алғашқы бұзылулары бар балалар ми қабығының қозғалыс орталықтарының органикалық зақымдануы салдарынан қозғалу бұзылыстары болып табылады.

Көбінесе, бұл әртүрлі дәрежедегі балалардың церебральды сал ауруымен ауыратын балалар (БЦП). БЦП-да психикалық дизонтогенездің ерекше түрі байқалады. Психикалық дизонтогенездің бұл түрі жекелеген талдағыш жүйелердің ауыр бұзылуында, соның ішінде БЦП-да қозғалыс анализаторы қызметінің бұзылуында пайда болады. Анализатордың бастапқы ақауы онымен байланысты функциялардың толық дамымауына, сондай-ақ зардап шегушіге байланысты бірқатар психикалық функциялардың дамуының бәсеңдеуіне әкеледі. Жекелеген психикалық функциялардың дамуының бұзылуы жалпы психикалық дамуды тежейді. Моторлы саланың тапшылығы қозғалыс, сенсорлық, когнитивтік, әлеуметтік депривация құбылыстарын және эмоциялық-ерік саласының бұзылуларын тудырады.

Дизонтогенезі бар баланың тапшы түрі бойынша психикалық даму болжамы тірек-қимыл аппараты зақымдануының ауырлығына байланысты. Алайда, зияткерлік саланың бастапқы әлеуетті сақталуы шешуші мәнге ие. БЦС-ның барлық танымдық психикалық процестері жалпы ерекшеліктерге ие. БЦС бар баланың барлық танымдық жүйесінің жұмыс істеуіне теріс әсер ететін белсенді ерікті зейіннің бұзылуы, өйткені зейіннің бұзылуы қабылдау, есте сақтау, ойлау, қиял, сөйлеу бұзылыстарына әкеледі;

Барлық психикалық процестердің (церебралық - астениялық көріністер) жоғары сарқылуы, интеллектуалдық жұмыс қабілеттілігінің төмендігі, зейіннің бұзылуы, қабылдау, есте сақтау, ойлау, эмоциялық лабильділік. Церебро-астениялық көріністер әртүрлі аурулардан кейін күшейді, күн, апта, оқу тоқсанының соңында өседі. Интеллектуалды асқын кернеуде екінші рет невротикалық асқынулар пайда болады. Кейде жоғары психикалық сарқылу мен шаршау адамның патологиялық дамуына ықпал етеді: робость, қорқыныш, көңіл-күйдің төмендеуі және т. б. пайда болады.

Іс-әрекеттің бір түрінен екіншісіне ауысудағы қиындықтарға, оқу материалының жекелеген фрагменттеріндегі патологиялық қатуға, ойлаудың «тұтқырлығына» және т. б. әкелетін барлық психикалық процестердің жоғары инерттілігі мен баяулығы.

Психикалық дамуы тежелген балалар орталық жүйке жүйесінің (ОЖЖ) әлсіз байқалатын органикалық зақымданулары салдарынан жоғары психикалық функциялардың баяу қалыптасу қарқынын сипаттайды. Психикалық дамудың тежелуі (ПДТ) көбінесе дизонтогенездің "шекаралық" түріне жатады және әртүрлі психикалық функциялардың жетілуінің баяу қарқынымен көрінеді. Жалпы осы жай-күй үшін ауытқулар көрінісінің гетерохронды және олардың көріну дәрежесіндегі де, салдарлар болжамындағы да елеулі айырмашылықтар тән. Баланың бұл ауытқуы биологиялық және әлеуметтік факторлармен, сондай-ақ олардың үйлесуінің әртүрлі нұсқаларымен байланысты болуы мүмкін.

Мектепке дейінгі жаста ПДТ бар балаларда жалпы және жұқа моториканы дамытуда артта қалушылық анықталады. Ең бастысы, қозғалыс техникасы мен қозғалыс сапасы (жылдамдық, ептілік, күш, дәлдік, үйлестіру) зардап шегеді, психомоториканың кемшіліктері анықталады. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, бейнелеу, мүсіндеу, аппликация, конструкциялаудағы техникалық дағдылар нашар қалыптасқан. Көптеген балалар қарындашты, қылқаламды дұрыс ұстай алмайды, басуды реттей алмайды, қайшымен қолданғанда қиындайды. ПДТ бар балаларда қатты қозғалу бұзылыстары жоқ, алайда физикалық және моторлы даму деңгейі қалыпты дамып келе жатқан құрдастарына қарағанда төмен, графомоторлық дағдыларды қалыптастыру қиын. Мұндай балалар үшін зейіннің шашыраңқылығы тән, олар ұзақ уақыт бойы зейінді ұстап тұруға, қызметті ауыстырған кезде оны тез ауыстыруға қабілетсіз. Олар үшін, әсіресе, сөздік тітіркендіргішке жоғары көңіл бөлу тән. Іс-әрекет жеткіліксіз мақсатты сипатқа ие, балалар жиі импульсивті әрекет

етеді, оңай алаңдатады, тез шаршайды, сарқылады. Инерттілік көріністері де байқалуы мүмкін. Бұл жағдайда бала бір тапсырмадан екіншісіне әрең ауысады. Сондай-ақ оларда қызмет пен мінез-құлықты еркін реттеу қабілеті жеткіліксіз қалыптасқан, бұл оқу түріндегі тапсырмаларды орындауды қиындатады. Сенсорлық даму да сапалы ерекшелігі бар. ПДТ бар балаларда көру және есту физиологиялық сақтаулы, алайда қабылдау үдерісі біршама қиын. Оның қарқыны төмендеген, көлемі тарылған, қабылдау дәлдігі жеткіліксіз (көру, есту, тактильдік-қимыл). Заттардың қасиеттері мен сапасын зерттеуге бағытталған бағдарлы-зерттеу қызметі қиын. Көрнекілік-практикалық тапсырмаларды шешу кезінде көп практикалық сынамалар мен мысалдарды талап етеді, балалар пәнді тексеруде қиындық туғызады. Сонымен қатар, ПДТ бар балалар, ақыл-есі кеміс балаларға қарағанда, заттарды түсі, пішіні, көлемі бойынша сәйкестендіре алады. Негізгі мәселе олардың сенсорлық тәжірибесі ұзақ қорытылмайды және сөзде бекітілмейді, түстің, форманың, шаманың белгілерін атаған кезде қателер белгіленеді. Осылайша, эталондық көріністер уақытылы қалыптаспайды.

ПДТ бар балаларда күрделі қызмет түрлерінің негізінде жатқан анализаралық байланыстарды қалыптастыру процесі баяулады. Көру моторлы және есту-көру-моторлы үйлестірудің кемшіліктері байқалады. Одан әрі бұл кемшіліктер оқу мен жазуды меңгеруге кедергі болады. Талдау аралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі ырғақты сезімнің қалыптаспауынан, кеңістіктік бағдарларды қалыптастырудағы қиындықтардан көрінеді. ПДТ бар балалардың жады сапалы ерекшелігімен ерекшеленеді. Бірінші кезекте балалардың жадының көлемі шектеулі және есте сақтау беріктігі төмендетілді. Ақпараттың дәлдігі және тез жоғалуы тән. Ең көп жағдайда вербалды жады зардап шегеді. Бұл ақаудың айқындылығы ауытқудың шығу тегіне байланысты. Оқуға дұрыс көзқарас кезінде балалар кейбір мнемотехникалық тәсілдерді меңгеруге, есте сақтаудың логикалық тәсілдерін меңгеруге қабілетті. Ойлау қызметінің дамуында маңызды ерекшелік байқалады. Артта қалу ойлаудың көрнекі формалары деңгейінде байқалады, білім беру саласын қалыптастыруда қиындықтар туындайды. ПДТ бар балалар қызметінің еліктеу сипаты, жаңа бейнелерді шығармашылық жасауға қабілеттіліктің қалыптаспауы, ойлау операцияларының қалыптасу процесі баяулады.

Сөйлеу дамуындағы артта қалу факторлардың комбинациясынан туындады, олардың бір бөлігі сөйлеуді қабылдау және танымдық дағдыларды дамыту мәселелерімен байланысты. Сөйлеуді қабылдау мен пайдаланудың кез келген артта қалуы зияткерлік дамудың кідіруіне әкелуі мүмкін.

Сөйлеу дамуындағы артта қалудың жалпы белгілері:

- кішкентай сөздік қоры аз білімге әкеледі;
- грамматикалық құрылымдарды игерудегі олқылықтар;
- грамматикалық ережелерден гөрі жаңа сөздерді меңгеру қабілеті;
- әдетте қарағанда үлкен, зерттеу және жалпы қабылданған сөйлеуді пайдалану мәселелері;
- тапсырмаларды түсінудегі қиындықтар.

- Бұл балалардың сөйлеуін терең дамыту (артикуляциялық аппаратқа айқын зақым келтіру, демікпеу) олардың ой-өрісінің шынайы жағдайын жиі жасырады, танымдық қабілеттері төмен әсер етеді.

Дамуында әртүрлі кемшіліктері бар балаларды арнайы оқытуға деген сұраныс, әсіресе, олардың танымдық процестерін психологиялық жағынан зерттеу қазіргі таңда өзекті мәселе болып отыр. Осы балаларды психологиялық ойындар көмегімен дене кемістігін қалпына келтіріп, сол арқылы психологиялық саулығын сақтап, бала мүгедектігінің деңгейін төмендетуге мектеп психологтары аз да болса өз үлесімізді қосып алдымызға мақсат етіп келеміз. Әр психолог даму мүмкіндігі шектеулі балаға біріншіден, баланың көңіл күйіне қарап, бақылау жүргізіп отырады. Ал, сынып жетекшілер баланы мектепшілік іс-шараға қатыстырады немесе көрермен ретінде көруге шақырады. Екіншіден баланың үйіне барғанда ата-анасымен сөйлеседі, пікірлеседі, кеңес беріп отырады. Тек қана баланың өзімен жұмыс жасағаннан гөрі ата-анасымен қосылып, жұмыс жасаған балаға қатты ұнайды. Ол үшін даму мүмкіндігі шектеулі оқушының отбасылық әлеуметтік жағдайын, жас ерекшелігін ескере отырып, балаға ешқандай қиыншылық туғызбайтын өз іс-тәжірибемде қолданып жүрген, ата-анасымен бірлесе жүргізген, баланың өзіне арналған ойындарды ұсынамын. Әрбір мұғалім жеке балаға сабақ бергенде сабағына қолдануға болады.

Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

1. Олар ойланады;
2. Эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады;
3. Ұжымдық сезімі қалыптасады;
4. Ерік қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

Қорыта айтқанда, бала – ата-ана – педагог, отбасы және білім беретін ұйымдар арасындағы сабақтастықтың ойдағыдай жүзеге асуы тұлғаның әлеуметтік бейімделуінің алғы шарттарының бірі болмақ.

Біз балалар үшін бала өз әрекетінің қатысы мен керектігін сезінетіндей жағдай жасауымыз керек.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз.

Инклюзивті оқыту – мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы балаларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек етек жинап, ел болғалы толастамақ емес. Дегенмен, бұл – әлі де болса

ойланарлық жағдай. Десек те, даму мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлық шектелмесе екен деген ойдамын. Бұл жандар ондай өмірді таңдап алмаса керек. Мүмкіндігі шектеулі балалардан болашақта қолдарынан іс келетін саналы азаматтар мен азаматшалар шықпасына кім кепіл?

Мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалыс мүмкіндігі шектелгенімен, жан-дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу – белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы.

Соңғы уақытта елімізде атқарылып жатқан істер инклюзивті білім беру жүйесінің қалануына негіз болары анық. Жас нәрестенің дені сау болса, отбасына зор қуаныш пен бақыт әкеледі. Елімізде өркениетті қоғам құру үшін, тәрбиелі, дені сау азаматтар мен азаматшалар тәрбиелеу керек. Әр оқушыға арналған жеке даму бағдарламасы олардың өзіндік дарындылығын ашып, өмірдегі өз орнын, өз мамандығын табуға көп көмек болар еді. Егер жалпы білім беретін ордаларда жоғарыда айтылған ұсынылымдарды есепке алып, сол бойынша инклюзивті білім беретін болса, мүмкіндігі шектеулі балалар да басқа балалардан қалыс қалмайтыны хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Инклюзивті білім беру негіздері. Алматы 2019 жыл.

Овчарова Р.В. Практическая психология образования. – М.: Академия, 2003.

Крюкова Т.Л. Отбасылық психология. – Тіл, 2005ж.

Фролова С.В. Консультативная психология: теория и практика. Учебно-метод. пособие для студентов, обучающихся по специальности «Психология». – Саратова, 2015г.

Уалкенова Д.Х. Международный опыт развития семьи. – Астана, 2018г.

1. Әлеуметтік экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыттары. ҚР-ның Президенті –Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. 2012ж, 28 қаңтар.

2. 2011 – 2020 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2010ж.,

18 маусым.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ ЖОЛДАРЫ

*Абдашимова Феруза Гуланбаевна
Сайрам ауданы*

№6 С.Киров атындағы ЖОМ химия пәнінің мұғалімі

Қазақстанның әлемнің үздік отыз елінің қатарына және дүние жүзінің жоғары білімді елдерінің қауымдастығына енуі жағдайында, заманауи өркениеттік өзгерістер барысында бүгінгі дәуірдің әлеуметтік сұраныс мәртебесіне ие болатын бәсекеге қабілетті тұлғаның рухани, шығармашылық тұрғыдан дамуына қажеттілік артып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына жолдауында (2 қыркүйек, 2019 ж.) шын мәнінде, педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігі жоғары болуымен қатар, педагогика саласында жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге бағыт алған, рухани дүниесі бай, шығармашыл тұлға, оның кәсіби шеберлігі әдістемелік жұмыстағы шеберлігімен ұштасып, ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесін таратып жүрген ұстаз ретінде көрінуі шарт екендігі айтылған.

Өйткені, кәсіби білікті және шығармашыл ұстаз ғана бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастыра алады.

Жаңа ғасырды бастаған ұрпақ келер ұрпаққа қарыздар болып қалмас үшін қолдан келген игіліктерді жасайтыны анық. Қашанда білімі мол, рухани байлығы бар халықтың ұл-қыздары ешқашанда жүдемесі хақ. Сондықтан да біздің басты байлығымыз – білім. Болашақ – білім мен ғылымға тәуелді болатыны айдан анық нәрсе. Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай болса, елдің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылым және мәдени қарым-қатынастар жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын ұлтжанды азамат дайындау – бүгінгі ұстаз қауымының басты мақсаты.

«Мұғалім – мектептің жүрегі, әдістеме – оның тірегі». Біз, ұстаздар қауымы, мамандығымыздың қасиетті де күдіретті екендігімен мақтанамыз. Мақтанамыз, себебі біз – Әл-Фараби бабамыздың ізбасарымыз, ағартушылық қызметтің өшпес жұлдыздары – Ыбырай, Абай, Ахметтердің ұрпағымыз және де біз еліміздің ертеңгі жарқын болашағы – бүгінгі жастардың тәлімгер ұстазымыз.

Мұғалімнен педагогикалық шеберлігі, жауапкершілігі, жан - жақтылығы, терең біліктілігі, жаңашылдығы талап етіледі. Кез келген пәнді оқытатын ұстаз, ең алдымен, алдына мақсат қойып, қажетті нәтижеге жетуді, сапалы білім

беруді ойлайды. «Ұстаздық – ұлы құрмет, себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді».

«Әрбір бала – болашақ данышпан» деген ойлы қағидаға мән берсек, яғни табиғи таланттарды ашу, жас талапкерлердің жарқырап көрінуі үшін мұғалімге жүктелер міндеті аз емес. Ол міндет – оқушылардың шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін, ой-өрісін дамыту үшін аянбай еңбек ету, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту.

Осы идеяларды дамыту үшін оқытудың және тәрбиелеудің жаңа технологияларын пайдалана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай жасау, негізгі құндылық оқушы және оның жеке тұлғасы. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік рухани, азаматтық, басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі

Жеке тұлғаның қалыптасуы – үздіксіз күрделі процесс. Әрбір балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, еркі, өзіндік әрекет жасай алатын қабілеті бар екенін ескеріп, балалар мен жастардың білімге, ғылымға ықыласын арттыру, олардың ақыл- ой қабілетін, жеке бас қасиеттерін дамытып, оны қоғам талабына сай іске асыруға көмектесу қажет.

Мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту әдісін дұрыс таңдау. Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойынының дамуында басты рөл атқарады. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. «Өз еңбегін талдай білген адам ғана тәжірибелі ұстаз бола алады», – деген В.Сухомлинскийдің сөзін оқытушының талмай ізденген еңбегінің нәтижесінде ғана көрінетіні белгілі.

Біз, ұстаздар қауымы, қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретіміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Солардың бірі – жаңартылған білім беру мазмұны. Жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі міндетінің бірі – креативті ойлайтын тұлға дамыту.

Кілт сөздер: креативтілік, оқылым дағдысы, оқылым стратегиялары, әдіс-тәсілдер. «Бүгінгінің баласына ертеңгінің биігінен үңіл!» – деген Мағжан Жұмабаев сөзі бүгінгі күнде де өзектілігін жойған жоқ. Яғни, баланың ертеңгі күні өмірде қажет болатын дағдыларды бойына сіңіру бүгінгі концептуалды білімге негізделген мектеп бағдарламасының міндеті.

Жаңартылған білім беру мазмұнында дағдыларға негіздеп оқыту басшылыққа алынады. Сын тұрғысынан ойлау, шығармашылықты қолдана білу, тез ойлап табу дағдысы оқушының ішкі ойын дамытуға, яғни креативті

ойлауына итермелейді. Креативті ойлау өзгермелі өмір сүру талаптарына бейімделуге, тұлғаның ішкі ресурстарын тиімді қолдануға, оның әлеуметтенуіне мүмкіндік береді. Креативтілік қабілеттерін адам өмірін жеңілдететін қызықты идеялар тудыруда ғана емес, жалпы тұлғаның өзін жетілдіруіне және тұлғалық дамуына қолдануға болады. Кез келген шығармашылық жұмыс бізге өзіндік мағына тауып, өз құндылықтарын тануға мүмкіндік береді. Танымал адамдардың өмірбаянын зерттей келе, Дэвид Галенсон креативтілік қабілеттердің шыңы кез келген жаста болуы мүмкін деген қорытындыға келді. Галенсон креативті тұлғалардың екі типін бөліп қарайды. Бірі – өздерін ерте жаста танытса, екіншілері – өте жай дамып, адам өмірінің екінші жартысына келуі мүмкін. Әсіресе, креативті ойлауды дамытудың ерекше маңызы жасөспірім кезеңінде көрінеді. Бірқатар зерттеулер адамның креативті дамуында негізгі орынды өзіндік жеке тұлғалық қасиетті түсіну кезеңі ретінде жасөспірімдік кезең алатынын көрсетті (А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, Л.И.Божович және т.б.).

Креативтілік – өмірдегі кез келген міндетке қолданылуы мүмкін сапалық көрсеткіш.

А.Маслоу креативті ойлаудың басты импульсі өзін-өзі белсендендіру қажеттілігі, яғни адамның өз міндеттері мен жеке мүмкіндіктерін толық және еркін жүзеге асыруға ұмтылуы болып табылады деп есептейді. Өзін-өзі белсендіру әрекетінің арқасында адам өзінің болмысының мәніне жақын мүмкіндіктерін ашады. Сондықтан креативтілік өзін-өзі белсендірудің маңызды сипаттамаларының бірі саналады. А. Маслоу, әсіресе, креативті адамдардың тәжірибесіне сүйенеді. Алайда, ол креативтілікті кеңінен түсінеді, яғни зерттеушінің пікірінше, креативтілік кез келген тұлға бойынан табылады, тек оны тиімді тәсілдермен анықтап, қолдана білу қажет.

Химия - бұл эксперименталды ғылым. Сондықтан оқыту химиялық экспериментке білімнің шоғырлануы мен бақылаудың құралы ретінде білімнің, гипотезаларды ілгерілетудің және тексерудің қайнар көзі ретінде негізделген. Сонымен бірге, мұғалім оқушының көңілінен шығатын тәжірибелік жұмыс оңай емес екеніне, қайта-қайта жаңа нәрсені білуге деген құштарлығына көз жеткізуі керек. Қазіргі таңда 500-ден астам педагогикалық технологиялар бар. Алайда, осы технологиялардың барлығын химия пәнін оқытуда қолдануға мүмкін емес. Солардың ішінде өз тәжірибемде көп жылдар бойы кеңінен қолданып келе жатқан технологияның түрлерімен бөліскім келеді.

Келесі кестеде заманауи білім беру технологиялары ұсынылған.

Кесте 1. Заманауи білім беру технологияларына шолу.

Педагогикалық технологиялар	Күтілетін нәтежиелер
-----------------------------	----------------------

Мәселелік оқыту	Оқу іс-әрекетінде проблемалық жағдайларды құру және оқушылардың шешу бойынша белсенді дербес қызметін ұйымдастыру, соның нәтижесінде білімді, іскерлікті, дағдыны шығармашылықпен меңгеру, ойлау қабілеті дамиды.
Әртүрлі деңгейлік оқыту	Мұғалімнің әлсізге көмектесу, күштілікке көңіл бөлу мүмкіндігі пайда болады, күшті оқушылардың білім беруде жылдам әрі терең жылжу ниеті іске асырылады. Күшті оқушылар өз қабілеттеріне деген сенім бекітіледі, әлсіз оқушылар оқу жетістігін сезінуге мүмкіндік алады, оқу мотивациясының деңгейі артады
Жобалық оқыту	Осы әдістеме бойынша жұмыс оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтауға саналы түрде қарауға мүмкіндік береді.
Зерттеу әдісі бойынша оқыту	Білімгер өз бетінше өз білімін жетілдіре отырып, мәселенің шешу жолдарын іздестіру кезінде оны терең түсініп креативті ойлау жүйесі қалыптасады. Бұл білімгердің жеке ойлау қабілетін жете түсінуге мүмкіндік береді.
Лекциялық-семинарлық бағалау бойынша оқыту	Материалды блоктарға шоғырландыруға және оны біртұтас ретінде ұсынуға, ал бақылауды оқушыларды алдын ала дайындау бойынша жүргізуге мүмкіндік береді.
Әртүрлі ойын технологиясы бойынша оқыту	Ой-өрісін кеңейту, танымдық іс-әрекетті дамыту, практикалық іс-әрекетте қажетті белгілі бір дағдылар мен біліктерді қалыптастыру және жалпы оқу шеберлігі мен дағдыларын дамыту.
Бірлескен оқу тәсілі (топтық, командалық жұмыс)	Ынтымақтастық ересектер мен балалардың бірлескен дамыту іс-әрекетінің идеясы ретінде түсіндіріледі. Жеке тәсілдің мәні оқу пәнінен емес, оқушыдан пәнге бару, білім алушы бар мүмкіндіктерден өту, тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностикасын қолдану.
Ақпараттық-коммуникациялық технология	Білім беру мазмұнын өзгерту және шексіз байыту, интеграцияланған курстарды пайдалану, Интернет желісін пайдалану.
Денсаулықты сақтау	Бұл технологияларды пайдалану сабақ кезінде әртүрлі тапсырмаларды бөлуге, ойлау әрекетін дене белсенділігімен алмастыруға, күрделі оқу

технологиясы	материалын беру уақытын оңтайландыруға, өзіндік жұмыстарды жүргізуге уақыт бөлуге, оқытудың техникалық құралдарын нормативтік қолдануға мүмкіндік береді, бұл оқуда оң нәтиже береді.
Инновациялық бағалау «портфолио»	Оқушының жетістіктерін әлеуметтік өзін-өзі айқындауды педагогикалық қолдау құралы ретінде дербестендірілген есепке алуды қалыптастыру, тұлғаның жеке даму траекториясын анықтау.

Химия сабағында білім алушылардың креативті ойлауын дамыту қазіргі кезде ең өзекті болып табылады, өйткені оқушылардың әртүрлі практикалық іс-шараларға белсенді тартуға ықпал етеді және олардың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Теориялық материалдың көп мөлшерін тиімді игеру үшін оқушылардың өзіндік жұмысы жоғарылауы қажет, өйткені олардың өздігінен алған білімдері әлдеқайда жоғары. Педагогикалық технологияларды оқушылардың зерттеу іс-әрекетінің элементтерін енгізу оқушының білім алуына, оның танымдық іс-әрекетіне көмектеседі. Технологиялық жобаның жақсы жақтарын атап айтсақ:

Әртүрлі тәсілдермен жұмыс жасап, ондағы жобамен танысып, әртүрлі проблемаларды шешеді.

Оқушылар критикалық ойлауды қолдана отырып, сабақты өмірмен байланыстырып көрсетеді.

Оқушыларға жобалар сарапшы болуға, өз араларында бәсекелестік туғызуға, үлкендермен өзара жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұлайша өздерін жетілдіріп, өмірге үйренеді.

Қазіргі кезде қолданып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізі:

Әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру;

Оқушылардың қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру;

Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу, іздену дағдыларын қалыптастыру.

Тұлғаның кәсіби процесін көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзыреттілігімен байланыста қарастырады.

Сабақтарымда жаңа технологияларды қолдану барысында оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыра түсуге, әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы ынталандыра отырып, олар өз ойларын айта білуге, сөз қорын дамытуға, шығармашылық жұмыс істей алуға, креативті ойлау қабілеттерін дамытуға, деңгейлеп оқыту технологиясы мен сын тұрғысынан ойлау технологиясының көптеген жаңа әдіс-тәсілдерін қолданамын.

Мысалы, біз өз сабақтарымызда оқушының креативті ойлауын дамытуда инфографиканы қолдану тиімді жол болып келетінін байқадық, бұл процесс кезінде оқушының оқу әрекеттерінде келесі алгоритмдер құрылады:

- мәтіннен фактіні, қосымша мәліметтерді анықтау, мәселені айқындау;
- бұл мәліметтерді саралау мен өзекті идеяны таңдау;
- көзделген аудиторияға сәйкес материалды бейімдеу;

- дайын өнімге өзіндік баға беру;
- инфографиканың мазмұнын талдау, ақпаратты сапалы параметрлер тұрғысынан ұсыну;
- инфографиканы бағалау критерийлері ретінде;
- ақпараттық анықтық – интерпретация нәтижесін анықтайтын сипаттама;
- ақпараттық жеткіліктілік – негізгі мәнді жеткізудің жоғарғы шегі;
- ақпараттық қажеттілік – негізгі мәнді жеткізудің төменгі шегі;
- барабарлық – көзделген аудитория ерекшелігі мен жеткізілетін идея үшін белгі символикалық құралдарды сәйкес қолдану.

Осылайша, инфографиканы креативті ойлауды дамытудың жаңа бір ресурсы ретінде қарастыруға болады.

Оқушыларда креативті ойлаудың негізінде кең өрісті ойлау, жаңа көзқараспен қарау, көлемді шығарманы ынталы және үздіксіз оқу дағдысы мен оқырмандық мәдениеті жетіле түседі.

Креативті ойлау дегеніміз – инновациялық жаңа, жаңашыл, тиімді шешімдерге қол жеткізуге және жаңа білімді ерекше сипаттауға бағытталған идеяларды әзірлеу. Креативті ойлау қабілетіне пәнді білу, білімге құмарлық, өз күшіне сенімділік, мақсатқа, нәтижеге жетуді көздеу, мақсатқа жетуге ынталандыратын күш.

Жаратылыстануға арналған тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан жаратылыстанудың тексерілетін бөлімдері бойынша негізгі түсініктерді, заңдар мен ұстанымдарды білуін көрсете алуы ғана емес, оларды мәселелерді шешуде пайдалана алуы, креативті ойлау қабілеттері арқылы табиғат құбылыстарына түсінік беруі, қарапайым зерттеулер жүргізіп, олардың нәтижелерін ұсынулары талап етіледі.

Дәл осылай тақырыпқа сай келетін тапсырманы таңдай беруге болады. Різа тапсырмасын орындау барысында оқушылар зерттеу жұмыстары нәтижесінде химия сабағында алған білімдерін практикада қолдануға үйренеді. Демек, оқу-зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру негізінде оқушылардың жаратылыстану ғылыми сауаттылық деңгейі көтеріледі;

Қиындығы жоғары есептерді шығару қабілеттері дамиды;

Оқушының дүниетанымы кеңейеді, зерттеушілік, ізденушілік қасиеттері қалыптасады. Бұл оқушылар бойында креативті ойлау қабілетін дамытады.

«Блум таксономиясы» оқушы саны көп сыныпта өткізіледі. «Химия» пәнін оқытуда қолданылатын стратегиялардың мысалына төмендегілерді келтіруге болады:

– зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру және қорытындылары мен нәтижелерін тәжірибе жүзінде растап отыруды алға тартатын креативті ойлауды дамыту;

– өз бетінше жұмыс істеу біліктілігіне және жағдаяттар ағымына қарай бейімделуге, атап айтқанда, аса қиын проблемаларды шешуге, проблемаларды шешу үдерісінде пайда болған жаңа ақпараттарға жауап беруге және бейімделуге үйрету;

- теориялық модельдердің жұмысын түсінуді жақсарту үшін ойындар мен модельдерді қолдану;
- оқушылардың өз тәжірибелерін жобалауы мен жоспарлауы арқылы химиядағы мәселелерді зерттеу;
- химияның қазіргі заманғы проблемалары туралы (әртүрлі дереккөздерден алынған) ақпаратты сұрыптау және оқушылардың алынған ақпаратты синтездеу, бағалауы мен қорытындылауы;
- жаратылыстану құбылыстарын сипаттау, түсіндіру және болжау.

Педагогикалық іс-тәжірибеде инновациялық технологияларды сабақта тиімді қолданып, оқушыларды оқу-танымдық, шығармашылық іс-әрекетке ынталандырып отырамын, оқытудың тиімді тәсілі мен әдістерін қолданып, әр оқушының нәтижеге жетуі үшін жағдай жасау арқылы жалпыға міндетті негізгі орта білім берудің мемлекеттік стандарттарымен анықталған оқушылардың оқуға деген білім мен дағдыларын, іс-әрекет тәсілдерін жүйелі түрде қалыптастырамын. Сабақтарды заманауи талаптарға сай құрастырып, қазіргі білім берудің жаңаша технологиялары элементтерін нәтижемен қолданып отыруға тырысамын.

Әрбір сабақ – мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушының есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн.

Сабақта, соның ішінде химия сабағында белсенді әдіс-тәсілдер үнемі қолданылады. Себебі, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылардың оқуы қызықты жеңіл өтеді, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйренеді, білімдері тереңдейді, әрі тиянақтылықтары артады.

Пән бойынша сабақтарда креативті ойлау дағдысын дамыту тактикаларын бірі – «Неліктен? Қалай?» тактикасы және мәтінмен жұмыстану тактикасы. Химия пәні табиғат туралы ғылым болған соң болжама гипотеза, бақылау эксперимент міндетті түрде деп ойлаймын. Синектика тәсілі мысалы пән бойынша медицина, ғылымға қатысты мәселелерді қарастырып соңынан оны қолдану жолдарын іздейді. Ал, фантастикалық балама бұл жерде әр оқушы жеке жұмыстарда қолдануға болады. Мысалы, бір тақырыпқа әр жеке тұлға өз ойын дамытып жеке ертегі құрастырады. Фокальды объектілер әдісін модель жасауға қолдануға болады. Мен ойымша, бұл әдіс – топтық жұмыста қолдануға сай. Креативті ойлау дегеніміз қоршаған ортада өз идеясын өркендеуге, дамуға және нәтижеге жетуге бағыт алған тұлғаны айтуға болады.

Оқушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын арттыру арқылы ғылымға деген көзқарасын оятуға болады. Химия пәнінен функционалды сауаттылығын арттыру үшін оқушылардың креативтілігін, ойлау қабілетін дамыту қажет.

Креативтілік ақыл-ой қабілеті немесе оқуға қабілеттілік сияқты адамның бойында бар немесе жоқ деп кесіп айтатындай туа біткен қасиет емес. Оны дамытуға болады, сондықтан оқушыларды креативті болуға үйретуге болады.

Креативтілік балаларды бақылаусыз өз бетіне жіберу арқылы немесе тек өнер арқылы ғана дамиды деген кең таралған жаңсақ ұғымның болуына қарамастан, креативтілікті дамыту мұғалімдер мен оқушылардан жүйелілік пен мақсаттылықты талап етеді және оған оқу пәндері арқылы қол жеткізуге болады.

Оқушылар алған білімдерін өмірде қолдануға болатынын түсінген кезде, олардың оқуға және меңгерген білімдерін шығармашылықпен пайдалануға ішкі мотивациясы арта түседі. Оқушылар өздерінің оқуға деген қабілетін оң бағалап, сәтсіздіктеріне өмірлік тәжірибе ретінде қараса, бұл олардың креативтілікке бейім екендігін көрсетеді.

Проблемаларды белгілеу және оларды шешу, оқуды үйрену, кешенді коммуникация, іргелі білімдерді меңгеру сияқты пәндік дағдыларды меңгеру де креативтілікті дамытады. Мысалы, егер оқушыларға белгілі бір ғылыми проблеманы қойып, өздерінің экспериментін жүргізу ұсынылатын тапсырма берілсе, олар осыған байланысты өзекті тақырып таңдап, жақсы жоба әзірлеп ұсыну үшін, өздерінің білімі мен креативтілігін пайдалану қажет болады. Пән арқылы оқыту туралы ғылыми сабақ, бұл оқушылардың креативтілігін дамытуда қолданатын стратегиялардың бірі болып табылады.

Ғылыми -жаратылыстану сауаттылығы бойынша тапсырмаларды орындау үшін «Цицерон алгоритмі» әдісі. Ежелгі Рим шешесі Цицерон дұрыс құралған сөз орамы жеті сұраққа жауап береді: Кім? Не? Қайда? Немен? Не үшін? Қалай? Қашан? Олар қазір «Цицерон алгоритмі» деп аталады. Алгоритм – табыстың жоғары сенімділігімен проблеманы шешудің құрылымдалған тәсілі. Жаңа терминдермен, ұғымдармен немесе оқиғалармен жұмысты осы қағидада құруға болады. Ұсынылған ұғымдардан алгоритмнің барлық сұрақтарына жауаптарды құрастыру керек, сонымен қатар, салыстырмалы байланысты мәтін құрауға тырысу керек. «Цицерон алгоритмі» ең көне есте сақтау тәсілдерінің бірі болып табылады. Ол жағдайды талдауға үйретеді, ойлауды дамытады, ғылыми фактіні, кез келген жағдайды және тапсырманы терең бағалауға мүмкіндік береді.

«Идеал» әдісі. Бұл әдіс креативті ойлауды дамытуға бағытталған.

Әдіс стратегиясы:

проблеманы анықтай білу дағдысын;

проблеманы шешу жолдарын табу және тұжырымдай білуді;

күшті шешімді таңдай білуді қалыптастырады.

Әдістің мазмұны. Мәселені тұжырымдау қажет. Дұрысы, тұжырымның «Қалай» сөзінен басталуы. Осы проблеманың неғұрлым көп шешімін табайық. Қойылған мәселені шешудің барлық жолдары мен тәсілдері ұсынылады. Жақсы шешімдер бар ма? Ұсынылған көптеген шешімдерден жақсысы, тиімдісі таңдалады.

Білім алушыларда нәтижелі пікір алмасу барысында басқаларды тыңдай білу, өз көзқарасын қалыптастыру және қорғау, өз идеяларын жинақтау және оларды өмірде жүзеге асыруға әрекет жасау сияқты жеке тұлғаның қасиеттері

қалыптасады. Инновациялық педагогикалық технологиялар мен тәсілдерді, сондай-ақ тапсырмалардың алуан түрлерін қолдану оқушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыру мен дамытудың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын тұлғалық, метапәндік және пәндік нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді.

Химия сабағында оқушылардың ой-өрісін, ойлау қабілетін тереңдету, пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында деңгейлік тапсырмаларды пайдаланудың маңызы зор. Өйткені ойлау арқылы оқушының шығармашылық қабілеттері дамиды, ол өз бетінше жұмыс істеуге үйренеді. Шығармашылықпен еңбек ететін оқушыда логикалық ойлау зеректігі, терең білім алу қабілеті дамиды.

Мәселелік әдісті химия пәнінен білім беру кезінде жаңа материалды түсіндіру сабақтарында, жинақтап қорытатын дәрістерде қолдану мәселелік жағдайды белгілеп, оқушылардың оны шешуге деген логикасын дамытып қана қоймай, қарама-қайшылықтар мен олардың пайда болу көздерін табуға, мәселені шешуге әрбір қадамды ойластыруға итермеледі.

Мәселелік әдістің деңгейлері:

Мұғалім мәселені (тапсырманы) өзі қойып және оны оқушылардың белсенді тыңдауы мен талқылауы кезінде шешелетінін қадағалайды.

Мұғалім мәселе қояды, оқушылар өз бетімен немесе оның басшылығымен шешім табады. Мұғалім оқушыларды өз бетінше шешу жолдарын іздестіруге ынталандырады (ішінара-іздеу әдісі). Мұнда үлгі басшылыққа алынбайды, ойлау жүйесі дамиды.

Оқушы мәселені қойып, оқытушы оны шешуге көмектеседі. Оқушының мәселені өз бетінше тұжырымдау қабілеті тәрбиеленеді.

Оқушы өзі мәселені қойып, оны өзі шешеді. Мұғалім тіпті мәселені көрсетпейді: оқушы оны өз бетінше көруі керек, ал оны шешудің мүмкіндіктері мен тәсілдерін көруі, қалыптастыруы және зерттеуі керек.

Мәселелік оқыту теориялық және тәжірибелік мәселелерді өз бетінше шешу арқылы оқушылардың жаңа білім алуына негізделген.

Белгілі поляк ғалымы В. Оконь өзінің "Мәселелік оқыту негіздері" кітабында оқушылар өз жұмысы барысында зерттеуші жүріп жатқан жолға түсіп, соғұрлым жақсы нәтижелерге жетуге тырысатынын жазады. Отандық психологтар Т. В. Кудрявцев, А. М. Матюшкин, З. И. Калмыкова және т.б. оның түрлі модификацияларындағы мәселелік оқытудың психологиялық негіздерін әзірледі. Оның мәні мынада: оқушылар алдында мәселе, танымдық міндет қойылады және оқушылар (мұғалімнің тікелей қатысуымен немесе өз бетінше) оны шешу жолдары мен тәсілдерін зерттейді. Олар гипотеза салады, оның шынайылығын тексеру тәсілдерін белгілейді және талқылайды, дәлелдейді, тәжірибе жүргізеді, бақылау жүргізеді, олардың нәтижелерін талдайды. Мұнда, ережелерді, заңдарды, формулаларды, теоремаларды дербес "ашу" тапсырмалары жатады. Мысалы, химия заңдарын өз бетінше тәжірибеде дәлеледеу, есептер мен реакцияларды шешу, химиялық формулалар, және т.б.

Мәселелік оқыту бірнеше кезеңнен тұрады:

Жалпы мәселелік жағдайды түсіну;

Оны талдау, нақты мәселені тұжырымдау;

Мәселені шешу (ұсыну, гипотезаларды негіздеу, оларды жүйелі тексеру);

Мәселенің дұрыс шешілуін тексеру.

Бұл үрдіс мәселелік жағдайда пайда болатын және мәселені ұғынуды, оның шешімін және түпкі ақыл-ойды қамтитын ойлау актісінің үш фазасына ұқсас өрістетіледі. "Ойлау, — деп А. В. Брушлинский атап өткен, — бұл мәселеде өз бастауын алады, ол өз қызметі барысында адам алға табысты ілгерілеуге кедергі келтіретін қандай да бір түсініксіз қиындықтарды бастан өткере бастағанын білдіреді. Сондықтан мәселелік оқыту білім алушылардың талдамалы-синтетикалық қызметіне негізделеді. Бұл үлкен даму әлеуеті бар эвристикалық, зерттеу түрі.

Мәселелік әдіс және дәстүрлі оқыту әдістері ерекшеліктері сипаттамалары 2-кестеде келтірілген.

Мәселелік оқытудың негізгі ұғымдарына: "мәселелік жағдай", "мәселелік міндет", "мәселе", "мәселелік" ("мәселелік деңгейлер", "мәселелік ұстанымдар" және т.б.), "мәселелендіру" жатады. Оқыту мақсатын іске асырудың шарты жасырын және айқын түрде өмір сүруі мүмкін кез келген "өміршең" объекті мен субъектіге тән, яғни ішкі және сыртқы болу проблемалары болып табылады.

Кесте 2. Дәстүрлі және мәселелік оқытудың айырмашылықтары.

Дәстүрлі оқыту	Мәселелік оқыту
Материал дайын түрде беріледі, мұғалім ең алдымен бағдарламасына назар аударады.	Оқушылар теориялық және практикалық мәселелерді шешу барысында жаңа ақпаратты алады
Материалды ауызша беру немесе оқулық арқылы	Дидактикалық үдерістен оқушының уақытша ажыратылуына байланысты олқылықтар, кедергілер мен қиындықтар пайда болады. Мәселені шешу барысында оқушылар барлық қиындықтарды жеңеді, оның белсенділігі мен дербестігі жоғары деңгейге жетеді.
Ақпарат беру қарқыны күшті, орта немесе әлсіз оқушыларға бағытталған	Мәліметтерді беру қарқыны оқушы немесе оқушылар тобына байланысты
Оқу жетістіктерін бақылау тек ішінара оқыту процесімен байланысты	Оқушылардың жоғары белсенділігі таным қабілеттіліктерінің дамуына ықпал етеді және нәтижелерді формалды тексеру қажеттілігін

	азайтады
Барлық оқушыларға жүз пайыз нәтижелерді қамтамасыз ету мүмкіндігі жоқ; ең үлкен қиындық ақпаратты тәжірибеде қолдана білу болып табылады	Оқыту нәтижелері салыстырмалы түрде жоғары және тұрақты. Оқушылар алған білімдерін жаңа жағдайларда оңай қолданады және бір уақытта өз іскерліктері мен шығармашылық қабілеттерін дамытады

Мәселелік әдіс бойынша өткізілетін химия сабақтарының кезеңдері.

Білім берудің өзекті мәселесі – бұл оқушының алдында туындаған немесе қойылған сұрақ, оған жауап алдын ала белгісіз және шығармашылық ізденіске жатады, оны жүзеге асыру үшін білім алушыда кейбір бастапқы түсініктер болуы керек. Оқу мәселесінің екі негізгі формасы бізге белгілі:

Сабақ тақырыбының қиындығы;

Сабақ тақырыбын ашатын бұрынғы материалдар сұрақтар, жауап арқылы жаңа білімді қалыптастыру.

Бұл білім берудің басты мәселесін қою, яғни оқушыларға сабақ тақырыбын немесе сабақ тақырыбына ұқсас емес зерттеу мәселесін тұжырымдауға көмектесу. Оқушылар сабақ тақырыбын қалыптастыру үшін "жандандыру" немесе "өзектілік" тәсілдерін қолданады.

"Жандандыру" ретінде ертегілерді, аңыздарды, көркем әдебиеттен үзінділерді, ғылым тарихынан оқиғаларды пайдалануға болады. Мысалы, химия пәнінде "Диендік көмірсутектер. «Каучук» тақырыбында танымал ойыншықтың шығу тарихын зерттеу мәселесін өз бетінше зерттеп талқылауға болады. Осылайша, сабақта келесі мәселелік сұрақтарды өрбітеміз.

Химик қандай материалмен тәжірибе жасады?

Осы доп неден жасалды?

Норман Стингли осы материалмен қандай жаңалық жасады?

Жасалған тәжірибенің химизімін түсіндіріңіз?

Тәжірибенің химиялық реакцияларын жазыңыз.

Білімгерлерге химиядан алған білімнің практикалық маңыздылығын түсіну үшін мәселелік әдіспен білім беру маңызыды болып табылады. Оқушыларға мәселелік сұрақ қоямыз:

Асқазан сөлінің құрамына қандай қышқыл кіреді?

Асқазанға асқазан сөлі көп бөлінсе қандай өзгерістер болады?

Ал асқазан бос болса...?

Аш кезде сағыз шайнау асқазанның қабынуына және гастрит, жара сияқты ауруларына әкелу мүмкін бе?

Сағыз құрамын білесіз бе? Ол қандай каучуктен тұрады? Қандай бояғыштар, хош иістендіргіштер және дәм қоспалары құрамында бар? Бұл заттар азық-түлік өнімдерінде қолдануға рұқсат етілген бе?

Қорытынды. Өнімді сараптауға мұқият болу, денсаулыққа зиянды шайнайтын резеңкелерді қолданбау, мысалы, Power, Turbo, Transformer сияқты. Бұдан басқа, оларда E-320 (холестерин) және E-330 (шаян тәрізділер) Символдарымен кодталған тағамдық қоспалар бар, олар балалардың ағзасына елеулі қауіп төндіретіндігін саралаймыз.

Химия пәнін мәселелік әдіспен білім беру келесі жағдайларды анықтайды: топта эмоциялық пікір: таңқалу, үмітсіздік (қалай сонда?) немесе қиындық сезімі (мұны қалай түсіндіруге болады?), оның негізінде тапсырманы орындау қажеттілігі мен мұны істеу мүмкін еместігі арасында қарама-қайшылықтың пайда болуы. Мәселелік жағдайдан оқу проблемасына шығу үшін топпен белгілі бір ойлау жұмысы орындалады, ол олардың қарама-қайшылықтарды түсінуі мен проблеманы тұжырымдауынан тұрады.

Мәселелік жағдайды құру тәсілдері "таңданумен" және "қиындықпен" жүзеге асады. Мысалы, оқушыларды қарама-қайшылықты түсінуге итермелейтін –диалог. Фактілер, ғылыми теориялар немесе өзара көзқарастар ұсынылады.

Химия пәнінен сутегі байланысы мен заттардың агрегаттық жағдайын зерттеу бойынша сабақта тапсырма:

Қарша формасын еске түсіріңіз және неге олар дәл осындай екенін түсіндіріңіз?

Өзендегі мұздың алты қырлы болуының себебі неде?"

Оқушылар оқу мәселесінің өз нұсқаларын белсенді түрде ұсынады. Егер олардың ойы сауатты ресімделмесе немесе тақырыпқа қатысы болмаса, оқушыларға оқу мәселесін қайта құруды ұсынуға болады ("Тағы кім айтқысы келеді?", "Басқаша кім ойлайды?", "Бұл ойды кім нақты жеткізе алады?").

Қарама-қайшылық жағдайы. Ол әртүрлі пікір болған кезде туындайды. Қарама-қайшылықтар әртүрлі болуы мүмкін, іс жүзінде қол жеткізілген нәтиже немесе белгілі фактіні және оның теориялық негіздеу үшін білімнің жеткіліксіздігі болуы. Оқушылардың өмірлік тәжірибесі, олардың тұрмыстық түсініктері мен ұсыныстары мен ғылыми білімдері арасындағы қарым-қатынас.

Металл кернеулерінің электрохимиялық қатарында алюминийді оқушылар белсенді металдарға жатқызады. Содан кейін, сабақ барысында келесі мәселелік сұрақ пайдалануға болады.

1.Тұрмыста алюминий ыдыстарын неліктен кеңінен қолданылады?

2.Оның зиянды тұстарын қалай түсіндіресіз?

Мәселенің 2- кезеңі –шешім іздеу. Бұл кезеңде жаңа білім алуға көмектесу. Оқу проблемасын шешуде ең оңтайлы болып табылатын әдістерді қолдану. Сонымен қатар, мәселелік баяндау, эвристикалық және зерттеу әдістерін қолдану.

Эвристикалық әңгіме шығармашылық іс-әрекет процесін жеңілдетеді, жадының еріксіз қалыптасуына ықпал етеді, оқушылар ұғымдардың тұжырымдарын жаңғыртуға ғана емес, сонымен қатар, оларды талдауға және түрлендіруге де қабілетті, сонымен қатар тұлғаның қарым-қатынас жасауға, міндеттерді шешуге, барлық топтың жұмысына қатысы бар болуға деген сұранысын қанағаттандырады. Бұл оқушылар оқу проблемасын шешуге белсенді қатысу үшін қажетті білімнің минимумына ие болған жағдайда қолданылады. Мысалы, "Амин қышқылы ерітіндісінің бейтарап ортасын қалай түсіндіруге болады?". Оқушылар амин қышқылының қос функциялы қосылысы, карбоксиль тобы қышқылдық қасиеттерге, амин топ – негіздік екенін еске түсіреді. Мәселе барысында карбоксильді топтың протоны амин тобына өтіп, амин қышқылының амфотерлік және биполярлы ионның құрылымын ашып көрсетеді деген ойға оқушыларды жеткіземіз.

Мысалы, "Тотығу дәрежесі" тақырыбы бойынша осындай эвристикалық әңгіме өткізуге болады:

Мұғалім: сутегі электронды натрияға немесе керісінше береді неліктен? - , деп сұрақ қояды.

Оқушылар: электрондарды натрий береді, өйткені оның атом радиусы көп.

Мұғалім: сутегі не болды?

Пікір бөлінді: бір оқушылар электронды қосу арқылы сутегі атомы гелий атомына айналды, себебі оның екі электроны бар; басқалары осымен келіспеді, гелийде ядросының заряды +2, ал осы бөлшектің +1. Сондықтан бұл бөлшектер үшін не? "Ион" ұғымымен танысып, шешуге болатын проблемалық жағдай туындады.

Сыныптағы "Тұз гидролизі" мәселелік сабағы. Мәселе: неге тұздар суға әртүрлі әсер етеді, және әртүрлі реакция өнімдерін түзеді? Оқу міндетін эксперимент арқылы шешу ұсынылады. Нәтижесі: оқу міндетін шешу, қызметтің жаңа тәсіліне шығу, "тұздардың гидролизі, тұздардың жіктелуін құру" ұғымын түсіну. Топтық жұмыс бойынша орындалады. Әрбір топ эксперименталды жұмысты орындайды, жүргізілген тәжірибені талдайды, процестердің химизмін түсініп, реакция теңдеулерін жазып қорытынды жасайды. Содан кейін әрбір топ өз тұжырымдарымен сөйлейді. Нәтижесінде, оқушылар тұз гидролизін анықтаудағы жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, күрделілігі әртүрлі деңгейдегі есептерді шеше алады. Оқушылардың жақын даму аймағынан өзекті білім аймағына ауысуы орын алады.

Зерттеу әдісі кезінде тапсырмалардың сипаты әртүрлі болуы мүмкін:

1. Сыныптық зертханалық жұмыстар және үй тәжірибелік тапсырмалары;
2. Аналитикалық мәселелерді шешу; қысқа мерзімді және белгілі бір мерзімді (апта, ай) болжайтын тапсырмалар;
3. Топтық және жеке тапсырмалар.

Кейбір жағдайларда мұғалім ұсынған проблемалық жағдайларды шешу үшін "іздеу міндеттерін шешу алгоритмі" схемасына сәйкес оқушылардың ойлау іс-әрекеттерінің кезеңдерін алдын ала пысықтауы талап етіледі.

Зерттеу мәселерін шешу алгоритмі.

Зерттеу тапсырмалары, әдетте, фактілерді жинау бойынша практикалық жұмысты (эксперимент, бақылау, кітаппен жұмыс) орындауды және тек содан кейін оларды теориялық талдау мен қорытуды көздейді. Бұл ретте мәселе бірден емес, сәйкессіздікті табу барысында анықталған фактілер арасындағы қайшылықтар жиі анықталады.

Мәселелік сабақтың 3 кезеңі.

Оқушылар алған жаңа білімді тиісті ғылыми (химиялық) тілмен қоғамдық қабылданған түрде білдіруі қажет. Оқушыларға мұны жасауға көмектесу үшін оларға түрлі өнімді тапсырмалар ұсынуға болады:

Ереже мәтіні немесе қандай да бір анықтама немесе олар жіберілген сөздерді қоюға тиіс заң;

Химиялық кроссворд, онда реакцияларда жетіспейтін заттарды қою керек.

Мәселелік оқыту технологиясы, әрине, барлық педагогикалық проблемалар мен қиындықтарды шешудің әмбебап құралы болып табылмайды. Оның артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Білім беру үдерісінде проблемалық жағдайларды пайдаланудың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтаймыз.

Артықшылықтары:

Білім алушылардың танымдық қызметін жандандырады.

Білім алушыларда мәселелік жағдайларды шешу барысында әртүрлі көзқарастарды еске түсіру, есту және салыстыру мүмкіндігі бар.

Адамның өзіндік талдау еркіндігін дамытады.

Қосымша материалдарды пайдалану іздеу мүмкіндігін арттырады.

Оқушылардың шыдамдылық, басқаларды тыңдау және есту қабілеті тәрбиеленеді.

Білімнің беріктігі артады.

Дербес қызмет тәсілдері меңгеріледі.

Іздеу және зерттеу дағдылары қалыптасады.

Шығармашылық қабілеттер дамиды.

Кемшіліктері:

Оқушылардың проблемалық жағдайды шешу мұғалімнің материалды әдеттегі баяндауынан гөрі көп уақытты қажет етеді.

Оқушылар белгілі бір эрудицияға ие болуы керек, өйткені пәндік білімнің жоқтығы оларға қойылған мәселені қажетті дәрежеде талқылауға мүмкіндік бермейді.

Оқытушыдан пәнді жақсы білу, сондай-ақ сабақта жұмыс істеу икемділігі мен жеделдігі талап етіледі.

Оқытушыға сабаққа дайындалуға көп уақыт қажет.

Қорытындылай келе, мәселелік оқыту білім берудің жаңа сапасын береді ол – келесі практикалық-бағытталған дағдылар

Дербестік

Ақпараттылық

Құзыреттілік – керегін таңдау

Коммуникативтік – қарым-қатынас жасай білу

Бәсекеге қабілеттілік.

3-кесте . Мәселелік және дәстүрлік әдістермен білім беру кезіндегі таным белсенділігінің коэффициенттері

Мәселелік		Дәстүрлі		
Дәреже	Мұғалім тарапындағы сілтеме саны	Оқушы тарапындағы сілтеме саны	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
0 (дәстүрлі)	3	1	Мәселені қояды негіздейді және шешеді	Мәселенің шешімін есте сақтайды
I (дәстүрлі)	4	1	Мәселені жіктеп, жүйелеп шешеді	Мәселенің шешімін есте сақтауға тырысады
II (мәселелік)	1	4	Мәселені қояды	Мәселені негіздейді және шешеді
III (мәселелік)	1	3	2 Жалпы ұйымдастырады, бақылайды шебер басқарады	Мәселені шешу барысында оны терең түсініп шешеді

Химияны оқытуда мәселелік әдістерді пайдалана отырып, оқушылардың оқу мотивациясы деңгейін көтере отырып танымдық қабілеттерін арттыруға болатыны анықталды

Химия сабағында мен тақырып сайын оқушылармен түрлі шығармашылық жұмыстарды өз шеберлігіме қарай ұйымдастырып, түрлендіріп отырамын. Өзімнің тәжірибем бойынша оқушыны тұлға ретінде қалыптастыруда сабақтарымдағы жеткен нәтижем: оқушылардың тақырыпты оқуға және пәнге ұмтылысы артады; оқу процесінің сапасы, оқу үлгерімі жоғарылайды; оқушыларды сабақ кезінде және сабақтан тыс жан-жақты

ізденуге үйретеді; оқушы білім алу жолында өз бетінше жан-жақты терең жұмыс істеуге талпынады.

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімдеу мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде.

Қорыта айтқанда білімді де білікті, сапалы да парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттік маңызды іс. Қазіргі жаңару кезеңінде біздің қоғамымыздың ілгерілеу процесінде адам факторы және оны жан-жақты жандандыру, ел өмірінің барлық жақтарын жаңарту бала тәрбиесінің мәнімен оның проблемаларын күрделендіріп отыр. Осыған байланысты білім берудің тиімділігі мен сапасын арттырудың негізгі бағыты-барлық тәрбиелік істе әрбір баланы жеке тұлға деп танып біліп, жан-жақты қалыптастыру деп ойлаймын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру – болашақ бағдары» мақаласы - Астана, 2017. - 12 сәуір.
2. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауы (2019 жыл)
3. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан – іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауы (2020 жыл)
4. Жумабаев М. Ойлауды өркендету жолдары. – Алматы, 1972. – 85 б.
5. Методические рекомендации по формированию креативного мышления обучающихся, Самара 2016г.
6. Брушлинский А.В. Психология мышления и проблемное обучение / А.В. Брушлинский. – М.: «Знание», 1983. – 96с.
7. Оконь В. Основы проблемного обучения / В. Оконь – Пер. с польск. - М.: «Просвещение», 1968. – С.186-203.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

*Амирова Ақнұр Ермековна, Мақтаарал ауданы,
№45 «Мәдениет» атындағы ЖОМ
Химия пәнінің мұғалімі
Иманбетова Жадыра Қуандықовна,
Мақтаарал ауданы, Қ.Мүсірепов атындағы ЖОМ
химия пәнінің мұғалімі*

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты елбасының Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Ұлттық жоспардың мақсаты — Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылығы дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ал креативті/шығармашылық ойлау - жаңа білімнің иновациялық идеялардың пайда болуының негізі. Шығармашылық ойлау қабілеті білім мен тәжірибеге негізделген және мақсатты түрде қалыптастырудың пәні бола алады.

Ондағы басты мақсат – жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық және креативті ойлау жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, жаңашыл, әдеттен тыс, тиімді, нәтижелі, ойтайлы шешімдер және шабыттандыратын, таңғажайып, ерекше дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын және креативті ойлауын қалыптастыруға болады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын және креативті ойлауын арттыру үшін академиялық білім беріп қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау, білімін күнделікті өмірде, шынайы жағдайларда пайдалана білу, проблеманы шешу, ғылыми-зерттеу дағдыларын, қарым-қатынас дағдыларын дамыту керек. Сабақтың мақсаттарына жету үшін тілдік дағдыларының төрт түрін түрлі комбинацияда оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым қолдана білу керек. Ол үшін мына мәселелерге үнемі көңіл бөлу керек:

Оқушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі «Блум таксономиясы» негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі жинақтау, талдау, бағалауға мән беру.

Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар оқушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу.

3. Оқушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, оқушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр 10 мин сайын жағдаятты өзгертіп отыру.

4. Оқушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту.

5. Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету.

Осындай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда оқушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады. Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуде қазіргі таңдағы оқыту технологияларының стратегияларын пайдалану тиімді болып келеді. «Миға шабуыл» стратегиясы, «Топтастыру» стратегиясы, «Дана химиктер» стратегиясы, «Мозаика» стратегиясы т.б. Мақсаты: Жалпы мәселені жұпта, топта, ұжымда талқылау. Бұл стратегиялар мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді. Оқушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын және креативті ойлауын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұхбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады. Мұғалім

ретінде, жаңа стратегияларды химия сабағында қолдану барысында оқушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» оқушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. 8-сыныпта химия пәнінен СТО (сын тұрғысынан ойлау) технологиясының әдістерін қолданып, бірнеше сабақтар өткіздім. Онда «Идеал» әдісі, «Попс формуласы», «Донстон ұшбұрышы», «Цицерон алгоритмі» әдісі, «Тірек конспекті» әдісі, Индуктор» әдісі, топтастыру әдістерін қолдандым және жеке, топтық, рольдік ойын жұмыстар жүргізілді. Үй тапсырмасын «Кім жылдам?», «СМС» ойыны түрінде ұйымдастырып, қай топта ұпай саны аз, сол жеңіледі. Сабақты жарыс түрінде ұйымдастырып жауап бермей қалған оқушыны қалдырмай, қайта оның есебін алып, оны сол бала үшін топтың артта қалғанын түйсігіне жаймен жеткізсе, ол оқушы да басқа оқушылардан қалмай жауап беруге тырысатынын және оған топтағы басқа оқушылар міндетті түрде көмектесетініне көз жеткіздім. Сол сияқты инновациялық технологиялардың Word wall, Learning Apps, Jamboard, Google disk, және Phet коларада әдіс - тәсілдерін 9-11-сыныптарда да пайдаланып, жақсы нәтижелерге жетіп жүрмін. Жоғары сыныптар үшін көбіне ЖИГСО стратегиясын қолданамын. ЖИГСО стратегиясын қолдануда мәтіннің көлемі үлкен, күрделі, ғылыми тұрғыда болуы керек. Себебі, қарапайым мәтін болса, оқушылар тәжірибелі топсыз-ақ өздері оқып, тіпті жаттап алып айтып береді. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл күйдің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге, оқыта үйрету ойындары оқушыларға білімдерін тереңдетуге, толықтыруға, бекітуге, алған білімдерін өмірде қолдана білуге, ақпарат көздерімен өздіктерінен жұмыс істеуге, ізденуге, әртүрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға, қиындықтан алып шығатын жол таңдауға, өмірде өзін бағалай білуге үйретеді.

1 – тапсырма.

Үлкен (Big-C) және кіші (Little-c) креативтілікке жіктеу

Бір нәрсені құрастырудың алғышарттарын құрастыру, хабарламаны дайындау, жобаны әзірлеу, шегенің көмегімен есіктің тұтқасын бекіту, дәлелді жауапты таңдау және жауап беру, жаһандық шешімді дәлелдеу, кестенің жоғалған элементтерін толтыру, ең көп таралған элементті - жер қыртысының металын атау және сипаттау, кино сценарийін әзірлеу, химиялық зертханалық жұмыс жоспарын құру, іс-шараны ұйымдастыру, алғашқы көмек көрсету кезінде дұрыс әрекеттерді анықтау, далалық сабақтардың жоспарын әзірлеу, химиялық теңдеулерді теңестіру және өлең шығару.

2 – тапсырма.

Адамдар ауаны тазарту үшін не істей алатыны туралы 3 идеяны ұсыныңыз. Идеялар барынша алуан түрлі боуы тиіс. Идеяларды нақты сипаттаңыз.

Кез келген адам орындай алатын іс – әрекеттің түрлерін қамтуға тырысыңыз.

3 – тапсырма.

Металл мен ерітінді арасындағы қосарланған электрлік қабатта пайда болатын потенциалдар айырымы - электродтық потенциал деп аталады. Электродтық потенциалдар мәні жоғары металл катод болып табылады, электродтық потенциалдар мәні төмен металл анод болып табылады. Анодта тотығу процесі, ал катодта тотықсыздану процесі жүреді.

Тапсырма: Суретке назар аударыңыз.



1 - сурет



2 - сурет

Асыл дүкеннен екі түрлі шелек сатып алды. 1 - суреттегі темір шелек, 2 - суреттегі мырышпен қапталған шелек. Суретті пайдаланып тапсырмаларды орындаймыз:

1. Қай шелек жылдам тотығады?
2. Оның себебін түсіндіріңіз?
3. Шелек тотықпау үшін қандай шара қолданамыз?

1. Идея _____
2. Идея _____
3. Идея _____

Жаңа заман талаптарына сай сабақта өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы болады. Олардың эмоциялық сезім-түйсіктеріне әсер ете білген ізденістердің пайдасы өте көп. Ақыл-парасаттан гөрі сезім-түйсігі ұшқыр балаларға көп жағдайда бағдарламалық тақырыптарды тосын тәсілдер арқылы түсіндіру пайдалы. Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, басқа да көптеген мәселелерді шешеді. Оқушы мемлекеттік стандартты ғана алып қоймайды, өз қабілетіне қарай таңдау, әрі қарай білімін дамытуға мүмкіндігі болады.

Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, танымдық, креативті ойлау қабілеттерін арттырудың, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамытудың бірден-бір көзі. Сонымен, жаңа педагогикалық технологияның әдістерін тиімді пайдалану арқылы «Білімді адам» парадигмасын, «Өзін-өзі дамытатын және әрекетшіл адам» парадигмасына өзгертуге болады. Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу

үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық деп ойлаймын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- «Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық - коммуникациялық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми-әдістемелік негіздері» Алматы – 2012 ж.
2. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспары. Ғылыми-әдістемелік журнал №4 2007 ж
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).
4. «Креативті ойлаудың дамытудың тиімді жолдары» Алматы -2013ж

ТӘЛІМГЕР МЕН ЖАС МАМАННЫҢ БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫНЫҢ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Нурсейтова Алия Ахметовна
Сауран ауданы Молда Мұса
атындағы жалпы орта мектебі
химия пәні мұғалімі*

«Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым» (Әл-Фараби)

Қазіргі заманғы реформалау жағдайында ұлттық білім беру жүйесі ерекше мәнге ие болады. Бұл жас педагогтарға барынша қысқа мерзімде бейімделіп, жаңартылған білім мазмұнына сәйкес білім алушыларға қызмет жасау.

2021-2022 оқу жылында жас маман Жүзжасарова Бибігүлге тәлімгер болып тағайындалды. Ең алдымен жас маманды педагог жұмыстары және ережелерімен таныстырып өттім. Атап өтетін болсам:

- Педагог жұмыстары мен ережелері.
- Әдістемелік нұсқаулық хат, нормативтік құжаттар.
- Пән бойынша оқу бағдарламасы.
- Сабақ жоспарын құрастыру, дидактикалық материалдар жасау керектігін таныстырдым.

Біз жұмысымызды бастарда үш кезеңге негіздеп құрдық.

1-ші кезең –бейімделу.

Тәлімгер өз мақсат, міндеттерін айқындайды.

2-ші кезең – негізгі.

Тәлімгер жас маманға арналған жоспарын әзірлейді және оны іске асыруға, өзін-өзі жетілдіруге көмектеседі.

3-кезең – бақылау-бағалау.

Тәлімгер оның дайындығын тексереді және жас педагогтың дәрежесін анықтайды, өзінің функционалдық міндеттерін орындайды.

Жас маманмен бастаған жұмыс түрі әңгімелесу, педагог көрсеткен қиындықтар, проблемаларды бірлесіп шешу.

Тәлімгерлік – бұл тұрақты диалог, тұлғааралық қарым-қатынас, демек, ұстаз ең алдымен шыдамды және мақсатқа ұмтылған болуға тиіс. Өз жұмысында жас педагог қолдануға тиіс неғұрлым тиімді өзара іс-қимыл түрлері: іскерлік және рөлдік ойындар, "шағын топтармен жұмыс", жағдайларды талдау, тілді дамытатын, жеке көшбасшылық қабілетін, шешім қабылдай білу, дәлелді тұжырымдау білу. Жүргізілген кеңестер мен әңгімелер перспективалық, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау. Сабақ өткізуге көмек көрсетілді, күнтізбелік – тақырыптық және сабақ жоспарлары, әзірлеу және қолдану, дидактикалық материалдарды сабақта қолдану үшін екені анықталды. Оқу процесінің ішінде Бибігул сондай-ақ, кез келген басқа оқытушының сабағына кіріп, тәжірибе алмасып, үйрену үшін сабаққа қатысып отырды. Тәлімгердің сабағына еніп, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану



жолдарын үйреніп, өзінің сабақтарында қоланып отырды, оқушыларды белсенділігі артуына ықпал жасалып отырды.

Қысқа мерзімді жоспар, ұзақ мерзімді жоспар БЖБ, ТЖБ жасау, оларды ұйымдастыру әдіс тәсілдерін, сабақ барысында қолданылатын тиімді тәсілдерді жас маманға үйретіп отырдым.

Оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану

- Қысқа дәріс
- Топтық жұмыс
- Визиттерді шақыру
- Ой шабуылы
- Рөлдік ойын
- Жағдайаттық тапсырмаларды шешу
- Сарапшы топтардың пікірталасы
- Жоба жасау

- Сұрау, сұхбат, сахналау
- Жағдайларды ойнау
- Қатысушылардың рөлінде ойнау
- Тригерлік (электрондық схемаларды) суреттерді талқылау
- Сұрау - квиз (бақылау) және т.б.

Интербелсенді оқыту әдістерінің артықшылығы:

- Қызығушылығын оятады.
- Оқу үдерісіне белсенді қатысқандарды мадақтайды.
- Көңіл-күйге бағытталады.
- Материалдардың тиімді игерілуіне мүмкіндік береді.
- Қатысушыларға көп қатысушылардың қырлы әсер етеді.
- Кері байланысты жүзеге асырады.

(аудиторияның жауап беруі)

- Қатысушыларда өзіндік пікір, қарым-қатынастар қалыптастырылады.
- Мінез-құлықтың өзгеруіне ықпал етеді.

Зертханалық іс-тәжірибені ұйымдастыру



Химия сабағында қолданылатын әдіс-тәсілдер, көбіне, периодтық кестенің электронды форматы мен оқушы назарын аударатын зертханалық тәжірибе жасау, виртуалды тәжірибе түрлерін ұсыну, оқушының ойлау қабілетін арттырады.



Периодтық кестемен жұмыс жасау әдістерімен бөлісу кезеңі



Жас маманның коучингке қатысу сәтінен көріністер, белсене қатысып іскерлігін көрсете білді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, «Әрқашан білімді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр. Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді», -деп Қаныш Сәтбаев айтқандай, біз ұстаздар ізденімпаз, шығармашыл жаңашыл болуымыз керек. Жас мамандарға қолдау көрсетіп, оқушыларға білімді бойына дарыта білуіміз қажет.

Тәлімгер тәлім алушыға күрделі тапсырмалар беріп, қолдау көрсетіп, қажетті түйінді қасиеттерден – сенімділік, ортақтастық, шынайылық, адалдық танытуы керек. Сонда ғана қателігін түзей алады.

Тәлімгер мен тәлім алушының арасында орнаған қарым-қатынас біліктілігі төмендеу мұғалімнің өзіне-өзі көмектесуіне мүмкіндік алады, проблемаларды өздігінен шешуге көмектеседі, өйткені тәлімгерлік түзету қағидатына емес, даму қағидатына негізделген. Жұмыс нәтижесінде оқушылар белсенділігі арттып, химия пәніне қызығушылықтары одан әрі арта түсті.

Осы оймен мектептегі әріптестеріммен сұхбат жүргізіп, оларды іс-әрекетті зерттеу мақсаттарымен таныстырып, тәлімгер мен жас маман арасындағы байланыстылық жақсы орнағанда білім сапасының да жоғарылауына ықпал ететіні көрініс тапты.

Биылғы оқу жылында оқушыларымыз көптеген жетістіктерге жетті. Аудандық пәндік олимпиададан, Қаныш Сәтбаев олимпиадаларынан аудандық кезеңнен I орынды Ахмет Нағима 9 «А» сынып оқушысы иеленді. Ғылыми жоба байқауы бойынша «Қардың қышқылдылығын және токсикологиясын анықтау» тақырыбында 8 «А» сынып оқушысы Абдурахман Шұғыла I орынды иеленіп, облысқа жолдама алды, сонымен қатар, пәндік олимпиадаға қатысып «Алғыс хат» аудандық марапаттар алды. 11-сыныптар бойынша жоғары ҰБТ-дан балл жинаған оқушылар жетістігі

Аты-жөні	Сыныбы	Химия пәні	Жалпы балы	Пән мұғалімі
Рустем Сабина	11 «А»	45 балл	137	Нурсейтова А
Абдиев Санжар	11 «В»	39 балл	129	Жүзжасарова Б
Әлі Ақбота	11 «Ә»	29 балл	109	Нурсейтова А
Есім Нұрлыхан	11 «А»	29 балл	103	Нурсейтова А

«Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды» (Абай Құнанбаев)
Білімді шәкірттеріміз білім шыңында шыңдала берсін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 <https://ust.kz>.

Тәлімгердің жас маман мен жұмыс жоспары.

<https://infourok.ru>

"Жаңа әдіс-тәсілдер"

<https://ppt-online.org>.

Интербелсенді әдіс-тәсілдер-Ustaz.telegi.

<https://alashainasy.kz>.

Интербелсенді әдіс-тәсілдер 2016ж

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АРТТЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Беркимбаева Мөлдір Нурлановна
Төлеби ауданы Қ.Мамытов атындағы
жалпы орта мектебінің химия
пәнінің мұғалімі

Кейінгі жылдары жиі пайдаланылып келе жатқан жаңа ұғымдардың бірі – инновация. Инновацияны жете түсініп, инновациялық әдіс-тәсілдерді мектеп өміріне кеңінен енгізу жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты болып табылады.

«Инновация» ұғымын анықтайтын нақтылы анықтама әлі де жасала қойған жоқ. «Инновация» – бұл нақты қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Оқу мақсатының жүйесінде берілген мақсаттың негізгі категорияларын пайдалана отырып, педагог өз еңбектерінің нәтижесі туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады. Демек, мақсат пен нәтиже – жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Инновациялық үрдістің негізі – жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады. Бұл яғни, бір мұғалім үшін табылған жаңа әдіс, жаңалық басқа мұғалім үшін өтілген материал тәрізді.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Инновациялық технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Инновациялық педагогикалық технологияларын шығармашылық қабілеттерін арттыруға өз үлесін қосады.

Жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды пайдлану арқылы оқыту жүйелі түрде іске асып, сапалы нәтижеге әкеледі. Бұл – оқытудың ажырамас бөлігі, маңызы. Оқыту – тәрбиенің құрамды бөлігі, қайнар көзі, жүйелі түрі. Оқыту арқылы тәрбиенің саналылығын, руханилығын, әсемділігін, адамгершілікке баулу жолын, еңбекшілігін, т.б. айқындар толықтыруға болады. Оқыту – тәрбиенің интеллектуалды түрі. Оқытудың инновациялық технология бойынша әдістемелік жүйесі, осы мақсатта сапалы нәтижеге жеткізуге мүмкіндік беретін танымдық іс-әрекеттер түрлерінің мазмұнын, белгілі деңгейде белсенділігін көздейді. Осы екі үрдістің өзара сапалы нәтижесінде оқушының өз ісіне сенімділігін, жауапкершілік сезімін, шығармашылық қабілеттілігін қалыптастыру мақсатын жүзеге асыруға жағдай туғызатын оқытудың инновациялық негізгі түрлері анықталады.

Инновациялық технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау; оқыту мен тәрбиенің бірлігі; баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту; әр студентті оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Еліміздің барлық оқу мекемелерінде білімнің жаңа жүйесі енгізіліп жатыр. Мұндағы негізгі мақсат – жаһандану заманында білімнің бүкіләлемдік кеңістігіне ену. Осыған орай, білімнің мазмұны да, оған қойылатын талаптар да өзгереді. Сол себепті қазір жалпы барлық оқу орындарында оқытудың инновациялық технологиялары қолданыла бастады. Сондықтан жаңашылдық керек, яғни, инновациялық жүйе негізінде оқу орнының оқушыларының белсенділігін арттыру, өзіне сенімділігін қалыптастыру, танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту олардың белсенділік-сенімділік сапаларын диагностикалық әдіс-тәсілдермен анықтауға, сабақта, сабақтан тыс уақытта өз ойын еркін жеткізе білуге үйретуге, қоғамда болып жатқан оқиғаларға қатысты көзқарастарының болуына, инновациялық тәртіп нормаларын, белгілерін, көрсеткіштерін анықтауға көмегін тигізеді.

Негізгі бөлім:

Химия сабағының қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Қазіргі таңдағы әдістемелер мен педагогикалық технологиялар пәннің инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы, әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Оқу-тәрбие үрдісінде қолданып, айтарлықтай нәтиже беріп жүрген инновациялық педагогикалық технологиялар мыналар:

Проблемалық оқыту.

Оқу іс-әрекетінде проблемалық жағдаяттарды құру және оларды шешу үшін оқушылардың белсенді өз бетінше әрекетін ұйымдастыру, нәтижесінде білім, білік, дағдыны шығармашылықпен меңгеру пайда болады, ақыл-ой қабілеттері дамиды. [3, 37 б.] [4, 8 б.]

Бұл технологияны пайдалану арқылы 9-сыныпта өткізілген «Органикалық заттардың ерекшеліктері мен маңызы. Органикалық қосылыстардың химиялық құрылысы» атты сабағымнан үзінді ретінде мысал ұсынамын

Кіріспе бақылау блогы.

Органикалық қосылыстар тақырыбы бойынша қалыптасқан білім деңгейін анықтау мақсатында тест орындатамын.

2.Мақсаты: Органикалық қосылыстардың қасиетін ұғынудағы білімді өзектендіру.

Тапсырма: Мүмкін болатын реакция теңдеулерін аяқтаңыздар.

1) $\text{CH}_4 + \text{Cl} \rightarrow \dots$;

2) $\text{CH}_3 + \text{Cl}_2 \rightarrow \dots$;

3) $\text{CH}_2\text{Cl}_2 + \text{Cl}_2 \rightarrow \dots$;

4) $\text{CHCl}_3 + \text{Cl}_2 \rightarrow \dots$;

3. Мақсаты: Проблемалық жағдаят туғызу.

Тапсырма: Тәжірибелік жұмыстарды орындаңыздар. Сынауыққа сірке қышқылының ерітіндісіне мырыш ұнтағын не түйірін немесе магнийдің түйірін салыңдар. Реакция баяу жүрген жағдайда аздап қыздырыңдыр. Не байқалады? Байқаған өзгерісті дәптерлеріңізге жазыңыздар. Бұл сіздерді қызықтырады ма? Реакция теңдеуін құрастырыңыздар. Сірке қышқылы қандай қасиет көрсетеді?

4. Мақсаты: Сірке қышқылының қасиетін ұғыну.

Тапсырма: Тәжірибелік жұмыстарды орындаңыздар. Сынауыққа сірке қышқылының ерітіндісіне аздаған натрий кобанатының ұнтағын немесе бордың кішкене түйіршігін салыңдыр. Не байқалды?

5. Мақсаты: Тәжірибе нәтижелерін түсіндіріңіздер.

4-тапсырмада сірке қышқылы натрий кобанатымен және бормен реакцияға түседі ма?

Үйге тапсырма: Мына сұрақтардың жауабын жазбаша түрде жазыңыздар: Органикалық қосылыстарда көміртек, сутек, оттек атомдары қандай валенттілік көрсетеді? Бірнеше заттың формуласын жазып, мысалдар келтіріңдер.

Органикалық заттарға қандай қосылыстарды жатқызады? Органикалық заттардың бейорганикалық заттардан қандай айырмашылығы бар?

Деңгейлеп оқыту технологиясы.

Мұғалімнің әлсізге көмектесу, күштіге көңіл бөлу мүмкіндігі бар, күшті оқушылардың білім алуда тезірек, тереңірек ілгерілеуге деген ұмтылысы жүзеге асады. Мықты оқушылар өз қабілеттерімен расталады, әлсіз оқушылар оқуда табысқа жетуге мүмкіндік алады, оқу мотивациясының деңгейі артады. [3, 37 б.]

Сабақ беру үрдісінде мынандай негізгі факторларды басшылыққа аламын:

- оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу тиімділігін арттыру;
- жекелей, жұппен, топпен жұмыс жүргізу;
- ойлау қабілетін дамытатын есептер беру;
- қабілетіне қарай деңгейлік тапсырмалар беру;
- оқушылардың теориялық-практикалық сауаттылығын арттыру;

8- сынып бойынша «Оксидтердің жіктелуі мен алу жолдары», «Тұздар. Құрамы және химиялық қасиеттері», 9-сынып бойынша «Бейорганикалық қосылыстар», «Азот, Фосфор» т.б. өткен тақырыпты пысықтау, үй тапсырмасын тексеру кезінде пәнге қызығушылығын арттыру үшін сұрақ-жауап ретінде «Миға шабуыл», «Кім жылдам?», «Білімді байқап көр», формулалар сайысы, бейне сұрақ, химик сараман, жарқыраған шың т.б ойын элементтерін қолданып, оқушылардың белсенділігін арттырамын.

Сонымен, оқушының үлгерімі, білім сапасының жоғары болуы ең алдымен мұғалімнің өз міндетіне, шеберлігіне байланысты. Мұғалім өз міндетін тек оқыту, түсіндіру емес, ең алдымен оқушылардың оқу еңбегін танымдық оқу іс-әрекетін сауатты ұйымдастыру, басқару деп білуі тиіс.

Жобаны оқыту әдістері.

Бұл әдіс бойынша жұмыс оқушылардың жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтауға саналы түрде келуге мүмкіндік береді. [7, 105 б.]

Оқытудағы зерттеу әдістері.

Оқушылардың өз бетімен білімін толықтыруға, зерттелетін мәселеге терең бойлап, оны шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді, бұл дүниетанымын қалыптастыруда маңызды. Бұл әр оқушының жеке даму траекториясын анықтау үшін маңызды.

Оқытуда белсенді әдістерді қолдану технологиясы: рөлдік, іскерлік және басқа да оқу ойындарының түрлері.

Ой-өрісін кеңейту, танымдық белсенділігін дамыту, практикалық іс-әрекетте қажетті белгілі бір іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру, жалпы білім беру іскерліктері мен дағдыларын дамыту. [7, 105 б.]

Ынтымақтастықпен оқыту (топтық, топтық жұмыс).

Ынтымақтастық ересектер мен балалардың бірлескен даму іс-әрекеті идеясы ретінде түсіндіріледі. Жеке көзқарастың мәні субъектіден емес, баладан

субъектіге өту, балада бар мүмкіндіктерден, тұлғаның психологиялық-педагогикалық диагностикасын қолдану. [8, 19 б.]

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Білім беру мазмұнын өзгерту және шектеусіз байыту, кіріктірілген курстарды пайдалану, интернетке қосылу.

Осыған орай, өз практикада жиі пайдаланып оқушылардың білім-білік дағдысын қалыптастыруда жемісті нәтиже көсетіп келе жатқан АКТ пайдалануға байланысты бірнеше әдіс-тәсілдерді ұсынамын:

КАНООТ - викторина, дидактикалық ойындар мен тесттерді құруға арналған бағдарламасы. Оқушылар мұғалім жасаған тапсырмаларға планшеттерден, ноутбуктерден, смартфондардан, яғни интернетке кіру мүмкіндігі арқылы кез келген құрылғыдан жауап бере алады. Қажет болса, мұғалім қойылған сұрақтарға жауаптар үшін ұпай енгізе алады: дұрыс жауаптар мен жылдамдық үшін. Табло мұғалімнің компьютерінің мониториянда көрсетіледі. Тестке қатысу үшін оқушылар тек қызметті ашып, мұғалім компьютерден ПИН -кодты енгізуі керек. Бұл программаны пайдалану арқылы мен оқушылардың өз пәніме деген қызығушылығының артқандарын байқадым. Бағдарламаны пайдалану: оқушылармен кері байланыс жасап отыруға да ыңғайлы.

«Plickers оқыту» платформасы. Мұғалім оқушыларға аты -жөні жазылған карталарды дайындайды, содан кейін экранда тест сұрақтарын көрсетеді және оқушылардың жауаптарын телефоннан немесе планшеттен сканерлейді. Қосымшаның артықшылығы - оқушыларға ұялы телефондар мен интернетке қосылу қажет емес, ал мұғалім тест нәтижелерін экраннан бірден көре алады.

Quizlet - жаңа сөздерді есте сақтауға арналған тамаша платформа. Сіз дайын карталар жиынтығын қолдана аласыз немесе сөздердің жеке қорын жасай аласыз. Платформа сонымен қатар түрлі тесттер, ойындар мен қосымша функцияларды ұсынады. Сіз интерактивті тақтада бүкіл сыныппен жұмыс жасай аласыз немесе сілтеме арқылы виртуалды сыныптағы әр оқушыға жеке тапсырмалар бере аласыз.

Жоғарыда аталған платформалар негізінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, білім деңгейінің артқандығын анықтадым.

Денсаулық сақтау технологиялары.

Бұл технологиялар мен әдістерді қолдану сабақ барысында әртүрлі тапсырмалар түрлерін біркелкі бөлуге, ақыл-ой әрекетін физикалық минуттармен алмастыруға, күрделі оқу материалын көрсетуге уақытты анықтауға, оқуда оң нәтиже беретін өзіндік жұмысқа уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Портфельдік инновацияларды бағалау жүйесі.

Жеке тұлғаның жеке даму траекториясын анықтай отырып, әлеуметтік өзін-өзі анықтауды педагогикалық қолдау құралы ретінде оқушы жетістіктерінің дербестендірілген есебін қалыптастыру.

Қазіргі педагогикалық технологиялар мен жаңа әдістерді меңгеру мұғалімнің әдістемелік мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу тек оқушының ғана емес, мұғалімнің де ұстанымын, үйреншікті қатынасын өзгертеді.

Қорытынды.

Қазіргі уақытта Қазақстанда әлемдік білім кеңістігіне еруге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Бұл процесс педагогикалық теория мен оқу-тәрбие процесінің практикасындағы өзгерістермен қатар жүреді. Заманауи мұғалім білім сапасын ойлай отырып, тек өз пәніне көңіл бөле алмайды. Өйткені, білім сапасы балалардың мектепте болуының санитарлық-гигиеналық жағдайынан бастап, оқушылардың білім мен дағдыдағы жетістіктеріне дейін оқу-тәрбие процесінің барлық аспектілерін қамтиды [5, интернет ресурстары]. Дегенмен, заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды енгізу дәстүрлі оқыту әдістерін толығымен алмастырады дегенді білдірмейді, керісінше оның құрамдас бөлігі болады. Өйткені педагогикалық технология – оқыту теориясына негізделген және жоспарланған нәтижелерді қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістерінің, әдістемелік тәсілдерінің, формаларының жиынтығы [2, 29 б.].

Мұғалім үшін жылдар бойы қалыптасқан сабақтың стереотиптерін жеңу өте қиын. Оқушыға жақындауға және қателерді түзетуге, дайын жауапты ұсынуға үлкен ынта. Оқушылар де осындай проблемаға тап болады: олар мұғалімді көмекші, танымдық әрекетті ұйымдастырушы рөлінде көруге дағдыланбаған. Заманауи білім беру жүйесі мұғалімге көптеген инновациялық әдістердің ішінен «өзіндік» таңдауға, өзінің жұмыс тәжірибесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда заманауи сабақты ойдағыдай өткізу үшін өз ұстанымын қайта қарастыру, не үшін және қандай өзгерістер қажет екенін түсіну мына біздер педагогтердің бірден-бір мақсаты деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Петров А.А., Бальян Х.В., Трощенко А.Т. Органикалық химия. М. ВШ., 1981ж.
Грандберг И.И. Органическая химия. М.,1974г
Бірімжанов Б. Жалпы химия. Алматы: ҚазҰУ, 2001ж.
Бірімжанов Б., Нұрахметов Н. Жалпы химия. Алматы: Ана тілі-1992ж.
Ахметов Н.С. Общая и неорганическая химия. М.ВШ., 1988г. Усанович М.И. Из истории химии. Алматы: «Қазақ университеті»-2004ж
Шоқыбаев Ж. Бейорганикалық және аналитикалық химия. Алматы: «Білім», 2003ж.

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУДЕН ІС- ӘРЕКЕТТІ ЗЕРТТЕУГЕ ӨТУ

*Тәжібаева Қ.Ж. «Білім беруді дамыту орталығы» КММ, әдіскер
Кыдырәлиева Гульнур Боранбаевна,
Бәйдібек ауданы, О.Орманов атындағы ЖОМ
биология пәнінің мұғалімі*

Lesson Study (іс-әрекетті зерттеу) - сыныпты зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Бұл 1870 жылдары Жапонияда тәжірибені жақсарту мен жетілдіру мақсатында пайда болған. Lesson Study тәсілі Макота Йошида Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбританияда жаңа тәсілдің таныстырылымын жасағаннан кейін, Жапониядан тыс жерлерде 2007 жылдан бері танымал бола бастады. Аталған елдердің зерттеушілері жапондық ғалымдардың халықаралық зерттеу аясында көрсетілген академиялық жоғары жетістіктеріне ықылас танытты. Йошида бұл жетістік Lesson Study-дің жапон мектептерінде кеңінен қолданылуынан болып отыр дегенді алға тартады, сондықтан қазіргі кезде Шығыс Азияның бірқатар елдерінде мұғалімдердің педагогикалық білімдері мен тәжірибесін дамытуға арналған тиімді құрал ретінде белсенді енгізіліп жатыр.

Іс-әрекеттегі зерттеу жүргізуге бағытталған бес қадамды негізге ала отырып, іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу үшін негізгі бағыттар мен басымдылықтар анықталып, осы сыныптағы білім сапасын арттыру мақсатында төмендегідей жоспар құрылды:

1. Іс-әрекеттегі зерттеуге арналған тақырыпты таңдауды негіздеу.
2. Іс-тәжірибеге енгізілген өзгерістер және пайдаланылған дерек жинау әдістері.
3. Тәжірибеге өзгерістерді енгізу.
4. Іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу үдерісіндегі шектеулер және бұдан кейінгі іс-тәжірибеге жасайтын ықпалы.
5. Деректерді талдау, қорытындылау және оқытудағы келешек өзгерістерді жоспарлау.

Зерттеу жүргізудің белгілі 5 қадамы бар:

1-қадам. Зерттеуге арналған тақырыпты таңдауды негіздеу. Бұл үшін І тоқсанда төменгі білім сапасын берген 9-сынып оқушылары таңдалып алынды. 9-сынып оқушыларының сабақтарына қатысып, оқушылар мен ата-аналардан сауалнама алынып, мектеп психологтары мен бірігіп, жеке оқушылардың мүмкіндіктері бақыланады.

2-қадам. Зерттеуді әзірлеу, дерек жинау үшін пән иелерімен, оқушылармен сауалнамалар жүргізіледі. Сауалнамалар қорытындылары талданып, тақырып таңдауға негіз болады. Сыныпта түрлі деңгейдегі оқушылар болғандықтан, «Саралап оқыту арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру» тақырыбы таңдалып алынды.

3-қадам. Тәжірибеге өзгерістерді енгізу үшін орта мерзімді жоспар бойынша тізбектелген 3 сабақ жоспарланады. Ең маңыздысы осы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған нәтижеге негізделуі. Құрылған жоспар бойынша әр оқытушы өз жұмысының нәтижесін көру үшін, әр оқушыны назарда ұстау үшін оларға жауапкершілікке бағытталған тапсырмалар берілу керек. Әр сабақтан соң, «Мен не ұтамын?» және «Оқушы не ұтады?» деген сұрақтарды естен шығармай, әр сабақ кезінде бағалау әдістерін қолданудағы оң нәтижелері мен кездескен кедергілерді саралай отырып, одан әрі жетілдіру үшін қайта жоспарланады.

4-қадам. Іс- әрекеттегі зерттеу жүргізу үдерісіндегі шектеулер мен бұдан кейінгі іс - тәжірибеге жасайтын ықпалы. Әр сабақтың жетістігі мен кездескен кедергілерді талқылап, алдағы уақытта нені ескеру қажет екеніне рефлексивтік есеп жазылып, нәтижесінде оқушылардың жеке даму аймағы анықталып, тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер өзгертіледі.

5-қадам. Деректерді талдау, қорытындылау және оқытудағы келешек өзгерістерді жоспарлау.

Саралау («Дифференциация» - латын тілінен аударғанда «айырмашылық») – білім беру мазмұнын табысты игеруге, оқушының қабілетін және икемін дамытуға барынша қолайлы білім беру ортасын құру. Саралап оқыту дегеніміз - бір материалды барлық оқушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді және мұғаліммен әрбір оқушының қабілетіне қарай тапсырмаларды қиындық деңгейі бойынша жіктей отырып, сабақты ұйымдастыруды талап етеді.

Саралап оқытудың тиімді жақтары:

- мұғалімдерде әлсіз оқушыларға көмек беруге және қабілеті жоғары оқушыларға қолдау көрсетуге мән беруге мүмкіндік туады;
- сыныпта қалыс қалатын оқушылар болмайды;
- қабілеті жоғары оқушылар терең білім алуына мүмкіндік беріледі;
- қабілетті оқушылар өз жетістіктеріне көз жеткізе алады, әлсіз оқушылар өз білімдерін көрсетуге мүмкіндік алады, өзіне сенімділіктері артады.

Жаңа материалды оқушыларға ұсынуда түрлі анализаторларға (көру, есту, қозғалу) сүйену қажет. Бұл тақырыпты жақсы түсініп, меңгеруге ықпал етеді. Оқыту барысында саралаудың дереккөздер тәсілі деген оқушылардың қажеттілігіне, қызығушылығына, білімді, ақпаратты қабылдауына қарай әр түрлі дереккөздермен жұмыс жасайтындай тапсырмалар беру болып табылады. Психологтар оқушылардың білімді немесе ақпаратты қабылдауын үш түрге бөліп қарастырады. Олар визуалдар, аудиалдар және кинестетиктер. Сондай-ақ, ақпаратты қабылдаудың сирек кездесетін дискреттер деген түрі де бар.

Аудиалдар – бұл оқушылар ақпаратты есту арқылы қабылдайды. Ақпаратты игеру және түсіну үшін аудиал оқушыларға тыңдатып және

қайталап айтып өту керек. Бұл типтегі оқушыларға тыңдау арқылы қабылдауға болатын дереккөздерді ұсынған жөн. Мысалы, аудио және бейнежазбалар, аудиокітаптар т.б алуға болады.

Визуалдар – бұл оқушылар көптеген жағдайда дүниені көзбен көру арқылы қабылдайды. Бірақ бұл визуалдар есту, сезу арқылы білімді қабылдай алмайды деген сөз емес. Дегенменен де олар ақпаратты көру арқылы көбірек қабылдайды. Бұндай оқушыларға кестелер, мәтіндер, суреттер, презентациялар, картиналар, видеожазбалар секілді көру арқылы қабылдауға мүмкіндік беретін дереккөздер ұсынып жұмыс жасатқан жөн.


Кинестетиктер (көне грек тілінен аударғанда – «қозғалтамын, ұстап көремін», ағыл. kinesthetic – «қозғалысқа сезімтал») – ақпараттың көптеген бөлігін дене арқылы сезіну жолымен жанасу арқылы қабылдайтын оқушылар. Бұндай оқушыларға өз көзімен көріп, қолымен жұмыс жасап қабылдауына мүмкіндік беретін дереккөздермен жұмыс жасаған жөн. Ондай дереккөздерге табиғи көрнекіліктер, гербарий, тұлыптар, ылғал препараттар беру, зертханалық жұмыстар жасау, тәжірибелік жұмыстар, жобалық жұмыстар т.б.

Жаңа білім ұсынуда оқушылардың қабылдау ерекшелігіне байланысты түрлі әдістер қолданылды.

Топтар	Әдіс- тәсілдер	Жүргізілу барысы
Визуалдар	“Фри таяқшалары”	Оқушыларға фри таяқшасы етіп жасалған сұрақтар таратылады. Бейнежазбаны қарау арқылы сұрақтарға жауап береді.
Аудиалдар	“Сызбалар сөйлейді”	Оқулықтан алған білімдерін жұптарымен талқылайды. Өздерінің жақсартылған жауаптарын сыныппен бөліседі.
Кинестетиктер	“Мен саған, сен маған”	Оқулықты пайдалана отырып әр топ Мендель заңдарын қолдана отырып, моногибридті будандастыруға есеп құрастырады. Құрастырылған есептерді келесі топқа ұсынады.

Келесі кезекте тапсырмаларды саралау арқылы ұсынамыз.

Мұғалім оқушылардың зер салып тыңдауын сақтап қалу мақсатында сыныпта орындалатын жұмыстың барынша күрделі және әртүрлі болуын қадағалайды. Бұл ретте оқушылардың бойында тапсырмаларды орындау үшін қажетті дағдыларды қалыптастырып, білім береді. Мұғалім оқушыларда Чиксентмихай «өзіндік мақсат» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауға тырысуға тиіс. Егер, оқушыға берілген оқу тапсырмалары өте жеңіл болса, ол зерігіп кетуі мүмкін. Ал, өте қиын болса, алаңдауы мүмкін. Сондықтан да, мұғалім әр баланы жақсы біліп, оқушыларды ағында ұстауы қажет.



16-сурет. Оқушыларда «өзіндік мақсатты» қалыптастыруға арналған жағдайлар

Үлгерімі төмен сыныптарға ойлау дағдыларының деңгейін білу, түсіну, қолдану, жоғарғы деңгей тапсырмаларын ретімен ұсынамыз. Ал үлгерімі жоғары сыныптарға ойлау дағдыларының деңгейін қолдану, жоғарғы деңгей тапсырмаларын ұсынамыз.

Оқу мақсаты: 9.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару.

Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану, жоғарғы деңгей.

- 9 “Ә” сыныпқа жасалған тапсырмалар:

1. Бұршақ тұқымдасының сары түсі- А жасыл түсіне- а-ға қарағанда доминантты. Ал тегіс пішінді-В бұдыр пішінді- в- дан басым. Мынай генотиптері бар өсімдіктер қандай гаметалар түзеді және тұқымдардың түсі мен пішінін анықтаңыздар:

А) aaBB; Ә) AaBb; б) aabb; в) AABb; /Білу, түсіну/

2. Мынадай жолдармен будандастырғанда алынатын ұрпақтардың сыртқы көрінісін анықтаңдар:

А) aaBB x aabb; Ә) AaBb x AaBb; Б) AaBB x AaBb; /Қолдану/

3. Тауықта қара түс- А, қоңыр-а; айдарының болуы – В, айдарының болмауы- в. Қоңыр айдарлы қораз айдары жоқ қара тауықпен шағылыстырылды. F₁-де 50% балапан қара, айдарлы; 50 % қоңыр, айдарлы. Ата- анасының генотипі қандай? /Жоғарғы деңгей/ Талдау.

Оқу мақсаты: 9.2.4.3 дигибридті будандастырудың цитологиялық негіздерін дәлелдеу және есептер шығару.

Ойлау дағдыларының деңгейі: қолдану, жоғарғы деңгей

- 9 “А” сыныпқа жасалған тапсырмалар:

1. Теңіз шошқаларында бұйра жүні- А, тегіс – а , қысқа жүні- В, ұзын-в. Дигетерезигота мен доминантты дигомозиготаны шағылыстырудан F₁-де қандай болады? /Қолдану/

2. Тауықта қара түс- А, қоңыр-а; айдарының болуы – В, айдарының болмауы- в. Қоңыр айдарлы қораз айдары жоқ қара тауықпен шағылыстырылды. F₁-де 50% балапан қара, айдарлы; 50 % қоңыр, айдарлы. Ата- анасының генотипі қандай? /Жоғарғы деңгей/ Талдау

3. Тауық пен қораз, қара айдары бар. F₁-де барлығы 13 балапан алынады, оның 7-еуі қара, айдары бар, 3-еуі қоңыр, айдары бар, 2-еуі

қара, айдары жоқ және 1-еуі айдары жоқ. Барлық генотипті сипаттаңдар. /Жоғарғы деңгей/ Жинақтау

Саралап оқытуда қолданылатын әдіс тәсілдер:

«Көмекшілер»

Мақсаты: Оқушыларды қарым-қатынасқа түсіру және тапсырманы уақытылы орындауға мүмкіндік туғызу.

Жаттығудың сипаттамасы: Сыныпта жұмысты басқалардан бұрын аяқтайтын оқушылар болады. Осындай оқушылардан орындарынан тұрып, басқаларға көмектесу үшін сынып ішінде жүруін сұраңыз. Жұмыстарын аяқтаған оқушылар саны көбейген сайын, көмекшілер саны көбейеді. Соңында сыныптың жартысы көмекшілерге айналып, үлгермей жатқан оқушыларға көмек бере алады.

«Тыңдап отырған үштік»

Мақсаты: Бұл әңгіме тақырыбының тұжырымдамасын және үдерісті түсінуді дамытатын ақпарат алуға арналған құрылымдалған жаттығу. Сондай-ақ бақылаушы рөлі арқылы өзін-өзі сараптауды дамытуға ықпал етеді.

Ұйымдастыру: Оқушылар үшеуден отырады, екеуі бірге, ал біреуі оларға қарсы сәл алшақта, сөйлесуге қатыспайды, бірақ бақылайды.

Жаттығудың сипаттамасы: Оқушылар топта үшеуден отырады. Әр оқушы шешен, тілші және хатшы рөлін атқарады. Шешен бір нәрсені айтады, сұрақты түсіндіреді немесе пікірін білдіреді. Тілші көмектесіп айтып отырады және түсініктеме беруді сұрайды. Хатшы қажетті жерлерін түртіп алып, әңгіме соңында қорытынды береді. Келесі жолы рөлдер ауысады

«Өкіл»

Мақсаты: Белсенді тыңдау, қауым алдында сөйлеу және анық баяндау, тәжірибе алмасу және өзара байланысты болу.

Ұйымдастыру: Топтарды сынып бойынша үш-төрттен орналастыру.

Жаттығудың сипаттамасы: Топтар тапсырмаларды орындап болғаннан кейін топтың бір адамы «елші» болып сайланады да, зерделенген материалды түсіндіру және жинақтау, бұл туралы жаңа топтың ойын, бір шешімге келгенін немесе жетістікке жеткенін білу үшін басқа топқа барады. Бұдан кейін елші өз тобына қайтып оралып, білгендерін айтып береді. Бұл – шаршататын және бір сарынды «баяндама жасалатын», мезі қылатын сабақтардан құтылуға мүмкіндік беретін тамаша әдіс. Сондай-ақ бұл әдіс елшінің тілді қолдану шеберлігін көрсетеді, әрі белсенді тыңдаушылар тобын қалыптастырады.

«Бірге ойлаймыз»

Мақсаты: Сыныптағы елеусіз қалған оқушыны сабаққа/ортаға тарту.

Көршілеріңіз естімейтіндей етіп, сіздің сұрағыңызға жауапты талқылаңыз.

Мұғалім 1-4-ке дейін санды таңдайды. Осы санға сәйкес келетін оқушы жауап береді. Талқылау және саралау үшін тамаша әдіс.

«Тоңазытқыш»

Мақсаты: Оқушылардың қажеттілігін анықтау

Ұйымдастыру: Оқушыларға жаңа сабақтың тақырыбын және оқу мақсатын таныстыру, тақтаға тоңазытқыштың суретін ілу.

Жаттығудың сипаттамасы: Бүкіл сыныпқа сабақ тақырыбы мен оқу мақсаты таныстырылғаннан кейін бұл сабақ бойынша не білгілеріңіз келетіндігі жөнінде ойлануға уақыт беріп, стикерге жазылған сұрақтарды тоңазытқышқа ілдіреді. Сабақ барысында мұғалім стикердегі сұрақтарға әлсін-әлсін оралып отырады.

«Карусель»

Мақсаты: Жаттығудың бұл түрі барлық оқушылардың белсенді жұмысқа тек өзінің таңдауымен ғана емес, әртүрлі серіктерімен бір мезгілде араласуына мүмкіндік беру.

Жаттығудың сипаттамасы: Оқушылар екі топқа бөлініп, ішкі және сыртқы қосарлы шеңберге бір-біріне бетпе-бет қарап, екі шеңбер құрады. Ішкі шеңбер – қозғалмайтын шеңбер, шеңбер ортасына олар арқасын беріп тұрады. Сыртқы шеңбер – қозғалмалы, шеңбер ортасына бетін қаратып тұрады. Әрбір оқушы өзіне қарама-қарсы тұрған оқушыға бір сөйлем айтып, оңға қадам жасайды. Сөйлем қойылған мақсатқа байланысты болады. Мысалы, әріптесінің жағымды жақтарын көрсету үшін «Мен сен сияқты ақылды, ұстамды болғым келеді» деуге болады. Әрқайсысы жаңа әріптесі келген сайын оның қасиеттерін айтып отырады.

«Құмырсқа»

Мақсаты: Оқушылардың мәтінді оқуға қызықтыру және өз қабілеттерінше рөлдерді атқаруға мүмкіндік беру.

Жаттығудың сипаттамасы: Сыныптағы қабырғаларға мәтіндер ілінеді әр топтың 2 оқушысы мәтінді оқып, ақпаратты түртіп алып келеді. Топтағы ақпаратты жазып отырған оқушы, қағаз бетіне түсіреді. Соңында әр топ өзіне қатысты ақпаратты жинақтап, оны топта талқылап, сыныпқа құрған мәтіндерін ұсынады және мәтінге байланысты сұрақтар құрастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Саралап оқытуды ұйымдастырудың тиімді жолдары /Ж.Д.Жансүгірова; Е.Т. Оспанова/ Астана 2017ж
2. Оқу үдерісінде саралап оқытудың әдіс- тәсілдері / Қ.Қ. Тілеуов; Д.Ж. Қалиев; А.А. Рсыбекова/ Астана 2017ж

3. Жоспарлау мен оқытуда саралау тәсілдерін қолдану /І.І. Жоламан/
Атырау 2019ж
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Бірінші (ілгері) деңгей, Екінші басылым;
5. Топтық жұмыс туралы нұсқаулық;
6. Іс – әрекеттегі зерттеу жөніндегі нұсқаулық;

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ПӘНГЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Құлшыманова Ұлжалғас Есіркепқызы, Бәйдібек ауданының АӘД бөліміне
қарасты Мұхтар Әуезов атындағы ІТ-мектеп-лицейінің
биология пәні мұғалімі*

*Қасым Қайырбек Тайырұлы, Отырар ауданы АӘД бөліміне қарасты
С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің биология пәні мұғалімі*

Білген адам білімді өмір бойы іздейді. Философ Джон Дьюи кезінде былай деген екен: «Егер біз бүгін де кешегідей оқытатын болсақ, онда балаларымыздың ертеңін ұрлаймыз». Осыған сәйкес мұғалімнің негізгі міндеті өзінің кәсіби біліктілігін тұрақты, жүйелі, шынайы түрде дамытып, әр сабағын қайталанбас бірегей құбылыс болып табылады. Осы арқылы әр сабақтың табысты және тиімді оқыту мен оқуға айналатындығы сөзсіз.

Сондықтан, оқыту барысында әрбір мұғалім мына сұрақтарды қамту керек деп ойлаймын:

1. Биология сабағында қандай дағдыларды қалыптастыру керек? Неліктен?
2. Оқушыларға осы дағдыларды қалыптастыру үшін мұғалімге не қажет?
3. Білім мен дағдыларды қалай қалыптастыру керек?
4. Мұғалімге өз дағдылары мен құзыреттілігін қалай қалыптастыруға болады?

Биология пәнінде дағдыларды (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым) дұрыс қалыптастыру мақсатында инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының пәнге қызығушылығын арттыру жолдары:

1. Білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес оқу мақсаттарын қоя білу. Осы кезеңде оқу бағдарламасының мазмұнын зерттеу және талдау жүзеге асырылады.

Сабақтың мақсаттары мен міндеттерін қою кезінде мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктері, олардың оқу стильдеріндегі жеке айырмашылықтары, қажеттіліктері мен білім деңгейі туралы ақпаратты жақсы біліп, іс жүзінде қолдануы тиіс.

2. Сабақтың тақырыбын педагогикалық міндетке, іс-әрекетке аудару білу; күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу дәлелдерін анықтау үшін мазмұнды

және бағалау тапсырмаларын жоспарлау; оқытуды жоспарлау, бағалау және оқушыларды тарту дағдылары.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің бұл кезеңінде мұғалім сабақтың белгілі бір тақырыбы аясында оқу материалының мазмұнын анықтайды және сабақтың мақсатын SMART форматында тұжырымдайды.

3. Педагогикалық іс-әрекетті әзірлеу қабілеті: оқыту және оқу.

Осы кезеңде мұғалім оқушымен/оқушылармен бірге сабақтың мақсатына және сабақта әр оқушының мақсатына жету үшін оқу процесін әзірлейді.

4. Тиімді оқытуды жүзеге асыру дағдылары.

Мұғалім оқушыларды оқу процесіне белсенді тартуды ұйымдастырады.

5. Оқушылардың жұмысын бағалау дағдылары және оқыту әдістемесі мен стратегиясының тиімділігі.

Соңғы кезеңде мұғалім оқушылардың бағалауын, өзара бағалауын және өзін-өзі бағалауын ұйымдастырады.

Мен өзімнің 20 жыл еңбек өтілімнен алған тәжірибем бойынша айтар болсам, ақпараттық технологияларды қолдану арқылы биология пәнінде инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушының пәнге қызығушылығын арттыру жолдарын басты назарда ұстадым.

Оқыту үдерісі үздіксіз айналымы. Сондықтан тиімді оны ұйымдастырудың (немесе ұйымдастыру түрлері) алуан түрлерін қолдану өнеріне тәуелді болады. «Оқытуды ұйымдастыру түрлері – бұл мұғалім мен оқушының өзара әрекетінің ерекшеліктері, басқару мен өзін-өзі басқарудың ара қатынасы, оқыту орны мен уақыты ерекшеліктері, оқушылардың саны, оқытудың мақсаты, мазмұны, әдісі, құралы мен нәтижелері көзқарасы тұрғысынан оқыту үдерісінің толыққанды жүйелік сипаттамасы». Оқытуды ұйымдастыру түрлерінің жіктелуінің көптеген әдістері бар.

Әдіс - нақты бір міндетті шешуге арналған әрекетті практикалық не теориялық тұрғыдан игерудің біршама біркелкі тәсілдерінің, операцияларының жиынтығы.

Тәсіл-әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, әдісті іске асырудағы жеке қадам.

Кез келген инновациялық үрдістің нысаны – оқушы. Оқушы білімін дамытуда жаңа технологияның орны ерекше. Оқушылар мұнда сабақтағы негізгі тұлға ретінде қарастырылады.

Пәндік құзыреттілікті арттыру үшін интербелсенді оқытуды келесі жұмыс түрлері мен әрекеттері арқылы жүзеге асыра алады:

- бірлескен жұмыстар формасы (жұптық, топтық, барлық сыныппен);
- жеке және бірлескен зерттеу жұмыстары;
- белсенді стратегиялар, әдіс – тәсілдер;
- оқу, рөлдік және іскерлік ойындар;
- пікірталастар;
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, интернет, құжаттар, мұражай т.б.);


- шығармашылық жұмыстар;
- жағдаяттар арқылы үйрену, нақты ситуациялар, кейс – стади;
- презентациялар;
- компьютерлік оқыту бағдарламалары;
- виртуалдық зертханалар;
- тренингтер және т.б.

«Теория үйде, тәжірибе сабақта деп бекер айтылмаса керек. Меніңше, тек қана үздіксіз іздену мен уақытты ұтымды пайдалану арқылы жүзеге асады.

2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің басшылығымен ұйымдастырылған «Мектептегі жаратылыстану және биология сабақтары: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы 5 бөлімнен тұрады. Әрбір бөлімді қамтығанда әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануды басты назарда ұстаймын.

1. Пәндік құзыреттілік - пәндік сипаттағы күтілген нәтижені қарастыратын; оқу пәндерінің мақсат-міндеттерін анықтайтын бағыт.

11-сыныпта «Жасушалардың негізгі компоненттерін анықтау» жаңа сабақты меңгерту үшін «Stop-кадр» әдісін қолдандым. «Stop-кадр» — видеофильмнің бір сәтімен (кадр) жұмыс. Кадр экранда тоқтатылады, сұрақтар қою арқылы оқушылар диалогқа тартылады. Тыңдалым мен айтылым дағдысы қалыптастырылады.



(Видео:<https://www.youtube.com/watch?v=aTC6pTSluUs>)

Тапсырма:

1-топ: Өсімдік жасушасы

2-топ: Жануар жасушасы

Тапсырма:

1. Топ мүшелері кадрды көреді, көріністі бір-біріне толықтай сипаттайды.
2. Топ мүшелері бір-бірінен нақтылау сұрақтарын беру арқылы тақырыптың мазмұнын кеңінен ашады.

«Бағаметр» әдісімен бағалау сабақ бойы жүргізіледі.

1-топ

2-топ



(Webinarium.az)

Дескриптор:

1. Жасуша туралы толық ақпарат - 1 балл
2. Өсімдік жасушасының құрылысы мен қызметі - 1 балл
3. Жануар жасушасының құрылысы мен қызметі - 1 балл

Нәтижесі: жасуша туралы алған білімдерін пысықтайды .

2. Функционалдық сауаттылық - адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым - қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.

Тапсырма (ғылыми - жаратылыстану сауаттылығы)



1. Суретте 9-санымен көрсетілген органоид

- A) тегіс ЭПТ
- B) рибосома
- C) түйіршікті ЭПТ

D) ядро

E) лизосома

2. Жасушалық мембрана көрсетілген сурет нөмірі

A) 1

B) 5

C) 2

D) 7

E) 3

3. Суретте 8-санымен көрсетілген органоидтың қызметі

3. Суретте 8-санымен көрсетілген органоидтың қызметі

A) нәруыздарды синтездейді

B) заттарды ыдыратады

C) көмірсуларды синтездейді

D) заттарды тасымалдайды

E) АТФ молекуласын синтездейді

4. Ішкі мембранасында кристалалар деп аталатын қатпарлар мен өсінді болатын органоид

A) лизосома

B) рибосома

C) митохондрия

D) центриоль

E) вакуоль

A) 1 → 6 → 2

B) 8 → 6 → 7

C) 8 → 9 → 6

D) 3 → 4 → 7

E) 2 → 7 → 6

5. Жоғарыдағы суретті пайдалана отырып дұрыс жауаптың реттілігін көрсетіңіз. Ферменттер синтезделеді → Гольджи аппаратына ауысады → олардың модификациялануы және лизосомалардың мембрана көпіршіктерге қапталуы жүреді.

Дескриптор:

Әрбір дұрыс жауапқа -1 балл (Био контекст жинақ Турсынбек 51-52 бет)



2. Инклюзивті білім беру- дамуында сәл ерекшеліктері бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

ЕББҚБ тапсырмасы (есту қабілеті төмен оқушыға) Жабық тест. «Жалған не шындық» әдісі.

№	Анықтама	Жалған не шындық
1	Жасуша-тіршіліктің бөлшегі	
2	Жасушаның бөлінуіне қатысатын органоид-митохондрия	
3	Бір мембраналы органоидтар-Гольджи жиынтығы, ЭПТ, лизосома, вакуоль	
4	Мембранасыз органоидтар-рибосомалар, централдар, қозғалыс органоидтар	
5	Қосмембраналы органоидтар-ядро, хромосома, митохондрия, пластид	


4.АКТ –қол жеткізуге ұмтылып отырған қажетті, әрі тиімді оқыту жүйесі.

Білім беру барысында бейнежазбаларды дайындау құрылғылары»

	<p>Windows жүйесіне арналған бағдарлама, пән бойынша жасалған экрандағы презентацияны өз дауысыңызбен және бейнені қоса түсіріп жазып алуға арналған бағдарлама</p>
	<p>Пән бойынша видео сабақтарды интернеттен көшіріп алуға немесе видео онлайнды жазып көшіріп алуға болады</p>

«LEARN GENETICS» ПЛАТФОРМАСЫ

Дайын сабақтар мен зертханалық жұмыстардың үлкен базасы бар биологиялық зерттеулерге негізделген платформа - Learn Genetics деп аталады. Платформаға оқушылардың өз дағдыларын дамыту және мансап сатысында көтерілу үшін «Генетика», «Эволюция», «Жасуша биологиясы», «Адам денсаулығы», «Өсімдіктер», «Неврология», «Экология» тақырыптары бойынша онлайн сабақтар кіреді. Әр сабақта мұғалімдерге арналған нұсқаулықтар, теориялық бөлімдер, бейнелер және интерактивті тапсырмалар бар. Соңында виртуалды зертханалық бөлім, өз тәжірибелеріңізді жүргізуге арналған нұсқаулар.



Сурет 1. Learn Genetics платформасының негізгі беті

«BILIMLAND» ПЛАТФОРМАСЫ

BilimLand - бұл мектептерде кеңінен қолданылатын платформалардың бірі. «Bilim Media Group» директоры бүгінде бүкіл ел бойынша 3200-ден астам мектеп өздерінің платформасына қосылғанын айтты (Сурет 7).

Порталда кез-келген оқытушы мен оқушы сабақтарды синхронды және асинхронды форматта өткізе алады. Синхронды режимде портал бейнеконференция қызметін ұсынады.



«PADLET» ПЛАТФОРМАСЫ


Padlet қызметі - виртуалды кеңістікте бірлесіп жұмыс істеуге арналған құрал. Ұжымдық ми шабуылын қатысушылар қашықтықта болса да ұйымдастыруға белгілі бір тақырып бойынша виртуалды көрме, плакат немесе қабырға газетін дайындауға, зерттелетін тақырыптың белгіленген мәселесі бойынша идеялар, мысалдар жинауды ұйымдастыруға, кез-келген пайдаланушының қарауы және өңдеуі үшін қолжетімді ақпаратпен алмасуды жүзеге асыруға болатын интерактивті-виртуалды тақта болып табылады.



«КАНООТ» ПЛАТФОРМАСЫ

Kahoot әлеуметтік оқыту үшін әзірленген сайт. Сайтты Skype немесе Google Hangouts сияқты ортақ экранды пайдалану құралдары арқылы пайдалануға болады (Сурет 9). Kahoot әр түрлі веб-браузерлер мен мобильді құрылғылар арқылы веб-интерфейс арқылы ойнатуға болады. 2017 жылдың қыркүйек айында Kahoot мобильді платформада қосымша ретінде іске қосылды. Барлық ойыншылар мұғалім, бизнес көшбасшы немесе басқа адам, оқытушы жасаған сұрақтарға жауап беру үшін құрылғыны қолданады. Сұрақтарға дұрыс жауаптар бонустық ұпайларға аударылады. Содан кейін жиналған ұпайлар көшбасшыларды әр сұрақтан кейін шығарады.

Эукариоттық жасуша құрылысы



Тапсырма

1. Эукариот жасушасының негізгі органоиды
 - A) ЭПТ
 - B) митохондрия
 - C) ядро**
 - D) лизосома
 - E) цитоқаңқа
2. Жасушаның сұйық ортасының түпнегізі
 - A) протоплазма
 - B) кариоплазма
 - C) вакуоль**
 - D) гиалоплазма
 - E) везикула
3. Өсімдікке ғана тән екі мембраналы органоид
 - A) ядро
 - B) вакуоль
 - C) митохондрия
 - D) хлоропласт**
 - E) қабықша
4. АТФ синтезіне қатысатын органоидтар
 - A) вакуоль, ЭПТ
 - B) Гольджи аппараты
 - C) ЭПТ, лизосома**

D) митохондрия, пластид

E) митохондрия, вакуоль

5. Геном орналасқан органоидтар

A) ядро, лизосома

B) ЭПТ, митохондрия

C) ядро

D) хлоропласт, ЭПТ

6. Жасушаның бөлінуіне қатысатын органоид

A) жасуша орталығы

B) цитоплазма

C) митохондрия

D) рибосома

E) вакуоль

7. Жасушаны энергиямен қамтамасыз ететін органоид

A) ядро

B) цитоплазма

C) митохондрия

D) рибосома

E) ЭПТ

8. Қосмембраналы органоидтар көрсетілген сурет номері

A) 1 және 3

B) 2 және 5

C) 4 және 6

D) 7 және 9

E) 4 және 7

9. Мембранасыз органоидтар көрсетілген сурет номері

A) 1 және 3

B) 2 және 5

C) 4 және 6

D) 7 және 9

E) 4 және 7

10. Жасуша мембранасы арқылы жасушаға қатты бөлшектердің енуі

A) кариокинез

B) экзоцитоз

C) фагоцитоз

D) пиноцитоз

E) цитокинез

Бағалау — оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор.

«Бағаметр» әдісімен бағалау



Шарты: берілген тапсырманың дұрыс орындалуына қарай оқушының әр қадамы бағаланады.

«Зарядка» әдісі

Шарты: Сыныптағы оқушылар санына қарай «батарея» қима қағаздары үлестіріледі. Қима қағаздағы батарея суретінде 10 баллмен бағалау үшін, 10 бөлікке бөлінген, әрбір бөлік 1 балл. Сабақ барысында жоспарланған әдістер немесе тапсырмалар (дескриптор) санына қарай оқушы алған ұпай санын қима қағаздағы бөлігін бояйды. Мысалы, тест тапсырмасын орындауда бала 4 балл жинауы тиіс, барлық жауабы дұрыс болған жағдайды батареяның 4 бөлігін бояйды, немесе қате санына қарай жинаған балл саны кемиді және бөліктерді бояйды. Мұғалім алдын ала қай тапсырмада қанша балл алатыны таныстырылуы керек, мұнда сабақтың барлық кезеңін қамтуға болады. Сабақ соңында жинаған балл саны хабарланады, оқушы күнделігіне қойылады.

10
9
8
7
6
5
4
3
2
1

Кері байланыс – қалыптастырушы бағалау құралы. (Тиімді кері байланыс: мазмұны, құрылымы, түрлері. ПШО, Астана 2018ж)

	<p>Оқушылардан бүгінгі өтілген сабақ бойынша сауалнама жасап алуға, рефлексивті дауыс беруге болатын сервис түрі.</p>
	<p>Тақырыптарға сай викториналар жасауға болады. Мұғалім әр оқушы бойынша статистика жүргізуге болады.</p>



Бұл сервистің көмегімен биология пәні бойынша тест, кері байланыс формасын және сауалнаманы жасауға болады.



Үйге тапсырма-оқу үдерісін ұйымдастырудың құрамды бөлігі.

([google.com/search?q=венн+диаграммасы&rlz=1C1IXYC_ruKZ935KZ935&oq=венндиаграмм&aqs=chrome.1.69i57j0i1319.13785j0j4&sourceid=chrome&ie=UTF-8](https://www.google.com/search?q=венн+диаграммасы&rlz=1C1IXYC_ruKZ935KZ935&oq=венндиаграмм&aqs=chrome.1.69i57j0i1319.13785j0j4&sourceid=chrome&ie=UTF-8))

2. Эссе - белгілі бір тақырыпты, мәселені талдау, сипаттау және бағалау болса, негізгі мақсаты - тақырыпқа байланысты өз білімін көрсету және сұраққа берілген жауаптың дұрыстығына оқытушыны (оқырманын) сендіре білу болып табылады.

Мұғалім өз ісінің маманы болуымен қатар, оның бойында баланы жақсы көру, баланың көзқарасы мен пікірін сыйлау, тек өз пәнінің төңірегінде ғана қалып қоймай, қоғамда болып жатқан өзгерістерге құлағы түрік, көзі ашық, жан-жақты талдау жасай білетін маман болуы шарт.

Қорытындылай келе, менің ойымша мұғалім жай үйретуші емес, мұғалім фасилитатор оқушыны бағыттаушы болуы қажет деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Білім» бағдарламасы – Астана: 2010
2. Андреев В. И. Педагогика: учебный курс для творческого самораз-вития / В.
3. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Алматы 2013

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚҰРАСТЫРУ

Байсерикова Бижамал Абдыкуловна, Сайрам ауданының АӘД бөліміне қарасты №93 Абылайхан атындағы жалпы орта мектебінің биология пәні мұғалімі.

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру - ұстаз алдындағы ауыр міндеттердің бірі. Қазіргі кезде өмір адамзат баласынан кәсіпқойлықтың, білімнің, сондай-ақ экстремалды жағдайда тірі қалуды талап етеді. Ал ол өз кезегінде ақпарат ағымынан өмірлік білім алуды қажет етеді. Бүгінгі таңда жаңа ғасырдың жаңашыл шәкірттерін тәрбиелеуде мұғалім үздіксіз ізденуі қажет. «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім. Оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімділігі жойылады» деп К.Д. Ушинский айтқандай бүгінгі таңда мұғалім үнемі ізденісте болуы керек. Оқушылардың білім сапасын арттыруда олардың функционалдық сауаттылығын дамыту қажеттілігі туындап отыр.

Функционалды сауатты адам қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет етеді.

Функционалды сауатты адам - қоғамдық ортада өмір сүре білетін, басқалармен тез тіл табыса алатын, белгілі сапалық қасиеттері бар, алған білімдерін өмірде қолдана білетін тұлғалар.

Оқушының функционалды сауаттылығын қалыптастыру «Жаратылыстану» білім беру саласы пәндерін оқытудың маңызды компоненті болып табылады.

Оқушылардың ғылыми-жаратылыстану процестері мен құбылыстарын оқып үйретуде биология сабақтарында функционалды сауаттылығын арттыру мақсатында әр түрлі тапсырмалар дайындауға болады.

Биология пәнін оқытудың ең маңызды мақсаттарының бірі – практикалық мүмкіндіктерін ашу. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде биология пәнінен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағыттап отыру керек. Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір сабақ бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай практикалық маңызы ескерілуі тиіс. Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті.

Академиялық тапсырма және функционалды сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырма: негізгі айырмашылықтар



Тапсырмалардың мысалдары: академиялық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық, креативті ойлау (мәселелерді шешу)

Академиялық тапсырма	Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық	креативті ойлау (мәселелерді шешу)
<p>Марстағы ауырлық күші (немесе салмақ). Марстың алғашқы отаршылары үшін проблемалардың бірі - бұл планетадағы Жермен салыстырғанда ауырлық күшінің өзгеше болуы.</p> <p>Тапсырма: Марс бетіндегі ауырлық күші жер бетінен неше есе ерекшеленеді?</p> <p>Берілген: әр планетаның массасы мен радиусы.</p>	<p>Марстағы ауырлық күші жердегі ауырлық күшінің 38% құрайды. Отаршыларға қалталарын қорғасын плиталарымен толтырылуға болатын салмақты-кеудеше кию керек деп болжанады.</p> <p>Салмақты-кеудеше Марстағы адам ағзасына қандай теріс әсердің алдын алуға көмектеседі?</p>	<p>Марстағы ауырлық күші жердегі ауырлық күшінің 38% құрайды. Отаршыларға Жерге қарағанда үнемі аз жүктеме алатындықтан, олардың бұлшық еттері нашарлайды.</p> <p>Бұл қауіпті болдырмау үшін не ұсынар едіңіз?</p>

Дәстүрлі тапсырмалар

Критерий:

Тапсырма қандай қағидат негізінде құрастырылған? Біз нені жаттықтырамыз?

- **тәсілден тапсырмаға** (Пәндік білім мен дағдыларды, іс-әрекет тәсілін жаттықтырамыз)

ФС тапсырмалары

Критерий:

Біз қандай дағдылар мен құзыреттіліктерді қалыптастырамыз және бағалаймыз? Біз неге назар аударамыз?

- **тапсырмадан әдіске** (біз міндеттерді шешу қабілетін үйретеміз)

PISA зерттеу тапсырмаларының ерекшеліктері

- Пәндік саладан тыс белгіленген және пәндік білімнің көмегімен шешілетін міндеттер.
- Тапсырмалардың әрқайсысында оқушыға таныс және түсінікті өмірлік жағдайлар сипатталады.
- Тапсырмалардың мәнмәтіні күнделікті өмірде кездесетін проблемалық жағдайларға ұқсас.
- Әрбір жағдаят іс-әрекет моделін саналы түрде таңдауды талап етеді.
- Сұрақтар қарапайым, анық, түсінікті және нақты тілмен құрастырылған.
- Қарапайым тілден пәндік сала тіліне (математика, физика, химия және т.б.) аударуды қажет етеді.
- Иллюстрациялар, суреттер, кестелер, диаграммалар және т.б.

Функционалдық сауаттылықты дамытуды есепке ала отырып тапсырмаларды әзірлеу алгоритмі

1-қадам. Оқу мақсатын таңдау:

- Бағалау критерийлерін тұжырымдау;
- Тапсырма мәтінін жазу (оқытудағы дәстүрлі академиялық тапсырма).

2-қадам. Функционалдық сауаттылық түрін таңдау.

- Келесілерді айқындау:
 - мазмұндық саласын;
 - бағалау объектісі;
 - жауап форматы;

3-қадам. ФС дамытуды есепке ала отырып, тапсырма мәтінін жазу.

- Проблемалық жағдайды сипаттау / **визуалдау**.
- Бағалау критерийлеріне сәйкес проблемалық жағдайға сұрақтар құрастыру.


Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұны мен дағдыларды дамыту негізінде функционалды сауаттылықты қолдайды және қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бағдарламалардағы оқу мақсаттарын жаратылыстану-ғылыми құзыреттіліктері негізінде қарастырып, функционалды сауаттылықты қалыптастыру және бағалау үшін тапсырмалар әзірлеп, ұсынуға болады.

1-құзыреттілік: құбылыстардың ғылыми түсініктемесі. Құзыреттіліктің негізі мазмұнды білуден тұрады, ол түсіндіру, дәлел келтіру, болжау және негіздеу дағдыларымен тереңдетіледі. Төменде дағдылардың түрлері, сұрақтардың үлгілері және осы дағдыға байланысты оқу бағдарламасының оқу мақсаттары көрсетілген. Бұл құзыреттілік дағдының төрт түрін бағалайды.

1. Құбылысты түсіндіру үшін тиісті жаратылыстану-ғылыми білімін қолдану. Осы дағдыны бағалауға арналған тапсырмаларда жеткілікті қалыпты жағдаятты сипаттау ұсынылады, оны түсіндіру үшін бағдарлама материалын тікелей қолдануға болады. Төменде оқу мақсаты мен функционалды сауаттылыққа арналған тапсырмаға мысал келтірілген.

Сұрақ мысалы Диаграммада адам көзінің тігінен кесілген кескіні көрсетілген.

Біз алыстағы нысандарды жарқыраған күн сәулесінің көмегімен қарайтын болсақ, онда төмендегі комбинациялардың қайсысында көз қарашығының өлшемі мен көз бұршағының қалыңдығы дұрыс сипатталған?



	Көз қарашығының өлшемі	Көз бұршағының қалыңдығы
A	Үлкейеді	Қалыңдайды
B	Үлкейеді	Жұқарады
C	Кішірейеді	Қалыңдайды
D*	Кішірейеді	Жұқарады

Тапсырма көздің жарыққа бейімделу заңдылығын білуді болжайды және оқушылардан өздерінің білімдерін қолдана алуды талап етеді. Бұл тапсырмада тек бір ғана жауап таңдалады және ол 8-сыныпқа арналған оқу бағдарламасындағы «8.1.7.1 көруді қабылдау ерекшеліктерін зерттеу және көру гигиенасы ережелерін сипаттау» оқу мақсатына сәйкес келеді. Осы жағдайда оқушылардың зерттеушілік дағдылары көруді қабылдау туралы жүйелі білімдері арқылы қалыптасады. Оқу мақсаты денсаулықты сақтау компонентімен толықтырылады және жеке тұлғалық мәнмәтінге сәтті біріктіруге болады. Тапсырманың функционалды сауаттылықты дамытуға бағытталғаны және жаратылыстану ғылыми білімдерін қолдану дағдыларын ашатын көрсеткіші, оның өмірлік жағдаймен өзара байланысы болып табылады.

Мұндай тапсырмаларды қолдану оқушыларды жылдам жауап беруге және меңгерген білімдерін қолдана алуға жетелейді, бірақ едәуір тереңдетілген дағдыларды қалыптастыру үшін мағыналы тапсырмаларды еркін құрастырылған жауаптарымен пайдалану ұсынылады.

2. Түсіндірме модельдері мен түсініктерді танып-білу, пайдалану және құрастыру. 7-сыныпқа арналған тапсырманы мысал ретінде «7.1.4.6 тыныс алу мүшелері ауруларының себептері мен олардың алдын алу жолдарын түсіндіру» оқу мақсаты бойынша қарастырайық. Осы оқу мақсатының аясында оқушы ауруларды анықтайды және атай алады, мүшелердің анатомиялық құрылысы туралы алдыңғы білімін қолданады, себеп-салдарлық байланыс негізінде тыныс алу мүшелерінің аурулары туралы түсіндірме модель құрастырады.

Мысалы: Темекіні шылым, сигара және темекі тартатын түтік түрінде шегеді. Зерттеулер темекі тартуға байланысты аурулардан дүние жүзі бойынша күн сайын шамамен 13 500 адамның көз жұматынын көрсетті. Болжам бойынша 2020 жылға қарай темекі тартуға байланысты аурулар дүниежүзіндегі барлық өлімнің 12%-ын құрайды. Темекі түтінінде көптеген зиянды заттар бар. Едәуір зиянды заттар – шайыр, никотин және иіс газы. Темекі түтіні өкпеге жұтылады. Түтіннен шыққан шайыр өкпеге түсіп, олардың қалыпты жұмысын бұзады. Төменде берілгендердің қайсысы өкпе қызметі болып табылады?

A. Оттеппен қаныққан қанды сендердің денелеріндегі барлық бөліктерге жеткізеді.

B. Сендердің қандарыңды оттеппен қанықтырады, онымен тыныс аласыңдар.

C. Көмірқышқыл газының мөлшерін нөлге дейін азайту арқылы қанды тазартады.

D. Көмірқышқыл газы молекулаларын оттеп молекулаларына айналдырады.

Тапсырмадағы осы дағдыны бағалау үшін дайын түсініктемесі жоқ оқушыға стандартты емес жағдаятқа сипаттама беру ұсынылады. Түсініктеме алу үшін ақпарат (ашық түрде немесе ойша) модельге айналуы керек, онда қажетті өзара байланыстар анық байқалып тұрады. Оқушыға кері есеп: ұсынылған модель бойынша құбылысты білуді және сипаттауды беруге болады. Өңделетін және талданатын айқын материалдар беру ұсынылады, осылай оқушыларда қосымша медиасауаттылық дамиды.

3. Үдерістің немесе құбылыстардың жүруін болжау және ғылыми тұрғыда негіздеу. Осы дағдыны бағалауға арналған тапсырмаларда (құбылыстың немесе үдерістің механизмін (немесе себептерін) түсіну негізінде) оқиғалардың одан әрі дамуын дәлелдеу ұсынылады.

Оқу мақсаты: «8.1.3.6 аурулардың алдын алуындағы вакцинацияның рөлін бағалау».

Сұрақ мысалы: 1796 жылы Эдвард Дженнер сиыр шешегі ауруының екпесін (прививка) туыстас табиғи шешек ауруына қарсы антиденелер алу үшін қолданды. Табиғи шешек ауруы екпесімен салыстырғанда, сиыр шешегі ауруы

екпесінің жанама әсері аз болды және екпені алған адам ауруды басқаларға жұқтырмады. Бұл әдіс вакцинация деп аталды. Не себепті балалар мен қарттарға тұмауға қарсы екпе егу ерекше ұсынылады? Себептердің біреуін атап көрсетіңдер. Қазіргі кезде вакцинация мәселесі - қолдаушылар мен қарсыластар арасындағы ең көп талқыланатын дау-дамайлардың бірі болып табылады. Оқу бағдарламасында оқушылардың осы сұрақ бойынша сыни ойлау дағдылары 8-сыныптағы оқу мақсаты арқылы дамытылады және сұрақтың ғылыми құрылымына басты назар аударылады. Осы сұраққа жауап беру кезінде болжаулар мен ұсыныстардың негіздемесі статистикалық ғылыми деректерге, аурулардың әлемдік статистикалық көрсеткіштеріне негізделуі керек. Оқушылардың медиасауаттылығы мен ақпараттарды өңдей алу дағдылары дамиды.

Экожүйелердің компоненттері. Су және құрлық экожүйелері.

8.3.1.1 Экожүйелердің жалпы құрылымының сызбасын жасау; 8.3.1.2 Су және құрлық экожүйелерін салыстыру

Болат анасына саяжайдағы құлпынайды арамшөптерден тазартуға көмектескен кезде, оны шіркейлер қатты шақты. Кешке оның қолдары мен аяқтары қызарып, тіпті ісіп кетті.

Келесі күні басылып қалды, бірақ Болат бұл шіркейлерге қатты ашуланды. Ол тіпті ата-анасына: «Жер бетіндегі барлық шіркейлерді жою үшін қандай да бір құрал ойлап табу мүмкін емес пе? Өйткені, олардан тек зиян келеді және ешқандай пайда жоқ» деп айтты. Анасы Болатпен келісті, бірақ әкесі қандай да бір себептермен күмәндана қарады да, барлық шіркейлер мен масаларды құртып жіберсе, кейбір өсімдіктер де жоғалып кетуі мүмкін деді.



«Шіркейлер» кешенді тапсырмасы


1. Неліктен барлық шіркейлерді қыру кейбір өсімдіктердің жойылуына әкелуі мүмкін?

Өз түсініктемеңізді жазыңыз



Төмендегі суреттегі жануарлардың барлығын қолданып (инеліктің жыртқыш дернәсілі, шіркей дернәсілі, аққұйрық субүркіт, көксерке), **шіркейлердің дернәсілдерін қатыстыру арқылы қорек тізбегін құрыңыз. Жануарлар атауларын тиісті торкөзге жазыңыз.** Бірінші торкөзге батпақтағы органикалық қалдықтар жазылған.

Болат шіркейдің табиғатта тағы қандай пайдалы рөл атқаратындығы туралы білгісі келді. Бір мақаладан ол келесі ақпаратты оқыды: «Біздің планетамызда шіркейдің 2000 – нан астам түрі тіршілік етеді - жылқы, тундра және басқалары. Олар ылғал бар жерлерді мекендейді, өйткені аналық шіркейлер жұмыртқаларын суға салады. Егер аналық шіркей қанмен қоректенбесе жұмыртқаламайды. Тоғандағы шіркей дернәсілдері батпақтағы және судағы әр түрлі органикалық қалдықтармен қоректенеді. Ал дернәсілдердің өзі басқа жануарларға арналған қорек».



1-тапсырма

Суретте көрсетілген өсімдік өзгергіштіктің қай түріне жатады?


Берілген нұсқаның біреуін таңдаңыз

- А. Мутациялық
- В. Комбинативті
- С. Модификациялық
- Д. Айқын емес
- Е. Генотиптік

2-тапсырма

Неліктен өсімдіктер мен жануарлар тауда аласа болатынын түсіндіріңіз.

Идея № 1



Бір организмдердің органикалық заттарында болатын энергияны басқа организмдер пайдаланады. Бір организмдердің екіншілерін қорек етуі барысында болатын заттар мен оларда жинақталған энергияның автотрофтардан гетеротрофтарға тасымалдануы қоректік тізбек (қоректену тізбегі, трофикалық тізбек) деп аталады. Қоректік тізбекті екі негізгі түрге бөледі: жайылымдық және детриттік.

1. Бірінші трофикалық деңгейге жататын ағзаларды табыңыз.
2. Дұрыс қоректік тізбек қатарын құрыңыз.
3. Детриттік қоректік тізбек қатарын жасаңыз.
4. Экологиялық пирамида ережесінің негізінде салмағы 300 кг болатын дельфин өсу үшін қажет планктон мөлшері, егер қоректену тізбегінің түрі мынадай болса: планктон, жыртқыш емес балықтар, жыртқыш балықтар.

Генетикалық модификацияланған организмдер (ГМО) – организмге жаңа қасиеттер беру үшін гендік инженерия әдістерін қолдану арқылы генотипі өзгерген организмдер. Мысалы картоп генінің құрамына сарышаян генін қосу

нәтижесінде ешқандай жәндік жемейтін картоп түрін аламыз немесе күнделікті пайдаланып жүрген томатты алсақ, оған солтүстік камбаласының генін пайдаланған. Томатқа қарасақ, ол суыққа төзімді әрі үсімейді.

ГМО өнімдерінің пайдасымен қатар зияны да бар. Бірақ ГМО зиянды екендігін нақты ешкім айта алмайды. Көп жағдайда «қауіпті болуы мүмкін» термині қолданылады.



1. Солтүстік камбала балығының гені енгізілген өнім
А) соя В) картоп С) қызанақ Д) бұршақ Е) жүгері
2. Қазіргі кезде тағамдық аллергиялық аурулардың көбею себептерінің бірі.
А) жасанды өнімдердің көбеюі В) емдейтін дәрілердің жетіспеуі
С) уақытында толыққанды тамақтанбау Д) шектен тыс тамақтану
Е) пестицидтердің аз мөлшерде қосылуы
3. Кейбір елдердің ГМО өнімдерінен бас тарту себебі
А) ел экономикасының төмендеуі В) мал шаруашылық өнімдерін көбірек тұтынуы
С) тамақ рационынан жемістерді алып тастауы Д) елдерінде агрономия саласының артуы
Е) халық арасында аллергиялық аурулардың көбеюі

Медициналық генетика адамда болатын түрлі тұқым қуалайтын ауруларды, оларға диагноз қоюдың және емдеудің жолдарын, тұқым қуалайтын өзгерісті қандай факторлардың тудыратынын және адамзатты көптеген ауыр зардаптардан құтқару үшін оларға шара қолданудың жолдарын зерттейді. Соның бірі хромосомалық аурулардың пайда болуының басты себебі – тарихи эволюциялық қалыптасқан жүйенің кариотиптің өзгерісі. Хромосомалық ауруларға анэуплоидия, Патау синдромы, Шерешевский-Тернер, Клайнфельтер, Даун синдромы, Эдвардс синдромы жатады.



1. Суреттегі көрсетілген Даун ауруының реттік номері:
 А) 2 В) 2,3 С) 1 Д) 4 Е) 1,4
2. Даун ауруының фенотиптік сипаты
 А) салмақтары жеңіл, бойлары қысқа, тырнақтары толық жетілмеген
 В) бойлары аласа, бас сүйектері кішкентай, көздері қысыңқы
 С) иектері тегіс, тұмсықтары шығыңқы-құс тұмсық болып келеді
 Д) ақылы кем, аяқ-қолы шамадан тыс ұзын, денесіне сәйкес келмейді
 Е) аяқтары қысқа, тұлғалары ұзындау болады
3. Шерешевский-Тернер ауруымен ауыратын қыздардың жыныс хромосомалары
 А) XXY В) XX С) XXX Д) XY Е) XO

«Қызғалдақтар» жағдаяты


Оля қызғалдақтарды жақсы көреді, сондықтан осы керемет өсімдіктерді өзі өсіріп көруді шешті. Ол дәл 8 наурыз кезінде қызғалдақтардың гүл атуына қалай қол жеткізуге болатындығы туралы ойланды. Бұл мәселеге ол қызығушылық танытып, өсімдіктердің дамуына ерекше жағдай жасаса, жылдың кез келген уақытында гүлдеп тұрған өсімдіктерді алуға болатынын білді. Өсімдіктерді өсірудің бұл әдісі көктету деп аталады. Өсу барысында өсімдіктер негізінен пиязшығында жинақталған заттармен қоректенеді, сондықтан сәттілік көбінесе отырғызу үшін қандай пиязшықтар таңдалғанына байланысты болады.

1-тапсырма

Қызғалдақ отырғызу үшін қандай пиязшықтарды таңдау керек?

Екі дұрыс жауапты таңдаңыз.

- А. Ұсақ пиязшықтар
- В. Тығыз пиязшықтар
- С. Үлкен пиязшықтар
- Д. Жұмсақ пиязшықтар
- Е. Жеңіл пиязшықтар



Оля қызғалдақ пиязшықтарының құрылысымен және оларды отырғызу ережелерімен егжей-тегжейлі танысты. Ол отырғызу алдында пиязшықтардың сыртқы құрғақ қабыршақтарын алып тастау керек екендігін білді.



2-тапсырма

Неліктен қызғалдақ пиязшықтарын отырғызу алдында құрғақ жамылғылардан босату керектігін түсіндіріңіз.
Түсініктеме: _____

Оля сонымен қатар, қызғалдақ өсірудің әр кезеңінде белгілі бір шарттарды сақтау керектігін білді. Бірінші кезеңде отырғызылған пиязшықтар қараңғы, салқын және дымқыл жерге орналастырылады. Екінші кезеңде пиязшықтардан гүлдеген өскін алу үшін жылы, жарық, жақсы желдетілетін бөлмеге ауыстырылады.



3-тапсырма


Отырғызылған қызғалдақ пиязшықтарын қандай мақсатпен бірінші кезеңде қараңғы, салқын және ылғалды жерге қояды?

Бір дұрыс жауапты таңдаңыз.

- A. Баданаларды тыныш күйде ұстау үшін.
- B. Баданалар ылғалды жерде болуы үшін.
- C. Баданалардың тамыр алуына мүмкіндік беру үшін.
- D. Баданалары тезірек өркен беруі үшін.

Кітаптардың бірінен Оля қызғалдақ пиязшықтарының бірінші кезеңде қараңғы, салқын және ылғалды бөлмеде тұру уақытын 18-ден 14 аптаға дейін қысқарту, нәтижесінде, гүлді өркеннің ұзындығының қысқаруына әкелетіні туралы ақпаратты көрді.

Суретте пиязшықтары қараңғы, салқын және ылғалды ортада тұру ұзақтығы әр түрлі уақытта өсірілген қызғалдақтар көрсетілген.



4-тапсырма

Суретті қараңыз және қызғалдақ пиязшықтары қараңғы, салқын және ылғалды ортада қанша уақыт болғанын анықтаңыз. Жауабын кестеге жазыңыз.

Нұсқалар	А	В	С	Д	У
Апта саны					

Оля қызғалдақтарды көктету бойынша ұсыныстармен танысты. Ол қызғалдақ өсірудің әрбір кезеңінде температура режимін, жарықтандыруды қатаң және ауаның қажетті ылғалдылығын сақтау керектігін білді. Талаптарды толық сақтамаса, сапасыз өсімдіктер алынады.



5-тапсырма

Қандай себептер сапасыз өсімдіктерді өндіруге әкелуі мүмкін?

Екі дұрыс жауапты таңдаңыз.

- A. Өсудің бірінші кезеңіндегі төмен температура
- B. Гүлдеу алдында жақсы жарықтандыру
- C. Өсірудің бірінші кезеңіндегі төмен ылғалдылық
- D. Гүлдеу алдында температураның төмендеуі
- E. Өсірудің екінші кезеңіндегі жоғары ылғалдылық

Оля эксперимент жүргізуге шешім қабылдады. Ол бірдей қызғалдақ пиязшықтарын таңдап, бірдей көлемдегі екі ыдысты алды. Бірінші ыдысты аздап топырақпен толтырып, оған бірнеше пиязшық отырғызды, ал екінші ыдысты толық топырақпен толтырып, тек бір пиязшық отырғызды. Өсімдіктері бар ыдыстарды бірдей жағдайда орналастырды.



6-тапсырма

Оля өз тәжірибесінде қандай гипотезаны тексергісі келді?

Жауап:

Оқушы бойында функционалдық сауаттылық дағдыларды қалыптастыруда басшылыққа алатын сапалар:

-белсенділік;

-шығармашылық тұрғыда ойлау;

-шешім қабылдай алу;

-өз кәсібін дұрыс таңдай алу;

-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру - оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы. Оны дамытудың негіздері:

1. бақылаған нәрселерін салыстыру арқылы ұқсастығы мен айырмашылығын айқындай білу;
2. Нәрсені ой жүзінде жеке бөліктерге жіктеу, оларды қайтадан біріктіру арқылы нәрсенің тұтас күшін және жеке бөліктерінің арасындағы байланысты танып білу;
3. Нәрселердің елеулі қасиеттерін елеусіздерінен ажыратып, бөле білу;
4. Бақылаулардан және жеке деректерден тиісті қорытынды жасап, дұрыстығын тексере білу;
5. Өз ойының дұрыстығын дәлелдеп, жалған болжамдарды теріске шығара білу;
6. Өз ойын анық, жүйелі және нанымды баяндауға үйрету.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылықты жүзеге асырудың басты міндеті - оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады. Осы ретте, жаратылыстану бағытындағы пәндерін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Оқушылардың функционалдық дағдылары мектеп қабырғасында қалыптасады. Жас ұрпаққа сапалы білім мен ұлағатты тәрбие беру, өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеуметтендірудің маңызы зор.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген М.Әуезовтің аталы сөзі ең алдымен ата-ана, ұстаз және қоғамға арнап айтылғандай. Ертеңгі ел болашағы білім ошағында қалыптасады десек те, сапалы білім мен саналы тәрбиеге қосымша бағыт-бағдар, қоғамдық ықпалдың қажеттігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Өйткені күн өткен сайын жас ұрпақтың талғамы өзгеріп, қоғаммен бірге ілгері дамып келеді. Осыған сәйкес жасөспірім талабын қанағаттандыратын,

қоғамның, ұлтымыздың ұстанған бағытымен сабақтас келетін сапалы білім мен саналы тәрбие жүйесін құру қажет деп санаймын.

Биология сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған тапсырмалардың тиімділігі:

- оқушылар өздері тақырыпты меңгере алатын мүмкіндіктері бар екеніне көз жеткізеді.
- жұптық жұмыс жасап, топта талқылап, бір – бірінің пікірін тыңдауға дағдыланады.
- креативті ойлауға дағдыланады.
- өзара ой бөлісіп, пікір алмасады, өзін – өзі бағалайды.
- алған білімдерін өмірде пайдалана алады.
- тың идеяларды ұсынуға дағдыланады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Соловьёва А.Р. Биология: Жалпы білім беретін мектептің 8 - сыныбына арналған оқулық Алматы: Атамұра, 2018 ж.
 2. Е.А. Очкур, Ж.Ж. Құрманғалиева, М.А.Нуртаева. - Мектеп, 2019.
 3. Н.Абылайханова, А.Қалыбаева, А.Пәрімбекова, т.б. - Алматы: Мектеп, 2020.
- Пиза тапсырмалары

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Утеулиева Нурғалима Кураловна, Мақтаарал ауданының АӘД бөліміне қарасты «№25 Жаңа жол» жалпы орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі

Коучинг

Күні:	18.08.2022
Коучинг сессияның тақырыбы:	Функционалдық сауаттылықты инклюзивті оқытуда қолдану.
Сілтеме:	Мұғалімге арналған нұсқаулық, үлестірмелі материалдар, бейнебаян
Мақсаты:	Сабақ барысында қатысушылар инклюзивті оқытуды ұйымдастыруда функционалдық сауаттылық бойынша әзірлеген тапсырмалар арқылы қол жеткізуін қамтамасыз ету
Табыс критерийі:	Сабақ барысында қатысушылар инклюзивті оқытуды ұйымдастыруда функционалдық сауаттылық бойынша әзірлеген тапсырмалар арқылы қол жеткізуін қамтамасыз етеді.
Түйінді идеялар:	Инклюзивті оқытуды ұйымдастыру

Ресурстар	Интерактивті тақта, ақ қағаздар (А3), үлестірімелі тапсырмалар	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер Коучинг сессиясының өту барысы	Топтық жұмыс, АКТ–ны пайдалану, пікір алмасу. Жеке ойларын білдіру.	
	Коучтің іс-әрекеті	Қатысушылардың іс-әрекеттері (әдіс-тәсілдер)
Ұйымдастыру кезеңі	<p>1. Психологиялық дайындық «Аңшы әрекеті» - Аңшы аңға шығып қаз атты. Атқан қазын қапқа салып алып кетті. Осы аңшы әрекетін келесі адамға бұрмалаусыз жеткізу керек.</p> <p>Ой қозғау: «Вирустар» тақырыбында бейне ролик көрсетемін. Бейнероликтегі көрсетілген вирустар жайлы сұрақтар қоямын. Сабактың негізгі түйін сөзімен таныстыру мақсатында</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Вирустар латын тілінен аударғанда қандай мағына береді? 2. Вирустарда жасуша бола ма? Егер болмаса неге тірі ағза деп саналады? 3. Вирустардың COVID -19 деп аталатын түрімен таныссыздар ма? 4. Вирустың COVID -19 басқа қандай түрлерін білесіздер? <p>Топқа біріктіру. I топ - COVID -19 вирусы II топ – Тұмау вирусы III топ – Шешек вирусы</p>	<p>Қатысушылар арасында ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру Топ ережесін құра отырып, жұмыс жасауға үйренеді</p> <p>Жеке жұмыс. Мұғалімдер өз ойын білдіреді.</p> <p>Соңғы сұраққа жауап беру арқылы қатысушыларды вирус атауларымен топқа біріктіреді.</p>
Негізгі бөлім	Топтық жұмыс. «Айналмалы бекеті» әдісі. (Қатысушыларға функционалдық сауаттылыққа	

	<p>байланысты инклюзивті оқытуды ескере отырып, тапсырма әзірлету) 1-айналым. Өз топтарының атауларына сай мәтін құрастыру. (<i>Мәтін құрастыруда галамтор желісін пайдалануға рұқсат етіледі. Мәтін анық, көрнекті, түсінікті, әдеби тілде жазылуы керек.</i>)</p> <p>Кері байланыс "Ым-ишара" арқылы топтар жұмысын бағалау Жақсы- қол шапалақтау Орташа- партаны соғу Нашар- аяқ тарсылдату</p> <p>2-айналым. Құрастырылған мәтін бойынша екі жабық тапсырма әзірлеу. Тапсырма оқу үшін бағалау мен оқуды бағалау стратегиясына сәйкес жеке оқушының орындауына бағытталуы керек. (<i>Тест, сәйкестендіру, дұрыс реттілігін анықтау тапсырмалары</i>) Коуч ашық және жабық тапсырма түрлері жайлы кішкене түсінік беріп өтеді.</p> <p>3- айналым. Берілген мәтін бойынша бір ашық тапсырма әзірлеу. (<i>Биологиялық</i></p>	<p>Топтық жұмыс. Әр топ өз атаулары бойынша мәтін құрастырады.</p> <p>Белгіленген ымдар арқылы көршілес топты бағалайды. <i>Бағалау мынадай критерийлер бойынша жүргізіледі.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Мәтіннің мазмұны ➤ Өзектілігі ➤ Өмірмен байланысы ➤ Ойлау дағдыларының деңгейі <p>Топтар құрастырған мәтіндерін бір-бірлерімен айналмалы бекет әдісінің ережесіне сай алмасады. Сол келген мәтін бойынша екі жабық тапсырма орындайды.</p> <p>Айналмалы бекет ережесіне сай тапсырма</p>
--	--	--

	<p><i>диктант, анықтама жазу, толық не қысқа жауапты қажет ететін тапсырма құрастыру, эссе жазу, графикпен жұмыс)</i></p> <p>Кері байланыс «Топтар арасында өзара бағалау»</p> <p>4- айналым. Құрастырылған тапсырмаларға дескриптор әзірлеу. <i>(Функционалдық сауаттылыққа жасалынған тапсырмаларға дескриптор әзірлемесіде болады, дегенмен инклюзивті оқыту ортасын құруда оқушыға қолдау көрсету мақсатында құрастырған абзал.)</i></p> <p>5-айналым. Тапсырманы дескрипторға қарап орындайсыңдар, бірақ бір шарт бар. Міндетті түрде 1 немесе 2 қате жіберу керексіздер.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы жазбаша кері байланыс беру</p>	<p>жазылған флешкарттар және алмастырылады.</p> <p>Қатысушылар берілген мәтін бойынша бір ашық тапсырма құрастырады.</p> <p>Топтар орындалған тапсырманың жабық немесе ашық тапсырма екендігін өзара бағалауды ауызша кері байланыс айту арқылы жүргізеді.</p> <p>Бұл айналымда қатысушылар құрастырылған тапсырмаларға дескриптор әзірлеулері керек.</p> <p>Топтар 5-айналымда тапсырмаларды орындайды және коучтың ұсынысы бойынша бір немесе екі қате жібереді.</p> <p>Топтар тапсырманың орындауына байланысты жазбаша кері байланыс береді.</p>
--	---	--

	<p>Функционалдық сауаттылық және инклюзивті оқыту ортасын қалыптастыру жайлы түсіндірме жасайды.</p> <p>Функционалдық сауаттылық тапсырмаларды құрастыру алгоритмі</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Мәтін құрастыру ➤ Мәтінге байланысты жабық тапсырма құрастыру ➤ Мәтінге байланысты ашық тапсырма құрастыру ➤ Дескриптор құрастыру (инклюзивті оқыту ортасын ұйымдастыруды ескере отырып) 	<p>Қатысушыларда тыңдалым үдерісі болады.</p>
<p>Сергіту сәті</p>	<p>«Рахмет» жаттығуы (Оң қолымызды көтереміз, желке тұсымызға апарамыз, рақмет деп өзіміздің арқа тұсымызды рақмет айту арқылы үш рет қағамыз.)</p>	<p>Барлығы рахмет айтады. Қатысушылар оң қолдарын көтеріп, арқа тұсына алып барып, үш рет рақмет айту арқылы қағады.</p>
<p>Кері байланыс</p>	<p>Кері байланыс.</p> <p>Топтағы әрбір мұғалімге мидың суреті 4 бөлікке бөлінген парақша беремін және 4 сұрақ қоямын.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Маңдай бөлігі: Коучинг барысында не білдіңіз? 2. Төбе бөлігі: Коучинг барысында қандай іс-әрекеттер істедіңіз? 3. Самай бөлігі: Коучинг барысында қайдай ауызша және тұжырымдамалық мәліметтерді қабылдадыңыз? 4. Желке бөлігі: Қандай визуалды бейнелерді қабылдап, жадыға сақтап алдыңыз? <p>Сөз соңын: В. А. Сухомлинскийдің «Бала адаммен араласпайынша өмір сүре алмайды, өзінің бар жүрек жылуын басқа адамға беруді</p>	<p>Ми суреттерінің 4 бөліктеріне сұрақтарға жауап жазады.</p>

	<p>ұзданы талап етеді. Балаға ой еңбегінің шаттығын, табыс қуанышын беріңіздер».</p> <p>Қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. <i>«Бәріне бірдей мүмкіндік», «Саналы білім - барлығы үшін»</i> деген ұстанымды қолдайық.</p>	
--	--	--

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

*Шынтаева Кулмира Каскарбековна, Жетісай ауданының АӘД бөліміне
қарасты Н.Оңдасынов атындағы жалпы орта мектебінің
биология пәнінің мұғалімі*

Тренинг

Күні:	18.08.2022
Коучинг сессияның тақырыбы:	Биология сабағында оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары
Мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Оқу материалдарын сабақта тиімді пайдалану. ➤ Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту. ➤ Ортада жайлы әрекеттестікті орнату, әңгімелесу үшін мүмкіндіктер жасау. ➤ Өз идеяларын зерделеп, өзара әрекеттестікті орнату оқушылардың өз бетінше зерттеу жұмыстарын жасауға үйрету.; ➤ Шебер сыныпқа мұғалімдердің белсене қатысуына ықпал ету;
Күтілетін нәтижелер:	<ul style="list-style-type: none"> ➤ Мұғалімдер оқу материалдарын тиімді пайдаланады. ➤ Кәсіби шеберліктерін шыңдайды; ➤ Сыни тұрғыда ойлана отырып, өз ойларын зерделеп, түйінді идеялар айтады; ➤ Шебер сыныпта мұғалімдердің белсенділігі артады ;
Мақсатты аудитория	Химия, биология пәндері мұғалімдері
Ресурстар	Бейнепроектор, таратпа материалдар, стикерлер, А4

	қағаздары, фломастер, маркер ,тәжірибе жасауға арналған құрал - жабдықтар , адам муляжы т.б		
Пәнаралық байланыс	Анатомия		
Сабақ кезеңдері	Жоспарланған тапсырмалар түрлері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Ресурстар
Сабақтың басы 10 минут	<p>Сәлемдесу «Ой қозғау» Бейнежазба көрсету.»Удивительные люди»</p> <p>Ашық сұрақтар. 1.Адам баласы неліктен үнемі талпыныста, ізденісте болады? 2. Ізденіс болмаған жағдайда не болады деп ойлайсыздар? 3. Мақсатқа жету үшін ұмтылушылықтың мәні неде? 4. Адамды қандай қасиеттер табысқа жетелейді?</p>	<p>Мұғалімдер өз идеяларын алға тартады, өзге көз қарастармен танысады өз ойларымен бөліседі. Мұғалімдер сұрақтарға өз пікірлерін білдіріп жауап береді.</p>	С л а й д
	<p>«Модерация» әдісі. Нұсқау: Мұғалімдерге табысқа жетістікке жету үшін қандай кедергілер әсер етеді. Мұғалімдер плакатқа табысқа жету үшін кездесетін кедергілерді маркермен жазады.</p> <p>Келесі осы сіздер жазған кедергілерден шығу жолдарын жазамыз.</p>	<p>Мұғалімдер жетістікке жету үшін кездесетін кедергілермен олардан шығу жолдарын ойланып, зерделеп, ойларын тұжырымдап жазады.</p>	

Сабақтың ортасы 15 минут

Мұғалімдерді топқа біріктіру бұлттар әдісі бойынша Тәжірибелік бөлім

I-топ: 1.«Дондерс »модельін құрастыру және түсінік беру.


- Дондерс моделі - Ф.К. Дондерс (1818-1889) голланд офтальмологымен шығарылған тыныстанудың заңдылығын көрсететін тәжірибе.
- Бұл тәжірибені жасау үшін түссіз, аузы тар шиша алып, оған жұқа резеңке керіп түп жасайды, аузына тығын арқылы түтік өткізеді. Түтіктің ыдыс ішіндегі ұшына резеңке қалташаны жалғайды. Түтікті шишаның ішіне салып тығындап, жоғарғы, сырттағы ұшын ашық қалдырады. Осыдан кейін шишаның резеңкеден жасаған түбін төмен не жоғары созса, түтік ұшындағы резеңке қалтадағы ауаның толғаны немесе шығарылғаны байқалады. Бұл өкпе жұмысының қызметін көрсетеді.



Тыныс алғанда:	Тыныс шығарғанда:

Слайд Суретті тапсырма, А4 қағазы http://files.school-collection.edu.ru/dlrstore/0000870-1000-4ddd-074d-5000475d60a3/11_014.swf

А4 қағаз Муляж Плакат , маркерлер

<p>Сабақтың соңы 5 минут</p>	<p>2.Адамның минутына тыныс алу жиілігі: 16-18 рет. Тыныс алу көлемі – қалыпты тыныс алғанда, шамамен 500см³ ауа жұтып сонша шығарады. Тыныс алу қозғалысы саны мен тыныс алу көлемін ескеріп, 1 минуттағы тыныс алу көлемін есептеуге болады. Мысалы: Тыныс алу көлемі 400см³ адам 1 минутта 20 рет тыныс алу қозғалысын жасаса, оның 1 минуттағы тыныс алу қозғалысы қанша куб болады?</p> <p>Критерийлер: I-топқа.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дондерс модельіне түсінік береді 2. Көкіректі тыныс алу мен құрсақты тыныс алу типтерінің айырмашылықтарын түсіндіреді. 3. Қалыпты тыныс алу барысында тыныс алу қозғалысын анықтайды. <p>II-топ: 1.Сильвестер әдісі арқылы жасанды тыныс алдыруды көрсету.</p>  <p>2.«Термин сөздермен жұмыс» (Тыныс алу жолдарының ауруларын ажыратып, муляжға тыныс алу мүшелерінің тұсына жапсырып, түсіндіру, аурудың профилактикасы туралы мағлұмат беру)</p> <p>Кестемен жұмыс</p> <table border="1" data-bbox="316 1944 1216 2033"> <tr> <td>Пневмония</td> <td>Бронхтың күрт тарылуынан (спазм) әсерінен болатын созылмалы</td> </tr> </table>	Пневмония	Бронхтың күрт тарылуынан (спазм) әсерінен болатын созылмалы	<p>Суретті тапсырма фломастер А3 қағазы</p> <p>Сурет А3 форматы, маркер</p> <p>слайд</p>
Пневмония	Бронхтың күрт тарылуынан (спазм) әсерінен болатын созылмалы			

		ауру. (тоқтамай жөтелу, шаң-тозанға аллергия.). бронх демікпесінің дамуына ықпал етуші тыныс алу жолдарының созылмалы аурулардың жиілеуі. Сонымен бірге аурудың жастық құрылымы да өзгереді.	
	Пневмоторакс	Кеңірдектің қабынуы-трахеит. Көбінесе көктем мен күзде байқалады. Трахеиттің жедел және созылмалы түрлері болады. Жедел түрінде дем алғанда, күлгенде, жылағанда, науқас адамды қатты жөтел қысады (түнде, әсіресе, таңертеңгілікте). Жөтелге байланысты жұтқыншақ пен көкірек (әсіресе арқа тұсынан) ауырып, тыныс алу қиындайды, даусы қарлығып, көмекейдің қабынуы байқалады.	стикер
	Бронхит.	Өкпе қабынуы — өкпе тінінің қабынуынан немесе басқа аурулардың асқынуынан болатын өкпенің жұқпалы ауруы. Ауруды әр түрлі вирустар (аденовирус, риновирус), бактериялар (пневмококк, стафилококк, стрептококк) қоздырады.	
	Бронх астмасы (демікпе)	Өкпе плевра қуысында ауаның көп мөлшерде жинақталуы. Бұл кеуде қуысының және өкпенің механикалық немесе әр түрлі жарақатына байланыссыз, кеуденің париетальді және висцеральді жапырақшаларының арасына ауаның жиналуымен жүретін патологиялық жағдай.	
	Плеврит	Көмекейдің қабынуы. Ларингит көбіне салқын тиюден (<i>салқын тамақ, суық ауа, т.б.</i>) болады. Кейде <i>тұмау, қызылша, қызамық</i> , т.б. аурулар, тіпті көп сөйлеу де Ларингит шалдықтырады. Науқастың дене қызуы көтеріледі де, дел-сал болып, көмекейінің екі шеті қызарып, талаурап ісінеді, тамағы құрғайды,	

		сөйлегенде қиналады, құрғақ жөтел пайда болады.
Трахеит		<p>Ауыз қуысының қабынуы. Стоматит ауруы біртіндеп пайда болып, алдын алмаса, жедел қарқынмен асқынып кетеді.</p> <p>Стоматит кезінде ауыз қуысындағы жаралар көбейіп, ас-су пайдалануға, тіс тазалауға, ауызбен терең демалуға, дәрі қабылдауға кері әсерін тигізеді.</p>
Лорингит		<p>Мұрынның шырышты қабығының қабынуы. Гаймориттің негізгі қоздырғыштары- инфекциялар мен бактериялар. Индет мұрын қуысы және қан арқылы гаймор қуысына түсіп, оны зақымдайды. Гайморит кезінде адам қатты әлсіреп, иммундық жүйесі төмендейді. Егер бұл ауруды дер кезінде емдетпесе мұрындағы ірің миға өтіп, менингит ауруын туғызуы мүмкін.</p>
Стоматит		<p>Өкпенің сір қабатында сары судың жинақталуы. өкпеқап (плевра) қуысында сұйықтықтың жиналуы. Плевра — көкіректің ішкі бетін астарлап жататын сірі қабық. Плевриттің пайда болуына өкпе қабынуының және лимфа бездерінің асқынуы, ревматизм, әр түрлі ісік және аллергиялық аурулар немесе көкірек қуысының жарақаттары әсер етеді. Левриттің бұл түрі өкпеде немесе лимфа түйіндерінде басталып, кейін өкпені түгел қабындырады.</p>
Гайморит		<p>Бронхтың қабынуы. Суық тию және ауру тудыру салдарынан туындайды. бұл өкпеге ауа баратын тыныс жолдарындағы немесе түтікшелердегі инфекция. Бронхит болғанда жөтелде шуыл болады, көбіне сілекей немесе қакырық түседі. Бронхит әдетте вирустан пайда</p>

Кері байланыс	болады, сондықтан оған <u>антибиотиктер</u> беруге болмайды.		
	<p>Критерийлер:</p> <p>II-топқа.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сильвестер әдісі арқылы жасанды тыныс алу жолдарын көрсетеді. 2. Жасанды тыныс алу жолдарының түрлерін сипаттайды. 3. Тыныс алу мүшелерінің ауруларының түрлерін ажыратып алдын алудың профилактикасын тұжырымдайды. <p>Критерий бойынша топтар өзін-өзі бағалайды, бір-біріне кері байланыс беріп өтеді. «ССС кестесімен» жұмыс</p>		
	Сенімдімін	Сенімсізбін	

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

*Көрегенова Сагила Орынханқызы, Төлеби ауданы АӘД бөліміне қарасты
Б.Тұлкиев атындағы жом биология пәнінің мұғалімі*

Тренинг

Күні:	18.08.2022
Коучинг сессияның тақырыбы:	Оқушылардың биология пәніне деген қызығушылығын арттыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер
Мақсаты:	-Әдіс-тәсілдерді қолдану тиімділігі негізінде сабақ мақсаттарына жету. Білім алушының қызығушылығын арттыру. - Сабақ мақсаттарына сай әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану.
Сілтеме:	Әдебиеттер «Педагогика», Нұсқаулық, Әдіс-тәсіл

	жинақтары	
Күтілетін нәтиже	1. Қатысушы білім алмасушылардың білімдері жинақталады. 2. Зияткерлік және шығармашылық қабілеті ынталандырылады. 3. Қарастырылған тақырыпқа қызығушылығы туындайды. 4. Әдіс- тәсілдерді өз сабақтарында қолдана алады, белсенділігі артады.	
Сабақта қолданылатын ресурстар:	А- 4 парақтары, стикер, интерактивті тақта, флипчарт, түрлі-түсті маркер, қаламсаптар, шар	
Оқыту әдістері:	АКТ Сыни тұрғыдан ойлауға дағдыландыру	1. Диалог 2. Жеке жұмыс 4. Топтық жұмыс
Дерек көздері:	«Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді оқыту жөніндегі нұсқаулық» Мұғалімге арналған нұсқаулық Power Point	
Тренингтің өту барысы	Тренинг іс-әрекеттері	Тренинг барысы
Ұйымдастырылу Тренинг басталуы Сергіту сәті	- <i>Қатысушыларға психологиялық ахуал орнату</i> -Кіріспе 	1-Сәлемдесу 2-Шар ішінде жасырылған нақыл сөздерді оқу 3-Шар түстері арқылы шағын 4 қатысушыдан біріккен 4 топты біріктіру <i>ҚЫЗЫЛ, ЖАСЫЛ, САРЫ, КӨК ШАРЛАР</i>  1-Тренер кіріспе сөзі. Тақырып, мақсат, күтілетін нәтижесімен таныстыру 2-Әдіс- тәсілдермен таныстыру 3-Таңдалып алынған тақырыпты әдістерді қолдану арқылы топтық жұмысты ұйымдастыру 1- Кроссенс - ағылшын тілінен аударғанда inter – «арасы»; act –

Негізгі бөлім		<p>«әрекет» дегенді білдіреді. «Кроссенс» сөзі «мағыналардың қиылысуы», «пайымдаулар қиылысы» дегенді білдіреді. Осы атаумен аталатын әдісті жазушы, педагог, математик Сергей Федин мен техника ғылымдарының докторы, суретші және философ Владимир Бусленко ойлап тапқан.</p> <ul style="list-style-type: none">• «Кроссенс» әдісінің қолданылуы;• Жаңа материалды оқып үйренуде:• Сабақ тақырыбын анықтауда, жағдаятты шешуде;• Оқу материалын бекіту, қорытындылауда;• Шығармашылық жұмыс берілгенде;• Кроссенс құру алгоритімі;• Тақырыпты, жалпы идеяны анықтау;• Идея мағынасын ашатын суреттерді іздеу, іріктеу;• Идеяға, тақырыпқа қатысты 9 элементті көрсету;• Элементтер арасындағы байланысты табу, реттілігін анықтау;• Бір элементке негізгі – орталық ойды шоғырландыру;• Әр элементтің ерекше белгілерін танып білу.• Мысалы; Жер бетіндегі тіршілік үшін судың маңызы тақырыбындағы мәтін ішінен маңызды 9 элементті анықтау. <p>2-«Фрайер» әдісі Фрайер моделі- жаңа сөздер мен ұғымдарды тиімді үйрету үшін қолданылатын әдіс-тәсіл. Мәселелерді шешуде қолдануға болады.</p>
----------------------	--	---

Кері байланыс

Мысалы; Тақырыбы, Анықтамасы, Ерекшелігі, Мысал, Мысал емес.

3-«Эйзенхауэр матрицасы»
АҚШ-тың 34-і президенті Дуайт Дэвид Эйзенхауэрдың қолы ешқашан босамаған. Ол бүкіл шаруаға үлгеріп, 24 сағаттың қадіріне жету үшін өзінің уақыт басқару үлгісін ойлап тапқан. Бүгінде ол Эйзенхауэрдың матрицасы немесе приоритеттер матрицасы деп аталады.



«Ең бастысы» әдісі

- **Модульдік оқыту технологиясында оқыта үйрету ойыны ретінде қарастырып жүрген бұл әдіс – тәсілдер оқушыларды белсенді оқытуға шақырады.**

Кері байланыс:

- **Не қиын болды?**
- **Қандай жұмыс ең оңай болды?**
- **Жұмыстардың қай түрі ұнады?**
- **Қандай ұсыныс қосар едіңіз?**

МЕКТЕПТЕГІ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯ САБАҚТАРЫ: БАСЫМДЫҚТАР ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

Ерубаета Жансулу Нұрмаханқызы

*Шымкент қаласындағы №89 ІТ мектеп-лицейінің биология пәнінің мұғалімі,
ПШО ның Жаратылыстану және биология пәндерінің тренері*

Бағдарламаның мақсаты: Жаратылыстану және биология мұғалімдерінің пәндік білім саласындағы, инклюзивті орта қалыптастырудағы және оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудағы кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Оқу нәтижелері:

- 1) негізгі және орта мектептегі жаратылыстану және биология курстары бойынша пәндік білімін жүйелеу және тереңдету;
- 2) пән бөлімдері бойынша күрделілігі әр түрлі есептерді шығару дағдыларын жетілдіру;
- 3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытудағы қиындықтарды ескере отырып, оқу тапсырмаларын әзірлеу;
- 4) оқу мақсаттарына сәйкес оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын дамыту бойынша тапсырмалар әзірлеу, тәжірибесін жетілдіру;
- 5) бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу дағдыларын жетілдіру.

Білім беру мазмұнын жаңарту тенденциялары мен оқыту әдістемесі:

- педагогикалық іс-әрекет мақсаттары мен әдістерінің өзгерісі;
- оқу процесі жобалануы мен модельденуі;
- оқудағы инновациялық тәсілдеме аясында қызмет атқару;
- оқу процесінің бағдарламалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етудегі өзгерістер;
- оқушылардың оқу нәтижелерін бағалаудағы жаңа тәсілдері мен формалары.

Білім берудегі заманауи парадигмалары

Дәстүрлі парадигма (Ж.Мажо, Л.Кро, Ж.Капель, Д.Равич, Ч.Финн т.б.) - өткен мәдениеттің әмбебап элементтерін өскелең ұрпаққа дәріптеу тәсілі ретінде жүйелі академиялық білім беру моделі.

Рационалистік парадигма (П.Блум, Р.Ганье, Б.Скиннер т.б.) білім алушылардың білім, білік және дағдыларды игеруін және қазіргі әлеуметтік жағдайларға практикалық бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру жүйесін жүзеге асырады.

Білім берудің феноменологиялық парадигмасы (А.Маслоу, А.Комбс, К.Роджерс т.б.) білім алушылардың жеке-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып оқыту және оқушылардың қажеттіліктеріне ұқыпты және құрметпен қарауды көздейді.

«Жаратылыстану» және «Биология» пәндері бойынша оқу бағдарламаларының бөлімдері келесі қағидаттар негізінде құрылған:


- ғылыми қағидаты - оқу мазмұнының ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелеріне сәйкестігін анықтайды;

- шиыршықтық қағидаты - оқушылардың сыныптан сыныпқа көшуіне қарай білім мен түсініктерді қайта қарау негізінде оқыту;

- интеграция қағидаты - пәнішілік, пәнаралық және транспәндік интеграцияны іске асыру мақсатында оқушылардың білім жүйелілігін күшейту және оқыту мен тәрбиелеуді белсендіру негізінде бірқатар пәндердің оқу материалын іріктеу және құрылымдау;

- проблемалық қағидаты – ойлау қабілетін белсендендіру, танымдық процестерді ынталандыру, эмоционалды-ерік саласы, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

- жобалау қағидаты – білім алушылардың мазмұны мен оқу жобалық әрекетін кіріктіру негізінде оқыту мазмұнын жобалау, одан әрі модельдеу және жобалау процесінде іске асыру.



Мақсаты: биология сабақтарында зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау ерекшеліктерін талдау.

Күтілетін нәтижелер:

1. Зерттеуді жоспарлау алгоритмін анықтау;
2. Зерттеу сұрағы мен гипотезаны ұсынудың ерекшеліктерін тұжырымдау және түсіндіру;
3. Айнымалыны қалай басқаруға болатынын түсіндіру;
4. Мүмкін болатын тәуекелдерді анықтай отырып және олардың алдын ала отырып, талаптарға сәйкес қажетті жабдықтар мен материалдардың тізімін жасау;
5. Зерттеу талаптарына сәйкес зерттеу әдісін әзірлеу және ұсыну;
6. Практикалық іс-тәжірибие алаңдарын ұсыну.

Пайдаланылған әдебиет және интернет ресурстарының тізімі:

1. Кулюткин Ю.Н., Муштавинская И.В.. Образовательные технологии и педагогическая рефлексия. – СПб.: СПб ГУПМ, 2002, 2003
2. Кулюткин Ю.Н. Диалог как предмет педагогической рефлексии. – СПб.: СПБАППО, 2002.

3. Муштавинская И.В. Технология развития критического мышления на уроке и в системе подготовки учителя (методическое пособие). – СПб.: КАРО, 2009.
4. <https://videouroki.net/blog/stat-ia-tiekhnologhiia-razvitiia-kritichieskogho-myshlieniiia.html>
5. <http://gimnaziapushkin.edusite.ru/DswMedia/tvorcheskayarabotapogeografii.docx>
6. <https://cyberleninka.ru/article/n/razrabotka-uroka-geografii-po-teme-mineralnye-resursy-rossii-i-problemy-ih-ispolzovaniya.pdf>
7. <http://www.schoolnano.ru/node/8964>

ТАРИХТЫ ОҚИТУДАҒЫ ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ

*Усенбеков Марат Кабылханулы
Түркістан облысының
адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Білім беруді дамыту орталығы» КММ-ің тарих пәні әдіскері
Жуманова Дамира Ниятбековна
Сайрам ауданы, Керім Тленшин атындағы № 29 ЖОМ тарих пәні мұғалімі*

«Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан»

Абай Құнанбайұлы

Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. «Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле», – деген екен дана халқымыз. Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік.

Қазақтың ұлттық құндылықтарын жаңғырту бүгінгі мемлекеттен өзінің ішкі және сыртқы саясатын ұлттық сипатта жүргізуді талап етеді. Қазақи рухы биік ұлттық идеяның қалыптасуында ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Ұлттық тәрбие туралы идея бүгінгі күн талабы мен өмірлік қажеттіліктен туындап отыр. Ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу ұлттық идеяның негізгі бағыты болып табылады. Ұлттық идея – қазақ халқы тудырған моральдық нормаларда және ұлттық құндылықтарда бекітілген патриоттық тәжірибені меңгеру, ұлттық этномәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды тану, тарихты құрметтеу арқылы іске асырылады.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарайтын болсақ, егемен елдің бейбітшілігі мен бірлігін сақтайтын жас ұрпақтың бойына жастайынан ата-бабаларымыз негізін салған ерлік рухты, отаншылдық сезімді сіңіру кезек күттірмейтін мәселелердің бірі болып отыр.

Тарихты оқу арқылы отаншылдыққа, өз халқына, басқа халықтарға деген сүйіспеншілікке, жауынгерлікке, еңбексүйгіштікке, Отаны үшін кез келген қиындыққа әзір тұруға, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, қоғам үшін, халық үшін, елі үшін қызмет етуге дайын болуға, адалдыққа, шыншылдыққа, тазалыққа, қарапайымдылыққа, кішіпейілділікке, өз мүддесін халық, Отан мүддесінен жоғары қою сияқты қасиеттерге тәрбиеленеді. Ал, мектептегі тарих сабақтарында ерлікке, жауынгерлікке тәрбиелеу – күрделі міндет. Осы жерде ержүрек батырлар мен қолбасшылардың қаһармандығын, ерлігін көрсеткен шайқастары туралы толық нақтыланған материалдар болуы тиіс. «Атамекен, туған жер» ұғымы – әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Халық батыры Бауыржан Момышұлы былай деген екен: «Біздің тарихымыз батырға бай тарих, халқымыз батырлықты биік дәріптеп, азаматтық пен кісіліктің символы, үлгісі санаған.

ҚҰНДЫЛЫҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН БІЛІМ БЕРУ

МЖМБС базалық құндылықтар:

Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;

құрмет, ынтымақтастық;

еңбек пен шығармашылық;

ашықтық;

өмір бойы білім алу.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында:

тарихи сана, қазақстандық патриотизм;

өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет;

өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру;

ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту;

зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәні мақсаты білім алушыларға:

әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік- экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.

«Құқық негіздері» оқу пәнінің мақсаты:

құқықтық тұрғыдан сауатты азаматты тәрбиелеу және олардың бойында;

заңды құрметтеу дәстүрі мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастырып дамыту.

Ұлттық құндылықты жаңғыртуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар:

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы;

«Мәдени мұра» бағдарламасы;

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы;

«Ұлы даланың жеті қыры».

Зерттеу жұмыстары:

Әлемдік өркениет тарихындағы «Ұлы Дала».

Мәдениет және дәстүр – ұлттың генетикалық коды.

Қоғамдық-саяси ойдың біріктіруші рөлі.

Білім мен ғылымға үлес қосқан менің өлкемнің тұлғалары.

Мәдениет – адамзаттың рухани-адамгершілік құндылықтарының көрінісі ретінде.

Тарихтағы тұлғаның рөлі.

«Туған жер» бағдарламасы Қазақстан тарихы сабағында «Өлкетану» материалдарын оқытуға мүмкіндік берілген.

Туған өлкенің аңыз-ертегілері;

Өлкенің тарихи ескерткіштері;

Өңірдің тарихи тұлғалары: билер, батырлар және ақындар;

Өлкетану мұражайы және тарихи жәдігерлер;

Топонимдер – өткен заманның куәгерлері;

Туған өлке тарихының қазіргі куәгерлері;

Туған өлкенің туристік маршруттары;

Туған өлке шежіресі;

Мектебімнің тарихы.

Қазақстан Республикасы қоғамдық сананы жаңғырту ұстанымын алға қойған прогрессивті даму жолымен келеді. Қазіргі қоғамға ұлттық бірегейліктің аса маңыздылығын, мәдени контекстің, өздігінен даму, өзін-өзі тәрбиелеу және жоғары кәсіпқойлық, құзыреттілік пен тәрбиелілік, отбасы әлеуетінің рөлін арттыру негізінде табысты шығармашылық тұлға ретінде Қазақстан азаматтары мінез-құлқының жаңа әлеуметтік-психологиялық эталонын қажет етеді.

Түйіндей айтсақ, тәуелсіз еліміздің төл перзенттері рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгерген, әлеуметтік мәселелердің шешімін табуда құзыреттілік таныта алатын, бәсекелестікке қабілетті, жан мен тән үйлесімдігін

сезіне алатын саламатты тұлға болып қалыптасуы тиіс. Осындай ізгі мақсатқа құрылған игі істің болашағы да зор болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Тұңғыш Президенттің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы Akorda.kz [https://www.akorda.kz > events](https://www.akorda.kz/events) 2018 жылғы 21 қараша;
 Әдістемелік нұсқау хат БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесі шешімімен ұсынылды (2022 жылғы 21 шілдедегі №8 хаттама) [academia.kz https://academia.kz](https://academia.kz);
 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2015 ж;
 Қоғамдық білім негіздері: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә.Нысанбаев, Ғ.Есім, М.Изотов, К.Жүкешев, т.б. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2016 ж;
 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. — 344 бет.

ТАРИХ ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДА САБАҚТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Пазылбекова Светлана Ниязбекқызы
 Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы
 Ж. Аймауытов атындағы № 6 жалпы орта мектебінің
 тарих пәні мұғалімі*

Қазіргі кезде, еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялар мен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім берудің ұлттық деңгейдегі басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп анық көрсетілген.

Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Сыныптан тыс жұмыстар тарихына қатысты мәселелер Н.И. Қойшыбаева, К.Ж. Қожахметова, И.А. Әділханов., Г.И. Мұханова және т.б. еңбектерінен орын алады.

Сапалы білім беру арқылы оқушылардың алған теориялық білімін практикалық іспен байланыстыра отырып, олардың дүние танымын кеңейтіп, белгілі бір күзiреттiлiктердi бойына сiңiрген жеке тұлғаны қалыптастыра аламыз. Білімнің сапасын көтеруде қазіргі таңда қолданылып жатқан әдіс-амалдар өте көп, олар оқушылардың қызығушылығын арттыруда, жаңа технологиялар да жылдан-жылға көбею үстінде. Жаңа технология негізінде оқушы, біріншіден, таныс тәсілдер арқылы бұрыннан таныс үлгілер бойынша жұмысты іске асырады. Екіншіден, танымдық іс-әрекет арқылы білім мазмұнын нәтижеге бағдарлайды. Үшіншіден, шығармашылық іс-әрекет арқылы таныс емес жағдайдағы проблемалық жағдаяттардан шығу жолдарын қарастырады, жеке адамның тұлғалануымен ерекшеленеді. Оқушы шығармашылықты тапсырмаларды орындау барысында ақпараттық көздерінен алынған мәліметтерді пайдалана отырып өмірден көрген практикасымен байланыстыру арқылы сұрақтардың шешімін табуға жол ашады.

Ал қазіргі мұғалім оқушыларға дұрыс ұйымдастыра отырып, бағыт-бағдар беру арқылы өздігінен жұмыс жасауға үйрету нәтижесінде, жаңа идеялар мен жаңалықтар, болжамдар мен нәтижелер әкелетіндей тұлға даярлап шығуды көздеуде. Оқытушы қауымнан оқушылар тек білімге ғана емес, өмірге де үйрететін қабілеттілікті қажет етіп отыр.

Осындай күрделі іс-әрекет түрлерімен қарым-қатынасқа түсе отырып, бүгінгі талапқа сай «күзiреттiлiк» негiзiнде өзiнiң әлеуетiн көтерудi жүзеге асырады. Қазақстан республикасының «Білім туралы» Заңында оқыту реформасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқалылық қағидасы бекітілген, бұл мұғалімдерге кез келген үлгімен сабақ өтуге мүмкіндік береді. Осыдан келіп жаңа технологияларды тиімді түрде қолдану қажеттігі туындайды. Бұл әдістемелер жиынтығы оқушының өзін-өзі дамытуға, жан-жақты тануға, өзін-өзі өзектендіруге көмектеседі. Бұл орайда кез келген ізденіс – оқу ісіндегі субъектілер оқушы мен оқытушының өзара іс-әрекетіне, танымдық қызметіне бағытталуы тиіс.

Оқушының іс-әрекетін мақсатты түрде ұйымдастыру, оған басшылық жасау, білімді өз белсенділіктерімен алуға жағдай туғызу – жаңа педагогикалық технологиялардың басты белгілері болып табылады.

Жаңа мазмұнда оқыту оқушы күзiреттiлiгiн қалыптастыруға көмектеседі. Оқушы күзiреттiлiгi тек пәндердiң жиынтығынан құралмайды, оқушының жеке дара қызығушылығы мен білімі, дағдыларынан сипат алады. Ал дағды мен білім оқушының танымдық дүниесінен туындайды. Оқушының бұл танымдық дүниесін арттыруда сыныптан тыс жұмыстардың орны бөлек. Оқушыға жеке жұмыс жасауға, ізденуге, ақпарат алуға, өзін-өзі тануға мүмкіндік жаратылады. Сол арқылы оқушы тұлға ретінде қалыптаса келе ұлттық құндылықтарды бағалай да қастерлей де білетін болады.

Елжандылық рух беретін бірден бір пән –тарих пәнінен күтілетін нәтиже имандылық, адамгершілік-эстетикалық қасиеттері қалыптасады. Оқушыларының құзыреттілігін қалыптастыруды мынадай әдістер көмегімен айқындауға болады:

1) арнайы өз бетімен орындауға арналған тапсырмалар жүйесі;

2) жобалау әдісі;

3) шағын топтағы диалогтық (Сократтық әдіс), проблемалық жағдаяттар.

Сократтық әдіс ерекшелігі – әдіс қарапайым өмірлік ситуациялар негізінде құрылады. Шындықты бірлесе іздеу – білім берудегі ең басты тәсіл. Сократтың оқушылармен әңгімесі дәстүрлі тақырыптардан басталған. Диалогты өрістете отырып, оны құрамдас бөліктерге ажырата отырып, оның әрбір талқылау тармақшасынан жаңа сұрақтар тудырып, өзімен бірге ойлануға дайын адамдардың ойын шындықты іздестірудің қиын жолына апарған. Ойдың туындауына көмектесе отырып, Сократ бірде бір көзқарасты назарынан тыс қалдырмаған, алдын ала ешбір көзқарасқа жақтаспай, әңгімелесушілерді өзін-өзі жоққа шығаруға қатыстырған, осылайша, беделге емес, тек дәйектерге сенуге үйреткен. Сократтың пайымдауынша, педагог ештеңені қалыптастыру керек емес, ол басқа адамдарда даналықтың туындауына жағдай жасауы керек.

Құзіреттілік ең алдымен, оқушылардың ақпаратты сауаттылығы мен кезкелген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Оқушы қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана құзыретті бола алады.

Мұғалім шеберлікпен оқушының құзіреттілігін арттыру үшін сыныптан тыс жұмыстарды да саралап өткізу қажет. Әрбір оқушы болмысын зерттеу арқылы оның танымдылық дүниесін ашатын, паш ететін көріністі, былайша айтқанда, әдістерді кіріктіру арқылы нәтижеге жетеді. Оқушыларды сабақтан тыс жұмыстарға баулау және қызықтыру үшін алдымен мұғалім тарапынан күрделі аналитикалық зертеу болу қажет. Не себепті? деген сұраққа педагогика-психология саласы былай деп жауап береді. Оқушы бұл жеке дара индивид. Былайша айтқанда, оқушы тұлға, ал тұлғалық қасиеттер барлығында бірдей бола бермейді, немесе оқушы жас ерекшелігіне қарай өзгеше болып келеді. Сыныптан тыс жұмыстар осы орайда оқушы жас ерекшелігін ескеру қажет. Себебі, оқушы табиғаты әртүрлі, қабылдау қабілеті, ойлау қабілеті, т.б. тұстары ұқсас болмайды. Алайда, мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ жұмыс көзін ұйымдастыра білу керек. Сонда ғана оқушыда сыныптан тыс жұмыстарды жасау арқылы, қатысу арқылы оның қызығушылығы артады. Жалпы алғанда, оқушыда қызғушылық артқан сайын оның еңбекке, оқуға бейімділігі де артады. Бұл оқушының құзіреттілігін артады. Оқушы құзыреттілігі деген тұжырымдамада оқушының өздігінен бейімделіп, сабақ оқуға, сыни ойлауға, танымдық дүниесін арттыруға мүмкіндігі болады.

Жалпы сыныптан тыс жұмыстар оқушының танымдылық дүниесін қалай артады, рөлі қаншалықты, осы орайда талдау жасап, зерделеп көрсек. Сыныптан тыс жұмыстар қоржынына қандай жұмыстарды жатқызуға болады? Алдымен, осы сұрақ аясында зерттеу жасап көрейік.

Сыныптан тыс оқытуды ұйымдастырудың бірнеше формалары бар.

Олар: 1. Оқу саяхат; 2. Топ серуен; 3. Үйірме; 4. Клуб жұмыстары; 5. Ғылыми жұмыстар; 6. Іскерлік ойындар; 7. Диспуттар; 8. Байқау; 9. Көрмелер; 10. Олимпиадалар; 11. Пәндік апталықтар; 12. Онкүндіктер; 13. Айлықтар жатады. Жоғарыда аталған барлық сыныптан тыс жұмыстар оқушының танымдық дүниесін арттыруға бағытталған. Алайда, бұл жұмыстар түрі 2 категорияға бөлінеді. Мәселен, сыныптан тыс жұмыстар:

Білімділік

Мәдени болып бөлінеді.

Бұл екі бағытта оқушының тәрбиелік бағытында ұштасады. Білімділік бағыттағы сыныптан тыс жұмыс түріне ғылыми жұмыстар оқушының интеллектуалды қабілетін дамытуға бағытталған. Диспуттар оқушының бойындағы араторлық қасиетпен қоса, ұшқыр ойды дамытуға көмектеседі. Пәндік апталық пен олимпиадалар т.б. оқушының құзіреттілігін арттыруда рөл ойнайды. Мәдени бағыттағы сыныптан тыс жұмыстарға бауқау, ертеңгіліктер, топпен серуен, көрмелер т.б. жатады. Бұл бағыттағы жұмыстар оқушының жан-жақты біліммен қоса, мәдени тұрғыдан оқушының сана-сезімін, қоғамдағы өз орнын табуға, ізденуге, шығармашылық жағынан дамуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың кең тараған түрі – үйірме жұмысы. Мұны ұйымдастыру жүргізу үстінде мұғалімнің шығармашылық дербестігі айқын көрінеді. Үйірме жұмысы алдымен кең тынысты шараларды жүзеге асыруға бағытталуы тиіс, сонда ғана ол оқушылардың ынта-ықыласын толық қанағаттандыра алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы негізінде.
2. «2013–2014 оқу жылында Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат негізінде.
3. Г. Қажиева «Балалар мен жасөспірімдердің жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру» әдістемелік құралы-А:2010.
4. Савин Н.В. Педагогика – Алматы: Мектеп, 1990
5. Оқушыларды сабақтан тыс уақытта тәрбиелеу /В.П. Кыркалов, П.Э.Шпитальник.
7. М. Құдайқұлов Қабілеттілік дағды шеберлік
8. «Қазақтан» Ұлттық энциклопедия/ Нысанбаев Ә. Алматы
9. П.Р. Атутов Политехнический принцип в обучении школьников

10. М. Жұмабаев Педагогика – Алматы: Мектеп, 1990
 11. Қожахметова К.Ж., Мухамбетова С.Қ. Педагогика және психология. Не
 12. С.Қ. Мухамбетова Педагогика және педагогикалық технологиялар – Ақтобе.

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

*Биттибаева Гулмира Мейрхановна
 Бәйдібек ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі
 Информатика пәні әдіскері*

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық
 технологиямен байланысты әлемдік
 стандартқа сай мүдделі жаңа
 білім беру өте қажет»

Н.Ә.Назарбаев

Цифрлық сауаттылық – ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлық сауаттылық – бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеттілігі. Сабақ барысында цифрлық технологияны қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға жол ашылып отыр.

Мемлекет басшысы Қ-Ж.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған кезекті жолдауында ІТ маман қызметкерлерінің қоғамдағы орны ерекше маңызға ие екендігі атап өтілді. Цифрлық технологиялардың дауы мен өркендеуі кезеңінде сандық хаб құру мен сандық технологиясы мемлекетте жаңа кезеңге көшу қажеттігіне мән берілді.

Білім беру мен тәрбиелеу үдерісінде отаншылдық, еңбекқорлық пен білімге құштарлық құзыреттілігін қалыптастыру көкейкесті екені сөзсіз, Жаңа ұрпаққа білім берумен қатар, ең алдымен, өз елінің адал, еңбек сүйгіш азаматы болуға тәрбиелеу арқылы, келешек ұрпақтың рухани құндылықтарын қалыптастырамыз.

Қазіргі қоғам ағымы болашақ ұрпақтың ой-өрісінің шыңдалуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етуде. Осы орайда, ұлы педагог Ушинскийдің «Бала балқытылған алтын», - деген қанатты сөзі еске түседі. Ал, бүгінгі таңда мұғалімнің ең қасиетті міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін,

талантын ашып, өзіне-өзінің сенімділігін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз керек.

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры. Мектептерде білім беру ісінде цифрлық технологиялардың басты мақсаттарының бірі білім алушыны оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Егеменді еліміздің алғы шарттары өркениетті елдер қатарына көтерілуі керек болса, өркениетке жету үшін жан – жақты дамыған, рухани бай тұлғаны өсіру керек. Жас ұрпақтың бойындағы қабілеттерін көру, оны жетілдіру ізденгіштік қасиетін дамыту педагогтің сабақ берудегі шеберлік қабілетіне байланысты болады. Ж.Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», - деген, яғни оқу үдерісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделуі қажет.

Бүгінгі таңда ұстаздардың міндеті – мемлекет дамуына жауапкершілік жүгінің салмағын сезінетін нарық жағдайында сынаққа төтеп беретін, коммуникативті, функционалды шәкірт дайындау. Қазіргі қоғамға сай пән мұғалімі ғана болу аз, мұғалім – ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс. Мұғалім цифрлық технологияларды жетік меңгерген педагог дәрежесіне көтеру үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тарауға, қандай тақырыпқа пайдалану деген зерттеу жүреді. Яғни, әрбір цифрлық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан сабақ барысында қолдану өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, қандай тарауға немесе тақырыпқа сай қарап тиімді технологияны тандайды. [2] Бір сабақтың барысында бірнеше технологияны кезекпен, тиімді түрде, оқушыны жалықтырмай жүргізуге болады. Информатика сабағында цифрлық технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру, қазіргі заман талабына сай цифрлық технологияларды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім алу үдерісіне шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Цифрлық технология термині (digital technologies) ағылшын тіліндегі педагогикалық әдебиеттер қолшатыр термині ретінде қолданылады. Оның ішінде әртүлі жақында пайда болған (бұлтты, мобильді, ақылды технологиялар) және дәстүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кіреді.

Цифрлық құралдар мен білім беру ресурстары білім беру мекемелері ұсынатын оқу жұмыстарының нысандары мен әдістерінің алуан түрлілігіне ықпал етеді. Мұғалімдер жеке білім алушылардың сұрақтары мен қажеттіліктеріне қатысты оны ұйымдастыра отырып, оқытуды үнемі саралайды. Цифрлық білім беру ортасы әр білім алушының оқу жұмысын тиімді бақылауға көмектеседі. Оның мүмкін болатын іс-әрекеттерінің ауқымы артып келеді, сонымен бірге оның оқу жұмысының тиімділігі үшін жауапкершілігі артады.

Білім беру барысында цифрлық технологияларды қолданудың негізгі әдістері: Жаңа материалдарды түсіндіргенде немесе жаңа сабақты бекітуде қолдану, анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету.

Оқушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастырғанда, оқу комплексінің барлық материалдары пайда болуы.

Әртүрлі бақылауларды ұйымдастырғанда, мұнда бақылау-диагностикасы оқушылардың компьютерлік тестіленуі.

Мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы цифрлық технологияны бір бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс.

«Білімді, сауатты адамдар – ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші» деуінің өзі – үлкен көрегендіктің белгісі. Әдіскер ретінде, ұстаздарға оқушылардың білім сапасының жоғарлауына, өз тәжірибелерінде жетістіктерге жету жолдарын іздестірудемін. Ұстаздар сабақ беру барысында «WhatsApp», «Pollie», «Google» форма, «Kahoot», «Online Test pad», «Popplet, Padlet» тақтасы цифрлық білім ресурстары мен виртуалды зертхана қосымшаларын пайдалана отырып, оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға, алған білімдерін пысықтауға мүмкіндік береді.

Көрсетілген қосымшаларада орындалған тапсырмалардың тиімділігі, мұнда оқушылар табыс критерий арқылы өздерін бағалайды және оқушылар сабаққа белсене қатысады, цифрлық технологияны тиімді пайдалана алады, сондай-ақ өтілген тақырып бойынша әрбір оқушы өз білім дәрежесіне көз жеткізе алады.

Барлық оқушылар компьютерлік сауаттылықтың жоғары деңгейін көрсетеді. АКТ-ны белсенді пайдалану цифрлық құзыреттілікті дамыту екені және бұл мәселеде мектепте білім беру де шет қала алмайтыны анық.

«WhatsApp», «Pollie» қосымшасының тиімді жолдары оқушыға да, мұғалімге де ыңғайлы платформа «WhatsApp» арқылы оқушылардан тестік тапсырма алуға болады, кері байланыс жасау сондай-ақ, БЖБ-ны «Pollie» қосымшасы арқылы алу ыңғайлы.

«WhatsApp», «Pollie» қосымшасы арқылы дайындалған тест тапсырмасының сілтемесін оқушыға «WhatsApp» желісі арқылы жіберу. Оқушы тапсырманы ашып орындап мұғалімге қайта жүктейді. Мұғалім оқушы жіберген жауаптарға баға беріп, оқушымен қайта кері байланыс жасап, сілтемені оқушыға жолдай алады.

Цифрлық технологиялардың тағы бір тиімді жолдары Google формада орнатылған тест тапсырмасын орындау барысында оқушылар табыс критерий арқылы өздерін бағалайды және оқушылар сабаққа белсене қатысады. Цифрлық технологияны тиімді пайдалана алады, сондай-ақ, өтілген тақырып бойынша әрбір оқушы өз білім дәрежесінде балл беріліп және құрастырылған тестің сілтемесін оқушыларға «WhatsApp» арқылы жіберіледі. Әрбір оқушы сілтемені басып, өз аты-жөнін толтырады және берілген тест сұрақтарын орындайды. Орындаған тапсырманың нәтижесін мұғалімге қайта жүктейді. Оқушыдан

келген жауаптар мұғалімнің өз Google аккаунтындағы Google дискіде сақталады.

«Kahoot» – бұл оқушылардан жаңа тақырыпты пысықтау үшін сергіту сәті ретінде «Kahoot» ойынын ойнату өте тиімді. «Kahoot-тің» тиімділігі оқушылар жаңа тақырыпты пысықтайды, сонымен қатар, сабаққа деген белсенділігі артып, қызығушылық танытады және әрбір оқушы өзінің сол күнгі алған білім деңгейін бағалай отырып, қатемен жұмыс жасай алады. Сондай-ақ, әрбір берілген тапсырмаға қырағылық танытып уақытты үнемдейді.

Padlet – тақтасы арқылы кері байланыс жасауға болады. Бұл цифрлық технологияның тағы бір мүмкіндігімен бөлісетін болсам, бұл бағдарлама өте ыңғайлы. Padlet – Bew сервис. Сервистің мақсаты – рефлексия құралын мұғалімге беру. Қандай мүмкіндіктер береді және оқушылармен қалай бөлісуге сол туралы ақпарат беруге болады.

«Padlet» тақтасының мүмкіндіктері, оқушылармен кері байланыс жасай аламыз және «Padlet» тақтасындағы жұмыста тыңдалым тапсырмалары мен деңгейлік тапсырмаларды орындата алуға мүмкіндігі бар.

Оқушылардың цифрлық технологияны қолданып орындаудағы тапсырмаларын зерттеуде алған нәтижелерді мазмұнды түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл деңгейлер берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың цифрлық технология құзыреттерінің күрделілігі бойынша сипаттайды. Цифрлық білім ресурстарымен виртуалды зертхана қосымшаларын пайдалану деңгейінің анық критерийлері жекеленген топтардың нақты тапсырмаларын сипаттай отырып, оқушылардың нәтижелерін статистикалық тұрғыдан үлестіруге мүмкіндік береді.

XXI ғасыр – информатика ғасыры, яғни ақпараттандыру технологиясы дамыған заманда мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпаққа заман талабына сай білім беріп, жан жақты дамуына ықпал ету мұғалімнен шығармашылық ізденісті, үлкен сұранысты талап етеді. Компьютер және ақпараттық технологиялар арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушының жаңаша ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итеріп, нәтижесінде өздерінің кәсіби потенциалдарының қалыптасуына жол ашады. Бүгінгі таңдаға ақпараттық қоғам аймағындағы оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын цифрлық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, менің әдіскер ретінде тілегім еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса деймін. Ол үш оқушыларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен практиканы оқушылар бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы, еңбекқор болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

- [1] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. 2021 ж.
- [2] С.Көшімбетова Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2018 ж.
- [3] А.Е.Абилхасымова Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану.
- [4] BilimLalnd.kz – білім беру платформасы.

**«ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ
МАҚСАТЫНДА ОҚУШЫЛАРҒА ЗАМАНАУИ PYTHON
БАҒДАРЛАМАЛУ ТІЛІН ТЕРЕҢ ҮЙРЕТУ ЖОЛДАРЫ**

*Кадыркулов Бахтияр Анаркулович
Сайрам ауданы № 47 жалпы орта мектебі
информатика пәні мұғалімі*

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық
технологиямен байланысты әлемдік стандартқа
сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет»

Н.Ә.Назарбаев

Цифрлық сауаттылық – ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің ХХІ ғасырдың ең маңызды білімі, ең негізгі тақырыптарымыздың бірі. Цифрлық сауаттылық – бұл адам өмірінің барлық салаларында цифрлық технологияларды сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеттілігі. Сабақ барысында цифрлық технологияны қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыруға жол ашылып отыр.

Бағдарламаның мақсаты — орта мерзімді перспективада республика экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ, ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау.

Бағдарламаның міндеттерінің біріне: Орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру жатады. Сондықтан мектептерде информатика пәнінде оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту үшін,python бағдарламау тілін терең үйретуді жолға қою қажет.Бұл үшін қандай іс-әрекеттер жасалуы керек.Мектепте балаларды бағдарламалау тілдеріне қызықтыру, мысалы алдымен оқушыларды логикалық ойлау



қабілеттеріне қарай бөліп алу керек. Өйткені әр бір оқушының қабілеті әр түрлі болады. Бағдарламалау тілдерін оқушыға үйрету оңай процесс емес. Бұл үшін мұғалім логикалық және алгоритмдік ойлау қабілеті жақсы дамыған оқушыларды іріктеп алып, оларды мынадай конкурстарға қатыстыру керек

Бобер конкурсы – бұл әлемдік қауымдастық барлық елдер үшін бірыңғай деп таныған информатика бойынша жалғыз конкурс.

Байқаудың мақсаттары:

1. Балаларды мектепте болған кезінен бастап ақпараттық технологиялармен әуестендіру.
2. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін, логикалық және алгоритмдік ойлау дағдыларын дамыту.
3. Ақпараттық технологияларды тез және шығармашылықпен қолданатын дарынды оқушыларды анықтау.

Мысалы, 6 ұпай санын құру. Оливия сандар жазылған текшелермен ойнайды. Әр текшеде бір сан жазылған.



Оливия биік текшелер мұнарасын салады, содан кейін санды құру үшін текшені мұнараның жоғарғы жағынан бір-бірлеп алып тастайды. Ол әр жаңа текшені қол жетімді текшенің оң жағына немесе сол жағына қояды. Оң жақтағы суреттерде сіз бір мұнарадан 2534 және 4235 екі түрлі санды қалай алуға болатындығын көре аласыз.

Оливия сол жақта бейнеленген тағы бір алты текше мұнарасын салды. Ол мүмкін болатын ең аз санды алғысы келеді. Бұл қандай сан болады?

Жауабы:




Мүмкін болатын ең аз Сан-347565. Ең аз Сан мүмкін болатын ең аз саннан, яғни 3-тен басталуы керек. Үштіктің астындағы барлық сандар одан кейінгі санға қосылады, яғни оларды оң жаққа қосу керек. Сонымен, ең аз сан 65-те аяқталады.

3 - тен 65-ке дейін біз кішігірім мұнарадан мүмкін болатын ең аз санды салуымыз керек. Үштіктің артында жүре алатын ең кіші сан-4. Мұнарада төрттіктен төмен тұрған сан, яғни 5, осы жаңа санның оң жағында, ал қалған сан, ортасында 7 болуы керек. Біз 475 жоғарғы үш текшеден ең аз санды аламыз. Жауаптың бөліктерін жинап, бізде 347565 бар.


Одан басқа КИО олимпиадасында логикалық есептер көп беріледі.

Оқушылардың бағдарламау тілдеріне болған қызығушылын арттыру жолдарын біреу оларды компьютер ойындарын құруды үйрету. Python бағдарламалау тілінде арнайы rpgame кітапханасы болып ол арқылы оқушылар ойын бағдарламасын жаза алады. Ойын бағдарламаларын жазуда оқушылардың логикалық және алгоритмдық ойлау қабілеттері дамиды.

Skysmart-балалар мен жасөспірімдерге арналған онлайн-мектеп сайтында тіркеліп, оқушыларға сабақ беру, оқушылардың осы сайтқа жазылып сабаққа қатысуын қамтамасыз ету керек. Бұл сайтта бірнеше тақырыптар бойынша сабақтарға дайындалуға болады.



Мысалы, «Пайтон» бағдарламау тілдерін үйрену, веб сайттар құру, ойын бағдарламаларын жасау және т.б. Ол сайтта тапсырмалар, онлайн видео сабақтар теориялық материалдар өте көп. Ойын бағдарламаларында дайын кодтар жазылған. Оқушылар мен жұмыс жасау үшін тақта және басқа құралдар берілген. Бұл платформаға тіркеліп жұмыс жасауға болады. Одан басқа <https://stepik.org/lesson> деген сайтқа тіркеліп Пайтон бағдарламалау тілін басынан бастап үйренуге болады және де объектіге бағытталған бағдарламалау бойынша сабақтарды өтуге болады.



Және де бұл сайтта басқада тақырыптарды таңдауға мүмкіншілік бар. Бұл сайтта тақырып мәтін немесе видео материал түрінде берілген болады. Ішінде тест тапсырмалары және бағдарлама құрастыру есептер болады. Мысалы, 31-тапсырма. «Элемент қосу»

Тізім элементтерін, қосымша символдық деректі және n санын оқитын және осы тізімнің n -ші элементіне қосымша символдық деректі енгізетін/қосатын бағдарлама жазыңыз.

Енгізілетін деректер:

Бірінші қатарда/жолда массив элементтері бос орын арқылы жазылады.

Екінші жолда тізімнің жаңа элементі енгізіледі.

Үшінші жолда жаңа элементті қосатын тізім элементінің нөмірі көрсетіледі.

Шығарылатын деректер/нәтиже:

Бір элемент қосылған жаңа тізім.

```
k=input().split(" ")
```

```
elem=input()
```

```
index=int(input())
```

```
k.insert(index, elem)
```

```
for i in k:
```

```
print(i, end=' ')

```

Оқушыларды олимпиадаға даярлау үшін төмендегі сайттардан қолдануға болады. Мысалы, «Codeforces.ru» немесе «Acmp.ru» сайттары. «Codeforces.ru» сайтында алдымен тіркеліп содан кейін есептерді шешуға болады. Бұл сайтта есептерді бір неше бағдарламалау тілдері арқылы шешіп, онлайн редакторда орындауға болады. Немесе дайын код жазылған файлды жүктеуге болады. Одан басқа есептерді жауаптарын көруге болады, архив бөліміне кіріп бағдарламашының аты талдалып бағдарламасы ашылады.

Жоғарыда санап өтілген жолдар арқылы оқушының бағдарламалау тілдеріне қызықтыру, оқушыны олимпиадаға даярлау жұмыстарында қолдануға болады. Назар қойып тындағандарыңыз үшін рақмет.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА ОҚУШЫ УӘЖІН ЗЕРТТЕУ

*Ракишев Асқар Абдиганпарұлы
Түлкібас ауданы, № 47 жалпы орта мектебінің
информатика пән мұғалімі*

2021 жылы 13 қазанда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы Жарлыққа қол қойды. Оның негізінде 10 нақты Ұлттық жоба анықталды. Соның бірі – 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы. Себебі, қазіргі уақытта бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар білім беру бағдарламасымен және білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты.

Қазіргі кезде Қазақстанда жоғарыда сипатталған жаһандық проблемаларға жауап бере алатындай деңгейде ұлттық мәнмәтіндегі жұмыстар жүргізілуде. Білім беру бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін, білім сапасын арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

К.Ушинский: «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады», - деген екен. Бүгінгі күн- білім беру мазмұнына, оқушы мен педагог тұлғасына және қызметіне деген көзқарастардың түбегейлі өзгеріске бет бұрып отырған кезең.

Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформалар барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға және өсуден тұрақты даму кезеңіне өтуге бағытталған. Білім беру әдісі өзгереді, білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болады.

Қай кезде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз!

Зерттеулік білік пен дағдылар адамға тек ғылыми жұмыспен айналысқанда ғана емес, сонымен бірге оның басқа да қызмет аясында қажет. Шығармашыл - зерттеушілік ізденіс кез келген кәсіптің ажырамас бөлігі болып табылуда. Баланы зерттеушілік іс-әрекетке дайындау, зерттеулік ізденістің біліктері мен дағдыларына үйрету қазіргі кезде білім берудің маңызды міндеті болып отыр.

«Білімдіден не пайда, білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда, қайырымы қайтпаса» деген екен А.Байтұрсынов. Сондықтан үнемі кәсіби біліктілігін артып, жаңашылдыққа ұмтылған педагог қана шығармашылықпен, зор қуатпен еңбектенеді. Себебі, әлем таныған елде рухани бай және интеллектуалды тұлғалар мекендеу қажет.

«Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу», - деген Әл Фарабидің сөзіне жүгінетін болсақ, ел ертеңі білімді ұрпақпен ғана өлшенбек.

Осы орайда, оқушылармен жұмыс жасау барысында әртүрлі зерттеу, сауалнамалар алу, эссе, іздену жұмыстарын жасату нәтижесінде оқушылардың оқуға деген уәжін, ынтасын зерттеп, бағыттап отыруға тырысудамын.

Оқушы – кім?? Қалай түсінеміз? Неге қызығады, не ойлайды, білімге деген ынтасы қандай? Неге келді мектепке? Егер толық еркіндік, еркін қатысуға рұқсат берілсе, қанша оқушы мектепке келер еді? Бұл сұрақтарға әлі де жауап іздеуге тура келеді деп ойлаймын.

Үйренушінің оқуға, үйренуге деген ықылас-ынтасы, ниеті мен уәжі, зауқым болмаса, оқу нәтижесінің мардымды болуы екіталай. Француз жазушысы Анатолий Франс «Тамақ тек зор тәбетпен ішкенде ғана сінеді»- деген екен. Оқу уәжі дегеніміз дәл осы сияқты білімге, білуге деген тәбет.

«Ішкі уәж - белгілі бір жұмысты соған қызыққандықтан, оның субъектілік құндылықтарын сезгендіктен жасау. Адам өзінің ішкі уәжінің үнімен жасаған әрекетінен тыныштық, қанағат және жан рақатын табады, уақыт қалай өткені байқалмайды, артық нәрсе жоғалып, тек жұмыс қалады – ағынмен жүзгендей сезім пайда болады». (Михай Чиксенмихай)

Уәж бұл - тұлғаның бағытын айқындайтын, белсенділікті тудыратын түрткілер. Адамның әрекеті әрқашанда уәжге негізделген. Ішкі уәж сыртқы талап пен қолдаусыз-ақ әрекетке еркін қатынас деп есептеледі. Уәж еліктеуге негізделмейді, оның қуаты ағзамыздың табиғатынан шығады деп болжанады.

«Ішкі уәж белсенді, зерттеушілік, ізденіс үстіндегі міндеттерге негізделеді, олар өз кезегінде жүйелі құрылымның дамуында шешуші рөлге

ие».

Зерттеуші В.И. Чирков (1996) өзінің көптеген зерттеулерін негізге ала отырып, ішкі және сыртқы уәждің ерекшеліктерін салыстырған. Нәтижесінде, ішкі уәжде сыртқы уәжге қарағанда, жұмысты орындауға деген мүдде тұрақты және ұзағырақ болады екен, адамдар өздеріне қиын мақсаттар таңдайды, дәстүрлі емес тәсілдерді қажет ететін шығармашылық жұмыстарды жақсы орындайды. Ішкі уәжі жоғары адамдардың әрекеттері жоғары кретивтілікпен сипатталып, қанағат және қуаныш сезімдерімен сүйемелденеді.

- Іс- әрекетке толық қосылу (сана және физикалық тұрғыда);
- Зейіннің, ойдың, сезімнің іс -әрекетке бағыттталып, санадан бөтен ойлардың ығысуы;
- Белгілі бір уақытта не істеу керектігін анық түсіну, іс- әрекеттің мақсатын білуі, әрекетке жетелейтін талаптарға мойынсыну;
- Жұмыстың қаншалықты сәтті орындалып жатқанын толық түсіну, анық және нақты кері байланыс;
- Мүмкін болған сәтсіздіктер және кемшіліктер жайлы уайымның болмауы;
- Уақыттың субъектілік тұрғыда тоқтап қалуы;
- Іске толықтай «сіңіп» кету.

Ішкі уәж қалай пайда болады?

Ішкі уәж туралы ойларды дамыта отырып, Э.Дици алғашында Р.Уайт пен Р. де Чармсон көрсеткен сезімнің екі түрін пайдаланған – өз-өзіне деген сенімділік және өзін-өзі тану. Сенімділік сезімі – өз мүмкіндіктеріне деген сенімділік, «мен білемін, мен істей аламын» деген сезім. Өзін өз кәсібінің маманы ретінде сезіну.

Өзін-өзі тану сезімі – өзін барлық іс-әрекеттердің себепшісі ретінде сезіну.

Р. де Чармсонның ойынша, барлық сыртқы талаптар адамның осы сезімін әлсіретеді, ал адам осы талаптарға қарсы тұруға тырысады. Егер ол адамның қолынан келсе, оның бойында қанағат, дербестік және өз-өзін әрекеттің себепшісі ретінде сезіну сезімдері пайда болады. Ал егер адам бұл талаптарды жеңіп шыға алмаса, оларға мойынсынса, өз өмірін бақылаудан жіберіп алады, келешегіне сескеніп қарап, өз-өзіне деген сенімділік жойылады және өмірін өз бетінше құрудан қорқыныш сезімдері пайда болады.

Э.Дици келесі болжамды алып, кейін соны дәлелдеп шықты. Адамның негізгі қажеттіліктері – өз -өзіне деген сенімділік және өзін – өзі тану.

Дегенмен, уәждің барлық анықтамалары қалай болғанда да, бір жерінде ұқсас: Уәж деп тірі жандардың тәлімін анықтайтын белсенді қозғалтқыш күштер саналады. Бір жағынан ,сырттан күштелген ынталандыру, басқа жағынан,өзін-өзі ынталандыру.

Ғалымдардың айтқанындай, білім алуда, оның ішінде информатика сабақтарында оқушы уәжін арттырудың төмендегідей жолдарын қолдануға болады:

- Оқушыларды мақтауға тұрарлық іс үшін мақтау.
- Сындарлы түрде сынау.
- Сабақ кезінде оқушының өзіне деген сенімінің артуына көмектесу.
- Оқушыларды маңызды мәселелерді шешуге тарту, сауалнама, эссе, т.б.
- Нақты және орындалатындай мақсаттарды белгілеу.
- Адал және татулық қарым-қатынасты ұстану.

Информатика пәнін оқытуда білім сапасын арттыруда оқушының оқуға деген уәжі маңызды шарттың бірі болып табылады. Сабақ барысында оқушының уәжін қалыпты деңгейде ұстап, арттырып отыруда негізгі 3 қағиданы қолдануға болады.

1-қағида. Білімін жақсартуда, ізденіс барысында оқушының «Өзіндік мен», жеке тұлғалық, ізденушілік белсенділігін қолдап, нәтижеге жетуге жағдай жасап отыру.

Тақырып бойынша проблемалық жағдай, талдау, ізденіс, ойландыратын, салыстыратын, СТО жетелейтін тақырыпты терең түсінуге және қызығушылықты оятатын сұрақтар тудырып, ұжымдық «миға шабуыл», және сынып болып ізденістік ахуал қалыптастыру арқылы жетуге болады. Мысалы, американдық психолог А. Кингтің «Проблемалық сұрақтар» тәсілі. «Егер былай болса не болар еді? ...», «Мысал келтіріңіз», «Жақсы, мықты, пайдалы, немесе әлсіз жақтары қандай?», «Неге ұқсайды?», «Бұл туралы не білеміз?», «Қалай қолдануға болады...», «...қалай әсер етеді». т.б.

2-қағида. Оқушы тек қатаң орындаушы емес, таңдау еркіндігін сезуі. «Сендер міндеттісіңдер», «Орындау керексіңдер» тіркестеріне қарағанда «Сендерде таңдау бар», «Басқа вариант, мүмкіндіктерді қарастырыңдар», секілді оқыту барысында оқушыларға таңдау еркіндігін беріп отырса, оқушының қызығушылығы белсенділігі, бастамашылдығы артады.

3-қағида. Оқушының өзінің құзыреттілігін сезінуі, сенімділігі. Оқушы оқуға қызығушылығы тапсырманы орындау тек өзінің қолынан келетін кезде, сенімді болғанда ғана артады. Әр оқушының «жетістік» критерийі әртүрлі. Сондықтан мұғалім сабақ барысында әр оқушыға жетістікке жеткенін сездіріп отыру керек.

Оқушының информатика пәніне деген қызығушылық деңгейін, өз білімінің сапасын артуына деген уәжін әртүрле сауалнамалар, эсселер, тесттер, басқа да әртүрлі тәсілдер арқылы анықтап, уәж деңгейін арттыруға болады.

Оқушы уәжінің білім сапасын арттыруына әсері мұғаліммен арақатынасына, мұғалімге деген сенімге, жағымды психологиялық ахуал қалыптасуына тікелей байланысты. Бұл мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім қатынасы әртүрлі формада болуы мүмкін. Дана Абайдың 22-қара сөзінде айтқандай, «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі.» Біз оқушыны шын мейірлендіріп, пәнімізге қызықтыра аламыз ба? Ол үшін не істеу керек? – деген ұстанымды басшылыққа алып, әртүрлі зерттеулер жүргізудемін.

	Толық	Толық
--	-------	-------

		келіспеймін					келісемін					
		0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Мектепте оқытылатын пәндерді неге оқу керек екенін жақсы білемін											
2	Оқуды пайдалы нарсе деп есептеймін											
3	Мен жақсы оқуға қабілетім жетеді											
4	Мұғалімдер менің білімімді әділ бағалайды											
5	Маған оқу қызық											
6	Сабақтарда жақсы көңіл күйде көп боламын нашар көңіл күйге қарағанда											
7	Маған мұғалімнің қандай баға қойғаны бәрібір емес											
8	Мектепте оқудағы жетістіктер үшін арнайы мадақ-марапаттар қолданылады											
9	Оқудағы жетістіктерім үшін ерекше аталғым келеді											
10	Жақсы оқу үшін көп күш және көп уақыт жұмсау керек											

Жалпы оқушыға Білім заңдары, қоғам, ата-ана, мектеп тарапынан қойылатын талаптар арқылы заманауи оқушының келбеті қалыптасады. Ол бағдарламада белгіленген білім көлемін игеріп, заман талабына сай мемлекетіміздің болашақ азаматы болуға өзін дайындау керек. Және әрбір ата-ана, мұғалім оқушыдан осыны күтеді. Осы орайда сындарлы кері байланыс болу үшін «Оқушылар мұғалімнен не күтеді?» деген ой келді. Себебі, көп жағдайда мұғалім сыныпта, сабақта жетекші, басшылық рөл атқарғандықтан, өзін маман ретінде, мұғалім, ересек адам ретінде ұстап, белгілі бір мұғалімдік критерийлерге сәйкес болсам болды деген ойда болуы мүмкін. «Пендеде бір іс бар жалығу деген»- (Абай-20 сөз) оқу барысында оқушылардың оқуға деген ынтасына не әсер етеді, қандай болғанда мұғалім оқушыны жалықтырмайды, сабақты барлық уақытта қызықты қылып өткізіп, тиімді оқу ортасын құра алады? Ал, оқушы мен мұғалім кері байланысы алдымыздағы оқушының пікірі қандай, ол мұғалімнің қандай болғанын қалайды?, мұғалімнен не күтеді? Бұл сұрақтар оқу процесінен тыс қалып жатады. Осы олқылықтың орыны толтыру және педагог –зерттеуші ретінде мектебіміздегі 8-11-сыныптардан 300-ден аса оқушыдан «Оқушылар менен күтеді» тақырыбында сауалнама алдым. Сауалнама нәтижесінде оқушылар мұғалімнен- нақты жағдайда менен 62 (алпыс екі) түрлі әрекет, қолдаулар күтетінін жазған.

<p>1.Жақсы білім, білімділік! 2. Жақсы тәрбие 2-1 керемет сабақтар! 2-а Программа құруды үйрету 3.Қызықты мәліметтер 4.терең мағыналы сөздер 5.ерекше сұрақтар 6. Қызықты топтық жұмыс! 7. Топтық сайыс сабақ 8.Жаңа техника, информатика жаңалықтары, білу, үйрету 9. Басымнан өткен сәтті тәжірибелер 10. Жақсы көңіл-күй сыйлау оқушыларға (әдіс-тәсіл!) 11.Өзім көңілді жүру!!!!(зерттеу-оқ сұрау) 12. Төзімді, ақылды, сабырлы болу!!! 40. Ойындар ойнату 41. қаталдау болу 42. реферат, зерттеулер беру 43. 5-ке оқуға тарту 51. Мотивация! Шабыт! 52. шаршап, жалқауланған кезде шындау, жалынды сөздер! 53. Қолдау көрсету, ҰБТ ға дайындау, мәліметтер ҰБТ –ға кеңестер</p>	<p>13. Жаңашыл! 14. Көрікті, көрнекті, сыпайы! 15. логикалық сұрақтар 16. Жақсы сөздер 17. Болашаққа жақсы тілек! 18. Оқушыларға сабақ өткіздіру! 19. Дұрыс бағыт-бағдар беру! (ата-ананы сыйлау...т.б) 20. Есеп, тапсырма орындауға үйрету 21.Дұрыс бағалау 22. есептерді тексеру 23. Оқушыға көмектесу 24.Оқушыны қадағалау! 25. Оқушыға көңіл бөлу, назар аудару!!!! 44. Жол көрсету 45.Тиянақтылыққа үйрету 46. қызықты оқиғалар айту 47. Жақсылыққа тәрбиелеу 54. Жылы сөз бен жүз 55. жаңа жобалар, көмегі тиетін мықты идеялар қосу! 56.жақсылық жасауды, жақсылыққа шақыруды үйрету</p>	<p>26. Сабақты қызықты өткізу! 27. Ұрыспау 28. Компьютерді жақсы меңгеруді үйрету! 29. Сенімді 30. Жақсы қарым-қатынас 31. Ынталандыру! 32. Қосымша қызықты шығармашылық тапсырмалар! 33.Мадақ, мақтау, марапат, «керемет!», «Өте жақсы!» «жарайсың», т.б. сөздер 34.қиын тапсырмалар 35. Әрекетті жақсы бағалау! 36. Ғұлама, дана ақылды адамдардың сөздері 37. өмірден мысал келтіру! 38. Оқушыларды бөлмеу 39. өзіне баурай білу! (3А) 48. Түрлі жақсы қасиеттерді дарыту 49.үлгілі мұғалім атану 50. Шындық, ақиқат, сүйіспеншілік!!! 57. АЛЛАНЫҢ ақ жолымен жүруге шақыру! 58. Сыйластық! 59.Жетілдіруші, ұмтылдырушы, бағыттаушы, адамгершілік қасиет 60. Жарқын, керемет, бақытты Болашаққа бағыттау</p>
--	--	--

«Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтіп құрмет күтесің?» (Абай-22 сөз)

Осы сауалнама арқылы оқушылардың пікірін біліп, ең алдымен, мұғалім өзінің тәжірибесін үнемі жетілдіріп, әр сабақты оқушы уәжін, сұранысын қанағаттандыратындай, сабақтағы іс-әрекет оқу мақсатына сай қалаулы күтілген нәтижеге жетумен өткізуі тиістігін ұғындым.

Информатика пәнін оқытуда білім сапасын арттыру мақсатында оқушы уәжін зерттеу қажеттігі, және зерттеу нәтижесін сабақта тиімді қолдануға болады деп есептеймін. Қорыта айтқанда, оқушы уәжін зерттеу мұғалімнің де зерттеушілік тәжірибесін арттырып, келесідей тұжырым жасауға болатындығын көрсетті.

Оқушылардың ішкі уәжін дамыту қажеттілігі және болатындығы.

Ішкі уәждің адамға әсерлері (психосоматикалық себептер, терең эмоциялар, депривті жағдайларда); өзін-өзі реттеуі.

- еркін сөйлеуге;
- өзін-өзі бағалауға, өз білімін реттеп, білім сапасын арттыруға;
- өз ісіне жауап бере алатындығына;
- ойын ашық жеткізуге.

Оқушылармен оқу барысында үнемі ішкі уәжді дамытуға арналған жаттығулар мен тренингтер, анкеталар мен ойын әдістерін қолдануға болатындығы.

Ішкі уәжі дамыған оқушылар тобының басқа топпен салыстырғанда айырмашылығы айқын көрінетіндігі.

Зерттеу нәтижелерінде оқушылардың ішкі уәжі мен қоса белсенділіктің артқаны айқын байқалатындығы.

Ішкі уәж бен белсенділіктің арасындағы байланыс анықталды.

Яғни, осындай зерттеулерді жүргізе отырып, кез келген оқушының ішкі уәжі арқылы белсенділікті арттыруға болатындығын және сонымен қоса, ішкі уәжбен белсенділігі дамыған оқушылардың ары қарай шығармашылыққа, жаңашылдыққа, білім сапасын арттыруға, дамытуға болатындығын байқадым.

Табысты мұғалім - мектепте оқыту мен зерттеуге ынтымақ - жігерін салып, белсенді жұмыс істейтін және оқушыларға қамқорлық көрсете отырып, ықпал ететін және бағдар беретін мұғалімдерді, оқытудың мақсаты мен сабақтың нәтижелі де табысты өту өлшемдерін, оған сәйкестігін білетін, «Біз қайда бара жатырмыз?», «қандай іс-әрекет жасау керек?», Одан әрі не істеу керек? - деген сияқты табыс критерийлеріне бағытталған, не істеу керек екенін білетін мұғалімдер, дайын білім мен идеяларды ұсынбай, сол білім мен идеяларды оқушылардың өздері құруына түрткі болатын мұғалімдер, – дей отырып, әріптестерімді белсенді іс-әрекеттерге шақырамын.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН "БІЛІМНІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: ОТАНШЫЛДЫҚ, БІЛІМГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ"

*Ахметова Меруерт
Созақ ауданы, С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектебінің
информатика пәні мұғалімі*

Мектепте оқытуды ақпараттандыру—бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын информатика сабағында қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарын қамтамасыз ету үдерісі. Оқу үдерісінде білім беруді ақпараттандырудың негізгі бөлігі дербес компьютерлерді қолдану, интернет желісін пайдалану арқылы жүреді. Сондықтан ол Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылатын негізгі мақсатты көздейді. Олай болса, білім беру саласындағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану еліміздегі ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.



Бүгінгі таңда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементтерінің біріне айналуда. Дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артып, адамның болашағы оның алған білімінің сапасының көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты болады.

Осы тұрғыдан бүгінгі күні жаңа технологияның тиімді әдіс-тәсілдерін жас ұрпақтың бойына сіңіре отырып тәрбие беру мұғалімнің басты міндеті.

Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алууда. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден гөрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап арудың маңызы зор.

Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін.

Жаңа инновациялық технологияларды информатика пәнінде қолдану.

Оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін арттырып, олармен бірлесе индивидуальді жұмыстарды ұйымдастыру үшін мұғалім әрбір оқушының білімділігін, қабілетін білуі қажет және де оның (педагогтың) барлық оқушылары өзінің берген тапсырмаларын орындай алатына көз жеткізуі керек. Оқушының қаншалықты өзінің мүмкіндіктерін, фантазиясын жүзеге асыра алатыны оның тек көңіл-күйіне ғана емес, мектепке деген, оқу процесіне, сондай-ақ оның жалпы дамуына байланысты.

Дәстүрлік сабақтар орта дәрежедегі оқушыларға арналған, сондықтан да әлсіз оқушылар үшін берілген материалды ұғыну уақыт жеткіліксіз, ол ең бастысы олардың мүмкіндіктеріне жауап беретін шығармашылығы, жетіспейді. Сондықтан да сабақтарда, әсіресе информатика сабағында жаңа информациялық технологиялар құралдарын қолданған жөн.

Өйткені олар:

Оқушылардың жеке қасиеттерін пайдалануға (диагностика)

Оқылып жатқан дәреже бойынша дифференциясын

Қорытынды нәтиже (бақылау, талдау, тексеру) береді.

А.В Осиннин айтушы бойынша, жаңа технологиялық құралдардың пайда болуы оқыту процесінің формасы мен әдіс-тәсілдерін өзгертуі қажет. Олар оқушыға материалдың мазмұнынан «дискуссияға» (пікір-сайыс) өтуіне, кең мағынада, түсіндірме-иллюстративті оқыту (бейнелеуіш) әдісінен интерактивтіге өтеді.

Компьютерлік мультимедиялық құралдар, әсіресе информатика пәнінде оқулықтар мен қағаз тасмалдарынан ерекшеленетін көрнекілікті, интерактивті және т.б. сапарларды қамтамасыз етеді.

Жаңа технологияларды қазақ тілі сабақтарында қолдану ұстаз бен оқушы қызметінің қарқындауына мүмкіндік береді; пәнді оқыту саласын арттырады; биологиялық объектілердің өмірлік циклін бейнелеуді, зерттелетін объектілер мен табиғи құбылыстардың ең маңызы сипаттамаларын береді. Мультимедияны пайдаланудың әдістемелік тәсілдері өте көп.

Мультимедиялық технологиялардың дәстүрлі құралдардан артықшылығы басым: материалды көрнекі түрде бейнелеу, білімді эффект

(әсерлі) тексерудің мүмкіндігі, оқушылардың жұмысындағы ұйымдастырылған формаларының көптүрлілігі мен оқытушының әдістемелік тәсілдерді пайдалануы. Көптеген процестер күрделілігімен еркешеленеді. Балалар бейнелік ойлау арқылы абстрактілі қорытынды жасайды, суретсіз өтіп жатқан процесті түсінбейді, құбылысты зерттей алмайды.

Қазіргі таңда қоғам оқушыға оқушылардың жеке маңызды сапасын арттырып, білім жете меңгеруіне таспсырма береді. Білімнің гуманизациялану оқушының әртүрлі жеке қасиеттеріне бағаны қарым-қатынасты көздейді. Білім мақсат ретінде емес, тұлғаны дамудың құралы болып табылады. Бұған жол ашатын ең басты информациялық компьютерлік (ИКТ) технологиялары болып табылады. Заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің соңғы түрлерін жедел игеріп, кәсіби шеберлікті ұштап отыру ұстаздың басты парызы.

Мектеп мұғалімдері үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысына;
- уақытын үнемдеуге;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақпен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әртүрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымың кеңейтуге де ықпалы зор.

Мұғалім сабағында ақпараттық технологияның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі.

WORDVALL білім ресурсын қолдану өз тәжірибемде.

WORDVALL - ұстаздар мен оқушыларға, студенттерге арналған ойын тапсырмаларын құруға көмекші платформа болып табылады. Мақсаты – оқу мотивациясын арттыру үшін интерактивті және баспа материалдарын жасау болып табылады. Бүгінгі таңда ақпараттық технологияның көмегімен оқу процесін осы платформа арқылы тиімді етуге болады.

Күнделікті сабақ барысында мен осы платформаның өзім жасаған ойын түрлерін көп қолданамын. Бұл платформада қолданған ойын түрлерін ссылақ арқылы оқушыларға таратып бір мезетте, немесе үй тапсырмасы ретінде қолдануға болады.

Ол үшін ең алдымен, тіркелу батырмасын басып электронды пошталарыңыз арқылы тіркелесіздер.



Быстрее создавайте лучшие уроки

Құпия пароль енгізіп, әртүрлі қызықты ойындар құрастыра аласыздар. Мен информатик ұстаз ретінде балалардың білім сапасын арттыруға арналған бірнеше ойын түрлерін құрастырдым.

Қосымша №1 <https://wordwall.net/ru/resource/34310147>

0:02




Монитор Клавиатура процессор Тінтуір

<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>



Отправить Ответы



"КОМПЬЮТЕР ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ"

Поделиться

Қосымша №2 <https://wordwall.net/ru/resource/34310189>

26

Информатика ұғымы-

А цифрлық сауттылық	В ақпараттық үрдістерді зерттейтін ғылым	С компьютер ғылымы
----------------------------------	---	---------------------------------

Баллы x2

50:50

Дополнительное
время

Қосымша №3 <https://wordwall.net/ru/resource/34310213>

0:30 Коснитесь одну, чтобы открыть

**Әлеуметтік
желіде бөтен
адам жазса
және кездесуге
шақырса не
істер едің?**

2

Қосымша №4 <https://wordwall.net/ru/resource/34310243>

MS Access-тің ең соңғы версиясы қай жылы жарық көрді?

A 2022	B 2016
C 2019	D 2020

◀ 1 из 10 ▶

Қосымша №5 <https://wordwall.net/ru/resource/34310276>

:05

ӘЙТПЕСЕ	ЕНГІЗУ	ЖАЛҒАН	ФАЙЛ	АҚИҚАТ
ОҚУ	ЖАЗУ	ЕГЕР	ШЫҒАРУ	АШУ
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
OPEN	FILE	FALSE	PRINT	READ
<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>
TRUE	IF	INPUT	WRITE	ELSE

Қосымша №6 <https://wordwall.net/ru/resource/34310310>



Қосымша №7 <https://wordwall.net/ru/resource/34310368>



Қорытынды.

Биылға балалар жылына байланысты информатика пәнінен білім сапасын көтеретін нақты механизмдер, ол – оқыту процесіне жаңа технологияларды кеңінен енгізу.

Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Сондықтан әрбір педагог сапалы білім беру үшін сабақты үнемі қалыптасқан формада өткізуден көрі оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін және дәстүрлі емес сабақ түрлерін өткізу тиімді. Бұл бағытта білім берудің әртүрлілігі, нұсқадағы мазмұны, құрылымы ғылымға және тәжірибегенегізделген жаңа идеялар, жаңа

технологиялар бар. Сондықтан оқыту үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдер оқу мазмұны мен оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдап алудың маңызы зор. Қазіргі таңда оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Сабақта қолданылған жаңа технологиялардың өзі әрбір мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін.

Оқытудың іске асыру тәсілдерінің бірі – жобалар әдісі, өзіндік өзінің дидактикалық негізі бойынша, шынайы өмірде тиімді әрекет етуде мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыруды көздейтін, білім берудегі құзыреттілікті қолдайтын жаңа технология. Қазіргі кезде баланың интеллектісіне дербес ойлауын дамытуға бағытталған өз бетімен ізденуге даярлауда жаңа технологияның маңызы зор. Баланың жеке тұлғасының даму мәселесін шешу, оқытудың тиімділігін арттыру, балалардың деңгейіне қарай отырып жұмыс жасау қажет.

Қазіргі мектептің даму болашағы қоғамның даму үрдісімен үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталады. Оқушыларға білім беруде жаңа оқыту технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай талап етілуде. Оқу процесінде пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды тиімді пайдалану және қолдану кейінгі жылдары айтарлықтай оң тәжірибе беріп отыр. Атап айтсақ, оқушылардың өз бетімен ізденісі, пәнге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылығын дамытуға, оқу қызметінің мәдениетін қалыптастыруға, дербес жұмыстарын ұйымдастыруға ерекше қолайлы жағдай туып отыр. Балалар жылында балалардың білімін дамытуымыз қажет!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауы. Астана. 2010.
2. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2000.
3. Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: РБК, 1999.
4. Мұқанов М.М. Бақылау және ойлау. Алматы.
5. Аханова Б. Шығармашылық тұлға қалыптастыру // Сыныптағы тәрбие. - №1.
6. Жеке тұлғаға бағытталған сабаққа қойылатын талаптар // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. -2008.18-24 б
7. Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті. - №10.35-45б
8. Ешанова Г.Сұлтанбек Қожахметовтің жеке тұлғаның дамуына бағытталған ой- пікірлер// Қазақстан жоғары мектебі. -2006.-№1.96-99 б.
9. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование. -2006. -№2.15-18 б.
10. Тілдік тұлға қалыптастыруда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы // Білім-Образование. -2007.-№5.12-23 б.

11 Н.А. Оразахынова «Сатылай кешенді талдау» технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы. «Даир». 2007.289-б.

ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУДЫ САБАҚТА ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

*Жантаев Абдужамиль Абдухаликович
Түркістан қаласы А.Байтұрсынов атындағы №1 мектеп-лицейінің
информатика пән мұғалімі*

Жаңа технологиялар қарқынды дамып келе жатқан ғасырда білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялардың алатын орны ерекше. Бұл баяндамада мектеп оқушыларының білім сапасын көтеруге бағытталған бірнеше әдіс-тәсілдерді қарастырдық.

Ең алдымен, оқушылардың өзіне деген сенімділігін ояту, өмірге деген құлшынысын, ынтасын, жігерін ояту. Кез келген оқушының жақсы қасиеттерін тауып, сол қасиетін қасындағы оқушылармен бөлісіп, әрбір оқушының ерекше дарынды тұлға екендігін, әлемдік деңгейде мықты деген оқушылармен бәсекелес бола алатындығын оқушылардың санасына құю және сендіруді қарастырдық.

Келесі қадамда, пәннің маңыздылығын, әр алуандылығын, болашақта берер пайдасын, әрбір салада алатын орнын нақты мысалдармен көрсете білу оқушының болашақта қателеспей мамандық таңдауға оң септігін тигізеді әрі пәнге деген қызығушылығы арта түседі.

Оқушының жігер, ынтасын оятып, пәнге деген қызығушылығын арттырған соң, оқушыларға білімді қабылдау қабілетіне қарай тапсырмалар күрделі, орта және жеңіл деңгейде беріледі. Нәтижеде сыныптағы оқушылар тапсырмаларды толығымен орындай алуы оқушылардың білім сапасының артуына ықпалын тигізеді.

Жоғарыда айтылған әдістердің әсерін, сапасын, оң нәтижелілігін арттыру үшін, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың 21.04.2022 ж. күнгі «QAZAQSTAN» – ұлттық телеарнасында «Жедел желі» бағдарламасы бойынша берген сұхбатына сәйкес жоспарлар құрылды.

Соңғы бөлімде сабақ өтілу барысында қолданылатын әдістерім баяндалған. Қашықтықтан оқыту әдісінің үш түрлі бағыты қолданылды. Сабақты түгендеу және кері байланыс ретінде сабақтан алған әсерлері бойынша жаңа технология пайдаланылды. Бұл әдістер пәннің мүмкіндіктерін кең ауқымда көрсете алады. Әрі, жаһандануда Информатика, IT-бағытының барлық салаларда алатын орны ерекше екендігін айқын көрсету болып табылады.

1. МОТИВАЦИЯ (ЫНТАЛАНДЫРУ)

«Адам бір нәрсені бүкіл ынта-жігерімен, шын жүрегімен қалап тырысып бақса, оның ала алмайтын қамалы болмайды. Еш нәрсе қол жеткізе алмайтындай биікте емес.» - осы ұғымды оқушы санасына ендіре білсек, оқушының ішіндегі жақсы қасиеттеріне үніліп бағалай алсақ, оқушының пәнге деген қызығушылығы, құлшынысы арта түседі.

«Бәсекелестік бар жерде даму болады», – дегендей, оқушыларымыздың арасында жарыстар ұйымдастырып лидерлік қасиетін ояту.

Оқушының ішіндегі бриллиантына үңілу.

Әрбір адамның ішіндегі жақсы қасиеті.

Сол қасиетін ашыққа шығару.

Бәсекелестікті тудыру.

Ұл мен қыздар.

Екі топтың лидерлерін бір-бірімен салыстыру.

Лидерлік қасиетін ояту.

Мектеп ішілік олимпиада ұйымдастыру.

Жеңімпаздарды мақтау-марапаттау.

2. ИНФОРМАТИКА ПӘНІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Оқушыларымыздың білім сапасын арттырудағы әдістерінің бірі – өтіліп жатқан пәннің маңыздылығын, мүмкіндіктерін ұғыну. Пән мен мамандықты бір-бірімен байланыстырып болашақта оқушы өзі таңдаған әртүрлі салаларда

Информатика пәнінің қаншалықты дәрежеде қолданылатынын жік-жігімен нақты мысалдармен түсіндіру арқылы оқушының информатика пәніне қызығушылығын арттыру.

3. ҚОЛДАНЫЛҒАН ІС- ТӘЖІРИБЕ

Осы 7-8 жыл бойынша жинаған тәжірибемде оқушылардың білімді қабылдау қабілетінің әртүрлі болуын байқадым, нәтижеде:

тоқсан соңында білімді қабылдау қабілеті жоғары оқушыларымыз үздік бағаға, білімді қабылдау қабілеті орташа оқушыларымыз орта бағаға,

ал білімді қабылдау қабілеті төмен оқушыларымыз төмен бағамен аяқтап жатқанына куә болдым.

Төменгі деңгейдегі оқушыларымыз, жоғары деңгейлі оқушыларымызға ілегісе алмай, артта қалып қою салдарынан, оқушының өзіне деген сенімділігі жоғалып, сабаққа деген қызығушылығы нашарлап кетуі байқалды.

Бұл мәселені шешу үшін сабақ барысында тапсырмаларды 3 деңгейге бөлдім.

қабылдау қабілеті жоғары оқушыларымызға күрделі тапсырма,


қабылдау қабілеті орташа оқушыларымызға орта деңгейлі тапсырма,

қабылдау қабілеті төмен оқушыларымызға жеңіл тапсырмалар берілді.


Нәтижесінде:

Сыныптағы 100 пайыз оқушылардың сабаққа деген құлшынысы артып, жеңілден ортаға, ортадан күрделі тапсырмаларды толығымен орындауға мүмкіндігі болды.

3.1. ҚОЛДАНЫЛҒАН ТӘЖІРИБЕ



3.1. Деңгейлі тапсырмалар



Орта деңгейлі тапсырма

Жеңіл деңгейлі тапсырма

4. ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВТЫҢ ЖОЛДАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ

ҚР білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов 21.04.2022 ж. QAZAQSTAN – ұлттық телеарнасында «Жедел желі» бағдарламасы бойынша берген сұхбатында [1]:

«Әр мұғалім өз пәні бойынша төменгі сыныптардан бастап жоғарғы сыныптарға дейін өтілетін пәндерді жақсы меңгерген болуы керек» –деп, айтып еді.

4.1. ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов жолдамасы негізінде

Мектеп директоры Кудайбергенов Дауленбай Сазанбекұлының басшылығымен оқу-ісі жөніндегі директор орынбасары Адилбекова Райхан Серікқызының тапсырмасымен алдағы 2022-2023ж.ж. оқу жылынан бастап информатика пәнінен мұғалім 1-ші сыныптан, 11-ші сыныпқа дейінгі сыныптармен қамтамасыз етілуін тапсырды.

Бұл тапсырманың негізгі мақсаты мұғалім мен оқушы бір-бірімен байланысып, танып-танысуын жеделдету мен білім сапасын арттыру. Себебі: Тек 10-11-ші сыныпқа ғана сабақ беретін мұғалімнің алдына келген танымайтын оқушыны толығымен танып білемін дегенше, оқушы мектепті бітіріп кетеді немесе әр сыныпта бір пәннен бірнеше мұғалім сабақ беретін болса мұғалімнің білім деңгейі, әдіс-тәсілі әр түрлі болғандықтан оқушының білім сапасы төмендеп кетуі мүмкін және оқушы жетістікке жеткен жағдайда қай мұғалімнің үлесі қаншалықты екенін анықтау қиын.

Бұл жағдайдың алдын алу үшін мұғалім 1-ші сыныптан 11-сыныпқа дейін бір немесе екі сыныптан алады, мысалға (1а-б, 2а-б, 3а-б, 4а-б, 5а-б, 6а, 7а, 8а, 9а, 10а, 11а (16сағ.)). Бірақ, физикалық тұрғыдан мұғалім 1-ші сыныптан 11-ші сыныпқа дейінгі оқу материалдарын дайындап, күнде жаңартып отыруға қауқары жетпеуі мүмкін. Осыны ескере отырып мектеп оқытушыларымен ақылдаса келе, бастауыш сынып мұғалімдері бір бөлек, жоғары сынып мұғалімдері бір бөлек сабақ беретін болып келісті (1-4, 5-11 сыныптар).

Бұл әдісте мұғалім оқушыға бастауыш сыныптан бастап немесе бірнеше жылдан бері сабақ беріп келетін болса, ол оқушының психологиясын, мінез-құлқын, қабілетін, қыр-сырын жақсы танып білетін болады. Бұл жағдайда жоғары бөлімдерде айтып өткеніміздей, оқушының білім қабылдау деңгейіне қарай тапсырмалар беріледі.

Әрі бұл әдіс мұғалімдер арасында бәсекелестік тудырады. Яғни, оқушы сыныпқа келгеннен бастап бітіріп кеткенше, бір пәннен тек бір ғана мұғалім сабақ бергені үшін оқушылар мен мұғалімнің жетістігі айқын көрінеді. Оқу жылының соңында оқушылардың жеткен жетістіктеріне қарай мұғалім

марапатталады немесе сөгіс алады. Мұғалім мұндай жағдайда өз білім деңгейін дамытуға, жақсартуға бар күшін салады.

5. САБАҚТА ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДІСТЕР

Қашықтықтан оқыту әдісінің үш түрлі бағыты қолданылды. Сабақты түгендеу және кері байланыс ретінде сабақтан алған әсерлері бойынша жаңа технология пайдаланылды.

5.1. Сабақты түгендеу әдісі

Сабақ барысында әрбір уақытты ұтымды пайдалану үшін, оқушыларды түгендеу барысында QR код әдісті пайдаландым. Сыныпқа кірерде QR код ілінген парақшадан смартфон арқылы сыныпқа келгендігін оқушылар өздері толтырады, яғни мұғалім оқушыларды түгендеуге кететін уақытын сабақ өтуге арнайды.

ТҮГЕНДЕУ ПАРАҒЫ




5.2. Қашықтықтан басқаруды сабақта қолдану

Қашықтықтан басқаруды сабақта қолдану әдісі білім сапасының артуына едәуір үлкен үлесін қосады. Сабақ барысында қашықтықтан басқарудың үш түрлі әдісін қолданамын.

Оқушылармен мәліметтерді алып-жіберуде IP арқылы «Ортақ серверлер» әдісін қолдануымыз. Бұл әдісті интернет жүйесі болмаған жағдайда да қолдануға болады.

«RADMIN» бағдарламасы арқылы оқушының компьютерде шығарған есебін интерактивтік тақтада немесе сенсорлық монитор арқылы жаппай экранда көрсете отырып, сынып бойынша дұрыс немесе қате шығарылған есептерді т.б. талқылаймыз.

«Remote desktop connection» әдісі арқылы оқушыларымыз бір-бірінің компьютеріне кіріп тәжірибе алмасу арқылы өз білім деңгейін дамытады.



Ортақ серверді пайдалану

«RADMIN» бағдарламасын пайдалану

«RADMIN» бағдарламасын пайдалану REMOTE DESKTOP CONNECTION

5.3. Сабақтан алған әсеріңіз

Сабақ соңында оқушыларымыздың сабақтан алған әсерін анықтау үшін <https://www.menti.com/> веб порталын QR код әдісін қолдану арқылы пайдаландым. Нәтижеде оқушылардың алған әсерлеріне қарай отырып сабақтың қандай деңгейде өткенін байқап отырдым. Егер оқушыларымыздың сабақтан алған әсері төмен болса, ол дегеніміз сол күнгі тақырыппен кең ауқымды жұмыс жасау керектігін көрсетеді.

ТӨМЕНДЕГІ (QR КОД) АРҚЫЛЫ
БҮГІНГІ САБАҚТАН АЛҒАН
ӘСЕРІҢІЗДІ БАҒАЛАҢЫЗ!!!



ҚОРЫТЫНДЫ.

Еліміздің ұлттық басымдылығы балаларымыздың білім деңгейін көтеру ең басты мақсатымыз болып табылады. Қорыта келе, оқушыларымыздың білім сапасын арттыру бағытында жоғарыда көрсетілген әдіс-тәсілдер белгілі бір дәрежеде өз нәтижесін беріп отыр. Дегенмен бұл межеде тоқталмай әрі қарай оқушылардың білім деңгейін арттыруды жан-жақты әлемдік деңгейдегі тәжірибелерді зерттеп, жинақталған тәжірибелерімді мақала арқылы жариялауды көздеп отырмын.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, QAZAQSTAN – ұлттық телеарнасында «[Жедел желі](#)» бағдарламасы бойынша берген сұхбаты. 21.04.2022 ж.

<https://www.youtube.com/watch?v=W8sOcmMdnT4>

Tashbaeva, Sh.K. and Lapasova, F.A. (2021). Application of qr code technology in education. Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences. 1(10).<https://cyberleninka.ru/article/n/application-of-qr-code-technology-in-education>

Александровна, Г.О. и Ивановна В.Г. (2020). Дистанционное обучение в начальной школе: уроки использования. Герценовские чтения. начальное образование. 11(2). 3-8 стр.

Гусев В.В., Шиганова М.В., Романова Н.А., Христофоров Р.П., Домрачева Т.С. (2018). Сетевые устройства и основы компьютерных сетей. Аллея науки. 8(11(27)). 893-900 стр.

Инструкция по установке Radmin 3, <https://support.radmin.com/index.php?/ru/Knowledgebase/Article/View/53/37> .

Воронцов А.А. (2016). Исследование изменения быстродействия при удаленном подключении по сети интернет к рабочему столу виртуальной машины частного облака пензгту. XXI век: итоги прошлого и проблемы настоящего плюс. 3(31). 173-178 стр.

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІНЕН ЗАМАНАУИ КӨРНЕКІЛІКТЕР ӘЗІРЛЕУ

Тукенова Арайлым Муратбековна
«Сырдария» шағын жинақты негізгі орта мектебі
Отырар аданы

Көрнекілікпен оқытудағы басты мақсат – оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтыру. Өзінің байқағандарын сөзбен айтып бере білуге, одан логикалық қорытынды шығаруға үйрету.

(К. Д. Ушинский)

Оқыту процесіндегі көрнекілік принциптерінің маңызы көне кезеңдерден бастап, күні бүгінге дейін айтылып, дәлелденіп, танылып келе жатқан ғылымда белгілі.

Классикалық дидактикада көрнекілік оқыту принциптерінің бірі деп танылды және онда оқушыны заттың өзімен немесе оның суретімен таныстыру көрнекілік әдісінің негізі болып саналды.

Көрнекілік принципін ғылыми тұрғыдан XVII ғ. ұлы педагогы Ян Амос Коменский негіздеді. Сол кездің өзінде Я.А.Коменский өзінің құнды шығармаларының бірі - “Чувственный мир в картинках” деген еңбегін жазды. Сонымен бірге, атақты “Ұлы дидактикасында” да көрнекілікке байланысты құнды пікірлер айтты.

Я.А.Коменский балаларды оқытуда мына жағдайды ең бағалы ереже деп санады: “мұғалім үшін “алтын ереже” – бала сезім арқылы қабылдай алатын нәрселердің барлығын сезім әсерлерін туғызып білдірген жөн: көруге болатынды көзге көрсет, естуге болатын нәрсені құлақ түріп тыңдасын, иісін иіскеп білсін, дәмін татып көрсін, қолына ұстап нәрсенің қаттылығы мен жұмсақтығын, тағы-тағыларын байқасын, кейбір нәрсені түрлі сезім мүшелерімен бірдей түйсініп қабылдағаны жақсы”

Көрнекілік – оқу материалын оқушы көңіліне оңай да, әсерлі жолмен жеткізуші көмекші құрал.

Көрнекіліктің маңызы, тиімділігі неде деген сұраққа келер болсақ?

Білім мазмұнын байыта түседі.

Есту арқылы алған білімін көру арқылы бекіте түседі.

Оқушылардың ынтасын, қызығушылығын арттырады, ойлау, таным белсенділіктерін, көркем тілін дамытады.

Эмоциясына әсер етеді.

Алған білімдерін практикада жүзеге асыруға жетелейді.

Мектепте қолданылатын көрнекі құралдарды төмендегіше бөлуге болады:

1. Табиғи көрнекі құралдар: Бұл табиғи түрдегі көрнекі құралдар. Мұндай құралдарға түрлі өсімдіктер, жануарлар мен жәндіктердің коллекциялары, т.б.
2. Эксперименттік көрнекі құралдар: тәжірибелер жасауға арналған құралдар.
3. Көлемдік көрнекі құралдар: фигуралар, макеттер, тұлыптар жатады.

4.Бейнелеуші көрнекі құралдар: түрлі суреттер, кестелер жатады.

5.Техникалық көрнекі құралдар: оқу фильмдері, диапозитивтер, диафильмдер, т.б.

Көрнекіліктерді қолдан жасау – аса күрделі дүние. Оған қойылатын басты талаптар мыналар:

Жазуын соңғы партада отыратын бала да оқи алатындай болу керек.

Көркемдеуі, безендіруі, бояулары әлем-жәлем емес, қарапайым, оқушы жан жүйесіне, көру қабілетіне кері әсер етпейтіндей, мектеп гигиенасына сай жасалуы керек.

Қолдануға оңай әрі мазмұнды болуы керек.

Тұжырымдылық, нақтылық, ғылыми жағынан тереңдік те басты шарт.

Көрнекілік әдісін қолданудың тиімділігі мынадай тәсілдерді қолдана білуге байланысты: сабақтың мақсатын анықтау, қабылдайтын нәрселердің мөлшерін анықтау, қабылдайтын нәрселердің мөлшерін белгілеу, салыстыру арқылы оларды көптеген белгілерінің ішінен ең негізгісін, бастыларын ажырату, содан кейін оларды топтастырып, қорытындылар мен тұжырымдар жасау т. б.

Көрнекілік жаңаны таныту ретінде де, ой немесе әңгімені елестету үшін де материалды есте жақсы сақтау үшін де қолданылады.

Көрнекілік құралдарды оқу процесінің барлық кезеңінде қолданылады: жана сабақты түсіндірген кезде (мысалы, кинофильмдер көрсету, тәжірибе жасау); үйге берген тапсырманы орындаған кезде.

Көрнекілік жас ерекшеліктерін есепке ала отырып қолданылады.

1.Көрнекі құралдың нақтылығы. Оқыту барысында қолданылатын көрнекі құралдың әбден тексерілген, берілетін материалдың түйінін, негізін білдіретін материал болуы керек.

Көрнекі құралдың нақтылығы дегенде екі нәрсеге мән берілуі қажет:

а) көрнекі құралдағы материалда ешбір қате болмауы керек. Теориялық тұрғыда да, сауаттылығы жағынан да дұрыс нақтылы болуы керек. Көрнекі құрал оқу материалын оқушы есінде ұзақ сақтау үшін қолданылады. Сондықтан көрнекі құралдағы қате оқушы үшін үлкен зиян келтіреді. Мұны ұмытуға болмайды. Сондықтан көрнекі құралдағы материал мазмұны, сауаттылығы жағынан күмәнсіз, нақтылы, дәл болуы міндетті.

ә) көрнекі құрал сабақ тақырыбының өзекті мәселесіне, оқушылардың есіне сақталуға өте қажет мәселесі жазылуы тиіс. Әр тақырыпта оның негізін құрайтын, тақырыптың түйіні болып саналатын мәселе болады. Соны оқушы түсінсе, есінде сақтаса, сол көрнекі құралдағы берілген мәселе арқылы тақырыпты түгел есіне түсіре алатындай болуы керек.

2.Көрнекі құралдың тартымдылығы. Көрнекі құралдың қолдануға икемділігін қамтамасыз ететін тағы бір белгісін айту өте қажет. Эстетикалық жағынан мұғалім үнемі көңіл бөліп отыруы керек. Көрнекі құралдың мазмұны, құрылысы дұрыс болғанымен, оның жасалуы, бояуы, тіпті қағазы да нашар болса, оқушы назарын өзіне тарта алмаса, ондай көрнекі құрал жақсы нәтиже бере алмайды. Көрнекі құралдың бояуы, ондағы жазылғандардың дұрыс

көрінуді, әдемі, таза жазылғаны оқушыға қатты әсер етеді. Міне, сондықтан да көрнекі құралдың тартымдылығына ерекше мән беру қажет.

3.Көрнекі құралдың тіл ерекшелігі. Көрнекі құралдың тіліне де үлкен талап қойылады. Ол мәтін түріндегі күрделілікті көтермейді. Көрнекі құралдың тілі қысқа, көбінесе сөз тіркесі, кейде атаулы сөйлем түрінде де келеді де, қысқа тақырыпшаларға ұқсайды. Аз сөзбен негізгі ойды білдіріп тұр. Бұл көрнекі құралдың көбіне қатысты ерекшелік деп қарауға да болады. Бірақ көрнекі құрал атаулы осы түрде болуы міндет саналмайды. Көрнекі құралдың мазмұны сөйлеммен де беріле береді, бірақ онда сөйлемнің қысқа түрде болуына көңіл бөлінеді.

4.Көрнекі құралдың мазмұнының тақырыппен сәйкестігі. Көрнекі құралдың мазмұны – оқылатын тақырыппен байланысты болуы міндетті шарт. Өйткені, көрнекі құрал жаңа сабаққа, қайталауға, басқа да оқу процесінің қай түріне арналмасын, олардың бәрінің белгілі тақырыбы болады. Сондықтан көрнекі құралдың мазмұны сол объектіге тікелей байланысты болуға тиіс. Сабақтың объектісіне қатысты емес көрнекі құралдар сабақта қолданылмауы қажет. Көрнекі құралдың мазмұны өткен материалмен байланысты болуы қажет. Егер көрнекі құрал оқушыға тек қана таныс емес мағлұмат болса, оны түсіну мүмкін емес. Міне, сондықтан көрнекі құралдың мазмұны оқушылардың бұрынғы біліміне байланысты болуға тиіс.

Қорыта келгенде, көрнекі құралдың тілі анық, ықшам, өте түсінікті, тақырыпқа негізделген, тартымды болып, мазмұны есте сақтауға қолайлы, түсінуге жеңіл болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламалары.

Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал І бөлім. Шымкент 2016

Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей, 3-ші басылым.

Бейнелеу өнері, технология және сызу ғылыми әдістемелік журнал.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУ

*Пірімқұлова Жанна Жұмабекқызы
Сарыағаш ауданы №7 Төле би атындағы мектептің
көркем еңбек пәнінің мұғалімі*

ҚР-ның Білім министрлігінің тәлім-тәрбие тұжырымдамасында “Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты тәрбие беру сұлулыққа, тазалыққа үйрету, эстетикалық талғамын қалыптастыру, адамзат қоғамында бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әсемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу” деп атап көрсетілген.

Көркем еңбек пәнін оқытуда еңбек студия алғышарттарын үйрету арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Еңбек тәрбиесі барлық тәрбиенің қайнар көзі: тамақ пісіру, киімді пішу, тігу, тоқу, қолөнер шеберлігін дамыту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз.

Көркем еңбек сабақтарында оқушылар жан-жақты дүниетанымын қалыптастыра отырып, болашақта өндіріске қажетті мамандық алып шығады, қолөнер түрлерін үйреніп, ұқыпты, әдепті, шебер ұрпақ тәрбиеленеді. Мектеп оқушыларына көркем еңбек пәніне деген қызығушылығын ояту, баулу қашанда кезек күттірмейтін міндеттер болып табылады. Көркем еңбек пәні баланың өз ортасының әлемді түсінуге, эстетикалық талғамның дұрыс қалыптасуына жол көрсететін алғашқы білім. Ол адамның ой-парасатын өсіреді, танымын кеңейтеді, ізгілікке, әсемдікке үйретеді. Өмірде кездесетін келеңсіз құбылыстармен күресуге тәрбиелеп, халқына, еліне, жеріне деген сүйспеншілікке баулиды. Өнер қамқорлықты, жауапкершілікті, жанашырлықпен қарауды қажет ететіні белгілі.

Рухани байлықты дамытуда және көркемдік білім берудің құнарлығын арттыруда, балалардың эстетикалық талғамын, шеберлігін қалыптастыруда технология пәнін теориялық-практикалық тұрғыда қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Осыған орай, қазақ халқының қолөнерін дәріптеу, оған мектеп оқушыларын баулу, шеберлігін дамытудың маңызы ерекше.

Халқымыздың дәстүрлі қолөнері ұлттық шығармашылықтың ең жоғары формасы болып табылады. Қолөнер – қол еңбегі. Ол адам баласын еңбектенуге тәрбиелейді.

Қолөнер ата-бабамыздың ұшқыр қиялынан шыққан, үлкен даналық ойынан, қажеттілігінен туындаған өнер туындысы.

Қолөнер – атадан бабаға мирас болып келе жатқан асыл мұра.

Қазақ халқының шеберлігі, өнер еңбек барысында туды және тұрмыс-тіршілігінде қолданылатын өнермен тығыз байланысты болады. Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі шеберлердің бұйымдары, әсемдігі, өрнегі, тұрмысқа сән берумен,

адамдарға рухани ләззат әкелген. Сабаққа үлкен жауапкершілікпен қарап, жаңа технологияларды қолданып, түрлендіре өткізу пәннің маңыздылығын арттырады. Сабақтан соң мұғалім өзіне есеп беріп отыру қажет: мақсатқа жеттім бе, нені ескермедім, артық кеткен жерін, оны түзету шараларын ойластыру, келесі сабаққа толықтыру тағы басқа сияқты мәселелерді үнемі есте ұстаған жөн.

Сапалы білім беруде білім, білік және тәрбие бір деңгейде тұру керек. Әр баланың ерекшелігін ескеріп, тақырыпты өмірмен байланыстырып, әр оқушыға бағыт беру де маңызды. Сонда біздің пәнге деген оқушылардың қызығушылығы артады.

Әрбір технология өзіндік әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденіс арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп, қолданады. Тиімді, пайдалыларын жетілдіре түседі.

Сабақтарда кеңінен пайдаланып, нәтижесі жемісті болып жүрген жаңа технология элементтерінің бірнешеуіне тоқталып өтейін:

- . тірек- сызбалар
- . ойын элементтері
- . нұсқау карталар

Жалпы жоғарыда айтылған әдістерді орындау барысындағы оқушы іс-әрекетіне тоқталсақ:

- мақсат қоюға үйренеді;
- әр нәрсеге көз қарасы қалыптасады;
- бұрынғы білетіндерін салыстырады;
- бірігіп жұмыс жасайды;
- бір-бірімен тіл табысады, келісімге келуді үйренеді;
- қорытынды жасайды

Бұл әдістерді сабақта пайдалана отырып, өткізу барысында мынандай қорытындыға келуге болады:

- оқушы мен мұғалімнің кең дәрежеде сыйласуына;
- оқушыларға өз пікірін айта білуіне;
- оқыту процесіне барлық оқушыларды қамту;
- шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасайды.

Көркем еңбек сабағын ұйымдастыру мұғалімнің әдістемелік шеберлігін аса қажет етеді. Мұғалім еңбекке баулу сабағының баланы табандылыққа тәрбиелеуден басқа «пәндік»сабақтардан гөрі біраз артықшылығы бар екенін үнемі естен шығармауы керек.

Әр баланың бойында бар шығармашылық қабілетті оятуға, еңбекшілдікке, ұлттық мәдениетті қастерлей білуге, алғашқы шығармашылық қадамын жасап, өмірлік азық болуы мүмкін өнер жолын көрсетуді шама-шарқымызша жүзеге асыруға талпынамыз. Әлбетте, бұл мақсатты жүзеге асыруға жалғыз ұстаздың шамасы жетпейді. Егер алдымызға осы мақсатты қойып, оны іске асыруға күш салсақ, одан біздің балаларымыздың ұтары даусыз.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіз еліміз әлемдік өркениетке ұрпағымыз арқылы танылмақ. Әлем сахнасында рухы күшті, дені сау, білімді, өз ұлтын, тілін, тарихын құрметтейтін ұрпақ шығару – біздің парызымыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүзеева К. Қол өнер- мол өнер 61-63 бет
2. Нұрғалиев Р.Н Шаңырақ үй-тұрмыс энциклопедиясы Алматы 1990
3. Қазақ халқының қолөнері
4. Мектептегі технология №3 2009ж
5. Мектептегі технология №9 2009ж
6. Мектептегі технология №9 2010ж
7. Мектептегі технология №9 2011ж
8. Мектептегі технология №910 2011ж
9. Технология 6-7-9 сынып оқулықтары.

МУЗЫКА САБАҒЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ СЕЗІМДЕРІНЕ ӘСЕР ЕТЕ ОТЫРЫП, ОЛАРДЫҢ ОЙЫНДА АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Байболатова Роза Жаңбырбайқызы
Сарыағаш ауданы, №72 жалпы орта
мектебінің музыка пәнінің мұғалімі*

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Сонымен қатар, балаларға ерекше назар аударып, олардың денсаулығы мен білім алуына көп күш жұмсау керектігі де ескерілді. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалығы – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз,» - деп атап өтті. Домбыра – ерте заманнан бері халқымызбен бірге жасасып келе жатқан, оның рухани жан серігіне айналған музыкалық аспаптардың бірі. Күй – қазақ халқының музыкалық мұраларының бірі. Күй домбыраның үні мен жан дауысы болса, домбыра қазақ халқының жан сезімі мен жан серігі, қазақ халқының көне музыка аспабының бірі. Домбыра көшпелі елдің көне шежіресі. Ол халықтың тарихи тағдырымен тамырлас. Халықтан өткені мен тұрмыс-тіршілігін, ой-арманын көне аңыз-күйлерден танып білуге болады. Домбыра қазақ халқының жан сезімі, жан серігі. Домбыра көшпелі елдің көне көз шежіресі, көпті көрген қарияның көкірек күйі. Ол халықтың тарихи тағдырымен тамырлас. Тарихтың хатқа түспеген талай беттерін паш етіп, халқымыздың тарихнамасына айналды. Осы орайда, «Балалар жылына» сәйкес биылғы жылы домбыра үйірмесі де сабаққа қосылып отыр. Ендеше, жан-жақты қалыптасқан, ой-өрісі кең тұлға тәрбиелеуде музыка пәнінің алар орны да бөлек. Осы орайда музыка пәні ұстаздарына жүктелер іс те ерекше болмақ.

Қазіргі күні музыкалық педагогикада педагог музыканттың шығармашыл іс-әрекетін дамыту, оны тұлғаның қалыптасуына бағыттау, сезімталдық шығармашылық арқылы өзін, музыка өнерін тану сияқты мәселелердің бары айқындалды.

Көне заман философ ойшылы Пифагор музыканың акустикалық заңдарын ашса, Платон, Аристотель музыканы адамның ізгілік және әсемдік әлеміне ықпал етудің маңызды құралы, мінез-құлықты түзету, жеке тұлғаның психологиялық көңіл-күйін жасау құралы ретінде қарастырған.

Әбу-Насыр әл-Фарабидің пікірінше, музыка – табиғаты терең, жан-жақты сыры, әсері бар құбылыс. Оның ерекше атап көрсеткен ойы музыкалық әуеннің адам бойында үлкен эмоциялық тебіреніс күш туғыза алатын құдыретті күш екендігі және оны әртүрлі мақсатта, адам баласының жанын сауықтыруда немесе адам тәрбиесінде халыққа басшылық жасап, меңгеруде үлкен маңызды құрал бола алатындығын айтады.

Әл-Фараби «Музыканың адамға емдік қасиетін, жағымды әсерін сондай-ақ, оның адамның жан дүниесіне әсер ететін, тәрбиелік мәні зор» деп тұжырымдаса, Абай: «Артыңа із қалдырғың келсе, кейінгі ұрпаққа білім нұрын сеп, болашағымыз өз ұлт өнері мен мәдениетінің тұнығынан сусындап, тарихын терең түсінетін болсын» деген өсиеті де болашақ ұрпақты өнер білім арқылы тәрбиелеудің қажеттігі мен маңыздылығын дәлелдейді.

Мұғалімнің басты міндеті жалпы музыкаға оқушылардың назарын аудару білу қабілеті болып табылады. Музыканың идеялық мазмұны маңызды екендігі іс-тәжірибе жүзінде дәлелденген. Сондықтан мұғалімнің міндеті музыканы меңгеруде сыныптағы оқушылардың нақты эмоциялық көңіл-күйін қалыптастыра отырып, арнайы оның мазмұны, сипаты жөнінде білім беруде шығармашылық ізденісті ұйымдастыра білгені жөн. Осының нәтижесінде білім алушыларда шығарманың идеялық-эмоциялық бейнесін жасауға, мазмұнның эмоциялық ойын ашуға және үйретілген туындының көркемдік бейнесін көркемдік мәнерлік құралдарды табуға толығымен мүмкіндік болады.

М.Жұмабаев музыканың адамға әсері жайында: «Халықтың арғы-бергісін қозғап, естеріне түсіріп, мұң-мұқтажын зарлап, кем-кетігін көрсетіп, әдемі даусымен құйқылжытып тұрғанда қандай тас көңіл болса да қандары қайнап, тіпті арқалары қызып кетеді» - дейді.

Музыкалық білім берудің бұл жағын, әсіресе, төменгі сынып оқушылары әлдеқайда айқын сезеді. Бұл міндет алғашқы міндеттермен қатар – музыкаға деген сезімталдық пен саналы көзқарасын қалыптастыра отырып жүзеге асырылады.

Балалар әртүрлі музыканы тыңдай отырып, олардың тек жанрлық ерекшелігін анықтап қана қоймай, белгілі бір шығарманың мазмұнын жеткізу үшін композитордың қандай құралдарға жүгінгендігін әңгімелей білуі тиіс. Мысалы, әуеннің желісі, ырғақ өрнегі, екпіннің ауысуы, саздың өзгеруі, динамикалық белгілер т.б.

Қазіргі кезеңде мектептің алдына қойылып отырған ең басты талап-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Қорыта айтқанда, музыка мұғалімдері музыканы оқушыларға тереңдете меңгертіп білім беру, оның ерекшеліктерін музыкалық тәрбиенің дағдыларын қалыптастырудың нәтижелі болуында. Бүгінгі таңда жас ұрпақты тәрбиелеп, шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруда оқушыларға музыкалық білім берудің барлық әдіс-тәсілдерін қолдана отырып шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеуге тиістіміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

Назарбаев Н.Ә. Қазақстан еліне жолдауы. 29 қаңтар 2010

Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030, - Алматы: Білім, 1997.

Назарбаев Н.Ә. Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы атты Қазақстан 2030 стратегиялық бағыты. –А. Егемен Қазақстан, 1997, 11 қазан.

Р.Қ.Дүйсембінова. Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған, 2006, 89-б.

Омарова Р.С., Нұрмұханова Г.Е. Оқушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың дидактикалық негіздері. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2007.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІГІН ДАМУ

*Пірімқұлова Жанна Жұмабекқызы
Сарыағаш ауданы №7 Төле би атындағы мектептің
көркем еңбек пәнінің мұғалімі*

ҚР-ның Білім министрлігінің тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: “Ұлттық мәдениет пен өнер негізінде жан-жақты тәрбие беру сұлулыққа, тазалыққа үйрету, эстетикалық талғамын қалыптастыру, адамзат қоғамында бұрын-соңды жасалған мәдени мұраны жүйелі меңгеруге, жалпы әсемдік рухани құнды игіліктерді бағалай білуге тәрбиелеу” деп атап көрсетілген.

Көркем еңбек пәнін оқытуда еңбек етудің алғы шарттарын үйрету арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Еңбек тәрбиесі барлық тәрбиенің қайнар көзі: тамақ пісіру, киімді пішу, тігу, тоқу, қолөнер шеберлігін дамыту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз.

Көркем еңбек сабақтарында оқушылар жан-жақты дүниетанымын қалыптастыра отырып, болашақта өндіріске қажетті мамандық алып шығады, қолөнер түрлерін үйреніп, ұқыпты, әдепті, шебер ұрпақ тәрбиеленеді. Мектеп оқушыларына көркем еңбек пәніне деген қызығушылығын ояту, баулу қашанда

кезек күттірмейтін міндеттер болып табылады. Көркем еңбек пәні баланың өз ортасының әлемді түсінуге, эстетикалық талғамның дұрыс қалыптасуына жол көрсететін алғашқы білім. Ол адамның ой-парасатын өсіреді, танымын кеңейтеді, ізгілікке, әсемдікке үйретеді. Өмірде кездесетін келеңсіз құбылыстармен күресуге тәрбиелеп, халқына, еліне, жеріне деген сүйспеншілікке баулиды. Өнер қамқорлықты, жауапкершілікті, жанашырлықпен қарауды қажет ететіні белгілі.

Рухани байлықты дамытуда және көркемдік білім берудің құнарлығын арттыруда, балалардың эстетикалық талғамын, шеберлігін қалыптастыруда технология пәнін теориялық-практикалық тұрғыда қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Осыған орай, қазақ халқының қолөнерін дәріптеу, оған мектеп оқушыларын баулу, шеберлігін дамытудың маңызы ерекше.

Халқымыздың дәстүрлі қолөнері ұлттық шығармашылықтың ең жоғары формасы болып табылады. Қолөнер – қол еңбегі. Ол адам баласын еңбектенуге тәрбиелейді.

Қолөнер – ата-бабамыздың ұшқыр қиялынан шыққан, үлкен даналық ойынан, қажеттілігінен туындаған өнер туындысы.

Қолөнер-атадан бабаға мирас болып келе жатқан асыл мұра.

Қазақ халқының шеберлігі, өнер еңбек барысында туды және тұрмыс-тіршілігінде қолданылатын өнермен тығыз байланысты болады. Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі шеберлердің бұйымдары, әсемдігі, өрнегі, тұрмысқа сән берумен, адамдарға рухани ләззат әкелген. Сабаққа үлкен жауапкершілікпен қарап, жаңа технологияларды қолданып, түрлендіре өткізу пәннің маңыздылығын арттырады. Сабақтан соң мұғалім өзіне есеп беріп отыру қажет. Мақсатқа жеттім бе, нені ескермедім, артық кеткен жерін, оны түзету шараларын ойластыру, келесі сабаққа толықтыру тағы басқа сияқты мәселелерді үнемі есте ұстаған жөн.

Сапалы білім беруде білім, білік және тәрбие бір деңгейде тұру керек. Әр баланың ерекшелігін ескеріп, тақырыпты өмірмен байланыстырып, әр оқушыға бағыт беру де маңызды. Сонда біздің пәнге деген оқушылардың қызығушылығы артады.

Әрбір технология өзіндік әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденіс арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп, қолданады. Тиімді, пайдалыларын жетілдіре түседі.

Сабақтарда кеңінен пайдаланып, нәтижесі жемісті болып жүрген жаңа технология элементтерінің бірнешеуіне тоқталып өтейін:

- . тірек- сызбалар
- . ойын элементтері
- . нұсқау карталар


Жоғарыда атап өтілген жаңа технология элементтерін сабағымда тиімді пайдалана отырып, өткен сабақтарымда алдыма қойылған мақсат міндеттеріме

жеттім деп ойлаймын. Осыған орай, бір сабақ үлгісін назарларыңызға ұсынбақпын.

Көркем еңбек 7-сынып



Сабақтың тақырыбы: Су моншақпен «Глициния» талын тоқу.

Сабақта қолданылған әдіс тәсілдер: Тірек -сызбалар



Нұсқау карта

Р\с	Жұмыс реті	Нобайы
1.	5 су моншақ өткізіп бисерден сыммен қарсы бұрау	
2.	Сымның басына 5 бисерді өткізіп, ұшын қарсы өткіп бұрау	
3.	Сымның басына 5 бисерді өткізіп, сымның келесі ұшын қарсы өткізіп бұрау	
4.	Сымның басына 5 бисерден өткізу, сымның келесі басын қарсы бұрау	
5.	Сымның басына 5 бисерден өткізу, сымның келесі ұшын қарсы бұрау	

6	Сымның басына 5 бисерден өткізу, сымның келесі ұшын қарсы бұрау	
7.	Сымның басына 5 бисерден өткізу, сымның келесі ұшын қарсы бұрау. Осылай бисер саны артады	

Ойын элементтері

Мақал- мәтелдер жалғасын табу

1. Жеті рет өлшеп.....(бір рет піш)
2. Көз қорқақ.....(қол батыр)
3. Ердің атын..... (ел шығарар)
4. Өнер көзі..... (халықта)
5. Ата көрген.....(оқ жонар)
- Шеше көрген.....(тон пішер)
6. Ата мұра.....(асыл қазына)

Жалпы жоғарыда айтылған әдістерді орындау барысындағы оқушы іс-әрекетіне тоқталсақ:

- мақсат қоюға үйренеді;
- әр нәрсеге көз қарасы қалыптасады;
- бұрынғы білетіндерін салыстырады;
- бірігіп жұмыс жасайды;
- бір-бірімен тіл табысады, келісімге келуді үйренеді;
- қорытынды жасайды.

Бұл әдістерді сабақта пайдалана отырып, өткізу барысында мынандай қорытындыға келуге болады:

- оқушы мен мұғалімнің кең дәрежеде сыйласуына;
- оқушыларға өз пікірін айта білуіне;
- оқыту процесіне барлық оқушыларды қамту;
- шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасайды.

Көркем еңбек сабағын ұйымдастыру мұғалімнің әдістемелік шеберлігін аса қажет етеді. Мұғалім еңбекке баулу сабағының баланы табандылыққа тәрбиелеуден басқа «пәндік» сабақтардан гөрі біраз артықшылығы бар екенін үнемі естен шығармауы керек.

Әр баланың бойында бар шығармашылық қабілетті оятуға, еңбекшілдікке, ұлттық мәдениетті қастерлей білуге, алғашқы шығармашылық

қадамын жасап, өмірлік азық болуы мүмкін өнер жолын көрсетуді шама-шарқымызша жүзеге асыруға талпынамыз. Әлбетте, бұл мақсатты жүзеге асыруға жалғыз ұстаздың шамасы жетпейді. Егер алдымызға осы мақсатты қойып, оны іске асыруға күш салсақ, одан біздің балаларымыздың ұтары даусыз. Қорыта айтқанда, Тәуелсіз еліміз әлемдік өркениетке ұрпағымыз арқылы танылмақ. Әлем сахнасында рухы күшті, дені сау, білімді, өз ұлтын, тілін, тарихын құрметтейтін ұрпақ шығару – біздің парызымыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жүзеева К. Қол өнер- мол өнер 61-63бет
2. Нұрғалиев Р.Н Шаңырақ үй-тұрмыс энциклопедиясы Алматы 1990
3. Қазақ халқының қолөнері
4. Мектептегі технология №3 2009ж
5. Мектептегі технология №9 2009ж
6. Мектептегі технология №9 2010ж
7. Мектептегі технология №9 2011ж
8. Мектептегі технология №9 2011ж
9. Технология 6-7-9 сынып оқулықтары.

ОПЫТ ВНЕДРЕНИЯ СИСТЕМЫ ДУАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ В КОМПАНИИ «ALAGEUM ELECTRIC» В КАЗАХСТАНЕ

*Бакберген Канат Жарылкасынулы
Джумартбаева Нуржамал Съезджановна
Казахско-немецкий политехнический колледж, г. Кентау*

Система или программа двойного обучения пытается сбалансировать образование (в колледже) и обучение (в компании, предприятии) в равной степени, чтобы квалифицировать, обучить и социализировать следующее поколение.

Помимо этих эффектов (квалификация, образование и социализация), дуальная структура позволяет стране достигать экономических целей (например, экономического роста) и социальных целей (например, интеграции молодых людей на рынок труда), поэтому предпринимаются попытки в разных странах развитие или сохранения структур дуального обучения.

Статья посвящена актуальной на сегодняшний день проблеме: ликвидации разрыва между теоретическими знаниями, получаемые в стенах колледжа, и практическими навыками, необходимые в трудовой деятельности. Современная система дуального образования, внедряемая в нашей стране,

возлагает эту задачу на всех участников процесса одинаково: и на предприятия, и на государство, и на систему технического и профессионального обучения.

Рост экономики и развитие промышленных предприятий в республике Казахстан явился толчком для формирования огромного спроса на кадры технической направленности. С данной проблемой столкнулась так же компания «Alageum Electric», в состав которой входят такие производственные предприятия, как АО «Кентауский трансформаторный завод», ТОО «Алматинский электромеханический завод», ТОО «Уральский трансформаторный завод», Шымкентский трансформаторный завод «ASIA TRAFU» и другие машиностроительные предприятия Казахстана. Для решения проблемы в дефиците квалифицированных кадров при Кентауском трансформаторном заводе в 2012 году открылся Казахско-немецкий политехнический колледж, который одним из первых в Республике начал внедрять дуальную систему обучения.

Участниками дуального обучения являются: колледж, реализующий образовательные программы технического и профессионального образования; Кентауский трансформаторный завод – производственное предприятие, входящее в состав компании «Alageum Electric»; студент (стажер) – обучаемый по программе дуального обучения.

Согласно приказу Министра образования и науки Республики Казахстан, от 21 января 2016 года № 50 об «Об утверждении Правил организации дуального обучения» составляется трехсторонний договор о дуальном обучении между колледжем, предприятием и студентом (в случае несовершеннолетия студента – родителем или законным представителем обучающегося). Рабочие учебные планы дуального обучения согласуются с предприятием на заседании Правления Кентауского трансформаторного завода и утверждаются учебным заведением.

Учебный процесс в колледже включает теоретические, лабораторно-практические и расчетно-графические занятия, а производственное обучение профессиональная практик и дипломное проектирование осуществляются в непосредственно на производстве.

Учебные планы и образовательные программы технического и профессионального, с использованием дуального обучения предусматривают теоретическое обучение в учебных заведениях и не менее 60 процентов производственного обучения, практики на базе организации (предприятия). Производственное обучение сопровождается с теоретическим обучением, при котором график учебного процесса согласовывается с организацией (предприятием). Таким образом, первый год обучения (после 9 класса) студенты проходят общеобразовательные дисциплины. Начиная со второго курса, студенты после прохождения инструктажа по безопасности труда 2 дня в неделю проходят практические занятия на Кентауском трансформаторном заводе в количестве 12 часов в неделю для укрепления теоретических знаний, полученные в колледже. Старшекурсникам (3- 4 курсы) увеличивается время

прохождения практики на заводе до 18 часов в неделю. Студенты 3 и 4 курса с согласия родителей в летнее каникулярное время имеют возможность пройти оплачиваемую практику в других структурных предприятиях компании «Alageum Electric», которые расположены в разных областях страны, где им предоставляется компенсация проезда, жилье, питание. Плановый инструктаж по технике безопасности и охране труда проводится в начале каждого семестра, а внеплановые – в начале каждой недели и при смене рабочего участка обучаемого. В период прохождения производственного обучения и профессиональной практики на обучаемого распространяются правила трудового распорядка предприятия Кентауского трансформаторного завода или другого структурного подразделения «Alageum Electric», где проходит практику студент, в соответствии с требованиями Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года.

За студентами на предприятии закрепляются наставники, которые объясняют полный технологический процесс производства. Наставники в ходе прохождения практических работ дают несложные задания, объясняя процесс выполнения.

Дуальная система обучения в колледже сформирована так, чтобы за весь период обучения студент ознакомился со всеми процессами производства выпускаемой продукции Кентауского трансформаторного завода. Во время прохождения производственного обучения, практики студент делает свой выбор будущего рабочего места. По итогам обучения при защите дипломных работ знания выпускников, полученные во время обучения, оцениваются сотрудниками завода.

После открытия политехнического колледжа стали очевидны ряд преимуществ дуальной системы обучения:

- выпускники колледжа при практическом обучении на производстве получают все необходимые знания и навыки работы с оборудованием, установленным на заводе, что уменьшает расходы на дополнительное обучение и привлечение специалистов со стороны;
- предотвращение или, по крайней мере, сокращение текучести кадров, меньшие затраты в связи со сменой сотрудников;
- сокращение риска несоответствия при замещении должности, формирование резерва кадров;
- долгосрочное обеспечение потребности в специалистах для наиболее рационального использования сотрудников;

Также во время внедрения дуальной системы обучения появились следующие проблемные вопросы, некоторые из которых все еще не решены на законодательном уровне:

- отсутствие соответствующей законодательной базы, которая полностью регулировала бы механизм дуальной системы обучения;
- не отработан механизм оплаты труда наставников;
- отсутствует единый стандарт дуальной системы обучения;

- низкий уровень знаний учеников школ по техническому профилю, связанный с отсутствием необходимой базы технических кружков;
- отсутствие системы непрерывного обучения подпатронатам предприятия: детский сад-школа-колледж (ВУЗ)-предприятие.
- отсутствие единой национальной базы потребности в кадрах, на основе которого велась бы профориентационная работа.

Решение всех этих задач будет способствовать формированию новой модели профессиональной подготовки, которая позволит преодолеть отставание в структуре, объемах и в качестве трудовых ресурсов от реальных требований конкретных предприятий.

Компания «Alageum Electric» тесно сотрудничает с Правительством Республики Казахстан, акиматами областей. Благодаря полученным результатам ежегодно в Казахско-немецкий политехнический колледж предоставляются государственные образовательные гранты, и студенты получают возможность бесплатно обучаться и получать стипендию. Со своей же стороны, компания «Alageum Electric» и Кентауский трансформаторный завод гарантируют 100 % трудоустройство выпускников.

Несмотря на столь юный возраст колледжа, выпускники зарекомендовали себя с положительной стороны и успешно продвигаются по карьере, занимая должности главных конструкторов, главных бухгалтеров, финансовых аналитиков, менеджеров по продажам на разных предприятиях Казахстана. Также показателем результатов работы может служить участие наших студентов в национальном чемпионате WorldSkills Казахстан. За годы участия колледжа в областном, национальном чемпионате WorldSkills Казахстан были достигнуты следующие результаты:

- 13 первых мест в областном чемпионате;
-одно- 1 место, одно- 2 место, одно- 3 место, один- медальон мастерства, три -4-х места по компетенциям «Интернет –вещей», «Электроника», «IT решения для бизнеса», «Промышленная автоматика», «Инженерная графика САД», «Мехатроника» в национальном чемпионате WorldSkills Казахстан.

Кентауский трансформаторный завод заинтересован в высокообразованных специалистах, поэтому часть выпускников колледжа, отлично зарекомендовавшая себя во время теоретических и практических занятий, направляется для дальнейшего обучения в ВУЗ-ы Казахстана, России и Украины. Так, например, выпускники колледжа продолжают обучаться в Омском, Кемеровском (Россия), Запорожском (Украина) государственных технических университетах.

Специалисты компании «Alageum Electric» по роду своей деятельности часто бывают на производственных предприятиях Германии, Японии, Южной Кореи, Италии, Франции. Сегодня, можем смело утверждать, что технологическое оснащение заводов «Alageum Electric» не уступает предприятиям всех вышеперечисленных стран. Передовая технология – это половина успеха. Вторая, не менее значимая часть – кадры. На ряду с этим,

хотелось бы отметить о том, что культура производства рядового работника Западной Европы или Японии на порядок выше нашей. Поэтому сегодня основным вопросом развития наших предприятий ставится кадровый вопрос. Можно приобрести современные производственные мощности, но есть ли у нас специалисты, которые могут работать на них. Таким образом, цель дуального обучения в конечном результате выпускать из стен колледжа реального товаропроизводителя без отсрочек на месяцы и годы – задача вполне осуществимая и весьма выгодная во всех отношениях (в социальном, образовательном и личностном).

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

Закон об Образовании Республики Казахстан

Настольная книга «Наставничество: эффективная форма обучения».

Нугуманова Л.Н., Яковенко Т.В., Казань 2020.

<https://alageum.com/ru/>

<https://atameken.kz/ru/services/22-dorozhnaya-karta-dual-nogo-obucheniya>

Всероссийская научно-практическая конференция «Дуальное образование: опыт, проблемы, перспективы» (Краснодар, 25 апреля 2019 г.) Материалы конференции – М.: Мир науки, 2019.

ТЖҚБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕРБЕСТІК АЯСЫНДА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗЕКТЕНДІРУ

Қамбаров Қазбек Мырзағалиұлы

Кентау көпсалалы колледжі, Кентау қаласы

Білім берудің барлық деңгейінде мазмұнды жаңарту, жұмыс берушілердің талаптарын, қазақстандық экономиканың сұранысын ескеретін халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленген жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу еліміздің заманауи білім беру моделін құру және дамытудың негізгі факторының бірі болып табылады. Сондықтан кадрларды даярлауда икемділікті қамтамасыз ету үшін колледждерге академиялық дербестік беріледі. Колледждерге жұмыс берушілермен бірге кәсіби стандарттар негізінде және аймақтық ерекшелікті ескере отыра, білім беру бағдарламаларының мазмұнын, оқыту мерзімі мен траекториясын анықтау мүмкіндігінің берілуін болжайды. Кентау көпсалалы колледжі 07321200- «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» мамандығы бойынша академиялық дербестікке көшуге дайындалу аясында тиісті жұмыстарды атқарудамыз. Ең алдымен жаңаша білім беру аясында маман даярлаудағы тиімді бағыттардың бірі – дуалды оқытуды қолдану ұсынылады. «Газбен қамтамасыз ету

жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» мамандығы бойынша 120 студент білім алуда. Жаңа бағдарламаларды енгізу барысында әлеуметтік серіктестермен ЖШС "Gaz Kubiri 2050", ТОО «Регионгаз» мекемелермен тығыз байланыстағы ынтымақтастық орнатылған. 07321200 - «Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану» мамандығы бойынша жұмыс оқу жоспарлары қайта қаралып, оқу кестесіне түзетулер енгізілді.

Қазіргі таңда газға байланысты білікті мамандар өте аз. Сол себепті жарылыстар болып жатыр деп білемін. Газ құбыр материалының қалыңдық сапасында. Тұрғын үйлерді монтаждау кезінде газ құбырларын көбіне мердігерлер стандартқа сай емес 1,4; 1,6; 1,8 қалыңдықта газ құбырларын орнатып жатады. Адам өміріне қауіп әкеледі. Олай кемшілік келтіріп жұмыс жасаушы мердігерлер газ мамандығы бойынша білімінің төмендігі деп айтуға болады. Сапа бойынша газ құбырларының қалыңдығы 2.0; 2.5 қалыңдықта ұзақ жылдарға кепілдік беретіндей болу керек. Бүгінгі таңда Қазақстанда колледждер тарапынан нақты кадрлық сұраныс пен ұсыныс арасында тұрақты теңгерімсіздік сақталып отырғанын белгілі. Көбінесе жұмыс берушілер кешегі түлекті өз қажеттіліктеріне бейімдеу үшін қайта оқытуға мәжбүр. Бүгінгі жұмыс берушілер кешегі түлектер қатарындағы кандидаттардың біліктілік деңгейіне сенімді емес, сондықтан осындай проблемаларды шешу үшін өздерінің мамандандырылған оқу орталықтарын ашады. «Еңбек нарығының бұл қажеттілігі жұмыс берушілер тарапынан сұраныс есебінен қалыптасатынын түсінеміз. Осыған байланысты, қазақстандық колледждердің академиялық дербестігі көптеген проблемаларды шешу жолындағы маңызды қадам. Жаңа оқу жылынан бастап академиялық дербестіктің арқасында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі барынша икемді болады. Мұны түсіну жұмыс берушілерді білім беру ұйымдарымен тығыз жұмыс істеуге сендіруі тиіс.

2022 жылғы қыркүйектен бастап қазақстандық колледждер академиялық дербестік шеңберінде білім беру бағдарламалары негізінде мамандар даярлауды бастайды. Олардың мазмұнын жұмыс берушілермен бірге айқындайтын болады. Сонымен қатар, ол оқу орны мен өндірістің өзара іс-қимылы бірден екі тараптың үміттерінің сәйкес келу деңгейіне жетпейтінін атап өтті және бүгінгі іс-шара еңбек нарығында және білім беру қызметтері нарығында сұраныс пен ұсынысты қалыптастыру бойынша үлкен бірлескен жұмыстың басталуы болатынына үміт білдірді. Білім беру жүйесінде бизнестің қатысуынсыз еңбек нарығының нақты талаптарына сәйкес келетін кадрлар даярлау мүмкін емес деген түсінік бар. «Соңғы 2 жылда біз колледж директорымен жылдар бойы қалыптасқан психологияны өзгерту үшін үлкен жұмыс атқардық. Мысалы, бизнес бізге маман дайындағанша төрт жыл күтуге дайын емес екенін айтты. Сонымен қатар, студент оқудың ортасына жеткенде, оқытуда қолданылатын технологиялар ескірген. Мысалы, қысқа мерзімді курстардан алуға болатын дәнекерлеушінің жұмыс біліктілігін алу үшін біз 4 жыл оқыдық: жалпы білім беретін пәндер жылы және бір жыл және 10 ай – жұмыс біліктілігі үшін. Қазір жағдай өзгерді, біз 4 жылдан 3 жылға дейін қысқарттық. Оқудың бірінші

жылының соңында оқу практикасы басталады. Бірақ бізді оқу мерзімі емес, оқыту сапасы, мазмұны толғандырады.

Әрқайсының жанынан индустриялық кеңес құрылған, оған қауымдастықтар да, жұмыс берушілер де кіре алады. Сондай-ақ олар білім беру бағдарламаларын өзгерту жөніндегі жұмыс топтарының құрамына кіре алады. Білім беру бағдарламаларын құрастыру кезінде WorldSkills стандарттарына басты назар аударылады.

«Білімді дамыта алмайтын елдің болашағы жоқ», – дейді ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Қазіргі өзгермелі заманымызда білім – дамудың негізгі көрсеткіші және басыңқы бағыты болып табылады. Оған қоса, қазір білім әлемінде өз жолын тауып, өздігінен білім алуға ұмтылыс жасайтын, бастамашыл, құзыретті, қарқын дамып келе жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті азаматты тәрбиелеу орын алуда. Біздің арнаулы оқу орны аймақтағы құрылыс саласына қажетті мамандар мен білікті жұмысшыларды дайындау және қайта даярлау бойынша жетекші кәсіби білім беру мекемелерінің бірі. Оқыту үдерісі «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ (31. 10. 2017 ж, № 553) бұйрығымен бекітілген кәсіби стандарттар негізінде өзектендірілген ТЖКБ үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Колледжіміз барлық мамандықтар бойынша жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеп, модульдік оқытуды толығымен енгізген алаңға айналды.

Енді қысқы уақытта газ жұмыстарын жүргізу қауіптілігіне және тоқталуына байланысты 2-курс студенттері екі апталық қысқы демалыстың орнына 6 апта демалады. Жазғы кезеңде демалыс уақыты бес аптаны құрайтын болды. Үшінші курс студенттері үшін қысқы кезеңге жоспарланған өндірістік тәжірибелер күзге ауыстырылды. Бүгінгі таңда мазмұнды жаңарту аясында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде модульдік-құзыреттілік тәсілі толығымен қолданылады.

Нақты оқыту мерзімдерінің күші жойылып, студенттерге болашақ кәсіби қызмет үшін таңдалатын курстарға байланысты оқыту курсы, мерзімін өздігінен таңдау құқығы берілмек. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі, академиялық дербестікті пайдалана отыра, жаңа білім беру бағдарламаларының енгізілуі, кәсіптік-техникалық білімнің бәсекеге сай дамуы студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман ретінде қалыптасуына орасан ықпал ететіні сөзсіз.

Жыл сайын жаңа оқу жылы жақындаған сәтте Қазақстанда білім берудің сапасын қалай арттыруға болады деген сауал күн тәртібіне шығады. Өйткені, еліміздегі ЖОО мен колледж түлектерінің басым көпшілігі жұмыс берушінің талаптарына сәйкес келмей жатады. Әсіресе, техникалық мамандықтар бойынша колледждердің оқу бағдарламасы жыл сайын жаңарып жатқан инновациялық технологияларға ілесе алмайды. Содан студенттер өндірісте іс

жүзінде қолданылмайтын, ескірген теорияны оқып-үйреніп әуре. Әрі бұл сапаға кері әсер ететін көп себептің бірі ғана.

Жоспардың бірінші бағыты академиялық дербестікті кеңейтуді көздейді. Атап айтқанда, маман даярлау ісіне бизнес пен өндіріс өкілдерін, шетелдік оқытушыларды тарту көзделіп отыр. Ол үшін заңнамаға, қолданыстағы басқа да нормативтік актілерге өзгерістер енгізу арқылы бірқатар шектеулер мен талаптардың күшін жою жоспарлануда. Мәселен, министр мейрамхана ісі, бухгалтерия, туризм, қызмет көрсету, қаржы, IT, журналистика, қоғаммен байланыс, стандарттау және сертификаттау сияқты мамандықтар бойынша білім беруге практик мамандарды көптеп тарту керек деп есептейді. Алайда, бұл салаларда өндірісте істеп жүрген кәнігі мамандар колледждердің штаттық талабына сәйкес келмеуі мүмкін. Сондай-ақ, олардың көбінде ғылыми дәреже де жоқ. Қолданыстағы нормалар бойынша бұл азаматтар студенттерге дәріс оқи алмайды. Оқыса да оларға мардымсыз жалақы төленеді. Өз саласының білгірі болған азаматтар лайықты ақы төленбесе, алтын уақытын босқа сарп етпейтіні тағы түсінікті. Екі ортада студенттер мықты мамандардың тәжірибесінен үлгі алып, біліктілігі мен машықтарын үйрену мүмкіндігінен қағылып келеді. Жоспардың бірінші бағыты мұнан өзге де көптеген шектеулерді алып, бақылау түрлерін қысқартуды көздейді. Академиялық еркіндіктің берілуі — оқу бағдарламасын бизнес қауымдастықпен, яғни болашақ жұмыс берушілермен бірлесе отырып жасауына жол ашады. Яғни, ендігі жерде еңбек нарығының талаптарына сай келетін мамандар даярлауға мүмкіндік мол болмақ.

Практикалық тәжірибенің мәні, оның технологиясы, нақты педагогикалық іс-әрекеттер жүйесі, ұйымдастыру, мазмұны, формалары және жұмыс атқару әдістері. КМ 2. Газ жабдығын баптау және ретке келтіру бойынша слесарлық жұмыстарды орындау модуліне WSK стандартына сәйкес пән ретінде қостық. Бұл жерде сантехникалық жұмыстың қажеттілігі орасан зор. Мысалға жеке тұрғын үйлер мен көпқабатты үйлерді газдандырудан табиғи газбен жабдықтағаннан кейін арнайы үйдің ішкі газ жабдықтарына жыл 12 ай сапалы қызмет көрсетуде білімді, білікті сантехниклық жұмыстарды игерген мамандар басты қызмет атқарады. (ВДГО) Ол сантехникалық тәжірибелі мамандар ВДГО-внутридомовое газовое оборудование. Тұрғын үйлердің ішкі газ жабдықтарына қызмет атқару жұмысының басты мақсаты адам өмірін улы газдан сақтап қалу. Егерде тәжірибесіз сантехникалық жұмыстарға икемсіз (ВДГО) жұмысында мамандар немқұрайлы жұмысын атқарса, адам өміріне қауіп төндіреді. Сондықтан бастысы сантехникалық мамандар тәжірибелі газ саласында оқытып білім алады.

Білім алушы оқушылармен ЖШС "Gaz Kubiri 2050" директоры Сабыров Жандос Бекмаханұлы компаниясымен тәжірибе алмасуда көптеген ақпараттармен алмастық:

1. Тұрғын үйге газ кіргізу бойынша келісім - шарттың түсіндірме анықтамасы;
2. Желдеткіш канал мен мұржаның сапалы орналасуы;
3. Адам өмірін қорғау мақсатында дабыл қаққыш сигнализаторын орнату;

4. Тұрғын үйге газ пештің (Котел) орналасуында үйдің ауданын есептеп монтаж жүргізу;
5. "ҚазТрансГазАймақ" АҚ мекемесінің техникалық шарттарын алу үшін мемлекеттік актінің, техникалық паспорттың, жеке куәліктің, жылжымайтын мүлік иесі туралы анықтаманың көшірмелерін жеткізуге.
6. Внутридомовое газовое оборудование. Тұрғын үйдің ішкі газ жабдықтарына техникалық қызмет көрсету;



Зерттеулердің нәтижесі:

Шындығын айтқанда, қазір отандық оқу орындарының әлеуеті мен сапасы әрқилы. Көптеген оқу орындарында сапа сын көтермейді. Бұл мәселе қоғамда ашық айтылып та жүр. Әрине, мұндай колледждерге қатаң қадағалау керек. Алайда, мемлекеттік бақылаудың қатаң болуы сапалы, бәсекеге қабілетті оқу орындарының аяғына тұсау болып, жұмысына кедергі келтіретіні тағы бар. Сол себепті бағдарламада оқу орындарын 4 санатқа, яғни, 4 академиялық лигаға бөлу жоспарланған. Бұл бастама салада шынайы әрі әділ бәсекелестік қалыптастырады. Ал, бәсекелестік – әрдайым зор қозғаушы күш, сапаға әсер ететін маңызды фактор.

Меніңше, ешкімнің «төртінші сортты» колледж атанғысы келмейді. Талапкерлер де ондай оқу орнының дипломын алуға құмбыл болмасы анық. Сәйкесінше, маман даярлаудың сапасын түзей алмаған колледждер біртіндеп нарықтан ығысып шығып қалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Қойбағарова Ж.Т. «Газ қауіпті жұмыстарды жүргізу», Нұр-Сұлтан, 2019ж.
2. Унаспеков Б.Ә. «Газ желілері мен қондырғыларын есептеу және пайдалану». Алматы, 2019ж.
3. Ш.А. Косумова. «Газ тарату және газбен жабдықтау жүйелерінің монтажы мен құрылысы». Астана, 2018ж.
4. Жәнібекова Ж.Е. «Жұмыс істеп тұрған газ құбырларындағы авариялық жөндеу жұмыстары». Нұр-Сұлтан, 2019ж

WORLD SKILLS ТАЛАПТАРЫ БОЙЫНША ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЕМТИХАН – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

*Намуратов Улугбек Ирискулович
«Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» МКҚК
Сауран ауданы, Ескі Иқан ауылы*

Барлық уақытта аспазшы мен құрылыс шебері кез-келген елдің экономикасын дамытуда үлкен күш есептелінген. Біздің айналамыздағы заманауи ғимараттар көп қабатты зәулім сарайлар барлығы сол құрылыс мамандарының еңбегі. Қазір әлем қарқынды даму кезеңіне қадам басқан заман, бүгін біз еңбек адамы арқылы іске асырылған инженерлік ойдан туындаған ғажайыптарды көріп солармен бірге өмір сүруіміз қажет. Өнімдер дамыды, қызметтердің сапасы жақсарды. Біздің ойымызша, прогресс себептерінің бірі - бәсекелестік рух, ол әрбір шеберге өз өнімін бәсекелесіне қарағанда сапалы жасауға шабыт береді.

2015 жылы Қазақстан халықаралық WorldSkills қозғалысына қосылды. WorldSkills жұмысшы мамандығын алып жатқан студенттер арасындағы шеберлік сайысы. Жыл сайын жүздеген жас дәнекерлеушілер, аспазшылар, кондитерлер, зергерлер, дизайнерлер, бағдарламашылар, слесарьлар, құрылыс шеберлері және т.б. елде үздік болу және әлемдік чемпионатта республиканы таныстыру құқығы үшін күреседі.

Студент конкурсанттарды сапалы дайындау үшін тәлімгерлер халықаралық кәсіптік стандарттарды, үздік әлемдік тәжірибелерді зерделейді, оқу орындарының материалдық-техникалық базасы жетілдіріледі. Мұның бәрі үлкен шығындарды талап етеді, бірақ егер қаражат біздің жастарымыздың білім алуына жұмсалатынын ескеретін болсақ, бұл адами капиталды дамытуға лайықты инвестиция деп айтуға болады.

Шынында да, WorldSkills-тің бұл қозғалысы ТЖКБ жүйесін дамытуға жақсы серпін болды. Бұл колледждерге жұмысшы кадрларды сапалы даярлауға мүмкіндік береді.

WorldSkills талаптары бойынша демонстрациялық емтихан үздік әлемдік практикаларды пайдалана отырып, қорытынды және аралық аттестаттау шеңберінде түлектерді бағалау әдістерінің бірі болып табылады. Басқаша айтқанда, бұл WorldSkills конкурс талаптарына сай тәжірибелік емтихан. Емтихан сәтті аяқталғаннан кейін студент Skills төлқұжатын алады. Бұл құжатта пәндер мен бағалардың орнына құзыреттіліктер мен олардың ұпайлары көрсетілген, ал құзыреттіліктер Soft Skills-ті (мамандандырылмаған, мансап үшін маңызды кәсіби емес дағдылар жиынтығы, олар жұмыс процесіне сәтті қатысуға, жоғары өнімділікке жауап береді және өтпелі болып табылады, яғни белгілі бір пәндік саламен байланысты емес) және Hard Skills (үйретуге болатын және өлшеуге болатын кәсіби дағдылар) дағдыларымен сипатталады.

2022 жылы 29-30 маусымда «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» МКҚК «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» және «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары түлектеріне қорытынды аттестаттауды WorldSkills стандарттары негізінде 3 модуль бойынша демонстрациялық емтихан форматында өткізді. Түлектердің жұмысын бағалау үшін студенттерді кәсіби даярлауға, білім беру бағдарламаларына құрастыруға, нақты өндірістік жағдайларда іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қатысқан әлеуметтік серіктестер тартылды.

Демоемтихан тапсыру барысында студенттер сарапшыларға өздерінің кәсіби шеберліктерін, білім деңгейі мен дағдыларын көрсетті.

Сауран ауданы Ескі Иқан ауылындағы «Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі» студенттері «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының "Құрылыс шебері" біліктілігі және «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының «Аспаз» біліктілігі бойынша демонстрациялық емтихан тапсырды. Жалпы екі емтихан күнінде «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығының "Құрылыс шебері" біліктілігі студенттері:

А модулі - Дайындалынатын бұйымдың сызбасын М1:10 масштабында дайындау;

В модулі – Бұйымдың бөлшектері өлшемдерге сәйкес станокта кесіп дайындау;

С модулі – Сызбаға сәйкес жинақтау және бұйымды құрастыру дағдыларын көрсетеді.



Фото: "Құрылыс шебері" біліктілігі бойынша демонстрациялық емтихан

«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының «Аспаз» біліктілігі студенттері болса:

I. Модуль «Еттен жасалған ыстық тағам»

II. Модуль. «Көкөніс езбе сорпасы»

III. Модуль. «Дәмдеуіштер қосылған ыстық балық тағамы» бойынша кәсіби біліктіліктерін арттырған, оқу процесіте жаңа технологияларды қолданған, шығармашылық қабілеттерін көрсетті.



Фото «Аспаз» біліктілігі бойынша демонстрациялық емтиханы

Емтихан сұрақтары мен тапсырмалары халықаралық салалық стандарты бойынша құрылды. Емтихандар CIS бағдарламасы негізінде базаға енгізіліп сарапшылардың бағалары тікелей база арқылы анықталып отырды. Емтихан сонында барлық тапсырған студенттерге құзыреттіліктің Skills паспорттары табысталды. Болашақта бұл төлқұжат тек біздің еліміздің аумағында ғана емес, сонымен қатар WordSkills халықаралық қозғалысының қатысушылары болып табылатын әлем елдерінде де түлектің біліктілігін растайтын маңызды құжат болуға құқылы деп санаймыз.

Тапсырмаларды орындау сапасы мен уақытын емтихан комиссиясы және тәуелсіз сарапшылар бағалады, оның құрамына “Раимберди ата” ШҚ төрағасы М.Зикиряев, «НышЕр» ЖШС маманы О.Авазов, «Р.Мамараимов» ЖК Р.Мамараимов, «Б.Камалов сауда орталығы бас аспазы Г.Айтметова, «444» шаруа қожалығы кафесі меңгерушісі М.Юлдашева, «И.Ирисбеков» ЖК-И.Ирисбековтер кірді.

Демонстрациялық емтиханның нәтижесі барлығын қанағаттандырды. Емтихан комиссиясы әлеуметтік серіктестердің білім беру мекемелерімен жемісті ынтымақтастығын, түлектердің білімі мен дағдыларының жоғары деңгейін, тапсырмаларды орындаудың үйлесімі мен сапасын атап өтті.

Әрине, комиссия бұл емтихан әлемдік стандарттар жағдайындағы шеберлік көрсеткіші және әлеуетті жұмыс беруші болашақта тек мына маманмен компетенциялар мен балл диапазоны бойынша жұмыс істейтін болады деген пікірге келді. Қорытынды демонстрациялық емтихан - бұл жұмысшы кадрларын сапалы қалыптастыру мен іріктеудің тетіктерін енгізудің бастамасы.

Уақыт әлемдік жүйе шеңберінде жаңа ойлау маманның шығуын талап етеді, сондықтан WorldSkills стандарттарын орта техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларына ықпалдастыру – бұл бірінші кезекте, еңбек нарығында маманның құнын арттыру, өндіріс саласының беделін көтеру және нәтижесінде еліміздің экономикасының деңгейін арттыру болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

«WorldSkills талаптарына сәйкес демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізу туралы нұсқаулық». Нұрсұлтан қ. 2020ж

БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ

*Пралиев Қуанышбек Расилбекович
№11 колледж МҚКҚ, Қазығұрт ауданы,
Қазығұрт елді мекені*

Әрбір мемлекеттің болашағы оқу орнынан шыңдалады. Тәуелсіз мемлекетімізге ие болып, тізгінін ұстар мамандарды – бәсекеге қабілетті кәсіби білікті маман ретінде ғана емес, кәсіби құзырлы маман ретінде дайындау негізгі міндетіміз.

Бүгінгі күннің талабына сай ғылыммен техниканың дамуына байланысты, студенттердің ерекшелігі мен қабілетін ескере отырып, білім берудің жаңа технологияларын енгізудің қажеттілігі туып отыр. Педагогикалық ғылым мен озық тәжірибенің бүгінгі даму деңгейінде белгілі болған оқытудың әдіс-тәсілдерінің бірі - басқару жүйесі.

Жаңа ғасыр - ерекше кезең. Бұл кезеңде ғасырлар бойы жинақталған іс-тәжірибемізге, бай мұраларымызға талдау жасалып, жіктеліп, ойларымыз қорытылып, нәтижесінде белгілі бір жүйеге келу - өмір талабы.

Басқару - бұл өндіріс процесінде неғұрлым төмен шығындар мен табысты нәтижелерге жету мақсатында, адамдар ұжымының қызметін ұйымдастыру үшін оларға әсер етудің үздіксіз процесі.

Менеджмент сөзін қазақшаға дәл аударатын болсақ, онда «басқа біреу арқылы өз мақсатына жету» болып табылады. Алайда, сөзбе-сөз аудару сөздің түпкі төркінін әрқашанда дәл бере бермейді. Күнделікті тұрмыста менеджмент сөзі белгілі бір ұйымдағы барлық адамдардың қызметіне басшылық етумен шұғылданып, өз мақсатына жетуді білдіреді. «Менеджмент» ағылшын сөзі, оның түп төркіні гректің «манус», яғни «қол, күш», - деген сөзінен шыққан. Сонымен қатар, менеджмент жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау, ынталандыру сияқты қызметтерді атқарады. Кейде «менеджмент» ұғымы басқарушылық еңбекпен айналысатын адамдардың жиынтығын білдіреді. Менеджменттің мәнін түсіну үшін, түсініктердің арақатынасын анықтап алу қажет. Барлық тұрғыдан алғанда, менеджмент-көптеген элементтерден тұратын күрделі ішкі құрылымы бар көп қырлы ұғым және құбылыс.

Менеджмент мақсат қоюға, жоспарлауға және саясатты қалыптастыруға міндетті. Ол үшін болжам жасайды. Менеджмент бойынша дәлелденген және жоспарланған операциялары бар ұйымдық құрылым жасау, адамдар арасында міндеттерді бөлу және жауапкершілік деңгейді белгілеу, нұсқау шығару

мақсатында әр түрлі шешімдер қабылданады. Қазақстанда менеджмент қағидаттары, тәсілдері, амалдары нарықтық экономиканың өркендеуіне сай кеңінен таралған.

Қазіргі заманғы менеджмент. Заманауи менеджменттің парадокстарының бірі - техникалық және әлеуметтік саладағы жан-жақты өзгерістерге қарамастан, адам табиғаты мындаған жылдар бойы өзгеріссіз қалды.

Сонымен қатар, қазіргі әлем бірқатар сапалық және сандық өзгерістермен сипатталады:

- жаһандану және қатаң нарықтық бәсекелестік;
- пайдаланылатын технологиялардың зияткерленуі, өндірістің материалдық факторларының рөлінің төмендеуі, материалдық емес активтердің маңызының артуы;
- қажеттіліктердің жаңа түрлерінің пайда болу және таралу жылдамдығының өсуі;
- өндіріс технологияларындағы стереотиптік амалдардың және шығармашылық еңбектің рөлінің біруақытта арттыра отырып басқаруды автоматтандыру;
- тұрғындардың табыстарының дифференциациясы.

Педагогикалық менеджмент - білім беру, басқарудың кешенді принципі мен технологиялық тәсілдер, ол тек білім мекемелеріне тиімді басшылықтың шығармашылық потенциалын көрсетіп қана қоймай, оқытушылар мен студенттерге өзіне тән міндеттер ауқымын жүктейді.

Қазіргі заманның білім жүйесінің басты ерекшеліктерінің бірі, мемлекеттік басқарудан мемлекеттік қоғамдық басқаруға өту. Білім беруді мемлекеттік-қоғамдық басқарудың негізгі идеясы - проблемаларын шешуде мемлекет пен жұртшылықтың күш – біріктіру, оқытушылар, оқушылар мен ата – аналарға оқу – процесінің мазмұны мен түрін ұйымдастыру әдістерін және білім беру мекемелерін таңдауға барынша кең құқық пен еркіндік беру.

Педагогикалық менеджменттің мақсаты.

Менеджмент басқарудың мақсатына, адамдардың еңбек белсенділігін ынта-ықыласы арқылы көтеріп, олардың тиімді жұмысының негізінде жетуді ұйғарады. Ғылымның бұл түрін білу барысында басқарудың мақсаттарын қою мен дәлелдеу үшін, нақты білім және тәжірибелік дағды алуға болады, осы мақсаттарға жету жолында персоналдың күш-қуатын жинастыруға, ғылыми дәлелденген шешімдерді қабылдауға, кадрлар жұмысын жүйелеуге, кәсіпорындарды біртұтас жүйе түрінде басқару-ға мүмкіндік береді.

Педагогикалық менеджмент міндеттері:

басқаратын объектінің қалпын өзгерту бойынша шешім қабылдау үшін ақпаратты түрлендіру;

оқыту мен тәрбиелеу үдерісін қағидаттар, әдістер, құралдар мен нысандардың өзара байланысты жүйесіндей басқару;

оқытушылар мен студенттердің еңбегін, уәждері мен қажеттіліктерін пайдалана отырып, қойған мақсаттарға жету;

білім беру тұжырымдамалары негізінде қабылданатын, жүзеге асырылатын және адам факторын есепке ала отырып, оқу тәрбиелеу мақсаттарының жүйесін оқушылардың жету үдерістерін ұйымдастыру және т.б.

Бүгінгі таңда оқу процесінің жетілдірілуін, дамуын анықтайтын педагогикалық орта екені анық. Сондықтан, кәсіптік білім беру мақсаттарын жүзеге асырудың, педагогикалық жағдайын зерттеу орта кәсіптік білімді мамандарды даярлаумен шұғылданатын, орта кәсіптік білім беру мүмкіндіктерін жан жақты талдаумен тікелей байланысты.

Білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттары талаптарын орындау негізіндегі білім беру қызметтері сапасын көтеру кепілдігімен қамтамасыз ету.

Қазіргі заманғы білім беру технологияларын енгізу, оқытушылардың ғылыми және педагогикалық біліктілігін үздіксіз көтеру жүйесін дамыту.

Оқытушылар мен студенттерді ғылыми зерттеу қызметіне тартуды қамта-масыз етуші себепті механизмдерді құру, есебінен іргелі және қолданбалы зерттеулердің көлемін кеңейту.

Оқытушылар мен қызметкерлердің материалдық тұрақты жағдайының өсуін қамтамасыз ету, сапалы білім беру қызметтерін көрсету және еңбек төлемі жүйесін жетілдіру.

Білім беру қызметтері жағдайын зерттеуге бағытталған маркетинг жүйесін құру және нарық талаптарының өзгерісіне икемділікпен қарау.

Егер бұл жағдайлар оқу процесінің тиімділігін жеткілікті қамтамасыз етсе онда маман даярлау сапасы қойылған мақсатқа сай болады.

Корпоративтік мәдениеттің сыртқы көрсеткіштерінің көрінетін көріністері колледждің имиджі және фирмалық стилі болып табылады. Колледж позитивті имиджді қолдауға ғана емес, сонымен қатар білім беру және әлеуметтік ортадағы имидждің позициясын нығайтуға тырысады. Бренд әлеуметтік және білім беру ортасына аз тәуелді және керісінше техникалық және технологиялық прогрестің дамуына сәйкес өзгерістерді қажет етеді. Колледж имиджін қалыптастыратын негізгі факторларға мыналар жатады: білім беру саласындағы жұмыс өтілі мен тәжірибесі; кәсіби ортада және жұртшылық арасында танымалдылық; ұйым басшысының беделі, басшылықтың кәсібилігі; білім беру ұйымының кәсіби даму перспективалары; түлектердің еңбек нарығында қажеттілігі, олардың жалақысы мен мансаптық өсу деңгейі; оқытушылардың кәсібилігі мен атақ деңгейі; оқу процесін ұйымдастыру, оқыту деңгейі туралы студенттердің пікірі; оқу орнының аумақтық орналасқан жері, сыртқы және ішкі безендірілуі. Бұл ретте колледжде қазіргі уақытта білім беруді шектеудің көздеген мақсаттарына байланысты өзектендірілетін бірнеше имидж болуы мүмкін. Колледждің тиімді имиджі қызметкерлердің қанағаттанушылығын арттырады және білікті кадрларды тартуға ықпал етеді.

Оқу орындарының ұстаздар құрамының кәсіпкерлігі өте жоғары, сапалы кәсіптік білім беруге бағытталған болса ғана ол оқу процесінің тиімділігіне ықпал жасай алады.

Бұл талаптарды орындау үшін мемлекеттік жалпы міндетті стандартты жүзеге асыра отырып, нақты іс-әрекет жасау негізінде мамандардың әлеуметтік - өндірістік қызметін жан-жақты дамуына барлық жағдай жасау керек. Мемлекеттік стандартты игеру оқытудың орта кәсіптік оқу орынына оқуға түскен күннен бастап оқудың әр кезеңінде алатын білім-көлемі туралы толық мағлұмат беруі керек. Ол оқушыларды оқу жоспарлары мен өтетін пәндердің бағдарламаларымен, оқудың әр кезеңінің мазмұнымен таныстырудан басталады. Яғни, білімді стандарттау оқушыларға оқудың барлық барысы мен мазмұнын толық түсініп іске кірісуге жетелейді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Захаров Д.К. "Менеджмент персонала". М., 1995 г.
2. Егоршин, А. П. Эффективный менеджмент организации: учебное пособие / А.П. Егоршин. – Москва: ИНФРА-М, 2021. – 388 с.
3. Безручко П. Практики регулярного менеджмента: управление исполнением, управление командой / Павел Безручко. — Москва: Альпина Паблишер, 2019. — 368 с.
4. Анопченко Т. Ю. Менеджмент: кейсы, тренинги, деловые игры. Практикум / Т. Ю. Анопченко, А. М. Григан, А. А. Лысоченко [и др.]. — 4-е изд., стер. — Москва: Дашков и К, 2019. — 282 с.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Султанбеков Орынбасар Улукбекович
Түркістан облысының «Білім беруді дамыту орталығы», әдіскер

Ел экономикасын және индустриясын дамыту жағдайында кадр даярлауды жақсарту мемлекет саясатындағы өзекті міндеттердің бірі. Экономикасы дамыған елдерде өндіріс үшін кадрлардың негізгі ордасы – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі.

Қазақстандық білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысымен бекітілген «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы қабылданды. Ұлттық жоба сапалы білім алуға қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді.

Ұлттық жобаның төртінші міндеті: қолжетімді сапалы кәсіптік біліммен қамтамасыз ету. Осы міндет техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің алдағы бес жылда даму стратегиясын анықтайды. Жобада ТЖКБ жүйесін дамытудың негізгі мақсаттары қойылған.

Талап етілетін мамандықтар бойынша жастарды колледждерде тегін оқытумен қамту (9-сынып бітірушілерін) 2025 - 100% жеткізу және колледждердің оқу-өндірістік шеберханаларын заманауи жабдықтармен жарақтандырылуда көзделуде.

Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс көлемі ұлғайтылды. 9.08.2022 ж. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды. Сонда үкімет басшысы жастарды кәсіптік-техникалық біліммен қамту үшін бюджеттен мемлекеттік тапсырыс бойынша қосымша 45 мың орын бөлінгенін айтты. Еңбек нарығының сұранысына сай кадр даярлау үшін 500-ге жуық кәсіпорын колледждерді қамқорлыққа алды.

Колледждерге оқуға түсуге бірқатар жаңашылдық енгізілді. Олар экономика қажеттілігіне тиісті мамандар даярлауға негізделген. Мамандық таңдауда 9-сынып бітіріп оқуға түсушілерге кәсіби диагностика енгізілді, нәтижесінде талапкерлер мамандық таңдау бойынша ұсыныстар алады.

«Жас маман» жобасы бойынша еліміздегі 180 колледжге заман талабына сай құрал-жабдықтар сатып алу үшін мемлекетіміз 56 млрд теңге бөліп отырғанын айрықша атап айтуға болады. «Жас маман» жобасы шеңберінде жабдықталған колледждердің базасында құзыреттілік орталықтарын құру және оқу-өндірістік шеберханаларын кеңейту ісі қолға алынады. Нәтижесінде халықаралық салалық талаптарға (стандарттарға) сәйкес құрылған құзыреттілік орталықтарының саны 2024 жылы 5, 2025 – 15 болуы керек.

WorldSkills-тің бағалау жүйесі қазіргі кезде ТЖКБ ұйымдарының оқу процесіне енгізілген және ол жұмыстар жалғасын табуда. Осыған байланысты студенттердің біліктілігін, құзыреттілігін толық, дәл анықтау мақсатында WorldSkills талаптарын ескере отырып демонстрациялық емтихандар енгізілуде. Түркістан облысында биылғы жылы мемлекеттік колледждердің бәрінде демонстрациялық емтихандар енгізілді.

Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша рейтингте 2025 ж. 75 орынға шығу мақсаты қойылды.

ТЖКБ жүйесін дамытудың және сапалы кадрлар даярлаудың стратегиялық басымдықтарына жету үшін келесідей межелерге жетуіміз қажет: а) қазіргі заманның талаптарына жауап беретін ТЖКБ жүйесін қалыптастыру; ә) ТЖКБ жүйесін цифрландыру; б) ТЖКБ танымал озық имиджін қалыптастыру; в) жұмыс берушілермен әріптестікті дамыту; г) тәрбие жұмысын жетілдіру.

ТЖКБ қазіргі заманғы жүйесін қалыптастыру, техникалық және кәсіптік білім беру мазмұнын жаңғырту үшін академиялық дербестік берілді. Академиялық дебестіктің негізгі шарттары – білім беру бағдарламаларын

өзірлеудегі дербестік, оқу мерзіміне байланыстыруды алып тастау, индустриялық кеңестер арқылы білім беру бағдарламаларын өзектендіру, білім беру бағдарламаларының сапасын сараптау үшін олардың тізілімін жасау. Осы шарттарды орындау арқылы оқу үдерісінің мазмұны жаңарады, оқыту сапасының тиімділігі мен дәрежесін арттырылады.

Академиялық дербестік оқытудың әртүрлі технологияларын енгізуге, еңбек нарығының қажеттіліктерін ескеру икемділігіне, бизнес қоғамдастықтың кәсіби құзыреттіліктің деңгейін тануына мүмкіндік береді.

Академиялық дербестіктің тағы бір қыры – ТжКБ жүйесінде оқытудың кредиттік технологиясын енгізу (ECVET негізінде), басқаша айтсақ, ресми және бейресми білім берудің оқыту нәтижелерін қайта есептеу жүйесін енгізу, кредиттерді есепке алу, студенттерді оқытудың жеке траекторияларын енгізу, балдық бағалау жүйесін енгізу және өмір бойы оқу.

ТжКБ қазіргі заманғы жүйесін қалыптастырудың шарттарының бірі – ҰБШ және жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, ТжКБ мамандықтарының жіктеуішін жетілдіру. Ол үшін мамандықтарды экономикалық қызмет түрлерімен үйлестіру, мамандықтарды туыстық біліктіліктер жиынтығы ретінде қарау, жаңа мамандықтарды енгізу (еңбек нарығын, мамандық атласын зерделеу нәтижелері негізінде), халықаралық талаптарға сай кадрлар даярлау жұмыстары қолға алынды.

Экономиканың сұраныстарына жауап беретін және білім берудің инновациялық бағыттары бойынша озық тұрған оқу орындарын ары қарай дамыту және қалыңқы колледждерді сондай деңгейге жеткізу үшін колледждердің материалдық-техникалық базасын күшейту және инфрақұрылымды жетілдіру қажет. Бұл бағытта колледждерді қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыру, «Жас маман» жобасы аясында жұмыс берушілер қаражаты есебінен сыртқы ресурстар құралдарын қолдану, ТжКБ ұйымдарының желісіне скрининг (іріктеу, таңдау) жүргізу, колледждерді ірілендіру және біріктіру арқылы бейіндеу, бәсекеге қабілетті колледждер лигасын қалыптастыру, озық кадрларды даярлау үшін салалық құзырет орталықтарын құру, желілік оқытуды дамыту сияқты жұмыстарды атқара отырып, кадрларды даярлауды жүйелеу және даярлау сапасын арттыру қажет.

Маманның талапқа сай білім алуы, білікті болуы, технологиялық үдерістерді меңгеруі, кәсіби машығы өте өзекті. Колледждердің дамуына педагогтердің, басшылардың біліктілігін арттырудың қазіргі заманғы жүйесін құру, педагогтерді, басшыларды ынталандыру жүйесін дамыту және кәсіби сапасын арттыру шаралары оң ықпалын тигізіп биік белестерге көтерілуге себін тигізеді.

ТжКБ ұйымдарын дамыту стратегиясының тағы бір аспектісі WorldSkills қозғалысын дамыту. Бұл бағыттар жасалатын жұмыстарға тоқталатын болсақ: WSK жобалық кеңсесінің жұмысын ұйымдастыру; WSK қамқоршылық кеңесінің жұмыс істеуі; жаттығу лагерлерін құру; Нұр-Сұлтан қаласында WorldSkills Eurasia халықаралық чемпионатын өткізу; чемпионаттар

нәтижелерінің электрондық платформасын – EDU WSK жүйесін енгізу; кадрларды даярлауға WORLDSKILLS құралдары мен талаптарын (стандарттарын) енгізу; «Skillspassport» бере отырып, WorldSkills талаптары бойынша демонстрациялық емтихандар өткізу.

WSK сарапшыларының әлеуетін дамыту және сарапшыларды сертификаттау.

ТжКБ жүйесін цифрландыру маңызды бағыттардың бірі. Цифрлық сауаттылық – қоғамдағы ақпараттық қауіпсіздіктің негізі. 21 ғасырдың білімі цифрға негізделген білім. Педагогтердің цифрлық сауаттылығы – АКТ сенімді, тиімді қолдануға дайындығы және қабілеті. Осы технологияны қолдану кадрларды қажетті біліммен қамтамасыз етуге, даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде ТжКБ жүйесінде компьютерлік технологияны игеру келесідей бағыттар бойынша жүргізілуде: білім беру үдерісін цифрландыру, цифрлық білім беру контентімен және бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету, білім беруді басқаруды цифрландыру, ақпараттық ресурстармен қамтамасыз ету, оқу аудиторияларын мультимедиа және интерактивті оқыту құралдарымен жабдықтау, ТжКБ ұйымдарында компьютерлік техника паркін уақтылы жаңарту.

Жұмыс берушілермен әріптестікті дамыту колледж өмірінің маңызды жағы. Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің орта буын мамандары мен жұмысшы біліктіліктері бойынша кадрларға деген қажеттілігі бар. Осы жерде колледждер мен еңбек нарығы субъектілерінің арасында өзара іс-қимылдың ерекше түрі – әлеуметтік әріптестік пайда болады. Колледж түлегі толық, сапалы білім алып сұранысқа ие маман болу үшін ол білім, дағды, тәжірибені тең игеруі қажет. Дағды мен тәжірибені студент әлеуметтік әріптестердің кәсіпорындар базасында игереді, сондықтан сапалы маман дайындауда олардың колледж үшін қажеттілігі жоғары дәрежеде тұрады. Сонымен қатар жұмыс беруші – білім беру бағдарламасын жүзеге асыру процесінің де маңызды мүшесі. Қазіргі уақытта жұмыс берушілер білім беру бағдарламаларын жасауға да белсенді қатысады. Қазіргі кезде екі арада туындаған мәселелерді дер кезінде шешу үшін колледждер базасында индустриялық кеңестер құрылды және олардың құрамына бизнес өкілдері тартылды. Осылайша ТжКБ ұйымдарының дамуына бизнес те қатысады және кадрлар даярлауға бизнестің қызығушылығы артады.

Колледждердегі тәрбие жұмысының негізгі салалары: отаншыл, білімге құштар, еңбекқор, белсенді әлеуметтік-саяси тұрғысы бар қоғам азаматтарын қалыптастыру, ізетті, парасатты, талантты және бастамашыл жастарды тәрбиелеу, студенттердің рухани дамуына көмектесу. Бұл колледж қызметінің барлық бағыттарына тәрбие жұмысын интеграциялауды білдіреді. Колледж жұмысының басты мақсаты: тек қана білімді, білікті маман дайындау емес, сонымен қатар Отанын сүйетін, халқына жаны ашитын, қоғам дамуына белсене қатысатын қоғамның жанашыр мүшелерін де дайындау. Жастардың бойында осы қасиеттерді қалыптастыру үшін білім беру ұйымдарында «Жас Сарбаз»

әскери-патриоттық клубтарының жұмысын жүргізу, «Жастар мен жасөспірімдердің ұрпақты болу денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау» жобаларын енгізу, ТЖКБ ұйымдарында парасаттылық қағидаттарын енгізу, «Ашық жүрек» еріктілер қозғалысын дамыту сияқты шаралар қолға алынып жұмыстар жүргізілуде.

Колледждердегі тәрбие жұмысының негізгі компоненттерінің қатарына «ZHASTAR KZ» қозғалысының негізі болып табылатын жастар істері жөніндегі Комитеттердің жұмысы жатады. «ZHASTAR KZ» қозғалысының аясында жастарға өзіндік дамудың көптеген мүмкіндіктері берілген, мысалы, үйірмелерге, секцияларға қатысуға, көшбасшылық, кәсіпкерлік қасиеттерін жетілдіруге және т.б. мүмкіндік алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы – 2008.
2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Нұр-Сұлтан, 2021 ж.
3. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Астана, 2001. – 275 б.
4. «WorldSkills талаптарына сәйкес демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізу туралы нұсқаулық». Нұр-Сұлтан, 2020ж

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРЫ - ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПРОГРЕССИВТІ НЫСАНЫ

*Шығанов Бағлан Толтаевич
Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі
Сарыағаш қаласы*

"Жас маман" жобасын іске асыру мақсаттарының бірі жобаға қатысатын ТЖКБ ұйымдарының базасында құзыреттілік орталықтарын (бұдан әрі – Орталық) құру болып табылады.

ТЖКОББ ұйымының базасында құзыреттілік орталық құру және оның жұмыс істеуі келесі мүмкіндіктер береді:

- талап етілетін біліктілігі бар кадрларды даярлаудың негізін жұмыс берушілердің міндетті қатысуымен шешу;
- ТЖКОББ ұйымдарының оқу бағдарламаларын тұрақты түзету мақсатында институционалдық алғышарттар жасау;
- ТЖКОББ ұйымдарының жұмыс берушілермен серіктестік қатынастарын кадрларды даярлаудың кооперативтік жүйесін енгізудің негізгі шарты ретінде белгілеу;

- қолданыстағы біліктіліктердің мазмұнын жаңарту және еңбек нарығындағы жаңа мамандықтар мен кәсіптерді айқындау;
- әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті еңбек ресурстарының жаңа буынын жаңғырту.

Құзыреттілік орталықтардың мүмкіндіктері, оның ішінде кәсіби бағдар, Worldskills кәсіби шеберлік байқауларын және демонстрациялық емтихандар өткізу.

Құзыреттілік орталықтар жұмысының тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру мақсатында орталықтардың жұмыс жоспарларын кәсіптік бағдарлау және колледж мансабын дамыту кабинеттерімен синхрондау, оның ішінде жалпы білім беру ұйымдарының білім алушыларымен, жұмыс істемейтін жастармен және біліктілігі жоқ немесе жаңа құзыреттерді меңгергісі келетін тұлғалар кәсіптік сынамалар жүргізу туралы мәселені қарау ұсынылады.

Кәсіби сынамаларды жүргізуге дайындық жұмысы ретінде құзыреттілік орталық тек кәсіптер мен біліктіліктер туралы ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметтің ерекшеліктері, кәсіби-біліктілік сипаттамаларының мазмұны, белгілі бір кәсіби саладағы еңбек жағдайларын, еңбек ұжымындағы өзара іс-қимыл ерекшелігін және т.б. сондай сияқты аспектілермен байланысты ақпаратты ұсына алады.

Өз кезегінде, колледждің кәсіптік бағдарлау және мансапты дамыту кабинеті құзыреттілік орталық базасында педагогтармен, білім алушылармен және ата-аналармен кәсіптік бағдар, жеке және топтық консультациялар мәселелері бойынша жүйелі және кешенді кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастырады және жүргізе алады, сондай-ақ талапкерлерді әртүрлі кәсіптер, қандай да бір мамандыққа қойылатын физикалық және психологиялық талаптары туралы материалдармен дербес таныстыра алады.

Құзыреттілік орталық аясында:

- 1) Жалпы білім беретін мектептер түлектерінің мамандық және біліктілік таңдауына көмектесу тетігін әзірлеу;
- 2) Құзыреттілік орталық базасында кәсіптер бойынша жоғары сынып оқушылары арасында кәсіби жабдықтарды пайдалана отырып кәсіптік сынамалар, орталықтарға және кәсіпорындарға экскурсиялар жүргізу, диалог алаңы форматында ата-аналармен, жұмыс берушілермен, оқушылармен жұмысты қамтамасыз ету;
- 3) Мектеп оқушылары үшін кәсіптік бағдар іс-шараларын, оның ішінде "Ашық есік күндерін", мамандықтар мен кәсіптер, оқыту шарттары, оқу орындарының, кәсіпорындардың өкілдері, оқушылар мен олардың ата-аналары арасында түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері туралы ақпарат алмасуды көздейді;
- 4) Бекітілген оқу процесінің кестесіне және колледж студенттерінің кәсіптік практикасы туралы ережеге сәйкес кәсіптік практиканы ұйымдастыру;
- 5) Колледж студенттері мен түлектерін жұмысқа орналастыруға көмектесу;

WorldSkills халықаралық чемпионаттарына қатысу үшін құзыреттер бойынша елдің ұлттық құрама мүшелерін дайындау бағдарламасын/жоспарын әзірлеу:

- құзыреттер бойынша шығыс материалдарының, құрал-саймандар мен жабдықтардың тізбесін қалыптастыру;
- жұмыс көлемін, құзыреттер бойынша чемпионаттарға дайындық форматы мен құрылымын анықтау;
- құзыреттер бойынша жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу кезеңінде конкурстық тапсырмаларды орындау сапасын бақылау;
- WorldSkills талаптары бойынша демонстрациялық емтихан өткізу регламенттерін әзірлеу;
- WorldSkills талаптары бойынша демонстрациялық емтихандар өткізу;
- WorldSkills талаптары бойынша сарапшыларды сертификаттауды жүзеге асыру.

Колледж базасындағы құзыреттілік орталығы көрсету емтихандарын, оның ішінде WorldSkills Kazakhstan талаптары бойынша колледжде іске асырылатын үлгілік білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың біліктілік емтиханы түріндегі қорытынды немесе аралық аттестаттау нысаны ретінде, сондай-ақ колледж білім алушыларын аттестаттау нысаны ретінде қызметкерлер мен кәсіпорын қызметкерлерінің құзыреттілік деңгейін айқындау үшін база бола алады. Осылайша, демонстрациялық емтихан нақты жағдайларды немесе өндірістік процестерді модельдеу жағдайында, оның ішінде WorldSkills талаптары бойынша білім, білік және практикалық дағдылар деңгейін бағалау рәсімі болып табылады.

Құзыреттілік орталықты құру үшін ұсынылатын шарттар мен талаптар.

Құзыреттілік орталықтар құрылымдық бөлімше ретінде ұйым түрінде құрылады. Ұйым түрін құру үшін мыналарды қарастыру ұсынылады:

- орталықтың мәлімделген мамандығы/біліктілігі бойынша тиісті;
- білімі, өндірістегі жұмыс тәжірибесі бар және/немесе Құзыреттілік орталықтың мәлімделген мамандығы/біліктілігі бойынша соңғы бес жыл ішінде өндірісте тағылымдамадан өткенін, растайтын құжаттары қоса берілген бейіні бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткен кемінде 2 штаттық оқытушының және/немесе 2 штаттық өндірістік оқыту шеберлерінің болуы;
- құзыреттілік орталықты құру үшін WorldSkills талаптарына немесе халықаралық стандарттарына сәйкес келетін жабдықтардың болуы;
- құзыреттілік орталық жабдықтарының өндірістің заманауи талаптарына сәйкестігі туралы кемінде 2 жұмыс берушіден ұсыныстардың болуы.

Құқықтық қамтамасыз ету, ТжКБ ұйымын құру мақсатында орталық құру үшін ТжКБ ұйымының әрекетін растайтын келесі құжаттарды жинау ұсынылады:

- ТжКБ ұйымының кадрлар даярлау бейінінің орталықтың мәлімделген мамандығына/біліктілігіне сәйкестігін растайтын лицензияның көшірмесі;

- орталықты құруды және оны одан әрі дамытуды регламенттейтін тармақтары бар ТжКОББ ұйымдарын дамытудың стратегиялық жоспарының көшірмесі;
- орталық қызметі үшін қандай үй-жайлар бөлінетінін көрсететін түсіндірме жазбасы бар ТжКОББ ұйымы ғимараттарының техникалық паспорттарының көшірмелері;
- орталықтың мәлімделген мамандығы/біліктілігі бойынша WorldSkills чемпионаттарына қатысу туралы ТжКОББ ұйымының бұйрығының көшірмесі;
- орталықтың мәлімделген мамандығы/біліктілігі бойынша білім беру бағдарламаларын аккредиттеу туралы сертификаттың көшірмесі – орталықтың мәлімделген мамандығы/біліктілігі бойынша;
- халықаралық деңгейде танылған шетелдік қауымдастықтар (орталықтар, кеңестер, кәсіптік қоғамдастықтар және т. б.) стандарттарының (регламенттерінің, қағидаларының және т. б.) талаптарына сәйкестігін бағалау процедурасынан өту туралы құжаттың көшірмесі;
- білім беру саласындағы уәкілетті органдардың WorldSkills өңірлік (ұлттық) чемпионаттарын немесе орталықтың мәлімделген мамандығы/біліктілігі бойынша кәсіби шеберлік конкурстарын өткізу үшін алаңдарды ұйымдастыруға бұйрықтарының көшірмелері;
- WorldSkills аймақтық, ұлттық және халықаралық конкурстарына немесе кәсіби шеберлік конкурстарына қатысқандығын растайтын компатриот-сарапшылардың сертификаттары.

Орталықты құру тәртібі.

Құзыреттілік орталығын құру базасы ретінде колледжді таңдау үшін оқу орнының басшылығы мен ұжымы барлық материалдық, кадрлық және іскерлік әлеуетті көрсетуі қажет. Осыған байланысты, орталықты, ТжКОББ ұйымын құру бойынша сапалы дайындықты қамтамасыз ету үшін ТжКБ ұйымы басшысының төрағалығымен комиссия құру ұсынылады, оған мүшелер ретінде: әлеуметтік серіктестер, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдардың өкілдері және ТжКОББ ұйымының қызметкерлері кіреді.

Комиссияның жұмысын қамтамасыз ету үшін ТжКБ ұйымында колледж қызметкерлері, жұмыс берушілер өкілдері қатарынан жұмыс тобы құрылады.

Жұмыс тобы осы ұсынымдардың 3-бөліміне сәйкес ұсынылған құжаттар тізбесін жинауды жүргізеді, комиссия отырысын ұйымдастырады және өткізеді.

Комиссия құжаттар тізбесінің осы ұсынымдардың 3-бөлімінің талаптарына сәйкестігін қарайды. Талаптарға сәйкес болған жағдайда, Комиссия ТжКОББ ұйымының базасында орталық құру туралы шешім қабылдайды. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді. Комиссия шешімінің негізінде ТжКОББ ұйымының басшысы тиісті құзырет орталығын құру туралы бұйрық шығарады.

Қорытындылай келе, «Жас маман» жобасына қатысушы колледждерде Құзыреттілік орталықтарды ашу жоспарлануда. Жобаны іске асыру нәтижесінде дамыған материалдық-техникалық базасы, шетелдік серіктестері мен оқытушылары, жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламалары, сондай-ақ бизнес

орталықтармен әріптестік байланысы бар заманауи колледж жұмыс істейтін болады.

Құзыреттілік орталық қызметінің мақсаты ретінде өндіріс пен білімді интеграциялау арқылы таңдалған бейін бойынша мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз етуді қарастыру ұсынылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы – 2008.
2. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. (монография). – Астана, 2001. – 275 б.
3. Зеер Э.Ф. Профессиональное становление личности инженера-педагога. — Свердловск: Изд-во Уральск. ун-та, — 120 с.

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАҒЫ МЕНЕДЖМЕНТ

*Байназарова Г.А.
Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі директорының
оқу-әдістемелік істері жөніндегі орынбасары
Шымкент қ*

Менеджмент ағылшын сөзі, оның түпкі түбірі гректің «manage» сөзінен шығып «қол, күш» деген мағынаны білдіреді. Қазіргі уақытта ол адамдардың қызмет саласына ауысып, басқарудың және ұйымдастырудың ғылыми практикалық мәнін білдіретін болды.

Менеджмент – ынтымақтаса қызмет атқаратын адамдар тобы өздерінің күш-жігерін ортақ мақсаттарға жетуге бағыттайтын үдеріс ретінде;

Менеджмент – қарым-қатынас тәсілі, сонымен қатар, әкімшілік қарым-қатынас дағдылары ретінде;

Менеджмент – айрықша басқару түрі ретінде;

Менеджмент – қажетті нәтижеге немесе алға қойылған мақсаттарға басқа адамдардың күш-жігері арқылы қол жеткізу өнері немесе әдіс-тәсілдердің, қағидаттардың және басқару нысандарының жиынтығы, яғни басқару өнері ретінде қарастырылады.

Қазіргі білім берудің жаңашыл бағытының өзгеруі, қоғамға жоғары білімді, рухани-адамгершілігі мол, өздігінен шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа қабілетті, бейімділігі мен жауапкершілігі жоғары педагогтер қажет етіледі. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа үлгі керек, осы жерде өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі дамыту үрдісі ретінде педагогикалық менеджменттің ықпалын көруге болады. Педагогикалық менеджмент адамдардың өзін-өзі дамыту, еркіндік және шығармашылығын дамыту болып табылады. Білім берушілік үдеріс деп үш құрамдас бөліктер:

оқу-тәрбие, оқу-танымдық және өз бетімен білім алу үдерістерінің жиынтығы түсіндіріледі. Білім берушілік үдеріс – бұл тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамыту бойынша мақсатты қызмет.

Сонымен, қазіргі білім беру ұйымдарындағы менеджмент - бұл жоспарлау, ұйымдастыру, басқару және ұйымдастырушылық ресурстарды бақылау арқылы ұйымның мақсаттарына тиімді және ұтымды қол жеткізу.

Менеджмент идеялары: басқарудың негізгі функциялары және ұйымның мақсаттарға тиімді және ұтымды қол жеткізуі деп саналады.

М.Поташниктің айтуы бойынша: «Егер сіз ұжымның жұмысын қалай жобалауды, мақсаттардың орындалуын ұйымдастыруды, адамдарды шығармашылыққа, адал еңбекке ынталандыруды білсеңіз және осы процестерді бақылап, нәтижелерін талдай алсаңыз – бұл сіздің басқару қабілетіңіздің бар екенін білдіреді».

Менеджменттің негізгі мақсаты - білім беру үдерісін тиімді басқару.

Менеджменттің негізгі принциптеріне келесілер жатады:

- мақсаттар мен нәтижелерді нақты анықтау;
- жауапкершілік орталықтарын анықтау және басқару субъектілері арасындағы өзара байланысты орнату;
- қолайлы тәуекелдерді ескере отырып, жұмыстарды кешенді және болжамды жоспарлау жүйесін және бақылау өлшемшарттарын құру;
- үздіксіз мониторинг жүйесін құру және жұмыстардың орындалу барысын реттеу;
- командаларды қалыптастыру және олардың өзара әрекеттесуі мен жұмыс тиімділігін ұйымдастыру;
- коммуникация және құжат айналымы жүйесін құру;

Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізу менеджментінің функциялары:

1. Мотивациялық-мақсатты – қызметтің мақсатын таңдау, стратегиялық және тактикалық міндеттерді анықтау; білім беру процесінде мақсатқа жету үшін қатысушылардың барлығын ынталандыру; мотивтерді мотив-мақсатқа айналдыру.

2. Жоспарлы-болжамдық – мақсатқа жету бағдарламаларын құру; ұйым қызметін кешенді-мақсатты, стратегиялық, жедел және тактикалық жоспарлау.

Мотивациялық-мақсатты және жоспарлау-болжау функциясы кезеңінде атқарылатын жұмыстар:

1. Колледж ұжымының әлеуметтік-педагогикалық қызметінің диагностикасы:

- педагогтер мен білім алушылар қызметінің негізгі құндылық бағдарлары мен уәждерін анықтау; педагогтер мен білім алушылар қызметінің негізгі құндылық бағдарлары мен уәждерін анықтау;

- білім беру және әдістемелік қызметтерге сұранысты зерделеу;

- педагог тұлғасының әдістемелік қызметтің инновациялық моделіне көшуге дайындығын анықтау, рефлексия.

2. Анықталған басым мақсаттар мен нақты күтілетін нәтижелерді болжау негізінде әдістемелік қызмет менеджментінің стратегиялық және тактикалық қадамдарын әзірлеу.

3. Ақпараттық-аналитикалық – басқару қызметі бойынша өзін-өзі талдауды өткізу; оқу-өндірістік, тәрбие, ғылыми-әдістемелік үдерістердің жағдайы мен дамуы бойынша ақпараттарды талдау.

Ақпараттық-аналитикалық функциясы кезеңінде атқарылатын жұмыстар:

1. Педагогикалық ұжымның оқу-әдістемелік қызметінің жай-күйін өзін-өзі сараптау арқылы анықтау.

2. Ұйымдастыру құрылымын проблемалық талдау.

3. Ақпаратты жинау және өңдеу, оқу-тәрбие процесінің барысын және оның нәтижелерін талдау, рефлексия.

Аналитикалық-диагностикалық құралдар жасау:

- әдістемелік қызметтерге сұранысты зерттеу;

- педагог қызметінің тиімділік көрсеткіштері;

- педагог қиындықтарының өзін-өзі бағалау картасы

Ұйымдастыру-орындаушылық - мақсатқа лайықты қол жеткізу үшін ұйымдастырылған өзара әрекеттесу құрылымдарын қалыптастыру және реттеуді өткізу. Ұйымдастыру-орындаушылық функциясы кезеңінде атқарылатын жұмыстар:

1. Қамтамасыз ету және қолдау кіші жүйелерін қалыптастыру арқылы ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайлар жасау;

2. Анықталған мәселелерді шешу үшін әдістемелік жұмыс менеджментінің мазмұнындағы негізгі басымдықтарды анықтау;

3. Проблемалар мен түпкілікті нәтижелер бойынша менеджмент технологиясын зерттеу және практикаға енгізу;

4. Уақытша шығармашылық ұжымдарды қалыптастыру;

5. Нақты нәтижелерге бағытталған уақытша, жылдық немесе ұзақ мерзімді жобаларды іске асыру бойынша педагогтердің жобалық топтарын құру;

6. Әдістемелік шеберлікті жетілдіру бойынша ғылыми-практикалық конференцияларды, семинарларды, іскерлік ойындарды және басқа да нысандарды ұйымдастыру немесе қатысу;

7. Оқу-тәрбие процесінің аралық нәтижелерін қадағалау, рефлексия;

8. Бақылау-диагностикалық - оқу-тәрбие жұмысы жүйесінің жалпы мемлекеттік талаптарға, нормативтерге сәйкестігі негізінде жұмыс істеуі мен дамуының сәйкестігін фиксациялау;

9. Реттеу-түзету - педагогикалық жүйе арқылы басқару процесін жоспарланған деңгейде тұрақтандыру мақсатында жедел тәсілдермен, құралдармен және әсер берумен түзету.

Бақылау-диагностикалық және реттеу-түзету функциясы кезеңінде атқарылатын жұмыстар:

1. Диагностика, жобалық топтардың жұмысын талдау, алынған деректерді жалпылау, нәтижелердің қойылған мақсаттар мен міндеттерге қатынасы, рефлексия;
2. Оң тәжірибені жалпылау және оны әдістемелік ұсынымдарда сипаттау;
3. Есептілік нысанын таңдау: педагогтердің шығармашылық есебі, оның ішінде аттестаттауға байланысты, конференцияларға қатысу, жобаларды қорғау, жарияланымдар;
4. Әдістемелік қызметтің өзін-өзі реттеу және өзін-өзі түзету;
5. Жобалау топтарының қатысушыларын және неғұрлым шығармашыл педагогтерді ынталандыру.

Білім беру ұйымдарындағы әдістемелік жұмыс педагогикалық мәдениетті көтерудің бірден-бір шарты болып табылады. Педагог әдістемелік жұмыстың қандай түрін таңдаса да, соңғы нәтижеде оның тиімділігі педагогтің өз бетінше білімін көтеруге байланысты болады. Сондықтан да үздіксіз білім беру процесін біліктілігін арттыру курстары, семинар, курс, практикум және т.б. оқу түрлерімен шектеуге болмайды, оған осы оқу түрлерінің арасындағы тынымсыз ой еңбегін де жеткізу керек. Сондықтан да педагогтің өз білімін көтеру жұмысына тәжірибелі әріптесі, беделді ұйым басшысы және әдіскерлер тарапынан тиянақты көмек қажет. Педагогке өз білімін көтеру жұмыстарын ұйымдастыруға нақты көмек көрсету үшін оның кәсіптік қызметіндегі сұраныстарын, қажеттілігі мен жеке қызығушылықтарын ескеру қажет. Білім беру ұйымдарында арнайы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыс педагогтердің жеке қажеттілігін ескеріп, жоспарланғанда оқытушы ұжымдық оқу түріне тартыла отырып, өзін қызықтырған сұрақтарға жауап таба алады. Ұйым директоры, оқу-әдістемелік ісінің меңгерушісі және әдіскер әдістемелік жұмысты ұйымдастырғанда өз ұжымы педагогтерінің алдындағы қиындықтарға баса назар аударады, әркімге қатысты мәселелерді бірлесе талқылау оқытушының өз білімін көтеру әрекетіне ықпал жасайды. Сондықтан да директордың, оқу-әдістемелік ісі меңгерушісі және әдіскердің педагогтерге өз білімін көтеруді ынталандыруы және оған басшылық жасауы негізінен жанама сипат алады. Оқытушыларды аттестаттау педагогтің біліктілігін жетілдіру жоспарына сәйкес бес жылда бір рет біліктілігін көтеру курстарынан өтеді. Кейде аттестаттау оқытушының педагогикалық біліктілігін айқындау үшін педагогикалық кеңестің шешімімен, басқару әкімшілігінің бастамасымен де жүргізілуі мүмкін. Біліктілікті көтеру немесе өндірістік оқыту базасында алған арнайы білімдерді практикалық тұрғыдан қорытып, білім беру ұйымында сыннан өткізуді қажет ететіндігі аңғарылады. Мұндай жағдайда білім беру ұйымында арнайы ұйымдастырылған әдістемелік жұмыстардың жүйесі оқытушы үшін баға жеткіліксіз көмек бола алады.

Оқу-әдістемелік деңгейдегі менеджмент:

1. Қызмет және басқару субъектілері жұмыс мазмұны.

Ақпараттық-талдамалық қызмет негізінде әдістемелік жұмысты жедел басқару білім беру сапасы мен педагогикалық процестің тиімділігін мониторингілеу.

Педагогтерге әдістемелік қолдауды тұрақты бақылау, бағалау, мониторингілеу және талдау, реттеу және түзету, іске асыру.

Педагогтерге әдістемелік қолдауды тұрақты бақылау, бағалау, мониторингілеу және талдау, реттеу және түзету, іске асыру. Педагогикалық рефлексия, өзін-өзі ұйымдастыру, өз бетінше жобалау, өз бетінше болжау және педагогтің білім беру субъектілерімен өзара іс-қимыл жасаудағы көшбасшылығына негізделген ғылыми-әдістемелік қызмет.

Өз тәжірибесі мен әріптестердің тәжірибесін жинақтап қорыту және тарату.

Өз тәжірибесі мен әріптестердің тәжірибесін жинақтап қорыту және тарату. Педагогикалық тәжірибені белсенді зерттеу, оқыту мен тәрбие сапасын сараптау және инновацияны әдіснамалық түсінуге бағытталған тұжырымдамалық кәсіби ойлаудың негізінде рефлексия жүргізу. Педагогтерді тренинг, нұсқаулар, коучинг және тәлімгерлік негізінде оқыту.

2. Жедел жоспарлау.

Білім беру процесі мен оқыту әдістемесіне инновациялар мен жаңашылдықтар негізінде өзгерістер енгізу. Мақсат қоюда әртүрлі технологиялары негізінде қызметкерлерді ынталандыру. Колледжішілік педагогтердің біліктілігін арттыру және кәсіби дамыту процесін ұйымдастыру. Қызметкерлерді таңдау және іріктеу. Сыртқы және ішкі келіссөздер жүргізу. Топ мүшелеріне міндеттерді жүктеу.

3. Тактикалық басқару.

Тактикалық жағдайды модельдеу (проблеманы анықтау); мақсат қою, шешім қабылдау және жоспарлау; ынталандыру; ұйымдастыру және орындау (стратегияны іске асыру); білім беру процесінің тактикасына бақылау жасау және түзетулер енгізу. Авторлық педагогикалық жүйенің/технологияның/әдістеменің және ғылыми-әдістемелік қызмет бойынша рефлексия және жинақтап қорыту. Сабақты зерттеу, кейс-стади және ғылыми-әдістемелік қызметтің басқа да түрлері бойынша зерттеу ұйымдастыру және жүргізу.

4. Әдістемелік кеңестер мен бірлестіктердің қызметін ұйымдастыру.

Оқытушылардың ғылыми-әдістемелік қызметі мәселелері бойынша коучинг пен тәлімгерлікті ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Қорытындылай келе, білім берудегі менеджмент дегеніміз не? Ол ең алдымен, білім беру жүйесіндегі басқару мен тиімділік, үнемділік, жұмысты ынталандыру арқылы ұйымдастыра білу және мақсатқа жету. Тиімділік, үнемділік дегендер – өмірдің өзі қойып отырған талаптар. Не нәрсені де тиімді пайдалану арқылы кездескен қиындықтардан қиналмай шығып кетуге болады. Білім беру технологиялары білім алушы үшін жұмыс істеуі тиіс, басқарудағы барлық мүмкіндік, күш-жігер білім алушының ойдағыдай білім алуына жұмсалыуы тиіс. Бүгінгі қоғамның талаптарына сәйкес алдыңғы қатарлы білім беру ұйымдарында инновациялық үрдіс жақсы дамып келеді, бұл дегеніміз – оқу үрдісіне білім берудегі әлемдік озық істердің енгізілуі, осы жаңалықтың ену

нәтижесінде көптеген білім ұйымдары білім саласы мен сапасын едәуір жақсартты. Оқу ордасында кәсіби білімді алғаннан кейін түлектерді сан тарау өмір жолдары күтіп тұрады. Өкінішке орай, бірқатар колледж түлектері оқу ордасын тәмамдаған соң мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмай алаңдайтыны бар. Осы жағдай орын алмауы үшін оқу ордасында бағдарлы білім берудің алар орны ерекше. Мұндай кәсіби біліммен қаруланған түлек оқу орнын бітірген соң кәсібін қиналмай табады және олар үшін қалаған жоғары оқу орнына түсуіне мүмкіндік туады. Сондықтан да, білім беру саласындағы менеджменттің маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бабаев С. Б, Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика». – Алматы, 2006.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. «Педагогика». – Алматы, 2004ж.
3. Бердалиев К.Б., Өмірзақов С.П., Есенгазиев Б.К., Ерғалиев Қ.Р. Басқару негіздері. - Алматы, 1997
4. Герчикова И.Н. Менеджмент: учебник для студ. вузов 4-е изд., перераб. и доп.-М.: ЮНИТИ, 2009.
5. Лукичева Л. И. Управление персоналом: учеб. пособие по спец. "Менеджмент организации» 5-е изд., стер.-М.: Омега-Л,2009.
6. Психология личности. Тексты. Под ред. Гиппенрейтер Ю. Б., Пузыря А. А., М.: Изд-во МГУ, 1982
7. Скотт Дж. Конфликты, пути их преодоления. Киев.1991.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ ТӘРТІПТЕРІ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРДЫ БОЛДЫРМАУ ЖОЛДАРЫ

*Уразбаева Кунсулу Дузубековна
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
«Қазақ-неміс политехникалық колледжі» ББМ
Кентау қаласы*

Аттестаттау - педагог қызметкерлерді кәсіби педагогикалық қасиеттерді ұдайы арттыруға, оқу процесінде жаңа педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға, педагогикалық процестің тиімділігін арттыруға және білім беру сапасын қамтамасыз етуге ынталандыруға ықпал ететін өзіндік құрал болып табылады.

Педагогикалық кадрларды аттестаттау білім беру қызметінің сапасын арттыру құралдарының бірі болып табылады. Педагогтардың мансабының белгілі бір кезеңдерінде санаттардың өзгеруін білдіретін аттестаттау, сондай-ақ,

есеп берушілік, кәсіби даму және мансаптық өсуді жүзеге асыру туралы пайдалы ақпарат бере алады.

Қазіргі заманғы білім беруді жаңғырту жағдайында педагогтың жауапкершілігі кеңейеді, міндеттері мен функциялары өзгеріп, кәсіби құзыреттілікке қойылатын талаптар артып келеді. Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнындағы әдістемелік жұмысы инженерлік-педагогикалық ұжымның кәсіби-педагогикалық шеберлігін арттыру жүйесінің маңызды буыны болып табылады. Яғни әдістемелік орталық қызметінің қорытындысы педагог қызметкерлерді біліктілік санаттарын арттыруға және растауға аттестаттау болып табылады.

Аттестаттау барысында педагог қызметкердің біліктілік талаптарына сәйкестігі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен айқындалады.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау - бұл мемлекеттік қызмет көрсету процесі және оны сақтау қажет.

Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдар атқаратын педагогтерді аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

педагогтер үшін:

- 1) ұлттық біліктілік тестілеу;
- 2) біліктілік санатын беру (растау) рәсімі;

білім беру ұйымдары басшысының орынбасарлары үшін:

- 1) біліктілік бағалау;
- 2) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

білім беру ұйымдарының басшылары үшін:

- 1) ұлттық біліктілік тестілеу;
- 2) біліктілік бағалау;
- 3) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

Аттестатталушыларды біліктілік санаттарын беруге (растауға) кезекті аттестаттау: «педагог» біліктілік санатына, «педагог-модератор» біліктілік санатына, «педагог-сарапшы» біліктілік санатына, «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына, «педагог-шебер» біліктілік санатына жүргізіледі.

Ұлттық біліктілік тестілеу – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым әзірлеген тестілер бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін

педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындауға бағытталған рәсім.

Ұлттық біліктілік тестілеу екі блокқа бөлінеді және барлығы 100 тест тапсырмасынан тұрады: бірінші блок «Оқыту пәнінің мазмұны» бойынша 70 тапсырма, екінші блок «Педагогика, оқыту әдістемесі» бойынша 30 тапсырма. ҚР «Білім туралы» заңында білім берудің міндеттерінің бірі " ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау" болып табылады. Кәсіби, құзыреттілік, шығармашылық өзін-өзі дамыту, біліктілігін арттыру қабілеттілігі сияқты қасиеттері бар педагог қана осындай жағдайлар жасай алады.

Педагог қызметін кешенді бағалау - бұл педагогикалық міндеттерді шешуге және кәсіби өсуді арттыруға бағытталған құндылық бағдарлар, кәсіби қондырғылар және кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттер жағынан оның тұлғасын тереңдетілген, жан-жақты талдау.

Қазіргі заманғы талаптарға сүйене отырып, педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізгі жолдарын анықтауға болады:

- әдістемелік бірлестіктерде, комиссияларда, шығармашылық топтарда жұмыс істеу;
- ғылыми-әдістемелік және зерттеу қызметі;
- инновациялық қызмет, жаңа педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру;
- педагогикалық қолдаудың түрлі нысандары: тәлімгерлік, педагогикалық шеберлік мектептері;
- педагогикалық шеберлік конкурстарына, әдістемелік байқаулар мен фестивальдерге қатысу;
- өзінің педагогикалық тәжірибесін, жетістіктерін қорыту және таныстыру.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы айта отырып, қалыптастыру барысында өзін-өзі бағалайтын және өзін-өзі дамыту қажеттілігі түсінілетін портфолио құру туралы айтпауға болмайды. Портфолиода кәсіби қызметтің нәтижелері, студенттерді оқыту мен тәрбиелеу нәтижелері жинақталады және қорытылады, олар педагогтың санатты арттыруға аттестаттаудан өтуге дайындық дәрежесін көрсетеді, педагогтың білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі талданады.

Портфолио маманның даму бағыттарын, оған әдістемелік қолдау мен көмек көрсету жолдарын айқындауға, сондай-ақ оның кәсіби деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік береді. «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығына сәйкес педагогтерге кезекті, мерзімінен бұрын, біліктілік санатын беру рәсімсіз біліктілік санаттары беріледі. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы педагогінің портфолиосын бағалау өлшемшарттары және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын

іске асыратын білім беру ұйымының басшысы қызметінің тиімділік көрсеткіштері негізінде біліктілік санаты беріледі.

Аттестаттаудан өту үшін дайындалған портфолионың мазмұнымен сараптамалық комиссия танысады және қарайды, қажетті ұсынымдар береді және ұсынылған материалдардың біліктілік санатын арттыруға немесе растауға қойылатын талаптарға сәйкестігін талдайды.

Сараптамалық бағалаудың басты міндеті - педагогтың өзін өзінің кәсіби мәселелерін түсінуге ынталандыру. Өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жандандыру процесі педагогтың тілегіне ғана байланысты.

2021 жылғы Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы педагогтерін және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудың сараптамалық топ құрамына 160 астам аттестатуға өтініштер қаралды. Оның ішінде «педагог-шебер»-14, «педагог-зерттеуші»-61, «педагог-сарапшы»-85 педагог құжаттар тапсырылып, қаралды.

Педагогтардың аттестаттаудан ойдағыдай өтуі үшін дайындық барысында олар үміткер біліктілік санатына қойылатын талаптармен таныстыру маңызды. Оқытушыларды аттестаттауға дайындау – колледж әкімшілігі қызметінің маңызды бағыты. Педагогтарды аттестаттау кәсіби құзыреттілікті арттыруды ынталандырады, жоғары кәсіби кадрларды қалыптастыруға көмектеседі. Тіпті ең озық оқытушы да бір жыл бойы аттестаттауға дайындала алмайды. Аттестаттауға дайындықты кезекті санат берілгеннен кейін бірден бастаған дұрыс. Міндетті түрде аттестаттаудан өтудің перспективалық кестесін жасап, алдағы бес жылдыққа өз жұмысын жоспарлау қажет.

Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау - өте өзекті тақырып және ол назардан тыс қалмауы тиіс. Осыдан біраз жыл кейінге оралсақ, аттестациядан өтуді техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары неге қаламады. Бұл педагог қызметкерлерді қатты қорқытып, біліктілігін арттыруға және аттестациядан өту рәсімдерінен бас тартуға не себеп болды. Білім ұйымдарындағы осы мәселені қарап, талдау арқылы келесі себептерді атап өтуге болады.

Бірінші кезекте жас кадрлар ағыны жыл сайын артып отыруы. Аттестаттаудан өту рәсімі жұмыс тәжірибесі мол оқытушылар үшін де стрестік сипатқа ие болды. Аттестаттаудан сәтсіз өткен жағдайда қызметкер өзінің біліктілігі бойынша атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейтін ретінде жұмыстан босатылуы мүмкін, бұл Еңбек кодексінің 52-бабымен расталады. Сондай-ақ, аттестациядан өтуге шектеулер де болды. Мысалы, 2 жылдан кем жұмыс істеген оқытушылар аттестатталмайтын, бұл міндетті аттестаттауға және жоғары біліктілік санатын алуға жатады. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін педагогтарға қарағанда техникалық және кәсіптік білім беру педагогтарына жалақыларына еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар төленбеді.

Бұдан әрі оқытушылар құжаттама проблемаларымен бетпе-бет келді. Бұл жерде тек жас мамандарда ғана емес, педагогикалық жұмыс өтілі мол мұғалімдерде де қиындықтар туындайтын. Құжаттардың үлкен көлемі аттестаттаудан өтуге ниет білдірмейді. Құжаттамамен жұмыс істеу ұқыптылықты, дұрыс толтыруды және сауаттылықты талап етеді.

Қазіргі кезде оқытушылардың пікірінше, аттестаттаудың жаңа форматы «кәсіби әдебиетті оқуға, білім берудегі заманауи трендтерді білуге, пән бойынша өз білімін жетілдіруге және өз ой-өрісін кеңейтуге итермелейді». Педагогтар жаңа формат - аттестаттаудың заманауи әрі тиімді құралы деген пікірде. Педагогтардың кәсібилігінің өсуіне ықпал ететін формальды сипаттағы көптеген қағаз құжаттарды дайындау қажеттілігі жоғалды.

Жалпы, педагогтардың аттестаттау оқытушыға бағдарланғандығын және оның қажеттілігін (жалақыны арттыру, жылына екі рет тестілеуге қатысу мүмкіндігі, жетістіктер болған және талаптарға сәйкес келген кезде мерзімінен бұрын аттестаттауға жол беру, өзін-өзі білуге және біліктілігін арттыруға ынталандыру) атап өту керек.

Аттестаттаудың мақсаты біліктілік пен кәсібиліктің өсуін, педагогикалық еңбек сапасын ынталандыру, шығармашылық бастаманы дамыту, сондай-ақ еңбекақы төлеуді саралау арқылы нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында педагогтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады. Ең бастысы, аттестаттаудан өту себебі жалақыны көтеру ғана емес, білім сапасын арттырудың құралы ретінде аттестаттау идеологиясын сақтау маңызды.

Педагогикалық кадрларды аттестаттау – олардың кәсібилігі мен жұмыс сапасын бағалауда өте маңызды рәсім. Аттестаттау көмегімен ақырында білім беру ұйымдарының жоғары кәсіби кадрлық құрамын қалыптастыру қамтамасыз етіледі, бұл, сөзсіз, білім беру сапасын арттыруға әкеп соғады. Сондықтан біліктілік санаттарына қойылатын бағалау критерийлері педагогқа сырттан сараптамалық баға беріп қана қоймай, өзін ынталандыруы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>

«Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы,

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы № 319 Заңы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020618>

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Педагог мәртебесі туралы Заңы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Кодексі, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414>

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193>

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ШЕБЕРЛІГІ МЕН КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ РӨЛІ

*Қазыбаева Алима Тасболатовна
Түркістан жоғары көпсалалы, аграрлық колледжі,
Шымкент қ*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 28 қыркүйектегі №509 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 17 ақпандағы № 62 бұйрығына сәйкес «Түркістан жоғары көпсалалы, аграрлық колледжі» МКҚК Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің құрамына енді және «Ауыл, балық шаруашылығы және ветеринария» бейініне қарасты 8 мамандық 28 біліктілік бойынша оқу-әдістемелік бірлестігі (бұдан әрі – ОӘБ) болып табылады (кесте 1).

Кесте 1.

р/с	Мамандық коды	Мамандақ атауы	Біліктілік коды	Біліктілік атауы
1	08110100	Агрономия	3W08110101	Егістік дақылдарды өсіруші
			3W08110102	Тұқым өсіруші
			4S08110103	Агроном
			5AB08110101	Агрономия қолданбалы бакалавры
2	08110200	Агрохимия	3W08110201	Зертханашы
			3W08110202	Топырақтанушы
			4S08110203	Агрохимик
			5AB08110201	Агрохимия қолданбалы бакалавры
3	08110300	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	3W08110301	Көкөніс өсіруші
			3W08110302	Бақша дақылдарын өсіруші
			3W08110303	Жүзім өсіруші
			3W08110304	Жеміс өсіруші
			4S08110305	Жеміс-көкөніс өсіруші техник
			5AB08110301	Жеміс-көкөніс шаруашылығы қолданбалы бакалавры
4	08110400	Өсімдіктерді қорғау және карантин	3W08110401	Лаборант
			3W08110402	Өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі жұмысшы
			4S08110403	Өсімдікті қорғау және карантин жөніндегі техник
			5AB08110401	Өсімдікті қорғау және карантин қолданбалы бакалавры
5	08120200	Жылы жай шаруашылығын ұйымдастыру	3W08120201	Өсімдіктерді күтіп-баптаушы фитосанитар
			3W08120202	Жылы жай шаруашылығының операторы
			4S08120203	Жылы жай өндірісінің шебері
6	07211100	Консервілер және тағам концентраттарын	3W07211101	Консервілер және тағам концентраттарын өндіру желісінің

		өндіру		операторы
			4S07211102	Техник-технолог
7	07211000	Жемістер мен көкөністерді сақтау және қайта өңдеу	3W07211001	Жеміс-көкөніс қоймасының жұмысшысы
			3W07211002	Көкөністерді тұздаушы
			4S072111003	Жемістер мен көкөністерді сақтау және қайта өңдеу технигі
8	07210800	Темекі өнімдерінің өндірісі	3W07210801	Темекіні қайта өңдеу және темекі бұйымдарын өндіру жөніндегі ағынды-автоматтандырылған желілердің операторы
			4S07210802	Техник-технолог

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «30» сәуірдегі № 171 бұйрығының 3-қосымшасында орта білімнен кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бірлестіктерінің қызметі туралы ережеге сәйкес бейіндер бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бірлестіктері қызметінің тәртібі айқындалған.

ОӘБ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ТЖКОБ) базасында қызмет етеді. Бір бейін бойынша ОӘБ сол бейін мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын бір және одан да көп ТЖКОБ ұйымдарын қамтиды.

ОӘБ негізгі мақсаты – ТЖКОБ ұйымдарындағы білім, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды дамыту мен үйлестіру, оқу процесінің мазмұнын жаңарту, оқу әдебиеттері мен оқу құралдарын, ОӘК әзірлеу және рецензиялау болып табылады.

ОӘБ негізгі міндеттері:

1) ТЖКОБ саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды әзірлеу;

2) ТЖКОБ мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын, үлгілік оқу жоспарларын және үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеу мен сараптауға қатысу;

3) оқу процесін ұйымдастыру үшін ТЖКОБ ұйымдарын нормативтік-құқықтық және оқу-әдістемелік құжаттамалармен қамтамасыз ету;

4) дайындалған оқу әдебиеттеріне, аударылған шетелдік оқу әдебиеттері мен оқу құралдарына, ТЖКОБ білім беру бағдарламаларына, әртүрлі деңгейдегі және әртүрлі мақсаттағы тест тапсырмаларына сараптама жүргізу, рецензиялау;

5) оқу әдебиеттерін, ОӘК, электрондық оқулықтарды сынақтан өткізуді ұйымдастыру;

6) ТЖКОБ білім беру ұйымдарында пайдалануға қажетті ұсынылған оқу әдебиеттерінің, оқу құралдарының, ОӘК тізбесін құрастыру бойынша ұсынымдарды енгізу;

7) инновациялық білім беру технологияларын енгізу бойынша озық тәжірибені жалпылау және тарату;

8) ОӘБ бейініне сәйкес келетін ТЖКОБ мамандықтары бойынша кадрлар даярлауды жүргізетін ТЖКОБ ұйымдары қызметінің өзара әрекеттестігін жүзеге асыру және үйлестіру жатады.

9) оқу процесін ұйымдастыру бойынша ТЖКОБ ұйымдарына консультациялық көмек беруді жүзеге асырады;

ОӘБ құрамына:

- 1) төраға;
- 2) төрағаның орынбасары;
- 3) әдіскер;
- 4) техник-бағдарламалаушы;
- 5) аудармашы кіреді.

ОӘБ төрағасы базасында тиісті бейіндегі ОӘБ қызмет ететін ТЖКОБ ұйымдарының басшысы болып табылады.

ОӘБ қызметі ОӘБ төрағасы бекітетін және РОӘК жұмыс органымен келісілетін бір оқу жылына арналған жұмыс жоспарының негізінде жүзеге асырылады.

ОӘБ өз жұмысын бірлестікке кіретін ТЖКОБ ұйымдарының барлық өкілдерінің тең құқылығы, басшылықтың алқалылығы, қабылданған шешімдердің жариялылығы принциптерінде құрайды.

Тиісті бейін бойынша ОӘБ қызметі РОӘК шешімінің негізінде тоқтатылады.

ОӘБ бейініне сәйкес мамандықтар бойынша оқуды жүзеге асыратын ТЖКОБ ұйымдарының өзара қызметін үйлестіру жұмысы бойынша ОӘБ бейініне сәйкес мамандықтар бойынша оқуды жүзеге асыратын мамандандырылған колледждер бойынша электрондық желі құрылған.

Біздің ОӘБ-не қарасты мамандықтар бойынша мамандар дайындайтын колледждер саны – 23, оның ішінде:

1. 08110100 – Агрономия - 14
2. 08110200 – Агрехимия - 1
3. 08110300 - Жеміс–көкөніс шаруашылығы - 8
4. 08110400 - Өсімдіктерді қорғау және карантин - 4
5. 08120200 - Жылы жай шаруашылығын ұйымдастыру – жоқ (жаңа мамандық)
6. 07211100 - Консервілер және тағам концентраттарын өндіру - 1
7. 07211000 - Жемістер мен көкөністерді сақтау және қайта өңдеу - 2
8. 07210800 - Темекі өнімдерінің өндірісі – жоқ

ОӘБ бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзектендіру жұмысын жүргізді, атап айтсақ;

1. Түркістан жоғары көпсалалы, аграрлық колледжіндегі ОӘБ 2021 жылдың 11 наурыздағы 139 ВД "Talar" КЕАҚ-мен жасалған шарт негізінде «Кәсіптік стандарттар негізінде ТЖКБ мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзектендіру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау шеңберінде 8 (сегіз) мамандықтың 24 (жиырма төрт) біліктілігі бойынша (08110100 - Агрономия, 08110200 - Агрохимия, 08110300 - Жеміс-көкөніс шаруашылығы, 08110400- Өсімдіктерді қорғау және карантин, 08120200 - Жылы жай шаруашылығын ұйымдастыру, 07211000- Жемістер мен көкөністерді сақтау және қайта өңдеу, 07211100 - Консервілер және тағам концентраттарын өндіру, 07210800 - Темекі өнімдерінің өндірісі) үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары өзектендірілді.

2. «Білім беру ұйымдарының академиялық еркіндігін ескере отырып, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының үлгілік оқу бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу» мемлекеттік тапсырмасын іске асыру шеңберінде Түркістан жоғары көпсалалы, аграрлық колледжі жанындағы оқу-әдістемелік бірлестігі мен «Talar» КЕАҚ-ның 2021 жылғы 3 желтоқсандағы №1124 келісім шарты негізінде 4 (төрт) мамандықтың

5AB08110101 - Агрономия қолданбалы бакалавры,

5AB08110201 - Агрохимия қолданбалы бакалавры,

5AB08110301 - Жеміс-көкөніс шаруашылығы қолданбалы бакалавры,

5AB08110401 - Өсімдікті қорғау және карантин қолданбалы бакалавры біліктіліктері бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары өзектендірілді.

ОӘБ ТЖКОБ жүйесіндегі әрбір өзекті мәселер бойынша ВКС, семинарлар, дөңгелек үстелдер т.б іс-шаралар өткізіп отырады. Соның ішіндегі ауқымды іс-шараның бірі 2022 жылдың 27 мамырында өткен «Аграрлық салада ғылым мен өндірістің ұштасуы – сапалы маман дайындаудың кепілі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Конференция өткізудің негізгі мақсаттары:

- аграрлық салаға кәсіптік білімі бар мамандарды даярлаудың қазіргі жағдайы мен перспективасын талқылау;
- адами капиталды дамыту мақсатында білім, ғылым мен өндіріс интеграциясын дамыту арқылы аграрлық салаға бәсекеге қабілетті маман даярлауда колледждерге берілетін академиялық дербестіктің тиімділігін көрсету;
- аграрлық саладағы ғылымның жаңалықтары мен жетістіктерін өндіріске енгізудің жолдарын талқылау болды. Конференция қорытындысы бойынша 116 мақала жинаққа енді. Осы конференцияға қатысып, ғылыми мақаласын

жіберген педагогтердің шығармашылық тұрғыдан шыңдалғаны, тәжірибесінің артқаны сөзсіз.

ОӘБ бейініне қарасты мамандықтардың ТЖКОБ жүйесіндегі педагог қызметкерлерді ұлттық біліктілік тестілеуге арналған пәндер тізбесі бойынша базалық пәнді анықтап, тест спецификациясы әзірленді. Тест әзірлеу және құрастырылған тест тапсырмаларына сараптама жұмыстарын жүргізу бойынша жауапты мамандар тізімі жасақталып, Ұлттық тестілеу орталығына жіберілді. Әрине, тест спецификациясын әзірлеуге, тестті құрастыруға, тест тапсырмаларына сараптама жұмыстарын жүргізуге қатысқан әрбір маманның кәсіби құзыреттілігінің артуы хақ.

«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 04.03.2022 жылғы №03/231 хатына сәйкес ТЖКОБ мамандықтарын дайындайтын білім беру бағдарламаларына (бұдан әрі – ББ) сараптама жұмыстары жүргізілетінін және әрбір ОӘБ өзіне қарасты мамандықтардың ББ бағдарламаларына сараптама жүргізу үшін сарапшылар тобын құрып, сараптама жүргізді. Қазіргі күнге дейін 32 ББ бағдарламасына сараптама жүргізілді.

ҚР БЖҒМ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №724 қаулысымен бекітілген «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында 2022-2025 жылдары ТЖКОБ ұйымдары үшін қазақ тілінде 720 оқулық (жыл сайын 180) әзірлеу жоспарланғанын және ОӘБ өзіне қарасты мамандықтардың үлгілік оқу жоспары мен бағдарламасына сәйкес оқулықтардың саны мен атауы айқындалып, оқулықтарды жазу төрт жылға жоспарланды. Оқулықты жазуға үміткер мамандар арнайы сауалнаманы толтырып жібереді, соның ішінен іріктеп алынады. Біздің ОӘБ қарайтын мамандықтар бойынша 25 оқулық төрт жылға бөлініп жоспарланды.

Қытай философы Конфуцийдің «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең - есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң үйренемін» дегеніндей, - оқулықты жазған маман иесінің, әрбір педагогтің әдістемелік шеберлігі мен кәсіби маман ретінде құзыреттілігінің артатыны, шығармашылығының шыңдалатыны рас екені барлығымызға мәлім.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бабаев С. Б, Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика». – Алматы, 2006.
3. Бердалиев К.Б., Өмірзақов С.П., Есенгазиев Б.К., Ерғалиев Қ.Р. Басқару негіздері. - Алматы, 1997